

Ж О Ғ А Р Ы Б І Л І М



Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова

Қазіргі кезең әдебиеті



ЖОҒАРЫ



БІЛІМ

Р. Тұрысбек
Қ. Байтанасова

Қазіргі кезең әдебиеті

Оқулық

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2014



УДК 821.0 (075.8)
ББК 83.3 (5 қаз) я 73
Т 86

Баспаға «Білім» тобы мамандықтары бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (№ 1 хаттама, 18.02.2013 ж.) ұсынған

Пікір жазғандар:

С. Құлбарак – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Ш. Әбішева – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Т 86 Тұрысбек Р.С., Байтанасова Қ.М.

Қазіргі кезең әдебиеті. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2014. – 360 бет.

ISBN 978-601-292-900-3

Оқулықта тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті, ондағы жанрлар жүйесі, тақырыптық-көркемдік ерекшеліктер, тілдік-стильдік сипаттар жан-жақты қарастырылады. Дәрістер мен практикалық сабақтарда ұлттық сөз өнерінің жетекші жанрлары – поэзия, проза, драматургия және әдебиеттану, сын саласындағы ізденіс мұраттары, көзқарас пен қолтаңба ерекшеліктері, тақырыптық-жанрлық сипаттар, көркемдік-эстетикалық құндылықтар кең көлемде сөз етіледі. Әдеби үдеріске маңыз беріледі.

Студенттерге арналған бақылау жұмыстары, ондағы ізденіс пен ойлауға бағытталған сұрақтар да тарихи негізі, әдеби-ғылыми сипаттарымен назар аудартады. Тест тапсырмалары да білім-ғылым деңгейін, ойлау жүйесі мен көркемдік қабылдауды, дайындық пен тапқырлықтың қыр-сырын терең тануға әсер-ықпал етеді.

Оқулық жоғарғы оқу орындарының филология және журналистика мамандықтарының студенттері мен магистранттарына арналған.

УДК 821.0 (075.8)
ББК 83.3 (5 қаз) я 73

© Тұрысбек Р., Байтанасова Қ., 2014

© «Фолиант» баспасы, 2014

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіздік және руханият	5
1-тарау. Қазақ поэзиясы және ұлттық мұрат	14
2-тарау. Қазақ прозасы және көркемдік шындық	70
2.1. Шағын жанр сипаты	70
2.2. Көлемді жанр сипаты.....	148
3-тарау. Ұлттық драматургияның дамуы	203
4-тарау. Әдебиеттану мен сын: Зерттеу мен зерделеу	218
5-тарау. Қазақ әдебиеті һәм әдеби байланыс	316
Тест сұрақтары.....	339
Әдебиеттер.....	355

ISBN 978-601-292-900-3

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

Тәуелсіздік – тарихы терең, тағылымы мол қасиетті де қастерлі ұғым.

Тәуелсіздік – әлеуметтік сипаты айқын, тарихи маңызы зор, мәдени-рухани құндылықтарға толы, терең мәнді, кең өрісті айшықты әлем.

Тәуелсіздік – азат елдің еркіндігін, тарих пен танымның тоғысын, әр түрлі байланыс пен дамудың қайнар көзін алуан арнада, кең көлемде көрсететін қымбат қазыналар қатарына жатады.

Тәуелсіздік – ұлт мұраты, елдік мүдденің қайнар көзі, халықтың арман-аңсарларының шежірелі сыры, дәстүр өнегелері мен ұрпақтар жалғастығының үлгілі үрдісі, қысқасы, кешеден-бүгінге жеткен қазыналы биік!

Ұлт мұраты, тарихы мен тағылымы тым тереңге тартады. Алуан дерек көздері мен мол материалдар арқауынан сыр суыртпаласақ, ілкі кезеңдердің өзінде-ақ ел болудың, халық ретінде ұйысудың, азаттыққа құштарлықтың алғышарттары қаланғаны анық. Тарих тағылымы, уақыт бедері осыған мегзейді.

Ежелгі арналардан жеткен шындыққа суарылған шынайы сырлар да бар: «Бұл дүниеде ұмытуға болмайтын бір нәрсе бар. Егер сен басқаның бәрін ұмытып, бірақ осыны ұмытпасаң, алаңдауға себеп те болмас еді. Алайда, өзге істің бәрін жадында ұстап әрі жүзеге асырған болсаң, бірақ ең бастысын ұмытып кетсең, бұл түк бітірмегенмен барабар. Сен бұл өмірге мақсатты тірліктерді тындыруға келдің және алдағы міндетің де сол. Егер осыны орындамасаң, онда ештеме істемегенің» (Жалал ад-дин Руми).

Сол сияқты: «Шынайы бақытқа жеткізетін істерде тұрғындары өзара көмектесу мақсатын алға қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал азаматтары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам» (Әбу Насыр әл-Фараби).

Жоғарыда келтірілген үзінділер мен үзік ойлардан – адамзаттың арман-аңсарлары, мақсат-мұраттары танылады, әрі игілікті іс, ізгілікті қадамдар халқында кемел де келелі жайттар арқау етіледі. Ақиқатты ту ету, соған батыл бетбұрыс бар. Өмір мұраты мен шындығы осыған саяды.

Ал мұның өзі түптеп келгенде ұлт тәуелсіздігінің 20 жылдығынан, осы кемел кезеңге қатысты ҚР Декларациясынан кеңінен көрініс тапты. Атап

айтқанда, онда: «...Қазақстан демократиялық саяси-құқықтық жүйесі бар, экономикасы тұрақты, халқының әл-ауқаты жоғары, ұдайы даму үстіндегі мемлекет ретінде қалыптасты.

Этносаралық, конфессияаралық келісім мен төзімділікті қамтамасыз етудің өзіндік үлгісін іске асыру нәтижесінде және халқымыздың ұлтжандылығының арқасында елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен қалыпты әлеуметтік-экономикалық өсуіне қол жеткізілді.

Халықаралық ынтымақтастықтың жалпыға ортақ қағидаттарына адалдық, жаппай қырып-жоятын қарудан бас тарту, ықпалдастық байланыстарды тереңдету қадамдары еліміздің әлемдік қоғамдастықта жоғары беделге ие болуына септігін тигізді», – деп атап көрсетілді. Басым бағыттарға назар аударылды (мысалы, Ата Заңның қабылдануы, «Қазақстан – 2030 даму стратегиясы, азаматтық қоғам институттары, ішкі-сыртқы саяси тұрақтылық, қоғамдағы отаншылдық идеологиясы, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға қадам жасау, ел экономикасының серпінді дамуы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық ұйымдарға төрағалық ету (ЕҚЫҰ, НЫҰ), ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыстың көшбасшыларының қатарына ену, т.с.с.). – ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігінің 20 жылдық Декларациясы («Егемен Қазақстан», 2011, 12 желтоқсан).

Кемел ой, орнықты пікірді ұлт мақтанышы, профессор М. Жолдасбеков былай білдіреді: «Қиядан ұшса қияғы күйетін, құлан жортса тұяғы тозағын шетсіз-шексіз байтақ өлкемізге тәуелсіздік өздігінен келген жоқ. Біздің халықтың әулеті асып, дәулеті тасыған дәурені де бар, басынан бағы тайып, тар заманға тап болған қиялы кезеңі де көп. Сол сияқты «мың өліп, мың тірілген» халқымызға армандаған азаттық таңы талықсытып барып жетті, бұл жолда талай қан төгіліп, жас боздақтар қыршынынан қиылып, шейіт кетті.

...Қазақ мәдениетінің тамыры терең ғой. Әуелі соны аршып алуды ойладық. Ақ алмастай асылдарымыздың әзіз есімін әспеттеп, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу – біздің елдік әрі перзенттік парызымыз деп білдік. Сосын көзді жұмып, білек сыбанып, «бісіміллә» деп, істі қазақ мәдениетінің жабулы жатқан Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды арыстарын, жарық жұлдыздарын халықтың өзіне қайтарудан бастадық. Осыған орай, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы 1988 жылдың 28 желтоқсанында А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық һәм әдеби қызметтер жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру керек деген шешім

шығарды. Көп ұзамай өзге алаш қайраткерлері туралы да осындай ұйғарымға келдік. Осылайша, халықтың арқасында қазақ мәдени аспанының жұлдыздары түгенделіп, бұрынғыдан да жайнай түсті.

Тәуелсіздік алар тұста атқарылған істердің үлкен бір парасы ретінде тарихи сахнадағы сілкіністі, рухани өзгерісті атар едім. Бодандық қамытын киіп, отаршыл саясаттың салдарынан езіліп қалған елдің еңсесін тіктеу үшін оның сансыраған санасын, қалғып бара жатқан рухын ояту мақсатында бабаларға арнап ас берілді. Батыр Бауыржанның, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың тойлары өтті дүркіреп. Одан кейін іле-шала республика деңгейінде Бөгенбай, Қабанбай, Сыпатай батырлардың тойларын атап өттік. Осы орайда атап кетерлік жайт, біздің қазақ – өзінің жеріндегі кең-байтақ, көнбіс әрі кешірімшіл халық. Біз кейде өз жерімізді елі үшін жанын қиған батырлардың атымен емес, жауласқан елдің батырларының атымен атайды екенбіз. Жер қайысқан қол бастаған азаттық үшін басын бәйгеге тіккен батырлардың есімін ұлықтап, бүгінгі ұрпаққа үлгі ету үшін бұл тойлардың маңызы зор болды...

Әрине, мұның бәрін бірдей сары майдан қыл тартқандай қылаусыз атқарды деуден аулақпын. Жолсыз шоқалақпен жүрдік деуге келеді. Жариялылық, демократия, жаңғыру деген айқайды пайдаланып, әр түрлі партиялар әр жаққа тартып, бұдан тіршілігімізде жоқ митингілер, аштық жариялаулар болып жатқанда елді ұйыстырып, оны жаңа белеске көтеру, әрине оңайға түскен жоқ. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алып, қаз-қаз тұрған нәрестедей бойын енді тіктеп жатқан тұста көп тер төгуге, қыруар жұмыс істеуге тура келді. Ел болып, етек жауып, ірге біріктіріп, ұлт ретінде ұйысудың жолын қарастырдық» (*Жолдасбеков М. Сөзді ұғатын кез келді. – Астана: Күлтегін, 2007. – 119, 120, 122-бб.*).

Азаттық аңсаған еркін елдің алғашқы қадамы, кемел келешекке бағытталған іргелі істердің ұлт мұраты мен руханият жүзіндегі мыңнан бір дәлел, дерегі осы еді.

Тәуелсіздік – кең ұғым. Қуанышты да салтанатты, сырлы сезімге толы айшықты әлем. Көп қатпарлы, сан арналы да күрделі құбылыс.

Ал әлеуметтік мәні, қоғамдық маңызы, халықтық сипаты тұрғысынан қарасақ:

бағзы замандардағы ру-тайпалардың қарым-қатынасы, ішкі-сыртқы жаулардан қорғануы, азаттық-бостандық жолындағы еркіндікке ұмтылыстары кеңінен көрініс береді;

– тұтас ұлт пен ұлыстың, халықтардың арман-аңсарлары, өмір-тұрмыстары, тарихы мен тағдыр-талайлары терең танылады;

– ілкі дәуірлерде өмір сүрген батыр бабаларымыз бен би-шешендеріміздің болмыс-бітімі бөлек тұғырлы тұлғалары, ақын-жыраулар мен сал-серілердің өрнекті өмір, орамды ойлары кең орын алады;

– арғы арналардағы сырлы шежірелер, тарих қойнауларындағы әдеби-мәдени жәдігерлер, қилы кезеңдердегі қуғын-сүргін, алапат аштық, зобалаң зардаптары, т.с.с. жан-жақты байқалады.

Асылы, ұлт мұраты, тарихы мен тағылымы, азаттық пен бостандыққа құштарлық, ел-жерге сағыныш пен сүйіспеншілік, адам өмірі һәм еңбегіне құрмет пен тағзым, руханият ісінің басқа да маңызды мәселелері алғашқы кезде-ақ қазақ зиялыларының басты назарында болған-ды (мысалы, Әл-Фараби, Қ.А. Иассауи, Бұқар, Махамбет, Дулат, Шоқан, Ыбырай, Абай, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхамедханов, М. Қозыбаев, З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Базарбаев, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Ш. Мұртаза, М. Жолдасбеков, Ә. Кекілбаев, А. Айталы, С. Абдрахманов, Х. Әбжанов, Ғ. Есім, О. Сүлейменов, А. Смайыл, М. Шаханов, т.б.).

Қазақ руханиятының бағзы замандардағы бедерлі белгілері, ұлттық дәстүр үлгілерінің өрнекті, үлгілі үрдістері, даму бағыт-бағдарлары да өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Оның өзі, ғалым С. Қасқабасов айтқандай, барынша бедерлі, аса мәнді болып табылады: «Адам баласы ес біліп, қауым құрып, саналы ғұмыр кеше бастағаннан бері тек күнкөріс үшін ғана қорек іздеп, тамақ табумен шектелмеген. Ол өзінің жұпыны тіршілігін рухани жағынан да көріктендіру мақсатын көздеген, сөйтіп өз түсінік-пайымына сәйкес өнер, әдебиет жасаған, алуан түрлі ғұрыптар мен наным-сенімдер туғызып, тұрмыста қолданған. Ежелгі замандағы тасқа салынған суреттер мен қашалып жазылған мәтіндер, қилы-қилы мифтер мен әпсаналар, қыш пен қолжазба түріндегі кітаптар, т.б. – бұлардың бәрі адамзат тарихының әр дәуірлеріндегі руханият екені белгілі. Өмірде қандай өзгерістер, небір төңкерістер, қырғын соғыстар, сұрапыл апаттар болса да мұндай жәдігерліктер ұшты-күйлі жоғалып кеткен емес. Оларды бірінен кейін бірі ауысып отырған ұрпақ та, қоғам да, мемлекет те жинап-теріп, зерделеп, өз қажетіне жаратып отырған. Осындай істерді біздің арғы бабаларымыз да, түркі заманындағы, одан кейінгі аталарымыз да назардан тыс қалдырмай, шама-шарқынша атқара білген. Бұған біз әдебиет пен өнер тарихын зерттеу арқылы көз жеткізе аламыз.

Кеңес өкіметі тұсында қазақ халқының жазуы, әдебиеті болмаған, тек Қазан төңкерісінен кейін туып, дамыған, сол себепті қазақ әдебиеті «младопись-

менная литература» деп бағаланып келгені баршаға аян. «Жоқ, олай емес, бізде ежелден әдебиет, мәдениет болған» деп қазақ фольклорын, әдебиет тарихын, өнерін зерттеген оқымыстылар қуғын-сүргінге ұшырағаны да елге мәлім. Осындай жағдайдан кейін «младописьменная литература» деген анықтамаға намыстанып жүрсек те, іштен тынып, «жуасыған» күй кешкеніміз де жасырын емес. Құдай жарылқап, ата-бабаларымыздың, бәріміздің тілегіміз қабыл болып, аңсаған Тәуелсіздікке қол жетті» (*Заман және руханият // «Егемен Қазақстан», 2009, 21 қазан*).

Тәуелсіздік тұсында білім-ғылым жүйесі жан-жақты дамыды. Жаңа бағыттар айқындалды. Сапалық өзгерістер де байқалды. ХХІ ғасырдың білім беру саласы төмендегідей негізгі үш ерекшелікке ие болады: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының ерекшелігіне орай білім беріледі; үшіншіден, білім беру халықаралық деңгейде іске асырылады. Бір сөзбен айтқанда, білім табанды бәсекеге сәйкес лайықты жұмыс істеуге бейімделеді...

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты бір ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау ісі болса керек. Ал бәсекеге қабілетті болудың алғышарты оның ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Бұл тақырыптағы мәселенің мәнісі осы жайтқа байланысты күрделене түседі.

Бүгінгі таңда отандық білім берудің ұлттық моделін құруға байланысты қыруар шаруалар атқарылу үстінде. Ал бұл мәселе төңірегінде іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанына он шақты жыл болып қалды. Бүгінде осыған орай республикамызда заңнамалық және нормативтік-құқықтық база қайтадан құрылды. Нақтылай түссек, Елбасының тапсырмасына орай халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген қазақстандық білім беру жүйесінде реформалар жұмыс істей бастады.

Мысалы, білім беру мазмұны мен құрылымын жаңартудан басқа, жоғары білімді мамандарды дайындаудың үш сатылы моделін – бакалавриат – магистратура – докторантура PhD – қабылдау мен білім беру жүйесін жаңаша басқару үрдісі қалыптасты...

Халықаралық және қазақстандық білім беру бағдарламаларына кіріктірілген осы күнгі оқу үш деңгейде жүргізіледі: бастауыш мектеп – негізгі орта мектеп – жоғары мектеп. Бұл үштұғырлы білім жүйесі бірін-бірі толықтырып отыруға тиіс. Елдің интеллектуалдық капиталы тек қана білім арқылы ғана көрінетіні белгілі. Ал білімде серпіліс болмаса, инновациялық дамуда серпіліс болмайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан қазақстандық университеттер «білім экономикасы мен әлеуетінің» ұйытқысы, елдің инновациялық дамуының

катализаторы болуға тиіс. Мұндағы айтпағымыз, әлемдегі жалпы білім мен ғылымның, мәдениеттің ең соңғы тоғысатын жері – жоғары білім. Баршаға мәлім, бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріс үстінде дамып отырады. Ол қаншалықты күрделенген сайын оны шешетін жаңа мүмкіндіктерге өріс ашылып отырады. Бұл жағдай студенттерден дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапа белгісінің болуын талап етеді. Біздің «халықаралық стандарт» деп жүрген өлшемдер осы сапаның түрлі жағдайдағы көрсеткіші мен белгісі іспетті» (*Елбасы және Қазақстан білімі // «Айқын», 2010, 22 маусым*).

Тәуелсіздік тұсында елдік мұраттарға, тарих тағылымына, руханият ісіне көп көңіл бөлінді. Алаш мұраты, ұлттық мүдде жолындағы қайраткер-қаламгерлер мұрасы, елдік сыр-сипаттары жоғары қымбат қазына, құндылықтарымызды жинап-жүйелеу, зерттеп-зерделеу жұмыстары жаңа бағыт, көзқарастарға негізделіп, соны серпінмен қолға алынды. Еліміздің білім-ғылыми әлеуеті, оқу-зерттеу орталықтары жаңа уақыт тынысын, талап-тілектерін жоғары жауапкершілікпен сезініп, ортақ мұрат, игілікті іске белсенді араласты. Айталық, ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, т.б. өмірі мен шығармашылығын жеке кітап, көптомдықтар үлгісінде жарыққа шығарды. Бұдан басқа, атап айтқанда, «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті» (1997), «40-50-және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998) сынды жаңаша бажайлау бағытындағы еңбектер жарық көрді. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша – «Бабалар сөзі», «Әдеби жәдігерлер», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Музыка антологиясы», «Қазақ өнерінің тарихы», т.б. іргелі ізденіс пен жаңа көзқарастарға, зерттеу мен зерделеулерге негізделген кітаптар қалың көпке жол тартты.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен тағылымы – «Елтұтқа», «Елорда», «Алаш қозғалысы», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Азаттықтың өшпес рухы», «Елібай», «Ежелгі Үйсін елі», «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ мәдениеті» (энциклопедиялық анықтамалық), «Отырар кітапханасы» сериясы (100 кітап), т.б. ұжымдық еңбектерде, оқулық пен оқу құралдарында кең орын алды. Елдік мүдде, ұлттық құндылықтар, әдеби-мәдени байланыс арналары жаңа көзқарас тұрғысынан байыпты бағаланып, арғы-бергі кезеңдер шындығы, азаттық-еркіндіктің мән-маңызы, тарихтың тағылымды тұстары, тағдырлар талқысы мен тоғысы, тұлғалар табиғаты мен тағылымы т.б. жүйелі жеткізіледі.

Бұдан басқа бірсыпыра еңбектерде (мысалы, С. Абдрахмановтың «Қашаған құрықтаған Қазақстан», Х. Әбжановтың «Қазақстан: тарих, тіл, ұлт»,

Ә. Ахметовтың «Түбі түркі өркениет», А. Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», Ж. Бейсенбайұлының «Шоқан», А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы», т.т.) ұлт мұраты, тарих пен таным, руханият ісінің түйінді тұстары, келелі мәселелері кенінен қозғалады. Демек, бұдан байқалатыны: «Әдебиет құдіреттілігі – көркем сөздің, оның иесінің жаны мен қаны ұлт рухынан жаратылғанында. Не заман тусын, айтқан сөзі халық сұранысына, халық тілегіне сәйкеседі. Сәйкесіп қана қоймайды. Тәуелсіздік тілегінің қай проблемасы дер кезінде шешілмей жатса, жауапкерін тауып айқасады да» (Елеуқенов Ш. *Тәуелсіздік тауқыметі // «Ақиқат», 2010, №8, 46-б.*)

Ұлт тәуелсіздігі руханият әлеміне кең өріс ашты. Ел мақтаныштары – Абай, Жамбыл, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов, т.б. есімі мен еңбектері ЮНЕСКО шеңберінде төрткүл дүниеге танылды. ХХ ғасыр басында Алаш ардақтыларының қуғын-сүргін, зобалаң-зардапқа тап болуы, 1931-1933 жылдардағы алапат аштық, зұлымдық-зомбылықтар, Арал-Балқаш тағдыры, Желтоқсан көтерілісі, т.с.с. қоғамдық өмірде, руханият ісінде өзіндік өрнегін, ұнамды сипаттарын тапты.

Ел тәуелсіздігінің әлем картасынан орын алуы (1991, 16 желтоқсан), Астананың Ақмолаға көшірілуі (1997, 10 желтоқсан), «Қазақстан – 2030» Даму стратегиясының жүйелі жүзеге асуы, «Қазақ елі» монументінің асқақ бой көтеруі егемендіктің ерекше белгі-бедерлері болып табылады. Жарқын жобалар – «Мәдени мұра», «100 мектеп, 100 аурухана», «Болашақ» бағдарламалары, «Астананың жаңа университеті», «20 интеллектуалды мектеп», т.б. болашақ бағдарын айқындады. Кемел келешекке қарышты қадам болды.

Қазақстанның Азия мен ТМД мемлекеттерінің арасында алғаш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі (2010), Астанада ЕҚЫҰ-ның саммитінің өтуі (2010, 1-2 желтоқсан) әлемдік маңызы зор айрықша факторлардың бірі.

Ақиқатында: «Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке жетуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді...

Әдебиет – сөз өнері. Оны терең ұғынбай, әдеби шығармаға баға беру қиын. Жаңа зерттеуде бұл ерекше ескерілуге тиіс. Әдебиеттің өзіндік заңдылықтары мен өмір сүруі, көркемдік ерекшеліктері басты назарда болуы керек. Әдебиет

үлгі баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндетін орындағаны. Кеңес тұсында да осы міндетті атқаруға тиіс еді, бірақ белгілі инквизиторлық күшімен таза идеологияға көбірек бой алдырды. Көркемдікпен ұтылатын дүниелер тікелей үгітпен жасалды. Әдебиет шығармаларын талдау үстінде мұны да ойға ұстаған абзал» (С. Қирабаев. *Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 5, 7-бб.*)

Бұдан ұлттық әдебиет дамуының өткен кезеңдерімен қатар, келешек бағыт-бағдарлары, зерттеу мен зерделеу ісі де айқын аңғарылады.

Ал «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдық еңбектің – «Тәуелсіздік кезеңі» (1991-2001 жж.) қарастырылатын 10-томының бастапқы бөлігінде әдеби дамудың белгі-ерекшеліктері, қалыптасу заңдылықтары мен зерттеу бағыттары төмендегіше айқындалады: «1991-2001 жылдардағы әдеби онжылдықтың үлкен бір ерекшелігі – Кеңес кезіндегі әдебиетпен, әсіресе, оның соңғы жылдарында қосылған «ақтандақтармен» сабақтастығы. Қазақ әдебиетін тұтас кітап есебінде көзге елестетсек, сталиндік нәубет кезінде оның көп тарауларының қандай қайғылы күйге ұшырағаны, қаншама қымбат беттері парша-паршасы шығып, жыртылып жоқ етіле жаздағаны баршаға белгілі жайт. Әдебиетіміздің ақтандағы аталған осы беттер қайта қалпына келтіріле басталды. Кеңес Одағы ыдыраудан сәл бұрын, 1988 жылдың сәуір айында Шәкәрім Құдайбердиев, желтоқсан аяғында Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтар асыл қазына-мүлкін көтеріп, халқына қайта оралды. Басқа да ондаған ақын, жазушылар кітаптары шаң жұтып жатқан «жабық қор» қоймаларының құлпы алынды. «Қамбар батырдан» өзгелері тұтас дерлік оқылуға, жариялауға тыйым салынған ақын-жыраулар, фольклор шығармалары халық игілігіне қайта қызмет ете бастады.

Цензурасы, партиялық бақылауы әлі күшінде тұрған кеңестік кезеңде бұған дейін тыйым салынып келген рухани қазына-байлықтан біралуан шығармалар күзеліп, түзетіліп басылғаны мәлім. Талай шығармалар тоталитарлық жүйеге қайшы келеді саналып, қайта жарияланып жатқан «ақтандақтар» дүрмегіне кіргізілмеді, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Тек 1991 жылдың желтоқсанында еліміз дербес даму жолына түсіп, демократия тәртібіне көшкеннен кейін ғана әдебиет еркін тыныс алды. Көркем шығарма енді жөні жоқ боршаланбай, қыру-жонуларға ұшырамай, алғашқы жарияланғандағы редакциясы бойынша басылатын шақ туды.

Ұлттық-демократияшыл әдебиеттің қайта туып, жаңғыруы тәуелсіздік кезеңі әдебиетіне, ғылымына айтарлықтай әсер етті. Мағжан поэзиясы, Ахмет Байтұрсынов ілімі, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!», өзге де аяулы қазынамыз әдебиетімізге жаңа рух, өзгеше шырай, тың тақырып ала келді.

Әсіресе, бұрын көп ауызға алына бермейтін, алынса «буржуазияшыл-ұлтшыл» қалжуыры байлануынан сақтанып, «ұлттық гүлдену» мен интернационалдық «қоян-қолтық жақындасу» тақырыбы төңірегінен айналсоқтап шыға алмайтын құрсау атаулыдан арылып, еліміздің тағдырына тіке қатысты ұлттық тақырыпқа ден қойды. Ұлттық тақырып таптық жіктеуден, бір халықтың әр табын, бай, кедей деген желеумен бір-біріне қарсы қоюдан, бітіспес қантөгіс, таптық күреске қайрап үндеуден мүлде арылды десе де болады. Енді ұлттық идея, ұлт тағдыры, ел тәуелсіздігі, елдің елдігі – бүгінгі Қазақ Сөзі атаулының өзекті арнасына, алтын арқауына айналып отыр» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі / 1991-2001/. 10 томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006, 10 том, 11-12-бб.*).

Осы реттен келгенде, «Қазіргі қазақ әдебиеті» //Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңі // атты оқулығының басты мақсаты мен міндеттеріне төмендегі жайттарды жатқызамыз:

– тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы кеше һәм бүгін байланысы арқылы жүйелі жеткізіледі;

– ұлт тарихында, ел мүддесі жолында жасалып жатқан жасампаздық істер, ізгілікті қадамдар елдік мүдде мен руханият аясында, қазіргі кезеңнің шындықтары тұрғысында сөз етіледі;

– ұлттық сөз өнерінің жетекші жанрлары (поэзия, проза, драматургия) ондағы тақырыптық-стильдік ізденістер, көркемдік-эстетикалық құндылықтар, поэтикалық арналар, тілдік мүмкіндіктер т.с.с. тәуелсіздік пен руханият үндестігі, дәстүр мен сабақтастық бағытында кең өріс алып, бүгінгі күн талаптарына, әдеби үдеріс сипаттарына байыпты бағалау мен түйінді тұжырымдар жасалады;

– аударма мұратының мән-маңызы айқындалып, түпнұсқа табиғатына, қолжазба мен қолтаңба мәнеріне, жазушы еңбегі мен шығармашылық қырларына, көркемдік құпиясына көп көңіл бөлінеді;

– әдебиеттану мен сын саласы әдеби үдерістің бағыт-бағдарын басшылыққа алып, қазіргі кезеңдегі зерттеу жүйесін, басты тақырып пен өзекті мәселелерді арқау еткен туындыларды, ондағы жанр мен жауапкершілік жүгін, көркемдік құпиясына қатысты таным арналарын, тілдік-стильдік айшықтарды байыпты айқындайды;

– сатира сипатынан әлеуметтік-қоғамдық құбылыстар, ақиқат пен әділдік арналары, жаңа салт, үздік дәстүрлер рухы, игілікті істер мен ізгілік жолы, адам мұраты мен еңбегі, өмір-тұрмыстың әр қилы қырлары, тәлім-тәрбие сырлары сабақтастық сипатта өріс алады.

– фантастика парасатынан жанр жүйесі, әр алуан ғылымдар байланысы, адам мұраты, қиял көкжиегі, әлем кеңістігі, жанды-жансыз кейіпкерлер әркеті, адамзат жетістіктері, ғылым мен техниканың мүмкіндіктері, фольклор мен ондағы мотивтер, қазіргі кезең мен кемел келешектің көріністері ақиқатты арқау етеді. Адам еңбегі, өмір-тұрмысы, ақыл-парасаты шынайы шындыққа, мүмкін жайттарға негізделіп, ғалам ғажайыптарының қыр-сыры жан-жақты ашылады.

– «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004 жылдың ақпанында бекітілген) арғы-бергі кезеңдердегі қоғамдық-тарихи, әдеби-мәдени мұраларды жинап-жүйелеп, жариялау ісін қамтамасыз етеді. Осының негізінде ұлттық тарих пен мәдениет мәселелеріне, әдеби-мәдени һәм сәулет ескерткіштеріне, археологиялық зерттеулерге, елдік мұрат пен руханият ісіне көп көңіл бөлінеді. Ежелгі ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары, археологиялық зерттеулер, ұлттық һәм әлемдік ақыл-ой алыптарының еңбек-мұралары, гуманитарлық білім қорын жасау бағытындағы игілікті істер басты назарда болады. Нәтижесі белгілі, ұлт тарихының тағылымды тұстары, әдеби мұралары мен оны зерттеу ісі, мәдени жәдігерлерді жинап-жүйелеу, археологиялық һәм сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, қысқасы, елдік мұрат-мүддеге негізделген руханияттың үздік үлгі-өрнектерін қазіргі заманға сай келісті сипатта зейінді зерделеу болып табылады.

Бұл еңбекте – тәуелсіздік кезең әдебиетінің басты бағыттары мен тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік-жанрлық жүйесі жан-жақты сөз болады. Осы жазушылардың ізденіс іздері мен көркемдік кеңістігі, кейіпкер жасау жылдары мен өзіндік өрнектері, көзқарасы мен қолтаңбасы, тілдік-стильдік сипаттары кең көлемде орын алады.

Кітаптың қосымша бөлігінде – пәннің силлабусы мен глоссарийі, мазмұны мен құрылымдық жүйесі, дәріс табиғаты мен практикалық сабақтар, студенттің өздік жұмыстары, бақылау-пысықтау сұрақтары, реферат пен курс жұмыстарының тақырыптары, тест тапсырмалары мен жауаптары, негізгі және қосымша әдебиеттер беріледі.

Тұтастай алғанда, «Қазіргі қазақ әдебиеті» //Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңі// атты оқу құралының егемен ел болғалы бергі кезеңдердегі ұлттық мұрат-мүдде бағытындағы сөз өнерінің басты кезеңдерін, әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі елеулі жетістіктерді, мәдени-әдеби әлемдегі рухани құндылықтарды дәстүр мен сабақтастық сырларын, ақын-жазушылар шығармашылығындағы негізгі тақырыптар мен өзекті мәселелерді, әдеби байланыс пен даму бағыттарын, автор мен қолтаңба мәнерін, танымал тұлғалар мен тағдырлар талқысын, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерді, тілдік-стильдік сипаттарды кең көлемде қарастырады.

1-тарау. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ

– Тәуелсіздік мұраттарының қазақ поэзиясындағы көріністері;

– Қоғамның қымбат қазынасы – адам өмірі мен еңбегінің жырлануы;

– Ұлттық поэзиядағы азаттық идеясының суреттелуі;

– Қазіргі поэзиядағы тақырыптық ерекшеліктер, жанрлар жүйесі мен көркемдік-эстетикалық құндылықтар, тілдік-стильдік сипаттар;

Өлеңдегі өмір мәні, дүние дидагы, лирикалық қаһарманның жүрек сыры, галам газжаптары, табиғат тамашалары, уақыт тынысы

Негізгі ұғымдар: тәуелсіздік, руханият, азаттық, кезең, көркемдік-эстетикалық құндылық, стиль, дәстүр, жаңашылдық, ізденіс.

Тәуелсіздік ұлт мұраттарының жарқын да жасампаз көріністері болса, ал оның руханият ісіндегі сыр-сипаттары әдебиет әлемінен, тақырыппен идея бірлігінен, жанрлар жүйесі мен көркемдік-эстетикалық құндылықтардан, замана шындығы мен көркемдік шешімнен, уақыт бедері мен

тұлға табиғатынан, тілдік-стильдік ерекшеліктерден айқын аңғарылады. Жаңа уақыт тынысы, ел өмірі мен қоғамдағы азаттық пен еркіндік рухы ақын-жазушылар шығармашылығынан жаңашыл бағыт, іргелі ізденістер арқылы кең көлемде көрініс тапты. Алайда тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің даму бағыт-бағдарлары, идеялық-эстетикалық қырлары, стильдік сипаттары әлі де жан-жақты айқындалып, қалың көпке қаз-қалпында жетпегені анық. Кезең, құбылыс ретінде де толық қалыптасқан жоқ. Қысқа шегініс жасасақ, әсіресе:

«...XX ғасырдың өн бойында қазақ әдебиеті өз даму тарихында үш шоктықты кезеңді басынан кешті.

Бірінші – кезең ұлы Абай бас болып, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді ақын, жазушылардың туған әдебиетімізді жазба әдебиеттің классикалық деңгейіне көтерген ширек ғасырлық (1900-1925) өнім-жемісін қамтиды.

Қазақ кеңес әдебиеті саналатын екінші кезеңі – 1917 жылдың Қазан

тоңкерісінен басталып, 1991 жылға дейін созылады. Жиырмасыншы жылдары ол ұлттық-демократияшыл әдебиетпен бәсекелесе қатар дамыды да, отызыншы жылдардан 1991 жылға дейін жеке дара өркендеді. XX ғасырдың бас шеніне дейін бірқатар жанрға әлі қол арта қоймаған әдебиетіміз енді көркем сөздің барлық жанрын игеріп, сан сапалы, толымды, толайымды табыстарға қол жеткізді. Қазақ әдебиетінің ең үздік туындылары әлемдік аренаға шықты. Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Онуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов есімдерін білмейтін өркениетті ел кемде-кем. «Абай жолы» роман-эпопеясы «басқа әдебиеттерге, оның ішінде шетел әдебиеттеріне әсер тигізе алатын қазіргі заманның ең көрнекті шығармасы деген биік дәрежеге ие болды» (Ғ. Мүсірепов. *Суреткер парызы.* – А., 1970. –391-бет).

Үшінші кезең – қазақ халқының тарихындағы ең бақытты дәуірден, маңдайы жарқырап, тәуелсіздік туын желбіретіп, мерейі үстем болған және елімізді демократиялық жолға түсірген 1991 жылдың 16 желтоқсанынан басталады» (Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат. – 9-бет).

Ә. Қайырбеков «...Өлеңді қайтіп қоярсың» (2010-2011 жылдардағы поэзиялық шығармалар туралы) ма-

қаласында былай деп атап көрсетеді: «Мерзімдік баспасөзде көрінген Тұманбай Молдағалиевтің, Сәкен Иманасовтың, Есенбай Дүйсенбайұлының, Рафаэль Ниязбековтың, Нұрлан Оразалиннің, Исраил Сапарбайдың, Иран-Ғайыптың, Жәркен Бөдешұлының, Қуандық Шолақтың, Темірше Сарыбайұлының, Жүрсін Ерманның, Ұлықбек Есдәулеттің, Зайда Елғондинованың, Аманхан Әлімнің, Ғалым Жайлыбайдың, Қасымхан Бегмановтың, Бауыржан Жақыптың, Әбубәкір Қайранның, Есенқұл Жақыпбековтің, Кәдірбек Құныпияұлының, Жанат Әскербекқызының, Жарас Сәрсектің, Бақыт Беделханұлының, Бақытжан Алдиярдың, Бақытбек Бәмішұлының, Роза Сейілханның, Мұратхан Шоқанның тұшымды жыр топтамаларын атап өткен лазым. Иmandылық, дін, мұсылман тақырыбына көбірек қалам тартып жүрген Өтеген Оралбайұлының, Ақылбек Шаяхметтің, Бақтыбай Айнабековтың, Құл-Керім Елеместің, Дәулетбек Байтұрсынұлының, Хамза Көктәндінің сәтті ізденістерін байқадық. Рухты дастандарымен ерлікті, батырлықты, елдік мұраттарды биікке қойып жүрген Несіпбек Айтұлының шығармаларындағы көркемдік шешімдері көңіл қуантады.

Соңғы жылдары шыққан өлең кітаптардан: Оразбай Байбақұлының «Іңірдегі иірім», Рафаэль Ниязбековтің «Кемеңгер», «Қағанат», Ғалым

Жайлыбайдың «Тобылғыжарған», Темірғали Көпбаевтың «Аңсар», Хамза Көктәндінің «Ақтолғай», Әлібек Шегебайдың «Ақ қауырсын», Аманғазы Кәріпжанұлының «Жүректегі жұлдызым», «Желтоқсан жыры», Ғалым Қалибекұлының «Ақ кербез», Ақылбек Шаяхметұлының «Мінәжат», Батық Мәжитұлының «Ата-толғау», Баян Бекетованың «Ұйықтамайды жұлдыздар», Серік Қалиевтің «Уақыт керуені», Толыбай Абылаевтың «Арал атландидасы», Бақтыбай Айнабековтің «Мұғжиза», Дәулетбек Байтұрсынұлының «Ләтипа лүпілі», Қорғанбек Аманжолдың «Мешітті ғалам», Сайлау Жылқыбаевтың «Боз талда қалған қолтаңба», Мағиза Құнапияқызының «Қызыл шолпы», Моңғолиядағы қазақ ақындарының «Байбесік тұмалары», т.б. жыр жинақтары бар».

Ақиқатында, ұлттық сөз өнері бастапқы кезеңдерден-ақ ел өмірін, дәстүр салтты, тұрмыс-тіршілікті кең көлемде көрсетті, әр қилы кезең, сындарлы сәттерді адам өмірі мен еңбегін, талайлы тарихты, тағдырлы тұлғаларды, т.с.с көркем баяндау, шындыққа сыйымды қалыпта суреттеу сипаттары басым болды. Өйткені «Әдебиетте бәрі де адамға – авторлық пайымның дәлдігі мен тереңділігіне, кейіпкердің мінез-кұлқы мен әрекет аясының шынайылығы мен нанымдылығына, оқырман зердесінің нәзіктігі мен сезімталдығына ба-

рып тіреледі. Ал бізде бүгін автор да, кейіпкер де, оқырман да ойсырай жарақаттанған ошарылмалы қоғамның түлектері. Күні кеше ғана олар өздерін қоршаған дүниені жаппай мағынасыздық санап, шындап түңіліп жүрді. Қоршаған ортадағы құбылыстар енді-енді айқындалып келеді. Көбі әлі де бұлыңғыр, әлі де күңгірт. Тұтаса, сомдала қойған жоқ. Ала-құла, үзік-үзік. Алайда біз көп сыр сипаты әлі де түсініксіз, әлі де беймәлім, аса орнықсыз ойнамалы дүниеде өмір сүріп жатқанымызды, тіршіліктің мақсаты да – сондай қарама-қайшылықтар мен екіұштылықтар әлемінен жөн-жосықты мән-мағына табуға тырысу екендігін енді-енді ұғынып келеміз. Әдебиет деген, түптеп келгенде өмірдің жай әншейін көшірмесі ғана емес, оның өзіне міндет жүктеп, талап қойып, бәрін жіпке тізіп, барлап, талдап, бажайлай бағалап отыратын ымырасыз бәсекелесі де екен. Ендеше, мақсат пен әрекеттің, ниет пен нәтиженің, ықпал мен әсердің тепе-теңдігіне жетіспей тұрып, әдебиет те өмір сияқты ауыспалы ақуалдан арыла қоймайды. Оның көркем шығармашылық көсегесін көгертетін үштік – автор, кейіпкер, оқырман да – әртарап қалпында қалып, соның салдарынан әлеумет ықыласын бірден баурап алар толыққанды эстетикалық ләззатты қамтамасыз ете алмаса керек...

Ендеше, осындай қалтқысыз сұхбаттас, қаяусыз пікірлестің орнын тек кітап қана толтыра алады. Оны оқып отырып, тек өз замандастарыңмен отандастарың ғана емес, жалпы адамзаттың бүгінгі және бұрынғы ұрпақтарының өмір тәжірибелері мен көзқарастарымен танысып, өз ойлары мен сезімдеріңді өзгелермен салыстырып, өз жан дүниенді өзің елеп-екшелей аласың.

Адам жады мен абырой-намысын көздің қарашығындай сақтап, ар-ұжданы мен сезімін аялай сыйлап, ақылы мен тәжірибесін үздіксіз байытып, әдебиет әуел бастан бергі әмбеге ортақ жанашыр, әмбеге ортақ ұстаз маңызын одан әрмен нығайта бермек. Сол арқылы эзелден бергі киелі мерейіне қылау түсірмей, мүлтіксіз сақтап қала алмақ.

Олай болатыны түсінікті. Бүкіл тарих көрсетіп отырғандай: ешбір қоғам мен ешбір кезең тек өңкей ізгіліктер мен жетістіктерден, жаңалықтар мен жақсылықтардан тұрмапты. Ләйім, болашақ та солай болғай. Сөйте тұра, адамзат ізгілік пен жақсылыққа, адамгершілік пен гуманизмге үзбей тырысу арқылы ғана жер бетінде өзін-өзі сақтап қала алып отыр. Әдебиет те тек солай еткен жағдайда ғана адамдар ықыласын ақтай алады. Эзелден әдебиеттің пешенесіне жазылғаны сол» (*Кекілбайұлы Ә. Әдебиет эзелгі мұратынан айнымақ емес // Егемен Қазақстан, 2008, 4 маусым*).

Асыл сөздің мұрат-мүддесін көздеу, оның алыс-жақын елдерге кедергісіз жетуін қамтамасыз етуі, құрметпен қолдауды да еселеп арттыру қашан да мәнді, кәделі істердің бірі. Жазушы-драматург Ә. Таразидың талғам-толғаныстарынан осыны айқын аңғарар едік: «Тоқсаныншы жылдары егемендікке қолымыз жетті деп бөркімізді аспанға аттық. Содан бері қазақ әдебиетін ағылшын тіліне аударайықшы деген ниет көрінбейді. Бұл бағытта бір қадам жасалған жоқ. Қазір әлемге танылу тек ағылшын тілі арқылы жүзеге асады. Биік мінбелерден солай айтылып та жүр. Бұрын менің қалжың болса да қаны тамған шындыққа келетін «Орысша шықпай оңбайсың» дейтін мәтелім бар болатын. Қазір соны «Ағылшынша шықпай асу аспайсың» деп өзгертуге тура келеді. Ағылшынша шығаруға лайықты шығармалар қазақ әдебиетінде аз емес. Мәдениет пен ақпарат министрлігінен шағын ғана бір бөлім құрып, «қане, бізде аударатын не бар» деп қаржы бөліп жатса қандай ғанибет. Қаржы, құдайға шүкір, бар. Соңғы бес-алты жылда халқымыз да еңсе көтеріп қалды. Осы іс қолға алынуы керек, меніңше. Мықты аудармашылар тауып, қазақ әдебиетінің лайықты дүниелерін орыс тіліне аудартсақ, ары қарай ағылшынша оңай болады ғой. Орыстарда ағылшынша аудару жолға қойылған. Егер істі осылай ұйымдастырса, орыс тілі арқылы дү-

53892

ниенің біраз елін жаулар едік. Қазақ халқының, Қазақстанның беделі өсер еді. Әдебиет арқылы біздің жұртты барша әлем таныр еді. Соны тыңдар құлақ болса, рухани дүниеге жаны аштығын азаматтар мән берсе деп ойлаймын» (Ә. Тарази. *Қазақ әдебиеті қотерілген биікке қазақтың өзге өнері әлі жеткен жоқ // «Нұр-Астана», 2006, 5 сәуір*).

Қазақ сөзінің қадір-қасиетін алыс-жақын елдер ерте таныды. Ұлттық өлең өрімі мен ондағы мың сан өрнектер алуан арналы, әр түрлі көрініс-суреттер, салыстыру-салғастыру мүмкіндіктері мен нәзімдері кім-кімге де ой салады. Өзгеше әсер-ықпал етеді. Ұлттық асыл сөздің өкілдері оны әр қырынан көрсетті де. Осы төңіректегі ой-пікірлерін акын Т. Медетбек былай білдіреді: «Жалпы әдебиетте өзіңнің бір даусың, өзіңнің үні, өзіңнің жолың болмаса, еш уақытта шыға алмайтыныңды, онан кейін біреудің көлеңкесінде қалып қоятыныңды мен ертерек сезінген адаммын. Жан-жағымды көбірек қарап, тексеріп, зерттеп жүрдім-дағы, онан кейін эксперименттерге, оның ішінде ешқандай тамыры жоқ, шыққан топырағы жоқ эксперименттерге де бардым. Бірақ бүкіл үлкен, мықты ақындарды зерттеп қарап отырсам, сш уақытта да жалаң эксперименттің снқайда алып бармайтынын сезіндім. Өйткені қандай жаңалық болсын, өзінің дәстүрлі тамыры болуы керек.

Оның күретаыры дәстүр болу керек. Онан кейін күретаырман ғана қоректенбейді ғой, ағаш дейтін, оның тарам-тарам, сала-сала тамырлары болады, сол тамырлары әлемдік әдебиеттен сусындап отыру керек» (Т. Медетбек. *Ең алаяқтық тіршілік, ең опасыздық «саясатпен жұмысым жоқ» деген адамдардан шығады // «Айқын», 2006 жыл, 27 мамыр*).

Сондай-ақ, жазушы С. Елубайдың көзқарас-танымдарынан да ұлт пен ұрпақ қамына қатысты келелі мәселелер мен түйінді тұстарды тануға болар еді: «Қазір қазақтың жас журналистері мен әдебиетшілері жақсы қалыптасып келе жатыр. Бостандық рухында. Тәуелсіз рухта жалтақтауды білмейтін қаламгерлер легі келіп жатыр. Қазақ былай болады деген үлкен жауапкершілікті іс жастардың мойнында. Біз қанша айтқанмен, өтіп бара жатқан аға ұрпақтың өкіліміз. Біз әл-қадірімізше күрестік. Айттық. Қазіргі қалам ұстай бастаған ХХІ ғасырдың І жартысында қалыптасатын ұл мен қыздар күн-түн демей, бұлар да қазақ үшін күресуі керек. Өйткені қазақ үшін күрес әлі де бір ұзаққа созылатынына өз басым сенімдімін. Өйткені бүгінде мәңгірттенген кейбір ата-аналар күні бүгінге дейін немерелерінің тілін ана тілінде емес, орыс тілінде шығарумен айналысып жүр. Олар өте көп. Аспанға таяқ лақтырсаң, мәңгірт ата-ананың басына тиеді. Мұндай жағдайда қазақтың жас қаламгерлері

мен қайраткерлері үшін үлкен күрес алда деп білемін» (С. Елубай. *Рух тәуелсіздігіне жету үшін әлі талай күресу керек // «Әдебиет айдыны», 2007 жыл, 31 мамыр*).

Демек, қазақ сөз өнері әуелгі арна-бағыттарынан жаңылмастан, керісінше тақырып пен жанрлар жүйесі, өмір шындығы мен көркемдік-эстетикалық талаптар тұрғысынан жан-жақты дамығанын аңғарар едік. Жаңа бағыт, соны сипаттар тұрғысынан да жетіліп, ілгерілей түскенін тануға болады. Уақыт тынысы да терең көрініс береді.

Ұлт тәуелсіздігі – қоғамда, адам өмірі мен еңбегінде, тұрмыс-тіршіліктерінде терең із қалдырды. Қоғам дамуынан, ұлттық санадағы өзгеріс пен өмірдегі жаңашыл бағыттардан – азаттық пен еркіндік салтанаты, келелі келешекке құштарлық пен сүйіспеншілік сынды шынайы сезім, сырлы сипаттар көрініс берді. Тәуелсіздік мұраттары ұлттық поэзиядан, ондағы басты тақырыптардан елдік мүдде, тарих пен таным, адам еңбегі, талайлы тағдыры, дәстүр мен тәжірибе тағылымдары, ел-жер, дін-тіл, тәлім-тәрбие, патриоттық сезім, т.с.с. кең орын алды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары қазақ ақындарының әр алуан тақырыптарды қамтыған ізденіске құрылған идеялық-көркемдік ерекшеліктері мол өлең-жырлары жарық көрді. Атап айтқанда: Т. Әбдірахманқызының «Замана са-

зы», «Сөйле, қалам»; Е. Әукебаевтың «Күн мен көлеңке»; Х. Ерғалиевтің «Сонеттер», «Ұлтым дедім, ұлғайдым»; Д. Әбілеуінің «Жолаушы өмір»; К. Салықовтың «Түркістанға тағзым», «Таныс жұлдыз жарқылы»; Ә. Сәрсенбайұлының «Ғасыр мен ғасыр беттесе»; С. Сейітовтің «Серпер»; Т. Молдағалиевтің «Жаз да өтіп барады», «Сағындырған көктемдер»; Қ. Мырза Әлінің «Заман-ай», «Алаштың арманы»; Қ. Бұғыбаеваның «Қоштасқым келмейді», «Құс жолы»; А. Бақтыгерееваның «Ақ шағала», «Сүмбіле»; Р. Ниязбектің «Тыңда мені, замана», «Жүрегімде ғасырлар салмағы»; Н. Оразалиннің «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу»; К. Ахметованың «Күн шыққанда күліп оян», «Наурыз нұры»; Т. Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары»; А. Егеубайдың «Аламан»; С. Тұрғынбекұлының «Жерорта»; М. Шахановтың «Жаңа қазақтар», «Өркениеттің адасуы»; Қ. Жұмағалиевтың «Күншуақ», «Жүрегімнің бөлшегі»; Н. Айтұлының «Рухымның падишасы», «Бәйтерек»; С. Ақсұңқарұлының «Адам Ата – Хауа ана», «Қызыларай»; С. Адайдың «Әр қазақ – менің жалғызым»; М. Ақдәулетұлының «Дәруішнама»; М. Айтхожаның «Аңсау»; М. Рәштің «Киелі домбыра»; Ж. Бөдешұлының «Жұлдызға орнын Ай бермес»; Ә. Нұрғалиевтің «Афина мектебі»; Ғ. Жайлыбайдың «Жүрегімнің жұл-

дыздары»; С. Дәуітұлының «Сарыбел сазы»; И. Ғайыптың «Жыр әлемі»; Т. Илиясұлының «Тас жарған»; Т. Рахымның «Дүлділ көңіл», «Алтайдан сәлем»; Е. Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ», «Ғайша бибі»; Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітап», «Замандай»; Е. Жақыпбектің «Аяулым»; Д. Қанатбаевтың «Жатаған ымырт, биік таң»; Т. Тұяқбаевтың «Жан дауысы»; О. Тұржанованың «Шеркала»; Т. Әбдікәкімовтің «Ақшам хаттары»; І. Асқаровтың «Астана жұртын айналсам»; Ж. Әскербекқызының «Қаракоз – бұлақ», «Қаңтардағы қызыл гүл»; А. Бөкеновтің «Салбаурын»; М. Қайыңбаевтың «Жарғақтағы жазбалар»; М. Бектемірованың «Еңлік-гүл»; Б. Бекетованың «Көлбастау», «Сәмбітал»; Г. Салықбаеваның «Жан»; Т. Сарыбайұлының «Дария-дәурен»; Ы. Серікбайұлының «Сам жамыраған нақ»; Т. Оразбайқызының «Ғашық едім»; О. Асқардың «Тәуелсіздік тартулары»; Қ. Бегманның «Сағыныш», «Қарашық»; Б. Жақыптың «Қолтаңба», «Айдындағы аспан»; Ж. Сәрсектің «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім»; III. Жұбатованың «Гүлдегенде алма ағашы»; Б. Айтболатұлының «Көзмоншақ»; Е. Алаштуғанның «Таксыр күні»; Ж. Әшімжанның «Тұңғық»; Ы. Бабажанұлының «Көкемарал»; С. Қамшыгердің «Сәйгүлік»; Ә. Балқибектің «Сынған сәуленің сынығы»; М. Ершуованың «Жапырақ-ғұмыр», «Қоңыр»; Т. Толқынқызының «Біз –

Таулықпыз»; Р. Сейілханованың «Мендегі бір әлем», т.б. ел-жер жайлы, тарих пен таным туралы, адамдық іс пен адамгершілік әлем, тәлім-тәрбие мәселесі, жан-жүректің қуанышы мен сүйінішті сәттері терең толғам, тебіреністі тұстарымен мәнді болып табылады. Қайсыбір ақын да ел тәуелсіздігін, азаттық пен теңдік мәселесін, бостандық пен еркіндік бағасын терең таниды. Оны жан-жүректен, көңіл толқындарымен барынша батыл, шынайы да шебер, сүйіспеншілік сыр-сезімімен суреттеді. Азаттық аңсаған елдің ұзақ уақыттар бойы бодандықта болуы, жаугершілік пен отаршылдық ойранын, азап пен езгіні, басып-жаншудың алуан қилы сәттерін бастан өткеруі, қиын да күрделі елдік мұраттар биігінде көрінуі ұлттық поэзияның жарқын да жасампаз беттерін айқындай түседі.

Қазіргі қазақ поэзиясында тәуелсіздік табиғаты мен тағылымы, ұлт мұраты мен ұрпақтар сабақтастығы, қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, адам өмірі мен еңбегі, ертеңгі күнге үміт-сенім, жастық пен достық сырлары шынайы сезіммен, шын жүректен жырланады. Ақиқатты айтсақ, уақыт тынысына үн қосу, адам мен оның еңбегін жырлау мұраттары айқын. Елдік мүдде, ұрпақ қамы, өмір өнегесі мен еңбек мұраттары шынайылық сырларымен нанымды жеткізіледі. Тақырып табиғаты мен алуандылығы, көркемдік таным ар-

налары мен стильдік ерекшеліктер, тіл мүмкіндіктері – қазіргі қазақ поэзиясының да кешеден-келешекке жалғасқан жарасымды үлгі-өрнектерін айқын аңғартады. Айталық, ақын **Р. Ниязбек** «Бәйтерек» өлеңінде ұлт мұраты мен руханият ісін, ел-жер тарихы мен тағдырын кеңінен көрсетеді:

*Дүние түгел көшкенде жыр тіліне,
Ашық аспан айналған түңлігіне.
Бұл Бәйтерек аспанның бұлтын емген
Жұмыр жердің шанышылған кіндігі ме?!*

*Жүріп өткен ізінен от өрілген,
Елім менің қашан да төте жүрген.
Нән Бәйтерек – қазақтың рухы шығар,
Жұмыр жердің төсінен көтерілген.*

*...Құтырылған құйыны құрықталған,
Қилы өмірде көп нәрсе сұрыпталған.
Бұл Бәйтерек, кім білсін, алып шығар,
Тік көтеріп жер шарын тұрып қалған.*

(*Нұрлы таң. – Алматы: Қазақ университеті, 2006, 140-бет*).

Бәйтерек – ұлт символы, елдік мұрат-мүдденің тарих пен таным арқылы сабақтастық сипат құраған көркемдік көкжиегін толық танытады. Ақын қоғамдық құбылыстарды, өмір-дүние сырын, кеше мен бүгін байланысын ұлт тарихымен, ондағы тағылымды тұстармен өзара байланыста көрсетеді. Ел тарихындағы қилы кезең, сындарлы сәттер жер мен көктің арасындағы алуан көріністер

негізінде беріледі. Жұмыр жердің құдіреті – Бәйтерек бейнесімен аста-сып, айнала-әлемге алып та заңғар қасиеттерімен нұр да шашады. Сәуле де түсіреді. Биік те еңселі қалпымен көңілді өсіреді. Сес те көрсетеді. Ең негізгісі, әрине Бәйтерек ұлттың ұстынын, елдік-мұраттардың биік үлгісі ретінде алыс-жақынға бірдей ұнамды, онды әсер етеді.

Ақын «Қазақ ұлты» өлеңінде:

*Ана тілін білмейтін,
Ана тілін және тілдейтін
Мәңгірттердің көкірегінде
Сәуле бар деп ойлама,
Санасына қаққан шеге кірмейтін.
Сырқат қоғам қашан дерттен
сауықты,*

*Адам неге бір-бірімен жауықты?
Жар астында жасасырылған жаулардан
Ел ішінің мәңгірттері қауіпті.
Ал мәңгірттер ұмыттырып
сұрпыңды,*

*Қанға майлап ұртыңды.
Жырынды жау өлтіре алмаған,
Өлтіреді рухыңды, –*

деп ел мұраты мен мүддесін, оның жолын кесетін кедергі-кемшіліктер хақында ой қозғайды. Бұл ретте, Отаны бар, жаны мен қаны ортақ, бірақ ел-жер, тіл-дін, ділі төңірегінде таным-түсінігі жоқ, «кембағал-мүгедек жандар» жөнінде айқын бағыт пен көзқарас жіті танылады. Ақын «мәңгірттер әлеміне» еркін еніп, қоғамдағы орнын, ел-жерге қатысты қауіпті

тұстарын кең ашады. Адам әлемін-дегі, жар астындағы орнын да тап басып көрсетеді. Маңыздысы, әрине, тарих пен танымға, рух пен тілге кері өскері, ұлт пен ұрпаққа қауіпті індет өскенін жан-жақты ашады. Қарулы жолмен қарсыласып та, жанталасып та арпалысуға болар. Ал мылтықсыз

*Қазақ ұлты, мың сүрініп, мың жығылып, мың тұрған,
Даңқыңды ешкім бүркей алмас ізгілікке ұмтылған.
Жомарттығың сорға айналып, туып-өскен жеріңде,
Ана тілің шетте қалды, орын жетпей төріңде.*

*Өз тілінде сөйлей алмай қазақтың тең жарымы,
Амалсыздан басқа ананы «өз анам» деп таныды.
Талай басшы жүргеннен соң ұлтсыздыққа қорған боп,
Қазақ тілі әлі күнге тәуелсіздік алған жоқ, –*

десе, «Рух пен тіл» өлеңінде:

*Табиғаттың өзгермейтін заңына бұр бетіңді,
Қай кезде де туган тілің туган анаң секілді.
Бабалардың арманы бар мына қызыл гүлдерде,
Олар елін, тілін қорғап жанын қиған бұл жерде.*

*Нарық-гасыр бәрін сатып жібере ме алтыңға,
Кім қалады сол алтыңға сатылмайтын қалпында?
Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,
Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқың да, –*

ден қоғамда орын алған, ел-жерге қауіп төндірген мәңгүрттік таным мен сана зардабын бүкпесіз, боямасыз көрсетеді (*Мәңгүрттенбеу марсельезасы. – Алматы: Рух-Дария, 2008. – 288 бет*).

Ақын мұраты айқын, ол – ұлтқа қызмет ету. Тарих пен танымға ден қою. Ұлт мұраты мен ұрпақ қамы жолында тарихқа тағзым етіп, оның

майдан – іштегі жаумен, таным мен санаға сыналап енген намыссыз, рухсыз жандармен күрес, шын мәнінде – «күрестердің ұлысы!» (*М. Шаханов*).

Ақын **М. Шаханов** «Мәңгүрттенбеу марсельезасы» атты ән-әуенінде ұлт пен ұрпақ қамына қатысты кемел ой, келелі мәселелерді алға тартады:

басты байлығы – тіл арқылы елдік мүдделерді жүзеге асыру. Ақын оның кілті мен сырын қазақ тарихымен байланыстырады. «Мың өліп, мың тірілген» тұстарда да ел-жерге жаудың табаны тимеген, тарих пен танымға көлеңке түспеген, керісінше, ортақ мұрат жолында бір тудың астында табылған-ды. Рух пен тілдің босағада қалуы, назардан тыс болуы –

үлгісіздік белгісі, жанашырлық пен жауапсыздықтың «жоғары көрсеткіші» екені толық танылады. Ана тілінің асқақ даңқы, айбыны мен айдыны тым төмендеп, тарылған тұсы – халық пен нарық, билік пен бизнес салаларынан кеңінен көрінетіні мың сан мысал, деректер ретінде алға тартылады. «Мәңгүрттенбеу марсельезасының» мұнды-шерлі тұстары тарих пен танымның, рух пен тілдің таразыға түскен сәттегі көрініс, сипаттары осыған келіп саяды.

Ақиқатында, ұлттан үлкен, елден жоғары кім бар?! Тарих пен танымға, ел мен жерге, дін мен ділге, рух пен тілге ұлттық мұрат-мүдде тұрғысынан келу шындық жүзіне тура қараумен бірдей болса керек-ті. Қазіргі кезеңнің шындығы осы.

Бұл – ұлтқа қызмет етудің, осы жолға өмірін арнаған арда адамның батыл қадамы. Қолдап-қорғауға әбден лайықты ұнамды, онды шешім. Даңқ тұғыры – ұлтқа шынайы берілгендерге бұйыратын мәңгілік орын.

Ақын **Б. Серікбайұлы** (Қошым-Ноғай) «Сам жамыраған шақ» атты жыр жинағындағы (*Астана: Фолиант, 2001. – 292 бет*) «Азаттық, құрбан мен саған» деген өлеңінде:

*Алданған талай ақ жүрек едім,
Шырға тастаған шет елден.
Азаттық, саған тағзым етемін,
Абылай ту ғып көтерген!..*

*Адымдап алға біз енді күліп,
Барамыз,
Асыл киелім.
Туыңды сүйіп, тіземді бүгіп,
Алдында басымды иемін!*

*Бұл күнді сан жыл даламыз күткен,
Аталарымыз аңсаған.
Сарғайып әжем, анам үздіккен
Азаттық,
құрбан мен саған! –*

деп бостандық пен теңдіктің сыр-сипаттарын тереңнен қозғайды. Ата-тарихқа саяхат жасайды. Ұлт пен ұрпақ ұлағатына назар аударады. Азаттықтың қымбат та тылсым сырларына еніп, маңыз-мәнін ашады.

Ақын поэзиясында арман-аңсарына айналған ғашықтық ғаламаттарының мың сан үлгілері көп-ақ:

*Ақыл, сезім тұрағы – бас пен кеуде –
Даналықтың тұғыры ескергенге.
Өзіңді-өзің, амал жоқ, жұбатарсың
Қос жанарға мөлтілдеп жас келгенде.
Тұрса-дағы жүректе сыздап қайғы,
Өмір от қой, қасыңда мұз жатпайды.
Көз жасымен жеңеді әйел бәрін,
Ажал бірақ оған да міз бақпайды.*

Немесе:

*Ғашықтық сезім есімді алады,
Тауысып тағат, сабырды.
Махаббаттардың қосылмағаны,
Бола ма деймін қадірлі.*

Сол секілді:

*Сенсіз ғұмыр кеше алмаймын,
білемін мен, білемін,
Менсіз ғұмыр кеше алмайсың,
Гүлдей солар реңің.
Есіңді мен қағып тұр
деп ойлайсың үнемі,
Бейуақытта мазаңды алып
дүрс-дүрс соқса жүрегің! –*

деп сыр-сезімнің таңғы шықтай таза да мөлдірлігін, көңіл мен жүректің арман-аңсарлары арқылы алысқа арна тартқанын, құштарлық пен ғашықтықтың ғаламат қуат-күшін көркем, жүйелі жеткізеді. Ғашықтық пен сүйіспеншіліктің, сыр мен сезімнің ғаламат күшін, өзгеше әсер-ықпалын жүрекке түскен салмағымен, санадағы сәуле-нұрымен қатар көрсетеді. Абай айтқан:

*Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл, –*

деген сыр-сезім танылады. Ғашықтық ғаламатын өзінше көреді. Өзгеше таниды. Сүйіспеншілік сырларының өзгеше сипаты да осында.

Ақын **Е. Жақыпбектің** «Бұл жаз да өтер» атты жыр жинағына (Алматы: Өлке, 2001. – 96 бет) енген өлеңдері әр алуан тақырыптардан тұрады. «Республика – ұлы үйім» атты өлеңінде:

*Тар жолда...
Тайғақ
Тастақта
Асқақта Елім, Асқақта
Өмірге ұмтыл,
Өршелен,
Азапты кешіп белшеден
Арманда келе жатсақ та...*

*Біздің Ел деген Ұлы Үй ғой,
Сақтайық мәңгі бұл үйді.
Осыны ұққан жан көрсем,
Ішім бір сұмдық жылиды.
Сүйкеніп өткен үйіңе
Сүйеп дұшпан шіриді.*

*Ашылған етек жабылған,
Ашынған қарын тойынар.
Басыңның қамын ойласаң,
Осы үйдің қамын ойласаң,
Он жыл бұл тұрған отаудың,
Он мың жылдық әлі тойы бар! –*

деп Отан, ел-жердің қадір-қасиетін, тар жол, тайғақ кешудегі ауыр халін, кешеден келешекке ұмтылған келелі бел-белестерін алма-кезек сөз етсе, «Наурыз жырының» мәні былай беріледі:

*Қандай жарық мына таң,
қандай нұрлы!
Қарсы алайық шат күлкі,
шардай күнді.
Аппақ бұлттар қалықтап
бара жатыр,
Ап кеткендей аластап бар қайғымды.
Қарсы алдыма қатық кел, боza келгей.*

*Қанағатқа тойғызып қарындарын,
Қалды-ау тағы қалтылдап,
қазақ өлмей.*

Екі өлең де ортақ Отан, ел-жер жайлы толғам-толғаныстарға толы. Ұлт мұраты, ел мерейі басты көрсеткіш саналып, оған қалтқысыз қызмет ету жайы сөз етіледі. Ал Наурыз тарихы мен тағылымының мәні зор. Адам мен табиғат, ел мен жер, әр алуан құбылыс-көріністердің сыр-сипаттары да өзгеше мәнер, көңіл-күйде беріледі.

Ақын **Б. Жақыптың** «Қолтаңба» жинағына (Алматы: Өлке, 2001. – 92-бет) енген «Тайқазан» өлеңінде:

*...Сырларын ғасырлардың ішке бүгіп,
Тәу етіп халық басын иген қазан.
Келгендер керуен-керуен алтын құйып,
Мінәжат етушілер сүйген қазан.
Зеңбірек дүмпуіне төтеп беріп,
Отына отаршылдық күйген қазан.*

*Бұл қазан – басқаларға арман қазан,
Шүпілдеп нұры Алланың толған қазан.
Жазылып құран сөзі ернеуіне,
Қағбасы Түркістанның болған қазан.
Кеңдік пен қонақжайлық үлгісіндей,
Қазақтың қасиеті қонған қазан.
Орнынан бір дүлей күш қозғап кетіп
Қараусыз Эрмитажда қалған қазан, –*

деп Тайқазан арқылы талайлы тарихымыздың арғы-бергі кезеңдерінен сыр қозғайды. Тайқазан – ұлт тарихының, қилы кезең көріністерінің ше-

жіресі ретінде де есте қалады. Кеше мен бүгіннің сабақтастығы ретінде де өзгеше әсер береді. Жаңа тарихтың келбетін де танытады.

Ақын «Сөзмоншақ» өлеңінде:

*Өлең, сені жалындаған от дер ем,
От тілінде тілдестірдің көкпенен.
Албырт өңі алаулаған ақынның,
Жанарынан жанып тұрған шоқ көрем.*

*Өлең, сені қасиетті құс дер ем,
Бір самғаса, биік көктен түспеген.
Сөзмоншағын үзілдіріп өңімде,
Көзмоншағын тізілдіріп түс көрем.*

*Өлең, сені Ай нұрымен қоса өрдім,
Сені анашымның ақ сүтімен
қоса емдім.
Ай тағылған аспанында қазақтың,
Бұлтқа айналған бура-жыр
боп көшермін, –*

деп өлең сөздің қыр-сырын кеңінен ашады. «Талант – тумыстан» десек, ақын өлең-өнердің киелі тұстарын, шабыт шалқарының мол мүмкіндіктерін қиял қанатының шетсіз-шексіз сәттерін жер мен көктің арасынан, жан жүректің дүрсілінен, ай мен күннің нұрынан, ең негізгісі ананың ақ сүтімен сабақтастықта, біртұтас қалыпта көрсетеді. Сыр-сезім тұтастығы шебер де шешен жеткізіледі.

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты О. Асқар «Тәуелсіздік –

тәтті сөз» атты топтама өлең-жырларында ел егемендігін, бейбітшілік пен жасампаздық жолдарын жан-жақты ашады. Ол, әсіресе «Ата Заңым», «Көк туым», «Нұрлы көш», «Бәйтерек», «Астанам» деген өрелі өлең, өрнекті ойларға құрылған сырлы жырлардан жіті танылады («Егемен Қазақстан», 2001, 15 желтоқсан).

Ақын бірлік-береке мен байлықтың, дамудың қайнар көзі тыныштық деп біледі. Азаттық пен бостандық кілті, елдік пен тәуелсіздік тірегі, бақыт пен байлық бастауы тыныштық скенін кеңінен көрсетеді. Ол «Тыныштық» өлеңінің тұтас табиғаты мен тағылымынан танылады:

*Тәуелсіздік алған біраз елдердің,
Әлі армандап, аңсағаны – тыныштық
Бәрін қазір біздің елге келгеннің,
Құшақ жайып қарсы
алады тыныштық.*

*Біздің сәтті әр ісімізді байқаған
Достың күдер үзбегені – тыныштық
Көшіп кеткен өзге ұлттардың
қайтадан,
Оралғанда іздегені – тыныштық.*

*Алыс, жақын өркендеген елдермен,
Сөзіміздің жарасқаны – тыныштық
Бақыт, байлық орнау үшін мәңгілік,
Дербестікке ең керегі – тыныштық.*

*Қаз басқан жас мемлекетті
қолдайтын,
Қазіргі ең жанашыры – тыныштық.*

*Бәріміздің қызғыштай боп қорғайтын,
Көзіміздің қарашығы – тыныштық.*

Адамзаттың дамуы, қоғамдық құбылыстардың қалыпты сипат алуы – тыныштық мәселесінің басты негізі болса, өмір шындығының көркемдік нәрі, уақыттың мәні де осында болса керек. Ақын мұраты осыған келіп саяды.

Ал «Нұрлы көш» өлеңі төмендегідей түйінделеді:

*Атына сай бұл көш – нағыз нұрлы көш,
Сегіз қырлы, шынайы бір сырлы көш.
«Қайда барам, не күн көрем» демейді,
Туған елі тұрды күтіп ерте-кеш.*

*Жол түзелді, сен де енді түзел, көш,
Енді әліптің артын бағып түк өнбес,
«Ұрпағымнан айырыламын» демесең,
Бірің қалмай қопарыла түгел көш!*

Ақын мұраты айқын, ол – нұрлы көш арқылы атамекеннің мән-маңызын ашу. Ел-жердің қадір-қасиетін көрсету. Туған елдің биік тұғырын асқақтату арқылы алыс-жақын шетелдерде тұратын ағайын-туыстарға ой салу. Көзін тауып, сәтін салып туған Отанға оралу, елге қызмет ету. Бастысы, әрине, туған жерге ту тігіп, Отанға адалдық танытып, ел мұраты мен мерейін биік бел-белестерге көтеру азаматтық қарыз-парыздың басты өлшемі екені анық танылады. Өлеңдегі атамекен мәні, туған ел қадірі, нұрлы көштің сырлы сипатта-

ры ақындық ізденіспен бірге, елдік мұрат-мүдде тұрғысынан қозғалады. Ой-сөз жүйесі сыр-сезіммен тұтасып, көңілдің күйін, қалың көптің мұңын шертеді. «Ұрпағымнан айырыламын» демесең, бірің қалмай қопарыла түгел көш!» деген жолдардан кешегі күннің күңгірі, қазіргі кезеңнің шындық сырлары кең көлемде көрініс береді. Уақыт тынысы терең танылады.

Ақын Ә. Табылдының «Қазақ туралы жыр» атты топтама өлеңдері («Қазақ әдебиеті», 2011, 24 сәуір) елдік пен ерлік, тарих пен таным төңірегінде сыр толғайды. Айталық, «(Ал-Фарабидің домбырасы», «Бейбарыстың бақыты» атты тарихи аңыз бен толғам-толғаныстардан тұлға табиғаты мен таным арналарын, ақыл-парасат пен білім-білік, бірлік-береке, бағылдық пен елдік жайы кеңінен қозғалады. Ал елдік пен ерлік көріністері былай беріледі:

*Қазақ деген Бауыржандай батырлар,
Ғажап ерен тәуекелшіл батылдар.
Жарқылдаған мінезі бар тым өткір,
Аңқылдаған Абай сынды ақындар.*

*Жауы болса, аянбаған, алысқан,
Дауы болса, әділ шешкен қалыс жан.
Сарабымен сан қиынды шешкендер,
Фараби мен Дулатидей данышпан.*

*Жауы пысық Москваның түбінен,
Жанын қысып, ол қуғандай түңілген.
Мазақтарын, мақтауын да білмей жау,
Қазақтардың бейнесіне үңілген.*

*Анасына балап жерін қорғаған,
Даласына құт болып ол орнаған
«Шын дұшпанға – мір оғы!»
деп қазақтан,
Шыңғысхан да соққы көріп, сорлаған.*

*Нағыз қазақ Қажымұқан-балуан,
Аңыз, ғажап ерендігі алуан.
Ер сымбатты қазақ өзі танылар,
Ең қымбатты, аса биік арынан.*

*Жол салыпты космосына кеңістің,
Ол халықты дейді достық, келісім
Ер боздағы Рейхстагқа ту тіккен,
Сарбаздары әкелген ел жеңісін.*

Біздіңше, ақын таныс тақырыпты түрлі қырынан қозғап, кезең, уақыттың шындығына еркін енеді. Тарих пен танымды қатар сөз етіп, таныс тұлғалардың (Фараби, Дулати, Абай, Бауыржан, Қажымұқан, т.б.) асқақ бейнелерін, елдік пен ерлік жолындағы жанкешті әрекет-қимылдарын нанымды ашады. Өнегелі өмірді өрелі істермен сабақтастықта жырлайды. Ел мұраты мен жеңіс жалауын қатар желбіретеді. Өмір мен өнер өрісі тел-қабыс беріледі. Ақын тарих пен танымды, тұлға мен тағдырды қатар көрсету негізінде – елдік пен ерлік шежіресін шынайы шындықтар тұрғысынан нанымды жырлайды.

Ақын К. Салықовтың «...Есілге қонған аққу сияктанып» атты топтама өлеңдері өрелі ойлар мен тебіреністі толғамдардан тұрады («Астана ақшамы», 2011, 10 желтоқсан).

Ақынның арман-аңсарлары асқақ, мұраты биік, мүддесі ортақ. Топтама өлеңдердің қай-қайсысынан да болашақ бағдары, келешек көкжиегі көркем, келісті сипат құрайды. Өмірге құштарлық пен сүйіспеншілік қатар сезіледі. Сыршыл жүректен өмір ағыны, еңбек ырғағы, уақыт тынысы терең танылады. Өмір мұраты айқын, дәстүр жалғастығы мен сабақтастық сырларында өзара үндестік, үйлесім мол. Айталық, «Ата заңым – Астанамның жүрегі» атты өлеңінде тарих пен таным деңгейі, көркемдік көкжиегі бедерлі беріледі:

*Заңдар... Заңдар... көп қой заңдар легі,
Ата Заңым – елдің заңғар тірегі.
Лүпілінен тәуелсіздік нәр алған,
Ата Заңым – Астананың жүрегі.*

*Ата Заңым – менің асқақ намысым,
Тер аямай өтем ұлттық ар үшін.
Ата Заңым – келешектің айғағы,
Ол – бүгінгі қолым жеткен табысым.*

*Ата Заң мен елдің көкішіл байрағы,
Қуантады қатар қанат жайғаны.
Балқып, шығар әнге қосып айтқанда,
Отансүйгіш асыл сезім қаймағы.*

*Ата Заңын халқым мәңгі сүйеді,
Бостандығын көкейіне түйеді,
Елу елдей болсақ ертең қуатты,
Тұрақты өрлеп, шуақты алғыс үйеді.*

Өлеңдегі «Ата Заңым – елдің заңғар тірегі», «Ата Заңым – менің

асқақ намысым», «Ата Заңын халқым мәңгі сүйеді» атты жолдар көңіл толқынын ғана емес, ұлттық мұратты, тәуелсіздік тағылымын да танытады. Тарих пен танымнан сыр толғайды. Отан мен отбасының байланысын, сабақтастығын терең танытады. Ата Заңның отансүйгіш қасиеттерге баулып, үндейтінін де айқын аңғартады. Ата Заңның мақсат-мұраттары, жауапкершілік қырлары да айқындалып, осының негізінде өмір сүріп, еңбек етіп, жасампаздық жолына түсіп, жемісті жетістіктерге жетуге болатындығы да жіті көрініс береді.

Ақынның келесі өлеңдерінде, атап айтқанда, «Астана – Тәуелсіздік тақтұғыры» өлеңінде:

*«Бәйтерек» құшақ жайған
көшем жаңа,
Астана қарқын алды өсер дара.
Есілдің жағалауын жарқыратқан,
Аққудың ұясындай әсем қала.*

*Әр үйдің әлпетінен ән тамады,
Екі көз тік қарауға жасқанады.
Дербес ел өрге ұмтылған зор дүбірі,
Ақжолтай «Ақ Ордадан» басталады.*

*Ақжарқын жас маралдай
жаны асылға,
Сүйсінді елдің тау мен далаcы да.
Халқымның талай ғасыр жазылмаған,
Астана шипа болды жарасына.*

*Тез білсе әлем біздің Астананы,
Жоқ болар ақ тілектен басқа мәні.
Астана – тәуелсіздік тақтұғыры,
Бар қазақ арман жолын басқарады, –*
Несе, «Бәйтерек – Астананың бойтұмары» деген өлеңінде:

*Тамаша «Бәйтерегі» Астананың,
Айшықты белгісі сол жас қаланың.
Жер шары жатыр сыйып дос құшаққа,
Аспалы бесігіндей жас баланың.*

*Сарыарқа қылаң етсе жаңа таңы,
Сиқырлап, еріксіз жалт қаратады.
Көрінер бата беріп жайылғандай,
Мейірбан аналардың алақаны.*

*Бәйтерек – бәйге төрі өрісімнің,
Жүлдеге алуан түрлі жеміс ілдім.
Ұлтымның рухы бар, таңбасы бар,
Болашақ бақытым мен жеңісімнің.*

*Гүл шоғын күн сәулесі өпкен жеңіл,
Не деген мырза мейір көркем өмір.
Ертеңге қанат жайған сұлу төрдің,
Сәт ғажап саясында өскен көңіл, –*

деп Астана мен Бәйтеректі қатар жырлап, сабақтастықта сөз етеді. Тәуелсіздік «тақтұғыры» деп те өлең жырдың үздік үлгісіне жатқызып, өрнекті өлкесіне айналдырады. Астана, Бәйтерек, Тәуелсіздік тағылымы кеше мен бүгін байланысы ғана емес, тарих пен таным тоғысы, ұлт пен ұрпақтар сабақтастығы, жаңа уа-

қыттың үні ретінде де нанымды әсер етеді.

Екі өлеңнің тақырыбы «Астана – Тәуелсіздік тұғыры», «Бәйтерек – Астананың бойтұмары» ақындық ізденісті, ойлар мен толғанысты танытумен қатар, қазіргі кезеңнің шындығын, елдік мұраттың асқақ айбынын, айдынды көкжиегін кеңінен көрсетеді. Әсіресе, өлеңдегі:

*...Есілдің жағалауын жарқыратқан,
Аққудың ұясындай әсем қала.*

Немесе:

*Халқымның талай ғасыр жазылмаған,
Астана шипа болды жарасына, –*

деген жолдар арғы кезеңнің ақиқатын, бүгінгі күннің шындығын алға тартады. Өмір ағыны, адам мұраты, уақыт тынысы терең көрініс береді.

Сондай-ақ:

*Тамаша «Бәйтерегі» Астананың,
Айшықты белгісі сол жас қаланың.*

Немесе:

*Ұлтымның рухы бар, таңбасы бар,
Болашақ бақытым мен жеңісімнің, –*

деген жолдардан Астана мен Бәйтеректің айбыны мен айдынынан өзге, елдік мұрат-мүдде, өмір шындығы мен еңбек мерейі, азаттық пен тәуелсіздік тұғыры, достық пен келісім салтанаты қатар көрінеді. Ақындық қуат, өлеңдегі өрнек, уақыт бедері –

кезең көріністері мен шындығына айрықша мән, өзгеше серпін береді. Өзара салыстыру мен салғастырулар, көркемдік көкжиегі мен тілдік мүмкіндіктер де тиісінше әсер етіп, салмақтандыра түседі. Өлең өрісі кеңіп, таным көкжиегі айқындалады.

Ақын С. Ақсұңқарұлы айтқандай: «Кәкімбек Салықовтың мансап биігінде жүріп Ақын болуы – сөз ұстаған халқымыздың ұлылығының бір нышаны, ұлттық рухани дүниеміздегі ірі құбылыс болды!

Оның интимдік лирикасы – азаматтық лирика да, азаматтық лирикасы – интимдік лирика. Қара басы халқына, халқы қара басына айналып кеткен...» (С. Ақсұңқарұлы. *Ұлт пен рух // «Қазақ әдебиеті», 2012, 20 қаңтар*).

Ақын Н. Оразалиннің «Бабам тартқан жебедей...» атты өлең-жырлар шоғырынан («Қазақ әдебиеті», 2011, 17 маусым) арғы арналардан жеткен тарих тағылымы, ежелгі кезеңнің сыр-сипаттары, елдік-ерлік мұраттары, өмір дүние тынысы, дін-діл тұғыры туралы ойлар мен толғаныстар кең орын алады. Ақын бастапқы тұста:

*Сақта, Құдай!
Сақтай гөр бұзылудан,
Орынсыз қызығудан,
Еліктеу, солықтаудан,
Санадан сызылудан;
Жалығу, тарығудан,
Зарығу, қарығудан,*

*Сыртынан жүндеп, күндеп,
Сайтансып арылудан;
Кесапат, кесіріңнен,
Орынсыз есіруден,
Ордасын ойрандап ап,
Кешуден,
Кешіруден...
Тарыну, тарылудан
Сарғаю, сарылудан,
Бүтінім, бөлшектеліп,
Сақтай гөр жарылудан
Сақта, Құдай!*

деп өмір-дүние дидарын кең көлемде қамтып, ақ адал көңілмен сыр ашса, «Серт» өлеңінде:

*Пенде емеспін кейіпіне еніп кедейдің
Өз жерінде сөзін айтар өгейдің.
Мен ақынмын... жұртымды
ұлы үркітіп,
Қиыр шарлап, «көшіп кетем» демеймін.
Шекарадан «асып кетем» демеймін,
Жиганымды «басып кетем» демеймін.
Бар қазаным – жүрекжарды
жырларым,
Мұхит асып, «қашып кетем» демейін...
Алматыдан... Безе алмаймын
қырдан да,
Тамыр соғып, тулап тұрса
жыр қанда.
Баба-Сөзден қайда барам қашып мен,
Баба-Жұртым...
Дана-Жұртым тұрғанда, –*

деп атамекен, ел-жер, адам мұратын айқын танытады. Елдің иесі, жердің

иесі барын басты назарда ұстайды. Ұлтқа қызмет ету мен адал еңбектің нәтижесі биігіне, даңқ тұғырына көтеретінін көркемдікпен, нанымды жырлайды. Сөз патшалығын биік тұғырға көтеріп, сыр-сезім тұтастығын сақтап, көркемдік көкжиегіне қырышты қадам жасайды. Өлең өлкесіне еркін енеді.

Ақынның өмір-дүние, дін-діл тұрамындағы толғам толғаныстарынан да ниқат сырларын, ақыл-парасат нұры мен білім-білік иірімдері терең танылады:

*Алла бар!..
Болмауы мүмкін емес!..
Бір күн шындық, көрерің – бір күн елес.
Құбылыстың кез келген себебі бар,
Жаңбыр жауып, себепсіз гүл түлемес.
Көңіл-көзің жетсе егер Құдіретке,
Құдай атын айттың ба?
Қыбыр етпе!
Ей, жұмыр бас – құл пенде, ойға жүгін,
Ғалам атты көз тігіп сүгіретке...*

*Нені көрдің?
Аңғардың?
Түсіңнің не?
Пенделікке ұрынып, ісіндің бе?
Бәрі...
Бәрі.....
Алланың арқасында
Бағың шауып, жүргені ісің күнде...*

*Қанша жылға келдің сен?
Неше күнге?
Жаратқанның бәрі де есебінде...*

*Тәңірінің үзілмес тұзағында:
Кемеңгер де,
Кеше де,
Мешелің де...*

*Алла бар!
Болмауы мүмкін емес!
Бір күн шындық...
Арбайды бір күн – елес...
Он сегіз мың ғаламның Иесі бар,
Құдайсыз қурай сынып, Жер түлемес.*

Біздіңше, өмір-дүние сырына еркін ену, негізінде бір Алланың аныққанығына көз жеткізіп, себеп-сырын айқындап, жаратушы құбылыс хақында тереңнен толғайды. Ғалам көкжиегіне көз тігеді. Жұмырбастың пенделік орын-үлесі айқындалады. Ой түйіні, сөз жок, ауыр, мәнді, ойлы. Бұл – адамзат тарихы мен тағылымы. Бұл – кешеден бүгінге жеткен шындық.

Қазіргі кезең поэзиясында ақындық өнері айқындалған, ізденіс іздері мен көркемдік мұраттарынан еркіндік пен тереңдік танылатын, көзқарасы мен қолтаңбасынан да өзіндік «мені» анық-қанық аңғарылатын қаламы үшкір, ойлары ұшқыр ақындар шоғыры көптеп саналады. Әсіресе, олардың қатарында С. Ақсұңқарұлы («Ғасыр кардиограммасы», 1991; «Адам Ата – Науа Ана», 2000), Ә. Аймақ («Ләйлә», «Домалақ ана кесенесі», «Түркістан»), Ұ. Есдәулет («Заманай», «Киіз кітап», «Қара пима», «Ғұмыр жас»), Е. Раушанов («Ғайша

бибі», 1992; «Қара бауыр қасқалдақ», 1995; «Періштелер мен құстар», 2005; «Бозаңға біткен боз жусан», 2006), М. Ақдәулетов («Жетіген», «Ширақ ғұмыр»), Т. Әбдікәкімов («Ақшам хаттары», «Рауан», «Қас (ақ Аңқымасы)»), Ш. Әбдікәрімов («Төрткүл», «Байқоңыр»), С. Адай («Кетемін көкке жұлдыз боп», «Жұмбақ түннің жылуы», «Әр қазақ – менің жалғызым»), Қ. Бегманов («Қарашық», 1990; «Бесіктен бейітке дейін», 1997; «Сағыныш», 2000), Ж. Ерман («Ырғай», 2010; «Алыстан және жақыннан», 2013), З. Елғондинова («Менің ғасырым», «Мұнар мен гүл», «Зайда-ғұмыр»), М. Ерімбетов («Көзайым», «Жүрекжарды»), Н. Ерназар («Тобылғы күзде гүлдейді», «Токсан толғау», «Жетінші дауыс»), М. Ершу («Таңғы шық», 2000; «Қоңыр», 2003), Г. Жайлыбай («Жүрегімнің жұлдызы», 1996; «Құс қанатты», 2001), Б. Жақып («Айдындағы аспан», 1996; «Қолтаңба», 2001; «Абайдың Қасқабұлағы», 2012), Ш. Жұбатова («Махаббат кітабы», 1995), Н. Исабаев («Ұлылықпен сырласу», 1990; «Қимаймын сені», 1998), Ә. Қайырбеков («Шер шертер», 1998), Н. Қалқа («Аққу-жүрек», 2002), Д. Мәсімханұлы («Жүрекке саяхат», 1991; «Жыр-жебе», 2000), Г. Салықбаева («Түс», 2010; «Кешіріндер, келгенімді өмірге», 2012), Т. Илиясова («Біз – таулықпыз», 2001), Б. Шарахымбай («Рухтың оралуы», 2003), Г. Шәмшиева

(«Арайлы таң», «Қаракөз дәурен»), З. Шілдебайұлы («Кеудемдегі кептерім», 1999), М. Ыбыраев («Айнұр», 1996; «Ай», 1999), т.б. жыр жинақтары тақырыптық ерекшеліктерімен, жанрлық-көркемдік ізденістерімен, айнала-әлемдегі көрініс-құбылыстарды қабылдау мен қорыту тұстарындағы өзіндік өзгешеліктерімен, тілдік-стильдік сипаттарымен назар аудартады. Бастысы, арғы-бергі кезең көріністері, адамзаттық құндылықтар, уақыт пен кеңістік қатынасы, қоғамдық құбылыстар мен тарихтың қым-қуыт іздері, тұлғалар мен тағдырлар талқысы, адам әлемінің мың сан иірімдері, әсіресе жан-жүректегі тебіреніс-тербелістер, көңіл толқынының екпінсерпіні, сөз бен саз үйлесімі, сыр мен сезім тұтастығы таңғы шықтай мөлдір тазалығымен, бейнелеу бедеріндегі айқын ой мен салыстыру-салғастырулардағы дәлдік пен нақтылық көркем де келісті өріс алып, шебер де шешен тіл негізінде алуан арна, өрнекті өріс, сырлы сипаттарымен табиғи сабақтастық құрап, ұнамды әсер қалдырады. Қысқасы, Абай айтқандай: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...» анық-қанық аңғарылады. Өлең – өміршең өнер, ақыл-парасат нұры, сұлулық символы екеніне де көз жетіп, көңіл сенеді. Академик З. Қабдоловша айтсақ, өлең – өмір, өмір – өлең...

Ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының хәм Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты **Ұлықбек Есдәулеттің** «Ғұмыр жас» атты жыр жинағына жаңа туындылары, таңдаулы лирикалары мен баллада-лары, ақ өлеңдері мен поэмалары енген. Жыр жинағы «Тілтұмар» атты өлеңмен ашылады. Көңіл толқынынан туған, шын жүректен шыққан, «айналасы жұп-жұмыр» сөз асылы ағысты арна алып, біртұтас сипат құраған жыр шоғырының көркем көкжиегінен ұлттық мұрат-мүдде, адамдық қарыз-нарыз, тарих пен таным тоғысы, кеше-бүгін байланысы, сабақтастық сырлары жіті танылады. Тіл-тарих, тіл-тұғыр, тіл-қазынананың маңыз-мәні ашылады:

*Тілтұмардай көгершін мен кептерге,
Тұрымтайдың теперіші өткенде,
Тұтамдай сөз өткізе алмай өктемге,
Теңдік үшін тебіскендей Тентерде,
Еруліге қарулы сай сәттерде,
Қырып-жойып оқпанмен де, оқпен де,
Құмбыл халық қара қанға бөккенде,
Қанды жұма қасіреті жеткенде,
Жер-жаһанда ішін тартып көп пенде,
Дүниені дүбір кернеп кеткенде,
Ортекелер орғығандай бөктерге
Өлеңдерім өріп шықты дәптерге...*

Сол секілді:

*Өртке, дертке, сертке малған –
қысса-жыр,
Шыңыраудан қайнап шыққан
құса бұл,
Оу, Алашым, ақыныңды шет көрме...
Жүргізе алмас перғауынға Мұса әмір,*

*Әмір етсе – Жаратқанның ісі әділ...
Шерін төккен шайырда жоқ
бет-перде,
Тіліне ешкім сала алмайды тұсауыл! –*

деген (3-бет) жолдардан қилы кезең, тар жол, тайғақ кешулердің із-бедері танылғанмен, ақын мұраты мен өлең-өнердің өміршең өнегесі, кестелі де көркем кеңістігі арналы ағыс алып, кең өріске шығады. «Талант – тумыстан» екенін ескерсек, ақын қуаты мен өрісті өнер біртұтас бүтінге айналып, көркемдік кеңістігімен, мәнді-үнді сырлы әлемімен баурап алады.

Ақын келесі кезекте:

*Өз қазағым өз жерінде оққа ұшып,
Өртенемін өзегіме шоқ түсіп.
Өрлігімді қай қапасқа қамайын,
Өкініштен, өлер болдым, ағайын,
Өзді-өзімнен өректімін кек қысып!
Зая күндер зымыраса қайғы алып,
Запыранды зарын төккен қай халық?
Зар илетіп заһар заман зымыстан,
Зығырданды қайнатты ғой, туысқан,
Заңсыздықтар заңдылыққа айналып... –*

деп (4-бет) ел-жер тағдырына, ұлт пен ұрпақ қамына алаңдайды. Елдік пен ерлік сырын ашып, өрлік пен өкініші көп күндердің салмағына да мән береді. Зая күндерге, запыранды сәттерге де ден қояды. Зар заман мен заңсыздықтар «кеңістігіне», тарих толқынының қым-қуыт іздеріне де көз жібереді. Уақыт пен кеңістік қатынасын ашып, қилы кезең көрі-

ністеріне, зар заман сырына, талайлы тағдырлар талқысына да назар аударады. Уақыт рухына, кезеңнің құбылып соққан желіне де үн қатып, заман шындығын, зая күндер сырын ашады. Өлең мазмұнынан тарих бедері де, қилы кезең көріністері де, елдік-ерлік шежіресі де, бастысы, ақын мұраты, ақыл-парасат пен сана-сезімді жаулап алар талант құдіреті, көркемдік парадигмалары, мәнді-нұрлы, үнді-сырлы әлемнің табиғи арна алып, кең өрісті сипат алуы жылы ағыс, соны лептей әсер қалдырып, көңіл көкжиегіне қонымды ұялайды. Ал «Намыс туралы баллада» атты туынды төмендегіше түйінделеді:

Намыс тірі екен!

Қалыпты бірақ сансырап,

Бұғаулап, бұрап,

Дүрелеп, ұрып, қамшылап,

Шауып та жатыр, атып та асып,
азаптап,

Шұбырып қаны, тамшылап,

Шығарда шықпай жан шыдап,

Жаралы Намыс беріспей жатыр
қансырап,

Найзағай Намыс – қазаққа біткен
шамшырақ!

Алашқа біткен тамшы бақ! –

Намысың тірі тұрғанда

Бұйым болып па,

Басыңа түскен сан сынақ! (5-бет).

Өлең өрімінен аңғарылатынындай, ұлт намысы бар асылдан да жоғары

қойылып, елдік мүдде тұрғысынан сөз етіледі. Осындағы:

Найзағай Намыс – қазаққа біткен
шамшырақ,

Алашқа біткен тамшы бақ! –

деген жолдар кеше-бүгін байланысын, тарих толқынының қиырлы-шиырлы тұстарын еске салады. «Найзағай Намыс» атқан таңдай, тұғырлы тудай, самаладай шамшырақ түсіріп, айбыны мен айдыны қатар сезілетіні де анық. Ақын Алаш мұраты мен намыс туын қатар қойып, елдік-ерлік мәнін терең тебіреністермен, сырлы сипаттарымен қатар ашады. Өлең табиғатынан тұтастық пен туыстық сырлары, азаттық идеясы мен тәуелсіздік мұраттары терең танылып, оның өзі көркем көрініс, бейнелі бедер, ойлы өрнектер негізінде кең өріс алады.

Жыр жинағында өткен күндердің күмбірлі-күңгіртті көріністері де, тарих толқынының қым-қуыт сәттері де, сондай-ақ азаттық рухы, тәуелсіздік мұраттары кең орын алады. Ақын Алаш мұраты мен өткен тарихтың кейбір көрініс-құбылыстарын төмендегіше береді:

Алаштың ұлы, уысқа толмас аз-ақрыз,
Аспандап ұшқан ақ қаз да болып
сөз апыз.

Санамыз – санга,

Ойымыз – онга бөлінген,

Қанымыз – жоса,

Жанымыз – құса қазақпыз.

Өзекті елміз өліммен бүгін беттескен,
Өз нысытым еді-ау, өзге жау да емес кектескен,
Өтімді жарып, өкпемнен теуіп, ет кескен,
Өрт кернеп тұрған көкірегімді оқ тескен.
Кім үшін сонда бабалар біздің от кешкен,
Қандасып жүріп, жандасып жүріп көп кешкен,
Қырық пышақ боп қырылсын деп не ұрпағым?
Құмалақ-құлқын құртты ма майды бір қарын?
Қалайша бүгін қазақтың қамын оқ шешкен,
Қасиет, кие, обал мен сауап кетті естен?!
Ақжүрек-айбат астамға сөзі өтпестен,
Абыржып қалған аспанға қолы жетпестен,
Атойламай-ақ төзіммен мәңгі шеткескен,
Адыраспанды арамшөп дей ме текке өскен?!
...Көргенше мұны көгіме қайтып кетпес пе ем... (8-бет).

Өлең мұратынан Алаштың айбыны мен айдыны, тарих толқынының тебіреністі-тербеліске толы қилы сәттері, қатпары қалың, күмбір-күңгірі көп күрделі кезеңнің көлеңкелі һәм кереғар көріністері ақын қиялы мен көркемдік таным арналары арқылы табиғи астасып, сыр-сезіммен тұтасып, көңілге жылы әсер қалдырады. Тарихи таным, көркемдік кеңістігі де өлең-өнердің өріс-өресін кеңейтіп, мәнді-сырлы сипаттарын айқындап, танымдық-тағылымдық қуатын арттыра түседі. Негізгісі, ақын тарихтың қатпарлы қойнауларына еркін еніп, елдік мүдденің сынға түскен, сындарлы сәттерін жан-жүректен қозғап, көңіл толқынында тербеп, екпінді-серпінді мән беріп, бунақ пен тармаққа, ырғақ пен шумакқа да сырлы сипат енгізіп, мазмұн мен мағынаны арттырады.

Азаттық пен тәуелсіздік мәні – «Көк бөрінің рухы» өлеңінің басты арқауын құрайды. Арғы-бергі кезең, тарих пен тұлғалар тағдыры, азаттық аңсаған елдің арман-аңсарлары да өлеңнің өн бойынан намыс найзағайындай танылып тұрады. Оқып көрелік:

Ғасыр өтті,

Еңсені басып өтті,

Қосып берді қайғыға қасіретті.

Айға атылған арыстан мерт болды да,
Арда туған арғымақ басы кетті...

Немесе:

Тәуелсіздік!

Азаттық!

Бостандығым!

Атың озсын бәйгеге қосқан бүгін.

Өзің ғана қайтарып беретұғын

Әділдік пен шындықтың

қашқан құнын!

Желтоқсанда жарқ еткен

Алты Алашым,

Көк түріктің қаны әлі асыл күйде,

Ешқашан да, ешкімге басыңды име!

Ер қазақтың баласы еркін өскен,

Жаралған гой жаныңмен жасын бірге.

Замандарды көп көріп тар-қысталаң,

Айбалтадай жарқ еттің

шарға ұстаған.

Дүниені жібердің жап-жарық қып,

Желтоқсанның жасыны, алғыс саған! –

деп (28-бет), – азаттық мәнін, бостандықтың бағасын айқын танытады. Әділдік пен шындық туы Желтоқсан желімен желбіреді. Алаш мұраты мен Көк түріктер рухы кеше мен бүгінді жалғап, ұлт пен ұрпаққа тәуелсіздік мұраттарының салмақсырын айқара ашады. Ақжарылқап заман Желтоқсан жасынындай әсер береді. Жалпы, өлеңнің өріс-өрнегінен тарих толқындары өзіндік көрініс-құбылыстарымен қатар кестелі де көркем мәнімен, ақыл-парасатпен сана-сезімді баурап алар қуаткүшімен, үнді-сазды сырларымен де көңілді тербері анық. Өлең мазмұны бай, ондағы сөз бен дыбыс, сыр мен сезім, ойлы өрнектерден де ақындық қуат, таным мен талғам тереңдігі айқын аңғарылады.

Ал «Түркістан маршы» өлеңінен түркі әлемінің кешегісі мен бүгінгісі, бірлігі мен берекесі, бүтіндігі мен тұтастығы танылады:

*Түркі халқы, тізеңді жаз, түрегел,
Тізерлеген тығырыққа тірелер.*

Түбі түркі түгенделер кез келді,

Бірлік болса – қорлық болмас, біле бер!

Атажұртың – Алтайың тұр арқанда,

Тізе қосып, бас біріктіріп, тарт алға.

Біріңдер, біріңдер, түркілер,

Үміт жүктеп, сенім артып

әр таңға, –

десе, келесі кезекте:

...Бір атадан, бір анадан жаралдық,

Бір Алтайдың бесігінен таралдық.

Біріңдер, біріңдер, бауырлар,

Түгенделсек төрімізге толар құт.

Тіліміз бір, діліміз бір қандаспыз,

Күлтегін мен Тоныкөкке жалғаспыз.

Біріңдер, біріңдер, бауырлар,

Ата жұртта бас қосайық алғаш біз! –

деп (53-бет) бірлік-береке мәнін арттыра түседі. Азаттық рухы, тәуелсіздік мұраттары танылады.

Кітаптағы «Кел, Наурыз», «Қажылық», «Өтесің, уақыт», «Өмір», «Өлең», «Заңғар мен зеңгір», «Тіл-азар», «Бойтұмар», «Кемпіркосақ», «Жалбыз», «Домбыра», «Ұршық», т.с.с. өлең-жырлар тақырыптық та, көркемдік жағынан да мәнді. Жаңа уақыт рухы, тарих-таным сыры мол. Өнер мұраты айқын. Өлең өлкесінен өмір шындығы да, көркемдік мұраттар да танылады. Аристотельше айтсақ, «Тарихқа қарағанда поэзияның ойлылығы басымырақ болады. Өйткені поэзия жалпыны жинақтап, ой қорытып айтады». Ал А. Потенбняға табан тіресек: «Поэтикалық шындық – сөздің дәлдігі». Демек, ақын Ұ. Есдәулеттің өлең өлкесі кең хәм

шысты арна құрайды. Әрі ізденіс арналары алуан бағытта көрініс беріп, кеше-бүгін байланысы да, тарих пен таным тоғысы да көркемдік кеңістігімен табиғи астасып жатады. Поэзиялық туындылардың табиғаты мен тағылымынан тақырып алуандылығы, мазмұн байлығы мен түрлік ерекшеліктер, дидактикалық-философиялық астарлар мен көркемдік бедер-бояулар, өзіндік өрнекпен толғамды ой, үйлесімді әуендер сипаттарынан шынайы шындық сәулесі, ой-сөз жүйесі, еркіндік пен тереңдік танылады. Өлең-өнер мұраты, өмір шындығының мәні де осында болса керек.

Ақын **Есенғали Раушановтың** «Бозаңға біткен боз жусан» (2006) атты өлеңдер мен поэмалар кітабы бірнеше бөлімнен тұрады. Әр бөлім жеке-жеке атау алып («Бастау», «Біздің ауыл дарияның жағасында», «Маңғыстау деген өлкеде», «Оңтүстікке сапар», «Сені сағынамын», «Шолпан жұлдыз туғанша», «Бозаңға біткен боз жусан», «Жаңа дәптерден»), жаңа тақырып, соны ізденіс, өзгеше өлке төңірегінде сыр толғайды. Әсіресе, алыс ауыл, оның қарапайым да қамқор адамдары, дала дидары мен табиғат құбылыстары да сенімді сипат алады. «Менің мұңым – өлеңім» деп арғы-бергі тарихты, дәстүр мен сабақтастықты, уақыт пен кеңістік қатынасын да жырға айналдырып, сыр етіп ашады. «...Қалай да саған,

Уақыт, Оқуым керек бір өлең!!!» деп адамдық борышын, ақындық қуатын, поэзия патшалығы алдындағы сыр-сезімді де емен-жарқын, бүкпесіз білдіреді. Оқып көрелік:

Сен мені тәрбиеле,

Сиынбай-ақ әулие, әмбиеге,

Осы ауылда ес біліп, етек жидым,

Ғашық болып жұртымның ән-күйіне,

Тәртібіне көндірі де, тәрбиеле.

Сезімді төгейін сел гып бөлек,

Тізгінімді тарта ұста, кергітпе көп.

Көкмойнақ жыр – ұмтылған

көкжиегім,

Көкмойнаққа қора емес, кеңдік керек, –

деп (24-бет) жыр-жебе, өлең өлкесіне еркін енеді. Өлең-өнер, қалам-күдіреттің қыр-сырын сезінеді.

Атамұра, дәстүр-салт, әке-шеше, бала-немере мәні мен орны да айқындалып, оның кейбір тұстары былай беріледі:

Мен осынау жүрегіммен, жаныммен,

Алау ыстық қаныммен,

Бойымдағы барыммен,

Ақ қаймағы бір қасықтай фәнидің –

Табынамын күлкісіне сәбидің, –

десе, келесі кезекте:

Менің әкем әл үстінде жатқанда,

Бір сүйді де немересін алдырып,

Қалғып кетті мәңгілік, –

деп (26-бет) ата-ана, бала-немере орнын айқындап, маңызын ашады. Ал өмір мәні мен сыры былай беріледі:

Өмір – тартыс, серпіліс-толқыныс көп,
Толқыныста көп толқын олқы түспек.
Кейде маған аспани шеңбердегі,
Жұлдыздар да кетеді қорқыныш боп, –

десе (28-бет), қазақ даласының тұтас
тарихы мен тағдыры «Қара бауыр
қасқалдақ» ән-өлеңінің табиғаты мен
тағылымынан танылып тұрады:

*Қара бауыр қасқалдақ, қай жаққа ұштың пыр-пырлап?
Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап.*

*Қара бауыр қасқалдақ, қасқалдағым, кері қайт,
Сиреп кеткен тоғайға қамықпа деп көңіл айт!*

*Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы,
Қаңғып келген шүрегей көлдің сәні болмайды.*

*Өз босаған бұл жердің тауы, белі, төбесі,
Босағасын басқаға тастай ма екен, о несі?*

Қасқалдағым, кері қайт!.. (116-бет).

Ақын айнала-әлемге ойлы көзбен
қарап, өмір мен өнер мәніне, өлеңдегі
сөз бен дыбыс үндестігіне, бунақ пен
ырғақ өлшемдеріне де назар аударады.
Тақырып табиғатын, өмір мен өнер
сырын да осы тұстан таниды. Ақын
поэзиясындағы өмір-дүние сыры бы-
лай беріледі:

*Бозаңға біткен боз жусан,
Боқыраудың күні болғанда,
Бозарып барып солар ма,
Мен бозаңды құшып көз жұмсам,
Қара жер, қойның толар ма?!
Сөгілсе қыстың көбесі,
Желкілдеп шығар көк өскін.*

*Мен неге, Тәңірім, неге осы
Боз жусан гұрлы емеспін?!
Жүрегім толы өлеңмен
Ояна алмаймын ақ таңда,
Бұлттар мен жылдар төбемнен
Бұрқырай көшіп жатқанда (68-бет).*

Өлеңдегі «Боз жусан» мәні ақын-
дық «мен» арқылы өзара үндестік та-
уып, ағысты арнадай қатар өріс алып,
сыр ашады. Осының негізінде ел-
жер сипаты, өмір мәні айқындалып,
бұлттар мен жылдар шежіресі де
көрініс береді. Ақын өмір-дүние дида-
рына барлау-талдау жасап, боз жусан
мен өлең-өнердің қасиет-құдіретін

қатар көрсетеді. Осы реттен келген-
де, өлеңдегі өмір өрнектері, өзара са-
лыстыру-салғастырулар қарапайым
көрінгенімен, өлең өлшемінде екпін-
серпін бар, буынға бағынған бунақ
пен тармақ, ырғақ пен шумақтар тіз-
бегі де өзіндік сипаттарымен мән-
ді. Тәңірге сиыну, уақытқа үн қату
ақындық «мен» арқылы оңды жүзеге
асады.

Бұдан басқа «Музейде», «Қол ше-
бер», «Қысқы таң», «Жітіүңгір са-
зы», «Қара бура», «Құрғаған көл»,
«Сүгірдің жыр-күйі», «Адыраспан»,
«Малайсары тауы», «Қазақи әңгі-
ме», «Күн жайлату», «Менің дра-
мам», «Мінәжат», «Естелік», «Сағана»,
«Сыр» сынды өлең-жырлар тақырып-
тық мәні, көркемдік қайнарлары, бей-
нелілік бедерлерімен есте қалады.

Жыр кітабының біраз бөлігін бал-
ладалар топтамасы құрайды («Жі-
гіт пен үміт», «Келінтөбе кереметі»,
«Абылқазы мен Ақтеңге», «Ком-
бат пен Май гүлі», т.т.). Сондай-ақ,
«Сарыөзен», «Ғайша бибі» поэма-
лары мен арнау өлеңдер, экспромт
туындылар да тақырыптық қырла-
рымен, тарих пен таным арналарын
көркемдік қорытудағы мәнді сипат-
тарымен, дүниетанымдық хәм эсте-
тикалық құндылықтарымен де на-
зар аудартатындықтан, әдеби-рухани
эсерлері мол болып табылады.

Ақын **Бауыржан Жақыптың** «Абай-
дың Қасқабұлағы» (2012) атты өлең-
дер жинағына тәуелсіздік кезеңіндегі

жазған таңдаулы туындылары енген.
Ақын өлеңдерінің басты мұраты ел-
жердің қасиеті мен құдіретін негіз
етіп, қазақы дәстүрді, ұлттық бояу-
нақышты қаз-қалпында жеткізу де-
сек, ол көбінде ізденіс іздерінен, қа-
рапайымдылық пен көркемдік таным
арналарынан көрініс береді. Жыр
кітабының алғашқы беті «Абайдың
Қасқабұлағы» атты өлеңмен ашы-
лып, онда Абай әлемі, есімі мен ең-
бегі қайыра еске алынып, қасиетті
бұлақтың көпке ортақ қыр-сыры, ма-
ңыз-мәні ашылады:

*Абайдың Қасқабұлағы
Сағасы інжу-маржанның,
Жағасы жасыл пүліштен,
Тамшысы алтын, күмістен,
Жапырақ сүйген бетіңнен
Суыңнан сұлу гүл ішкен.*

*...Абайдың Қасқабұлағы,
Тұлпарлар тоқтап су ішкен.
Тұлпардай сен кең тынысты ең.
Етпеттеп жатып жағаңда,
Бала Абай сенен су ішкен.*

*...Абайдың Қасқабұлағы,
Әуелеп шабыт құған су.
Әуезов үні туган су,
Бетінде кілкіп қаймағы
Мұқаңның сөзі тұнған су.*

*Абайдың Қасқабұлағы,
Қырық өрім таспа бұлағы,
Аспанның аспа бұлағы.*

*Отыз жыл ойран салса да,
Қырық жыл қырғын болса да,
Мөлдіреп жатыр суы әлі.
Абайдың Қасқабұлағы!!!(3-4-бб.).*

Ақын ел-жер жайлы жырлағанда айбынды-айдынды, жырлы-сырлы, мұңлы-шерлі Алтай аясын, тарихы мен тағылымын тамылжыта, тебіреніс-толғамдармен жеткізеді:

*...Кеудесін кербұғыдай керген Алтай,
Жау шапса, айбарымен жеңген Алтай,
Батырдай дулығалы төнген Алтай.
Ағу Алтын йышым – Алтын тауым
Күлтегін, Тонькөкті көрген Алтай.*

*...Қар басын ақ сәлде бұлт шалған
Алтай,
Құзына Ақиығы қонған Алтай.
Бейуақ мұзарт басын мұнар басып,
Кейуақ қалың ойға шомған Алтай.*

*...Сенде бар тілім, ділім,
салтым Алтай,
Ұлымның алтын тәжі – Алтын
Алтай.
Мәңгілік қазақ саған қорған болып,
Қорған боп сен тұра бер халқыма,
Алтай (28-29-бб.).*

Ал қазақ әлемін, дәстүр-дінді, таулық-туыстықты, кеңдік пен тереңдікті «Қазақтың дастарханы» арқылы бейнелі де бедерлі жеткізеді:

*...Төгілген ақ бауырсақ дастарқанда,
Ауылдан дәм бұйырса, бас тартам ба.*

*Ақ бұлтқа қолым созып жолға шықтым,
Арманым алып шығар асқар тауға.*

*Дастарқан ірімшік пен дәмді уыздан,
Жайылар қашан өтсең, алдымыздан.
Сары май, сықпа құрт пен
талқан, қоспа,
Жеп алып, бір сімірсең
бал қымыздан.*

*...Қазақтың дастарқаны-ай,
құнар қандай?!
Қараймын көзім тойып,
құмар қанбай.
Көлбайдың қою шайы-ай
қаймақ қатқан.
Жандырар жанарыңды
шырағдандай (6-7-бб.).*

Жыр жинағындағы «Абыралы көтерілісі», «Тобылғы», «Тайқазан», «Дала әуендері», «Биялай», «Әсем-қоңыр», «Қанағат», «Тұғыр», «Тұмар», «Тұтқа» сынды туындыларда ел тарихының қилы кезендері, өмір-дүние сыры, адам мұраты, өнер мәні, жастық-достық пен сағыныш саздары кең орын алады. Арнау өлеңдер де жинақтың біраз бөлігін еншілегені анық. Ал «Тайқазан» өлеңінде кеше-бүгін сыры, тарих пен таным арналары мол:

*...Бұл қазан – басқаларға арман қазан,
Шүнілдеп нұры Алланың толған қазан.
Жазылып Құран сөзі ернеуіне,
Қағбасы Түркістанның болған қазан.*

*...Алдаспан, қынабыңнан суырылма,
Ешбір жан қарсы келмес бұл ырымға.*

*Тайқазан орынынан қозғалмаса,
Тәуелсіз елім тұрар тұғырында!
(71-72-бб.).*

Сондай-ақ, «Тұғыр» өлеңінде ел-жер, атамекен, дала дидары, тау-су сипаты терең танылады. Қазақстан – мәңгілік мекен, ортақ отан екені бар қырынан айқындалып, ел-жердің қасиеті мен күдіреті, адамдары мен табиғаты, еңбек мұраттары кеңінен көрініс береді. Негізінен, ел-жер – басты байлық, қоршаған орта қасиетті құндылықтар қатарына жатқызылып, оны аялау мен бағалау мұраты айқын:

*Сендей ел жоқ мынау Жердің бетінде
Қазақстан – сенсің менің аспаным,
Сенсің менің таусылмайтын дастаным,
Бұлағыңдай бүлк-бүлк еміп төсіңді,
Еркебұлаң сапарымды бастадым.
Көркем ұлан болып аштым кеудемді,
Самалыңнан қуат алды жас тәнім.
Мейірім етіп жидым ылғи бойыма,
Сенен алған шуағымды шаппадым.*

*...Сендей жер жоқ мынау Жердің
бетінде,
Көрген жоқпын сендей сұлу,
жер керім,
Көлбеңдеген көк көйлекті көлдерің,
Аққу жүзіп суға салған өрнегің,
Аймүйізді арқарларын асырған
Айқұш-ұйқыш, алтын кемер белдерің
(99-б.).*

Ал «Тұмар» өлеңінде тарихтың бедерлі беттері, елдік-ерлік шежіресі кең орын алады. Көк түріктің рухы,

жер мен көктің мәні, күн мен жалынның нұрлы сәттері бар қырынан жарқырай көрінеді. Әсіресе, Кеңдік, Өрлік пен Ерлік төңірегіндегі толғам-толғаныстар, оны үшбұрышты-тұмар қалпында танып, таққаны да сенімді сипат алады. Негізінен, өлеңдегі еркіндік пен кеңдік, елдік пен ерлік, өрлік пен рухтың қуат-күші ерекше екпін-серпінмен беріліп, танымдық-тағылымдық сипаттарымен мәнді болып табылады. Өлең «Мен – рухпын!» деп басталып, ерлік пен өрліктің кең өрісті өрнектерін жүйелі жеткізеді:

*Мен – рухпын!
Жаралғанмын жанған Күннен,
Жалыннан,
Гун де болып сапар шектім сағымнан,
Көк түріктің мәңгі тірі рухымын,
Көктегі Айға Көк бөрі боп табынған.*

Сондай-ақ:

*...Рухпын – мен!
Рухымын мен сақтардың,
Жүрегімді алау етіп жаққанмын.
Қыпшақ болып қылыш алып қолыма,
Қарсы келген жаудың басын
шапқанмын.*

*Дүбірімен дүниені ояттым,
Дүсірлеген тұяғымен аттардың.
Кеңдік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін
Үшбұрышты тұмар етіп таққанмын, –*

деп (105-бет) көне кезең қойнауларына еркін енеді. Тар жол, тайғақ кешулер тұсынан да сыр тартып, өмір-дүние мәнін, жұмыр жер

күдіретін, адам әлемінің мың сан қырларын айқара ашады. Нәтижесінде Кендік, Өрлік, Ерлік мәні мен сыр-ын, тарихы мен тағылымын үлгі етеді. Уақыт пен кеңістік, дәстүр мен сабақтастық сырлары да танылады. Дүбірлі дүниенің қыр-сыры айқындалып, ұлт пен ұрпақтың маңызы ашылып, оның танымдық-тағылымдық сипаттарына мән беріледі. Өлең мазмұны терең, өзіндік ырғақ-ұйқасы бар әрі шумақтарынан да өзара үйлесім-үндестікті тануға болады. Өлең табиғатынан екпін-серпін танылып тұратындықтан, Көк түрік рухы, Күн мен Жалын жарығы, тарих толқындары, көңіл көкжиегі, көркемдік өлшемдері алдыңғы кезектен көрініс береді. Бастысы, ақын тақырыптық құндылықты алдыға шығарып, оның қоғамдық-тарихтық мәнін арттырып, кезендік көрініс-оқиғаларды сабақтастықта саралап, көркемдік-эстетикалық қуат береді. Көркемдік қабылдау мен қорыту кезеңі, шығармашылық ізденіс пен поэтикалық үндестік сырлары да өзіндік өзгешеліктерімен мәнді болып табылады. Демек, ақын Б. Жақып поэзиясының әлеуметтік мәні, көркемдік нәрі өмір шындығы болса, мазмұн байлығы мен түр алуандылығынан ізденіс арналары, көзқарас пен қолтаңба бедері, тақырып табиғатын ашудағы өзіндік өрнек, өлең-өнерге қатысты өзгешелік сипат, бейнелілік пен стильдік құбылыстар айқын аңғарылады.

Ақын Гүлнәр Салықбаева қазақ поэзиясына өзіндік даусымен, өмір-дүниені танып-түсінудегі арман-аңсарларымен, жастық-достық төңірегіндегі ізденістен туған ойлы өрнек, бедерлі бояуларымен қалың көпке таныс. Әсіресе, «Түс» (2010), «Кешіріндер келгенімді өмірге» (2012) деген жыр кітаптары бірін-бірі толықтырумен бірге, өзіндік өзгешеліктері де бары анық. Екі кітапқа да ортақ тақырыптар өмір-дүние мәні, адам әлемі, көк пен жер, күн мен түн, қоршаған орта, табиғат құбылыстары, жастық-достық сыры, мәңгілік махаббаттың, арман-аңсардың шетсіз-шексіз қыр-сыры алуан көрініс, мың сан түрге еніп, еркін де көркем жеткізіледі. Айталық, «Түс» жинағына енген өлеңдер топтамасынан атамекен көріністері, ел-жердің нұрлы-сырлы сипаттары, адам әлемі мен өмірдің қиырлы-шиырлы сәттері кең орын алады. Кеше-бүгін сабақтастығы, тарих тағылымы мен тағдырлар талқысы, дүние дидары, уақыт пен кеңістік қатынасы, өмірдің бұралаң-бұлтарысты тұстары мен нұрлы-шуақты сәттері, мәңгілік махаббаттың арман-аңсарлары, сағыныш пен сүйіспеншіліктің сырлы сипаттары айшықты нақышты, бейнелі бедер мен өзіндік өрнек, өзгеше мәнермен беріледі. Әсіресе, ақынның өмір мәні, өлең-өнер хақындағы ойлары мен толғаныстары жан-жүректен қозғалып, көңіл толқынынан туғаны анық:

*Өмірім жұрт білмейтін ән сияқты –
Ешқашан айта алмайтын.
Жақсының бір күлгені таң сияқты –
Көзсізге байқалмайтын.
Реніш айнадағы шаң сияқты –
Бетіңді жауып тұрған.
Жүрегім кеудемдегі хан сияқты –
Кей кезде жалықтырған.
Өлеңім қып-қызыл бір қан сияқты –
Жанымнан тамып тұрған...(17-бет)*

Сондай-ақ, сөз өнерінің қуаты мен күдіреті:

*Алтын сөздің ағыны,
Арнамды жайқап, бұзып өт!
Түбінен маржан табылса,
Түк қалдырмай, сүзіп өт!
Арманым жоқ, өзіңе
өлгенше қылсам қызмет.*

*Жарқыраған жасын сөз,
Түн қапасын сөгіп өт!
Ақ жауын боп төгіп өт!
Күнге қуыс күймеңе
Мәңгі-бақи жегіп өт! –*

деп (37-бет) асыл сөзді саралап, оның ағысты арналарын, айбыны мен айдынын, маржан ойлар мәйегін еркін жырлайды.

Ақынның келесі туындысы – «Менің тауым» кезең-құбылыс сырларын кең қамтып, адам әлемінің иірім-сырларына еркін енеді. Шығармашылық тұлғаның табиғатын ашып, қыр-сырына мән береді. «Менің тауым» ел-жер, атамекен әлемін ғана аңғартып қоймайды. Сонымен бірге

ақындық «мен», әрі мінез бедері мен құбылысын да танытады. Алла ісі, Құран нұры, ата-бабаларымыздың рухы, екі дүние нығметі де өлең-өнердің басты тұғыры болып табылады. Өлеңнің өзіне, ішкі сырына ден қоялық:

*Менің тауым биік те емес –
Бөркің түсер басыңнан.
Жайдақ та емес –
Жамыраған төбешіктер басынған.
Менің тауым – менің тауым,
Суығы да сүйкімді,
Періштелер демалатын үй сынды.*

*Менің тауым, Аллам,
сенің ең әдемі шығармаң,
Топырақтан, тасдан емес,
Музыкадан құралған.
Менің тауым – мейірімнің Меккесі,
Өлеңнің ауа жұттар өкпесі...(130-бет).*

Қысқасы, «Менің тауым» деп ақын арман-аңсарлар әлемімен бірге жаратылыс-құбылыс сырына, тарих пен танымға, топырақ-күдіретке тағзым етеді. Алла ісін тұғыр етеді. Мекке-мейірім ұясына айналып, өлең-өнер сөз патшалығына, асыл арналарға айналады.

Ақынның «Түркістан» атты өлеңі түбі бір түрік дүниесінің арғы-бергі кезеңінен сыр толғайды. Тарих пен танымнан ой қозғайды. Дәстүр-дін, тіл-діл сабақтастығы да асыл арна, терең тамырларымен есте қалады. Ақын арғы тарих пен бүгінгі байла-

нысты өзара сабақтастықта өрістетіп, түрік дүниесінің ортақ мұраттарын мадақ сезіммен жырлайды:

*Түбім – түрік,
Тілім – түрік,
Діл – түрік.
Түрік десе, сала берем құлпырып.
Түркістанда төркіндеген қыздай боп,
Жамалынан нұр тараған гүл-түрік.*

Сол секілді:

*Жаным – түрік,
Әнім – түрік,
Қан – түрік.
Басым – түрік, қапы қалған сан құрық.
Түрік десем, түрленеді дүние,
Түбі шатақ түлендерді ант ұрып... –*

дсп (167-бет) тамырлы тарихты, достық дидарын, береке-бірлікті де мақтан етеді. Ақын дүниетанымы терең, жан-жүрек тербелістері мен толқындарынан кешегі күннің күңгірі, келелі келешектің нұрлы бедері де байқалады. Өнердегі өріс, өлеңдегі еркін тыныс, өрнекті өлшем, сәтті шумақ пен тармақтардың үйлесімді тізбегі өзіндік өзгешеліктерімен мәнді сипат алады. Жалпы, «Түркістан» өлеңі түрік дүниесінің табиғаты мен тағылымын, тарихы мен талайғы тағдырын, бүгін мен болашақтағы бағдарын да терең танытады.

Ақынның «Кешіріңдер келгенімді өмірге» (2012) атты жыр кітабына бұрынғы-соңғы және кейінгі жыл-

дары жазылған жаңа өлеңдері топтастырылған екен. Қоғамдық құбылыстар мен өмір-дүние сырлары, қоршаған орта мен адамның кейбір кездері, жыл мезгілдері мен табиғат тамашалары ақиқат жайттарға құрылып, формалық ізденістерімен, өзіндік көзқарас, өзгеше қабылдауларымен назар аудартады. Адам әлемі, өмір ағыны, арман-аңсарлар, сыр-сезім тұтастығы – бәрі-баршасы бір нәзік сәуледей көңіл толқынымен астасып, жүректі тербейді. Арман ағыстары, кездесу-қауышулар, сағыныш саздары аспанның жүрегі-тамшылардай, қызыл күннің мейірім шуағындай сәулелі сәттерімен, мәнді-нәрлі айшуақ әсерімен көңілді баурайды. Ақын енді бірде:

*Тоңды жаным-жапырақ,
Ағаш-тәнім аңырап тұр, ақымақ.
Күннің көзі ұйқылы –
Анда-санда ашылғанмен бақылап...*

*Өмір деген – үңгірлерге үңілу,
Содан кейін түңілу! –*

десе, енді бірде:

*Тоңып тұрып, жылындым,
Күліп тұрып, бүлдім.
Ұрынбасқа ұрындым.
Жапырағым-жанымды қорғалап,
Қара түннің көзінен сорғалап,
Келе жатқан бір өлең... –*

деп (20-бет) өлең-өнер құдіретін, қуат-күшін, арынды-ағысты арнала-

рын қаз-қалпында көрсетеді. Ақын әлемі мен жан-жүрек дүрсіліндегі мазасыздық ағаш-жапырақ кейпіне сиеді. Өмірдің нұры мен сыры, күнгеі мен көлеңкелі тұстары да көңіл толқындарынан аңғарылып тұрады. Ал өлеңнің өмірге келер сәті назар аударарлық:

*Тоңып тұрып, жылындым,
Күліп тұрып, бүлдім.
Ұрынбасқа ұрындым.*

Немесе:

*Қара түннің көзінен сорғалап,
Келе жатқан бір өлең, –*

деген өлең шумағындағы дыбыстық үйлесім, өрнекті ұйқас, көрініс-құбылыстар ақын әлеміндегі өзгеріс-өзгешеліктерді тап басып көрсетеді. Жаңа өлең, соны сөздің қасиет-құдіреті лирикалық «мен» негізінде өріс алады. Өлеңнің шумақ өрнегінен интонациялық-ырғақтық белгі-ерекшеліктер танылып, ақын әлеміндегі әр түрлі, қилы сәттер сипатымен сабақтасып, үйлесімді өріс алады. Бұдан байқалатыны, «Қара түннің көзінен сорғалап, келе жатқан бір өлең» құдіреті, сырлы сипаттары өмір мен өнер тұтастығын, көңіл толқынын, сыр-сезімнің сәулелі сәттерін танытады. Өмір мұраты мен өлең өрнегінен Ақын патшалығы аңғарылады.

Ақын тарих толқынына еркін еніп, қилы кезеңнің көрініс-құбылыстары-

на, елдік-ерлік шежіресіне ден қойып, азаттық аңсаған халқымыздың кешегісі мен бүгінін тап басып таниды:

*Сен – күнімсің, жарып шыққан бұлтты,
Сен – үнімсің бұзған қара құлпытты.
Биіктікке құмары бар қанбаған,
Сен – бағымсың, қыран болып самғаған.
Ұлы армансың, алты алашты
тербеген,*

*Ұлы айқайсың, көкіректі кернеген.
Жебеушісі желді сүйген жанымның,
Сен – шуақсың, өлтірсе де өлмеген,
Азаттық! –*

десе (40-бет), келесі кезекте:

*Көшпелі елдің көркі едің сен, Азаттық,
Ең далада ерке едің сен, Азаттық.
Ұмытылмас, ұлы арманға айналып,
Сан жүректі өртедің сен, Азаттық...*

*Алтын күннің шуағы сен, Азаттық!
Өр рухымның қыраны сен, Азаттық!
Алашымның ұраны сен, Азаттық!
Қиялымның пырағы сен, Азаттық!..*

*Азат елдің ертеңіне сендіре,
Көк байрағым, толқынданып, желбіре!
Аталарым арман еткен, Азаттық,
Көк аспандай төбемізден мөлдіре! –*

деп (44-бет) ежелгі кезеңнен бүгінгі таңға дейінгі аралықтағы азаттық аңсаған елдің арман-аңсарларын, бостандық-теңдік жолындағы тар жол, тайғақ кешулерді, тарих толқынының тебіреніс-тербелістерін, иірім-сырларын кеңінен қозғап, үлгі-ғибраттық қырларын жан-жақты ашады.

Алаш мұраты мен Көк байрақтың айбыны мен айдынын да кең көлемде қамтып, тарихи негізін, әдеби-рухани сипаттарын танып-таразылап, салыстырып-саралап кеңінен көрсетеді. Келесі кезекте атамекен мәні, ауыл сипаты былай беріледі:

*Ауыл, ауыл...
Тәтті елесім,
Енді оралмас «ақ кемесің».
Алыстасам – сағынасың,
Жақындасам – жат көресің.*

*Арна таппай, тасып келдім,
Жылай алмай, жасып келдім.
Өзімді іздеп кеткен едім,
Енді өзімнен қашып келдім (82-бет).*

Ақиқатында, өмір ағыны мен өлең өрнегінен атамекен әлемі мен ауыл сипатынан өзге лирикалық «мен» мұраты, дүниетаным иірімдері, сағыныш саздары да басым түсіп жатады. Ауылды аңсау – әуелгі бастау болса, өзін-өзі іздеу – өмір мұратымен астасып, өлең-өнердің құдіретімен сабақтастықта өріс алады. Бастысы, өмірдің бұралаң жолы танылып тұрады. Кей тұстары оның өзі жүрекке салмақ салады:

*Жүректің сөзі жыртылып,
Қалтаңда кетер.
Біреулер
Мені күлкі гып,
Талтаңдап өтер...*

*Жүректің сөзі – сөз емес,
Өлі керуен!
Менің де көзім – көз емес,
Сені көрген! –*

десе, келесі тұстарда:

*Сезімнің ұлы түптері,
Менде де өлсін.
Сен-дағы
Ұмытып мені,
Жөнделерсің, –*

деп (159-бет) үн қатады. Көңіл толқыны, сыр-сезім тұтастығынан өмір мәні, өнер құдіреті де танылады. Махаббат меридианынан арман-аңсар, сағыныш саздарынан өзге сенім мен сезім күшінің қасиет-құдіреті айқын аңғарылады. Ақын жүрек сөзін, көңіл көзін қатар қозғап, осының негізінде махаббат мәнін, сыр-сезім дүниесін, оның басты тірегі-тұрақтылығы мен тұтастығын тап басып көрсетеді. Өлеңдегі өлшем-өрнектер, интонация мен үндестіктер, ырғақтық ерекшеліктер өзара сақталып, оның өзі негізгі ойды жүзеге асыру барысында әр қилы түрге еніп, мың сан арна алып, кең өріске шығады.

Ақынның тау құбылысы мен тылсымын танып, өзіндік өзгешеліктерін жеткізу жолдарынан да табиғилық танылады. Жер мен көк, бұлт пен таудың жаратылыс-құбылыстары да өзара салыстырылып, өмір-дүниедегі орын-үлестерімен байланыста беріледі. Алғашқы тұста:

*Таулар туады
Сахараның кеудесіне сыя алмай,
Таулар туады
Қара жерден көтерілген қиялдай, –*

десе, енді бірде:

*Тобесіне күн сүйеніп, бұлт аунар
Жердің көкке махаббаты –
бұлт таулар, –*

деп (176-бет) тау-құдіреттің қыр-сырын ашады. Жер мен көктің өзара қатынасын аңғартып, оның арасын жалғап тұрған тау құбылысына мән береді. Ақын сайын дала, сахара сыртына да ден қойып, тау-жаратылыстың сипатын айқын аңғартады. «Жердің көкке махаббаты – бұл таулар» деп «желгі кезеңнің тылсым сырларынан, таным-түсініктерінен де хабардар етеді. Жинақтап айтқанда, жер мен көктің арасын жалғап тұрған, елдің айбыны мен айдынын асқақтатқан, табиғат-жаратылысқа мән-сән берген Тау-құдіреттің қыр-сыры бар болмыс, сипатымен есте қалады. Ал, дүние лидары былай беріледі:

*Қызық дүние,
Бұзық дүние,
Көрген түстей үзік дүние...*

*Қолын бұлғайды,
Қолда тұрмайды.
Ұрлайды,
Тырнайды,
Жырлайды... (177-бет).*

Ақын жалған дүние, өткінші өмір мәнін уақыт құдіретімен байланыстырып, көрген түстей сыр-сипатын қаз-қалпында көрсетеді. «Қызық дүние мен бұзық дүние» ара салмағын елеп-екшейді. Дүние дидарындағы баянсыздық пен мәңгіліктің жоғын «қолын бұлғайды, қолда тұрмайды» деп те таниды. Екі дүние нығметін, Алла ісі мен Құран нұрын алға тартады. Нәтижесінде адам мұраты мен өмір мәніне терең бойлап, маңызы мен орнын айқындайды. Уақыт-құдіреттің қыр-сырын ашып, қымбат қазына санайды. Сынаптай сырғыған мезгілдің байлаусыз-тоқтаусыз мәнін ашып, қасиет-қадірін білу керектігін де қайыра еске салады. Маңыздысы, әрине Адам Ата – Хауа Анадан бермен қарайғы кезең-құбылыстары, жаратылыс сыры, «қолдан жасалып-сомдалған» кереғар көрініс, сиықсыз сәттердің сипаттары-дүние дидары, өмір мұраттарымен байланыста беріледі. Арыдағы арналардан жеткен дүниенің басы – сайран, түбі – ойран екенін, «мынау жалған дүние, кімдерден кейін қалмағанын» (Шалкиіз), асылы, «жақсының аты өлмейді, әлімнің хаты өлмейді» (Бұқар) екені бар қырынан жарқырай көрінеді. Қысқасы, «Қызық дүние, Бұзық дүние» мәні ашылып, қыр-сырына барлау-талдау жасалады. Поэтикалық мәні, көркемдік нәрі айқындалады.

Ақын **Зернебек Шілдебайұлының** өмірі мен өнегесінен мейірімге

толы ізгілік нұрын, жан-жүректен кедергісіз таралған жылылық пен сәулелі шуақтарды, емен-жарқын көңілдің ақ адал сырларын әркім-ақ аңғарар еді. Зады, З. Шілдебайұлының өмір өрнектері мен өнеге өрімдерінен біртұтас бітім, қос қанатты арна да терең танылады. Ол-журналистік шеберлігі мен адамдық-азаматтық үнге, намысты ой мен жігерлі сөзге толы ақындық өнері болып табылады. Қос қанат қатар қағылып, бір өрім, біртұтас болмысты-бүтін бітімге айналғаны да ақиқат. Бұл – кеме де кәделі іс, айрықша қасиет, айтарлықтай құбылыс!

Ой-сөз жүйесін арлы акын, зерделі ой иесі З. Шілдебайұлының «Кеудемдегі кептерім» атты жыр жинағы (Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 140 бет) төңірегінде өрбітер болсақ, онда жоғарыда айтқандай, бүтін болмыстың бедерлі тұстарын, ізденіс пен ізгілік іздерін, жүрек жылуын, ең негізгісі, адамдық, азаматтық абзал қасиеттер, ақындық өнердің өрелі де өрісті арналарын айқын аңғарамыз.

З. Шілдебайұлының адамдық мұраты, ақындық ұстанымы:

*Зердеме түйіп келем ұққанымды,
Ерте ойлап күнгеім мен
 бұлт жағымды.
Рухы туған жердің көгертеді,
Наз жырым – кеудемдегі
 құт бағымды.*

*Ер болсам жүре алмаспын
 көп сенделіп,
Барымды арманым жоқ өтсем беріп.
Елімнің ертеңіне елеңдеймін,
Күресем шындық үшін кетсем де өліп! –*

деген жолдардан жіті танылады. Қос шумақ, сегіз жолдан тұратын өлең өрімінде, атап айтсақ, алдымен акын атын ардақтап та, асқақтатып тұрса, ал әрбір жолдан өмір өрнектері, уақыт бедері, ел-жер рухы, дәстүр тағылымдары, салт-сана сипаттары, арман-аңсары, қысқасы, бүтін болмыстың тұтас табиғаты, арналы-ағысты толқындары, бел-белеске толы сәулелі шуақтары, қыр-сырлары айқын аңғарылады. Біздіңше, акын адамзаттық құндылық, қоғам байлығы – адам мен оның еңбегін, азаматтық-қайраткерлік қасиеттерді, ұлт мұратын, ел-жер рухын, руханият ісінің мәңгілік сипаттарын асқақ арман-аңсарларымен, жан-жүректің жарық-жылуы хәм толғам-толғаныстарымен тебірене, тербеле жырлайды. Ақ көңіл, шын жүректен шыққан шымыр шумақтар – акын мұратын, өнер өрісі мен өлең өріміндегі табиғилықты, өмірдің өзіндей қарапайым қағидаттарын боямасыз, жүйелі жеткізеді. Адамдық болмысты, борыш-қарызды – ұлт мұратымен, азаматтық арман-аңсарымен тығыз байланыстырады. Көзқарас айқындығы, ой еркіндігі, сыр-сезім иірімдері – ақындық қуатпен, шешендікпен

теріледі. Өмір мұратын ақиқат пен әділеттілік арқылы әспеттеп, арман-аңсарын жолдап, шындық жүзін жаңууы – кәделі, сауапты іс. З. Шілдебайұлының ақындық өнері мен ондағы басты ұстанымдар сыры осыған келіп саяды.

Ақын қолтаңбасын танытатын «Жер-Ананың толғанысы», «Сақ болындар», «Қайрау» сынды өлең-жырлар қоғам мен адам қарым-қатынасын, өмір-уақыт шындықтарын ашуға арналған. Тақырып, мазмұн жағынан үндес хәм сабақтас тұстары болумен бірге айтар ой, ортақ мәселе тұрғысынан қарағанда адамзаттық құндылықтар мен оның сырлы сипаттары мол. Адам мәні, еңбек сипаттары жан-жақты ашылады. Қоғам құбылыстарына, өмір-уақыт шындықтарына, адам факторына көп көңіл болінеді. Адамзаттық құндылықтарға, өмір мұратына, адами-имандылық мәселелерге жіті назар аударылады. Маңыздысы, әрине акын қайсыбір тақырыпты да жүректен қозғайды. Оны көңіл көрігінде қорытып, айқын ойларға құрады. Көңіл тазалығы, сезім шынайылығы – өлең-жырдың басты өлшемдерінің бірі. Ақын ізденісі мен ұстанымының, көзқарасы мен қолтаңбасының көркемдік қуаты, бастапқы бағыт, ой-сөз арналарының негізгі түйіні осыған келіп саяды.

«Жер-Ананың толғанысы» адамзаттық маңызы бар мәселелер: бейбітшілік, татулық пен тыныштық

туралы ойлар мен толғаныстардан тұрса, «Сақ болындар» соғыс пен бейбітшіліктің мән-маңызын кең көлемде ашып, Отан, ел-жер жайын жан-жақты көрсетеді. Адамзаттық құндылық-бейбітшілік пен бостандық бағасы айқындалып, керісінше, ядролық апаттың зұлмат-зобалаңы, кесапат-қасіреті өзіндік қыр-сырымен, бедерлі бояуымен көркем де жүйелі жеткізіледі. Ол туралы:

*Арлы жандар ізденіп,
Туған елдің тарихын жатқа білер.
Сын сағатта қақ жарып топқа кірер.
Қалбалақтап мерт болған көбелектей,
Өз анасын сүймеген отқа күйер.*

*Сондықтан да ойланғын,
Анаң жсалғыз шындықтай шырқыраған.
Отық жсейді сырты құр жылтыраған,
Қара бастың қамынан түк шықпайды,
Болу керек қашан да жұртың аман.*

// «Жер-Ананың толғанысы»//

Немесе:

*Бомба жатқан, дән жатпай
 жемсауында,
Жолатпайық Отанға жау шағын да.
Қасиетті қара жер, білесіңдер,
Ядролық апаттың қоршауында.
Бал ағызбай өмірде қан ағызған,
Қасқыр тектес жандарды арамыздан.*

*Аластатқан, шіркін-ай, біржолата,
Кетер еді мұң-қайғы санамызда, –*

деп азаттық, теңдікті бар дауыспен, жан-жүректен жырлайды. Татулық

пен туыстыққа табан тірейді. Бос-тандық пен еркіндіктің мәңгілік сипаттарын жан-жақты ашады. Өлеңде, сөз жоқ, Отан, Ананың қадір-қасиеті, орын-үлестері айқындалады. Оны қолдап-қорғау, сақтау қажеттілігі кеңінен көрініс береді. Адам мұраты мен өмір мәнінің сыр-сипаттары ашылады. Бейбітшіліктің бағасы, татулық пен туыстықтың салмақ, сыры айқындалады. Ядролық апат адамзаттық қасірет екені кеңінен көрсетіледі. Ал адам қолынан жасалатын зобалаң-зардабы мол, қайғы-қасіреті көп келеңсіз, кереғарлық іс-әрекеттердің қай-қайсысы да сын тұрғысынан мінеледі. Адамдық, азаматтық тұрғыдан байыпты бағаланады. Жасыратыны жоқ, ақын ел-жер тарихы мен тағдырын-ақиқат жайттардан, арлы жандар төңірегінен іздейді. Қилы кезең, сындарлы сәттердің сипаттары Отан, Ана табиғатымен байланыстырылады. Өлең өзегі мен өрнегі өмірден алынып, дәйек-дерегі айқындалып, көркемдік пен шындық-шеберлік пен шешендік негізінде жаңа биікке, соны бел-белестерге көтеріледі.

Мезгіл әуендері топтамасына енген өлең жырларда («Көктем келгенде», «Жаз шыққанда», «Күз боларда», «Қыс түскенде») табиғат тамашалары мен таңғажайыптары кеңінен көрініс берсе, «Қос алыпқа айтар сыр» – Абай, Мұхтар алдында ақиқатқа жүгіну, қоғамдағы ке-

реғарлық пен келеңсіздіктен арылу мен тазару тұрғысынан келелі ойлар қозғайды. Қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністері, бүгінгі күннің шындықтары екі алып – Абай мен Мұхтардың өміріндегі, өнеріндегі өнегесі, көзқарас эволюциясы мен дүниетаным арналары арқылы беріліп, сырласу, сұхбат түрінде өріс алады. Бұл тұстардан да ақынның ізденіс арналары, тарих-танымға қатысты көзқарастары, ұлылардан ұлағат алуы өлеңдегі өмір, өнердегі өрімдер өнегесі арқылы кең арна алады.

Сондай-ақ, «Өтпелі кезең шындығы», «Шаңқай түсте адастым», «Жанайқай», «Өзімізден қорқамын» сынды өлеңдерде қоғамдық құбылыстар мен уақыт шындықтарды, адам еңбегі мен тұрмыс суреттері барынша шынайы, шебер де шешен жеткізіледі. Ақындық мұрат пен ізденіс арналары, көзқарас пен қолтаңба мүмкіндіктері мол. Өмірден туған өлеңдегі өлшем, өрісті өрнек пен келісім кестелері табиғи өріс алады.

Ақын өлеңдерінің маңызын арттырып, әлеуметтік-рухани мәнін асқақтата түскен «Туған жермен сырласу», «Жарылқа, Наурыз, халқымызды», «Жанымды жеген дерт», «Көшелілер келмесе, таң атпайды», «Басшысы жоқ ел – жетім», «Өлең оқып жатыпты қос өкпесі», «Үлкен кісі», «Ана тілім», т.с.с туындылар қазақ тарихының арғы-бергі кезең-

дерінен сыр қозғайды. Ұлт тарихының танымал тұлғалар – Бөлтірік пеншен, Ұлбике ақын, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Д. Қонаев, т.б өмірі мен кезеңі, халық алдындағы ақ адал еңбегі мен іс-әрекеттерін алуан мысал-дерек, ұнамды көріністер арқылы бейнелі де бедерлі баяндайды. Маңыздысы, әрине ақын өткен тарих тағылымдарына мән береді. Біздіңше, аталған өлеңдер өмір шындығы мен ақиқат жайттарды танымал тұлғалардың адами болмыс-қасиеттерімен, еңбек мұраттарымен табиғи байланыстырады.

Ақын өлеңдері арасында жігерлі үн, намысты ойларға толы шымыр шумақтар, игілікті іс, ізгілікті мұраттарға негізделген көкейкесті мәселелер, кісілік пен кішілікті арқау еткен адамдық болмыс бедерлері көптеп кездеседі.

Ақын өзі және өзгелер жайлы:

*Тірлігінде жақсылық жасамаған,
Арам ойлы жан көрсем қашам одан.
Өзің жайлы толғану, адам жайлы,
Жеңіл тиіп жүрген жоқ аса маған.*

*Бұрыңғыдай асыл ой көнермеген,
Маңдай терім екен зой өнер деген.
Үстіменен ауырдың жүргендер бар,
Бірақ солар түбінде көгермеген, –*

десе («Туған жермен сырласу»), келесі өлеңде:

*Қайрат інім, сен қандай бақыттысың,
Оны жұртқа паш етіп танытты ісің.*

*Буырқанған желтоқсан дауылында,
Бұқпантайлап дәл мендей күн кешпедің,
Қарындасты қорғады намыс күшің.*

*Құлығымен біреулер жан бағады,
Арын сатып кейбіреу қорғанады.
Мойындағы парызын шын ақтаған,
Ұқсамаған бос кеуде, құр шірікке,
Сендей ерден бар қазақ айналады, –*

деп адам мұратын, өмірдің өрнекті тұстарын, жастық жалынын, ерен еңбекті, ерлік істі үлгі етеді («Жанымды жеген дерт»). Желтоқсан қозғалысын, Қайраттың қайсар да қаһармандық әрекеттерін үлгі ету арқылы халықтық қасиеттерді, елдік-ерлік салттарды, азаттық жолындағы жанкештіліктің қыр-сырын кеңінен ашады. Айталық, алғашқы өлеңде адамдық құндылықтар мен әділетсіз істердің түп-тамыры төңірегінде келелі де кемел ойлар қозғалады. Адамдық істің құнсыздығы, әділетсіздіктің өріс алуы мін-сын тұрғысынан сараланады. Билік пен бизнестегі «тоғышар тұлғалардың» байлық жолындағы жанталастарын, еңбексіз табыстағы аласапыран әрекеттерін – көбелек ғұмыр көрсе, жең ұшынан жалғасқан жемқорлық кескіндерін – абақтыға асыққан қылмыскер кейпінде көреді. Кеше-бүгін байланысы, билік-бизнес сырлары, халық-нарық нақыштары қоғам мен өмірдің құрамдас бөліктері ретінде алынып, артық-кем тұстары кеңінен көрініс береді. Парасат пен саясаттың да

аракатынасын тереңнен толғайды. Ал келесі өлеңде ұлт тарихындағы Желтоқсан қозғалысының қыр-сыры, қазақ жастарының ерлік істері, әсіресе, басты тұлға – Қайраттың қаһармандық әрекеттері, кеңестік жүйенің үстем де озбыр, «озат та озық қимылдарын» кең көлемде көрсетеді. Өлең жүйесінен, табиғаты мен мазмұнынан, өмір-уақыт шындықтарынан ақындық өнердің қуаткүші, ұлттық рух пен патриоттық сезім, жігерлі үн мен намысты ойлар, шеберлік пен шешендік сырлары молынан ұшырасады. Бұдан басқа іргелі ізденіс пен көркемдік өрнектер, нақтылы көріністер мен ой-сөз жүйесі, сыр-сезім үйлесімі де шынайылық сипаттарымен көңілді баурап, жүрекке тура жол тартады.

Ұлт пен ұрпақ, дін мен діл, тарих пен тіл турасындағы өлең-жырлардан да елдік мұрат, бедерлі болмыстың сыр-сипаттары жіті танылады. Оқып көрелік:

*Бабам, сенің табынам аруағыңа,
Мойымадың қиындық салмағына.
Көлеңкесі ып-ыстық кемеңгерсің,
Шапағатың көп тиді жан-жағыңа.*

*Тағдыр жазып маңдайға шырғалаңды,
Бостандыққа шақырдың күллі адамды.
Тұңғыш «Қазақ» газетін шығардың да,
Көзін аштың талайдың су қараңғы, –*

десе («Басшысы жоқ ел – жетім»), келесі кезекте:

*Тік мінезді, қулардай құбылмаған,
Өзің жайлы жыр жазу қиын маған.
Сегіз қырлы, бір сырлы аруақты жан,
Бабам, бағың біздерге бұйырмаған.*

*Ақылың зор кісі едің заманыңда,
Тани білдің сан алуан адамың да.
Тәрбиелі, тәлімді ісің жатыр,
Күнделікті әр басқан қадамыңда, –*

деп, адам әлемін, оның өмірі мен еңбегін, артық-кем тұстарын бүкпесіз-боямасыз береді («Көшелілер келмесе, таң атпайды»). Біздіңше, аталған өлең-жырларда өткен тарихтың шынайы сырлары, өмір-уақыттың бедерлі белгісі, ел-жерге қатысты тебіреністі толғамдар мол. Ақын тарихтың бедерлі тұстарына терең ену арқылы ондағы белгілі адамдардың өмірі мен өнегесіне, тағдыр-талайына, ерлік-елдік істеріне ден қояды.

3. Шілдебайұлы «Махаббат аралында» атты топтама өлеңдерінде – жастық, достық, сүйіспеншілік туралы кеңінен жырлайды. Бұл бағыттағы бастапқы жырда:

*Бола біліші шын бағым,
Өмірімнің өзегі.
Мәңгі сені жырладым,
Кеудемнің пәк өзені.*

*Лұп-лұп соққан жүрегім,
Менен ешбір сыр бүкпе.
Тілер жалғыз тілегім:
«Мөлдіреп ақ тірлікте!», –*

десе, мәңгілік махаббат баянын былай білдіреді:

*Күн көзіндей нұр төкті көңіліме,
Өміріңді жалғадың өміріме.
Содан бері келеміз жұпты жазбай,
Тағдыр бізді о баста тіледі ме?!*

*Жүрегімді билеп ап еркелігің,
Бақыт күйін жанымда шертеді үнің.
Күнде осылай бөлеп тек шаттығыңа,
Сөнбесе екен тірлікте ерте Күнің! –*

ден сыр-сезімді, сүйіспеншілікке толы жан-жүрек толғаныстарын бүкпесіз, кедергісіз жайып салады. Досқұрбы, жақын-жуық, жалпы замандас пен оған деген сағыныш, сүйіспеншілікті де ортақ мұрат, ғажайып шындықтың шуақты, сәулелі тұстары ретінде тереңнен толғайды. Көңілін кеңге салып, таза сезім мен сырлы сүйіспеншілікті бәрінен де биік қояды. Ол табиғи, шынайы шығады. Ең бастысы, әрине жастық, достық, махаббат – адам мұраты, өмір мәні, жан-жүрек аңсары арқылы көрініс берсе, сыр-сезім – көңіл шуағы, шынайы сүйіспеншілік символы ретінде орын алады.

Ғашықтық ғаламаты, махаббат мейрамы, шын сүю бақыты мен сағыныш саздары төмендегіше көрініс береді:

*Ұйқым қайда, япыр-ау, ұйқым қайда?
Өзің жайлы, бәлкім, ол күй тыңдай ма?
Құлағымның түбінен кетпей қойды,
Сыңғырлаған күмістей күлкің майда.*

*Сені ойлаумен жатырмын көзімді ілмей.
Есімді алып нұр шашқан көзің Күңдей.*

*Шыдай алмай барамын сағынғаннан,
Болмайды екен төзім мен сезім бірдей.*

*Қалқам, саған ағымнан жарылғанда,
Соқтырмашы жанымның шамын жарғаи.
Сенсіз мынау дүние су қараңғы,
Бақытым бол осынша табынғанда, –*

деп, сағыныш пен сүйіспеншіліктің сырлы сипаттарын, сәулелі де шуақты сәттерін жылылықпен, мейіріммен еске алады. Мәңгілік махаббаттың баянды, мұратты жолын жан-жүреппен қалайды. Осы жолдың ашық та арналы болуын өмірімен де, өнерімен де қолдайды. Өмір мұраты да осы.

Ақиқатында, өлеңде өзі және өзгелер жайлы арман-аңсары да, сарғайған сағыныш та бар. Сыр-сезім, сүйіспеншілік хақында жан-жүрек қалауы да орын алады. Адам әлемі, өмір-дүние, уақыт бедері, жан-тән, ой-сөз, өң-түс – сағыныш, сыр-сезім төңірегінде өріс алады. Өмір мұраты мен мәні – дәстүрлі достықта, жарасты жастықта, мәңгілік махаббатта деген қорытындыға келеді. Мұның да жол-жөні, қисыны бар. Оған құрмет те, қолдау да керек. Өйткені, мәңгілік махаббат мерейі – берік достық, жалынды жастық сырларымен сабақтастықта өріс алып, оның өзі жан-жүрек, көңіл толқыны, сыр-сезім, сағыныш сипаттарымен табиғи үндесіп, шынайы да сенімді сүйіспеншілікке ұласады. Махаббат дастаны асқақ жырланады.

Қорыта келгенде, З. Шілдебайұлының ақындық өнеріндегі басты ұстаным мен негізгі белгілердің қатарына мыналар жатады:

– арғы-бергі кезеңдер тағылымын, тарих пен таным тоғысын байланыс-бірлікте жырлайды;

– танымал тұлғалар – Бөлтірік шешен, Шоқан, Махамбет, Абай, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Д. Қонаев, т.б. өмірі мен өнегесін, шығармашылық мұрасын кезең көріністерімен, өмір-уақыт шындықтарымен сабақтастықта көрсетеді;

– ел-жер, азаттық-теңдік, батырлық-ерлік хақында іргелі ізденістер жасап, оны терең толғам, тебіреністі көңіл күймен сыр толғайды;

– адам мұраты, өмір мәні, дүниетірлік туралы, жыл мезгілдері жайлы, парасат пен саясат төңірегінде келелі де кемел ойлар қозғайды. Ол, әсіресе айқын көзқарас, бедерлі қолтаңба, терең тебіреністі ойлар мен толғаныстар арқылы жүйелі жеткізіледі;

– жастық, достық, махаббат туралы жан-жүрек жазбаларынан да мейірім мен ізгілік нұрлары, сағыныш пен сүйіспеншілік сырлары жылы ағыстай арна құрайды. Ғажайып ғашықтық ғаламаттарының терең де тылсым иірімдері, сыр-сезімнің нәзік те сыршыл сәттері жаныңды баурап, қызық та қимас көркем көріністері бойды билеп, көңілді тербейді. Сарғайған сағыныш пен шы-

найы сүйіспеншіліктің мазасыз да тынымсыз тербелістері, жастық кезеңнің қызық-қимас шақтарының тебіреністі де тегеуірінді сәттері сыр-сезімнің қуат-күші, шын ғашықтың ғаламат сырлары, жан-жүректің арман-аңсары арқылы кең арна алып, жасампаздықпен жарқырай көрінеді.

Ақын А. Әлімұлының «Сағыныш құс жолына түсіп кетті» атты топтама өлеңдері өмір, уақыт, тұрмыс көріністерінен тұрады («Қазақ әдебиеті», 2010, 18 маусым). Мәселен, «Табиғат» атты өлең өмір көріністерінің бір мезетін, аумалы-төкпелі сәтін қаз-қалпында көрсетеді. Оның адамға, айналаға, табиғатқа әсері бедерлі беріледі:

*Тұратын пана көріп жиі ақ талды,
Лүп еткен желден сыңсып қияқ қалды.
Аспанды бұлт буып, нөсер құйып,
Қара су қаптап кетер сияқтанды.*

*Бас-көзге қарамайтын бетті неме,
Түбіме кіді мезгіл жетті деме.
Жамырап жапырақтар қоя берді,
Сыбдырлап қамыстар да кетті неге?*

*Жай емес еді көптен бастан кешкен,
Жағдайды көріп тұрмын аспан көшкен.
Қарбыздай жарылды да бұла бұлт,
Күркіреп күн де кетті астан-кестен.*

*Келмейтін деуге, сірә, тауыпты епті,
Сұп-суық жел де есті қауып бетті.
Пойыздай солқылдатып өткен жерді,
Нөсерін қимай бұлт ауып кетті.*

*Өсімдік сияқтанып тіні езілген,
Аумайтын ақын білем, күн өзімнен.
Көрдік-ау, ей, табиғат, көресінді,
Аумалы-төкпелі осы мінезіңнен.*

Ақын табиғат таңғажайыптары мен тамашаларын қатар көрсету негізінде оның адам әлеміне, қоршаған ортаға әсер-ықпалын нанымды ашады. Адам мен табиғат қарым-қатынасы, ортақ мұраттар мен өзгешеліктері сыры да танылады. Бастысы, табиғат көрінісі мен өзгешеліктерінен адам мұраты мен өміріне, еңбегіне әсері кеңінен көрсетіледі.

Ал «Жусан» өлеңінде:

*Ұнатамын жусанды кермек дәмді,
Бозторғай да салмайды ермекке әнді
Бір мұң қоздап қапалы көңілімде,
Бір сағыныш барады кернеп жанды.*

*Жападан-жалғыз тұрмын кешкі белде,
Тұрмайтын қолды-аяққа есті жел де.
Қабағы ашылмастан кіді күннің,
Секілді көрсететін сесті елге.*

*Көзіме көрінеді күзгі Ай шерлі,
Жастанып жатыр апам мұздай жерді.
Шымырлап кеуде тұсым шыдас бермей,
Жабыңқы жан жүрегім сыздай берді.*

*Бір сезім түсініксіз кернеп жанды,
Көзіме жас келеді кермек дәмді.
Бозаңда бойтұмардай бозторғай да,
Салмайды сезеді ішім ермекке әнді, –*

деп дала дидарын, табиғат тамашаларын, оның адам өміріндегі бедерлі

белгілерін бүкпесіз баяндайды. Ақын табиғатты көріп, қызығумен қатар, онымен үндес, сарындас көңіл күйін де бүкпесіз білдіреді. Ол, әсіресе «Өсімдік сияқтанып тіні езілген, Аумайтын ақын білем, күн өзімнен» немесе «Бір сезім түсініксіз кернеп жанды, көзіме жас келеді кермек дәмді» деген жолдардан көрініп, адам әлемімен астасып, біртұтас сипат құрайды. Адам қоғамның қозғаушы күші, табиғат адастырмас тамыршы екеніне көз жете түседі.

Ақынның «Ей, тырна, сен де жалғыз, мен де жалғыз» атты өлеңдер топтамасында («Қазақ әдебиеті», 2011, 22 сәуір) қоғам мен адам, өмір мен тағдыр сынды қостаған «тірлік тынысы» қатар өріс алады. Ақын өмір ағынын адам мұратымен сабақтастықта қарап, көңіл толқынын, жүрек сырларын бүкпесіз жеткізеді. Ол, әсіресе «Көңіл күй» өлеңінде былай беріледі:

*Енжар Сыр ағып жатыр баяу гана.
Тұман кешкі.
Көңілге түсірмеген қаяу бала
Күмән кешті.
Бір кезгі екпін қайда жарды жеген,
Сырдария?
Жағаңда сөгілмеген қарлы көбең,
Тұр қария.
Шыға ма, Ата, мұңды қалпың естен
Үрей кешкен,
Суық жел қар сапырып салқын ескен,
Дүлей көшкен.*

Ойда ауыл, қырда қабір тіршілік бар,
Жуық маңда.
Денесі қос қараның түршігіп тұр,
Суықтан ба?..
Қария, аңқау бала мезгіл кешикі,
Мұз-қар кешти.
Келеді өңге тоғай теңбіл десті,
Ызғар есті.

Тірліктен сыр ауларсың қалпыңда ұқпар,
Шалғанды ойды.
Өмірдің өзінде де салқындық бар,
Алған бойды.
Ойда ауыл, қырда қабір, ажал алда,
Тіршілік бар.
Жан-тәнім Алла берді, тажал, алма,
Түршігіп тұр.

Ақын өмір, уақыт, тұрмыс көріністерін дала мен табиғат суреттерімен сабақтастықта беру негізінде әр алуан ізденіс, салыстыруларға барады. Кеше мен бүгін көріністері қатар еске түседі. Бұрын асып-тасып аққан Сырдарияның қазіргі кезде арнасы тарылып, суы тартылған тұстары Қарт бейнесінде беріледі. Ойдағы-қырдағы, ауылдағы тіршілік тынысы өмірдің өзіндей, көненің көзіндей қалыпта жеткізіледі. Ақын ел-жерді сағыну, еске алу арқылы кеше мен бүгінді, өмір мұраты мен заңдылықтарын негізгі назарда ұстайды. Адам мұратын, өмір мәнін айқындай түседі.

Ал «Жалғыз тырна» өлеңінде:

Күз деген қанат жайып қырда маусым,
Қақпанын қайтқан құсқа құрған-ау шын

«Елім-ай» әніндегі мұң сазына,
Мысалы, ұқсатамын тырна даусын.

Шұбырма шуда бұлты араласқан,
Тарылып талма түсте бара ма аспан?
Шынымен кеткенің бе, ей, сырық мойын,
Соңыңа қайырыла бір қарамастан.

Бойына шақтап жинап бізге арнарын,
Қалатын шығар қармап Күз қармарын?
Қаншама суық ұрса тоңған жерден,
Соншама сезем көкте ызғар барын.

Соңыңа қарамасаң қарамағын,
Жанымды келмесе де жаралағым.
Жүзімді шайып дымқыл ауадағы,
Шашымды салқын желмен таранамын.

Сыз өтті күз етіп құла дүзді,
О, тәңір, тезге салып сына бізді!
Ей, тырна, сен де жалғыз, мен де жалғыз,
Жайсыздау қарсы алдық-ау мына Күзді! –

десе, келесі кезекте лирикалық кейіпкер көңіл-күйі, жан жүрек тебіреністері қатар көрініс береді:

Күй емес еді кешкен бұрын бастан,
Жастығым өтті-кетті бұрылмастан.
Қалдырмай кірбең жанда ұзақ түнге,
Қайдасың, қалқа қыз-ай,
сырымды ашқан?!

Бүгінде сен де басқа, мен де басқа,
Тынбастан соғып тұрған жел де қасқа.
Түсірем деуші ем сені келін етіп,
Отырған қатпа шалға өлме жаста.

Мен сендей жанды бұрын көріп пе едім,
Көзқұрты, көңіл ауды көрікті едің.

Сүйісіп тұрған кезде, сүлік сорды,
Кететін ерінімде еріп демің.

Келетін кереметтей қайлы деске,
Түсіріп тұрмын небір жайды да еске.
Сырт көзге патша тағы сияқтанған,
Тіземде отыратын Айлы кеште.

Көңілім бұзылмайтын алғыр, көкем,
Мысалы, сырға салды сал бір бекем.
Қаншама еріндерді ақжем етіп,
Қанша ол тізелерді талдырды екен.

Жалықпай жүрген әлі иесіне,
Түседі о қыз неге жиі есіме?
Қанатын ерте от шалған көбелектей,
Әлде, ол махаббаттың киесі ме?

Өлең адамның жас кезеңі, жастық, достық тақырыбын қозғаумен қатар, сағынышты, сүйіспеншілікті еске салады. Өлеңдегі ару бейне кім-кімнің де назарын өзіне аударса, ал лирикалық тұлғаның көңіл толқыны, сыр сезімдері тіптен өзгеше. Ол көріп-кездесіп қана емес, Айлы кештегі көрініс-суретке, бейне бедеріне ғашық көзбен, сыршыл жүрекпен тіл қатады. Еске алады, көзге елестетеді. Махаббаттың иесі мен киесіне теңейді. Ақын мұраты шын жүрекке, ғашық жанға ақ жол тілейді. Ғашықтық ғаламаты кеңінен көрсетіледі.

Ал «Ұнатам мен өзімнің тағдырымды» атты ортақ тақырыппен берілген өлең-жырлары («Ауылға барғанда», «Табиғат», «Музыка», «Элегия», т.б.) қоғам мен адам, уа-

қыт пен кеңістік, өмір мен тұрмыс, табиғат тамашалары туралы талғам-толғаныстардан тұрады («Қазақ әдебиеті», 2012, 20 қаңтар).

Аталған өлең-жырлар ақындық өнердің өріс өресін, авторлық ұстаным мен көркемдік қайнарын, ізденіс иірімдерін де танытады. Ақынның өзі айтқандай: «...өмірдегі ұстаным жақсы болу... әуелі жақсы ақын болудан да бұрын жақсы адам болу...»

Поэзия – менің барым, байлығым. Одан асқан байлық жоқ. Сөз – менің бүкіл тұла бойыма біткен нәрсе. Өлең маған байланысты емес, мен өлеңге байланыстымын. Менің мінізім өлеңдерімде көрінеді» («Алтысқа келдім, алтыс түрлі адам көрдім» //«Түркістан», 2012, 19 қаңтар).

Демек, өлең-өнер ғана емес, тумыстан берілген ғажайып құбылыс! Оны аялау мен бағалау ақындық мұрат, ар ісі мен жүректің қатар қозғалысы!

Қазіргі БАҚ жүйесінде жас қаламгерлер шығармашылығына кең орын беру дәстүрі қалыптасқаны анық (мысалы, «Арман қанатында», «Балауса», «Жас қанат», «Жастар даусы», «Жас керуен», «Жол басы», «Сөзстан», т.б.).

«Жұлдыз» журналы «Әдебиетіміздің жас толқыны» деген жалпы тақырыппен жастар шығармашылығына тұтастай бір санын арнағанын осы реттен де атап өту кәделі қадам деп білеміз («Жұлдыз», 2007, №5. 3-208 беттер).

«Жұлдыз» журналының арнаулы саны «Бастау сөз» арқылы ашылып, М. Әуезовтің «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» атты жаңа буын-жас қаламгерлерге қаратып айтқан ақыл өсиет, тілек-лебізімен жарасымды жалғасын табады.

Арнаулы санның тұтас табиғатынан, мазмұн құрылымынан ұлттық сөз өнерінің дәстүрлі һәм жетекші жанрлары (поэзия, проза, т.б.), әдебиеттану мен сын, өнер, тіпті әлеумет, саясат, спорт саласында қалам тартқан жастар шығармашылығына да кең орын беріледі.

Әдеби журналдан бірнеше жас ақынға орын берілген (А. Темірбай, Б. Алдияр, А. Исабек, А. Әбдірәсілқызы, А. Тілектесұлы, Қ. Мұхаметқали, А. Елгезек, Ә. Жапақов, М. Есжан, т.б.). Тақырыптары қандай әр алуан болса, ізденіс арналары, көркемдік қабылдаулары, көзқарас пен қолтаңбалары да сондай әр қилы болып келеді. Қоғам, адам, өмір, уақыт сырлары түрліше танылып, әр қырынан көрініс береді. Айталық, **А. Темірбай** «Ұнатты сені ұлы ақын» деген өлеңінде тарих пен таным арналарына еркін енеді. Арғы-бергі кезеңнен сыр толғайды. Кезекті тұста:

*... Есен білетін көршіміз,
Есеңді жесе не істерсің?!
Есек мінетін көршіміз,
Есеңгіретсе не істерсің?!*

десе, өлең түйіні былай беріледі:

*Көңілім қайтіп тынықпақ,
Көкірек – күпті, ой – алаң
Батысқа қарап ұйықтап,
Шығысқа қарап оянам.*

«Пешене» атты өлеңде де өмір өрімдері, тұрмыс-тіршілік сырлары көрініс береді. Өмір-дүние сыры, өмір-өлім арақатынасы алма-кезек көрініп, адам әлеміне еркін енеді. «Әуелде пешенеңе жазылған» деген халықтық тәмсіл өлең өрімі арқылы кең арна алады. Ол туралы:

*Өзгеден қашамын деп,
Өзімнен қашамын ба?!
Өлімнен қашамын деп,
Өмірден қашамын ба?! –*

десе, енді бір тұста:

*Ұмтылып жарыққа бір,
Қашқанда қайда барам?!
Қара жер – алып қабір,
Басына Ай қадаған, –*

дейді. Ел-жер, өмір-дүние сырын тереңнен толғап, мән-маңызын, қадір-қасиетін кеңінен ашады. Өмірге құштарлық пен сүйіспеншілік те сезіледі. Ауыртпалық пен кездейсоқтық та, жанашырлық пен жауапкершілік те танылады. Ой түйінінде:

*Азабы сонша ауыр ма,
Әйтеуір, дұрыс басы.
...Ажалға жол салуда,
Ойымның құмырсқасы, –*

дейді. Асылы, мұның бәрінен өмір-дүние, тұрмыс-тіршілік тынысы сезіліп қана емес, ақын ізденісі мен ой орамдары, түйін-тұжырымдары да қоса аңғарылады. Жан жүрек сыры, көңіл толқыны да танылады. Ақындық интуиция, лирикалық кейіпкер жан-дүниесі өмір сырына үңіледі. Жаратушы мен дүние дидарының қыр-сыры айқындалады. Өмір-өлім сипаты ашылады. Адам әлемінің мың сан иірімдері мен мүмкіндіктері көрсетіледі. Бір мезет «Өмір деген түрменің ішіндемін», «Көңіл деген – түрменің терезесі» деп те мұн, сырын қатар көрсетеді. Жинақтап айтқанда, А. Темірбайдың өлең жырларында өзінше ойлану, толғанумен бірге ой айту мүмкіндігі мол. Кез келген көріністен өмір-дүние сырын танып, соны ойлы қалыпта, нанымды сипатта, жүйелі жеткізу мұраттары айқын. Көркем ойды сырлы әлеммен қауыштырып, содан мәнді түйіндер жасайды. Көпке ортақ рухани нәр сыйлайды.

Б. Алдиярдың «Айықпас бір лерт еңсемді езіп қорғасын...» деген ортақ тақырыппен берілген жырлар шоғырында «Көк бөрінің жыры» тарих қойнауынан сыр тартады. Көк бөрінің мән-жайын толғап, Өр түріктің сыр-сипаттарын жайып салады. «Болған оқиға» өмір мәнін, өлең нәрін ақындық өнермен байланыстырса, «Қолтаңба» өлең өрімін, ондағы талант табиғатын, қалам қуатын, ша-

быт шалқарын бар қырынан көрсетеді. Түйінді тұста:

*...Мұңдасқаным – өр елім,
Күнде ашқаным – бір әлем.
Өмір деген – өлеңім,
Өлең деген – мына мен, –*

дейді.

Ақын көңілін айқара ашады. Көңіл нұры, жүрек сыры айқын аңғарылады. Сыр-сезім де шексіз. Өмір мен өлең байланысына мән береді. Ортақ мұраттарын, үндес тұстарын бүкілсіз көрсетеді. Өмірсіз өлеңнің, өнерсіз әлемнің жоқ екенін қайыра еске алады. Өлең өрімінде соған табан тірсейді.

А. Исабек «Тағдырдың тас шідерін үзгім келеді...» деген топтама өлеңдерінде Тәңір мен тарих, өмір мен тағдыр, уақыт пен кеңістік хақында ой қозғайды («Тәңірге дат»). Аяулы ана мен сүйген жар қадірі, орын-үлестері қатар көрсетіледі («Неге асығам?»). Ай мен Күн, Адам мен Өмір орны мен сырлары да айқындалып, уақыт мәні ашылады. Мұның бәрінде де өмір мәні мен сырына құштарлық, сүйіспеншілік сезіледі. Тегінде, ақын өмір мұраты мен сырына құштар. Қай тақырыпты да өмірдің мән-маңызына құрады. Өмірге құштарлық пен сүйіспеншілік қатар көрінеді.

Сондай-ақ, **А. Әбдірәсілқызының** «Әлем халқы торығатын мұным бар...» деген топтама өлеңдерінде өмір мен тарих, адам мен тағдыр, жастық пен

Келесі кезекте:

*Күлдіріңдерші!
Күндей бір күлейін мен де,
Құлын-күлкімнің қайтаршы,
Біреуін емге! –*

деп үн қатады. Жан-жүректің сырын ашады.

*Күле алмай көптен,
Бауырға беріш қатталды, –*

деп те шындықты айтады.

Әуелдегі емен-жарқын көңіл, сән-салтанат қайда? Ал көпке керегі – өмір, тағдыр, тұрмыстың сыры ғой. Ол сырттай айтылады. Баяндау үлгісінде жеткізіледі. Көркемдік қайнары мен көкжиек кеңістігі, фәлсафалық сырлар көрініс бермейді. Күлкі құпиясы неге ашылмады? Себеп, сыры неде?!

Сондай-ақ, **Г. Амантай** «Түнгі сыр» өлеңінде:

*Қысылды жаным,
Ауырды мұым, түн керек,
Батмандай мұңға
Батып барады құм денем.
Азап пен шердің,
Арылта алмай тұманын
Осылай ғана
Ертең
Мәңгі күй кешем, –*

деп адамның кейбір кездерін, арман-аңсарын, мұң-шерді қатар көрсетеді. Десек те, түйінді тұста:

*Осылай ғана
Ертең
Мәңгі күй кешем, –*

деуінен ақындық «мен» бе, әлде, лирикалық кейіпкердің «сәулелі сәттері» басқа арнаның бағдары байқалады. Мәңгі күй сыры неде? Түн сыры осы ғана ма? Айлы түннің қызықты һәм қимас сәттері ше?

Немесе А.Тілектесұлы:

*... Жалған күлкі ластап таңғы ауаны,
Сұрақтардың өтірік бар жауабы.
Ауа райын радио хабарлады,
Ертең тағы аспаннан қар жауады, –*

деген жолдардан ақындық қуат, шабыт шалқарынан гөрі қарапайымдылық пен кара дүрсіндік, баяндау үлгісі мен хабарлама сипаты сезіледі. Алғашқы және кейінгі қос тармақ қабысып та, үндесіп те тұрған жоқ. Ақын нені айтып, мегзейді? Өмір, уақыт сыры неде?

Біздіңше, аталған ақындардың кейбірі тақырып табиғатын зерттеп-зерделеп, көзқарасы мен қолтаңбасын айқындап, айтар ойы мен жеткізер сөзін жүйелеп-жұптап, тұтастық пен сабақтастыққа, көркемдік-рухани мәйегіне мықтап үнілсе, бұдан өлең-өнер ұтады. Оқырманның өріс-өресі өседі.

Ақындық өнер-тумыстан берілетін Тәңір сыйы десек, оның жаратылысы жасандылық пен үстірттіктен

піза болғаны нұр. Ақындық өнер мен оның мұратынан табиғилық пен таланттылық, адалдық пен ақиқат жайттар, көркемдік таным мен эстетикалық құндылықтар, шынайылық пен шеберлік сырлары, тіл мүмкіндіктері мен стильдік құбылыстар танылып тұруы тиіс.

Тәуелсіздік жылдары «Отырар кітапханасы» сериясымен (2001), «Жас ақындар жырларының антологиясы» (2000), «Өлең өлкесі» (қазақ табиғат лирикасының антологиясы, 2009), т.т. өлең, жыр жинақтары жарық көрді.

2001 жылы жарық көрген А. Ақынбабақызының «Мен – Алтайдан ұшқан Ақсұңқар», Б. Айтболатұлының «Көзмоншақ», Б. Беделханұлының «Көкемарал», М. Ершуованың «Жапырақ-ғұмыр», С. Қамшыгердің «Сары гүл», А. Исаділдің «Жолдар, жолдар», Т. Толқынқызының «Біз – таулықпыз», Ж. Сәрсектің «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім», Р. Сейілханның «Мендегі бір әлем», т.б. жас ақындардың өлең-жырларында алуан ізденіс, түрлі тақырыптар қозғалғанымен, олардың арасында қоғамдық құбылыстар, адам өмірі мен кезеңі, жастық пен достық, табиғат, т.т. мәселелер орын алады.

Айталық, **А. Ақынбабақызы** «Уа, Жетісу!» өлеңінде:

*Уа, Жетісу!
Жат емес,
Аспан тауың, тасың маған*

*Құпиям көп
Тылсыммен ашылмаған.
Әлі күнге
Жан көргем жоқ тарихымда,
Ел мен ерің,
Жеріңе бас ұрмаған!
Миллион жолдар,
Жырынан ауыр жырың,
Көбейте алман
Сөздердің жауырлығын.
Мен қайтсем де
Басқаша сөйлейтұғын
Ақын Сара рухтас жалындымын! –*

десе, «Заман» өлеңінде:

*Ханшаға лайық басымды,
Күңдей еткен зор Заман!
Өрге лайық тасымды,
Көрге атқан зор Заман!
Шырқап жүрер жасымды,
Жаутаңдатқан тар Заман!
Малға лайық қасымды,
Таптаңдатқан зар заман! –*

деп кезең-уақыт шындықтарын салыстыру-саралаулар арқылы нақтылы ашады. Қоғам мен адамдар қарым-қатынасын, тарих пен тағдырлар талқысын, кезең көріністері, кереғар жағдаяттар арқылы көрсетеді. Өзін мазалаған қоғамдық ахуал, көңілге кері әсер етер көріністер жан-сезім иірімдері арқылы беріледі. Қайсыбір көріністен де нақышты тұстар, көркемдік мұраттар танылады.

Б. Айтболатұлы «Он сегіз» өлеңінде:

*Он сегіздемін.
Он сегіз жаста менің сезімдерім,
Түйсінгенім, түйгенім, сезінгенім...*

*Жанымда жасын ойнар кезім менің,
Талай түндер мен болып көз ілмедім, –*

десе, «Мен ғашық қыз» өлеңінде:

*Мен ғашық қыз сыймайды екен фәниге,
Пәктігі оның хас тек қана сәбиге.
Қиялымда періште бар, ол – сол қыз,
Мен періште емеспін гой, әрине...*

*Мына жалған жалған екен,
 тым жалған,
Бейбақ басқа беріш болды-ау
 мұңды арман.
Мен ғашық қыз сыймайды екен
 жалғанға,
Немесе оған лайық емес бұл жалған... –*

деп жан жүрек әлемін айқара ашады. Сыр-сезім иірімдеріне еркін енеді. Үміт пен күдік арпалысына да кезігеді. Арман-аңсарына да беріледі. Бастысы, әрине ғашық жүректің көңіл толқындары арқылы алыс-жақынға жол тартуы, тебіреніс-толғамдардың бүкпесіз, кедергісіз кең арна алуы табиғи сипаттарға ие болады. Ақын әлемінен ақиқат жайттарға ден қою, жастық-достық сырларын тереңнен ашу жайы кеңінен қозғалады. Әсемдікке ұмтылыс сырлары сенімді.

Ал **Б. Беделханұлы** көңіл толқындарын:

*Уақыт санамды қырқып кетті,
Бақыт жағамды жыртып кетті.
Малым жанымды кеміріп,
Жаным арымды кеміріп,
Үміттерім үркіп кетті.
Арман жолынан тайқып кетті,*

*Жалған жонымнан тартып кетті.
Қалған көңілім қамығып,
Ардан кебінін жамылып,
Аппақ әлемге қайтып кетті, –*

десе, **А. Исәділ** өмір, өлең хақында:

*Ғұмырымда көп қиянат көрсем де,
Сенем бірақ, сеніп қарап ертеңге.
Ажалға да қиянаттым жоқ еді,
Мен өмірді сүре берем өлсем де.*

*Өлең жазсам – өмір үшін деп білем,
Өмір сүрсем – өлең үшін деп білем.
Адамдарды жақсы көрем өйткені,
Аман шыққан қасіретті тепкіден, –*

деп жан сырын айқара ашады. Өмір өлеңнің бүтін болмысын, ортақ мұраттарын, жан жүректің толғам-толғаныстарын жан-жақты ашады. Арман-аңсарлары, өмір-дүниеге ғашықтық ғаламаттары ізденіспен, сыр-сезіммен беріледі. Айнала әлемге ғашық көзбен қарау, өмірге құштарлық таныту табиғи жеткізіледі.

Сондай-ақ, **С. Қамшыгер** «Ақындардың әлеміне кіріп көр» деген өлеңінде:

*Мансап құмар ақын деген – зор қайғы,
Халық бірақ қолдамайды ондайды.
Ақын деген – тіліп айтар наркескен,
Шын ақында атақ, мансап болмайды.*

*Тыңдап оны қарияң да, жасың да,
Біз оларсыз не болар ек расында?!
Ақын – Рухтың желбіреген жалауы,
Бақыттысың ақын болса қасыңда! –*

десе,

Р. Сейілхан «Өлең» туындысында:

*...Асқақтығым – ол менің еркелігім,
Жеңбесе екен сезімім ақылмды.
Өкіндірме, тек қана өрге мұңым,
Ақымақтау, есерлеу ақыныңды.*

*Жынды да дер, мықты дер –
 селт етпегем,
Тағып жүрмін бір ойды тұмар қылып.
Мен емеспін, асау да, тентек те өлең,
Сол өлеңнен шығады шығар бүлік, –*

деп өлең-өнердің қадір-қасиетін, табиғаты мен тағылымын, «текті, тентек» қырларын еркін де жүйелі жеткізеді. Өмірді өлеңмен өрнектесп, адамдық істі ардақтау, ақындық өнерді бар асылдан да биік көрсету мұраты айқын. Мансапқұмар мен наркескеннің аралары алшақ, қатар қоюға келмейтінін, шын ақынның бақыты мен бағасы – халықпен байланыстылығы сәт сайын сезіледі. Өлең-өнердің құдірет-қасиеті, әркімде бола бермес сирек құбылыс, тумыстан берілетінін де сыр-сезім иірімдерімен өзгеше өрнектейді. Қысқасы, екі ақын да көркемдік мұраттарын, айнала әлем мен көрініс-құбылысты жеткізу жолдарын түрліше иешкенімен, өмірді тануда, өлең-өнерді қасиет тұтуда ортақ тұстары, өзгеше мүмкіндіктері бар. Ол ізденіс, көзқарастан, сезім дүниесін жан жүрек сырларымен ұштастыра білулерінен көрінеді.

М. Ершуова «Баба-тарих» өлеңінде:

*Қарт шежіре жұбатар мені немен,
Ерлер қайда, ел үшін еңіреген?
Сынып түскен найзаның ұшын көрсем,
Сынаптай көтеріліп, тебіренем.
Жай ағымен жарысып зымыраған,
Сыр оқымын құм жұтқан құмырадан.
Боз таңда көтерілген аспанымда,
Бозторғайдай шырылдап тұрып алам.
Садақтардың сарнаған жебесінен
Сан сөгілген сауыттар көбесінен.
Талай боздақ жатыр-ау жер астында,
Ерліктері ескірмес ел есінен.
Қамағанда құзғындар аспанында
Намыс оты жалындап жас жанында.
Отызында «Отан» деп отқа түсті,
Қара шашы ағарып қас-қағымда.
Замандас-ай! Көрмеші ашулана,
Болғанда басың – жас, затың – жаңа.
Баба-тарих осылай сыр шертеді,
Қойнауы кең шежірем ғасырлардан, –*

десе, **Т. Толқынқызы** «Бостандық» өлеңінде:

*Құладық, жыладық, сұрадық біз сені,
 Бостандық!
Жүректің жасымен құрадық біз сені,
 Бостандық!
Күнәсіз ұрпаққа келетін
 қазақтың жеріне
Қалдыру үшін де мұра ғып біз сені,
 Бостандық!
Бағың нық байлаған тағдырға
 амалсыз бағындық,
Бостандық, біз сені расында керемет
 сағындық, –*

ден көне кезең, қилы сәт, талайлы тарихтың беймәлім беттерінен сыр толғап, тебіреністі тұстары мен дүрбелең-шырғалаңға толы бұралаң жолдарын еске алады. Сол арқылы тарих толқындарының танымдық қыры мен тағылымды тұстарын, кешікпен мен бүгіннің сабақтастық сырларын бейнелі де бедерлі жеткізеді. Тарих пен танымға ден қою, азаттық пен бостандықтың маңыз-мәнін айқындау, қилы кезеңнің бұралаң-шырғаландарынан түйінді-тұжырымдар жасау, т.с.с. уақыт пен кеңістік аясында өріс алады. Ізденіс арналары, талап деңгейі де танылады.

Қазақ өлеңінің тарихы бай, тағылымы мол. Дара дарынның талант-табиғатынан тумыстан тамыр тартқан қуат-күшпен бірге айналалемді қабылдауда, көркемдік-эстетикалық жүйеде, суреттеу сәттері мен ондағы үлгі-өрнектерінде айтарлықтай белгі-ерекшеліктер мен өзіндік өзгешеліктердің бары айқын аңғарылады. Осы орайда, айрықша оңарын иесі М. Мақатаевтың ақындық әлемі мен көзқарас-танымынан көптеген түйін-тұжырымдар табуға болады:

« – Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиісті... (3-бет)

– Ақын құдіреті – өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде (4-бет)

– ...Поэзия – ғылым. Зерттеу керек... Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол – тек поэзия (17-бет)

– Өлең – ең әуелі шығармашылық, қажырлы еңбек. Азапты, жүйкеге салмақ салатын жұмыс. Оңашалануды және тыныштықты сүйеді (45-бет)

– Мен бір нәрсеге – поэзияның тіршілікпен бірге, яғни адаммен, табиғатпен бірге өлетініне кәміл сенемін. Адамзат жаны қатыгез тартса тарта берсін. Қайтсе де бір парасатты адам қалады. Ол – ақын. Ақырғы сөз сонікі... (49-бет) (Мақатаев М. Күнделік. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. –110-бет).

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ ақындары поэма жанры арқылы да мол мүмкіндіктерін көрсетті. Эпик ақындар іргелі ізденіс пен кең ауқымдағы тақырыптарға еркін барды. Қоғамдағы, ел өміріндегі өзекті мәселелер арқауына айналды. Ел тарихындағы азаттық пен бостандықтың маңызы адам өмірі мен еңбегі, тарих пен тағдырдың талайлы тұстары, елесті коммунизм мен зұлматты социализмнің «сырлы сипаттары», алапат аштық пен қуғын-сүргін көріністері, ақиқат пен жалғандықтың мәңгілік күресі, т.с.с. кең көлемде көрініс берді. Бұл бағыт пен тақырыптардағы туындылардан тарих пен әдебиеттің терең иірімдері, танымал тұлғалардың еңбегі мен ерліктері, ел өмірінің белесті тұстары мен елеулі кезеңдері, өмір-уақыт шындықтары дәйек-дерек көздерімен, мол материалдарымен жүйелі жеткізіліп, одан арғы-бергі кезеңнің

күрделі де көркем көріністерін терең танытатын танымдық-тағылымдық сипаттармен бірге өрелі екпін, тегеурінді серпін, сергек сезімдер айқын аңғарылады. Қазіргі кезеңнің іргелі де өзекті мәселелері бейнелі белдер, көркем көрініс, сәулелі суреттер арқылы да қалың көпшілік көңіліне тура жол тартқанын айту абзал.

Қазақ ақындары ел өміріндегі жаңалық-жетістіктерді, ұлт тарихының белесті тұстарындағы танымал тұлғалардың тағдырлы-тұрлаулы бейнелерін отаншыл, бейбітсүйгіш сипатта, татулық пен туыстықты ту еткен қалыпта, ерлікке толы эрекет-қимылдарымен қатар көрсетті. Қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, адам әлемінің мың сан иірімдері, тарих пен таным тағылымдары уақыт бедеріне сай көрініс тапты. Басты ерекшелік ретінде бөліп айтар болсақ, қазіргі қазақ поэзиясы тақырып алуандылығымен, оны жырлау мен жеткізу ісінде түрлі қырынан келіп, салыстыру мен салғастыруға, көркемдік пен сабақтастыққа еркін барады. Тарихи тақырыптар мен танымал тұлғалар табиғаты алуан ізденістер жүйесі негізінде беріледі. Халық өмірінде болған оқиғалар мен қилы кезең көріністері, адамдар тағдыры мен талайлы тағдырлары, жастық сырлары мен достық арналары, сүйіспеншілік сезімдері жан жүректен қозғалып, көңіл толқындарымен табиғи

үндеседі. Ізденіс арналары алдыңғы кезекке шығады. Шеберлік сырлары, шынайылық үлгілері маңызды мәнге ие болады. Ұлт мұраты мен елдік мүдделер, руханият мәселелері биік бел-белестерге көтеріледі. Қазіргі кезеңнің шындығы да осы.

Бұл тұста: «Поэма жанрының әр дәуірдегідей, ең басты көркемдік ерекшелігі бұл жылдарда да айқын көзге шалынды. Ақын атаулының бәрі де өз туындысында өзі өмір сүрген заманның ең үлкен де ауқымды мәселесін жырлауды басты нысана етіп ұстайтыны аян. Тәуелсіздік жылдарында да қазақ поэмаларында қазақ қоғамындағы ең өзекті, көкейтесті мәселелердің көркем суретке айналғаны байқалады.

Қазақ халқына тәуелсіздіктің аса жеңіл жолмен, көктен ол-оңай түсе қалмағаны тарихи ақиқат. Тәуелсіздікке ғасырлар бойғы ерлік күреспен, шиеленіспен, тартыспен халықтың қолы жетті. Міне, бұл тарихи ақиқатты эпик ақындар өз шығармаларында басты көркемдік нысана етіп ұстағаны бірден көрінді.

Орыс империясына қазақ елі XVIII ғасырда бағынып, бодан болғаны тарихи шындық. Үш ғасырға жуық уақыт ішінде қазақ халқы отарлау саясатының адам айтқысыз азабын бастан кешті. Сол азапқа мойынсынбай қазақ халқы үш ғасырдағы отаршылық саясатқа қарсы үш ғасыр бойы ерлікпен күресті. Бұған

XVIII ғасырдағы Сырым Датұлы бастаған көтеріліс (1783-1797), XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс (1837-1847), XX ғасыр басындағы Амангелді Иманұлы бастаған көтеріліс (1916) толық дәлел. Отаршылдыққа қарсы қазақ халқының қаһармандық күресі қазақ әдебиетінде жарқын бейнеленгені мәлім (М. Әуезов «Қилы заман», С. Мұқанов «Ботагөз», Б. Майлин мен Ғ. Мүсірепов шығармалары, т.б.). Әдебиеттегі осы бір көркемдік дәстүр тәуелсіздік жылдары барлық жанрда да, соның ішінде поэма жанрында да жалғасын тапты» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат. – 312 бет*).

Осы реттен келгенде, Т. Әбдірахманованың «Елтұтқа», К. Салықовтың «Дананың сәтті сапары», Қ. Мырза Әлінің «Заман-ай», «Бес жыл өткен соң», М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы», Ж. Бөдешұлының «Жақия», Т. Медетбектің «Махамбет рухының монологы», С. Тұрғынбекұлының «Махамбет және Жәңгір хан», «Кейкі батыр», К. Ахметованың «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық», Н. Айтұлының «Бәйтерек», «Мұқағали – Желтоқсан», А. Егеубайдың «Желтоқсан», т.б. поэмалары әр алуан тақырыпты қамтығанымен, баршасында ел өміріндегі елеулі оқиғалар, белгілі адамдардың қиын-қыстау кезеңдердегі

ерлік істері, ақиқат пен азаттық жолындағы мұраттары, сындарлы сәттердегі ұтымды да ұнамды тұстары көркемдік дәстүрге сәйкес жаңа сапа, терең мазмұнға ие болады. Әрине, қай ақын да елдік мұрат-мүддені терең түсініп, осының негізінде эпикалық жанрда тарих койнауларына еркін енеді. Ел тарихының қилы кезеңдеріне, сындарлы тұстарына сергек қарап, азаттық жолындағы күрестің қандайына да көркемдік һәм реалистік тұрғыдан ден қояды. Халық азаттығы мен бостандығы болмайынша қоғам дамуы, өмір-тұрмыс мәні, ақыл-парасат көкжиегі кеңімейтіндігін жан-жақты ашады. Ұлт мұраты мен тарихы, азаттығы мен бостандығы, келелі келешек көкжиегі – елдік мүдде алға шығып, сән-салтанат құрғанда ғана жемісті жетістіктерге қол жеткізуге болатынын кеңінен көрсетеді. Басты тақырып – азаттық, бостандық, тәуелсіздік мұраттары бар қырынан ашылып, маңыз-мәні, мәңгілік сипаттары кең көлемде көрініс береді. Біздіңше, тақырыпқа адалдық, ұлт мұраты мен тарихқа, оның әр кезеңдердегі сыр-сипаттарына шынайылық тұрғысынан қарап, бағалау тұстарынан тереңдік танылады.

Тұжырым. Сонымен, тәуелсіздік қазақ қоғамына, ұлт тағдырына түбегейлі өзгеріс енгізді. Еліміздің өз дербестігін қолына алуы рухани тәуелсіздікке серпін берді. Қазақ

әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде ерекше жаңғырды. Тәуелсіздік арқылы жаңғырған ұлттық сананың, тарихи сананың оянуы өткен жолымызға қайта үңілтіп, қанша уақыт бойы айтылмай келген ақиқаттарды ашуға мүмкіндік берді. «Адасып қараңғыла, сорлы қазақ!» деген Міржақыптың, «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деген Ахметтің, «Бар сүйеніш, үміті бар құдайда» деп тебіренген Шәкәрімнің, «Түркістан ер түріктің бесігі ғой» деп армандап кеткен Мағжанның үндері қайта жаңғырды.

Поэзия қоғамдық ой-сананың дамуынан алшақ кете алмайды. Керісінше, қоғамда болған өзгерістер

алдымен поэзияда көрініс береді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі онжылдықта көптеген өлең кітаптары, жыр жинақтары мен топтамалар жарық көрді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлттық сана мен салт-дәстүр, еркіндік, елжандылық, мемлекеттік тіл, мемлекеттік рәміздер келелі тақырыптарға айналды. Қазақ поэзиясына келген жас ақындар жаңғырған кезең әдебиетіне жаңа ой, болмыс пен көркемдік ізденіс әкелді. Тәуелсіздік кезіндегі жырларда қоғамдық ой-сананың жаңғыруы байқалып, идеялық-көркемдігі жоғары жырлар туып, поэзияның көркемдік арнасын кеңейтті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік ұғымының мән-мағынасын қалай түсінесіңдер?
2. Тәуелсіздік кезеңі шығармашылық өкілдеріне (аға буын, жас ақындар) қандай серпіліс, өзгеріс әкелді?
3. Поэзиядағы негізгі тақырыптық-идеялық, көркемдік ізденістер туралы жинақтай айтыңдар.
4. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясына тән көркемдік сипат қандай болды? Дәстүр мен жаңашылдық қалай көрініс тапты? (Талдау беру)
5. Жас ақындар поэзиясының аға буын өкілдер шығармашылығымен сабақтастығы, өзіндік жаңашылдығы қалай байқалды? (Мәтіндік салыстырулар жасау, талдау).
6. Қазақ поэзиясында ұлттық идея, ұлт тағдыры мен ел тәуелсіздігінің көрінісіне жазбаша шолу дайындаңдар.

2-тарау ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

2.1. Шағын жанр сипаты

– *Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму үрдістері;*

– *Ұлттық прозаның шағын, орта һәм үлкен көлемді түрлерінің бағыт-бағдары;*

– *Қазақ әңгімесінің тақырыптық-стильдік ерекшеліктері;*

– *Ұлттық повестердегі қоғамдық құбылыстар мен өмірдің ақиқат жайттары, көркем көріністері.*

Негізгі ұғымдар: *проза, әңгіме, хикаят, новелла, эссе, баяндау, сюжет, идея, субъектілік, объектілік, эпикалық түр, автор бейнесі, кейіпкерлер жүйесі, философиялық проза, интеллектуалдық проза, психологизм, монолог, диалог, коллизия, шешім.*

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ прозасы да жан-жақты жетілу, даму үстінде көрінді. Жаңа уақыт пен қоғамдық құбылыстар, адам еңбегі мен ақыл-парасатындағы өзгешеліктер, нарықтық қатынас пен руханият элементіндегі артық-кем көріністер ұлттық прозаның шағын, орта һәм үлкен көлемді туындыларынан айқын аңғарылды.

Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Әңгімеде де басқа жанрлар секілді, алдымен адам, оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сөйтіп әңгіме көлемі шағын болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі екені анық. Оған қатысатын кейіпкерлер де көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы, ықшам болып келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ-сонар суреттеме беріп жатуға орын жоқ. Бір оқиға, тартыс-қақтығысты бейнелеумен кейіпкерлердің мінез-тұлғасы толық, айқын көрініс тауып, маңызды ой-түйіндер жасалуы қажет. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Қазақ қаламгерлері Ш. Мұртазаның «Алапар мен

Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той»; Қ. Жұмаділовтің «Бір ғана ғұмыр», «Донгеленген дүние-ай», «Тіленші»; М. Мағауиннің «Қарлағтан хат», «Пала», «Камикадзе», «Сұрқожек»; Ы. Нұржекеұлының «Қыз сезім», «Құпия махаббат», «Екі қырсық», «Күю»; М. Айымбеттің «Тылсым»; Т. Ахметжанның «Айқасқа», «Шәрбан», «Тұма»; С. Асылбектің «Сағыныш», «Атажұртта»; Ж. Ахмадидің «Өмір өткелегі», «Есенгелді би»; Д. Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан», «Самырсын сазы»; Қ. Түменбайдың «Жыл өткен соң», «Біреудің бақыты», «Тәуелсіз махаббат», «Көз», «Итаяқ»; Н. Ораздың «Бақыт құсы», «Сақалды қыз», «Сиқырлы көл», т.б. әңгімелерден тақырып алуандылығы аңғарылғанымен, шағын жанрдағы мол мүмкіндіктер, адам әлемінің сан қырлары, өмірдің күнгей мен көлеңкелі тұстары, уақыт тынысы жіті танылады.

Хикаяттың жанрлық белгілеріне оның қоғамдық өзгерістердің себеп-салдарын кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне үңілу арқылы түсіндіруге ұмтылатын субъективтік сипатын, көркем әдебиеттің басқа да жанрларының, фольклорлық жанрлардың қасиеттерімен қатар, әдеби тектердің қасиеттерін де өз бойында «біріктіре» алатын әмбебаптығын, әрі талдауға, әрі жинақтауға бейімділігін жатқызуға болады.

Орыс, қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынындағы хикаят жанрына байланысты әр қилы ой-тұжырымдарды қорыта келсек, хикаят – эпикалық тектің жанры. Мұның өзі повестің жанрлық табиғатының эпикалық екенін білдіреді. Сондай-ақ, «шығарма көлемі – жанр көрсеткіші бола алады» және «Повесть көлемі жағынан әңгіме мен романның арасындағы жанр, оның көлемін нақтылау мүмкін емес, сондықтан ол жанрлық белгі болып табылмайды» деген керсегар пікірлердің әрқайсысындағы шындық салмағын таразылай отырып, мынадай байламға келеміз: Повесть эпикалық тектің «орташа көлемді» жанры. «Орташа көлемді» деген көтерген мәселесінің мазмұнына, оның бейнелеу ерекшелігіне байланысты алынып отыр.

Қазіргі кезеңнің ақиқат жайттары, шындық сырлары повесть яки хикаят арқылы да кең көрініс беріп келеді. Қаламгерлердің қоғам дамуы мен өмір ағымына еркін енуі, дүниені жаңаша сипатта көрсету, адам ақыл-ойының мол мүмкіндіктері, нарық нақыштары мен демократия тағылымдары повесть жанрының табиғаты мен мазмұнын құрайды.

Қазіргі қазақ повесі Т. Әбдіктің «Парасат майданы», Д. Әбілөвтің «Махаббат құдіреті», Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері», «Бір махаббат баяны», Қ. Исабаевтың «Мұндай қазақ болған», Д. Досжанның –

«Екі дүние есігі», Б. Нұржекеұлының «Қыз сезім», Т. Нұрмағамбетовтің «Айқай», Ә. Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді», «Мұнар тауды, мұзарт шынды аңсаймын», Т. Ахметжанның «Сұлу мен суретші», Ж. Қорғасбектің «Премьер-Министр», Ә. Таразидің «Москва-Баласаз», К. Сегізбаевтың «Арасан», М. Ысқақбайдың «Ғашық боп көрмеген келіншек», Қ. Түменбайдың «Алтын жалды арманым», т.б. ел өмірінің, тарихи кезеңдердің, қазіргі уақыттың шындық сырлары, адам әлемінің әр қилы тұстары, еңбек мұраты мен сипаттары көркем, келісті өріс алады. Мәселен, жазушы Ә. Асқаров «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» туындысында қазақ ауылындағы «қайта құру» кезеңінің әкелген өзгерістерін суреттейді. Хикаят алғашқы бөлімінен өткен шақтан басталады. «Өр Алтайдың төріндегі Төртінші ауыл қазақтың құт дарыған қасиетті қонысының бірі еді. Осы өңірдің базарлы шағында бұл ауылда үш көше бар болатын, үш көшенің үш түрлі аты бар болатын. Бүгінде сол көшеден жұрнақ та қалмапты» (Ә. Асқаров. *Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...* – А., 2006).

Қаламгер құт мекені – туған жерінің өткен шақтағы бейнесін сағына еске алады. Ауыл бейнесі – бүкіл ұлттық салттың, танымның жиынтығы. «Жалпы, мұқырлықтардың пайымдауынша, қыз ұрлау ер

жігітті ұшпаққа шығара қоятындай кәсіп емес. Олардың ойынша қыз ұрлау екі жағдайда болады: жігіттің ынжықтығынан, сосын ата-ананың ақылсыздығынан. Бірінші жағдайда жігіт өзі ұнатқан қызын көндіре алмайды, көндіре алмаған соң ұрлап қашуға бекінеді. Ал екінші жағдайдың жөні бөлек. Қыз бен жігіт бір-бірін ұнатады, қосылуға ниет қылады, бірақ қыздың әке-шешесі бұл некеге қарсы. Шын сүйіскен жастар мұндай жағдайда не істеу керек? Әрине, біреуі үйінен қашып шығады, екіншісі оны ұрлап тынады» (Ә. Асқаров, *11-бет*). Қаламгер қазақтың салт-жоралғысының сақталу, орындалу жайын әзілге бөлей сипаттап тұр. Мұның ар жақ астарында автордың қоғам, тіршілік, қазақы салттың өңі өзгеріп бара жатқанына деген наласы жатыр. Мұны автор әрі қарай Сәрсеннің әні арқылы жалғайды: «Дариға-ай десеңші, таңғы ауадай сол бір мөлдір сезім, асқақ махаббат қайда кеткен деп сағынады қазір. Қай жерде жоғалтып алды? Ол жағы белгісіз. Әйтеуір, өмірінің ең әдемі кезені сонау Мұқырда қалғандай сезінеді. Сәрсен табалдырыққа жайғасып, түн жарымына дейін гармоньмен ыңылдап ән айтады. Айтар әні де қазір өзгеріп кеткен... Баяғыша бар дауысымен шырқап салар биік әуен емес, өзгеше жуас, әрі сазды. Жүрек қылын тербегендей мұңға толы:

*Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді,
Мерген боп бір атпадым киігіңді.
Жас өмір өтіп жатыр өксіменен,
Кім түсінер іштегі күйігіңді?..»*

(Ә. Асқаров, *69-бет*). Бұл адам болмысының өзгере бастаған, көзге ыстық, көңілге жақын көріністердің бейтаныс тарта бастағанын білдіреді. Баяғыша өмір сүру, баяғыша ән салу жоқ. Бәрі өзгерген. Заманның келбеті өзгерді. Кей-кейде шығарма кейіпкері соны байқаса да қолдан келер іс атқара алмай дал болады.

Қазақ әдебиетіндегі күрделі де көлемді, бірегей жанр – роман тәуелсіздік тұсында да жетекшілік миссиясына адалдық танытты. Қоғамдық жағдаяттарды, өмір-тұрмыстың бұралаң-шырғаландарын, тарих пен таным тоғысын, адам еңбегі мен уақыттығынын, жастық пен сүйіспеншілік сырларын, қысқасы, халқымыздың арғы-бергі кезеңдерін алуан тақырыптармен, ұлттық идея, ел тәуелсіздігі, тарихы мен тағылымы, т.с.с. келісті де көркем көрініс берді.

Алайда сөз өнеріндегі қозғалыс өзіндік бағыт-арнасымен ілгерілей берді. Бұл тұста, сөз жоқ: «Сөз өнерінің зор саласы – проза, жетекші жанры – роман бабында екені ерекше қуантады. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» роман-дилогиясы, Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» роман-эссесі, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», Мұх-

тар Мағауиннің «Мен», Қалихан Ысқақовтың «Аксу – жер жаннаты», Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Әкім Таразидың «Жаза», Төлен Әбдіқовтың «Парасат майданы», Софы Сматайдың «Жарылған батыр», Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз», Қалмұқан Исабаевтың «Шоң би», Баққожа Мұқайдың «Өмірзая», Оразбек Сәрсенбайдың «Шеңбер», Кәдірбек Сегізбайдың «Беласқан», Бексұлтан Нұржекеұлының «Әйсіл жолы жіңішке», Тұрсынхан Зәкпенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Жанат Ахмедидің «Шырғалаң», Хасен Әдібаевтың «Отырар ойраны», Ұзақбай Доспамбетидің «Қызыл жолбарыс», Асқар Алтайдың «Алтай новелласы», Әлібек Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді», Смағұл Елубайдың «Мінажат», Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Айқай» атты шығармалары, т.б. қазақ прозасының он жылдағы аса шабытты, мол табысты еңбек кезеңіне айналып кеткенін көрсетеді» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат. – 13-бет*).

Бұл кезеңде қазақ прозасы, әсіресе «...эпикалық жанрдың орташа түрі» повесть (*Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Семей-Новосибирск, 2006. – 281 бет*) тақырыптық тұрғыдан, ізденіс арналары мен көркемдік жағынан, адам еңбегін, өмір құбылыстарын бейнелеу сәттерінен биік белеске көтерілді. Бастысы, әри-

не: «Тәуелсіздіктің он жылы ішінде туған повестердің баяны – халық өмірінің кешегі күндерінен. Өткен шақпен есеп айырысады. Бүгінгі нарық заманы тақырыбынан жазылғаны саусақпен санарлық. Бірақ аз жазылса да, саз жазылып жатқанын баса айтуымыз керек. Бір хикаят нарықты сынай отырып жақтайды, адам тірлігіне жаңа тыныс бергенін алға тартады. Екіншісі, нарық пен демократияның ел өміріне әкелген кесірлі жақтарына шүйіледі.

Қай тақырыпқа қалам сілтесе де, бүгінгі повесть атаулы таптық тұрғыға тұтылудан, не жазса да, ресми нұсқау-нормативтерге дөп тимей кете ме деп, алаңдаудан әмісе азат. Кеңестік санаға өзін қарсы қоятын сана қалыптасты. Ендігі шығармалар ізденіске бай. Дүниені жаңаша сезіну, еркін ойлап, ойлағаныңды ашық жазу – бұрын қалам тартылмаған проблемаларға, аттап баспайтын материалға жол ашты, образды өмір философиясын жасауға, руханият, инсаният өлкесіне терең де батыл бойлауға мүмкіндік берді» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат. – 161- бет*).

Қазақ әнгімесін ізденіс хәм тақырып, көркемдік тұрғысынан байытып, оны әлемдік үдеріс бағытында дамыту ісінде жазушы **Ш. Мұртаза** қолтаңбасы айқын аңғарылады.

Алдымен «Шерхан Мұртаза – жұлдызы нұрлы суреткер» атты ро-

ман-монологты жазған (*Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 бет*) Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, танымал сыншы С. Жұмабектің ұстаным мен талдау, зерделеу бағытындағы түйін-тұжырымдарына ден қоялық: «Бір нәзік сәуледегі» балалар үйінде өскен, аты орысша Валя болғанмен, тегі қазақ жетім қыздың; «Тілсіз қоңыраудағы» Жексенбідей перзентін соғыс жұтқан, сөйтіп қамшының сабындай қысқа ғұмырында, кәрі қойдың жасындай тұтам тіршіліктерінде ұрпақ аңсаған тірек аңсаған қарт шопан Медеу мен кемпірі Шынаргүлдің өзек өртер шері; «Аманаттағы» тағдыр тәлкегінен таяқ жеп намыстанғанмен, шын опынудың жегідей жейтін күйігіне шыдай алмаған бақыр Мүсілімханның – сусамыр жанның пендешілік трагедиясы; «Алтын тікендегі» бақташы Жұмәлінің қиялдағы құдашасын ішкілікпен тапқан сәттегі тіршілігі; «Тұйық шарбақтағы» өмірдің сәні байлықта, барлықта ғана деген тоғышар-дүниеқоңыз Жаппастың аянышты өлімі; «Ақсай мен Көксайдағы» соғыс жылдарындағы қазақ-қырғыз бауырлардың ынтымағы мен бірлігі; «Шешек шырылдайды дағы» ескі таныстар әрі көршілер Хадиша мен Ақшайдың тіршілік түйткілдерін анық көрсететін, айқын әшкерелейтін өткір диалогтары; «Көкемарал гүлдегендегі» жылқышы Куанның; «Интернат нанындағы»

шәһерар Алтайдың; «Қасқырдың армысындағы» намысқой Нарбоның; «Жаңбырлы тойдағы» соғыс күтедегі Әдібектің; «Тортай шалдың есегіндегі» қолдан жасалған зорлық-зомбылықтың уытты мысқылмен шусыз әшкереленуі; «Сусамырдағы» жоспарлы шаруашылықтың белсенді басар өктемдігіне, яғни белгілі бір идеяның бір сәттік қызық-шылығын ғана ескеретін белсенділікке үшқарылыққа қарсы наразылық көрсеткен шопан Бұзаубақтың іс-әрекеті; «Жүрекке әжім түспейді» қазақ жігіті Сағын мен башқұрт қызы Әнженің алғашқы махаббаты – шын ғашықтардың қосыла алмаған тағдырлары; «Тәуекел тойдағы» нарық заманындағы той жасаудың іріп-іріріген жағдаяттары – Керімқұл мен Жәңгіскүлдің шын кескін-келбеттері; «Келіншектау сағымдарындағы» мансапқорлық пен махаббаттың күресі; «Сталинмен қоштасудағы» тоталитаризм кезіндегі билік трагедиясы; «Шағалалар мен қаңғыбастардағы» қазіргі кездегі жеңіл жолға түскен, дегенмен түптің түбінде өз қателігін не түсінгені, не көз жеткізгені белгісіз бомж бойжеткен Жаңылдың аянышты тағдыры; «Алапар мен Динго», «Текебұрқак» әнгімелеріндегі жануарлар көзімен жеткізілетін аллегориялық астарлар мен бейнелеулерден нарық заманының қиынқыстау шақтарындағы адамдар психологиясының сай-сүйекті шы-

мырлатар картиналарының шынайы көрініс табуы – жоғарыдағы пікірлеріміздің нақты дәлелі.

Шеберліктің шын болмысы шығар, бұл новелла-әңгімелердің қай-қайсысы болмасын тұнып тұрған поэзия! Қалам құдіреті де осыдан көрінсе керек!» (*Мұртаза Ш. Бойтұмар. Әңгімелер. – Алматы: Паритет, 2006. – 5-6-бб.*)

Бұдан байқалатыны, белгілі әдебиет сыншысы С. Жұмабек шағын жанр – әңгіме-новеллалардағы өмірлік хәм көркемдік мұраттарды тап басып, оның табиғаты мен тағылымына назар аудырады. Ағылшын каламгері Сомэрсет Мозмнің айтқан «таңғалдырар дүниелерін» тап басып көрсетеді.

Көрнекті каламгер Ш. Мұртазаның «Соғыстың соңғы жесірі» (*Алматы: Атамұра, 2003*) және «Бойтұмар» (*Алматы: Паритет, 2006. – 256 бет*) атты кітаптарына енген әнгімелері тақырыптарының ерекшеліктері мол, өмірлік шындық пен көркемдік шеберлігі тең түскен, көзқарасы мен қолтаңбасын қатар көрсететін тағылымды туындылар болып табылады.

Жазушы Ш. Мұртазаның бұрындары басылып, қалың көптің қызығушылығын туғызған «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41 жылғы келіншек», «Интернат наны» туындыларын-

да ауыл өмірі, адам тағдыры қилы һәм қызық, бұралаң-қалтарысты иірімдері арқылы әлеуметтік мәселелерді, ортақ мақсат-мұраттарды қозғаса, кейінгі кезеңде жарық көрген «Соғыстың соңғы жесірі», «Бойтұмар» атты кітаптарына енген әңгімелерінен («Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той», «Аманат», «Алтын тікен», «Көкемарал гүлдегенде», «Жүз жылдық жара», «Жаңбырлы той», «Сталинмен қоштасу», «Шағалалар мен қаңғыбастар», т.б.) қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынас, уақыт пен кеңістіктің өзара байланысы, дәуір мен дүние дидары, тұрмыс-тіршілік кеңінен көрініс береді. Бастысы, әрине адам өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тірлік жайттары кеңінен қамтылып, қаламгерлік мұрат пен шеберлік иірімдері табиғи сипат алады. Адам мұраты, көзқарас-ұстанымы, еңбек һәм әрекет үстіндегі қимыл-қозғалыстары қарапайым жайттардан, нәзік һәм тылсым сырлардан-ақ танылып тұрады. Автор өмір көріністерінің қарапайым тұстарынан-ақ адам бейнесін, еңбек мұраттарын табиғи ашып, жүйелі жеткізеді.

Орайлы тұста еске алар болсақ, ертеректе жазылған «41 жылғы келіншек», «Ақсай мен Көксай», «Көкемарал гүлдегенде», «Интернат наны», т.с.с. әңгімелерінен таныс тақырыптың өзін қысқа-нұсқа үлгіде беріп, сол арқылы өмір көріністерін,

адам әрекеттерін, тұрмыс-тіршілік иірімдерін мазмұн жағынан нанымды, көркемдік тұрғыдан шындық жайттарды шеберлікпен суреттейді. Ал кейінгі туындыларынан («Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Бойтұмар», «Соғыстың соңғы жесірі», «Жаңбырлы той», «Тәуекел той», «Сталинмен қоштасу», «Шағалалар мен қаңғыбастар», «Текебұрқақ», т.б.) қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністері, адам мұраты мен еңбегі, тағдыры мен тұрмысы, болмыс пен дәстүр тағылымдары, салт-сана, мінез-құлық, сыр-сезімнің нәзік иірімдері сенімді суреттеледі.

Жазушы әңгімелері әр алуан тақырыптарды қамтиды. Өмір оқиғасы, адам ақиқаттары, уақыт шындықтары танылып тұрады. Дәлдік пен деректік, қысқалық пен нақтылық, шындық пен шеберлік жазушы еңбегінің басты ерекшеліктерін құрайды. Осы реттен келгенде: «...Шағын жанрдың да өзіндік киыншылықтары аз емес. Әңгімеде бас-аяғы жинақы бір оқиғаны баяндау, суреттеу алға тартылады. Кейіпкерлер саны да шектеулі. Басы артық кейіпкер мен басы артық оқиға желісін бұл жанрдың көтере алмасы анық. Әрбір кейіпкер бір оқиға барысында толық танылуға тиіс» болса (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңес дәуірі (1956-1990)*). – Алматы: *ҚазАқпарат*, 2005. – 638 бет), мұндай талап пен талғам Ш. Мұртаза әңгімелерін басты мұратын, негіз-

гі арна, желісін құрайды. Айталық «Алапар мен Динго» атты әңгіме былай басталады: «Төбеттерде бажа көп деуші еді. Алапар басқалармен бажа болғысы келмеді. Оның ерлігі де, қарсылығы да содан басталады». Автор ит тақырыбы мен осы төңіректегі жайттарды шағын ауыл, көршілердің өмір тұрмысы, қарым-қатынастарына құрады. Ит жеті қазынаның бірі екенін ескерсек, бір айлық күшік кезінен қолға үйренген Динго тез өсіп, жетіледі. «Мал қораның түбінде» жататын Алапарға да бауыр басады. Үй иесінде, тіпті отағасының көршісі һәм құрдасы Қылжакпас Керімсейіт араларындағы «басты тақырып» австралиялық жабайы иттердің тұқымын, оны базарға апарып сатса көл-көсір қаражат, жүні денсаулыққа да, тұрмысқа да қолайлылығы хақында кең өріс алады.

Әңгіменің тұтас табиғаты мен тағылымынан «ит-қазынаның» өсіп-өсеюі, адамға жақындағы, өзіндік өзгешеліктері әрекет-қимылдары арқылы көрсетіледі. Автор Алапар-Дингоның алғашқы тұста «таныс-білістілігінен» бастап, өзара қатынастарын, тіпті Дингоның «бүлдіршін дәуірін», Алапардың «мәжнүн» күйін қаз-қалпында көрсетеді. «Тең – теңімен, тезек – қабымен» деген көне кезең тәсілі де әр қырынан еске алынып, түрлі салыстырулар да жасалады.

Ал Алапар мен Динго алғашқы тұстан-ақ, бір-біріне бауыр басады. «Алапар талаған жоқ. Дудар күшікті басынан құйрығына дейін иіскелеп еді. Динго әуелі қорқыңқыраса да, Алапардың жаулық мінез танытпағанын байқап, қылық шығарып, оған еркелей бастады».

Автор Алапарды әуелден-ақ «иттердің ергежейлісі» қатарында екенін, тапал денесіне қарамастан, намысшыл, ызақор екенін баса көрсетеді. Төбет хәм мәстек иттерді өзара салыстырады. Кезекті тұста: «Сірә, шешесі мәстек, әкесі есектей төбет болса керек».

Тышқан бір мая шөпті көтере алмайды деуші еді. Иттің ұрғашысы мәстек жаратылса да, есектей төбеттің өзімен көңілдес бола беретін көрінеді.

Ал иттің еркегі мәстек болып, ұрғашысы есектей болғаны ебедейсіз. Бұл – сор» дегенді де назарда ұстайды.

Бұдан кейін-ақ, Алапар мен Динго қарым-қатынасы бекіп, ұлғая түседі. Алапар Дингоны күшік кезінде көрсе, күн өткен сайын «сұлу өсіп» тез-ақ жетіліп, еңселі қалыпқа түсті. «Тіпті сүйек-саяқ, сорпа-суға да таласпай, алдымен Дингоның тойғанын» қалайтын болды. «Бүлдіршін көзің сүзбесе, буыршын жібін үзбейді» дегендей, ендігі жерде Алапар мен Динго арасында «сыр-сезім» орын алды. Бұрынғы бауыр басқандықтап

бөлек, ортақ қимыл, өзгеше әрекеттер байқалды. Ендігі жерде: «Динго қылымсып, онымен қақтығысып, қақпақтай омырауымен оны қағып кетіп, ойнақтап, ойнағысы келеді...

Тоғыншықтай доп-домалақ Алапар резіңке допша домалайды. Аяқтары арбиған ақалтекедей Динго арсалаңдап Алапарды керіскедей кеудесімен қағып кеткенде, байғұс мәстек құлап қалады, құлдыраңдап қайта тұрады...

Уақыт өтіп жатты. «Жаздың шіліңгір шілдесінде Динго бес күшік туды». Отағасы төртеуін әлдекімдерге үлестіріп берді. Кішкентайы үйде қалып, оның атын Алапар қояды.

Біздіңше, «Алапар мен Динго» әңгімесі «жеті қазынаның бірі – ит» туралы ертеден бергі таным-түсінігімізді еселеп арттырып, салыстыру, шегіністер арқылы дамытып, көркемдікпен суреттейді.

Алапар мен Дингоның өзара салыстырылуы мен суреттелуі сенімді сипат алады. «Алапар – иттердің ергежейлісі» болса, «Динго – ертектегі дәулердей ерекше-тін». Алапар мен Дингоның бұдан кейінгі «бүлдіршін һәм буыршын кезеңдері «де әрекет-қимылдармен есте қалады. Қаламгер бұл тұста да тақырыпқа әр қырынан келіп, өмірлік шындықтарды, тұрмыстық көріністерді дәл фәлсафалық иірімдермен, шеберлік сырларымен дәл ұштастырады.

Ал отағасы Қаһарман мен көрші құрдасы Қылжақпас Керімсейіт, бір айлық күшікті алыс Бурылтайдан әкелген Мұсатай, оған қуанған кішкене немерелері – Жако мен Иликлар да өз орындарында толымды, есте қалатын бейнелер қатарына жатады. Әсіресе, отағасы мен Мұсатай арасындағы кішкене күшік туралы сұхбаттар, Қылжақпас Керімсейітпен болған өзара әңгімелер Алапар мен Дингоның әрекет-қимылдарын әр тараптан толықтырып, оның адамға қатысын тұрмыс-тіршіліктерінде де ортақ тұстарының барын анық аңғартады.

Бұл реттен алғанда, «Бұршақ» әңгімесімен үндесетін тұстары бары танылар еді. «Бұршақта» буылдырықтардың тіршілік-тыныстарын аңғарар болсақ, «Алапар мен Дингода» иттер туралы таныс әрі бейтаныс жайларға кезігер едік. Демек, «Алапар мен Динго» әңгімесі ит және олардың табиғаты мен тарихын, әрекеті мен қимылдарын көрсету арқылы өмір ақиқаттарын, тұрмыс-тіршілік көріністерін, оның адамдар арасындағы қарым-қатынаспен үндес тұстарын, бірлік-байланыстарын суреттейтін тартымды туынды.

Ш. Мұртазаның «Соғыстың соңғы жесірі» әңгімесін оқып-танысқан тұста «41 жылғы келіншек» туындысы еске түскені анық. Бұл туынды, сөз жок, отбасына адалдықты, махаббатқа беріктікті танытып, адал жардың

ошағының отын өшірмей, түтінін түтстіп отырған жас аналардың қадір-қасиетін терең танытқан-ды.

Ал «Соғыстың соңғы жесірі» бейбіт өмірде, бұдан 60 жыл бұрынғы Мақсұт сынды жан жарын сарыла, сағынышпен күткен Хадишаның жасы ұлғайған шақтағы хал-ахуалын, қарттар үйіндегі тыныс-тіршілігін кеңінен көрсетеді.

Әңгіме табиғатынан танылатындай, Хадиша әжей сексеннің сеңгірінен асса да, жесірлікпен күн өткізгенімен, алыс ауылда бірге өсіп, өсейген Мақсұтты әлі де күтеді. Ағайын-туыс, жақын-жуыққа намыстанып айтқан «Жүз жыл күтемін!» деген ант-сертіне берік. Жалғыз қызы Жанар мен күйеу баласы өмірден өтсе де, жиен немересі Арманмен өмір-өзенімен бірге ілгері жүреді.

Арманға «Мақсұтов» деп құжат әперіп, бағып-қағады. Ол оқып, қызмет те етеді. Бірақ оның да өмірі қысқа болады.

Хадишаның бұдан кейінгі өмірі қарттар үйінде өтеді. Кейінгі өмірін, әсіресе Мақсұтты тұңғыш көруі, еркелеуі мен ұнатуы, тіпті биік шыңның басындағы «Еңлік гүлін сыйла» деп назданған тұстарын, бәрін-баршасын қайыра еске алады.

Хадиша сол күткеннен алты жыл емес, алпыс жыл күтті. Жыл мезгілдері қанша ауысты. Көз жасы да таусылды. Мақсұтты әлі де күтеді.

Еңлік гүлін де аңсайды. Алғашқы тұста «Жақсы құлын білінер жорғасынан, Ғашық болдым мен саған он жасымнан, Мақсұт-ау, қарақ-ай, Өмір өтіп барады-ай» деп ән салса, кейінгі кездері «Мына заман қай заман, қысқан заман. Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман. Мақсұт-ау, қарақ-ай. Өмір өт-і-п барады-ай» деп ызындайтын болды. Терезеден көзің алмайды. Қар, жаңбырды да көреді. Қала шамдарын да байқайды. Терезе тұсына келіп қонған шымшықты да сезеді. Зарғалдақ ескерткіш сынды сұлбалар да көз алдына келеді. Мақсұт рухы деп түсінеді. Солай қабылдайды. Арғы-бергі кезеңнен сыр толғайды. Алыс ауылды, қызық та қимас сәттерін еске алады. Мұң-бұлақтағы қоржын там мен Ақордадағы жетімхана салыстырылады. Тіпті Мақсұт таяу келіп, «Кетейік!» деп те тіл қатады. Менің мекенім деп, Жаннат жұлдызға да шақырады. Кемпіркосақ деген пырағы барын да айтады. Шұғыла-кемпіркосақты бүкіл қала халқы көріп, таңғалысқанды.

Қарттар үйінде, терезе тұсында ұлпа қардың үстінде Мақсұттың мәңгілік мекеніне Хадиша да аттанған еді.

Соғыстың соңғы жесірі Хадиша Мақсұт бейнесін аңсау мен елестету арқылы өзі де өмірден өтеді.

Хадиша трагедиясы – қазақ әйелінің жан жарына адалдығын, Отан

мен отбасы алдындағы қарыз-пауыздың шынайы шындығын қаз-салпында көрсеткен реалистік туын-ды.

Әңгімедегі қарттар үйінің көріні-сі мен тыныс-тіршілігі, Хадиша мен Ольга сынды кемпірлердің өзара пілдесуі мен тағдыр-талайлары уа-қыттың қатал үкім-үнін де, әйел за-ғының көнбіс-кешірімді халін де жан-жақты көрсетеді.

Ал Хадишаның Мақсұтты аялауы мен бағалауы, сағынышы мен сезімі Мыңбұлақ пен Ақорда арасын, Жа-нар мен Арман өмірін, қарттар үйі-нің күнгірт те көлеңкелі тұстарының бәрін-баршасын қамтиды. Хадиша мен Мақсұттың тұтас табиғаты мен гағылымды тұстары да осы арнадан габылып жатыр.

Хадишаның болмыс-бітімі, ар-ман-аңсарлары, сағыныш сезімі де тұтас табиғатымен, шыншыл сырла-рымен есте қалады. Жазушы қан-құйлы соғыстың сұрапыл сәттері мен зардапты зомбылықтарын қазақ әйелі, қыз-келіншектердің тағдыр-ғалайы, жан жарасы мен жесірлік тіршілік, тауқыметті тірліктерімен сабақтастықта суреттейді. Қазақ әйе-лінің жан әлеміне еркін еніп, қиын да сындарлы сәттердегі хал-ахуалын, сыр-сезімін бүкпесіз баяндап, өмір-лік шындық пен көркемдік шешімді шынайылық сипатта жеткізеді. Адам мұраты, өмір мәні, тағдыр талқысы да басты тақырып пен негізгі тұлға

төңірегінде жинақталып, жазушы ең-бегі мен шын шеберліктің нәтижесі негізінде нанымды көрініс табады.

«Соғыстың соңғы жесірі» қазақ әйелінің биік болмысын, қажыр-қайратын, тағдыр-талқысын таныт-са, Хадиша бейнесі мен трагедиясы мәңгілік махаббаттың шынайы сипат-тарын сенімді көрсетеді.

«Бойтұмар» әңгімелер жинағына енген «Жаңбырлы той», «Тәуекел той» сынды туындылар ортақ тақы-рыпты әр қырынан көрсеткенімен, өзара үндесетін тұстары да, айыр-масы да бар. Автор еліміздің жер-жерінде жиі өтетін, тіпті бірінен-бірі айырмасы жоқ тойлардың өзін өзара салыстырып, оны той иесінің әуел-гі мақсат-мұраттары, ішкі есебі мен мінез-құлық, әр алуан әрекеттері ар-қылы да нанымды ашады. Айталық, «Жаңбырлы той» көп тойлардың қатарында көрінгенімен әңгіменің тұтас табиғатынан шаңырақ иесінен (Сейітқұл) гөрі, оның құрдасы, май-дангер Әбдібек бейнесі, әрекет-қимылдары көбірек көрінеді. Әбді-бектің тойға тартуы қара ешкі болды. Оны көне балдағына сүйеніп-сүйре-те жүріп «Қора түбіндегі қазыққа өзі апарып байлады». Бұған ұзатылған қыздың әкесінің көңілі толмаған-ды. Орта көңілді аспан кемеріндегі жарқыл, қара бұлт пен долы жаңбыр да бұзған-ды.

Әбдібек қана «долы жаңбырды» елемеді. Орнынан қозғалмады. Көп-

тсн ауызға алмаған «Экстра» арағы-нан тартып та жіберді. Той үстінде от-басын құрғанын, көп ұзамай майданға аттанғанын, «оң аяғын снаряд жұ-лып кеткенін» еске алады. Тіпті ар-найы сөз берілгенде де «ой құшағына сніп» ұйықтап кеткен-ді. «Шарбақ жақтан кешегі өзі байлап кеткен қара ешкінің» үнін анық таныды.

Автор той барысын баяндаумен бірге, адам мұратына, әрекет-қимыл-дарына көп көңіл бөледі. Майдангер Әбдібектің «тойға тартуын» «косым-ша көрініс» ретінде баяндап, адам мен табиғат байланысын да отан мен отбасы қатынасына, соғыстың зар-дапты зиянына мән береді. Әбдібек бейнесінің той үстіндегі әрекет-кө-ріністерін, өмір өткелдерін сенімді суреттейді.

Той тақырыптары мен оның та-ғылымды тұстары «Тәуекел той» әңгімесінен кеңінен көрінеді. «Той – қазына» десек те, Керімқұлдың «ар-ман-аңсары» да «тым биік» әрі те-ренде жатыр еді. Керімқұл алғашқы тұста: «бес жүз адам шақырамын» деп «берік байлам» жасады. Біз өніп-оскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдіс-ті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Әрі десе той шашырап кеткен «туыстың басын біріктіреді» деген «жоба-жоспарын» аталас ағайыны Төкенге бүкпесіз жеткізді. Тойға қа-ғысты қаржы-қаражатты да, одан түскен пайда-олжасын да санамалап берді. Той өтетін орын «Аспантау» екенін де айтып салды.

Автор аталас ағайын мен той иесінің өзара сұхбатын шебер де шы-мыр сабақтап, адами мұрат-мүдде мен сапалық қырларын тартымды ашады. Тіпті Керімқұлдың «олжа-пайда» төңірегіндегі «жоба-жоспа-рын», адамдар арасындағы байы мен қуатты топты алдыңғы кезекке шығаруы, олардың әрбірін «кәсіп-қызметіне» сай орын-орнына қоюы адам өмірі мен таным түсініктеріне қарай көрсетіледі.

Керімқұлдың тойдың өту барысы емес, керісінше, келген адамдардың қаржы-қаражат, сый-сияпаттарын түгел тапсыруы, «жоба-жоспардың» орындалуы алаңдатады. Алыс-жа-қыннан келген адамдардың қолы мен көңіліне көбірек қарайды. Майдан-гер жездесімен қол алысып, қауыш-қан тұста «бүйрегі бүлк етіп, мол дүниеден дәмәтіп қалды». Жезде-сі берген конвертті «жұрт көзінше ашып қарай алмай, оңаша шығып та кете алмай», алаң күй кешіп, әбігер-ге түскен-ді. Ойпаңбелдегі нағашысы Сарыбай көкпаршы тарту еткен құ-нан қойды: «Он мың болып қалар деп «жоба-жоспарына» қосып қойды».

Керімқұлдың күткені де, үміті де Жеңіскүл еді. Жасылкенттен келуі керек. Жеңіскүлге қатысты да «жо-ба-жоспары» бар. Оны да бекітіп қойған. Өйткені: «Үш баласы фирма ұстайды. Бір қызы банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты.

Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан ғұрлы емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады...»

Керімқұлдың алаң көңілін «Аспантау» ресторанының алдына көлденең келіп тоқтаған «Джип» автокөлігі сейілткен еді. Бұл, әрине «Керімқұл мойнына іштей алабұршақ салып, Алладан тілеген Жеңіскүл осы еді». Қуанғанын жасыра алмады. «...сидан сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді».

Керімқұл мен Жеңіскүлдің кездесу-қауышуы тұсында қайыршы баланың ғана көзіне түскен бриллиант тана тойшыл қауымның да шырқын бұзған еді. «Той тез таркады ғой, бізге де жақсы. Қолымыз ерте босайтын болды», – деп ресторан меңгерушісі де қуанғанын жасыра алмады. Алтын-жауһары жарқыраған, перламутр туфлиі көз қарыған Жеңіскүл бриллиант тананы шын жоғалтқанына көзі жетті. Асабаны көпшілік көзінше жерден алып, жерге салады. Керімқұлды оңаша шығарып, апшысын қуырды. Керімқұл тығырыққа тірелді. Тойшыл қауымның да қарасы сиреді. Көңіліне алаң кірді. Шын састы. Жездесі берген «қалың конверт» қолына іліккен-ді: «...Конверт камырмен желімделген екен, желімі

оңай ажырай қоймаған соң саңылау тесікке саусағын сұғып, кіршең конвертті дар еткізді...

Конверттің іші тола шылым орауға арналған газет қиындылары. Арагидік арасында кілең бір теңгеліктер...»

Аңсаған тойдың шырқы бұзылды. «Тәуекел той» өзін ақтамады. Керімқұл басын сауғалап, көлеңкесінен қорқатын халге жетті. «Жеңіскүл жырын» тойшыл қауымның көпке дейін ұмытпасы анық. Керімқұл калтасына «сеніп» еді. Ол да көңілден шықпады. «...Кілең біртеңгеліктерді» көргенде Керімқұл қатты састы. Көзінен «шын жас» шықты. «Тәуекел той» Керімқұлдың шын бейнесін көрсетті. Алыс-жақынды, туыс-туғанды да танытты. «Жоба-жоспарының» сырын ашты. Тойшыл қауымның оған көздері анық жетті.

Әңгіме, шынайы өмірді негіз еткен. Әркім-ақ барып-көріп, қатысып жүрген көріністер кейіпкерлер жүйесі (Керімқұл, Төкен, Жеңіскүл, Төрелді, Сәтек сері, т.б.) арқылы қызықты өріс алады. Қайсыбір кейіпкерлер жеке тұрғанда өзгеше әлем, ғажайып жандар. Әзіл әңгіме, ажуа-мысқыл, юморлық белгі – ерекшеліктер езу тартқызары анық. Әңгіме идеясы мен композициясы берік, нанымды әрі сенімді өріс алады. Өмір оқиғалары, тұрмыс-тіршілік көріністері, шағын диалог, өзара сұхбаттар характер табиғатын ашуға қызмет еткен. Қазақ тойы

ұлттық салт-дәстүрлер тағылымы Керімқұлдың «жоба-жоспарға» құрылған «бес жүз адамға арналған тойымен» қатар көрсетіліп, оның өзі әзіл-ажуа, мысқыл түрінде танылады. Керімқұл тойы атына заты сай болмайды. Қазақы дарақылық пен берекесіздік той сәнін сиықсыздыққа әкеліп тіреді. Қаламгер тиісті тұста ондай бейберекеттілікті тіл өрнегімен де, астарлы ажуа, мысқылмен де түйреп, өмір ағынын, уақыт тынысын терең танытады. Ауыл мен қала көріністерін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жекелеген бейнелердің, даңққұмар хәм даңғаза тоғышарлық сиықсыздықтарын да әрекет үстінде, «той» барысында сынап-мінеп көрсетеді.

Жалпы алғанда, «Жаңбырлы той» мен «Тәуекел той» атты әңгімелер тақырыптық тұрғыдан да, мазмұны мен құрылымдық жағынан да өзара үндес болғанмен, екі той екі жақта өтеді (бірі – ауылда, екіншісі – қалада). Кейіпкерлер жүйесі мен мақсат-мұраттарында, өзара диалог-сұхбаттарында, оқиғалылық-жүйелілік сипаттарында өзгешеліктері бар. Той иелері – Сейітқұл мен Керімқұлдың тойшыл қауымға қатысты таным-түсініктері ортақ бола тұра, «жоба-жоспарларында» өзгешеліктері танылады. Қонақтарды қабылдауы мен олардан күткен хәм алар сыйсияпаттары да түрліше болып келеді. «Той-қазына» деп көңілді кеңге са-

лып отырмайды. Жастардың бақыты мен баяны, тойшыл қауымнан лебіз-тілектері де назардан тыс қалады. Нәтижесі белгілі, «Жаңбырлы той» табиғаттың жауын-нөсерімен есте қалса, «Тәуекел той» қаржы-қаражат мәселесін шешпеді. «Жоба-жоспар» жүзеге аспады. Қысқасы, өзін-өзі ақтамады».

Жазушы «екі тойдағы» даңқ пен дақпыртты, дарақылық пен берекесіздікті өмір оқиғасына құрып, уақыт шындығы мен адамдар әрекетін, таным-түсінікті қаржы-қаражатқа қатысты «жоба-жоспарларды» қазақи қалжың, әзіл-ажуа арқылы жүйелі жеткізіп, орынды мінмен сынайды. Той табиғаты мен тағылымын әр қырынан көрсетіп, мәнді тұстарын да, татымсыз-сыйықсыз сұрқын да ашады. Қазақ тойы мен ондағы дарақылық, өмір ағыны мен уақыт тезі негізінде бар қырынан жарқырай көрінеді.

Тегінде, автор ауыл мен қалада өткен «тойларды» өзара салыстыру-салғастыру негізінде қазіргі кезеңнің шындықтарын, той өткізудегі «жүйесіздіктерді», тойшыл қауымның көңіл күйлерін тартымды ашады. Өмір оқиғаларын, той иесінің «жоба-жоспарларын», асабаның түпкі мұратын да шағын көрініс, қысқа диалогтар арқылы жеткізіп, көркем баяндайды. Жазушы еңбегі, өмір тәжірибесі, тіл мүмкіндіктері мен стильдік құбылыстары да шын шеберлікпен тұтасып, табиғи өріс алады.

Бұдан басқа, атап айтқанда, «Келіншектау сағымдары» аға шопан Қоңырбай мен жас келіншегі Гүлдерайымның тұрмыс-тіршілігін, ферма бастығы Қабылбектің дәрекі әрекеті мен тұрпайы қылық-қимылын көрсетсе; «Сталинмен қоштасу» күрделі кезең көріністері мен қуғын-сүргін нәубеті, империялық биліктің гегеурінді екпіні мен зардапты зиянын ашады; «Шағалалар мен қаңғыбастар» бейбіт өмірде қоғамнан өз орындарын таппаған, тұрмыс-тіршіліктің жеңіл жолын іздеген адал еңбексіз-ақ, көптің көзіне түспей-ақ күнделікті табыс-нәпақасын тауып жүрген қасиеті мен қателігін ғым кеш білген Жаңыл сынды бомж бойжеткеннің тағдыр-талайын алға ғартады; «Текебұрқақта» адам мен ауыл, жан-жануарлар мен қоршаған орта көріністері қоса қабат көрсетіліп, күрделі кезеңнің аласапыранды елінің қиын-қыстау мезеттерін көркемдік шындық, әр алуан бейнелеу мен салыстырулар арқылы шынайы жеткізеді.

Сондай-ақ «Аманат», «Алтын тілеп», «Тілсіз қоңырау», «Тұйық шарбақ», т.с.с. әңгімелерден қоғам мен адам, өмір-тұрмыс сырлары әлеуметтік мәселелер ретінде қозғалып, кеше мен бүгін байланысы әр алуан ізденіс, қилы сезім, сырлар арқылы тереңнен сөзгалады. Қаламгер көзқарасы мен солтаңбасынан әңгіме жанрын еркін меңгергенін, тақырып табиғатын адам

өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігі төңірегіне құрып, оның өзін қоғамдық орта, айнала-әлеммен байланыстырып, көркемдік таным арналарын шындық жолымен жүйелі жеткізеді.

Жалпы алғанда, жазушы Ш. Мұртазаның көркем әңгімелері өмір оқиғаларын кеңінен қамтып, адам әлемі мен оның тұрмыс-тіршіліктерін, тағдыр-талайларын тереңнен толғап, сүйіспеншілік пен сыр-сезімдерін де шынайы көрсетіп, оны көркемдік арналар, эстетикалық құндылықтар, қызғылықты сюжеттер арқылы сенімді суреттейді.

Қаламгер **Қабдеш Жұмаділовтың** туындылары арасында кейінгі жылдары жазылған әңгімелері де ерекше назар аудартады («Құзғынның өлімі», «Жемдеген қырғауылдар», «Жалдамалы күйеу», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші», «Ақынның ақырғы күндері», «Толған айдың түні», «Ақбуранын асуы», т.б.).

Қаламгердің «Құзғынның өлімі» әңгімесі алғашқы тұста табиғат тамашаларын, қоршаған орта көріністерін, жыл мезгілдерінің өзіндік өзгешеліктерін тартымды сөз етеді. Жоңғар Алатауы, Ерентау бөктері, Барлық пен Мұзтау көріністері, Тентек өзені мен Лобнор көлі төңірегіндегі аң-құс, қаз-үйрек, сай-сала мен ой-қырлар суреттері де әсерлі беріледі. «Қарақұстардың тойы», оны көрген құзғын әрекеті де есте қалады.

Автор Бұратала, Барлық тауларынан ұшып келе жатқан құзғын әрекетін, қимыл-қозғалыстарын жіті бақылап, өзіндік ерекшеліктерін нағымды ашады. «...құс мекені көкте болғанымен, бар назары жерде» деп, құзғынның «тау жоталарынан ұшып», «аспан төсінде қалықтап сырғитынын», «шын шүйіліп тесіле қарағанда көз жанары дүрбіден кем емесін» сенімді суреттейді.

Құзғынның алдағы әрекеттері, қимылдары да ара-тұра белгі береді. Енді бір сәтте құзғынның көзі жер бетіне түседі. Мұнда да қозғалыс, ғынымсыз тіршілік: «Тырнақты мен істінің, әлсіз бен күштінің мәңгілік шайқасы. Ұшқан құс, жүгірген аң бір тамақтың әлегімен жанталасып жүр». Кірпікшешен мен жылан, қоян мен газқара да көзіне түсті.

Құзғынның көзі маң далаға да түседі. Жан-жануардың азайғанын, жайлаудың құлазығанын, төрт түліктің тым азайып кеткенін де көреді. Адам мен құстардың қарым-қатынасы да назарынан тыс қалмайды: «...адамдардың құстарды да өздері сияқты топқа, жікке бөлетінін құзғынның іші сезеді. Олар бүркіт бас татқан сұңқар, қаршыға, лашын, бидайық, ителгілерді – «қырандар» деп әспеттесе, жаңағы тазқара, құмай, күшіген, кезқұйрық секілді мұның туыстарын «қарақұстар» деп тым төмен санайды. Қырандар – айрықша жаралған, дегдар, ақсүйек құстар. Ал

«қарақұс тексіз деген сөз болса керек. Бұларды адамдар осы тексіздігі үшін ұнатпайды. Жолы ауыр, ниеттері харам деп ойлайды. Қарақұстардың, реті келсе, адам өлігін де шоқып жіберетінін кешірмейді. Сірә, қарақұстар адам баласынан бір ауыз жылы сөз естімей-ақ өтетін шығар» (*Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 232 бет*).

Құзғынның асыраушысы – бүркіт, барлаушысы – сауысқан болғаны, олар да өмірге «құштар», дәм-тұзын өздері айыратыны «жаратылысы мен еңбектеріне» қарай көрсетіледі. Әрекет, қимылдары айқындалады.

Құзғын «құс патшасы бүркітті» көріп, әр қимылын қалт жібермейді: «Бұрын кім байқаған, бүркіттің бітімі тіпті бөлек екен ғой. Қос қанаты жайған керегедей, қауырсын қияқтары да сом жаратылған. Үшкілдене біткен қос шалғысы қыпшақы қылыштай. Бәрінен де көк мұхитын қақ жарып отыратын болат топшыны айтпайсың ба?! Аңға құйылып түскенде зуылдап жел соқтыратын түп-тұтас сүмбіл дене. Кекшіл бас, орақ тұмсық... Балақ жүні үлпілдеген шамбал аяқтарын бауырына жиып алған екен. Көк құрыштай салалы сегіз найза ап-анық көрініп тұр. Қыранның қаһарлы қаруы – осы найзалар» (*3-том, 237-бет*).

Құзғын бүркіттің орманшының шошқасын бірер қимылдарымен-ақ

«оқ тигендей серең еткізуін» көрді. «Қарын мәселесін» шешкеніне көңілі тоғайды. Алайда орманшының қыранды атып түсіргенінен секем алып, бассауғалаған-ды. Құзғын қыранның кегін қайтаруға бел буады. Орманшының үйін торуылдайды. «Ендігі жауы – қаба сақал». Құзғын қаба сақал соңына мықтап түседі. Тіпті қызыл машинамен кетіп бара жатқан бағытын аңдып, алдарына түседі. «Бар білетіні: ана қаба сақалдан қалайда кек қайтару керек». Сол үшін қызыл машинаның соңына түседі. Алдына шығады. «Кенет әлдебір ой жарқ етті. Соған керемет қуанып кетті өзі. Енді анау қаба сақал мінген қоліктің көзін шоқығаннан басқа амал жоқ. Соның көзін ағызып жіберсе, иесі де ұзап кете алмайды» (3-том, 242-бет).

Құзғын ойын жүзеге асыруға мықтап табан тіреді. Қызыл машинаның алдына түсті. Кенет жалт бұрылды: «Ең оңтайлы сәт те осы еді. Құзғын қанатын қомдап, бар екпінімен қарама-қарсы зымыраған күйі, сол «әйнекке келіп ұрылды. Тарс еткен дыбыс шықты да, ар жағы меніреу жоқтыққа айналды. Машинаның алдын қан мен қауырсыннан басқа қаба сақал да ештеңе аңғара алмай қалды...» (3-том, 242-бет).

Құзғынның әрекет-қимылы, тіпті кекке – кек деген әуелгі ойы БАҚ жүйесінің хабар-ошарында «бүркіттің шабуылына» айналады. Ал әңгіме

түйіні былай беріледі: «..бұл оқиғаның болғанында ешқандай күмән жоқ. Тек бір ғана жаңсақтық бар. Орманшыға шабуыл жасаған – бүркіт емес, құзғын ғой... Сөйтіп, қашанда даңқ пен дақпыртқа табынатын адамдардың кінәсінен ол байғұстың мың жылда бір істеген ерлігі де өзіне бұйырмай, басқаға телініп кетті» (3-том, 243-бет).

«Құзғынның өлімі» әңгімесі қоғам мен адам, дала мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынасты көрсетумен қатар, аң-құс, құзғын-құмай, т.с.с. өзіндік тірлік-тіршіліктерін кеңінен көрсетеді. «Қарақұстардың тойы», оны көрген құзғынның әрекет-қимылдары, «кек қайтару» ісіндегі өмір-өлімі нанымды ашылады. Автор құзғынның тау-тас асып, өзен-көлдерді артқа қалдырып, дала кезген жыртқыш қалпынан, «кек қайтару» ісіне дейінгі аралықтағы қимыл-қозғалыстарын қалт жібермей, осы уақыттар ішіндегі адамдар әрекетін, аң-құстар әлемін, төрт түлік сипатын, т.с.с. алма-кезек көрсетеді. Соның бәрінде де құзғынның өзіндік өзгешеліктері танылып, қимыл-қозғалыстарынан өмір-тірлікке ұмтылыс байқалады. Соңғы әрекеті – өзін қызыл машинаға қарсы бағыттап, түпкі ойы «кек қайтару» ісін жүзеге асыруы, сөз жоқ, «мың жылда бір істеген ерлігі» еді.

Әңгіме табиғаты мен даму барысынан құзғынның «алыс жағалаудан»

келіп, айнала-әлемге көз жіберіп, кейінгі кезекте «күнкөрістен» өзге тіршілік тынысын сезінуі, құсқанақтылар әрекетіне мән беруі, өзі де қал-қадерінше «еңбекке ұмтылуы» ұтымды сипат алады. Қырандардың өмірі мен мінезіне ден қоюы да назар аудартады. Әсіресе, бүркіттің орманшы шайқасына шүйілуі, көз ілеспес әрекет-қимылдары құзғынға да әсер етті. Ал қыранның өлімі «жанына қатты батты». Қырандардың ғұмыры қысқа болатынына көзі жетті.

Қаламгер құстар тіршілігін, оның арасында «қарақұстар өмірін» жеке алып (мысалы, құзғын), оны асу-асу белдерден өткізіп, қырандар әлеміне кездестіруі, өзіндік өзгешеліктерін жаратылыс-табиғатына сай суреттеуі сенімді әсер қалдырады.

Құзғынның айнала-әлемге көз салуы, бүркіт-қыран, сауысқандар тіршілігін өзінше бағамдауы, соған сай «өмір сүру» тәсілдерін таңдауы, т.с.с. қоршаған орта, аң-құстар тіршілігімен қатар беріледі. Маңыздысы, әрине, өзін қызықтап, соңы қалай аяқталарына назар аударматан «көзсіз ерлікке» баруы жай ғана көрініс емес еді. Құзғынның соңғы әрекеті – қаба сақалдан кек қайтарудан өзге, бұған дейінгі өмірден көрген, әлді мен әлсіздің қимыл-қозғалыстарынан түйген тұжырымы, шешуші сәті де еді. Құзғынның бойындағы ашу-ыза, өшпенділік оты қаба сақал мінген қызыл машинаға

бағытталған еді. Бүркіт-қыранның қажыр-қайратына, қимыл-әрекетіне тәнті болған құзғын оған қарсы оқ атқан қаба сақалға өшпенділігі күшейгені анық еді.

«Құзғынның өлімі» – «қарақұстар әлемінің» өзіндік өзгешеліктерін көрсеткен, қыранның қайратын танытқан, көркемдік-рухани мәйегі мол реалистік туынды.

«Жемдеген қырғауылдар» атты әңгіме ауыл өмірін, қазіргі кезеңнің шындығын, адамдар қарым-қатынасын кең көлемде көрсететін шыншыл шығармалар қатарына жатады.

Әңгіменің бастапқы тұсында Бөрілі ауданының әкімі Нұрсағат Бектұрғанов пен ауыл адамдары арасында зейнетақы, жалақы, жәрдемақы жайлы дау-дамай, текетіреске тәптәуір орын беріледі. Ауыл адамдары тіпті әкімді жұмыс орнына жеткізбей тарпа бас салады. Әкімнің «уақытша қиыншылық» жөнінде айтқанын жүре тындап, донайбат көрсетеді. Жиналғандар айғай-сүреңге кең өріс ашады. Жұмыссыз жүрген бір жігіт: «Бүйтіп қатын-баланың көзіне күйік болғанша, үш уақыт тегін тамақ беретін жерге барып жатқаным жақсы» дегенді де айтып салады (3-том, 244-бет).

Әкім шын састы. Шындығын да жайып салды: « – Менің қазір сендерге қалтамнан шығарып беретін жалақым да, зейнетақым да жоқ. Мен сиқыршы емеспін ғой – таяғын сер-

еп қалса ақша жауып кететін. Енді пер жылда мен де пенсияға шығып, әндердің қатарларыңа қосылам...» (1-том, 244-бет).

Бұл – Бектұрғановтың бүгін болысы, бедерлі бейнесі.

Бұл – Бектұрғановтың астарсыз сикаты, пердесіз көңілі, шын сыры.

Ақиқатында, Бектұрғанов алпысы алқымдаған, аудан, облыс деңгейіне басшылық қызметтер атқарғанына гыз жылдан асқан-ды. Алғашқыда – лотехник, совхоз директоры, ауатком арағасы, аупартком бірінші хатшыы міндеттерін атқарған-ды. Қазір уыл да, оның адамдары да өзгерген. Қоғамдық жүйе, тұтас формация өзгеріп жатыр». Жүрдек уақыт тоқасусыз, сынаптай сырғып барады.

Әкімнің ойын «облысқа тіке шыатын қызыл телефон сыңғыры бөлген-ді. Бұл – облыс әкімі Салық аттаров екен. Бөріліге бұрылудың әті түспей жүргенін, бұл жолы» ір-екі министр, екі-үш парламент астықтарымен баратынын баяндады. «Бой жазғылары» келетінін ашық йтты. «Демалыстың» осы түрін коай көретінін де бүкпесіз баяндады.

Бектұрғанов болса, қонақтарды үтіп алуға бел байлады. Орынбасары ұлтанов, басқа да «қол астындағылар бұл жаңалықты көтеріңкі көңілмен құлшына қарсы алды». Көл жағанына киіз үй тігілді. Дастархан мәзірі астүйін болды. Қауіпсіздік мәселесі де ескерілді. Құс ату, құрғауылдарды

бір бағыт, ортаға жинаудың да амал-тәсілдері табылды.

Белгіленген уақытта көл жағасына екі тікұшақпен қонақтар келді. Аудан атқамінерлері тік тұрып қарсы алды. Қапысыз қызмет көрсетті. Шаруашылық бастығы Тоқбаев «тәсілі» бойынша бір тоннадай бидай тораңғы арасына шашылған-ды. Тоғайдағы қырғауыл атаулы осы тұсқа жиналғаны да анық еді. Қонақтарға керегі де осы еді. Қонақтар таяу тұрған, жүрген қырғауылдарды көздер-көздеместен атып ала берді. Тоғай арасында шашылған бидайға да назар аудармады. Қырғауылдың қалың екенін ғана өзара сөз етті. Шерқұмардан тарқағанын ғана әңгіме арқауы етіс-ті. Кештің көңілділігі, көлдің сұлулығы да сөз болды. Орайлы тұста, министр Нұрсағаттың жасын сұраған еді. Әкім зейнеткерлікке бірер жыл қалғанын жеткізді. Тікұшаққа мінер тұста Бектұрғанов облыс әкіміне «бір жұқалтаң конверт ұсынды». Онда аудан әкімі қызметінен босату-ды сұраған еді. Арызбен танысқан облыс әкімі: «Өкінішті. Өзі бір істің жөнін білетін, аңқылдаған, дұрыс адам еді», – деді (3-том, 264-бет).

Әңгіменің бастапқы бөлігі мен даму барысына назар аударсақ, әкім мен ауыл адамдарының ортақ мұраттары мен проблемалары терең танылады. Жалақы, жәрдемақы һәм зейнетақы, т.с.с. әлеуметтік мәселелер қазіргі кезеңнің шындығы бол-

са, әңгімеде бұл жайттар «бой жазған» белсенділер әрекеттерімен де байланыста көрініс береді. Өмір, еңбек, тұрмыс-тіршілік тынысы да өзара әңгіме-сұхбат негізі етіледі. Автор бұл жайтты «жаңа буын» өкілдерінің жүріс-тұрысы, сөзі мен ісіндегі әрекеттері арқылы да айқын аңғартады. Олар, әсіресе: «Терезелері тең, әзілдері жарасымды. Өздерін тіпті еркін ұстайды. Баяғыдай ресми сөздер сөйлеп, бас қатырып та жатпайды. Басқа ұрпақ, өзге буын. Жаңа заманның өз түлектері...» (3-том, 262-бет).

Мұны Бектұрғанов та байқаған. Заман өзгеріп, уақыт озғанын анық сезінді. «Сөзі де, мінезі де қабыспайды». Тіпті: «...жастарға жалбақтап, тоғайдағы қырғауылға жем шашып жүргені ұят-ақ!»

Әкім мен халық арасындағы қарым-қатынас, олардың өзара байланысы, «сыйластық иірімдері» далада, көл жағасында, тіпті телефон арқылы сөйлеген сөздерінен де танылады. Осының бәрі-баршасында: адам мұраты, еңбек мүддесінен гөрі, қызметтік қағидаттар, «үстемдік үлгілері» сезіледі. Билік басындағылардың өзінен төменгі қатардағыларға екпін түсіре сөйлеп, қызметін алдыға салып, «ілгері ұмтылуы» анық аңғарылады. Ол қызмет орнында, іс басында емес, дала қосынында, көл жағасында, тіпті «жемдеген қырғауылдарды» таруылдап жүрген тұстарда да көрініс береді.

Демек, «Жемдеген қырғауылдар» көл жағасында, табиғат аясында, әрекет-қимылдарында да орын алғаны анық аңғарылады.

Авторлық ұстаным, ақиқат жайттарға табан тіресек, аң-құстар патшалығын ас-суы – жемдері арқылы ұстап-тұсасақ, билік басындағылардың бір бөлігін «демалыс аясында» көріп-танумен бірге, әр алуан қызмет көрсетуге, келісім-мәмілеге келуге де әбден болатынын айқын аңғарар едік.

Зады, «Жемдеген қырғауылдар» әңгімесі ауыл мен оның адамдарының өмір-тұрмысын көрсетумен қатар, билік тізгінін ұстағандардың өзара қарым-қатынастарын, байланыс-әрекеттерін жан-жақты ашып, сыйластық иірімдеріне де терең еніп, нәтижесінде байшыкештердің арасындағы «есеп-қисапты», қызмет көрсету деңгейін танытатын тартымды туындылар қатарына жатады.

«Жалдамалы күйеу», «Бір ғана ғұмыр», «Толған айдың түні» сынды әңгімелерге тән ортақ белгі, ерекшеліктер – адам факторы алдыға шығып, өмір оқиғалары мен шындықтары бар бояу, бедерімен қаз-қалпында көрсетіледі. Қоғамда кездесетін, өмірде орын алған ақиқат жайттар – адамдар қарым-қатынасы, тұрмыс-тіршілік иірімдері негізінде көрініс береді.

«Жалдамалы күйеу» әңгімесі мектеп өмірі, жас ұрпақ мәселесі, «сағат бөлісі» тұсындағы «дәстүрлі сұх-

ттардан» бастау алады. Бисара мен Орынғайша арасындағы өзара байныс, химия пәніне артық бөлінген ты сағатқа қатысты көзқарастарықтығысы, келе-келе Баймырзаның мірі мен тұрмысын, кейінгі тағдырын қозғап жібереді. Әңгіме арнасы Орынғайша бір шындықты жайып ұлады: «Баймырза деген табыскер үйеуі бар. Ол байымен фиктивный жырасып, бір бизнесмен қатынға рокатқа беріп отыр. Содан ай сайын қша алып тұрады...» (3-том, 265-ет).

«Айтылған сөз – атылған оқ» кені анық. Бисара қатты өкінеді. Байын прокатқа берді» деген сөз менінен өтті. Жүрегіне шаншулай қадалды. Өткен өмірін ойлады. Құрт қызыққандай, ұйыған отбасы еді. Бисара – озат мұғалім болса, Баймырза – құрылыста жетекші инженер еді. Пәтер қиыншылығын сөрген жоқ. Алғашқыда – комбинат жатақханасына, сосын үш бөлмелі пәтерге қол жеткізді. Өмірге Айсара келіп, қуаныш ұлғая түскен еді. Тоқсаныншы жылдардағы дүрбелең бұл отбасын да айналып өтпеді. Комбинат жабылды. Баймырза жұмыссыз қалды. «Жигулин» сатып, қаржысын «Смағұлов фирмасы» дейтін банкке салған-ды. Оның соңы белгілі, Смағұлов халық қаржысын қалтаға басып, шетел асып кетеді.

Баймырза болса, Сейфуллин көшесі бойындағы жұмыссыздар қатарына қосылады. «Айсұлу деген сылқыммен» сол Сейфуллин көшесінің бойында кездесті. Қос қабатты коттеджін бітіру керек екен. Баймырза осы жұмысқа тартылғанды. Коттедждің кем-кетігін жөнделді. Іші-сыртын, сантехникасын қалпына келтірді. Айсұлу енді Баймырзаны фирмаға қызметке тартты. Өзіне орынбасар болуды ұсынды. Жалақысы жоғары екенін де жасырмады.

Бисара алғашқыда Баймырзаның тұрақты жұмысына қуанған-ды. Алайда, Айсұлудың жесір әйел екенін білген тұста, көңіліне секем алғаны анық еді. Оның үстіне Баймырза үйге келуді сиретті, «қонбай қалатын әдет тапты». Жұмыстан кешігу бағзы дағдысына айналды. «Кейінгі кезде Айсұлу екеуі жұмыс бабымен Түркия, Қытай, Ресей асып кететін болды». Бисараның күмәні еселеп артты. Көз жасына да ерік берді. Баймырзаның келуін күтті. «Айсұлу жайындағы бар күмәнін ақтарып салды». Екеуара едәуір айтысты. Көпке дейін сөз жарыстырды. Өмір, уақыт, тұрмыс ауыртпалығын алға тартты.

Араға бірер күн салып, Айсұлудың өзі Бисараға келді. «Көшеде қаңғып жүрген байынды тауып алып, адам қатарына қосып едім» дегенді де жасырмады. «...әлі комсомол қалпында жүр екенсің-ау» дегенді де қосып қояды. Тіпті: «Байынды бө-

лісің келмесе маған басы бүтін өткізесің» деген түпкі ойын да жайып салады. «...айына екі жүз доллар тағайындаймын» дегенді де жасырмайды. Баймырзаның да өз ойы, ішкі есебі бар-ды: «Сенен, балалардан бөлек тұру маған да онай дейсің бе? Бірақ, осылай етпеске амалымыз бар ма? – деді. – Сенің қасында Айсұлу деген кім ол? Сен одан әлдеқайда жассың, сұлусың. Өзімнен бес жас үлкен қартаң қатынға көңілім ауағындай, мені жын ұрып па? – деді. – Мен әлі-ақ Айсұлудан іргемді бөліп, өз алдыма тірлік жасаймын. Тізгінім қолыма тиген күні бір сәтте аялдамай, өзіңе қайтып ораламын. Соған дейін мұрсат бер! – деді» (3-том, 278-бет).

Бисара да Баймырзаны ойламай тұра алмайды. Үйдегі-түздегі әдет-дағдылар, көріністер көңілін алаң етеді. Бір мезет ішкі сезім, түйсігіне де ден қояды: «Ол қазір Баймырзаны еске алып тұр. Одан өзге еркекті ойына да алған емес. Оның бетін ары қылсын, егер Бисара нәпсінің құлы боп, басқаға көз сүзсе, мына шаңырақ біржола ортасына түспей ме? Әлі де көңіл түкпірінен үміт сәулесі өшкен жоқ. Соншама түңілетіндей, мұның күйеуі қан майданға, барса келмес қырғын соғысқа аттанып па екен? Осы бала-шағаның қамы үшін жанын жалдап, жат босағада амалсыз жүрген жоқ па?! Заман бұл қалпында тұрмас. Түзелер... Бір күні Баймырза да қайтқан құстай өз ошағына оралатын шығар» (3-том, 281-бет).

Туынды түйіні осындай жақсы нышан, ұнамды үмітпен аяқталады. Алайда: «Баймырзаның өз ошағына қайтып келетінін, болмаса мүлде келмейтіні туралы кесіп-пішіп ештеңе айтпайды. Оқырманда екіұшты дүдәмал күдік қалдырады. Соңына ой тастап кетеді. Ал ойландыратын, оқырманды бір уақ ойға жетелейтін шығарма – жақсы шығарма» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 203-бет*).

Десе де, Баймырзаның отбасынан ұзап, өзге ошақтың отын үрлеп, соның түтінін түтетуге бейіл танытуы, алғашқы отауында өсіп келе жатқан Айсара мен Айбектің жай-күйіне, келешегіне бейқам қарауы, кім-кімге де ой салады. Отбасы өмірі, перзенттер тағдыры соншалықты салмақсыз, мәнсіз болғаны ма?

Бастапқы тұстағы – Бисара мен Орынғайшаның «сағат бөлісі» төңірегіндегі «науқандары» да қайта еске алынбайды. Керісінше, «Айсұлу сылқымның» қаржы-қаражаты, бақуатты өмірі алдыңғы кезекке шығады. Айсұлудың еркіндік, демократияны белден басып, өмір-дүниені саудаға салып, таразыға тартып: «Бұл күнде бәрі де сатылады», – деп шекеден қарауы, уақыт тынысын танытары хақ. Алайда, Бисараның Баймырзаны көзі тірісінде-ақ жығып беріп, төлемақядан бас тартпауы қаншалықты ақиқатқа жақын? Ерлі-

зайыптылардың өмірлік серті қайда? Ұл-қызының көз жасы ше? «Бір күні Баймырза да қайтқан құстай өз ошағына оралатын шығар» деген үміт-сенімнің салмағы мен шындығын немен өлшеуге болар екен? Отбасы мұраты, отағасы міндеті осы ғана ма? Қоғам қайтсе көгереді?!

Әңгімені оқып-танысқанда өмір, тұрмыс суреттері мен шындығына сене тұра, әлгіндей де сұрақтардың жауабын іздейтінің анық.

Өмір заңы қатал. Уақыт тоқтаусыз сырғиды-ақ. Әркім-ақ өз орнын, үлесін алуға хақылы. Бисараның – көнбіс, Баймырзаның – әлсіз, Айсұлудың – өктем болуы – өмір-өзеннің терең иірімі мен тұрмыс толқынының қатпарлы-қалтарысы ғана емес. Орынғайшаның бір ауыз сөзі тұтас отбасына, өмір сүру тәсіліне әсер етпегені да анық.

Біздіңше, ұлттық рух, отбасылық мұрат-мүдде, еркектік намыс, әйелдік ұят өз деңгейінде көрінбегендіктен, уақыттың құлы, тұрмыстың күніне айналады. Автор өмір оқиғалары мен шынайы шындықтарын алдыңғы кезекке шығарып, уақыт бедері мен сынын барынша айқын көрсетеді. Бір отбасындағы ауыр ахуал, өмір, тағдыр тауқыметтерін қоғамда орын алған «қаржы-қаражат» қуаты арқылы анық аңғартады. Қоғамда, өмір-тұрмыста «Айсұлу сылқым» сындылар көп болмас, бірақ бары анық. Сол аздың өзі жақсының көзін алдап-арбап,

адымын аштырмайды. Кері әсері де жетерлік.

Ақиқатында, «Жалдамалы күйеу» әңгімесі – уақыт тынысын дөп басып, бір отбасы өміріндегі ахуалды қоғам дамуында кездесетін келеңсіз көріністермен сәйкестікте көрсететін әлеуметтік астары қалың, көркемдік-эстетикалық қуаты мол шынайы шығармалардың бірі.

«Бір ғана ғұмыр» әңгімесінде, басты бейне – Әділ Тазабековтың Алматы маңындағы санаторийлердің біріне келіп орналасуы, ондағы дәрігерлердің жүйке жұқарған, ағза әлсіреген дегеніне қатысты емдом алуы, демалушылармен өзара байланысы баяндалады. Әсіресе, отставкадағы полковник Қараман, оның жары – Баянмен танысып, ара-тұра кездесулері қарапайым қатынастан гөрі, кейінірек қызықты кездесу, қимас сезім, құштарлыққа да ұласып кетеді.

Алдымен, Әділ мен Қараман арасында қарапайым қатынас орнайды. Бірер кездесуден кейін Қараман «жазған-сызғандары» барынан хабар беріп, соны кітап түрінде шығару жөнінде қысқа сұхбат құрады. Әңгіме арасында Қараман өзі туралы да деректер береді: «Мен Мәскеудегі КГБ-ның барлау мектебін қазақтан алғаш бітіргендердің бірімін. Бізге Берия, Вышинский, тағы басқа көрнекті қайраткерлер лекция оқыды... Қоғам қауіпсіздігі саласында елу жыл

мінсіз қызмет атқардым. Енді сол өткен жылдардан із қалса деймін ғой, «шыяғы» (3-том, 305-бет).

Әңгіме арнасы бұдан кейін Әділ мен Баян кездесулеріне, өзара ортақ сұхбаттарына ұласып отырады. Әділ Баянды алғаш көргенде-ақ таңданғанды: «...келіншек үріп ауызға салғандай өңді адам екен. Екі көзі боталаған, қараторының әдемісі. Қос жанарынан мойылдай қаралығы сонша, көз шарасына көлеңке түсіп, көгілдір сағым ойнап тұр. Жас әйел еркектің сұқты көзін сезінді, бірақ қымсынған жоқ. Қайта «қарамай көр, сұқтанбай көр» дегендей, баласына бірдеңе айтқан болып, сүйкімін артыра жымыды. Жымығанда екі бетінің ұшы шұқырая қалады екен. Ұш жағы көтеріңкі біткен пісте мұрны да бір еркелік сипат береді өзіне» (3-том, 302-бет).

Әділ Баянды демалыс сәттерінде, бассейні маңында да әлденеше рет кездестірді. Жаратылысына сұлулығына қайран қалады. Құмары артып, құштарлығы күшейе түседі. Ал Баян болса, Әділдің белгілі жазушы, махаббат, тарихи тақырыптарда туындылары барын, өзінің көпшілігімен таныс екенін жайып салады. Желтоқсан оқиғасы төңірегінде де ортақ әңгіме өрбітеді. Қиын-қыстау кезде Қараман Баянды жасырып қалады. Кейін сол отбасында біржола қалып қояды. Өмір, уақыт, тұрмыс түйткілдері де ортақ әңгіменің тиегі стіледі.

Әділ мен Баян арасындағы қарым-қатынас бекіп, сүйіспеншілік сезімге оп-оңай айналып сала берді. Оған қырғыз ақыны айтқан:

Мен бақытсыз – сені бұрын көрмеген,

Мен бақытты – сені көрмей өлмеген... –

деген қос жол өлең де септігін тигізді. Тіпті Қараман мен ұлы асығыс жолға шыққанда, ойға «тоқымқағу» сәті түседі. «Тоқым қағар» мен қонақ кәде – Әділдің бөлмесінде өтеді.

Бұл жолы Әділ мен Баян кездесу мен қауышудың, сағыныш пен сүйіспеншіліктің шет-шегі жоқ түпсіз тұңғиығына еркін енді.

Бұл демалыстың алаңсыз еркін күндері еді. Соның ішінде: «Екеуіне бұйырғаны демалыстың соңғы күндері ғана... Небары үш ақ күн. Бір ғана жұбаныш: олар сол күндерді қалай өткізем десе де ерікті еді» (3-том, 315-бет).

Әділдің демалыс сәті Баянмен кездескеннен кейін соны сипат алды десе де болады. «Жан дүниесі жадырап, жүрегінің басына бал тамғандай, бір ләззатты күй кешеді». Бойында сергектік те, серпін де бар. Оны өзі де анық байқаған-ды: «Жалпы, науқас адамның сұлу әйелге көз сүзе бастауы теріс емес, ол да тіршілікке оралудың нышаны» (3-том, 315-бет).

Әңгіменің даму арнасынан алаңсыз демалыс пен тыныш өмірді аңсаған Әділдің адами болмысы, қалам-

герлік келбеті сенімді сипат алады. Демалысты, уақытты пайдалануы да мәнді. Демалушылармен ортақ қарым-қатынасы, Қараманның отбасына ілтипат-ықыласы өзгеше көрініс табады. Ал Әділдің Баянды алғаш көргеннен кейінгі әсер, сезім тым терең әрі табиғи өріс алады. Адами сапасы, табиғи сұлулығы да айырықша баураған-ды. Баян болса, жарасымды әрекет, ұнамды қылықтарымен-ақ әр істің көзін табады. Отбасы тыныштығын, сезім дүниесінің сәулелі сәттерін де байыпты бағалайды. Өмір-дүниенің қадірін, жастық кезеңнің қызық та қимас сәттерін, Желтоқсан оқиғасы тұсында, отбасылы болған кезден жетік біледі. Әділмен кездескеннен бермен қарай тіпті жаңа қырынан көргендей болады. Әділмен арадағы кездесу, өзара әңгімелерден-ақ Баян «қиялдағы кейіпкермен» кездескені де анық еді. Ашық әңгіме, ортақ тілек оларды «тоқым қағар» мен қонақ кәде тұсында сәтімен кездестірген еді.

Негізінен, «Бір ғана ғұмыр» әңгімесінде автор шығармашылық иесінің демалыс сәтін әр қырынан көрсетіп, адам болмысы мен сапалық белгілерін нанымды ашады. «Курорт хикаясы» да белесті биікке көтеріліп, жүйелі жеткізіледі. Осы реттен келгенде, аталмыш туынды адам әлемін, сезім дүниесін өмір шындығы тұрғысынан танып-таразылайтын тағылымы мол, әрі көркемдік нәрі,

рухани мәні жоғарылығымен де есте қалады.

«Толған айдың түні» әңгімесі Алматы-Семей бағытымен жүретін жолаушылар поезына кешігіңкіреп жеткен Баяхметтің жол үстіндегі хал-харекетін баяндауға арналған. Баяхметті кенже ұлы Саят шығарып салған-ды. Өзара қысқа сұхбат құрған-ды. Амандығын, өзіне сақ болуын қайыра есіне салды.

Баяхмет вокзалда жолаушылардың көптігіне, жүкшілердің әрекет қимылдарына назар аударған. Саудасаттық жасайтын әйелдердің көптігіне де көзі түседі. Баяхмет купесіне енгенде байқағаны, әлгіндегі жүк артқандардың бірі осында тоқтаған екен. Тіпті «төрт-бес қап үстіңгі екі сөреге» іркес-тіркес қойыпты. Жүк иесі – әйел екен. «Жасы қырыққа іліне қоймаған, орта бойлы, қолаң шашын дөңгелете қиған аққұба келіншек. Өзі мына пойызға көп машақатпен зорға жетсе керек. Ақша жүзі албырап, танау қағып, алқынып тұр» (3-том, 394-бет).

Баяхмет жүк иесі Биғаныммен сол сәтте-ақ танысып, сауда-саттық сырынан еркін әңгіме қозғады. Базардың нарқы, күнкөріс қамы да сөз етілді. Баяхмет сөз арасында Биғанымның күйеуінің кісі қолынан қаза тапқанын естиді. «Білмеген у ішеді» деген ыңғайсыздықтан да шығады.

Баяхмет пен Биғанымның жол үстіндегі әңгімелері өмір, уақыт, тұр-

мыс төңірегінде соны сипат алады. Әйел-еркек туралы да сыр қозғайды. Ұлт пен ұрпақ қамы, дәстүр-салт елпаттары да кезегімен тілге тиек етіледі.

Көшпелі өмір көріністері, әменгерлік мәні, бәйбіше-тоқал орны да ортақ әңгімеге арқау болады.

Баяхмет кезекті тұста «Алтын ише» атты шағын емханасы барын, Қоңырақын даңқын сөз етеді. Әсіресе, Қоңырақын хақындағы ақиқат пен ишпиз арасын байыпты ашады. Арғы-бергі тарихынан деректер келтіреді. Ол туралы: «Ұры-қары емес-ті. Керуен тонап, кісі өлтірген де жері жоқ. Ел аралаған көп кезбенің бірі. Өзі отызыншы жылдары осы жақтан ауып барыпты. Сүйегі Байжігіт ішінде Жұмық десетін. Бала кезімде бірер мәрте көргенім бар: жасы отыздың ішіне енді ілінген, ұзын бойлы, ер тұлғалы, қарасұр жігіт еді. Жүрген жерін думанға толтырып отыратын әнші, домбырашылығы тағы бар. Шын аты – Қоңырбай екен. Жұрт әлгіндей өнеріне қарап, «Қоңырақын» атап кеткен», – дейді (3-том, 403-бет).

Қоңырақынның әйелқұмар, ұстамсыз мінезін де едәуір сөз етеді. Донжуан аты да ойға оралады. Адам мұраты мен қуаты хақында да сырлы сұхбат өріс алады. Шығыстан көрінген толық ай да, оның сәулелі сәттері де көңілді тербейді. Толған айдың жарығы мен әсері де өзгеше-

тін. Баяхмет пен Биғаным «...толған айдың түнін жақсы өткізді». Байланысып тұратын болып келісті. Кездесу мен қоштасудан тұратын өмір мәні мен сырына анық көз жеткізді.

Жалпы, әңгімеде өмір шындығы да, тұрмыс тауқыметі де бар. Тарихтың дерегі, дәстүрдің озығы мен тозығы да кездеседі. Автор жолаушы мен саудагердің өзара әңгіме, сыр-сұхбаттарын жүйелі өрбітіп, өмір-тұрмыстың мәнін ашады. Адам мұраты мен тағдыр-талайынан да сыр қозғады. Кенже ұл Саяттың ісі, жұмыссыз жастар, жабайы сауда-саттық сырлары да айтылмай қалмайды. Заман шындығы, уақыт сыры да дәлел-деректермен келтіріледі. Қазақ өмірі, дәстүр-салты да еске алынады. Тиісті тұста Қоңырақын (Қоңырбай) жайынан хабардар етіп, әйел-еркек мәні мен міндетін де жайып салады.

Тұжырып айтқанда, «Толған айдың түні» әңгімесі өмір-уақыт шындықтарын қоғамдық құбылыстармен қатар көрсетіп, осының негізінде адам факторын, сыр-сезім иірімдерін, тіршілік тауқыметтерін тартымды суреттейді.

Әңгіменің әлеуметтік мәні, көркемдік нәрі осында болса керек.

Тұтастай қарастырғанда, жазушы ұстанымы мен еңбектерінен ұлттық құндылықтарымыздың тарихи-мәдени қайнарлары, арғы-бергі кезеңдер шындығы, дәстүр тағылымы

мен дүниетаным арналары айқын аңғарылады. Бұдан басқа: «Қ. Жұмаділов шығармалары ата-бабадан қалған үлгі-өнегені бүгінгі күннің кәдесіне жаратып, еркін ел дамуының жолын нұсқайды. Елін, жерін шын сүйетін патриоттарды тәрбиелеуге, азаттық пен бодандықтың аражігін ажыратуға, сол арқылы тарихтың ащы сабағын салмақтай отырып, тәуелсіздіктің іргесін бекітуге қызмет етеді. Қалтарыста қалған ұлттық құндылықтарды тірілтіп, тамаша дәстүр-дағдыны қалыптастырды, кісілік мінезді жас ұрпақ санасына сіңіру көзделеді. Бодандық зардабынан құри жаздаған тілімізді, ділімізді қайта қалпына келтіруге, қазақтың адамгершілік, бауырмалдық, кішілік, кішілік қасиеттерін көрсетуге, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға мүмкіндік туғызады» (*Зайкенова Р. Роман және тәуелсіздік. – Алматы: Полиграфия Сервис и К, 2010. – 16-бет*).

Қаламгердің бір қыры, көпке ортақ мұраттың, көркемдік көкжиегінің айшықты әлемінің сыр-сипаттары осыған келіп саяды.

Жазушы еңбегіндегі шағын жанр – әңгімелерінің (кейінгі кезеңде жазылған) табиғаты мен тағылымынан да қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, адам мұраты мен өмір, тұрмыстары, жастығы мен достығы, сүйіспеншілік сырлары қаз-қалпында көрсетіліп, қалың көпті көркем-

дік-эстетикалық құндылықтарымен, мәдени-рухани әсер-ықпалымен баурап, жан жүрекке жылы ұялайды. Әңгіме әлемінен, ондағы өмір-уақыт шындықтарынан, кейіпкерлер жүйесіндегі қиын да күрделі, қызық та кимас сәттерден, жастық пен достық тақырыптардан, т.с.с. алуан арналы ізденіс, көркемдік шеберлік, шынайы шешендік үлгілері кеңінен көрініс табады.

Қаламгер мұраты мен көркемдік қайнарларының қазыналы өлкесі, бел-белестері мен сыр-сипаттарының бір қыры осында екені анық.

Тәуелсіздік кезеңіндегі жанарулар мен жаңғырулар көрінісі көркем шығармаларда әрі қарай жалғасын тапты. Қаламгер **М. Мағауиннің** жаңа туындыларының бір шоғыры он үш томдық шығармалар жинағының жетінші кітабынан орын алған (*Алматы: Қағанат, 2002. – 454 бет*).

Кітап мазмұнынан анық аңғарылатынындай, ондағы «Еркіндік бастауындағы екі әңгіме», «Тамыздан соңғы әңгімелер», «Одағай әңгімелер» жаңашылдығымен, жазылу еркіндігімен, тақырыптық һәм мазмұндық ерекшеліктерімен назар аудартады.

Жазушы еңбегінде, әсіресе «Шытырман» роман-эссесінде (1996) «Салах-ад-Диннің үкімі» атты әңгіме таңдаулы туындылар қатарына қосылған еді. Ақиқатында, «Салах-ад-Диннің үкімі» әңгімесі та-

рих пен таным арналарынан мол сыр қозғайды. Әңгімеде бастапқы тұстан-ақ сайыпқыран Салах-ад-Дин сұлтанның темір-болат кресшілерді тас-талқан еткен ерлігі, танымал тарихшы Шейх Әбубәкір ибн Мұджәһид әл-Бағдадидің «Ғақлия кітабының» оқиғалары, Зеңгі деген әскербасының ерлік пен есерлік, ескішлдік пен қарақшылығы қатар көрсетіледі. Зеңгінің айтуынша, жас кезінде «жолбасар қарақшы» болған көрінеді. Күндіз-түні жол торыған. Өзіне сенгендіктен он-он бес адаммен жалғыз алысқан. Бес-алты адамды көзге ілмеген. «Мен сондай едім» деп еске алады.

Зеңгі қарақшылық кезеңінде: «...егіз дарияның арасындағы Бұхаранәріфтен білім ордасы Бағдадқа бара жатқан жарлы шәкіртке» кезігеді. Оны да «әп-сәтте байладым да тастадым» дейді. Есек те, шәкірт те жазасын алады. Әсіресе, жазықсыз шәкірт «...қырқа бөлмей, айыра шаппай, қудалап өлтірген жөн» деп айуандыққа барады. Зеңгі әскербасы өлім жазасына кесіліп, одан кейінгі желі атақты академик, танымал тарихшы Бектеміс Шәкеевич Ақпанбетовтың «Кіші Октябрь» атты екі томдық мемуарындағы оқиғаларға ұласады. Бұл еңбекте қазақ тарихының «белгісіз беттері» кеңестік жүйенің басым бағыттары аясында дамып отырады. «Большевизм жолы» кедергісіз көрініс береді. «Төңкерісшіл жасақтың»

жеңімпаз жолы да айна-қатесіз танылады. «Алаш-Орда» басшыларының есімдері аталады (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев). «Алаштың пиғылы теріс қара-таяқ жастары» (Дәулет Бектібаев, Жәңгір Ерденев, Ойрат Сартаев) назарға алынады. «Төңкерісшіл жасақтың қызыл жауынгерлері» атып-асуда белсенділік танытты. «Ешбір елдің азаматтық заң жүйесінде, ешқандай соғыс низамында мұндай тағылық тәртіп жоқ» дегендерін де құлаққа ілмеді. Жарыса қимылдады, кезектесіп атты.

Академик Ақпанбетовтың тағдыр-талайының бірден-бір дерегі, айғақты һәм «жансыз куәгері» – «төңкерістік маузер қазір Орталық тарихи мұражайда тұр». Мұражайдағы «тілсіз маузер» – кешегі күннің күнгірі ғана емес, тарихи айғақ. Онда 25197 – реттік саны көрсетілген қара маузер «бедері өшпеген». Көне кезең тарихшысы «Ғибрат үшін жазып қоюға бұйырды» деген де белгі, бедер бар.

«Азаттық туын көтерген Салах-ад-Диннің» бір белгісі, мол ғибраты осы.

Ал Зеңгі әскербасы қылмыс-күнәсі үшін өлім жазасына кесілді. Керісінше, ардан аттап, әділетсіздікке жол ашқан, тұла бойы қылмыс-күнәдан тұратын академик Ақпанбетов өмір сапары аяқталғанша абырой-құрметтің кемесінен түскен жоқ. Даңқ тұғырына көтерілді. «Адам атқан маузер» Ақпанбетовтың «айнымас серігі» болған екен. Төңкерістік

ару «өшпейтін белгі, ұмытылмас та-
них» куәсі көрінеді.

Қарт шежіре шерткен «Ғақлия
ітабының» тарихтық сыры, таным-
дық мәні, тағылымдық қырлары
сында болса керек.

Ал әңгіме түйіні былай беріледі:
«...академик баяндаған хикая-естелік
емес, сіздің қаламгер байыптаған маз-
мұндама куәлік емес... Әуелгісі –
кімнің өзі, соңғысы – сол үкімнің
аияусыз тәсілмен жүзеге асқан кө-
нісі...» (*М. Мағауин. Шығармалар
жинағы. 7-том. – Алматы: Қағанат,
2002. – 26-бет*).

Бір қарағанда, сырттай сипатта-
нның өзінде тарих-шежіренің дә-
йекдеректері әр қырынан көрініс
бергенмен, өмір оқиғалары мен
шынайы сырлары танылып тұрады.
Қарт шежірешінің өмір тағылым-
данып тұратын «Ғақлия кітабы»
іткен уақыттың, күрделі кезеңнің
ырлы сипаттарын ақыл-өсиет, әсерлі
әңгімелерге арқау еткендік, кеше
мен бүгін байланысы, сабақтастығы
аңғалған. Академик Ақпанбетовтен
йтқан «ақиқат жайттар» тарихи ай-
қастарды, деректеме негіздерін қуат-
ғай түседі. «Ешкім де, ешнәрсе де
ұмытылмайды» деген көне тәмсіл
қайта көрініс береді. Ал автор өз ке-
зегінде тарих жылнамасын «қайта
жаңғыртып, жаңа уақыттың бедерлі
бейнесін, талап-тілектерін астарлап
ға, танып-талдап та, бейнелеп те бе-
реді. Түйінді тұста: «...Енді мойын-

дауға тура келеді: жазушыдан қатал
жендетті ...олай емес, жазушыдан
қатал жан жоқ!» дегенді анық жет-
кізеді.

«Коммунистік реализм» әңгіме-
сі кеңестік жүйе тұсындағы кезең
шындықтарын, өмір-тұрмыс сырла-
рын, ең негізгісі адамдар көзқарасы
мен еңбекке қатынасы, билік пен
халық арасындағы бәз-баяғы байла-
нысты арқау етеді. Кеңестік кезең
тұсындағы: «Совет адамдарының
бүгінгі ұрпағы коммунизмде өмір
сүретін болады» деген көзқарас-
қауесеттің студент жастар (Баубек,
Бекет, Жарас, Сәрсен, Мадияр) ара-
сына жетуі, олардың өзара әңгіме-
сұхбаттарына негіз етілуі де қоғам,
өмір туралы таным-түсініктерінің қа-
лыптасуына, толғаныстарының кең
көлемде өріс алуына мол мүмкіндік-
тер берді. Коммунистік қоғам ха-
қында ой-пікір алысуға да ерік бер-
ді. Студент жастардың бірге оқып,
жатақханада да бірге тұрып, қатар
жүруі суреттеледі, тіпті әдебиеттің
дәстүрлі жанрлары – өлең, әңгіме,
хикаят жазады. Сабақтан, қаламнан
қолдары босаса-ақ өзара әңгіме-дү-
кен құрады. Коммунистік манифест,
коммунистік программа, коммунизм
жөнінде таласқа түседі. «Коммунизм-
де бәрі тегін, бәрі теңеседі» дегенге
жан-жақтан жауап береді. «Комму-
низм кезінде ұлт деген жойылады.
Тіл де ортақ болады. Ұлт та ортақ.
Барлық игілікті совет халқы жаппай

найдаланады» дегенге шыр-пыр бо-
лып дауласады. Университет, факуль-
тетте өтетін жиындарда да жекелеген
козқарастарын ашық айтып жүрді.
Орыс тілінің үстемдігі турасында да
ой-пікірлер білдірген-ді.

Жастар ортасы бірер уақыттан
кейін Жараспен толықты. Ол енді
«КПСС тарихы» материалдарына қа-
нықтығын көрсетті. Тіпті бірер күн-
нен кейін-ақ «Коммунистік реализм»
деген жаңалығын да жариялап жі-
берді. «Мен ашқан жаңалықтың жөні
бөлек. Әдебиеттің бүкіл болашағын
айқындайтын, аса мәнді құбылыс», –
дегенді Жарас анық айтты. Ой түйінін
былай білдірді: «Социалистік заман-
да социалистік реализм болды, енді
коммунизм заманында коммунистік
реализм дейтін жаңа көркемдік әдіс
өмірге келуі тиіс; қоғамның даму
заңдылығына сәйкес әдебиеттің, тек
әдебиет қана емес, бүкіл өнер атау-
лының даму жолы осындай биікке
жеткізбек. Адамзаттың нұрлы бо-
лашағы – коммунистік қоғам болса,
әдебиеттің, өнердің дамуының ең
жоғарғы сатысы – коммунистік ре-
ализм әдісі!» (*7-том, 45-бет*).

Жастар арасындағы пікір алысу –
социалистік, коммунистік қоғам,
оның көркемдік әдісі төңірегінде
де кең өріс алды. Баубек пен Бекет
пікірталасына белсене араласты.
Маркс, Энгельс, Ленин есімдері атал-
ды. Хрущев пен Жәнділдин жайлы
да материалдарға орын берілді. Жеке

шығармашылық та ара-тұра тілге
тиек етілді. Өзара талқылап, ой-пікір
де бөлісті. Қауіпсіздік комитетінің
де нысанасына ілінді. Сұрақ-жауап
та алынды. Ұлттық бағытта өсіп-
жетілген жастар өмір ағынымен әр
тараптан табылып, еңбек етті. Қо-
ғамдық өмірге араласты. Әдеби-ғы-
лыми бағыттағы ізденіс, еңбектері
жарық көрді. Өмір, тағдырлары із-
түзсіз кеткен жоқ. Елге жетті. Та-
рихта қалды. Ал социалистік қоғам,
коммунистік реализм, межелі жерге
жетпей, шырқау биікке көтерілмей-
ақ, қанаты қайырылған құзғын қарға-
дай жер құшты. Туынды табиғаты мен
шешуші тұсы осыған келіп саяды:
«Жыртқыш империя кемеліне келіп
тұрған сол бір заманда енді жиыр-
ма жылдан соң жұрттың бәрі жатып
ішер дәурен орнайды дегенге елтіген
мәнгүрттер көп болыпты; енді отыз
жылдан соң осы империяның сасы-
ған өлексесі көрге түседі десе, қай да-
нышпан сенер еді...

Көктен көрінбес жасын түспесе,
төбекөз тажал туған ұлдарын, таяу
төңірегін, әлемнің алтыдан бір бөлі-
гін жалмаумен шектелмей, төрт мұ-
хит, бес құрлықты, жердегі тіршілік
атаулыны тегіс типыл қылатын еді,
жері нысанды жолынан тайдырып,
жұлдыздардың жарығын басқа та-
рапқа бұратын еді. Қызыл фашистер
орната жаздаған коммунизмнің –
осы!» (*7-том, 65-66-беттер*).

Қаламгердің «Тамыздан соңғы әңгімелер» атты топтамасына бірнеше шығарма енген («Жүсіптің қызы Светлана», «Жаздыгүн шілде болғанда», «Нала», «Қара қағаз келген Салық ағам», «Карлагтан хат», «Орыстың төресі», «Ұлтаралық жанжал»).

Аталған әңгімелердің арасында «Жүсіптің қызы Светлана» ақиқат жайттарға, өмір шындығына құрылған. Бастапқы тұста Жүсіп (пелшір) мал дәрігерінің отбасы ретінде «Алғабас» ауылына көшіп келеді. Алғашқы әйелінен туған Светлана ашық, көпшіл көрінеді. Көршілерінен оқтау сұрап келген тұста-ақ, әкешесі, інісі туралы айтып бергенді. Мадияр мен Светлана қатар-құрбы ретінде үйде, мектепте кездесіп жүрді. Метірке бойынша – Светлана Жусуповна Мухаметкалиева екен. Әке-шешесінің аты-жөні де сондай өзгерістермен жазылған көрінеді. Жазушы бұл тұстарды күрделі кезеңнің көріністері ретінде көрсетіп, оның адам өміріне әсерін жүйелі жеткізеді.

Мадияр мен Светлананың кітап, сабақ жайлы өзара әңгіме, түсініктерінен қарапайым балалықтан басқа, «сталиндік кезеңнің» көріністері де танылып қалады. Ол, әсіресе сабақ барысы бойынша дайындықтарынан, әкелерінің тыйым салынған кітаптарды оқып қана емес, айналасына, жақын-жуықтарына да көрсетіп, парторг айтқандай елді азғыр-

ған көрінеді. Әлгі парторгтің «Сенің басың менің қалтамда!» дегені ақиқатқа айналады. Көп ұзамай Жүсіп пелшір де «халық жауы» болады. Көз көрмес, құлақ естімес жерге кетті. «Әлде Колымада, әлде Магаданда қалды». Елдегі «көреген көздердің» әсерінен, әрине.

Уақыт сыны қатал, «Жүсіптің қызы Светлана тұлдырсыз қалды. Атасы жоқ, әжесі жоқ. Шешесі өгей. Жақын-жекжаты тағы болмаса керек». Алыста тұратын жамағайын бір туысы алып кетсе керек.

Ал тарихтағы «Сталиннің қызы – жарым дүниені қанға бөктірген, жарты ғаламды азапқа батырған Иосиф Сталиннің өзінің туған қызы Светлана ...әуелде қуғын, үркінге түскен, кейін жер әлемнен сая таппаған Светлана Сталина – Джугашвили – Аллилуеваның хикаясы көпке мәлім...» (7-том, 138-бет).

Әңгіменің тұтас табиғатынан екі Светлананың (аттас, әрине) өсу-есею сәттері, өмір-тағдырлары ара-тұра еске алынады. «Қуғын-сүргін», «халық жауы» сынды суық хабарлар тұсында тіпті қорқынышты, сұсты сипат алады. Қатал уақыт бедері, өктем өкіметтің сиықсыз сиқы көрініс береді.

Әңгіменің даму бағыттарынан Светлана атты жасөспірімнің адал да ашық, ақкөңіл қалпынан әкесі Жүсіптің (мал дәрігері-пелшір) кәсіп-тағдысына шынайы берілгендігін,

оның үстіне ескіше сауатты арғы-бергі кезеңнің мәдени-рухани әлемінен хабары бары айқын аңғарылады. Лениннің: «Оқы, оқы және оқы!», Сталиннің: «Барлық істің тетігін кадр шешеді» дегенді қаперде ұстайды. Дулат, Шортанбай, Шәкәрім мұрасына құштарлығы танылады. Оңашада оқып, өзінше сырласатын сәттері де көп. Қожан парторгтің першілге (Жүсіпке) сес көрсететін тұстарының бірі де осыған байланысты еді.

Тегінде, Жүсіп (першіл) ескіше сауатты, ішкі мәдениеті жоғары, кәсібін еркін меңгерген жандардың бірі. Қиын-қыстау кезеңде сталиндік зұлмат – «халық жауы» ретінде танып, көз көрмес қиырларға аттандырғанды.

«Жүсіптің қызы Светлана» осы тұста «тұлдырсыз қалды». «...жамағайын бір туысы алып кеткенге» ұқсайды. Қуғын-сүргін салдары бейкүнә жандарға, әсіресе жасөспірімдер өмірін тас-талқан етіп, тағдырларына ошпестей таңба салғанды.

«Жүсіптің қызы Светлана» солардың бірі еді. «Халық жауының баласы» атанғанда Светлана шын қорланды. Сабаққа апталап бармады. Азап-уайымнан азып-тозды, «жағы қушыып, көзі бақырайып» қалды. Үлкендердің айтуынша, әкесі Жүсіп: «...тыйым салынған зиянды кітаптарды таратып, совет өкіметін, ұлы орыс халқына қарсы үгіт-насихат жүргізгені үшін кеткен. Оны аз десеңіз, ұлы

көсем Сталинге тіл тигізіпті; тіл тигізген емей немене, адамзаттың данышпанын өзімен шендестірген: Иосиф деген – Жүсіп деген сөз, ендеше, мен Сталинмен аттаспын деген сөзінің дәлелі ретінде қызының атын ұлы көсемнің қызымен таластырып, Светлана қойған... Жүсіп пелшір осы айыптардың шырмауында тіл тартпай кете барған» (7-том, 136-137-бб.).

Әңгімедегі Жүсіптің тағдыры мен оның қызының аянышты халі осы жайттардан анық танылады. Өктем өкімет, қатал уақыт оның отбасы өмірін тас-талқан етіп, ондағы адамдардың тағдыр-талайына балта шапты. Автор Жүсіп пен Светлананың өмір-тағдырларын көрсету негізінде қоғамдық құбылысты, өктем өкіметтің қанқұйлы, содырлы сиқын боямасыз баяндайды. Зиянды зардаптарынан қорытынды шығаруды алға тартады. Адами капитал – басты байлық екенін айқын көрсетеді.

Бұдан басқа, атап айтқанда: «...пелшір Жүсіпті көрсеткен, кейін білдік, менің атамды қаралауға да үлес қосқан парторг Қожан өтіп кеткен Сталиннің өзі «халық жауы» деп жарияланған жұт жайлы боранда, екі қыстақ арасында адасып, үсіп өлді. Шөкелеп бүріскен күйі мұз болып қатып қалыпты. Көрге дұрыстап жатқызу үшін жібітіп, бойын созғанда бел омыртқадан үзіліпті һәм оң қолдың бес саусағы бірдей жоқ, шолақ шығыпты, сірә сынып түсіп далада не

жолда қалған; ал ортасын оқ ойған, бүрісіп біткен сол жақ алақан өзінен өзі жазылыпты, бес саусақ та бар екен дейді. Оң қолдың кінәсі – сол қолды атқанында емес арыз-ғұрыз жазып, азаматтың обалына қалғанында деп еді атам...» (7-том, 138-бет).

Қожанның өлімі мен жазасы адамға жасаған қиянатының кесірі екені анық. «Шолақ белсенділік» парторг пәрмені өзіне де ор қазды. Өлімін жақындатты. Ел ортасында, отбасында емес, боранға тап болған. «Мұзға айналған». Жамандық әрекеті алдынан шыққан. Өмірін жұтқан.

Күрделі кезең шындығы мен сұрықсыз сиқы осындай еді.

Негізінен алғанда, әңгіме арқауы күрделі кезең көріністерін мектеп жасындағы жас жеткіншектердің көңіл, көзімен сабақтастықта өрістетіп, осы арқылы сталиндік нәубет, зұлматтың сырлы сипаттарын шындыққа сыйымды қалыпта суреттейді. Алғашқы тұстағы көршілік қарым-қатынас, мектеп жасындағы балалардың өзара байланыс, сұхбаттары күрделі кезеңнің қосалқы көріністері ретінде берілгенімен, қуғын-сүргін, нәубет-зұлматтың куәгерлері де болады. Бала көңіл қатал уақыт сынын, зұлмат-зауалдың сыр-сипаттарын да сезінеді. «Халық жауының балалары» деген мазақ-өктемге толы салқындықты да ауыр қабылдайды. Ал Қожан парторг «арыз-ғұрыз» жазумен машықтанғандықтан, «сүйікті кәсібі»

өміріне кедергі келтірді. «Боран» өлім сыйлады. Адам қаһары мен уақыт сынына тап болады.

Қысқасы, «Жүсіптің қызы Светлана» атты әңгіме күрделі кезеңнің ақиқат жайттары мен шындық сырларын ашумен бірге, адамдар қарым-қатынасын, өмірдің күнгейі мен көлеңкелі тұстарын, қатал уақыттың бедерлі һәм бейнелі көріністерін нанымды жеткізуімен көңілге кедергісіз ұялайды. Боямасыз өмір, шыншыл сырлар уақыт бедерін анық-қанық көрсететіндіктен, аталмыш әңгіме көркемдік-рухани нәрімен, деректік мәнімен маңызды болып табылады.

«Нала» әңгімесі әдеби журналдың бас редакторы мен ауылдан келген қартаң әйелдің өзара әңгіме, сұхбатына құрылған.

Алдымен «қартаң әйел» бейнесі былай беріледі: «Үстінде шолақ жаға, түсі оңа бастаған көнетоз сұр макинтош – бұдан жиырма бес-отыз жыл бұрын қолы жеткен қызметкер ғана киюші еді, басында реңі сарғылт тартқан ақ жібек бөртпе шәлі – біздің шешелеріміздің келіншек кезіндегі пұлды әрі аса қат дүние; аяғында, мана, имене басып есіктен кіргенде көзім түскен, қонышы тік, өкшесі биік қара етік, шамасы он-он бес жылдық ғұмыр кешкен, бірақ мықшимаған, тозбаған, бәлкім, қалпына тақау. Мен жас мөлшері қырықты алқымдаған әйелдің әуелгі қалпын елестетуге тырыстым. Маңдайы жазық, қасы имек,

қан-қара. Көлденендей тартылған үйік-шұбақ әжім астында қабағы ырбиң көрінеді. Арық беттегі солыңғы ұрты, сорайған жағы – биік қыр мұрын мен жанары жылы қара көзіне үйлеспей тұр. Бір заманда аққұбаның әдемісі, көрікті келіншек болғаны аңдалады. Мұншама қартайтқандық емес, шеккен азап, көрген бейнет тәрізді» (7-том, 171-172-бб.).

Қартаң әйел бейнесі кешегі күннің жалғасы, дәулетті ортаның өкілі ретінде есте қалады. Болмыс-бітімі, өзінің ұстауы мен сақтауы, киім үлгісі өмір-тағдырын да таныта түседі.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есімі мен еңбегі ортақ әңгіме арқауы етіледі. «Қартаң әйелдің» Сұлтанмахмұтқа қатысты аз-кем білгеніне түзету де тиісінше енгізіледі. С. Торайғыровтың өмірі мен шығармашылық мұрасы, байлық-кедейлік, оқу-білім, баспа-баспасөз хақында кең көлемді дәйек-деректер келтіріледі. «Айқап», «Қазақ» газет-журналдары, «Шоң серіктігі» төңірегінде де едәуір сөз етіледі. «Шорман әулетінің» жақсылық, жетістіктері де әр алуан салыстыру-салғастыруларға негіз болады. Сәдуақас Шормановтың абырой-атағы, байлық-берекесі Сұлтанмахмұттың кездесуі тұстарында да таныла түседі. Сұлтанмахмұт алдына тарығып барған-ды. Өмір-тұрмысына, оқу-біліміне қаржы-қаражаттан қысылған-ды. Қол-ұшын беретініне сенген-ді. Үміт-сенімі аяқасты етілді.

Шұғыл атқа қонған-ды. Ат үстінен айтқаны төмендегіше естілді:

*Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың
көк жапырақтары
Бұтағына келіп қонған едік.
Онымызға қарай Сіз де:
«Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік»
деп,*

*Бауырлығыңды білдірмей,
Арқаның жауырлығын білдірдің.
Шоң-Шорманға бастамасаң да,
Ілтипатыңнан тастамағаныңа
рахмет, хош!*

Ақын өлең жолдары мен оның әрбір тармақтары арқылы Шоң-Шорманның атақ-абыройын «асқақтатып, келесі кезекте Шорманның Сәдуақасының «алды-артының тар», жақын-жуыққа жылуы жоқ, тоғышар жан екенін мінеп, сынап кетеді. «Ілтипат, сыйластығына» көңілі қалады. Адами сиқын бетіне басады.

Ақын бұдан кейін де тағдыр талқысын көп көрген-ді. Өмір сапары да тым қысқа болды: «Жарық дүниедегі жасы жиырма жеті екен. Жиырма жеті жыл бойғы жоқшылық. Тым құрыса тағы бірер жыл тұрсам деп армандапты. Өмір емес, жазу сұраған. Қазақ рухын көтере түсетін жалынды шығармалар. Бір-ақ жыл. Тым құрыса жарты жыл... Маған сол жетпей қалған жарты жылды келтесінен кескен – Әзірейіл емес, ата

қазақтың ақ жолын аяқасты еткен Сәдуақас Шорманов сияқты көрінеді де тұрады. Сарандықтан емес, тасырлықтан, тасырлықтан емес, ішмерез арамдықтан. Ақынға қимаған жүз теңге, жүз теңге болмаса, бір ат, құдай-ау, қасқыр тартып кететін бір тай... кайда қалды? Ақын өлімінен соң арада жеті-сегіз жыл өткенде бір тай смес, мыңғырған барлық малы, мал ғана емес жинаған барлық қазынасы, алтын-күміс ыдыстан ақ отауға дейінгі жүз жылдық байлығы... ұстаған қолда, тістеген ауызда кетті. Өз балаларына бұйырған жоқ! Адамның обалы ма, құдайдың қарғысы ма? Үлде ақынның наласы ма? Бар байлығы талауға түсті. Бірақ, одан бізге не пайда? Шорман әулетінің жүз жылғы баққан барлық малы тарыққан Ақынның бір сәттік наласына тағу ма? Татымайды. Сол малды қайта жинап, кесек-кесек алтынға айналдырып, Ақынның Торайғыр көлінің жағасында жалғыз тұрған мұңды моласының үстіне апарып үйсек... өткен ғапыл іс бір мысқал жеңілдей ме?» (7-том, 195-196-бб.).

Автор ақын өмірі мен өлімін қатар көрсетіп, оның қысқа қайырылғанына әлеуметтік-қоғамдық органның әсер-ықпалымен бірге Сәдуақас Шорманов сынды алпауыт хәм сараңның, тасырлық пен ішмерездің де орасан зор салмақ салғанын баса айтады. Өзінен, жақын-жуығынан аяған «байлық-дәулетінің» ұстағанның ко-

лында кеткенін де ашына жеткізеді. Өмір-дүние сыры ашылады. «Өткен ғапыл іс» еске түседі. Бастысы, адам мұраты, өмірі мен еңбегі қатар көрсетіліп, оның көпке ортақ тұстары, игілігі мен ізгілікті тұстары өзара салыстырылады. Адам ғұмырының мәнділігі мен мәңгілігі адамгершілік мұраттармен, жасампаздық жолмен, игілікті істермен қатар өріс алады. Атақ-байлықтың өткіншілігі, өмір-дүниенің жалғандығы адам мұратының асқақтығымен, әділетті іспен, ізгілікті қадамдармен өзара салыстырылып, маңыз-мәні ашылады. Адамдық іс ардақталып, адамгершілік жол кең өріс алады.

Кезекті тұста Шорманның Сәдуақасы туралы әңгіменің ұзын-ырғасы айқындалып, аяқталғанда, кәсіпкер Сәдуақас Зормановтың дерегі шығады. Зорман-Шорманның ұлт, тарих, тіл туралы тайыз түсініктері де белгілі болады. Әдеби журналға демеушілікке де керегі болмай қалады. «...арыдағы Шорманның болған оқиғасын, берідегі Зорманның болашақ оқиғасын» әркімнің білгені жөн. Ақын ақиқаты өткен күннен белгі берді. Тарихтан сыр қозғады.

Әңгіменің өн бойынан Шорман әулетінен өзге, Шоң, Торайғыр туралы да дерекнамалар кеңінен қозғалады. Қазақ тарихы мен ел-жер, дәстүр-салттарынан дерек берер айғақты зат, көріністер көптеп кездеседі. Байлық-дәреже, мансап-марапат, сән-салтанат

үлгілері де тиісінше орын алады. Алайда автор осының бәрі «адамға қызмет етпесе» керексізін өмір-дүниенің жалғандығымен тығыз байланыстырады. «Шорман-Зорманның» дерек, хикаяттары атақ-мансаптың өмірге қалатынын, адам-ұрпағымен, әділеттілік жолымен ғана қалың көптің жадында қалатынын өмір шындығы, шынайы сырлар арқылы бейнелі береді.

Жинақтап айтқанда, «Нала» әңгімесі өмір жүзіндегі, тарих тезіндегі ақиқат жайттарды қайта жаңғыртып, әлеуметтік мәнін, әсіресе ұлт пен ұрпаққа қатысты тұстарын көркемдік нәрін, уақыттың талаптынысына сай сенімді суреттейді. Күрделі кезеңнің шындығы мен тарих таңбасы айқындалады. Арғы-бергі кезеңдердегі белгілі-белгісіз адамдардың қадірлісі, қасиетті қырлары мен белгі-ерекшеліктері кең көлемде сараланып, керісінше, абыройсыз әрекеттері нанымды ашылады. Нәтижесінде, Сұлтанмахмұттың ақындық өнерін асқақтату арқылы кезең шындығы мен уақыт тынысы бедерлі баяндалады.

Демек, «Нала» әңгімесі өмірлік дерегі мен шындығы мол әрі адамдық мұрат пен «кейбіреулердің» басында кездесетін аярылық пен тасырлық, ішмерез сынды ұнамсыз әрекеттерді аяусыз әшкерелейтін, С. Торайғыровтың өмірі мен ақындық қуатын, Шорман әулетінің сыр-

сипаттарын жан-жақты ашатын әсерлі туынды. Тарих пен танымнан сыр толғайтын, кеше мен бүгінді сабақтастықта сөз ететін тартымды туынды.

Жазушы әңгімелері арасында «Қара қағаз келген Салық ағам», «Карлаған хат» атты туындылар ел тарихы мен өміріндегі қилы кезеңнің күрделі көріністерін, адам мұраты мен тағдырындағы аласапыранға толы қиын-қыстау сәттерді арқау етеді. Алғашқысында фашистік концлагер мен советтік каторгаға түскен Салық пен темір торда тағдыры тас-талқан болған Мүсілім сынды бейнелердің өмір-тұрмысы нақтылы деректер негізінде сөз болады. Автор тағдырлы тұлғаларды (Салық пен Мүсілім) өмір деректерімен, ел-жермен сабақтастықта суреттейді. Елдегі ауыр ахуал мен фашистік озбырлық алма-кезек беріліп, өмір көріністерімен, уақыт тынысымен сабақтастықта өріс алады. Адам мұраты, қажыр-қайраты елдік-ерлік сипатында көрініп, өнегелік-ғибраттық қырларымен назар аудартады. Өмір-уақыт шындықтары көркемдікпен беріледі. Автор адам әлеміне үніліп, ондағы әр қилы көрініс, түрлі өзгерістер мәнін ашты. Адам мұратына, күш-жігеріне елдік сипаттарға ден қояды. Өмір оқиғасының шындық сырлары да көркемдік желі, шегіністермен жүйелі дамиды.

Ал «Орыстың төресі», «Ұлтаралық жанжал» атты әңгімелер адамдық ізгілік жолын қуаттайды, бейбітшілік пен жасампаздықты ардақтайды. Ұлт пен ұрпақтың бейбіт өмірін, тату-тәтті тіршілігін уақыт тынысы негізінде ашады. Қоғам байлығы – адамды ардақтап, оның дамып-өркендеуінің бірден-бір кілті – бейбіт өмір, тұрақты тыныштық екені кеңінен көрсетіледі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, еңбек мұраты мен тұрмыс-тіршілік тынысы да бейбіт өмір, тұрақтылық пен туыскандық төңірегінде келісті көрініс табады.

Бейбіт өмір мен тұрақтылық, туыскандық пен тыныштық – әлемдік прогрестің кілті болса, Қазақстанның басты тұғыры мен тірегі болып табылады. Мұның өзі кеше қандай қымбат болса, қазіргі кезеңде аса қастерлі хәм мәнді.

Жазушының «Одағай әңгімелер» топтамасына енген туындылары («Қасқыр-Бөрі», «Камикадзе», «Сұр-қожек аттың соңғы шабысы», «Елес», «Қос ағаш», «Травеннің әңгімесі», т.б.) өмірлік дерек пен шындық сырларын, көркемдік мұрат пен таным арналарын айқын аңғартады. Айталық, «Қасқыр-Бөрі» әңгімесінде шегініс-салыстырулар арқылы тарих пен тағдыр, адам мен өмір алма-кезек салыстырылса, «Камикадзе» – ұлт пен ұрпақ алдындағы қарыз-парыз, елдік-ерлік туралы сырлы шежіреге толы танымдық дерегі, тағылымдық сипаттары мол туынды.

Біздіңше, қос туындыда өмір мұраты, дүние дидары, адам әлеміне қатысты тұстар мол. Өмір-өлім туралы фәлсафа, дәстүр-сана сипатына қатысты көзқарастар да тиісті тұстарда көрініс береді. Жан-жүрек, рух турасындағы толғам-толғаныстар, көк бөрінің кешегісі мен келешегі жөніндегі үміт-сенім сипаттары да тарих тағылымы негізінде көрініс береді. «Қасқыр» мен «Бөрінің» атауы, орын-үлестері де осы реттен еске алынады.

Ал «Камикадзе» әңгімесінің түйіні ұлт пен ұрпаққа қатысты айтылғаны анық: «Уа, Тәңірім! Күш бер кейінгі балаға!

Камикадзе болмай-ақ қойсын. Камикадзе – өлім алдындағы ең соңғы серпін, амалсыз әрекеті.

Өмір бер әулетіме! Санасына нұр, көкірегіне қуат құйылсын. Ерлігі қабындап, Ата-бабаларының асқақ рухын қайта татсын. Еңселі Ел болсын!» (7-том, 350-б.).

Қорыта айтқанда, қаламгер М. Мағауиннің шағын жанрдағы әңгімелері кезең уақыттың шындықтарын арқау етіп, осының негізінде арғы-бергі тарих тағылымын, адам мұраты мен еңбегін, елдік-ерлік сипаттарды сырлы, мәнді қалыпта жеткізеді. Қайсыбір тақырып, оқиға өрісінен кешегі күннің күңгірі, тарих таңбасы мен таным арналары, тұлға табиғаты мен тағдыр талқысы терең иірім, көркемдік қабылдау хәм қорыту тұрғысынан

жүйелі жеткізіледі. Авторлық ұстаным мен көркемдік мұрат бедерлерінен көзқарас пен қолтаңба өзгешелігі, алуан үлгідегі астарлар мен салыстырулар, шегіністер мен сарказм сипаттары, оқиға мен мәтін, ой-сөз жүйелеріндегі ағыс-арналар М. Мағауин мұратын, қалам қуатын, жан жүреkteгі сенім мен сезімнің серпінді де шуақты тұстарын терең танытады. Осы орайда, жазушы-ғалым Т. Жұртбайдың талғам-таразысы төмендегіше түзілер еді:

«...«Тамыз әңгімелерінен» кейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнері әр түрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі – құбылмалы, әдеби әдістері – алмағайып, алмасып отырады, шендестірулері – ширақ әрі күрделі, тұспалдары – тылсым, смеуріні екі-үш мәнге ие, нысанасы – әрі биік, әрі терең, оқиғаға өзінде, өзінді де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилықилы әсерде қалдырады» (Т. Жұртбай. Қос қайырым // «Алтын тамыр», 2009, №6, 14-б.).

Қаламгер М. Мағауин әңгімелері тарих пен таным арналарын көркемдік шындықтар тұрғысынан таразылап, адам мұратын, өмір-тұрмыс сырларын, кеше мен келешек келбетін әр алуан көрініс, ой-сөз желісі негізінде

жүйелі дамытып, уақыт пен кеңістік көкжиегін бедерлі бейнелейді. Өмір оқиғасы мен шындықтары сырлы сипаттарымен есте қалады.

2012 жылдың 21 мамырында республика қаламгерлерінің кеңейтілген мәжілісінде Н. Ақыш «Эстетикалық биіктер деңгейінен көрінейік» (2010-2011 жылдардағы прозалық шығармалар туралы) баяндамасында: «Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған прозалық туындыларымыздың арасында біршама сыпайы жазылып, көздеген көркемдік мақсаттарына жеткендерінің қарымы едәуір. Әр түрлі деңгейде қатысқандарымен, бұл ретте, Төлек Тілеуханов, Тұрсынәлі Рыскелдиев, Дүкенбай Досжан, Кәдірбек Сегізбайұлы, Софы Сматаев, Бексұлтан Нұржеке, Берік Шаханұлы, Сәбит Досанов, Марат Мәжитов, Дидахмет Әшімханұлы, Мархабат Байғұтов, Нағашыбек Қапалбекұлы, Серік Асылбекұлы, Несіпбек Дәутаев, Қуаныш Жиенбай, Қуандық Түменбай, Толымбек Әбдірайым, Келіс Рахымжанов, Жолтай Әлмашұлы, Нұрғали Ораз, Жаңабек Шағатаев, Дархан Бейсенбек тәрізді қаламгерлердің туындыларын атай аламыз. Тақырып жағынан алғанда өнімдірек қамтылғаны – қазақ тарихына қатысты туындылар», – дейді. (8-бет, Уақыт және әдебиет, Республика қаламгерлерінің кеңейтілген мәжілісі, 21 мамыр, 2012 жыл).

Қазақ әдебиетінің дәстүрлі жанрларының дамуына, оның алыс-жақынға танылуына көрнекті қаламгер **Дүкенбай Досжан** тақырыптық хәм көркемдік ерекшеліктерімен де сүбелі үлес қосты. Атап айтқанда, шағын және көлемді жанрлар табиғатындағы ізденіс арналары мен көркемдік мұраттарында бірлік-байланыс пен сабақтастық бары байқалады. Қоғамның басты байлығы – адам әлемі мен еңбегін, тұрмыс-тіршіліктерін, өмір-уақыт шындықтарын қабылдау мен қорытудағы көркемдік амал-тәсілдерінде авторлық ұстаным мен қалыптасқан қолтаңба терең танылады. Өмір оқиғаларын, уақыт тынысын, тұрмыс-тіршілік көріністерін алуан бояу, бедерлі нақыштармен нанымды бейнелейді. Ой мен сөздің бірлігін сақтап, сырлы әлемнің құпиясына еркін енеді. Қаһарманның рухани әлемін ашу ісінде – арғыбергі тарихтың терең да тылсым қойнауларына қадам жасайды. Танымал тұлғалардың, білімпаз оқымыстылардың мұра-мирастарына ден қояды. Реализм табиғатына, көркемдік таным арналарына, магиялық реализмге, максималистік ұстанымға, ой-сана ағымына, пәлсапалық-ғұмырнамалық баянға, бояу-нақышқа, сөз суретіне барынша бейіл танытады. Тілді қолдану мен құбылтудағы мол мүмкіндіктерінен, стильдік құбылыстардың терең, тылсым сыр-сипаттарынан көркемдік көкжиегіне құш-

тарлық пен сүйіспеншілік сезіледі. Нәтижесінде, қалың көптің қызығушылығын туғызып, ойлы оқырмандар қатарын еселеп арттыра түсті. Кітап палатасынан «Оқырмань кисапсыз жазушы» атты куәлігі алуы, жоғарыдағы айтылған жайттардың дәлел-деректері ретінде алғаш тартуға әбден болады (*Д. Досжан Көркемсөз шебері (Библиографиялық көрсеткіш). – Астана: ҚР ПМО, 2010. – 4-б.*)

Бұл жазушы еңбегінің қалың көпке жетіп, қалам қуаты мен көркемдік қайнарының, ой-сөз жүйесінің, тіл құнарының өзіндік өзгешелігі барын байқатады.

Бұл қаламгер мен қалың оқырманның берік байланысын, ортақ мұраттарын да танытады.

Жазушы Д. Досжанның әр жылдары жарық көрген «Таңдамалы шығармалар» (*мысалы, Алматы: Жазушы, 1990. – 2 том; Алматы: Білім, 2002. – 13 том; Астана: Фолиант, 2008. – 4 том*) бойынша байқалғаны, кіші және орта, үлкен жанрларға қатар қалам тартқанын айқын аңғарар едік. Олардың арасында балаларға арналған әңгімелер мен хикаяттар («Ата кәсіп», «Тегіне тарту», «Ақыл сатамын», «Арман баланың басынан кешкендері»), «Тарихи тақырыптың пионері» («Отырар», «Фараби», «Жібек жолы»), өмірзая ұрпақтардың тағдыр-талайы («Зауал», «Дария», «Табалдырығына табын», «Кісі ақы-

...»), өнегелі өмір өрнектері («Мұхтар жолы», «Абайдың рухы», «Алыптың азабы»), тәуелсіздік тарихы мен тағылымы («Ақ орда», «Салтанат сарайы»), жан әлемі мен рух арналарының иірімдері («Екі дүние есігі», «Жан тәтті», «Ине ұшындағы өмір»), т.б. кең орын алады.

Ақиқатында, Д. Досжан шығармашылығы әр алуан жанр, түрлі тақырыпта кең өріс алып, ондағы басты арна – адам мен оның өмірі, еңбегі мен тұрмыс-тіршілігі, жан әлеміндегі ерекшелік-өзгерістер, тарих пен тағдыр талқысы, уақыт пен кеңістік шеңбері аясында дамып, іргелі ізденіс пен маңызды тақырыптар, өрнекті оқиға мен шынайы шындықтар, өрнегі ойлар мен толғам-толғаныстар арқылы өзгеше бояу-өрнек, нақыш құрап, көркемдік шеберлік пен шеңберлікке ұласып, танымдық-тағылымдық сипаттарымен жүйелі жеткізіледі. Бастысы, әрине жазушы еңбегі мен өзіндік өзгешеліктері, ізденіс арналары аңғарылып тұрады.

Жазушы Д. Досжан шығармашылығында көркем әңгімелері бояу-өнерлерімен, ізденіс пен өзгеше өрнекті, өзінше әлем құрайды. Алдымен аңғарылатыны, шағын жанр – әңгімелер әлемінен тақырыптық-көркемдік ерекшеліктер байқалып, ондағы бірінші бағыт-арналар – адам мұраты, өмір оқиғалары, уақыт бедері, тарих қанбасы, тағдыр талқысы, т.б. әр алуан ізденіске, көркемдікке құрылатыны

көрінеді. Қоғамдық құбылыстар мен өмір оқиғаларының көріністері, адам әлемі мен уақыт тынысының сыр-сипаттары да танылады. Оның біраз бөлігі тәуелсіздік тұсындағы туындыларынан, атап айтқанда, «Ат үстіндегі үшеу» (*«Егемен Қазақстан», 1992, 3 қыркүйек*), «Жақыныңды жалғыз тастама» (*«Халық кеңесі», 1992, 19-20 тамыз*), «Мағжанды атқан адамдар» (*«Қазақ әдебиеті», 1992, 4 қыркүйек*), «Динозавр» (*«Зерде», 1993, №5, 30-33-бет*), «Иман таразы» (*«Егемен Қазақстан», 1993, 26 қараша*), «Екі дүние есігі» (*«Жас Алаш», 1997, 20-24 мамыр*), «Жан өлмейді» (*«Қазақ әдебиеті», 1998, 1 мамыр*), «Академик» (*«Балдырған», 2000, №2, 5-бет*), «Пілмен күресу» (*«Жалын», 2005, №12, 41-45-бет*), т.б. кеңінен көрініс тапты. Жазушы еңбегі ізденістен, өмір оқиғалары мен шындықтарынан, уақыт пен кеңістіктің өзара қатынастарынан, көркемдік мұрат пен шеберлік сырларынан тұратыны танылады. Көркемдікке құштарлық, шынайы шындықтар сыры кім-кімге де ой салады. Бастысы, адам мұраты, өмірі мен еңбегі алдыңғы кезекте көрініс береді.

Қаламгердің «Кейінгі кездегі әңгімелер» топтамасына енген туындылары («Сөз киесі», «Суретші», «Кешірім», «Адамға қанша жер қажет?», «Виртуоз», «Жанып-сөну», «Жоғалған қолжазба», «Жаңғақ», «Өмір арбасы», «Шырақшы», т.б.) тақырыптық-жанр-

лық жүйесімен, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымен ерекшеленіп, ұлттық сөз өнеріне жаңа көзқарас, соны ізденістерімен сүбелі үлес болып қосылды. Әсіресе, адам өміріне, жан әлеміне еркін еніп, өмір-дүниеге, тұрмыс-тірлік иіріміне етене бойлап, оның бәрі-баршасынан адамдық істі ардақтау, адамшылық жолдан айнымау, жасампаздық пен ізгілікке ұмтылу, достық пен махаббатқа құштарлық, сыр-сезімге сүйіспеншілік пен тұрақтылық терең танылады. Адам мұраты мен еңбегі, тұрмыс-тіршілік иірімдері өмір оқиғалары арқылы кең оріс алып, оның өзі «өз шындығы мен өз көзқарасы шеңберінде» шынайылық пен шеберлік сипатына ие болып, ондағы уақыт шындығы, көркемдік нәрі, бедерлі бояу, сөз өрнегі, тіл мүмкіндігі, стильдік құбылысы келісті нақыш, байтақ көкжиегімен айрықша мәнге ие болады. Өмір-дүниені қанық бояу, нәрлі нақышта беру, қоғамдық құбылысты көркемдік мұраттар тұрғысынан тану, ой-сөз жүйесінен сыр тарту – жазушы еңбегінің басым бағыты, құнарлы қыры.

Қаламгер қолтаңбасы мен ұстанымынан өмір оқиғаларын жіті бақылап, уақыт тынысын байыпты саралап, сосын, сөз жоқ, адам әлемінің мың сан иірімдеріне еркін бойлайды. Ақыл-парасат таразысына, таным арналарына, сыр-сезімнің сәулелі сәттеріне де сергек қарап, шынайылық сипаттарына маңыз береді.

Жазушы еңбегінің басты ерекшеліктерінің бірі – адам әлеміне терең енді; көркемдік көкжиегін, ой өлкесін еркін аралады; дүние дидарын суретпен көрді; сөздің қадір-қасиетін танып-біліп, маржандай теріп, тәспіше тізді; көрініс-құбылысты анық-қанық бояумен берді; уақыт пен кеңістік арақатынасын, тарих пен таным арналарын дәйек-деректермен негіздеді; қоғам дамуы мен заңдылықтарын, руханият қайнары мен құндылықтарын көңіл көрігінде қорытты; жан жүректің күйінішті-сүйінішті сәттерін сыр-сезіммен, сүйіспеншілікпен суреттеді.

Демек, қаламгер ой-жүйесін кең көлемде саралап, нәтижесінде адам әлемін, өмір мұратын, уақыт сырын барынша байыпты хәм қаз-қалпында көрсетіп, дүние дидарын «суретпен көретін, бояумен беретін» белгі-ерекшеліктері бары жіті танылады.

Анық аңғарылатыны, жазушы еңбегі іргелі ізденістер жемісі, өмір оқиғаларын, тұрмыс-тіршілік тынысын, адам әлемінің иірім-сырларын тереңнен толғап, кемел қозғайтыны көрінеді. Қарапайым көрініс пен керағар құбылыстарды, адам бойындағы артық-кем тұстарды, күнделікті өмір-тұрмыстағы кедергі-кемшіліктерді асыл сөздің қасиет, бедерімен барынша бейнелі көрсетіп, сыр-сипаттарын сенімді суреттейді.

Қаламгерге кезек берсек, мен қалай жазамын деген сауалдар төңі-

регінде төмендегіше сыр толғайды: «...Мен – суретшімін, құралым – сөз, кәсібім – тірі сөзбен суреттеп шығарма жазу. Екінші сөзбен айтсақ: болмысты көркем сөзбен келістіріп, оқырманның көз алдына елестетіп беру. Мысалға, «күн багты» десек – бұл журналистика, ал, «күн шоққа ұстаған сүрдің майындай құм шағылға еріп сінді» десек – бұл сурет. «Алдымыздан тау көрінді» десек – журналистика, ал «алдымыздан ақ бас тау иықтасып түрегелді» десек – бұл проза.

...Өз басым бір нәрсені көңілге түйіп жазар кезде – сол нәрсені көз алдыма келтіріп елестетем, солай өткен мезгілде – дүние шіркін дөңгеленіп, сол нәрседен басқасы тарс естен шығып, шырқ айналып кетеді. Ойға алған жайт қана көз алдыман елес боп кетпей қояды. Жайлап отырып ойды, қиялды үзіп алмай, қаламсапты алып қылқалам сілтеген суретшіге ұқсап ақ қағазға сөзді түсірем, сөйлемді иіп келтірем.

Сөз өз-өзінен құйылып келе береді.

...Ішімдегі тірі сөзді, көркем сөйлемді, қадау-қадау ойларымды жарық дүниеге, сырт әлемге қайтсем де шығаруым керек көрінді. Аян берген сол ойлар! Шығармасам – шерленемін кеп. Мына мен үшін жазушылық кітап жазу, атақ шығару емес; жер әлемді бояумен бедерлеу, шер тарқату, мысқылдай болса-дағы; кептердің қауырсынындай көрінсе-дағы – өзімнің тапқан шындығымды

айту» (Досжан Д. Шығармалары. 1-том. – Астана: Фолиант, 2008. – 382, 443, 444-бб.).

Жазушы еңбегіне тән мұндай белгі-ерекшеліктер, әсіресе кіші, орта және үлкен жанрлардан, ондағы ізденіс іздері мен тақырыптық-көркемдік арналардан, ой-сөз жүйесінің терең иірімдерінен, ұлттық тілдің бейнелі-бедерлі хәм мол мүмкіндіктерінен, стильдік құбылыстардан кеңінен көрініс табады.

Жазушы еңбегіндегі арналы ағыс, шоқтықты шоғыр – әңгімелері екені анық. Әсіресе, «Кейінгі кездегі әңгімелер» кітап аңдатпасында айтылғанындай: «...рентген сәулесі секілді уақыттың адам ағзасынан өткендегі ізі, адамшылық нұры, жақсылыққа ұмтылуы мен кесепатпен күресі туралы. Өмір бойы іздену, кемелдену, жетілу жолындағы жазушы ұстанымын алға тартуымен қызық» (Д. Досжан. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Өлке, 2011. – 2-бет).

«Сөз киесі» әңгімесі тағдыр, пешене төңірегіндегі толғам-толғаныстармен басталады. Өйткені «Тағдар әу баста пешенеге жазылады». Әңгіме кейіпкері Асылмұраттың тағдыр төңірегінде өзіндік таным, түсінігі бар. Тіпті жас кезінде пешене – кісі маңдайы деп қабылдаған-ды. Кісі маңдайындағы белгі, тері мен сүйек арасындағы сызат, іздер адам өмірінің, еңбегінің, тағдырының көрінісіндей әсер қалдырған-ды.

Асылмұрат қаламгер болып қапыптасты. Бір отырғанда жазып тастайтын танымал болды. Сөз қуды. Сөз сиқырын еркін сезінді. «Тірі сөзді тәспіше тізбесе, отыра алмай-ғын ауру жамады». Жазғаны жұртқа жетті. Ел таныды. «Дүниені суретпен көретін, бояумен беретін сөз киесі қонды... Сөз саптасы: кемпірқосақша көз тартады, сәруәр тасындай сыңғырлады, жауһарша жалт-жұлт етті». Шығыс аңызын еске алды. Дүниенің ақылын кітаппен байланыстырды. Адам-пенденің ақыл-парасатын, хал-харекетін, мінез қырларын да көңіл сүзгісінен өткізді. «Жауһар әңгімелер жинағын» дайындады. Мемлекеттік тапсырыспен баспадан шығарып, алыс-жақын елге жеткізгісі келді. Баспа орындары мен бөлім бастықтарына жолықты. Үкімет үйіндегі бас маман алдына да барды. Бәрі де мың сан себеп, салдарды көлденең тартып, «ұзатып салып» отырды. Бас маман «Сонар» деген баспаға бағыттады.

Асылмұраттың «Сонар» баспасын габуын тапқанымен, оның директоры Айнагүлді көріп, қолжазбаны қатар қарағаннан бастап, өзгеше халді бастан өткереді. Айнагүлдің өзі-сөзі, тіпті ажар-көркі, қылық-әрекеттері Асылмұратты тәп-тәуір «тұсап тастады».

Асылмұрат жан әлеміндегі өзгеше өзгерісті сезінді. Бойын мазасыздық биледі. Көңілі алаң күй кешті. «Бой-

жеткеннің қос анары жарылған әңгелекше төңкеріліп, ойығы шыңырауға ұксап, қараған көзге үлкейе-үлкейе жанарына тым-тым тақап кобалжытты. Басы айналып, танауына емшек ойығының жылы жұпары жетті. Тұла бойы бір ысынып, бір суынып, нәпсісі құйын боп қозды...

Көзі жылтыраған бойжеткеннің жұмсақ ерні шок басқандай күйдірді, жанарын жұмды, көзін ашса-ақ арбап алатындай сезінді».

Асылмұрат Айнагүлмен кезіккеннен кейін-ақ жазу ісінен алыстады. Күндіз-түні еңбектенгенімен, «ойы божырап, сөзі қожырап» кетті.

Асылмұрат кейін естіді. Айнагүл «ірі холдингтің президенті» болыпты. Сөз жоқ, танданды. Ақыл-парасаттан ажар-көрік үстем болыпты. Шынайы сыр-сезімді жалтырақ өмір, табансыз әрекет алмастырыпты. Өмір мұратын мәнсіз, нәрсіз әрекет, көріністер жаулап алыпты. Осылайша, әрине Асылмұраттың жаңа кітабым мемлекеттік тапсырыспен шықса, кітапханаларға тарап, қалың көпке жетсе екен деген үміт-сенімі аяқасты етілді.

Асылмұраттың «Жауһар әңгімелер жинағын» мемлекеттік тапсырыспен шығару жолындағы әрекет-қимылдары мың сан қиырға бастады. Баспа бөлімінің бастығы қолжазбаның қыр-сырын емес, баспахана жайын, зейнеткер естелігін, кәсіпкер дастанын айтып, сөз төркінін басқа ар-

паға бұрды. Бас маман Тұрардың кемпілік-кедергісі жазушыны қабылдау, өзара әңгіме үстінде-ақ таңылған-ды. «Маңызды кісі» мен «елеусіз адамды» қабылдау сәттері де ерекше тін. Қолжазба тағдырына да атүсті қарады. Өзара әңгімені де созбалаңға салып, сиырқұйымышақтатып-ақ жіберді. Бас маманның таным-түсінігі төмендегіше түзіліс құрады: «Мен үшін тасқа басылғанның бәрі – кітап. Кітап жазғанның баршасы – жазушы. Осы күні пәленше зейнеткер естелік жазыпты, түгенше әкім жолжазба басқызыпты, мұнайшы мұнай тарихын баяндапты... Тарихшы атабабасының шежіресін тарқатыпты...» (Таңдамалы шығармалар, 3-том, 257-б.).

Ал «Сонар» баспасының директоры, «көзі жылтыраған қара торы» Айнагүлдің былығы мен қылығы бір басынан асып түседі. Қызметтік этикасын әйелдік қызығушылығы басып, «ағатай» деген сөзімен-ақ қолжазба тағдырын, жазушы еңбегін қас-қағым сәтте шешіп-ақ береді. Қаржы-қаражат көзі шығады-ау деген мекеме, компания, фирмаға қызметтік хатты да өз мойнына алады. «Атыңыздан өзім жүремін, ағатай. Шаршатпаймын» дегенді де жасырмай жайып салады. Әп-сәтте «...балшекер қосқан шай алғызды, үстел үстіне жент, ірімшік, сықпа құрт, бауырсақ толып кетті». Оның үстіне: «...Атыңызды алдыма айбар етіп ұс-

таймын, баспаға қомақты қаржы құямын» дейді. «Тірі сөздің киесі мен қасиетін дәт-қуат қыламын» дейді. «Айнагүл» деген есімді классиктің аузынан естимін деп ойлаппын ба, сірә» дейді. «Шілдеде шіреп піскен жемістей сабағымнан үзіле жаздаппын. Қолжазбаны алып қаламын, бір түнде оқып шығамын, келесі кеште станокке қоямын, ағатай!» дегенді де сенімді түрде жеткізеді (3-том, 261-б.).

Осы сәт бұрылып қараған-ды: «Бойжеткеннің кең ашылған көз шарасы айдын көлге ұқсады. Осынау көлде не жоқ дейсіз: жастық оты... ләззат ойыны... әдемі әзіл... қылықты наз... қоңыр мұң... сезім көлі... сол сезім кемерінен асып, көл шырайын шайқап-шайқап жібергені. Кең ашылған жанарды мөлдіреген жас кемерледі. Мақұл сөзі еріксіз аузынан шығып кетті...

Көзі жылтыраған бойжеткеннің жұмсақ ерні шок басқандай – күйдірді, жанарын жұмды, көзін ашса-ақ арбап алатындай сезінді (3-том, 262-б.).

Бұл – баспа директорының «бір күні». Былыққа батқан, қылығын көрсеткен, «сезім күшінің» қуатты серпіні танылған сәулелі сәттерінің бірі еді. Жазушы еңбегі мен қолжазба құқының таразыға түскен мезеті де осы болатын-ды.

Әңгімеде жазушы еңбегі, қолжазбадан кітапқа дейінгі ізденіс мұраттары, тақырыпты меңгеру жолда-

көркемдік амал-тәсілдері, ой-сөз йесі алуан көрініс, қилы бояу-терлер кең орын алады. Алайда ылмұраттың қолжазбаға көзқарамен оның кітап үлгісінде қалың шілікке жету жолындағы ақ-адалділі баспа орындары мен онда-басшылық арасындағы көзқарас, зым-қатынастардың «күрделі жол-рынан» ақыл-парасат, таным дең-ілерінің «алуандылығынан» кер-гі-қайшылықтарға тап болады. ылмұрат кітап шығарудың «бұра-ц-қалтарыстарымен» бірге жеке-ген адамдардың (баспа қызмет-рлерінің) таным-түсініктері мен зым-қатынастарына да қайран қа-шы. Олардың өмірі мен еңбегі, көз-рне мұраттары қаржы-қаражатқа, өлең-шайдаға құрылғандықтан, ха-лық қызмет, рухани байлыққа қы-п ұшылық, ұрпаққа ұлағат мәселесі м төмсіп деңгейде көрініс табады. втор баспа төңірегіндегі тоғышар ндардың ұлт руханиятына атүсті, өкөс қарайғындарын әр алуан кө-ніс, түрлі шегіністер арқылы көр-тіп, тіпті сынап-мінеу негізінде қыл еңбекті, өмір-өнегелерін, оның табы арқылы да қалың көпке жететі-п панымды баяндайды.

Автор үкімет үйіндегі бас ма-ан (Тұрар) мен баспа директорын (Айнагүл) әрекет-қимылдарына сай л, нақты көрсетеді. Бірі «маңғаз», елесісі «жылтың» әрекеттерімен-с қоғамға кереғар, ұлт пен ұрпаққа

зиянды екендіктерін аңғару қиын емес. Жең ұшынан жалғасқан сы-байластар екені де танылып тұрады. Қоғам дамуын тежеп, ортақ байлық-ты талан-таражға салып, ел игілігіне кері әсер-ықпал ететіндер қатарында болғанын да жасыру қиын. Қысқасы, «Сөз киесі» әңгімесі – тарих пен та-ным, адам мен тағдыр жайын кеңінен қозғап, осының негізінде Асылмұ-рат сынды қаламгердің өмірі мен ең-бегін, көзқарасы мен қолжазбасын, кітап шығарудың шырғалаң жолда-рын алуан көрініс, қилы кедергі-қай-шылықтарымен сабақтастықта сөз етеді. Жазушы еңбегі мен сөз киесі-нің ортақ тұстарын, терең сырларын кең көлемде ашады. Бастысы, әрине адам өмірі мен еңбегі, жан-жүрегі мен сыр-сезімдері шынайы шындықтары-мен, табиғи бедер-белгілерімен есте қалады. Демек, «Сөз киесі» – адам әлемі, оның өмір мұраты мен еңбегі, қоғамға көзқарасы мен қатынасы, келелі келешегінің анық-қанық бе-дері, жарқын жолы. Жазушы еңбегі мен шығармашылық ісінде қолжазба мен кітап орны, баспа мен баспагер байланысы алабөтен екенін ескер-сек, автор осы бір нәзік те күрделі құбылысқа барынша батыл енеді. Қаһарман характерін, таным-талғамын қаз-қалпында көрсетеді. Әрекет-қи-мылдарын, ой-сөз жүйелерін жұмыс үстінде жан-жақты айқындайды.

Жазушы еңбегінің шырқау шыңы, шынайы сыры.

«Сөз киесі» талант тағылымының терең иірімдерінен сыр қозғайды. Өмірді өнермен өрнектеп, қара сөз бояуға көшеді. Жан сырынан көңіл сәулесі қаз-қалпында көрініс бере-ді. Жазушы еңбегіне, көзқарасы мен қолтаңбасына ден қойсақ: «Шығарма қалай жазылады? Әуелі өзім көркем туындының атын іздеймін. Сәтімен табыла қалса – тілге тиек, кітапқа озек болар сөзді тауып, соны көз ал-дыма елестетуге тырысамын... Өзім-нің көз алдыма әрдайым әуелі сөздің сұлбасы, сосын пішім, сосын салма-ғы кәдуілгідей елестейді. Сөз сөй-лемді құрайды, ойды туғызады. Сол сөйлемнен дүниеге келісімді ырғақ пен оралым келеді. Құйылып жеткен ойдың ырғағынан парак беті толады. Паракқа парак қосылады. Осындайда таңғалатын бір нәрсе: қазақ тілінің суреті мен көркі ғаламат, ешбір тілге бергісіз, бояуының молдығы» назар аудартары анық (*Досжан Д. Өз жа-йымды өзім айтам // Қазақ әдебие-ті. – 1991. – 1 шілде*).

Қаламгердің тіл өрнегі, қолда-ныс аясы хақында Ә. Кекілбаевтың: «...жазушының суретшілігі басым, сөздің ішіне түсіп жазатын қазбагер жазушы» деуінде де терең таным, кең толғам, айрықша сыр бар (*Досжан Д. Көркемсөз шебері. Библиографиялық көрсеткіш. – Астана, 2012. – 6-бет*).

«Сөз киесі» – талант табиғаты-ның тамырлы таңбасы, қалам күшінің қуатты қайнары, шабыт шалқарының айдынды әлемі.

Қоғамдағы өнер адамының орын-үлесі, өмірі мен еңбегінің лайықты бағаланбауы, талант тағдыры мен тұрмыс тауқыметінің көлеңкелі тұс-тары «Суретші» әңгімесінің басты арқауын, негізгі желісін құрайды.

Суретші Жасбай жеке көрмесінің Астанада, Президент мәдениет ор-талығында өтетіндігін естісімен-ақ, шеберханадағы жұмысы жанданып, жаңа қарқын алып, бұрынғыдан бе-тер қыза түсті. «Көк түріктер» атты баталды кереметіне қайраты мен та-лантын сарқа пайдаланды десе де болады. Майлы бояуды да барынша қолданып, өнердің тылсым күдіреті мен терең иірім, шынайы сырлары-на осы жолы көзі әбден-ақ жетті. Алайда «Көк түріктері» көшірме, табиғилық қырлары тапшы дегенді көлденең тартқан арыз-жазбалар да алдан көлденеңдей берді. Суретші-лер одағының төрағасы ол жайды бүге-шігесіне дейін жайып салды. Жасбай да өз кезегінде: «Көк түрік-тер» көшірме емес, түпнұсқа!» – дегенді дәлелдеп-ақ бақты. Астанаға баратыны, жеке көрмесі өтетіндігі де сәл кейінірек анықталғанымен, ісса-парға қатысты қаржы-қаражат тағы қолбайлау болды. Суретшілер ода-ғы арқадан қағып, «құрғақ сөзбен» шығарып салды. Көрмені ашқан Мә-дениет комитетінің орынбасары да дағдарыс толқынын тілге тиек етті. «Қол қысқа» дегенді емеурінмен жеткізді. Көрме мұратына, қайсыбір

туындылар табиғатына тоқталмады. Өнер құдіреті мен қасиетін өзіндік өзгешеліктерін де ашпады. Өнерді өгейсітіп, авторына селқос қарады.

Алайда көрме қалың көптің қызығушылығын туғызды. Әсіресе, «Көк түріктер» ел тарихын, тағдыр-талайы мен тағылымын, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметін жан-жақты ашуымен, арғы-бергі кезеңдерді кең көлемде қамтуымен, анық-қанық бояуымен, көркемдік өрнектерімен көз тартты. Асылы, «Сурет суретшінің бояуын, қолтаңбасын сіңіріп қоймайды. Кенепке өнерпаздың жүрек лүпілі, көз майы, сезім сыры, түйсік тебіренісі... түгел жұтылыпты. Сикырлы аура сезіледі. Көп қадалып қараған кісінің басы айналып, көзі қарауытады. Көп суреттен өнерпаздың жазмыш жазуы... ыстық лепесі... көз сиқыры атойлап көзге ұрады. Түсінген кісі қай-қай майлы живопись – кескіндемеден айрықша сиқыр табады. Арбалады. Табуға тұспалды» (3-том, 269-б.).

Бұл өнер мен өнерпаздың өзіндік өзгешелігі. Өмір мұраты мен өнердегі ауаның сан қырлы, сырлы-сиқырлы еспағы.

Бұл өнер табиғаты мен тағылымы, нығметі мен қасиеті, қадірлі хәм қаделі сыр-сипаттары екені анық.

Өнер мұраты мен өнерпаз жолының мың қырлы, сан арналы ерекшеліктерінің бірі осы.

Жасбайдың пәтер жалдап, онда Айманкеш есімді келіншекпен кездесуі, өмір-тағдырын естіп білуі, оның суретін салуы, т.с.с. табиғи өріс алады. Тиісті тұста Айманкеш өзі, өнері мен тағдыры төңірегінде сыр толғайды. Дизайнер-суретші болғанын, жұбайының сәулетші екендігін, өнерде де әділетсіздік орын алғанын байыпты баяндайды (272-б.).

Ал Жасбай болса, өмірге өнердің көзімен қарайды. «Дүниені өзіндік бояу, белгісімен көреді». Өмір жолы, мінезі де осы тұрғыдан қалыптасқан-ды. Көзқарас мұраты, ой жүйесінен де осы бағыт танылады: «Көп кісілер уағында өз бақытын сезіне бермейді. Денсаулығы мықты спортшылар тепсе темір үзетіндей болып жүріп, күндердің күні, ауырып төсек тартып жатып қалғанда барып саушылықтың қадірін біледі. Ақшаны қаптап жаратып жүрген байлар бір күні банкротқа ұшырап, қаранға қарап қалғанда, барлықтың барақатын түсінеді. Сұлулар да солай. Жас кезінде «бетім барда бетіме кім шыдар» деп, кімі пандау келеді, кімі тантық». Бетіне әжім, самайға қырау түскенде барып әлгі арулар мөлдіреген, жан төзбеген аршын төс тәкаппарлығы есіне түсіп, бармағын тістелеп, еңірейтіні анық. Не нәрсенің барақатын, бақытын дер мезгілінде ұғынатын дарынды суретшілер ғана» (3-том, 273-б.).

Өнер өрісі, суретші сыры осы.

Жалпы, «Суретші» әңгімесінде Жасбайдың адами әлемі, өнердегі орын-үлесі, тұрмыс-тіршілік тауқыметтері жеке көрме, бір іссапар төңірегінде-ақ жан-жақты танылады. Өмір-уақыт шындықтары, талант пен тағдыр тайталасы, өнердің мәңгілік сипаттары да өзіндік өзгешеліктерімен есте қалады. Автор Жасбай суретшінің өмірі мен өнердегі өрнектерін қатар көрсету негізінде уақыт шындықтарын, тұрмыс-тіршілік иірімдерін нанымды ашады. Бір көрменің баянынан өнер өрімі де, суретші сыры да ашылады. Демек, «Суретші» әңгімесі – өмір мен өнер адамының қыр-сырын ашып, әлеуметтік астарын, көркемдік қырларын кең көлемде көрсетеді. Жасбай суретшінің өмірі мен өнері, көрме өткізу ісіндегі ізденіс мұраттары, жанкештілігі мен жауапкершілігі – көзқарасы мен қолтаңбасынан, табанды әрекеттерінен айқын аңғарылады. Жасбайдың еңбекке құштарлығы, өнерге сүйіспеншілігі шеберханадағы жанкешті әрекеттерінен, көрме өткізу ісіндегі көзқарас эволюциясынан да жіті көрінеді. Автор Жасбай және оның ортасын, отбасы мен өнер өрісіндегі әр қилы құбылыс-көріністерді, кедергі-кемшіліктерді қаз-қалпында көрсету негізінде өмір-уақыт шындықтарын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, көзқарастар жүйесін сенімді суреттейді.

«Суретші» әңгімесі – Жасбай сынды өнер адамының жанкешті хәм жауапкершілігі зор істегі көзқарасы мен қолтаңбасын кеңінен көрсететін көркем туынды.

Сурет өнері, суретші өмірі «Адамға қанша жер керек?» атты әңгіменің негізгі өзегін құрайды. Суретші Қосайдың балалық, жастық кезеңі алыс ауылмен, қоршаған ортамен, табиғатпен байланыстырылады. Автор «Сурет балалықтан басталады», деп Қосайдың жаны құлазыған, өмір тұрмыстан қажып, қалжыраған тұстарын жастық кезеңімен сабақтас-тықта сөз етеді. Дала дидары, таулы қыраттар, өзен-көлдер, сағымға оранған айнала әлем, ауыл үйдің түтіні – бәрі-баршасы Қосай жанына жақын, көңілін әр кез-ақ баурап алады. Алайда Астанадағы үш бөлмелі пәтерінде «...қылқаламынды құлаштай сілтеп, ойға алған көркем дүниелерді келістіріп сала алмайсың. Тынысың тарылып қалады» (3-том, 296-297-бб.).

Осыдан кейін-ақ, Қосай шығармашылық шеберханаға қатысты жер алу мәселесімен айналысты. Жер ресурстары агенттігіне барды. Төраға жерге мораторий жарияланғанын жеткізді. Дүниелік дағдарысты, қадастрлік зерттеулер жүйесін алға тартты. Жолай әкімдіктің жер басқармасын басқаратын Төлеуғазы кезіккен еді. Ол да өз кезегінде дүниеауи үрдістерді еске алды. Өмір-

тұрмыстан да сыр тартты. Барлықтың жайын, пейілдің тарлығын, кіріптарлық туралы да ой қозғады. Өнерге жақындығын, бірқатар сурет коллекциясы барын да еске алды. Жеке тұрғын үй шығармашылық шеберханамен бірге деген қаулының қажеттілігін, оның өзі әкімдіктен өтсе, ырыс-несібе асып-таситынын алға тартты. Өзара әңгімеден ортақ мақсат, мүдде де танылып тұрды.

Қосай ойына кеңестік кезеңдегі шығармашылық иесіне жасалатын қамқорлық түсті. Худфонд арқылы іссапарға, шетелге шығатынын еске алды. Социализм мен капитализм де өзара салыстырылды. Қайтадан өнерге ден қойды. Жан азабын бастан кешті. Аяқталған суретті жер қатынастары басқармасына алып барды. Төлеуғазыға тарту етті. «Өзің секілді азаматтың бояудағы бейнесі» дегенді де айтып қалды. «Сурет жинайтын коллекционерсің!» деп те ойын анық-қанық жеткізді.

Көп ұзамай шығармашылық шеберханаға жеті сотық жер бөлінгені жөнінде хат та жетті. Осы хаттардың қай-қайсысы да Қосай өмірін, өнерге құштарлық, сүйіспеншілігін танытқаны анық. Ақиқатында, автор суретші Қосайдың өмір-тұрмысына еркін еніп, балалық, жастық кезеңін қоса көрсетіп, соның бәрінде де адам мұратына ден қояды. Өмір-тұрмыстағы орын үлесі, еңбекке көзқарасы да негізгі назарда тұрады.

Осы реттен алғанда, автор суретші Жасбай мен Қосай бейнелерін (қараңыз: «Суретші», «Адамға қанша жер керек?») өмір-тұрмыстағы орнымен қатар көрсетіп, осы арқылы өнерге сүйіспеншіліктерін, мақсат-мұратқа адалдықтарын, сол жолдағы кедергі-кемшіліктерді жену ісінде жанкешті еңбектерін, табандылықтарын сенімді суреттейді. Өнер мұраты, шығармашылық арналар, шеберханадағы азапты-жанкешті еңбек, көзқарас жүйелері жазушы ізденісін, әр алуан көркемдік амал-тәсілдерін терең танытады. Бұл орайда автор ұстанымы, өнер мұраты мен тақырыбына қатысты іргелі ізденістері, көзқарасы мен қолтаңбалары өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Әсіресе, өнер адамының жаратылысы мен жанкешті еңбегі, өмір мұратын, дүние дидарын қиял көкжиегімен кезіп, оны көңіл көрігінде қыздырып-шындап, жан жүрек таразысынан өткізуі – көркемдік құпиясы мен шығармашылық мүмкіндіктер, шынайы шеберлік арналары арқылы жүйелі жеткізіледі. Бастысы, әрине сырлы әлем – сөз өнерінің мол мүмкіндіктері, өнер нығметінің құдірет-қасиеті, суретші мұраты мен мұрасы өмірдің өзіндей қарапайым да көркем, нанымды әсер етеді. Шығармашылық иесінің жаратылысы мен қабілет-қарымы, өмір мен еңбекке көзқарасы, қоғам мен адам табиғаты туралы толғам-толғаныстары, ең негізгісі

өнер мұраты мен оның мәңгілік сипаты төңірегіндегі жан азабы мен ерен еңбектері, іргелі ізденістері мен көзқарас эволюциясы кең көлемде көрініс береді. Жазушы еңбегі, көзқарас пен қолтаңбаның айшықты-нақышты, шын шеберлік тұрғысынан көрінген сәті де осы тұс еді.

Жазушы еңбегіндегі өнер тақырыбы «Виртуоз» және «Сәулетші» әңгімелері арқылы жаңа бағыт, соны сипат алады. Алғашқы әңгімеде Қожамжар қарттың жалғыз ұлы Нұркен Әшіровтың өнер нығметін қоңыр домбыра арқылы еселеп арттыруы, қалың көпшілік «Виртуоз!» деп қабылдауы («Біртуар») көркем баяндалады. Автор әке мен баланың ауыл-елдегі өмір-тұрмыстарын көрсетіп, мерекелік концерттегі өнер құдіреті мен Нұркеннің өзіндік ерекшелігін, орындаушылық шеберлігін жан-жақты ашады. Ал «Сәулетші» әңгімесіндегі Самат пен Сәулеттің жастығы мен ғашықтық ғаламаттары, сәулетшілік өнердің өзіндік ерекшеліктері, аға буын өкілдерінің жасарға сенімсіздік білдіріп, еңбектерін бағаламауы, дұрысы – пайдалануы, т.с.с. сенімді суреттеледі. Негізінен, автор өнер тақырыбын адам әлемімен, қоғам ортасымен сабақтастықта сөз етіп, өмірге, еңбекке қатынас пен көзқарасты, адалдық пен тоғышарлықты, қарапайымдылық пен әділетсіздікті өзара салыстыра береді. Өмірдің бұралаң жолын өнер адамы

басындағы әр алуан хал, кедергі-кемшіліктермен қатар көрсетеді. Өмір шындығын, уақыт тынысын өнер төңірегіндегі ізденіс пен көзқарас, еңбекке қатысты көрсетіп, адам мұратын кең көлемде ашады. Атап өтер жайт, автор өнер адамының өмірі мен еңбегін, көзқарасы мен қолтаңбасын, қоғамдық құбылыс пен кезеңдік көріністер тұсындағы кедергі-кемшіліктерге қарамас-тан, қаз-қалпында көрсетеді. Талант табиғаты мен тағылымы кең орын алады.

Бұдан басқа «Дон Кихот», «Өмір арбасы», «Кешірім», «Жанып-сөну», «Жаңғақ», «Шырақшы» сынды әңгімелер тақырыптық ізденісімен, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерімен назар аудартады. Болған оқиғаның ізі, өмірлік жайттар көркемдік шындық пен шешім тұрғысынан табиғи өріс алады. Адам өмірі мен арман-аңсарлары, еңбек мұраттары шынайы бояу бедері, суретті көрініс, нақыштар негізінде дамып отырады. Айталық, «Дон Кихотта» адамгершілік пен ар үлгісі, еңбек пен бейнет ісі алға шығады. «Өмір арбасы» отбасылық өмірдің қиын да қатпарлы, сан қилы көріністерін келісті келісім, көркем өрнектермен баяндайды. «Кешірім» М. Әуезовтің «Талайлы тағдырын», «Алаш ісі» мен «Ашық хат» сырын, уақыт таңбасы мен тынысын терең танытады. «Жанып-сөну» өмір талқысы мен отбасы салмағын қатар сезінген

дрәлінің мұнды-шерлі халін, өзін-і алдаған һәм жоғалтқан сәттерін німді суреттейді. «Жаңғақ» М. Әуевтің отбасылық өмірі мен шешен алы Ахметтің өзара байланысын, мырбаяндық-шығармашылық сырпаттарды, жаңғақ ағашын күтіп-птаудағы өзіндік өзгешеліктер-уақыт пен кеңістік, кезең-заман ындығы аясында кеңінен көрсетеді. «Шырақшы» Дайрабай қарттың ір-тұрмыстан көргенін, дүние дидіры туралы таным-түйсігін, тол-м-толғаныстарын, адам мен айуан мақатынасын, дін-діл төңірегіндегі өзқарас-өлшемдерін, уақыт таңбаның әсер-ықпалын қаз-қалпында әрсетеді. Демек, жазушы еңбегі мен алтаңба құбылысынан өмірді тану сн оның шынайы шындықтарының ыр-сипаттары, адам мұраттарының рнекті-өлшемді тұстары, дүние дидары мен дәстүр өнегелері, тәлім-әрбие иірімдері оқиғалық-таным-ық желілер негізінде дамып, оның н бойынан көзқарас эволюциясы, ояу бедері, мінез сыры, сөз суреті, й өрісі арналы ағыс құрайды. Ой-сөз сүйесінен көңілде қорытылған, жан сүрек таразысында өмір шындықта-ы мен көркемдік шешімдер, әдеби-стетикалық құндылықтар жан-қақты танылып тұрады. Көркемдік өкжиегі – жаңа әлем ашады. Сөз суреті соны сипат алады. Өткір ұш-алған қалам-қиял қанатындағы, ой сөрігіндегі бояу бедерін, суретті сөзді

сол сәтте-ақ қағазға көшіреді. Нәти-жесінде: «Нағыз суреткер адамға жа-зу да сүйексінді мінезге айналады» (*Досжан Д. Өз жайымды өзім айтам // «Қазақ әдебиеті», 1997, 1 шілде*).

Авторлық ұстанымға мән бер-сек, болмысты, өмір-тұрмысты көру қажет. Бояумен, бедермен беру үшін де сергек сана, суреткерлік керек. Бояуға бедер, сөзге сурет, ойға қиял дүниесін дарытады. Әр алуан адам, мінез иелерінің өмір-тұрмыс, дағды-кәсіп, еңбек көзқарастарын еркін ой ағынына, көркемдік келісімге құрады. Ана тілінің мол мүмкіндіктеріне еркін еніп, ұлт пен ұрпақ, дәстүр мен дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне бойлайды. Ұлттық сөздің қадір-қасиетін, кәделі нығметін, сауапты тұстарын арға се-рік етеді. Сосын, сөз жоқ: ар ісін бәрі-нен де биік қояды: «...әдебиет – адам мінезінің айнасы. Сол мінезден туын-дайтын шаркездік, шырғалаң көркем шығарманың өзегі болып жатады... Шығарма идеясыз жазылмайды. Бір нәрсеге табан тіреп, ой сабақтасаң, ол логика болып шығады. Сол ой-дың түп-төркінін іздесең, ол психо-логиялық талдауға маңдай тірейді. Қысқасы, идеясыз, табан тірейтін мақсатсыз іс бітпейді» (*«Көркем шы-ғарма сарапшысы – уақыт, сыншы-сы – оқырман қауым» // «Егемен Қа-зақстан», 2004, 30 қаңтар*).

Жазушы еңбегіндегі таңдаулы әң-гіме, хикаяттары табиғатынан (мы-салы, «Кісі ақысы», «Қымыз», «Ақыл

иесі», «Арыстанды-Қарабастың же-лі», «Адамға қанша қуаныш қажет?», «Ергежейлі», «Қыдырдың құбылы-сы», «Момындар», «Жігіттің бір жұрты», «Қыз әні», «Келіншек асуы», «Жылы жауын», «Екі дүние есігі», «Шипалы су» – әңгімелері; «Отыр-рар», «Фараби», «Төрт патшаны көр-ген кейуана», «Пайғамбардың өлімі», «Жылы ағыс», «Жан тәтті», «Үрей» – хикаят; «Ата кәсіп», «Ақыл сағамын», «Арман баланың бастан кешкен қы-зықты оқиғалары», «Қарықбол мен Ақбата», «Келіншектаудағы тас түйелер», «Келіншектаудың көгілдір бояулары», «Тегіне тарту» – бала-ларға арналған туындылары, т.с.с.) арғы-бергі кезең көріністері, ел-жер жайы, белгілі адамдар өмірі мен өнегесі, тарих пен таным арналары, білім-ғылым жүйесі, тәлім-тәрбие иірімдері, балалық-жастық дәурен, дүние дидары, уақыт пен кеңістік қа-тынасы, дәстүр тағылымы, өнердің өріс-өлкесі, т.с.с. өзекті тақырыптар кеңінен қозғалып, іргелі ізденіс пен көркемдікке құрылады. Автор қай-сыбір туындысында да өмір оқиға-сы мен уақыт шындықтарына табан тіреп, осының негізінде адам әлемі-не, еңбек мұраттарына еркін енеді. Жазушы еңбегінде адам сөз арқылы ой құнарына, образ әлемі негізінде сыр-сезімге қадам жасайды. Ақыл-пара-сат басты өлшем етіледі. Ерен еңбек пен талант табиғаты, талайлы тағдыр мен тауқыметі өмір ағыны да ой-сөз

жүйесімен, бедерлі бояу өрнектерімен байланысты беріледі. Есімі мен еңбе-гі арғы-бергі кезеңдерге жеткен, өмі-рін өнермен өрнектеген Жалаледдин Руми ұстанған бағытқа мықтап ден қояды: «...бірінші – жазғаныңа өтірік сөз қоспау; екінші – жазып отырғанда жүрекке кір, көлеңке болмау; үшін-ші – өзін-өзі жеңе білу» (*Д. Досжан. Шығармалары. 4-том. – Астана: Фолиант, 2008. – 16-бет*).

Тұжырып айтар болсақ, қалам-гер Д. Досжанның шағын жанрдағы туындылары өмірдің өзінен өрбіген шындық сырларынан, адам мұраты мен еңбегін, дәстүр өнегелерін, тұр-мыс-тіршіліктерін терең таным, ірге-лі ізденістермен байытқан, көзқарасы мен қолтаңбасынан ой мен сөз жүйе-сі бірлік құрап, көркемдік көкжиегі, эстетикалық көзқарастары кең өріс, алуандылығымен мәнді болып табы-лады. Оның үстіне: «...дүниені сурет-пен көреді, аллегория, шендестіруге жиі жүгінеді. Тіл құнары бай. Көбіне магиялық реализм әдісімен жазады. Кейіпкердің ішкі жан сарайын ашу-да ой ағынына, пәлсапалық түйін түйеге, максималистік көзқарасқа ба-сымдықпен қалам тербейді. Көркем шығармалары мен зерттеу еңбекте-рінің тақырып аясы кең. Тіл бояуы кемпірқосақтай. Символға, қиялға еркін тізгін береді» (*Д. Досжан. Көр-кемсөз шебері. Библиографиялық көр-сеткіш. – Астана, 2012, 6-бет*).

Жазушы еңбегі мен қолтаңба құылысының көпке ортақ қыр-сыры, ығармашылық шеберхана мен шеерлік тағылымының алуан арналы, ың сан иірімді сыр-сипаттары осын-а болып табылады.

Жазушы **Бексұлтан Нұржеке-лының** «Бейтаныс әйелдің құпия-ы» атты кітабына бірыңғай әңгіме-ері енген екен (*Алматы: Атамұра, 902. – 336 бет*).

Қаламгердің әңгімелер жинағына нген шығармаларының едәуір бөлі-кеңестік кезеңде жазылған болса, іді бірсыпырасы тәуелсіздік жыл-арының жемісі екенін уақытына арап айқындауға болар еді. Негізі-ен, жинақтағы туындылар табиға-ына өмір оқиғалары, әйел мен еркек асындағы әр килы қатынас, жастық ен достық сырлары, адалдық пен үйіспеншілік сезімнің нәзік иірім-ері тән екенін айқын аңғаруға бо-ады. Қайсыбір әңгіменің тақырыбы ен мазмұнынан, ізденіс іздері мен әркемдік компоненттерінен, адам емінің иірім-сырларынан замана ындығы, уақыт бедері, кезеңнің әркем көріністері қаз-қалпында бе-іледі. Бастысы, әрине, өмір оқиға-ары, ауыл-қала көріністері, әйел-ркек қарым-қатынастары, олардың ззім-сырлары барынша шынайы, ибиғи өріс алады. Өмірде болған айттардың белгі-бедерлері, адамдар арым-қатынасы, жастық кезеңінің ызық та қимас сәттері – бәрі-барша-

сы қарапайым баяндалып, нақтылы оқиға, іс-әрекеттер негізінде әсерлі суреттеледі.

Жастық тақырыбы, адалдық пен әділетсіздік көріністері «Қамыт жағалы қоңыр көйлек» атты әңгіменің (1992) басты арқауы етіледі. Бастап-қы тұстан-ақ тойға келе жатқандар-дың әңгімесі басталып-ақ кетеді. Көп ішінде әңгімеге араласпағаны Шара ғана еді. Өзімен-өзі ой тереңіне ен-ген. Күні кешегі Мұратпен болған кездесу, сыр-сезімнің бойды билеп, ерікті алған сәулелі сәттері көз алды-нан кетер емес. Әйел-еректің берік байланысы мен ортақ мұраттары, бәрі Шараның ой-санасын жаулап алған-ды.

«Той жасап жатқан Шараның нағашы атасы». Ұзынбұлақ пен Жылысай түгелге жуық тойға жиналған-ды. Ауылда бірге өскен, мектеп-те бірге оқыған Айжан мен Шара кездесулері, Шара мен Ырысбектің өзара сұхбаттары өткен күндердің қызықты көріністерін қайыра еске салады. Жастық, достық кезеңнің шуақты, сырлы сәттері де еске түс-кен-ді.

Шараның дүкеннен қамыт жаға-лы қоңыр көйлекке қызығуы, оны диплом алған күні кисем деген көтерің-кі көңіл күйі сенімді сөз етіледі.

Шараның Алматыға, мемлекеттік емтиханға асығуы, жолай мінген ма-шинаның бұзылуы, Шелекте, Талғар-да болуы, жол бойы әлдекімдердің

уысынан әуірімдеп босауы, жүк мәшинесіне отыруы, т.с.с. кезеңімен баяндалады. Шараға жолай кездес-кен түрік шопыры, оның үйіне әкеп, ертесіне әйелінің шығарып салуы адамдық істі, адамгершілік жолды терең танытады.

Шара жол қиындығын, сол түн-ді есіне түсірсе, Жылысайдан алған қамыт жағалы қоңыр көйлек ойға оралады. Түрік әйелінің шығарып салғанын да ұмытпайды. Керісінше, «Жылысайдан сатып алған қамыт жағалы қоңыр көйлекті сол әйелге кигізіп кетпегеніне» әлі өкінеді. Жөн білмеген жастығына налиды (167-б.). Шараның басынан өткен бір түнгі оқиғалар өзегінен адамның өмірде-гі, қоғамдағы орны, еркек-әйелдің қатынас, көзқарастарын, адамгерші-лік қасиеттер кеңінен көрініс береді. Қамыт жағалы қоңыр көйлек те оны қайыра еске түсіріп, адамгершілік-имандылық жолдың сыр-сипаттарын айқындай түседі.

Әңгіменің идеялық мұраты, қа-лын көпке ұсынар рухани байлығы – адамның қоғамдағы, өмірдегі орнын айқындап, керісінше адамшылық жолдан шыққан, арамдық пен арсыз-дыққа жол бергендерді сын тезіне са-лады. Адалдық, ақиқат алдында әді-летсіздік әрекет тізе бүгеді. Шараның адалдығы мен намысты әрекеттері түрік шопырының қарапайымдылы-ғы мен қайырымдылығы қиындықты жеңуге, адамдық істі ардақтауға кең өріс ашты.

Әңгіме шындығы мен сырлы си-паттары осында болып табылады.

«Қыз сезім» әңгімесіндегі (1993) Ләззат пен Жүсіптің жарастығында, кездесулері мен сұхбаттарында та-биғилық та, ортақ тұстар да мол еді. Бірін-бірі ұнатады, өзгелермен өзара салыстырғанда да артықшылықтары, ұқсастықтары да бар еді. Алматы-дан көмекке келген студенттер, кино залы мен би алаңындағы кездесу, сұх-баттар Жүсіп пен Ләззат арасын алыс-татып, көзқарастарын да өзгертті. Тіпті балуан денелі Тілеудің әрекет-қимылдары Ләззаттың ойын бөліп, еркін алды. «Жүсіптен гөрі Тілеуді жиі ойлайтын боп барады» (181-б.). Студенттер Алматыға қайтқанда Ләз-зат Тілеудің шын ұнатқанын, сүйгенін сезінді. «Оны өзінің ешқашан ұмыта алмайтынын, көңіліндегі оның ор-нын ешкім толтыра алмайтынын қыз жүрегі қапысыз түсінеді» (188-б.). Тілеуді де арман-тілегі алдамаған еді. Араға бірер күн салып, қазақы жол-мен келді. Бұл – Тілеу мен Ләззаттың шын кездесуі, мәңгілік махаббатқа ұласқан жүздесуі еді.

Әңгімедегі ауыл өмірі, еңбек ты-нысы, Алматы студенттерінің әрекет-қимылдары өз орындарында мәнді сипат алады. Ал Жүсіп пен Ләззат кездесулері өзара әңгіме, сұхбаттан ары дамымайды. Қыз сезімі тандау-ға түседі. Таразының бір басында – Жүсіп, келесі тұсында – Тілеу тұра-ды. Таразы басын сөзі мен ісінде

ртақ белгі, ерекшеліктері бар Тілеу асып-ақ кетеді. Қыз сезіміне сенсек: Білімді, мәдениетті, ойы терең сол сігіт жанында бір жұмбақ тартылыс ар» (181-б.).

Бұл – Тілеу мен Ләззаттың таңауы мен тартылысы, Тілеу мен Ләззаттың өмірлік мұраты, ғашықтық аламатының жарқын көрінісі, сыр-сезімнің ақиқатқа айналған тұсы еді.

«Қыз сезімі» әңгімесінің оқиға-ық желісі өмірлік шындықтарға неізделсе, жастардың (Тілеу мен Ләззат) таңдауы мен талғамы сағынышпен сүйіспеншіліктен тұрады. Мааббат мерейі мен мейрамы осыған еліп саяды.

Бұдан басқа, «Құпия махаббат» (1993) Бекен мен Күлдардың жасық кезеңінің бір сәтін суреттеуге рналып, араларындағы ортақ сырды шып, Жексен есімді ұлдың барын аян етеді. Күлдардың басындағы уыр хал, отбасылық сергелден мен екен – Жексен хикаялары өмір оқиаларын қаз-қалпында көрсетеді.

Ал «Мұнтаздай Мұмтаз» (1996) Нұртаң өмірін, Делиге сапарын, отасылық тірлік-тынысын көрсетуіен қатар, Әсеней есімді келіншікпен қарым-қатынасын да сенімді уреттейді. Әсіресе, Нұртаң мен Әсенейдің кездесуі, өзара сенім-сезімдері өмір оқиғаларымен астасып, абиғи сипат алады. Әлденеше рет отбасы болғанына қарамастан Нұртаңның Әсенейге көңілі алабөтен-

ақ. Олар қызметте, үйде де бірнеше рет кездесті. Ғашықтық ғаламатында, құмарлық пен сүйіспеншіліктің сәулелі сәттерін де қатар бөлісті. Нұртаң Мәскеу, Делиде іссапарда болған кездерінде Әсенейді жадынан шығармайды. Ойлайды. Сағынады. Салыстырулар да жасайды. Осы реттен келгенде, Нұртаң мен Әсеней бейнелері өмірде бар болған жайттардың көріністерін еске салады. Автор Нұртаң бейнесін отбасылы ортасымен қатар көрсетсе де, Әсенеймен кездесу-сұхбаттарын, сыр-сезімдерін де шындыққа сыйымды бейнелейді. Өмір көріністері, оқиға өрімі, әйел-еркек қарым-қатынасы, кездесу-қауышу сәттері тиісінше табиғи өріс алып, нанымды баяндалады. Маңыздысы, сөз жоқ, отбасылық өмір, адамдар қарым-қатынасы, сыйластық сырлары кезең көріністерімен, уақыт бедерлерімен сәйкестікте суреттеледі. Қалың көпке керегі өмір оқиғаларының шыннайылық сыр-сипаттарында болса, оның өзі көбінде Нұртаң төңірегінде кең өріс алып, жүйелі дамиды. Ал Нұртаңның Әсенеймен кездесу-қауышулары қарапайым өмір тұрмыстың көріністерінен, қарым-қатынастардан тым өзгеше. Нұртаң-Әсеней бейнелерінде жастық пен достық кезеңінен өткен, сағынышпен сүйіспеншілік бағасын білетін, махаббат мерейі мен мейрамына шын қуанатын жандардың жиынтық үлгісін танытады.

«Қырғыз келіншек» (1996) әңгімесінің алғашқы бөлігі аңсау мен сағыныштан тұрса, Минскідегі апталық семинар-кеңес барысында Тұрсынбүбі (қырғыз келіншегі) арқылы жаңа қырынан өріс алады. Екеуара сұхбат өмір, отбасы, тұрмыс-тіршілік төңірегінде де дами түседі. Әйел-еркек қарым-қатынасы, адамшылық жолы, сыйластық сыры әзіл-шыны аралас ортақ әңгіменің арқауын құрайды.

Автор әңгіменің бастапқы тұсында қырғыз келіншекті аңсап, сағынғанын еске түсірсе (218-бет), оның себеп-сырын адамның адамшылығынан, бақыттың мәні – жақсыға жолығудан таниды. Қазақ атам айтқан:

*Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы,
Бір кедей бар қолы ашық,*

байдан жақсы.

*Бір сөз айтсаң жаманға, қор етеді,
Әзілімен мәз қылған қайран жақсы, –*

деген сырлы сөз, ой орамдары да еске түскен-ді. Маңызы мен мазмұны – жақсыны іздеу, соған жолығу болып табылады. Жақсы-жаман осы тұстан көрініс береді.

Әңгіменің алғашқы бөлігі өмірдің ақиқат жайттарын баяндауға құрылса, оның маңыз-мәні – сырласуға келіп саяды. Осындай сәттерде, сөз жоқ «...жақсыны сағынасын» (219-бет).

Сол жақсы – қырғыз келіншегі Тұрсынбүбі еді (221-бет).

Екеуі апталық семинар-кеңесте танысқан-ды. Өзара әңгіме, сұхбаттан-ақ еркін, ескі таныстардай ұшырасады. Қазақ-қырғыз қатынасы әзіл әңгімелер ауанынан-ақ шынайы шындықтардың пердесі түріледі. «Сенің күйеуің бар, менің әйелім бар. Екеуіміз де балалы-шағалымыз» дегенді де бүкпесіз баяндайды. Риясыз әңгіме, сырлы сұхбат – еркек пен әйел қарым-қатынасы, отбасылық өмір, тұрмыс төңірегінде де жарасымды жалғасын табады. Алғашында аға-қарындас қарым-қатынасы кейінгі кезекте жақсы көру сезіміне ұласады (228-бет).

Сайып келгенде, аңсау мен сағыныш, жақсы көру мен сүйіспеншілік, сыр-сезім тоғысы қырғыз келіншек әңгімесінің табиғатын танытса, еркек пен әйелдің риясыз әңгіме, қарым-қатынастарынан жақсы көру сезімі, сыйластық сырлары кең көлемде көрініс береді. Адамшылық мұрат, имандылық иірімдері де танылып тұрады.

Кітапқа енген «Бейтаныс әйелдің құпиясы», «Екі мінез», «Екі қырсық», «Күю», «Күдік», «Көрінбейтін көсеу», «Мөденің қатыны», т.с.с. әңгімелер табиғаты мен тағылымынан қоғамдық құбылыстар, кезеңдік көріністер, замана шындығы мен уақыт тынысы, адам мұраты мен өмір мәні, тарих пен таным тоғысы, білім-білік деңгейі, ақыл-парасат өлшемі, достық пен махаббат мәселесі кең орын

ады. Осы орайда, автордың атап тқанындай: «Көркем әдебиет нахат құралына, сірә, жата қоймас. йткенмен оны сезім ұстаханасы уге әбден болады. Сезіммен жазылнды сезіммен оқып, сезіммен ұқнға не жетсін?! Мен оқырманның ізушыдан да мәдениетті, сезімтал ұлғанын қалаймын. Өйткені, айтуын ұғу қиын» (334-б.).

Демек, жазушы еңбегі, көзқарасы ен қолтаңбасы – шығармашылық ценіс пен шынайылық жемісі. Жашы Б. Нұржекеұлы әңгімелері мір оқиғаларының өрнекті өрімі, ам әлемі мен сыр-сезімінің сәулелі ттерін суреттейтін шуақты шығарлар қатарына жатады.

Белгілі қаламгер **Шәрбану Бейнованың** «Сүзгенің соңғы күнрi», «Бір махаббат баяны» атты жс томдық кітабы (*Алматы: Аңыс, 2008-2009. – 1-том. – 240 бет; том. – 280 бет*) әңгіме, хикаяттарын тұрады.

Алғашқы кітап – «Сүзгенің соңғы ндері», «Зағипа» атты хикаяттар ен бірнеше әңгімелердің жиынтыын құрайды («Тылсым», «Туған ідің түтіні», «Апалы-сіңлілі екеу», «Күләйхан мен кемпірлер», «Аманат қалаған сапар», «Мизамшуақ», т.т.).

Аналар рухына құрмет пен тағым «Сүзгенің соңғы күндері» атты хикаяттың күретамырын танытады. втор ел тарихының күрделі кезеін, қиын-қыстау сәттерін суреттеу

негізінде хан мен ханша қарым-қатынасын, халық өмірі мен тағдырын, Ібір-Сібір жұртын, Сарыарқа өңірін, дала дидарын, табиғат көріністерін көркем баяндайды. Бастапқы тұстан-ақ Көшім хан, Сарыарқаның айтулы ақсүйегі, Сүйіндіктің кіші қызы – Сүзге сұлтанымының өміртұрмысынан, тағдыр-талайынан мол мағлұматтар береді. «Хан Сүзгені некелі алты жамағатының үстіне алған» (8-б.). Ханның Сүзгеге көңілі ерек. «...аса сиректеу болса да осы бір егде жанның бұған мейірлене қарайтын шақтары бар» (10-б.). Сүзге тілегін ескерусіз қалдырған емес. «Ертістің бір жиегіне Сүзгеге арнап сарай-қамал салдырып берді» (12-б.). Сенімі мен сезіміне шәк келтірмеді. Оның үстіне: «...Сүзгенің бойынан ажар-көріктен басқа нәзік қайрат барын таныған. Намыс отын аңғарған. Намысшыл жанда опа бар» екені анық (12-б.). Бұл тұстардан хан мен ханым байланысы, қатынасы тәптәуір көрінеді.

Сүзге ханым өз кезегінде сарайды кірсе шыққысыз етті. Жарасым мен үйлесім салтанат құрды. «Сарайы – қамалға, қамалы – шаһарға» айналды (14-б.). Алайда ханның ел іргесіндегі шырғалаңнан шыға алмай жүруі, үлкен ханымдардың өктемдігі мен озбырлықтары көңілін пәс етіп, күдікті ұлғайта түседі. Оған қоса: «Баласының жоқтығы бүгін анық батқандай» (18-б.). Атаман Гроза жа-

сақтары – Сүзге ханым туралы да дерек алып үлгерді. Бас сардар мен Мұхамедқұл да Сүзге ханымға «сайланып келген пиғылы бұзық жұрт» жайлы жан-жақты хабардар етті. «Қаны қалмаңыз!» дегенді анық-қанық жеткізді.

Осы сәт Сүзге хан иесін есіне алды. «Жаратқанға жалынып мінәжат етті». Хан ордасындағы күтуші кейуана дауысын естіді. Бұл кезде Сүзге тұрағы – қамал қоршалған еді. Атаман Гроза шаһарға шабуыл жасауды қолай көрмеді. «Шаһардың алдын қоршай шен құрып алып, жасақтарын соның бойына жайғастырды... Ара-тұра дүңкілдетіп, от қаруларын атып, шаһар жұртының зәре-құтын қашырып қояды» (37-б.).

Сүзге ханымның жан әлемінде алай-дүлей аласапыран аңғарылғанымен, ақыл-парасатқа көбірек жүгінді. Ханды ойлады. Қамал-сарайды оп-оңай қалдыруды кінәрат көрді. Арға жүгінді. Намысты қолдан бермеуге бекінді. «Әйел жолы – жіңішке» екенін есте ұстады. Әйтсе де, ақыл-парасатқа, ерік-жігеріне сенді. Хан мен халықтың абыройын алға шығарды.

Сүзге ханым қамал-шаһардың қоршауға алынғанына көзі жетті. Бас сардарды атаман Грозаға жұмсады. Үш шарт қоятынын, сосын шаһарды беретінін айтты. Сүзге ханым – шаһар халқына бостандық сұрады. Оларды ұлысқа қайтаруға кеме әзірлеуге

талап етті. Қарапайым тұрғындарға қаһарын төкпеуін өтінді. Ал атаман Гроза талабы бір-ақ жайтқа тірелді. – Сүзге ханым сарайында қалсын! (43-б.). Ақиқатында, атаман Гроза «Көшім ханның ең жас, ең сұлу ханымын қолына түсіру бақыты өзіне бұйырарына мейманасы тасығандай» еді. (46-б.). Гроза таяу келгенде «...Сүзге ханым оты өшкен жанарымен жарық дүниеге – соңғы рет қарап, мәңгіге көз жұмды» (46-б.).

Нәтижесі белгілі, Сүзге ханым хан мен халық абыройын, азаттығы мен бостандығын ойлады. Өзі осы жолда өмірін қиды. Хикаяттың бұлайша өріс алуы – Сүзге ханым секілді ел аналары халықшыл тұлғалардың ұлт тарихында болуы. Автор ел тарихындағы ақтандақ беттердің бірін парақтап, Сүзге ханым секілді аяулы аналардың азаттық жолындағы жанкешті әрекеттерін нанымды баяндайды.

«Сүзгеннің соңғы күндері» ел өмірінің қилы кезең, сергелдең сәттерін ақыл-парасат пен өмірге құштарлық арқылы айқындап, келелі келешекке жарқын жол, кең өріс ашады. Сүзге ханымның мұңы мен сыры осында болып табылады.

Келесі хикаят – «Зағипа» өміртұрмыстан туындаған, шындыққа сыйымды, сурет-көріністері мол тағылымды туынды. Хикаяттың бастапқы бөлімінде – Болат пен Зағипаның отбасылық өмірі көрініс береді. Бо-

лат әр кез-ақ үйге кеш келеді. Арақ-шарапқа жақындығы оны тіпті отбасылық кикілжің, сергелдеңнің жиі орын алуына жол ашады. Зағипа соған қарамастан отбасына адал. Болаттың кеш оралған тұстардағы әрекет-қимылдарын жақын-жуыққа, көрші-қолаңға білдіртпей-ақ келеді. Атасынан (Байбол Сәрсенович) да жасырып, тігісін жатқызып қояды. Қысқасы, Зағипа үйдегі екі еркектің көңілін тауып, ас-суын дайындап, отбасылық өмірді ұнамды қырларымен жақсы жағына бастап отырады.

Бәйбішесі қайтқан атасының көңілін аулап, ас-суын уақытымен дайындап, өзара әңгіме өрбітулері, Болат туралы, болашақ хақында ортақ сұхбат құрулары келісті өрістейді. Зағипаның әкесі атасымен майданда бірге болғаны, соғыстан соң да ауданда қатар қызмет еткені, «бірге өскен – көз көрген» тұстары өмір тағылымы ретінде есте қалады.

Хикаяттағы әкелі-балалының қарым-қатынасы, өмір-тұрмыс туралы өзара әңгімелері отбасының берекесі мен тұрақтылығы төңірегіне сайып отырды. Осының бәрі-баршасының бел ортасында Зағипа бар еді. Ол – отбасы берекесі мен ұйытқысы бола білген парасаты мол, мейірімді жан.

Зағипаның адами сапасы бастапқы бөлікте-ақ Болаттың ертелі-кеш арақ-шараппен «достасқан кезінде»

кешірім мен түсіністік тұрғысынан қарауынан көрінеді. «Болаттың сырын» бұрын-соңды білгенмен, отбасылық ахуалды қалыпты сақтауды, еркек-әйел міндетін терең түсінуде, келіндік қасиет-белгілеріне адалдық таныту ісінде айқын аңғарылады. Әсіресе, оның бойындағы нәзіктік пен төзімділік, қарапайымдылық пен қайраттылық отбасылық ахуалды қалыпты ұстауда, күйеуі Болат пен атасының бабы мен сынын қатар алып жүруде көп көмегі болды. Өмірге құштарлық пен сүйіспеншілік те сындарлы сәттерде өз нәтижесін, оң әсерін берді.

Зағипаның адамшылық жолы, қарапайым қасиеттерінің ұнамды тұстарының бірі осы. Хикаяттың қайсыбір тұсынан-ақ Зағипа бейнесі көрініп, отбасының, жақын-жуықтың байланыс-бірлігін жарастырып жүргенін көреміз. Отбасылық ортақ әңгіме тұсында Зағипа дәрігер болғысы келетінін, қоғамға, адамға пайдалы қызмет еткенді қалайды. «Көкемнің арманы сол еді ғой. Соны орындасам деймін» дегені де шын сыры еді.

Автор Зағипаның адами қасиет-қырларын алыс ауылдағы өмірі мен қаладағы тірлік-тынысымен сабақтастықта сөз етеді. Ауылда балалық, жастық кезеңі өтсе, қалада отбасылық өмірдің қиын да қилы, сындарлы сәттерін бастан кешті. Осының баршасында Зағипа көрген-түйгенін,

болмыс-бітімі мен мінез-қырларын қилыпты жағдайда ұстап, өмірдегі һәм отбасылық орнын тапты. Келешекке нық қадам басты. Тұтастай алғанда, «Зағипа» – адамдық істі ардақ тұтатын, адамшылық қасиеті көп, үлкен-кішіге қамқор, көрегенді, жомарт жүректі жандардың жиынтық үлгісін көрсететін көркем туынды.

Қос томға енген әңгімелер шоғырынан («Тылсым», «Туған үйдің түтіні», «Аманат арқалаған сапар», «Мизамшуақ», «Махаббаттың кермек дәмі», «Жұмақыздың құбылысы», «Тойға келген келіншек», «Мақта-кыз», «Кездесу», тағы да сол сияқтылар) ел-жердің қадір-қасиеті, адам өмірі мен еңбегі, адамгершілік пен имандылық иірімдері, әйел-ананың игілікті ісі мен ізгілікті қырлары, жастық пен достық мерейі, сағыныш пен сүйіспеншіліктің сыр-сипаттары терең танылады.

Әңгімелер топтамасын бастап тұрған – «Тылсым» ауыл-елге келген Жанғанымның көрген-білгенін, өмір-тұрмыстарын, сыр-сипаттарын кең көлемде көрсетеді. Тау жолы, нөсерлі күн, машинаның суға кетуі, үкіге қатысты наным-сенімдер де өмір оқиғасын, тұрмыс суреттерін сенімді ете түседі.

«Туған үйдің түтіні» ауыл мен оның адамдарының ақ адал көңілін, еңбектегі қарым-қатынастарын, әйелдердің отбасындағы, тұрмыстағы тірлік-тыныстарын табиғи сөз етеді.

«Күләйхан мен кемпірлер» ел өмірі мен көріністерін, ауыл адамдарының қарапайым қарым-қатынасын, мектеп тынысын терең танытады. Жас маман Күләйхан көрген-білгені, оқыған-тоқығаны бар, оның үстінс білім-білігі сай болғандықтан мектеп ісінде еңбегі көпке үлгі болады. Қай істе де ұстамды, өзіндік ұстанымы бар. Ауыл адамдары, жігіттер туралы да көзқарасы ерек. Екі Токан, Манарбек жөнінде де айтары, байламы бар. Қысқасы, Күләйхан өмір мен еңбекте ұстамды, ертеңіне үміт-сенімі мол жан.

«Аманат арқалаған сапар» – Ақжамалдың журналистік жолынан сыр қозғаса, «Мизамшуақ» Ақжамал өмірін, тұрмыс-тірлік көріністерін суреттейді. Жарынан айырылып, көңілсіз-сүреңсіз тұрмыс-тіршіліктің әр қилы тауқыметімен жүрген Ақжамал ана ретінде бала-перзентке көңілі кіршіксіз-ақ. Бейтаныс жүргізушімен арадағы «қысқа сұхбат» сырлары, базар мен балабақша арасындағы күйбең тірлік тынысы – Ақжамалдың қазақ әйеліне тән қарапайымдылығы мен отбасылық өмірге адалдығын танытады.

«Махаббаттың кермек дәмі» Мағия өмірін, арға-бергі кезеңін, балаларына деген аналық мейірімін сөз етсе, «Жұмақыздың құбылысы» әйел-ананың мың сан тірлігін, отбасылық өмірін, ұл-қызына деген қамқор көңілін, сағынышы мен сүйіспеншілігін,

сол жолдағы әрекет-қимылдарын қаз-қалпында көрсетеді.

Осы орайда, жазушы Ш. Бейсенованың әңгіме-хикаяттарын тақырыптық арнасы ауқымды, өмір-тұрмыстың мәні мен сыры сан-салалы, сол арқылы айнала-әлемдегі үлкенді-кішілі оқиға, мәселелерді нақты бейне, сенімді сюжет, құнарлы ой-сөз, тіл мүмкіндіктері арқылы жүйелі жеткізеді.

Екінші кітапқа бірнеше әңгіме мен аудармалар енген. «Бір махаббат баяны» атты хикаят та осы кітаптың басым бөлігін, салмақты тұсын алып тұр. Байқалатыны, қаламгер шағын және орта жанрдағы туындыларымен-ақ өмірдің мәні мен сырын, қоғамның құбылысын, кезеңдік көріністерін, адам әлемінің мың сан арналы, қилы қатпарлы тұстарын болған оқиға, ақиқат жайттар негізінде жан-жақты ашып, күнделікті тірлік, отбасылық ахуал, уақыт бедері, тағдыр талқысы, тұрмыс тәлкегі, т.б. сенімді суреттеп, шебер де шымыр, жүйелі жеткізеді.

Келесі кезекте танылатыны, автор қайсыбір туындысында әйел-ана орнын, өмір мұраты мен еңбегін, тірлік-тынысын тамыршыдай тап басып көрсетеді. Шағын жанрдағы туындыларында Жанғаным («Тылысым»), Күләйхан («Күләйхан мен кемпірлер»), Ақжамал («Аманат арқалаған сапар»), «Мизамшуақ»), орта көлемді шығармалардағы Сүзге ханым («Сүзгенің соңғы күндері»), Марғуа

(«Бір махаббат баяны») сынды бейнелер бедерлі белгі-ерекшеліктерімен, қарапайым да қайратты, табанды да төзімді, нәзік те сезімтал болмыс, мінездерімен есте қалады.

Ел тарихындағы қилы-кезең көріністері, әсіресе Сталин геноциді, қуғын-сүргін салдары «Бір махаббат баяны» хикаятының басты арқауын құрайды. Марғуа ана осы кезеңнің дауылды-дүбірлі сәттерін бастан өткергені анық еді. Жазушы еңбегінен Марғуа ананың аузынан баяндалатын ақиқат жайттар, сұрапыл жылдар сүргіні, зобалаң-қорлықтың небір сұрқайлы көріністері дәлел-дерегімен, шынайы сырларымен нанымды өріс алады. Атақты академик, әдебиет сыншысының жары Марғуа ана Алматы, Жамбылда тұрмыс-тауқыметін тартады. Бауырындағы үш баласымен ауыр еңбекке жегіледі. Азаматын аңсап Сібірге барады. Нулы-мұңлы тайғаға да табан тірейді. Адал жарына жетіп, қуғын-сүргінді артқа қалдырып, бейбіт өмірге араласады.

Марғуа ананың Мұқанмен кездесуі, отбасылық өмірі, студенттік кезең, білім-ғылымға қатысты тұстар, 1937-1938 жылдар зобалаңы, Мұқанның айдаудағы, абақтыдағы зая ғұмыры, көп жыл өткеннен кейінгі арандату, қаңқу сөздердің қайта қозғалуы да кітаптың құнарлы, мәнді тұстарын айқындай түседі. Марғуа ана айтқан естелік, әңгімелер бір отбасылық ахуал болғанымен, қоғамда орын

алған, сталиндік зұлматтың зобалаң-сергелденді сәттерін сенімді баяндайды. Жазушы Марғуаның баяны арқылы өмір тағылымын, күрделі кезең-көріністерін көркем, жүйелі жеткізеді. Өмір өрімі, оның өрнекті тұстары қысқа шегініс, арман-аңсар, сағыныш-сүйіспеншілік негізінде өріс алып, басты тұлға табиғатын даралай түседі.

Хикаятта Марғуа ананың Мұқанмен он төрт жасында бас қосқаны, Мұқанның «менің тағдырым – менің ұстазым» деп қиындыққа қажыр-қайратымен қарсы тұруы (122-б.), өмір тағылымын-күнделік жазбаларына түсіруі (123-б.) кешегі күннің күңгірі ғана емес, шынайы шындықтың шежірелі сыры еді. Демек, Марғуа өмірі, Мұқан тағдыры – бір отбасының зобалаң-сергелдені болғанымен, тұтас қоғамды шарпыған қуғын-сүргіннің зардапты екпіні, сталиндік зұлматтың тегеурінді тепкісі еді.

Бұл – социализмге, социалистік қоғамға ортақ қасірет, оның басты капиталы – адамдарға қарсы бағытталған зардапты зобалаң, зұлматты сүргін еді. Марғуа – Мұқан бейнелері осы қуғын-сүргіннің, жолсыз жазаның құрбандықтары болады. Демек, «Бір махаббат баяны» – күрделі кезеңнің көркем шежіресі, белгілі адамдардың тағдыр-талайын кең көлемде көрсеткен тартымды туынды.

Марғуа мұның, Мұқан сырын бар қырынан ашқан «Бір махаббат баяны» атты хикаяттың танымдық тұсы, тағылымдық сипаттарының бірі осы.

Екі кітаптың соңғы беттерінен «Қазақ арулары» (С. Елубай), «Әйелдер әлемі және жазушы» (З. Жұманова) атты қорытынды іспеттес мақалалар орын алған. Екеуінен де жазушы еңбегі және шығармашылық істің қырсыры, жекелеген туындылардың табиғаты мен тағылымы кеңінен көрініс береді.

Жинақтап айтқанда, жазушы Ш. Бейсенованың қос кітабы – өмір өрімін өрнекті өрген, адам әлемінің мың сан иіріміне еркін енген, уақыт бедері мен тұрмыс-тірлік түйткілдерін тамыршыдай тап басып, ақиқат жайттардың шындық сырларын көркем қалыпта, сенімді сипатта суреттеуімен мәнді.

Жазушы еңбегінің жүректі жадыратар, көңілді өсіріп, көркемдік көкжиегіне бастар басым бағыттары, ұнамды үрдістері, басты ұстанымдары осы.

Академик **Ғ. Есім** еңбектерінің басында ұлттық ақынымызға арналған «Хакім Абай» тұр. Адамдық пен ақындық Ақыл мен парасат биігіне көтерілген. Ақынның поэтикалық қуаты ұлттық мұраттан нәр алады. Көркемдік дәрежесі мен рухани сипаттары елдік мұрат-мүддеге негізделген. Кітап авторы Абай әлеміне еркін енеді. Өмір-өнер-өлең сынды ұштаған

ұғымдар сырына назар аударады. Көркемдік-рухани құндылықтардың мән-маңызын ашады. Қазақ сөзінің өзіндік ерекшеліктерін Абай мұрасымен сабақтас көрсетеді. Адамзаттық құндылықтар, әлемдік құбылыстар, мәдени-рухани игіліктер Абай мұрасы арқылы танылып, талданады. Өйткені «Автор-қаламгер Абай барған тақырыптар жайлы зерделеп, Абай суреттеген, Абай бейнелеген өмір көріністерінің бір де бірін қалт жібермейді. Сонау XIX ғасырдағы қазақ тұрмысы мен қазақ қоғамының рухани, әлеуметтік-саяси астарлары Абай поэзиясы, Абай функциялары арқылы жаңаша пайымдалады, Ғарифолла Есім бірнеше іргелі ғылымның басы қосылған жол айрығынан ақынның жан-дүниесінің шындығына, сол тұстағы қоғам болмысының барлық қайшылығының ішкі сырына әдебиетші, философ көзбен үніледі. Осының барлығын Ғ. Есім құнарлы ғылыми деректермен астастыра, тарихи уақиғаларға табан тірей отырып, көркемдік бітім болмысы тұтас жинақтаулар жасайды» (Қ. Әбдезұлы *Даналық антологиясы // «Егемен Қазақстан», 2007, 4 мамыр*). Ғ. Есім еңбектеріне байыппен назар аударсақ, ұлттық мұрат пен тәуелсіздік, елдік сана мен рухани құндылықтар, адам еңбегі мен мәңгілігі туралы толғамдар терең танылады: «Қазақ елінің мәңгілігі әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруі-

нің кеңістігі. Ол – ұрпақтар қамы. Ел болу – сонау түркі заманынан үзілмей келе жатқан келе жатқан арманы. Ел болу – болашаққа, келер ұрпаққа ашылар жол. Ол жолды қадірлеп, таза ұстау – бүгінгі тірілердің ұрпақтар алдындағы парызы, ата-бабалар алдындағы қарыз. Ел болу идеясы – парыз бен қарыздың түйіскен жері» (*Егемен Қазақстан. – 2005. – 28 маусым*). Ғ. Есім еңбектеріндегі басты арқау – қазақ халқы, оның бостандығы мен тәуелсіздігі. Автор бұл тақырыптарды тарих тағылымдарымен, қоғамдық-әлеуметтік ахуал мен елдік мұрат, дүниетаным тұрғысынан саралайды: «Тәуелсіздіктің басты ұғымы – мемлекет. Себебі тәуелсіздік дегеніміздің өзі – этностың ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет. Саяси билікке қолы жетпеген халықта тәуелсіздік туралы тек арман, қиял, утопия ғана болмақ. Тәуелсіздікке жеткен халық, ұлт өз мемлекеттігінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сана биігіне көтере бастамақ. Мемлекеттікке ие халықтың тәуелсіздік туралы философиясы, мемлекет философиясымен табиғи түрде бірігіп кетуі түсінікті әрі қалыпты жағдай. Біз қазір осы саяси жағдайда өмір сүріп жатырмыз»

(*Қазақ ренессансы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 3-4-бб.*).

Ал бостандық, еркіндік мәні – тарих пен таным, саясат пен парасат арқылы сабақтастықта өріс алады: «Бостандық саясаттан биік ұғым. Бостандықты тек саясатпен түсіндірсек, оның болмысын бұрмалауға, теріс ұғындыруға мүмкіндіктер ашып аламыз. Мұндай әрекеттер болған, оның атауы – идеология, яғни жалған сана. Бостандықтың шын болмысын ізгілік пен парасат арқылы түсіндірген ибзал. Ізгілік – адамзаттың мәңгілік асыл қасиеті. Ізгілік – жаратушының, жартылыстың, табиғаттың өзегі... Бостандық деген әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес, әрбір азаматтың өз еліне деген тәуелділік санасы болса керек. Халқын құрметтеген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің өмір салтына айналдыра алады. Бостандық деген туған елімен, жұртымен қандай жағдайда бірге болу» (*Сонда. – 22-24-бб.*).

Демек, Ғ. Есім еңбектеріндегі тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымдары елдік сана мен еркіндік мұраттары, адам өмірі мен еңбегіне қатысты көзқарастар, кемел келешектің жарқын да жасампаздық сипаттары дәлел-дерегімен, талдау-саралауларымен мәнді, терең көрініс береді. Ұстаз-ғалым арғы-бергі кезеңдерде барлау-саралаулар жасау арқылы ұлт мұраты мен руханият хақында келелі ойлар қозғайды. Елдік пен еркіндік-

ті – халықтың арман-аңсарларымен байланыстырады. Ұлт пен ұрпақ қамын тәлім-тәрбие ісін де осы бағытта тарата талдап, әлеуметтік-рухани сипаттарын айқындайды.

Академик Ғ. Есім «Сана болмысы» (көптомдық), «Хакім Абай», «Даналыққа құштарлық», «Фалсафа тарихы», «Қазақ философиясының тарихы», т.б. еңбектері арқылы адамдық сапасы, ұстаз-ғалымдығы кеңінен көрінген еді. Адамзаттық құндылықтарға, жаратылыс пен жаратушы табиғатына, өмір-дүние сырына, дүниетаным иірімдіріне жан жүрек құбылысымен, ақыл-парасат таразысымен ден қойған-ды. Көзқарас пен қолтанбасы да айқын байқалған еді. Ғ. Есім еңбектерінде Қазақ елі деген ұғым асқақ естіледі. Адамзаттық проблемалар, адамдық құндылықтар, руханият мәңгілігі публицистикалық серпінмен, философиялық серпінмен, философиялық толғам-толғаныстарымен беріледі. Ғ. Есім шығармашылығында бостандық бағасы, елдік сана, ұлттық құндылықтар, руханият мәселелері басты мұрат, алтын арқау ретінде көрінеді. Ең негізгісі, әрине Ғ. Есім еңбектерінде халқымыздың арғы-бергі тарихы, мәдени-рухани көкжиектері, білім-ғылымның көрнекті тұлғалары, елдік мұраттың келелі де, түйінді тұстары әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талданады. Әр алуан салыстыру мен байыпты бағалаулар жасалады. Айқын көзқа-

рас пен қолтаңба өзіндік бағыт пен талдау мәнері, ой айту мүмкіндіктері мол. Ғ. Есім «Жар жағасы» атты новеллалар мен эсселер еңбегі арқылы каламгер, эстет, сыншы ретінде көрінді. Адам ата – Хауа анадан бастап арғы-бергі тарихтан сыр тартты. Халық даналығына, ұлттық құндылықтарға, қазақ өркениетіне, тәуелсіздік табиғаты мен тағылымына перзенттік парызбен де, фәлсафалық көзқараспен де мән-маңыз берді. Ұлт мұраты мен руханият мәселелері адам өмірі мен еңбегі, игілікті де ізгілікті істер басты құндылық, қымбат қазына ретінде танылды. Өмір уақиғалары мен шындықтары, уақыттынысы негізгі назарда болды. Қоғамдық құбылыстар өмір-уақыт шындықтары, адам еңбегі мен имандылық иірімдері басты арқау етілді.

Кітаптың алғашқы бетінде автор атынан баяндалатын мән-маңызы мол аңдатпа берілген: «Адамдар қай заманда, қай елде болмасын тағдырларын арқалап, бұл жарық дүниенің Үміт Базарында жар жағалап күндерін кешуде» (3-б.). Автор аңдатпа арқылы Адам-Тағдыр-Жар жағасы деген қағидалы көзқарастар төңірегінде кемел әңгіме өрбітіп келелі ойлар қозғайды. Жақсы адам, ізгі жандар жөнінде кәделі де сауапты істерді алға тартады. Жақсылық пен жауапкершілік, игілік пен ізгілік – адам сапасы өмір шындығы негізінде көрініс береді. Аңыздағы Қорқыт пен

бейнеті мол Сизиф әрекеттері жар жағасының мысал-деректері ретінде алынады.

«Жар жағасы» – аталмыш кітаптың басты арқауы, көркемдік мұраты. Кітаптағы новеллаларға тән белгілер – шағын, көркем, ойлы болып келеді. Өмір оқиғалары мен шындығы, ел тарихының түйінді тұстары, қилы кезең көріністері, танымал тұлғалардың тағдыр-талайлары, тұрмыс-тіршілікке қатысты тосын сюжет пен қисынды әрекеттер көркемдік шешіммен, интеллектуалдық сипаттағы басым мәнді болып табылады. Тарих тағылымдары, өмір-тұрмыс суреттері, адам еңбегіне қатысты көзқарастар эволюциясы дерек көздеріне негізделуімен, нақтылы көрініс пен қызғылықты оқиғалардың көркем де келісті, сергек те серпінді суреттелінуімен есте қалады. Ең негізгісі, сөз жоқ, кітапқа енген туындылар қысқа көлемді, қызықты оқиғалы, нұскалы ойлар мен түйінді тұжырымдарға толы болуымен мәнді болып келеді. «Новеллалар» бөліміне енген «Таңсұлу» туындысының табиғаты бөлек, өмір оқиғалары мен шындықтары сенімді, көркемдік-рухани олжасы мол.

«Таңсұлу» – өмір-тарих сырларын, арғы-бергі кезең көріністерін, жекелеген кейіпкерлердің тағдыр-талайын уақыт шындықтарына сай суреттеуімен мәнді де тағылымды. «Таңсұлу» туындысында тарих таң-

ысы, уақыт бедері, өмір шындықтары өмір. Қазақ-қалмақ қатынасы Таңсұлу төңірегінде кең өріс алады.

Таңсұлудың жастық шағы, бойжеткен сәті сенімді суреттеледі. Ақыл-ажарынан, жан жүрегінен ізгілік нұры, парасаттылық сипаттары сезіледі. Ол, әсіресе Жойқынмен жүздескенде, Бектің қол астында болғанда, диуана кейпіне енгенде кеңінен көрінеді. Таңсұлу табиғаты мен тағдыры, ұлт пен ұрпақ хақындағы әрекет-қимылдарды, елдік мұрат пен мүдде жолындағы жанкешті еңбектері сенімді де серпінді суреттеледі. Ел-жерге адалдығы, өмірге құштарлығы, әйел-ана ретіндегі жан жүрек толғаныстары шыншылдығымен мәнді. Қаламгер айтқандай: «Таңсұлудың» авторы – Таңсұлудың өзі. «Таңсұлудың» мазмұны – тағдыр.

«Таңсұлу» туындысында өмір-уақыт-тағдыр сынды ұғымдар кең көлемде ашылады. Қоғам-адам-тарих тағылымдары көркемдік мұраттар биігінен қозғалады. Өмір оқиғалары мен шындықтары қарапайым да көркем келісім құрап, адам табиғаты мен тағылымына әлеуметтік мән беріледі. Адам көркемдік шешіммен табиғи үйлесім құраған. Сөз жоқ, Таңсұлу өмірі мен тағдыры, диуана – кемпір кейпіне енген ауыр да аянышты сәттері ел-жерге, отбасына деген сағыныштары әйел-ананың парыз-қарызын еске түсіреді. Осы жолда алуан кедергі-қайшылықтарға

кезігеді. Жат жерде де өмірін өткізеді. Соған қарамастан елге, отбасына оралуды мұрат етеді. Солай болады да. Бірақ, өзін өзгеше өмір, тағдыр талқысы басқа арнаға бұрады. Ар-намыс, жүрек өмірі үстемдік етеді. Тағдыр таразысы басым түседі. Өмірін өліммен алмастырады. Бұл – аңыз бен ақиқатқа толы, шындық шырағы мен сипаттары мол сұлу өмір еді.

«Таңсұлу» тағылымы осы. «Адам ата және Хауа ана хикаялары» жаратылыс, жаратқан, Тәңір төңірегінде сөз болады. Адам ата – Хауа ананың пайда болу тарихы баяндалады.

Ақыл-сана-сезімнің берілу жайы әңгімеленеді. Адам ата мен жаратқан арасында ұлт мұраты, ұрпақ қамы, өмір-дүние құпиясы хақында сұхбат өріс алады. Жұмақ-тозақ мәні, ер-әйел қызметі хақында сыр қозғалады. Абыл-Қабыл туралы да сөз болады. Автор Адам ата мен Хауа анаға қатысты әңгіме-хикаялар табиғатына енеді. Арғы-бергі тарихынан сыр қозғайды. Адамдық істі ардақтайды. Адам өмірімен мәңгі, еңбегімен мәнді, өрнекті өнегесімен тағылымды екені жан-жақты танылады. Біздіңше, Адам ата мен Хауа анаға қатысты аңыз бен ақиқаттардан адамдық іс пен адамгершілік мұраттар, адалдық пен әділеттілік, игілік пен ізгілікті сипаттар терең танылады. Ислам мәні, адамзаттық наным-сенімі, мемлекет пен дін, имандылық үрдістері

н кәделі-сауапты істер төңірегін-келелі ойлар өріс алады. «Дінің рсын – дін аман» қағидасы жарқын паттарға ие болады.

Адам – қымбат қазына, еңбек іршісі, ақыл-ой эталоны деген ртындыға келеді. Кітапта Жатқан – жарылқаушы жайлы дәк-деректер мол. Олар көбінде дам ата – Хауа ана төңірегінде рініс береді. Жаратқан мен Адам а арасындағы сұхбатта арғы-бергі рих та, өмір-дүние сыры да, жагтылыс жайлы толғам-толғаныстар көптеп кездеседі. Адам табиғам мен жаратылысы, жүрек пен нұр іемі де кең орын алады. Адам ата ен Хауа ананың пайда болуы, өмір ййлаудағы орын-үлестері тарих таылымдары негізінде жүйелі сөз ітеледі. «Платонның түсі» – ойлы, әнді. Өмір-дүние сыры, уақыт шынықтыры қозғалады. Адам әлемі мен ұратына кең орын беріледі. Аристоль әлемі, 7 данышпан ілімі, Анахарис шындығы ашылады. Платон мен иммий арасындағы сұхбат сенімді. лам есімі, түс туралы сөз болады. ілім-ғылым, ақыл-парасат туралы йлар қозғалады. Платон түсінде ккуды көреді. Аккуға айналыпты. Әмірі, өнері алдыға шығады.

Симмий аккуды философия, ойлар еп жориды. Бұл Платон философиясы болатын. Ақыл-ой табиғаты мен ешені Платон төңірегінде өріс алады. Платон түсі – өз ойы, философиясы. Өмір мұраты.

«Көсем көкжалдың мәңгілікке сапары» Адам-қоғам, Дала – табиғат туралы. Атамекен мен Атамұра жөнінде. Қасқыр мен иттің арғы-бергі сипаттары саналады. Өзара қақтығысы, әрекеттері беріледі. Сыр-сипаттары ашылады.

Тәңір ісі, тағдыр жазуы қатар көрсетіледі. Тағдыр – барлық істің басы, болмысы ретінде көрінеді. Өмір мұраты, мәні айқындалады.

«Баба – жұрат» тарих тағылымынан сыр қозғайды. Арғы-бергі кезеңдерге назар аударылады. Батыр, билердің өмірі мен ұлағаттары еске алынады. Аға ұрпақ өкілдеріне тағзым етіледі.

Әке мен бала арасындағы әңгіме-сұхбат өмір-уақыт-ұрпақтар сабақтастығы төңірегінде өріс алады. Тарих тағылымдары, кеше-бүгін байланысы, адам өмірі мен еңбегі кең көлемде қозғалады. Тарих пен тағдыр, таным төңірегінде келелі ойлар да, тағылымды сырлар да бар. Автор айтқандай: «Ғасырлар дегеніміз, ұрпақтардың өмірлері мен өлімдерінен құралады екен ғой! Ұрпақтар өмір үшін туады, өмір үшін өледі» деген жолдарда тарих сабағы, уақыт таңбасы, өмір тәжірибелері бар (Сонда. – 34- б.).

«Архат» Шыңғыс ханның жасы ұлғайған сәтін суреттейді. Өткен өмірін еске алады. Шыңғыс үнді шалын еске түсіреді. Өмір-өлім туралы сөз болады. Ақыл мен қара күш сынға

түседі. «Өмір шеңбері қайдан басталды, сонда аяқталуы керек». Туған жер мәні сөз болады. «Архат» – құдай, шал өзін «құдаймын» дейді.

«Дала заңы» қария мен жас ұрпақ арасындағы әңгімеге құрылған. Адамдық пен әділдік, жақсы-жаман, ақыл-жүрек, әдептілік пен әдепсіздік, т.б. ел өмірімен, арғы-бергі тарихпен байланысты өріс алады.

«Қаралар», «Қызылдар», «Халық жаулары» сынды әңгімелерде ХХ ғасырдың I жартысындағы қоғамдық ахуал, өкімет пен әлеумет, ақ-қызылдар күресі, қуғын-сүргін сыры суреттеледі. Өмір-уақыт, кезең шынықтыры ашылады.

«Торғай», «Суық жел», «Мұсылман қыз», «Ұстаз», «Кешке дейін де ғұмыр бар», т.б. шағын көлемді болғанымен өмір, тұрмыс, тағдырға қатысты көзқарастар басым. Біздіңше, тарихтан үлкен шежіре, өмірден асқан тәжірибе жоқ. Аталған новеллалар тарих ізін, өмір сырын, адам болмысын боямасыз, қарапайым жеткізеді.

Кітапқа енген новеллалар ұлт тарихы мен тағылымын кеңінен қозғайды. Елдік мұрат, тәуелсіздік табиғаты, адам өмірі мен еңбегі арғы-бергі тарихпен, қоғамдық-кезеңдік мәселелермен сабақтастықта сөз етіледі. Қайсыбір мәселе, тақырыптар әлеуметтік-қоғамдық қырларымен, философиялық парасат-пайымымен назар аудартады. Әр алуан

адамдар өмірі, қилы кезең көріністері, тосын әрекет, қызықты сюжет желісінен арғы-бергі тарих таңбасы, уақыт тыныстары шағын да шымыр, шынайы да сенімді сипат алады.

Кітапқа енген эсселер топтамасынан тарих пен таным арналары, мәдени-рухани құндылықтар, танымал тұлғалардың басты белгі-ерекшеліктері кең орын алады.

«Иоллығтегін» ежелгі әдебиет материалынан мол сырларды алға тартады. Өткен тарих тағылымдарынан келелі ойлар қозғайды. «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары, ондағы өмір уақиғалары, шындықтары тарих, таным таразысы тұрғысынан зерделенеді. Иоллығтегін дүниетанымы, қағанаттық сана, ұлттық құндылықтар кеңінен сараланады. Түркі қағанаты мен мәдени-рухани қайнарларға қатысты көзқарас білдіріледі. Ежелгі жәдігерлерді қолдау мен қорғауға қатысты ой-пікір, ұсыныстар да қалың көпшілікке жүйелі жеткізіледі. Біздіңше, автор ізденістері мен көзқарастарында ілкі тарихқа, арғы арналарға құрмет пен құштарлық басым. Тарихтан тағылым алу арқылы арғы-бергі кезеңдерге көзқарас білдіреді. Мәдени-рухани құндылықтарға мән береді. Ежелгі жәдігерліктер табиғаты ашылады. Елдік мұрат-мүдде айқындалады. Тарих таңбасы, уақыт бедерлері таныла түседі.

Тастағы дастандардағы атамұра мен тұрмыс-тірлік тыныстары, елдік-ерлік сипаттары, батырлық болмыс, қаһармандық қимыл-әрекеттер кеше-бүгін байланыстары арқылы беріледі. «Иоллығтегін» эссесінде тарих тағылымдары да, мәдени-рухани мұраттар да, өмір-тұрмыс сырлары да мол. Елдік мұрат хақында да айқын көзқарас, тәлімдік тұстар көп:

«Жазба мәдениет іргетасы – алфавит. Ал төл алфавиті болу деген сөз, сол халықтың болмысты (дүниені) эстетикалық және математикалық тұрғыда игеруінің, тануының жоғарғы нәтижесі деп білеміз. Математикалық санасы жетілмеген халық алфавит құрастыруға дәрменсіз. Болмысты есептеу жүйесі арқылы меңгер бастағанда таңбалар деген түсінік туады. Әріп таңбасы ол ойлаудың нақтылығының түрі. Әлмисақтан, адам адам болғалы ойлаудың екі-ақ түрі болған, олар – образды ойлау және математикалық ойлау» (160-б.).

«Қағанаттық (империялық) сана дегенімізде оны әманда тіл мәселесіне байланысты қарастыруымыз керек. Қағанаттық идеологияның ортақ тілі болуы заңды. Ортақ тіл – империялық (қағанаттық) өмір сүрудің бір тәсілі. Мұндай тіл түрік қағанатында, әрине түркі тілі болған.

Түркі тілі қағанаттық мемлекеттік тіл ретінде екі ғасыр өмір кешкен. Осыншама уақыт ішінде түркі тілі, қағанатқа топтасқан халықтардың

әдетіне, салт-дәстүріне, дүниетанымына әбден сіңісті болып кеткен» (163-б.). Демек, өткен тарих – қымбат қазына. Адам мұраты мен еңбегінің, өмірі мен тәжірибесінің жемісті нәтижесі. Ұлт руханиятының қайнары мен құндылықтарын құрайды.

«Қорқыт» (VII-IX) Қорқыт дүниетанымы, «Қорқыт ата кітабы» туралы ойлар мен толғаныстардан тұрады. Қорқыттың өмірі мен өнегесіне, кезеңі мен көзқарас, ұстанымдарына мән-маңыз беріледі. Қорқыт хақындағы аңыз-әңгімелерге, дерек-көздеріне назар аударылады. Түркі дүниетанымындағы Тәңір, Тағдыр, Бай, Бек, Кісі, Құт, т.б. сипаттары ашылады (168-б.). Қорқыттың ақыл-парасаты, даналығы мен даралығы, кеменгерлігі мен кереметтігі тұрасындағы таным-талдаулардан тереңдік пен дәлдік, нақтылық танылады. Қорқыт дүниетанымы мен ұстанымы – ғұмыр һәм өмір сүру философиясымен қатар көрсетіледі. Ол адам табиғаты, болмысы мен тағдыры төңірегінде көрініс береді. Автор түйін-тұжырымын былай білдірген: «...дана Қорқыт – ажалдан қашқан жан емес, ол ажалдың құпиясын, сырын түсінуге тырысқан хакім. Оның алдында шешуі жоқ екі проблема тұрған: бірі – ғұмыр, екіншісі – осы ғұмырда өмір сүру. Яғни, ол өмір философиясы және өмір сүру философиясының мәселелерін сол өз заманында – VIII ғасырда күн тәртібіне

қойған» (173-б.). «Қожа Ахмет Иасауи» туралы эсседе Алла ақиқаты, жаратушы мен жарылқаушы жайлы кеңінен сөз етіледі. Адам мұраты, өмір-өлім хақында да дерек көздері мол. Адамзаттық құндылықтар, адам еңбегі мен еркі, өмір өнегелері туралы толғам, көзқарастар кездеседі: «Адам өзін жаратқан Алласын сүйуге ерікті. Осы ерікті пайдаланып іске асырғандарды біз тақуалар дейміз. Тақуалар – өз жүрегімен Алланы танып, оған ғашық болғандар. Тақуалық – нағыз дүниетаным. Олар – мистиктер. Бірақ олар бұл жолға идеологиялық тәсілмен жеткен қолдан жасаған ойшылдар емес, өздері ерікті түрде абсолюттік ақиқатты сезінушілер. Олар – сөзсіз ерекше қасиеттерге ие жандар. Бұл адам құпиясы. ...Адамның еркі – қазына. Оны меңгеру, іске асырып пайдалану әркімнің қолынан келмейтін іс екенін Иасауи тақуалығының мәнін осылайша түсінуіміз керек. Иасауи өмірі – ғибратты өмір. Ол дүние қызығынан безініп тақуалық жолына түсуі өзгелер үшін қам жегендігі, солар үшін өзін өнеге еткендігі... Иасауи әрекетінде құрбандық жоқ, қалай адам өзін еркін меңгеру керек деген өнегелік бар» (180-181-бб.). Өмір мұраты, адам сапасы мен үлгі-өнегелік қырлары, қымбат қасиеттері де осында жатыр. Адам еңбегімен, құндылық қырларымен қымбат. Қ.А. Иасауи дүниетанымы, тағылымы осыған келіп саяды.

Қазақ қаламгерлері (Ж. Аймауытұлы, І. Жансүгіров), алыс-жақын елдердің ақын-жазушыларының (Бальзак, Л. Толстой, Фолькнер, Хемингуэй, Камю, Ш. Айтматов, т.б.) ерекшеліктері, тақырыптары, басты бағыт-бағдарлары кең көлемде сөз етіледі. Адамдық сапасы мен қаламгерлік келбеттері, жекелеген туындылар табиғаты, өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Айқын байқалар жайт: қаламгер қайсыбір тақырыптың да әлеуметтік астарларын ашады. Көркемдік-рухани қырларына мән береді. Танымдық-тағылымдық сипаттарына көңіл бөледі. Таныс тақырыпқа әлеуметтік-философиялық талдаулар жасайды. Көркемдік-дүниетанымдық қырларына, адами-имандылық мәселелеріне жіті үніледі. Бастысы, әрине, белгілі қаламгерлердің танымал туындыларының, ондағы адам мұраты мен өмір шындықтары, қилы кезең көріністері мен еңбек сипаттары терең таным, іргелі ізденіс, байыпты талдау, саралаулар арқылы нанымды сөз болады. Автор ақын-жазушылар шығармашылығын өздігінше танып-таразылаумен бірге, ондағы басты арналарға, туынды табиғатына, өмір шындықтары мен көркемдік танымға, дереккөздері мен ондағы дәлдікке, шеберлік пен шешендік сипаттарына көңіл бөледі. Жазушы еңбегі мен шығармашылықтың қыр-сырына, иірімдеріне енеді. Көзқарас пен қолтаңбаның мән-маңызына ден қояды.

Маңыздысы, әрине, автор қайсыбір қаламгерлер хақындағы ой-сөз жүйелерін нақты, нанымды жеткізеді. Талдау, салыстырулары салмақты да ұтымды. Тақырыптың әлеуметтік мәніне, көркемдік шындықтың философиялық астарларына назар аударады. Шындық пен шеберлікке айрықша мән береді.

Автор әр алуан қаламгерлер ерекшеліктерін түрліше ашады. Айталық, Ж. Аймауытұлының артықшылығы тіл мүмкіндіктерінен танылса (201-202-бб.), І. Жансүгіровтің таным деңгейі Абай мұрасын тану, зерделеу тұстарынан көрінді (205-207-бб.). Ал Ш. Аймауытов туындылары «Қош бол, Гүлсары», «Тау мен дала хикаялары», «Теңіз жағалаған тарғыл тобет», «Ақ кеме», «Боранды бекет», «Жан нида», «Кассандра таңбасы», т.б. талдап-саралаулармен бірге, ондағы тақырып табиғаты, фольклор мен фантастика сабақтастығы, қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар, адам дүниетанымы мен адамгершілік мұраттар, ақыл-парасат пен дін-діл төңірегіндегі көзқарастар көкжиегіне қатысты баяндалады. Кейде қысқа қайырымдар, кей тұстарда терең талдау, байыпты саралаулар арқылы адамзаттық құндылықтар, көркемдік-рухани мұраттар туралы келелі ойлар қозғалады. Жазушы еңбегін тану мен бағалау, басты тақырыпты, негізгі мәселені тап басып көрсету, көркемдік мұраттарға еркін ену –

Ғ. Есім көзқарасы мен қолтаңбасына тән басты белгі, негізгі өлшемдерінің бірі.

Қаламгердің философиялық проза жанрындағы өзіндік өрнек пен ізденіс арналарынан, көркемдік мұраттарынан көзқарас пен қолтаңба да, еркіндік пен терендік те танылады. Бұл бағытта қазақ қаламгерлері мен оқымыстыларының ой-пікірінде шындық сырлары мол.

Жазушы Ә. Кекілбаев: «Өз басым Ғарифолланың әдебиетке келуінде таңғалатын ештеңе жоқ деп есептеймін. Өйткені Ғарифолла – дәрісханалық философ емес, әлеуметтік философ. Әлеуметпен бірге өмір сүретін, әлеумет уайымдайтын проблемаларды бірге уайымдасатын, сондай-ақ уайымынан құпия жасамайтын, керісінше қабырғалы жұртына жайып салатын философ. Философтың негізгі міндеті – әлеуметпен бірге өмір сүру. Ондай философтың әлеуметпен тілдесетін, сұхбат құратын арналары өте санаулы. Сол санаулы арналардың біреуі – әдебиет. Сондықтан Ғарифолланың әдебиеттен қашса құтыла алмайтын жағдайы бар.

Әдебиеттің заңдылығы да, түрі де, жанры да көп. Алайда әдеби тіршілікті де әлеуметтік тіршілік белгілейді. Өлең оқитын кезең болады, роман оқитын кезең болады, ұзақ эпиканың дәурені болады. Театрдың дәурені болады. Жай әлеуметтік өміріміздің

өзі – импровизацияның кезеңі. Бүгін басталып жатқан істің ертеңгі жалғасы қалай өрістеп кететіндігін бүгін айта алмаймыз ғой. Себебі ертең оны өзгертіп жібереді. Мұндай дәуренде іргелі беллетристикаға отырып қалу көп жағдайда трактормен газон ойғандай шаруа болады. Сондықтан жанрдың ең қысқа, зергерлік түрлеріне қызмет істеу – уақыттың туындатып отырған шарты. Соны Ғарифолла «Жар жағасы» кітабында жақсы ескерген. Өзінің философиясын пайдаланып, уақыттың сұранысын дөп басып, «қазіргі қазақ қауымының назарын не аудару керек?» деген мәселеге байланысты өзінің ұстанымдары мен түйіндерін әдебиеттің ең қысқа миниатюралық жанрлары, оның ішінде эссеистикаға, новеллистикаға сыйғызып айтуға тырысқан».

Академик Р. Нұрғали: «Философиялық прозаның дәстүрі тым алыста жатыр ғой. Анау арғы замандарға барсаңыз, Інжіл мен Құран да философиялық дүниелер. Платондар, тіпті бергі замандағы Жан Поль Сартрлар, орыстың Бердяевтары... Үлкен деңгейдегі философиялық романдар өз алдына, ал шағын үлгідегі, қысқа үлгідегі философиялық дүниелер қазақ әдебиетінде Абай атамыздан басталды. Шәкәрімнің бірер шығармасында аздап төбе көрсетті. Кешегі социалистік реализм заманында философиялық проза жанр ретінде

өрістеген жоқ, өрістеуі мүмкін де емес еді. Өйткені философиялық проза жазу үшін Алла дейтін ұғым, сайтан, ібіліс, жын дейтін сөздер, обал, сауал деген, о дүние, бұ дүние, машһар, пайғамбар деген ұғымдар қоса жүруі керек. Ол түгілі социалистік реализм заманында ақындар «Алматының аспанында бұлт қаптады» деп те жаза алмайтын еді. Ол кездегі поэзияда бұлт та жоқ, боран да жоқ. Қасым Аманжоловтың өзін дауыл туралы айтқаны үшін әбден қудалаған заман еді ғой. Сондықтан философиялық прозаға Ғарифолланың келуі заңды.

Әрине, оның өзіндік қиындықтары да жетіп артылады. Мәселен, белгілі бір салада үлкен ғылыми еңбек жасаған, биік дәрежеге жеткен адамдар әдебиет пен өнерге келгенде дилетант болып қалуы оп-оңай. Болмаса, әдебиетке оқыстан келген адам үлкен көркемдік жаңалықтар ашуы мүмкін. Тағы бір мәселе, адамның жасы ұлғайғаннан кейін көркем шығарма, жаңадан әсем дүниелер жасау қиындайды. Бірақ Сервантес «Дон Кихотын» алпыстан кейін жазған. Сондықтан Ғарифолланың қазір әдебиетке ден қойғанын, философиялық прозаға бой ұруын құптаймын. Қазақтың қазіргі жарасын жазатын философиялық проза, қазіргі дертін емдейтін хирург керек».

Журналист, әдебиеттанушы С. Абдрахманов: «Шын мәнінде қазақ әдебиетінде философиялық проза жанр

ретінде қалыптасқан жоқ. Ғарекеннің жазуымен де қалыптаса қойған жоқ. Философиялық проза жазу енді-енді басталып келе жатыр. Бұл процесс ұзаққа созылады.

Бізде философиялық проза тұрмақ, интеллектуалдық прозаның өзі толық қалыптасып болған жоқ. Бүгінде орыстарда мәңсіз лингвистикалық прозалар жасалып жатыр. Оның ең негізгі сөлі – орыс тілі қандай комбинацияларға мүмкіндік беретіндігін дәлелдеу. Аталған жазушылардың мақсаты мен міндеті – орыс тілінің құдіретін көрсету. Лингвистикалық прозада қалам тербеп жүргендерге басқа талап қойылмайды, шығармалары өзге өлшемдермен қаралмайды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдебиетінде әлі игеруді қажет ететін көп сала бар. Соның бір бұрышына Ғарекен түрен салып отыр» (*Айқара. – 2008. – 2-9 сәуір*).

Тұтастай алғанда, академик Ғ. Есімнің «Жар жағасы» атты туындысы – ұлттық тарих пен өмір тағылымдарын, елдік мұрат пен болмыс сырларын, адам еңбегі мен сапалық қырларын, мәдени-рухани құндылықтарды кеңінен көрсететін реалистік туынды.

Қаламгер Ғ. Есімнің «Социализм» (Кінә және күнә туралы роман) атты философиялық проза дәстүріндегі туындысы (*Астана: Елорда, 2010. – 288-б.*) өмірбаяндық сюжеттер же-

лісінен, кеше мен бүгіннің байланыс-сабақтастығынан тұратын естелік-хикаялардың көркем шежіресі деуге әбден болады.

Кітаптың бастапқы бөлігінде берілген «Алғы сөз» авторлық ұстанымды әрі социалистік қоғам мен социализм туралы ойлар мен толғаныстардың ақиқат жайттарын алға тартады: «...Социализм болған оқиға. Ол сонысымен құнды. Социализм мен секілді миллиондардың өмірбаяны. Ол – Қазақ елінің басынан өткен тарихы. Өткен тарихқа да құрмет қажет.

Социализм әділеттілікке деген ізденістен туған әлеуметтік тәжірибе. Бірақ теріс тәжірибе, ғылымда «теріс нәтиже де нәтиже» деген қағида бар. Осы мәнде алсақ, социализм әділеттілік туралы ізденістің нәтижесі. Жеке адамдар тағдырларының осы нәтижеге матаулы болғаны, соның нәтижесінде сол заманда ғұмыр кешкен жандардың Жаратушы алдындағы күнәсін, адамдар алдындағы кінәсін романға енген естелік-хикаялар арқылы баяндауды мақсат еттім.

Социализм Батыс Еуропадан Ресей арқылы Қазақ еліне зорлықпен қондырылды. Мен сондай тағдырға тап болған ұрпақтың өкілімін. Сөз осы тарихи жағдай туралы» (3-б.).

Алғашқы тарауда («Социализм және мен») социализм тақырыбы, кеңестік социалистік қоғам, оның адамдары мен өмір сүру формалары,

еңбекке қатынас пен көзқарас сынды жайттардың табиғатын ашуға арналады. Ол, әсіресе балалық-жастық кезеңнен бастау алып, кеңестік жүйенің әсер-ықпалы, социалистік өмір-тұрмыс, ұран-шерулер сипаты, оның «көрнекті көсемдері» – Ленин, Сталин, Хрущевтің «бедерлі бейнелерімен» толығып, ел оқиғаларымен байланыста өріс алады.

Автор социализм туралы әрбір тақырып-оқиғаны баяндар тұста қысқа шегіністер жасап, қоғам мен өмір, адам мен еңбек, тұрмыс-тіршілік түйткілдеріне қатысты көзқарастарын, дүниетаным арналарын алға тартады. Ел-жер, тарих пен таным, хан мен халық, батырлар мен қолбасылар хақындағы әңгімелестеліктерді де тиісті тұста тиімді пайдаланады. Кеңестік идеология, социализмнің тарихы мен тәжірибесі, оның қоғамға, адамға кері әсер-ықпалы да тарих тағылымы, халық өмірі мен еңбегі, тұрмыс-тіршілігімен қатар көрсетіледі.

Автордың социализм, социалистік қоғам хақындағы таным-түсінігі – ел-жер жайлы ұғымдармен байытылып, оның өзі шағын хикая, естелік-әңгімелермен жүйелі жалғасын табады. Ата мен ағаның және Қосым қария әңгімелері алапат аштық пен 30-жылдар ойранын, 50-жылдардағы «аш-жалаңаш, кем-кетіктер» сырын кеңінен көрсетеді. Сондай-ақ, Бейсен, Есім, Әлім әңгімелері, Бижа-

мал ана әсері мен тәлім-тәрбиесі сабақтастықта өріс алады. Ел әңгімелері, жақын-жуықтар әсері қоғамдық құбылыстармен қатар көрініс береді.

Кітапта социализмнің қазақ еліне жету жолдары, социалистік қоғамның екі негізі – меншік пен дінге қатысты тұстары нақтылы өмір, тұрмыспен байланыста беріледі. Социализм мен коммунизм жарысы, оның елес қалпында калуы да әр қилы қисындармен көрсетіледі. Қысқасы, автор социализм тұсындағы өмірін қоғаммен, айналасымен байланыста береді. Артық-кем тұстарын уақыт шындықтармен сәйкестікте сөз етеді. Қоғамдық құбылыстар, кезеңдік көріністер, жақын-жуықтар әңгімесі – социализм сырын кең көлемде ашады. Кітапта социалистік империя, Социализм мен коммунистік қоғам – алыс-жақын елдер тәжірибесімен салыстырылады (Америка, Испания, Қытай, КСРО, т.б.). Хакім Абайдың үш сүю қағидасы еске алынады. «Николай Вавилов» кинофильміндегі большевизм мен фашизм элементтері кеңінен көрсетіледі (132-135-бб.). Пролетарлық қозғалыс мәні, социализм мен фашизмнің арақатынасы айқындалады (136-б.). Нәтижесінде, кемел қоғам, ұлт пен ұрпақ қамы кеңінен қозғалады. Автор ой түйінінде: «Мен, өз өмірбаяным болған социализм туралы баяндадым деген қорытындыға

келеді» (134-б.). Демек, «Социализм» (күнә және кінә туралы роман) – қоғамдық құбылыстардың кезеңдік көрінісі, ел тарихының шерлі шежіресі, тарихи жағдай мен тағдырлы тұлғалардың реалистік сыр-сипаттарын қаз-қалпында көрсететін тағылымды туынды.

Қазіргі қазақ прозасы өзінің сюжет пен идея, шығарма кеңістігі мен уақыт бірлігін, кейіпкерлер әлемін бейнелеуімен ерекшелене бастады. Прозада Д. Амантай, А. Кемелбаева, Д. Рамазан, М. Омарова, Л. Қоныс, М. Мәлік, Б. Сарыбай сынды прозашылардың әңгіме-повестері өзінің көркемдік-стильдік құрылымымен назар аудартады. Мәселен, А. Кемелбаеваның «Бала күтуші» хикаяты Мәскеуде оқитын студент қыздың өмірін бейнелейді. Қаржыдан қысылған студент қыз ауқатты отбасына бала күтушілікке барады. Сөйтіп, өзінің жатақханасы мен әлгі үйдің арасындағы тұрмыстық, рухани жағынан байқалған айырманы түсініп, дал болады. Ол үйге ас үйде тамақ пісіріп, үй жинап, сол үйдің жалғыз Ритаға сабақ оқытып тұрып, осы тірлігіне күйінеді. Әйтсе де қаражат керек. Сондықтан Ританың жапқан жаласына, өзіне астамси қарайтын көзқарасына төзуге тура келеді. Кейіпкер бір қоғамдағы екі түрлі айырмашылыққа қатты күйінеді. Көп ойланып, өзін мазалаған ойға іштей жауап таба-

мын деп қиналады. Студент қыз өзіне түсініксіз ортаның жұмбағын шешу үшін кітап оқып, сүйікті ісімен айналысады. Сол кезде жаны рахаттанып, сергіп қалады. Шығармадағы оқиға желісі кейіпкердің ішкі монологімен қабысып, оқырманды ойға, сергектікке жетелеп отырады. Кейіпкерді мазалаған заман келбеті, ондағы күнделікті тұрмыс суреті кімге болса да жақын. Сондықтан оқырман кейіпкерді мазалаған тұрмыстық жағдайды, заман келбетін дұрыс ұғып отырады.

Қазақстан Жастар одағы және Қазақстан Жазушылар одағы Оралхан Бөкей атындағы сыйлықтардың лауреаты Талаптан Ахметжанның әңгіме-хикаяттарында адам мен қоғам, тіршіліктің қарама-қайшылықтары, әр түрлі психологиялық қақтығыстар көрінеді. Қаламгердің «Шәрбат», «Тұма», «Тергеу», «Төрт қанден», «Ата, сен ауырмашы», «Күнәһар», «Айқасқа», «Уғай, арман-ай», «О дүниенің қонағы» әңгімелерінде күнделікті тұрмыс-тіршілік аясындағы адами қарым-қатынас, әр қилы сезім-күй суреттеледі. Әр шығармада адамның шынайы болмысы, ұнамды-ұнамсыз әрекеттері ашылады. «Шәрбат» әңгімесінде Төлештің албырт сезімінің аяқ асты күл-талқан болғандағы күйі суреттеледі. Өзі тым жақсы көріп, аялап жүрген Шәрбаттың ұнамсыз қылығы оның бала көңіліне үлкен салмақ салады.

«Төрт қанден» әңгімесінде қазіргі қаланың тымырайған тас қорған тірлігі, адамдық қарым-қатынас, ата-ана, бауыр деген ұғымдардың орнын ит асырау басқанын, жалғыз басты кейуананың төрт қанденнің ортасында көз жұмуы баяндалады. «Ата, сен ауырмашы» әңгімесінде таза ұлттық мінез, отбасылық қарым-қатынас пен мейірім көрінісі береді. Автор «Атам делбені ақырын қағып қойып, ерніне насыбайын толтырып алады да, шыртырт түкіріп отырып ылғи бір мұнды әуенге басады. Мұндай кездерде атамды мазаламаймын, әуеніне құлақ түріп, үнсіз отыра беремін. Жүрегім сыздайды, көзіме жас келеді. Атам да егіліп отыратын шығар, әйтпесе соншама жаныңды елжіретер әуендерді айтпас еді ғой». Осы үзіндіден атасын елжірей жақсы көрген кейіпкердің табиғи кескіні танылады.

Қазіргі қазақ әңгіме-повестеріне жаңа толқын қаламгерлер әкелген жаңалық біршама. Оның бастылары: қоғам өзгерісі, отбасы мәселесі, ұрпақ бейнесі, адамның дербес қасиеті, ұлттық құндылықтар, рухани биіктік, психологиялық толғаныс, мистика, т.б. Әрине, бұл тақырыптар әдебиетте бұрын да қозғалған. Ал қазіргі қаламгерде бұл мәселелерді өздерінің дара таным, қабылдауларымен жеткізеді. Тұтас бейнелеудің орнын дара, детальды суреттеулер алған. Әрқайсысынан түйетін ойыңыз да

дара көрінеді. Шағын проза салмақты, созылыңқы, жалғасын үнемі қажет етіп тұратын түйіткілді мәселелерге жетелейді. Кейде өзіміз үнемі кездесетін мәселелер бұл шығармаларда өзгеше сипатқа ие.

Жас қаламгер **Лира Қоныстың** «Мәңгілік сағыныш» әңгімесінде кейіпкердің туған ауылына, туған салт-дәстүріне деген сый-құрметі, сағынышы көрінеді. Оқиға ағасының «әжең ешқайда қашпас, келін түсіріп, қыз ұзатып жатқан жұрт бар, құтты болсын айтып шық, туыстарға сәлем бер» деп ұлын қосақтап жіберуі арқылы өрбиді. Кейіпкер жолай ауылдың шығыс жағында каналдан өткенде сол өзеннің шайпау мінезін, оның арғы жағындағы жасыл қыратты еске түсіріп өте береді. Содан әжесінің бейітіне барады. Кейіпкер әжесінің парасатты мінезін, мейірімін еске алып, өткен күндердің сағынышына беріледі. Қыз (автор) мәңгілік сағыныш буып өмір кешерін пайымдайды. Яғни, әжесін біржолата жоғалтқанын, тек төмпешік астында тыныстап жатқанын сезеді. «Әжем жұмақта жүр. Біз екеуміз әйтеуір бір күні кездесерміз» деп түйіп, мәңгілік сағынышына шырмалып, тірілер ауылына қарай қайта адымдайды.

Л. Қоныстың «Бір дорба бақыт», «Құркылтайдың ұясы», «Неміс тілі апайы» әңгімелерінде адам мен жаратылыс құбылыстары аясындағы ке-

ністік мәселесі айқын көрінеді. Мысалы, «Бір дорба бақыт» әңгімесінде оқиғаның басталуы кейіпкердің балалық шағын еске алғанда қыс жайы оралатынын айтады. Қалың да ұзақ қыс жайында. Қазақ танымында қыс – ұзақ мерзімді көрсетеді. Халықта «қылышын сүйретіп қыс келді», «алты ай қыс» деген ұғымдар айтылады. Егер әңгіме мәтінін жинақтай айтсақ, басты мынадай мәселелер суреттеледі:

1) Қыстың қыңыр мінезі сипатталады;

2) Қос тазының қасқырдан қорқып үйге дейін кіріп кеткен маскаралығы туралы әңгімеленеді;

3) Ертегі тыңдаған сәбидің болуы қуантады;

4) Әжесі ертегісін айту үстінде, ақысына жүн түткізеді;

5) Супербай ұры жайлы ертегілердің тәрбиелік мәні айқындалады;

6) Рәпілбектің телефон ұстағандағы қызықтары айтылады;

7) Қайырбай ұстаз жайлы қызықтар әңгімеленеді.

Жаңа жыл өтіп көктем де келіп, әжесінің ертегілері жалғаса береді.

Мадина Омарова өзінің мистикалық сипаты терең әңгімелерімен танымал. Қаламгер шығармаларының сюжеті әдепкі ортадан тыс жерде өтеді. Кейде өң мен түстің арасындағы екіұдай күй көбірек көрінеді. Мәселен, «Суретші», «Махаббат»,

«Қоңыр әуен» шығармаларында шағын, мөлтек ой мен терең түйсік қабыса беріледі. Қаламгер қысқа, дәл сөйлемдер арқылы ойын нақты, көркем жеткізеді. Автор қолданған қысқа сөйлемдер оқырманды ұзақ толғанысқа жетелейді. «Ғұмырын өнерге арнаған суретшінің әр сәті қимылдан тұратын. Ол тоқтаған емес. Кеудесі салқын әуенге толы, ал жүрегін жалын орап жатыр. Ессіз саусақтары шапшаң қимылдап, бояудан ертегі құрайды. Мұңға оранған сұлу күздің ақтық демі, түн құпиясын шашқан шегіртке шырылы, алыстан шақырған әтеш, күн құрғатып үлгермеген балаң шық – бәрі суретші меншігі, суретші әлемі...». Қаламгер сурет өнерінің тылсымын бойына сіңірген суретшінің өзгеше әлемін бейнелейді.

Осы аталған прозалық шығармалардағы бір ерекшелік – күнделікті адамға етене жақын құбылыстарды бейнелеу. Былай қарағанда қарапайым ғана тұрмыстық мәселелерге авторлар оқырмандарын ойлана-толғана назар салуға шақырады. Сол қалыпты көріністердің ар жағында өмірлік, адами құндылықтардың жатқанын аңдатады.

Тұжырым. Әдеби туынды – адам танымының жемісі. Әдебиетте басқа өнер түрі секілді қоғамдық өмірдің барша қырларын қамтиды. Көркем шығарма – әр қаламгердің

өзінше қалыптастырған көркем әлемі. Әдеби шығармада суреттелетін оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екендігі белгілі. Орыс зерттеушісі В. М. Жирмунскийдің пікіріне ден қойсақ: «Әдеби туынды бізге картина немесе музыкалық шығарма сияқты көркемдік-эстетикалық ләззат сыйлайды. Біз әдеби шығарманы оқығанда оны қосымша құралдарсыз-ақ түсінеміз. Оған біздің сезім күйіміз, қабылдауымыз, интуициямыз қатысады». Көркем туындыда халық өмірінің ұлттық бейнесі, психологиясы көрінеді. Қаламгердің ұлттық, көркемдік ойлау ерекшелігі оның бүкіл шығармасының ішкі рухынан сезіледі. Жазушының рухани жан дүниесіне сәйкес оның көркемдік әлемі жасалады. Өмірді танып-білу, адамның табиғатына үңілу қоғамдық талаптың биігіне көтеріліп, өз айналасының ұлттық сипаттарын ашу, характерлердің жанды, нәзік сырларын тауып, қай тақырыпта жазса да, ол халқының бағалы мұрасына айналатындай болғаны жөн. Суреткер өзінің шығармашылық еркін туындысы арқылы білдіреді. Әдеби туынды өмір шындығын көркем түрде жүзеге асырады. Сондықтан туындыны жасаушы субъект көптеген күрделі құбылыстардың ортасында болады. Ол өзінің шығармашылық жігерін көркем болмысты дүниені жасауға жұмсайды. Өмір құбылыстарын

жинақтайды, сұрыптайды, болашақ кейіпкерлерін ойластырады, олардың жекелген қасиеттерін екшейді. Сөйтіп, етене жақын әдеби ортада көркем шығармасын жасайды.

Қазіргі қазақ әңгіме, хикаяттарында жазушылардың белгілі бір философиялық жүйелерге қатысты өзіндік концепцияларын ұсына білгендігі аңғарылады. Бұл, әсіресе адам мен қоғам, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты экзистенциялық концепцияларынан анық аңғарылады. Және бір ерекшелігі – қаламгерлер адам және әлем концепциясын құр баяндаумен емес, кейіпкерлері арқылы ұсынады. Сондықтан да хикаяттарда көбінесе дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлер көп ұшырасады. Суреткер айналасына тек пенделік түйсікпен қарай алмайды. Оның айнала қоршаған ортадан көріп-сезетіні, түйсінетіні қазқалпында емес, әсірелей беріледі. Көркемдік таным арқылы оның дүние-жаратылыс құбылысын бақылау, пайымдау қасиеті өрістейді. Осыдан барып қаламгердің өмірден көргені, басынан кешкені, өзі ортасында болған оқиғалар, адам тағдыр оның шығармашылығының өзегіне айналады, көркем дүниелер тудыруға ықпал етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ прозасындағы көркемдік-идеялық ізденістерге шолу жасаңдар.
2. Әңгіменің тақырыбы мен идеясы, кейіпкерлер жүйесі туралы баяндандар.
3. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік сипаты (талдау).
4. Хикаяттың жанрлық ерекшелігі (тақырыбы, идеясы, кейіпкерлер жүйесі бойынша ашу).
5. Қазақ хикаяттарындағы тақырыптық-сюжеттік желі, кейіпкерлер болмысы.
6. Шағын прозадағы баяндау түрлері. Автор бейнесі.
7. Прозадағы авторлық концепция мен оқырман байланысын бірнеше шығармалар бойынша айқындандар.
8. Қазақ прозасындағы психологизм, оның түрлері бойынша талдау жасаңдар.
9. Қазақ прозасындағы философиялық пайым, оның автор ұстанымы мен кейіпкерлер болмысына қатысын дәлелдендер.
10. «Тәуелсіздік кезеңіндегі шағын проза табиғаты» тақырыбында шолу дайындандар.

2.2. Көлемді жанр сипаты

-- Роман жанрының ерекшелігі, сюжет желісі;

-- Романның жанрлық-құрылымдық сипаттары;

-- Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ романының басты сипаты, тақырыптық-идеялық ерекшелігі;

-- Қазақ романындағы кейіпкерлер жүйесі.

Негізгі ұғымдар: роман, тарихи даму, әдеби үдеріс, жанрлық форма, құрылым, эпикалық болмыс, полифония, сюжеттік желі, көркем шежіре, деректілік, мекеншақ, тұтастық, кейіпкерлер жүйесі, тақырыптық желі, драматизм.

Қазақ романының да өзіндік тарихы, қалыптасуы мен даму жолдары бар. Ақиқатында: «XX ғасырда туып, қалыптасып, дамыған қазақ романы ұлтымыздың сан ғасырлық әлеуметтік, рухани өмірін жан-жақты, терең, көркемдік қуатпен бейнелеп берген аса жемісті жанрлық форма ретінде танылды.

Алғашқы үлгілерін М. Дулатов, С. Көбеев, С. Торайғыров тудырған бұл жанр Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров қаламымен ұштасып, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин талантымен биікке көтерілсе, Ғ. Сланов, Х. Есенжанов, З. Шашкин, І. Есенберлин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Б. Соқпақбаев, С. Жүнісов, Р. Токта-

ров, Қ. Ысқақов, Ә. Тарази, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ә. Сарай, Қ. Жұмаділов, Д. Досжанов, С. Смағайев еңбектерімен кең өріске шықты...

...Бір романмен әдебиетімізге оша салған қаламгерлер (С. Ерубайев, А. Нұрманов, Т. Әлімқұлов), көптеген роман жазған суреткерлер (І. Есенберлин, Р. Токтаров) де бар» (*Қазақтың 100 романы. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2004. – 3-4-бб.*).

Әдеби үдерістің бағыт-бағдарына ден қойсақ, тақырып табиғатынан тыс, өмірдің өзіне, шындық жүзіне, адам еңбегі мен тағдырлар талқысына назар аудару басымдыққа ие болула. Осы орайда, көрнекті қаламгер Д. Кекілбайұлының: «Кесек эпиканың орнына аз адамдардың, тіпті біргана кісінің жан дүниесіндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейтін жаңа роман келді. Кең қарымдылықтың орнына терең талдау үстемдік құрды. Шытырман оқиғалардың орнына шырғалаң сезімдер билік алды. Әдебиет белгілі бір дәуірде болып өткен оқиғалардың көркем шежіресінен соларды бастан кешкен адамның жан дүниесінің кескіндемесіне айналды. Әдебиеттің табиғаты өзгерді. Эстетиканың мұраты өзгерді», – деген сөздерінде мән де, салмақ та бар («*Нұр Астана*», 2010, 11 ақпан).

Осы кезең туындыларынан (мысалы, Қ. Жұмаділов – «Дарабоз» (1996), «Қылкөпір» (2003), Д. Досжан – «Алыптың азабы» (1997), «Абайдың

рухы» (2008), С. Досанов – «XX ғасыр» (1998), «Қылбұрау» (2003), Ұ. Доспанбеті – «Қызыл жолбарыс» (2000), С. Елубай «Ақ боз үй» (2005), Ә. Нұрпейісов – «Соңғы парыз» (1999), Ш. Мұртаза – «Ай мен Айша» (1997), З. Қабдол – «Менің Әуезовім» (1997), Қ. Исабаев – «Серт» (1991), «Шоң би» (1993), О. Сәрсенбаев – «Шеңбер» (1998), С. Смағайев – «Біз құлмыз ба, кімбіз?» (1997), «Жарылғап батыр» (2000), Т. Тілеуханов – «Үш ұрпақ мұңы» (1996), «Базарлы дәурен, балғын шақ» (2003), Р. Токтаров – «Абайдың жұмбағы» (1999), Ж. Шаштайұлы – «Біздің заманның Аяз биі» (1997), т.т.) арғы-бергі кезеңнің, тарих тағылымының, өмір-уақыт шындықтарының бедерлі белгілері көптеп кездеседі. Қайсыбір қаламгер де ұлт тарихы мен тағдырына, танымал тұлғалардың тағдыр-талайына жіті көз, сергек көңілмен қарайды. Елдік мұрат, ұрпақ ұлағаты, кеше мен бүгін байланысы, адам өмірі мен еңбегі, келелі келешек хақындағы көзқарастар жүйесі, т.с.с. тақырыптық-көркемдік ізденіс тұрғысынан шынайылық сипаттарға ие болады.

Өмір тағылымдарына, өнер мұраты мен тарихына жіті ден қойсақ, қайсыбір шығармашылық иесі – Басты туындысын арман-аңсарларына айналдыратыны айқын аңғарылады. Осы бағытта әр алуан ізденістер жасайды. Қоғамдық дамуға, кезеңдік көріністерге, тарих қойнауларына

еркін енеді. Уақыт пен кеңістік сырларына мән береді. Көптеген дерек көздері мен мол материалдар жинайды. Адам әлемінің мың сан иірімдеріне енеді. Жан-жүрегіне үңіледі. Көңіл толқындарына ден қояды. Жүріс-тұрысына, тұрмыс-тіршіліктеріне, кәсіп-дағдысына, мінез қырларына мән береді. Қысқасы, өмір шындығының көркемдік шешімдерге сай өріс алуы негізгі назарда болады. Бір бүтін, тұтас дүние туындау – шығармашылық иелерінің басты мұраты, көңіл қалауы һәм шын сыры.

КСРО Мемлекеттік және Халықаралық М. Шолохов атындағы сыйлықтардың иегері Әбдіжәміл Нұрпейісов осы қатардағы көрнекті қаламгерлердің бірегейі болып табылады.

Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов өткен ғасырды «Соңғы парыз» романымен қорытты. Халық өмірі мен Арал проблемасын, еңбек адамдары мен жекелеген кейіпкерлердің іс-әрекеттерін алуан көрініс, жан жүрек толғаныстары мен тағдырлар талқысы, қилы көзқарастар эволюциясы арқылы көркем де келісті сөз етеді. Кітап табиғаты мен құрылымы, кезең көріністері мен уақыт сырлары, өмір оқиғалары мен шындықтары, адам еңбегі мен тағдырлар талқысы бейнелі де бедерлі, серпінді де сенімді суреттелуімен ден қойғызады. Кітаптың рухани һәм тағылымдық қырлары, әсіресе адам мұраты мен

өмір шындықтарына құрылған сюжеттік желілер, Арал проблемасы төңірегіндегі қилы көзқарастардың шынайылық сипат алуынан қалың көпшілік көркемдік көкжиегіне көтерілді. Шығарма алыс-жақын елдерге тез таралды. Ел тарихының сындарлы сәттерін суреттейтін реалистік туынды ретінде қабылданды.

Екі кітаптан тұратын туынды («Сондай да бір күн болған», «Сондай да бір түн болған») Арал тағдыры мен тағылымын, еңбек адамдары мен олардың өмір тұрмыстарын, отбасылық һәм жақын-жуықтардың қарым-қатынастарын, уақыт пен кеңістік сипатын, табиғат пен теңіздегі қиын да сындарлы сәттерді әр алуан салыстырулар мен шегіністер, қилы көріністер мен кейіпкерлердің көңіл толқындары, жан жүрек тербелістері мен толғам-толғаныстары арқылы кең көлемде көрсетеді.

Кітаптың басты мұраты мен көркемдік-рухани құндылықтары хақында айтқанда, алдымен ойға оралатыны Арал тағдыры ұлттық мұрат пен елдік мүдде тұрғысынан баяндалып, алтын тамыр – ауыл мен оның қарапайым адамдарымен байланыс-бірлікте сөз етіледі. Оның өзі бірер кейіпкерлер төңірегінде топтастырылып (мысалы, Жәдігер, Әзім, Бәкізат, т.б.), олардың еңбегі мен көзқарасын, қарым-қатынасы мен сыр-сезімдерін жан-жақты һәм сенімді суреттеу мақсаты айқын. Бұл тұста, сөз жоқ,

жазушы қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністерді, өмір оқиғалары мен шындықтарын уақыт бедерімен сәйкестікте суреттейді. Шағын отбасы мен бірер кейіпкердің өмір-тұрмыс суреттерін, қилы тағдырлар талқысын Арал мәселесі төңірегінде жинақтап, іс-әрекеттеріндегі табансыз да тиянақсыз сипаттарды бейнелі бедерлейді. Олардың өмірі мен еңбегі, жастық кезеңі мен достық сырлары, ауыл мен Арал мәселелеріне қатысты көзқарастары әр алуан көріністер, түрлі шегіністермен табиғи өріс алады. Ұлттық мұрат пен тарих тағылымдары да, ел-жер жайы мен атамекеннің қадір-қасиеттері де, адам мұраты мен еңбек сипаттары да дархан дала мен телегей теңіздің өзіндік ерекшеліктерімен байланыста беріледі. Сол арқылы ауыл мен қала, дала мен теңіз, өмір мен еңбек мұраттары нақтылы көрініс, шынайы шындықтармен нанымды сипат алады. Ауыл мен Арал, адамдар мен тағдырлар, атамекен мен атақонысқа адалдық – жазушы еңбегінің жемісі, кітап құндылықтарының басты белгілерінің бірі.

Арал тағдыры – Жәдігер өмірі мен еңбегінен, әр алуан бағыттағы іс-әрекеттерінен, сең мен сергелдеңге толы жанкешті тірлік-тыныстарынан терең танылады. Аралдың айбыны мен айдынына қызығып, оны жеке мүддесі жолында саудаға да салып, соңынан сол үшін де сергелдеңге

түскен Әзімнің айла-әрекеттері өмір шындықтарына негізделумен мәнді. Отбасылық өмірге үстірт қараған, аналық парызын әйелдік желігі басқан Бәкізаттың Жәдігер мен Әзімге қатысты көзқарас-қимылдарында, сағынышы мен сүйіспеншіліктерінде сенімсіз сипаттар да, сергелдең тұстар да жетіп жатыр. Ең негізгісі, әрине, жазушы аталған кейіпкерлерді жерлестік тұрғыдан жекелеп те, жүйелеп те сөз етеді, ауыл – қала, өмір – еңбек төңірегінде көрсетеді. Армия қатарында болулары, оқу орнына барулары да сенімді өріс алады. Отбасылық әрекеттерін, елдік мұрат пен еңбекке көзқарастарын, сүйіспеншілік жолындағы табандылықтары мен тұрақсыздық қырларын да жан-жақты ашады. Осы орайда, кітаптың құндылық қырларын асқақтата түскен белгі-бедерлердің бастысы: Жәдігер – Бәкізат, Әзім – Бәкізат бейнелерінің өмір оқиғалары мен шындығының бел ортасында жүретін қызықты күндері мен қилы тағдырлары да ортақ, үндес болуы ауыл мен астана, Арал төңірегіндегі көзқарас-ұстанымдары да әр түрлі сипат алғанымен, түптің-түбінде соның жоғы мен мұңын, соры мен шерін де бірге кешеді. Өмір тағдырлары да Арал төңірегінде тоғысады. Соңғы сапарлары да бір бағытта, бір мезетте аяқталады. Ең негізгісі, аталған кейіпкерлердің адам өмірі мен еңбегіне, өмір-уақытқа, өскен

өңір мен қоршаған ортаға, Аралға қатысты көзқарас мұраттарынан жер мен көктей алшақтық та, жан жүректі қозғар қатерлі де қимас сәттер көптеп кездеседі. Мұның бәрінен, әрине романдағы басты тақырып – Арал мәселесі, ондағы адамдардың тағдыр-талайы, сең мен сергелдеңге қатысты көзқарастар, өмірдің бұралаң жолдары шындық оқиғалар мен нақтылы жайттар арқылы жүйелі жеткізіледі. Авторлық ұстаным, тақырып табиғаты мен көркемдік мұраттар, шеберлік сабақтары мен тілдік мүмкіндіктер де ұнамды сипаттарымен көңілге қонымды ұялайды. Осы тұста еске алар жайттардың қатарына жазушы еңбегін, тақырыпқа адалдығы мен табандылығын, ел-жерге құрметі мен сүйіспеншіліктерін жатқызар едік. Кітаптың қайсыбір тұстарынан-ақ ауыл мен оның адамдарының еңбек пен кәсіптеріне берілгендігін, атамскенге адалдықтарын айқын аңғарар едік. Бұл айтылғандар туынды тағылымын, көркемдік-рухани құндылықтарын арттыра түседі.

Кітап хақындағы көзқарасын жазушы Әбіш Кекілбаев былай білдіреді:

«Алғашқы сөйлемдерін оқығанда-ақ Нұрпейісовтың көзқанық әлеміне қайта оралғандай боласың. Таныс табиғат. Таныс орта. Таныс мінездер. Үлкен суреткерлердің қайқайсы да солай. Тәңір жаратқан ортақ әлемнің үстіне әрқайсысы өзі жаратқан жеке дара өз әлемдерін орнатып

алады. Нұрпейісов те солай. Арал төңірегінен тағы кесек суреткер туып ол да Арал туралы жазса, бәрібір Нұрпейісовтың Аралстанын оқырман көз алдынан қалтарысқа әкете алмас еді. Нұрпейісовтың Аралы кесек мінездер мен кесекті тартыстардың қорығы сияқты. Ондағы сирек кескін-келбеттің өзін ешкім қайта сомдай алмайтындай. Аруларының өзі ақпанның ақтүтек боранындай долы.

Момындарының өзі әлі атыла қоймаған жанартаудай дүлей. Арзымсыз қып суреттейтін алаяқтарының өзі басқаның ақсүйектеріне бермейтіндей сырбаздыққа, сарабалдыққа ие. Басқалар жазса, өншең бір шабақтар жүзгендей айдын Нұрпейісов жазғанда ең кемі шортандар ғана ойнақ сала алатын тұңғиыққа айналып қоя береді. Саркылып қалды деп отырған шалшығының өзінен мұхиттың сұсын танысын. Туған табиғатқа деген осынша махаббат айнала тіршілікке деген терең көзқарастардан ғана туындай алса керек. Шабақтың ойыны бір басқа, шортанның ойыны бір басқа болатыны сияқты, Нұрпейісов суреттейтін тағдырлар да тым өркештеніп шыға келеді» (*Соңғы парыз. – 459-460-бб.*).

Кітап кейіпкерлерінің мақсат-мұраттары, өмір-тағдырлары соңғы сөзден айқын аңғарылады: «Жалпылай алсақ, үш дара тұлға деп үш адамымыздың жеке-жеке бастан кешіріп жүргендері де, бәрі бірігіп, бір-бі-

рімен табысып, бірде кетісіп, бірге бастан кешіріп жүргендері де – бір тағдыр.

Өздерін-өздері алдаусыратқан далбаса тағдыр. Адал жүріп, адал тұрып, абырой табам; адал жүріп, адал тұрып, Аралды аман алып қалам. Бұл – Жәдігердің болмысы. Некелі жарынан бастап, көз таныстарының бәрі еңбек ері деп кекететін еңбек адамының болмысы. Адал жүріп, адал тұрып дегеніме жетем деп жүргенде айдыны сарқылады, ағайын-аумағы жел қуған қаңбақтай жан-жаққа бытырап кетеді, еңбегі еш болады, нақұрыс бала сүйіп, опасыз жар құшады, ошағы ортаға түсіп, бейуақта беталды лаққан сеңнің үстінде бейнетпен жан тапсырады. Адал жүріп, адал тұрып, арам өледі. Оза шауып, бәйге алып, сұлуды құшам; оза шауып, бәйге алып, атак алам. Оза шауып, бәйге алып, абырой асырам; оза шауып, бәйге алып, туған жерімді гүлдетем. Оза шауып, бәйге алып, ауылымның атын шығарам. Оза шауып, бәйге алып, туған халқымның атын шығарам. Оза шауып, бәйге алам деп, досын алдап кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп сүйген қызын құрбандыққа шалады. Оза шауып, бәйге алам деп, ағайынтумадан алшақ кетеді. Оза шауып, бәйге алам деп өзі туған өлкені, өзі шомылған Аралды саудаға салады. Оза шапқызып, бәйге алғызып дәндеткен алдамшы құштарлық ақыр аяғында оның өзін орға жығады.

Үйінен бездіреді. Күйінен бездіреді. Өлең төсегінен бездіреді.

Қызметінен қуып шығады. Беті ауған жаққа лағуға пейіл қылады. Сөйтіп жүріп, баяғы еліне келеді. Баяғы ағайынға қауышады. Тастан кеткен қызына оралады. Жел айдаған қаңбақтай алабұртып жүріп, өзі құрбандыққа шалған Аралдың төсінен бір-ақ шыққанын білмей қалады. Өзі сатып кеткен досының кебін қалай бірге кигенін білмей де қалады. Ақыры тағы да қасындағы серіктерін тастап, бетімен лаққан сеңнен бейберекет қашып шығады. Теңіздегі сеңнен құтылғанмен өмірдегі сеңнен құтыла алар емес. Ертеңі – неғайбыл. Таусылмаған сергелден. Тауыстырмаған далбаса. Бұл қатарынан озып, жүлде алып, үздік туған Әзімнің тағдыры. Ал екеуінің ортасындағы Бәкізаттың да бағын байлап жүрген сол баяғы далбаса үміт. Кешкені сергелден өмір» (*Сонда. – 461-462-бб.*).

Алғашқы кітаптың («Сондай да бір күн болған») бастапқы бөлігі ашық теңізге бет түзеген Ұзын қара кісінің соңындағы ізіне қараған сәтінен басталады. Әлгі адам сілбу ізден сыр тартып, әр алуан ойларға беріледі. Өз өмірі мен отбасының, еңбек пен тірліктің қайсыбір тұстарын да еске алады. Ұзын қараның табиғаты мен тағдырында, еңбек мұраттары мен өмірлік ұстанымдарында өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу орнын бітірген

соң, жас маман ретінде елге келді. Бәкізатпен он үш жыл отасты. Бала сүйді. Қыз өсірді. Ел алдында еңбек етті. Өсті, есейді. Жұрттың аузына ілінді. Жаны жадыраған, көңілі өскен тұстары да аз емес-ті. «Қошеметте, қолпаш та көбейіп, табаны жерге тимей бара жатты». Майдангер балықшы әкесі өмірден өткен. «Ошақ бұтын күзетіп отырған қарт анасынан басқа қол ұшын беретін ешкімі жоқ». Әкесінің немере інісі Сары Шая бар-ды. Оның өзі көбінде елді дүр сілкіндіріп, өз ісінен өзі опық жеп жүреді. Бірақ өзі айтқандай, Жәдігерге – әке орнына әке, аға орнына – аға. Жалғыз жанашыры. Осының бәрін әлгі із еске салды. Өйткені «ізі – өзінен, өзі – ісінен аумайды». Ашық теңізге бастаған да – із. Ақ қар, көк мұзда соңында сүйретіліп түскен сілбу із де сол. Ендігі бір сәт ізге көлеңке қосылды. Ол да бөтен емес-ті. Өзінің ізі мен көлеңкесі еді. Одан қашу мен құтылу қиын. Ал бұған енді «Берекесіз тірлік пен тәңірі берген ит мінез» және жабысты. Он үш жыл отасқан Бәкізаттың Астанаға баруы, Әзіммен кездесуі, бәрі-бәрі ой-санаға тыншу бермейді. Бәкізат бейнесі үйде де, түзде де көз алдында тұрды. Жастық кезені, отбасылық өмірі де жанын тербеді. Әсіресе, Әзімнен қарым-қатынастары көңілге көлеңке түсірді. Алға басқан аяғы кері кетті. Ісі де оңалмады. Үй ішінен де берекесіздікке орын алды.

Әлгі із бен көлеңкенің «ғайыптан пайда болуы» да жайдан-жай емес еді. Тегінде, із бен көлеңке Жәдігердің тағдыр-талайын ғана емес, өмір мен еңбектегі сипаттарын да, отбасындағы дағды-қалыптарын да, Әзім мен Бәкізатқа қатысты көзқарастарын да айқындайтын бірден-бір маңызды факторлардың қатарына жатады.

Жазушы із бедері мен көлеңке сипатына көп көңіл бөлу арқылы адам факторына, оның өмірі мен еңбегіне, жан әлемі мен көңіл толқынына зор маңыз береді. Із бен көлеңке – адам өмірі мен тағдырының жан жүрекке түскен айнасы, жердегі таңбасы.

Жәдігер Бәкізатты көргенде, Әзімді еске түсіргенде, теңізге шыққанда балықшы ауылдарында (Көл Қара, Көк Арал, Ақбасты, Ақ Еспе, Сары Басат, Тас Түбек, т.б.) болғанда, «шофер бала» Қожбанмен арадағы әңгімелерде, тіпті өзімен-өзі қалған сәттерінде де жан жүректі қозғаған, көңіл толқынын тербеткен мазасыз шақтардан босай алмайды. Өзі мен көлеңкесіне де осы тұста көзі түседі. Өйткені «Өзінің өмірде ғана емес, осы үйде де жалғыздығын қатты сезді. Аңғал-саңғал үйде көңілі құрғыр құсаланып, аңдаусызда бір жерін сәл түртіп қалса да аңырағалы тұрған-ды. Абзалы, аш бол, тоқ бол адам жаны қашанда жетім ғой. Төңірегін толып, кейде осылай қараптан-қарап жалғызсырайтын жетім кезің болады-ау! Әсіресе, сонда қиын» (118-б.).

Мұндай көрініс-жайттар Жәдігер өмірінде жиі орын алды. Өзін-өзі ұмытқан, кінәлаған сәттері де болды. Жанға, жүрекке салмақ түсті. Ой-сананы мазалаған қызғанышы көп, есергелдені мол сәттер Жәдігердің Бәкізатқа жиі қол көтеруімен де астасып жатады. Бұл көріністердің соңы Бәкізатқа астанаға, Әзімге баруына «жол ашады». Осы тұста қайын енесі Кәрі қақсалдың да әсер-ықпалы сезілмей қалмайды. Теңіздің тартылуы да елге, отбасына кері әсер етеді. Араларындағы екі бала да денсаулық жағынан көңілді алаң етеді. Өйткені «Екі баланың екеуі де ана жатырында індетке шалдығып кемтар боп туады. Әсіресе, он екіге қарап бара жатқан бұның дәл өзіндей денелі, ірі қара баланың тілі әлі дұрыстап шыққан жоқ. Ақыл-есі кем, ал екінші баласы... Бәкізаттың аузынан түскендей әппақ, әдемі қыз бала... бұл айналайын да сол қолы іштен үш саусағы кем туды. Бұған кім кінәлі? Құдай ма? Адам ба? Жоқ, әлде ант атқыр мына заман ба?

Ала-бөле мұның жеке басына түсіп отырған нәубет болса екен-ау. Әрілесе тек Арал өңіріне келген қасірет болса бір сәрі ғой. Онда неге көнбеген сорлы бас, құдайдың салғаны осы шығар дер еді де, бұған да шыдам жеткенше төзіп бағар еді. Ал мынау күллі қазақтың, қазақ халқының басына қара күн орнатқан, сұм заманның сұмдық зауалына айналып, етек алып барады. Әсіресе,

кеше Арал тартылып, ана жақта Семей, мына жақта Байқоңыр, ол да аз дегендей Маңғыстаудың мидай жазық даласы мен Ақтөбенің қатпар-қатпар кәрі таулары, Орал мен Орданың шағыл құмдарына үсті-үстіне бомба жарып ұлан жер-су, ел-жұрт жаппай полигонға айналғалы бері бұл дүниеге қазақ татпаған у мен дерт қалды ма? Әне, жас ана құрсақ көтерсе үзірлі, кеміс бала туып, ұрпақ азып барады» (49-50-бб.).

Жәдігердің Сырдариядан оралған тұстағы – көк өгізді түсінде көруі мазасыз сәттеріне түрткі болады. Арал теңізінің тартылуы, көк өгіздің суды сарқып ішуі – өмір оқиғалары мен көркемдік шындыққа сәйкестікте орын алады. Көк өгіз хақындағы түс – ұлттық мұратқа, халықтық таным-түсінікке сай беріледі. Оның өзі Жәдігердің – жаратылыс, табиғат туралы таным-түсінігіне қозғау салады. Ол аз болғандай дарияға машинамен түсіп, одан да әуірімдеп аман қалады. Көк өгіз бен дарияға қатысты көріністер де ойын сан-саққа жүгіртеді. Ол ол ма, балықшылар ортасынан оралғанда Бәкізаттың бойында өзгеріс бар: «Айт-тойға баратындай үсті-басын сәндеп киініп апты. Бәрі де анада демалыста болғанда астанадағы ательеге тіккізген инеден жаңа шыққандай әдемі, сәнді киімдер».

Жәдігер Бәкізатты жолдан бөгерісі келді. Өзімен бірге болғанын

қалады. Ары-бері айтып та көрді. Бәкизаттың ішкі ойын да әбден сезеді. Мұнда да енді қалатын, қызығатын жайттар жоқ еді. Ауыл көшіп жатыр. Теңіз тартылды. Жаңбыр жаумағалы да біраз жыл болды. Бұған анасының ел-жер, атақоныс хақындағы айтқаны, Сары Шаяның Әзім, билік турасындағы әңгімелері де негізсіз емес-ті.

Мұның бәрінен Жәдігердің Бәкизатқа деген сенімі мен сезімінен өзге күдік-күмәнді көбейтіп, сезікті жайттарға да бастады. Әзіммен байланыс, қатынастарын еске салды. Анасын, ел-жерді ойлады. Атамекеннің қадір-қасиетін, атақоныстың сыр-сипаттарын да назардан тыс қалдырмады. Бәрі бір: Бәкизат – Әзім әрекеттері алдынан шықты. Адымын аштырмады. Жанжүрекке, ой-санаға тыншу бермеді. Оған да себеп жоқ емес. Жәдігер мен Әзімді көп нәрсе байланыстырады. Ортақ мұрат та, үндес тұстары да бар. Бірге болған, қатар жүрген кездері де көп.

Жәдігер мен Әзім бір ауылдың балалары еді. «Бұл осы екі жігітпен екеуі түйедей құрдас еді; екеуі бір жылда туды; онжылдықты бірге бітірді; институтқа бірге талаптанды; бірақ екеуі де алғашқы емтиханнан құлап ауылға қайтып келді. Сол жылы екеуі әскерге бірге алынды; мерзімін өтеген соң, әскерден екеуі де бір жылда оралды; сонан... иә, сонан былайғы өмірдің талай шырғалаңын бастан бірге кешкен-ді.

Тек кейін бақыт қуған бала жігіттердің өмір жолы екіге айырылып, институт бітіргесін ол астанада қалып, бұл – «Аралым, менің Аралым» деп ауылға тартып отырды. Ол шырқап өсті. Оның өсетініне бұл күмәнданған емес. Баяғы бала кезде балықшы ауылдың күнге күйген қара сирақтарының ішінде ұзын бойлы ақ сары бала жұрт көзіне бұрын түсетін. Зейінді, алғырлығына сенгесін басқа балалардай сарылып отырмай, сабақты жүрдім-бардым оқитын. Есесіне екі бетінен от шығып тұратын әдемі ақ сары бала көп арасын киіп-жарып ән салатын жерде тартынбай домбыра тартты. Балықшы ауылда үрдіс болмаған биге де бұйығы балалар біріннің тасасына бірі тығылып баспай қойғанда, ол қара көзі жайнап бірінші боп шыққан-ды», «Институтқа түсерде бұл осы тұрған Алматыға тәуекелі езер жеткенде, ол Москваға жалғыз тартты. Бұл бірінші сабақтан құлап, анасы берген азғантай ақшасын қала көрген қу мүйіздердің сырасына сауғызып қайтып келсе, ол жаркылдап ауылда жүр. Ана қалтасы да, мына қалтасы да будақ-будақ ақша. Сол жылы ата-аналар оқуға түсе алмай қайтқан балаларға ренжігенде: «Өзіндей Әзімге қарашы. Оқуға түспесе де, ақшаны күреп қайтты», – деп ұрысатын» (122-123-бб.).

Әзімнің елге келуі ауылдағы біраз жайттарға тиек болды. Жәдігердің есіне Әзіммен бірге өсіп-есеюі, ар-

мияда болуы, студенттік күндері мен Бәкизатпен алғаш кездесулері, бәрі-бәрі түсті. Арал проблемасы да екі көзқарас тұрғысынан сараланды. Халықтың демографиялық ахуалы, балық шаруашылығын мақта, күріш сынды тиімді іспен алмастыру жайы да баяндалды. Осы тұста Жәдігерге Бәкизаттың «Сенен кетем» деген октем үні, соңғы шешімі де естілген еді.

Бәкизаттың «Сенен кетем» деген бір ауыз сөзі Жәдігерді таңғалдырмаса да өміріне қозғау салғаны, тағдыр талқысын күшейте түскені анық еді. Араларындағы отбасылық кикілжің, Әзімге қатысты әр алуан әңгімелер де көп жайды қайыра еске түсірді. Енесінің Жәдігерге күдікпен қарап, кекете сөйлеп-ақ Бәкизатты одан әлдеқашан алыстатқан-ды. Ең негізгісі, Бәкизаттың түпкі ойы ауылдан қалаға көшу, Әзіммен қосылу еді. Әзіммен келісімі, онымен бірге жолға шығуында себеп, сыр бар болатын. Өмір мен табиғат заңы Жәдігермен бірге Бәкизат пен Әзімді де сынға алды. Олардың мұз үстіндегі арпалысы, өмір үшін күрестері – адамдық сапасын да, сенім мен сезімге қатысты көзқарастарын, табандылықтарын да айқын аңғартты. Бәкизаттың «Сенен кетем» деген екі сөзі Жәдігермен болған он үш жылдық отбасылық өмірді, араларындағы балаларды еске түсірумен бірге, одан туындаған тағдыр талқысын да, сең мен сезімнің

сергелденді тұстарын да, мәңгілік махаббаттың мәні мен маңызын да жан-жақты көрсетті.

Жәдігердің ел-жұрт, сел мен теңіз туралы мың сан ойларын Әзім мен Бәкизаттың бірге кететіні де бұзған-ды. Оны Сары Шая да, ел-жұрт та есіне салды. Ел, ер намысын да алға тартты. Сонда да теңізге жалғыз тартты. Анасын, балаларын есіне алды. Адам өмірінің мәні туралы ойға берілді. Жаратылыс пен табиғат үндестігіне, өмір мен өлімге, күнгей мен көлеңке хақында да түпкі сырды жайып салды. Өмірдің қуанышы мен қайғысын, дүниенің жалғандығын, у мен дертке толы тұстарын да өкінішпен еске түсірді. Адам мұраты мен өмір мәні, уақыт өлшемі де негізгі назарда болды.

Осы сәт Жәдігермен қоштасқалы Әзім мен Бәкизат та келген-ді. Бәкизат баланы тапсырмақшы болған кешқұрым тұста қара дауыл мұзды қақ айырған-ды. Ақ түтек боран күшейген. Жәдігер болса, «алағай-бұлағай кезеңде» өз-өзін іздеп әлек болады. Өмір сыны, тағдыр талқысы оларға оңай тимейді. Өмір-тағдырын теңізбен байланыстырған Жәдігер өзі мен көлеңкесі арқылы «сыр-сұхбат» құрса, Әзім мен Бәкизат мұз үстіндегі сындарлы сәттерде сенім-сезімді аяқасты етеді. Өз өмірлерін, жан сақтау әрекеттерін алдыға шығарады. Артық-кем тұстарын ойлауға да мұршалары келмейді. Тегінде, Жә-

ігер басындағы, жан әлеміндегі өз-эріс-толқулар, Бәкізаттың баланы, үзімді алға тартып, одан алыстай үсуі Арал проблемасымен бірге ендігі жерде тағдырлар талқысын күшейте үседі. Көзқарастар қақтығысынан зге жан жүрекке түскен салмақ тым уыр еді. Жәдігердің жанын жегідей сеген, жүрекке салмақ салып, көңі-ін алаң еткен Бәкізат пен Әзімнің шық күнде қол ұстасып, «жана мірге аттануы» еді. Елге, жақын-суыққа, отбасылық өмірге кара дақ алған, теріс сипат берген бұл көрі-іс табиғат қарсылығы мен теңізде-і арпалысқа, өмір мен тағдырдың іетпе-бет ұшырасуына алып келді. Үзімніңше, ауыл мен теңіз, мұз үстін-дегі арпалыс – Жәдігердің жан эле-мін айқара ашса, Әзім мен Бәкізат-тың араларындағы жалған сенім мен шұқары сезімді, баянсыз байланыс-іріліктерін аяқасты етеді. Адамдық с-әрекеттің, әділеттіліктің үстемдігі де қиын кезең, қилы сәттерде биік бел-белестерден көрінеді.

Қоғамның басты байлығы, қозға-лушы күші Адам екеніне көз және жетеді. Ақиқатында, Адамнан ардақ-ғы, асыл не бар?

Келесі кітап «Сондай да бір түн болған» деп аталады. Осындағы алғашқы тарауда ақ түтек боран, қара цауыл, аспан асты, жер үсті азына-ған жел мен өкірген теңіз, жарық пен көлеңке, өмір мен өлім арпалысы көркемдік шындықтар тұрғысынан

баяндалады. Өмір оқиғалары, адам еңбегі мен басты мұраттары да сенім-ді сипат алады. Автор табиғаттың асау да долы «мінезін» адам өмірі мен еңбегіндегі өзгерістермен қатар, салыстырмалы сипатта суреттейді. Әсіресе, Аралдың тартылуын, те-ңіздегі қозғалыс пен сең үстіндегі сергелдең сәттерді Жәдігер өмірі-мен, Әзім мен Бәкізат байланыстары арқылы нанымды ашады (257-б.).

Әзім мен Бәкізат боран мен да-уылдан аман қалудың неше алуан айла-амалын жасап бағады. Өз өмір-лерін де ауық-ауық естеріне алады, ортақ жайттарды еске түсіріп, қыл-жаққа айналдырады. Әзімнің «ұлы жоспарын» қайыра есіне салады. Ақ мақталы егінді алқап, тың көтеру жайы, сапалы жетістіктер жөнінде-гі «асыл армандарын» да әзіл-ажуа етеді. Сын-мін ретінде атап көрсетеді.

Қатал табиғаттың сындарлы сә-тіне қарамастан Бәкізат өткен өмірін есіне алып та үлгереді. Астана, Әзім-мен кездесу, демалыс сәті бәрі ой-ға оралады. «Әйел затын ғашығын сүйгені үшін жазғыруға бола ма?» деп те сыр-сезімге ерік береді. «Құдық-қа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнағандай», Жәдігердің жігерсіз де табансыздығына Әзімді қарсы қоя-ды. Әзіммен болған алаңсыз, әсерлі сәттерін, ақ қайынды алқаптағы, тау етегіндегі қызық та қимас кезеңдер-ді жиі есіне алады. Әзімнің Арал ой-патынан тың игеріп, мақта егіміз.

Ақ мақтаны – ақ алтын деп бекер атамаған деген дәйексіз де негізсіз фәлсафаға көзсіз сенеді. Оған деген сенімін күшейтіп, сезімін алдыға шығарады. Адамды, өмірді сезіммен олшейді. Оның мәнін, салмағын се-зіне бермейді.

Ал Әзімнің елге бұл жолғы келуі тым жұмбақ-ты. Бүгін келіп, ертең кетем дегенді де сөз арасында ай-тып үлгереді. Оның келуі мен кетуі, яки «жер қозғалса қозғалмайтын – мығым, маңғаз жігітке ұқсамады» (277-б.). Әзімнің елдегі еркіндігі, атүсті сөйлеуі, ішімдікке шектен тыс берілуі өміріндегі өзгерісті, яки ісінің кері кетуін көрсетеді. Көңіл асқақтығын өмір мен табиғаттың тосқауылы жоққа шығарады. Өмір мен сендегі сергелдеңнен қатты опық жейді. Өмірдің – ұстаз, тәжірибе мектебі екеніне көзі жетеді.

Әзімге қосылу Бәкізаттың әуел-гі арманы болса да «бауырынан шыққан кемтар баланы көзі қиып қалдырғанын», ауыл әйелдерінің әң-гіме-өсекке қарқ болғандарын бір сәт есіне алып үлгерді. Алайда ар-ұятты аяққа таптап, Әзімнің соңына ереді. Ауыл-елдің қарсылығы, балалардың көз жасы оларды, әсіресе Бәкізатты ұзаққа апармайды. Мұз үстіндегі ар-палыс, өмір-дүниеге ұмтылыс пен құштарлық тағдыр талқысы ретінде алдан шығады. Жәдігерге де жаны ашыды. Әзімге де қол созып, бәйек болады. Өмір жолының бұралаң, та-

биғат заңының қатал да сындарлы болатынына да көзі жетті. Көңілі сенді. Артық-кем тұстары, жаза бас-қан сәттері, әсіресе отбасының өмірі, «әйелдік әрекеттері» бәрі көз алды-нан өтті. Адал өмір сүрудің мәні мен маңызына да алғаш көз жеткізді. Отбасылық өмір, әйел-еректің се-німі мен сезімі төңірегінде мың сан ойларға беріледі. Өмір, отбасының берік байланысы мен қымбат та қа-сиетті діңгек екенін толық түсінеді. Артық-кем тұстарын есіне алады. Әйелдің ардақты да, аяулы есім еке-ніне мықтап табан тірейді.

Романда Әзім бейнесіне де кең орын беріледі. Әзім әлемінде де еркіндік бар, «тереңдік» те жетеді. Биіктеген, аласарған тұстары да мол. Ол, әсіресе қаладағы өмірі мен қыз-метінен, адамдық іс-әрекеттерінен те-рең танылады. Кейінгі кезеңде Әзім өмірінің көлеңкелі тұстары қоюла-нып, қалындай түскен. Сөзі мен ісінде алшақтық байқала бастады. Арыз-шағым шектен тыс көбейген-ді. Үлкен үйге де сол себепті шақырылған-ды. Оңынан ұрған жел де, өрлей жүзген қайық та бауырын тасқа соққан сәт еді бұл. Әзім өмірінің кері кеткен тұсы болатын. Жаза басқанын, неден қателескенін ойлады. Артық ақыл адамға әрдайым көмектеспейтінін, ақыл мен айла серікке жарамайты-нын, сезік пен секемге ден қоюдың қажеттілігін еске алды (332-б.).

Бұдан басқа: «...жақсылықтың жолы жіңішке; кейде кісіге мың дос аздық еткенде, бір дұшпанның көптік ететіні қаперінен шығып кетті; осы қазақ басқа қонған бақытты құсқа бекер теңемеген; үргедек құсты қаһарлы қол жиып, қару асынып жетпей-ақ қолына шыбық ұстаған сотқар біреу «тәйт» десе де жетіп жатыр; кеше бір мықты ықыласы түскенде бере салған бақыт, сол мықты қаһарын тіккен күні қайтып алатын түбі бос шикі бірдеңе еді ғой; сен жазған соны да ұмыттын; жоқ, ұмытқан жоқ-ты, тек мына шіреніп отырған қырттардың алтын басыңды қорғып, екі аяғының сарсылтып тұрғызып қойған қорлығы ызаңа тиді: бәрінен бұрын жаныңа сол батты; бірақ амал қанша, күштіге күл шаша ма; қолыңнан келсе, сен де бүйедей бүржиген немерелерді отырған жерінен тұрғызбай үстіне үйдің төбесіне құлата салар едің; ондай құдірет болмағасын, тым құрыса, бұлардың алдында бас игісі келмеді де, қырсығы ұстап кекірейіп алғаны рас; кіріптар боп тұрып менменсіген қикарлық кімге ұнасын» (341-б.).

Әзімнің бойында адамдық істен гөрі әділетсіз әрекеттер басым болды. Өктемдік пен озбырлық қатар өріс алды. Сөзі мен ісінде байланыс болмады. Ескі көзқарас, қасаң қағидадан ұзап шыға алмады.

Ол бюрода да жоғары жақты мадақ сезімге бөлеп, әсіресе Мәскеуге

«мақта керек» деп табандап тұрып алды. Теңіз табанынан су қашқанын, Арал аспаны мен өңірі аппақ ақ шандақ пен тұзға тұншыққанын, адам мен оның ұрпағына бұрын-соңды көрмеген алапат індет келгенін ашық айтты. Алайда ұжымның екі көзқараста болуы, су картасының зиянды тұстары мен іс-әрекеттерінде алшақтық байқалды. Өктемдік пен менмендік таразыға түсті. Өмір мен еңбектегі үйлесімсіздік айқын аңғарылады.

Осы көрініс, сәттер Әзімнің ақ түтек боранға тап келгенде, теңіз үсті мен жел өтінде тұрғанда да есіне түсті. Адам мұраты, өмір мәні мен тұрмыс сәні турасында да ойға берілді. Құрылысшы ағасын үлгі етті. Жастар жайлы, ұл-қыз туралы таным-түсінігіне де мән берді. Ағасының көп ақылдарының бірін есіне алды: «Өз әйелің сұлу болғаннан гөрі өзгелердің әйелі сұлу болғаны дұрыс» (370-б.).

Әзімнің мұз үстіндегі халі де тым аянышты, мүшкіл еді. Әлсіреп, қалжырағанының үстіне өзінің неге кінәлі екенін есіне алып та үлгерді. «Партиядан шығарды. Жұмыстан босатты. Астананы тастады. Астанадағы үй-күйін тастап, екі қолын төбесіне қойып беті ауған жаққа тентіреп кеткенде, алдынан тағы да қаһарын төгіп қарын, боранын, кара дауылын қаптатып несі бар» (374-375-бб.). Әзім өмір сы-

нын, тағдыр талқысын осылай еске түсіреді. Қолмен жасаған қиянаты алдынан шығады. Өмірге өзгеше қарайды. Өмір өз қолында екеніне де көз жеткізеді. Бәрінен де адам мен оның еңбегі биік те еңселі екенін мықтап түсінеді.

Әзім мен Бәкізаттың бір-біріне мұң шаққан сәттері де жиілей түседі. Кездескен, сырласқан сәттеріне де еркін енеді. Жәдігердің қайта оралып, оларды далаға шақыруы, Әзімнің бораған қар мен үскірік желе тап келуі олардың арасындағы бұрыннан бар кереғар жайттарды еріксіз еске түсірген-ді (378-380-бб.). Өмір жолы бұралаң болғанымен, одан қашып құтылу – қиынның қиыны. Әзім мен Бәкізат әрекеті осыған келіп саяды. Олардың теңіз үстіндегі, сендегі сергелдең сәттері адамдық іс-әрекеттерінің таразыға түскен, өмір-тағдырдың талқысына тап келгенін айқын байқатты.

Жәдігер мен Бәкізаттың ақ түтек боранда, мұз үстінде жағалауға асығуы (385-390-бб.), қасқырға тап келіп, өткен күндерді қайыра еске алулары (414-416-бб.), көмекке келген ұшқыштар (428-433-бб.), Барсакелместің арғы-бергі кезеңдері (430-433-бб.), бәрі-баршасы қысқа қайырымдар, шегіністер арқылы беріледі. Әсіресе, Арал мен Адамдардың тағдыр-талайлары, Жәдігер-Әзім-Бәкізаттың өмірмен еңбектегі, тұрмыстағы іс-әрекет, сыр-сипаттары терең танылады.

Қос кітаптың соңғы бөлігі, ондағы өмір шындықтарының көркемдік шешімі Адам тағдыры мен Арал мәселесіне келіп саяды. Кітаптағы ауыл-қала көріністері, қарапайым еңбек адамдарының тұрмыс-тіршіліктері, отбасылық өмір мен жақын-жуықтардың қарым-қатынастары, бәрі таныс көрініс бола тұра басты тақырыпты жан-жақты байытып, көркемдік мұраттар тұрғысынан да, рухани құндылықтар жағынан да биіктете түседі. Ал Арал тағдыры – әлемдік мәселе болса, оның төңірегінде өмір сүріп, еңбек етіп жатқан адамдар, әсіресе Жәдігер сынды кейіпкердің ел-жер, туған өмір төңірегіндегі қимыл-әрекеттері кім-кімді де бейтарап қалдырмайды. Ауылдағы отбасылар саны азайып, жан-жаққа көшіп жатқан тұста Жәдігер атамекен, атақоныс деп табандап тұрып алады. Атакәсіпке, ел-жерге адалдық танытады. Осы жолда кедергіге де тап болады. Кемшіліктерге де жол береді. Ақиқатында, Жәдігердің жан-дүниесіне терендеп енер болсақ, атамекенді – алтын бесік санап, атакәсіпті – өмір арқауы етеді. Адамдық істі ардақтап, оған адалдық танытады. Жазушының өзіне жүгінсек: «...адам қандай жағдайда да адамгершілікті сақтап, адам боп қалу ләзім емес пе?» (*Шындықтың аты – шындық // «Жас Алаш», 2006, 19 тамыз*).

Жәдігердің өмір-тағдырының тұрлы, сергелдеңге толы сәттері стен тыс көп болғанымен, елдік зат-мүддеге адалдығы мен тадылығы оның бейнесін де, еңіні де жарқырата көрсетеді. Өмір-басты өлшемі адам мен оның бегінің асқақтығында болса, ол дігер бейнесі арқылы биік белеске герілген.

Қалың көпшілік есінде осы қалды. манның көркемдік мұраты, рухани рі де осында.

Қос кітаптың құрылымдық жүйе- ондағы өмір оқиғаларының шын- ік жайттарға негізделіп, ортақ мұ- ттар төңірегінде өріс алуы тақырып биғатын, тағдырлар тағылымын рең танытады. Дөңгеленген дүниеге, ілпак жұртқа Арал аймағын, теле- й теңіз болып танылған кең өлкенің «сыз-нусыз күйге енуі, оның орнына с матадан мол өнім алуды көздеген стем де озбыр топтың алуан айла- малға толы килы әрекеттері, сең мен ның үстіндегі сергелдеңге түскен ндырлар талқысы, дала-табиғат- нің алапатты-аласапыранды, сұрғылт а сындарлы сәттері, сөз жоқ, туын- ы табиғатын бейнелеп-бедерлеумен ірге, көркемдік-рухани қырларын а арттыра түседі. Дала-табиғат су- еттері, атамекен мен атақоныстың адір-қасиеттері, ауыл адамдарының скен өлке, туған жер төңірегіндегі олғам-толғаныстары, т.б. өзіндік өзгешеліктерімен, қарапайым көрі-

ністерімен есте қалады. Адам мұ- раты, өмірі мен еңбегі асқақтай түседі. Өмір шындығы алдыңғы ке- зекке шығады. Өйткені: «...қашан да көркем шындықтың негізінде өмір- лік шындық жатады» (*Нұрғали Р. Те- лағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 39-б.*)

Жазушы еңбегі мен шығармашы- лығынан байқалар басты белгілер- дің бірі – қаһарман әлемінен көрініс береді. Кітаптың кей тұстарынан көрінген кейіпкерлерді ұмыту мүм- кін емес. Адамдық келбеті, еңбек мұраттары, жүріс-тұрысы, қимыл қозғалыстары – бәрі-баршасы есте қалады. Ой-санадан берік орын ала- ды (мысалы, Жәдігер, Әзім, Бәки- зат). Эпизодтық көріністерден көрі- нетіндердің өзін ұмыту қиын (Сары Шаян, Кәрі қақсал, Көткеншек Кө- шен, Сары Иван, «шофер бала» Қож- бан, т.б.).

Бұл тұста ойға оралар басты жайттардың бірі – қаламгер негіз- гі тақырып пен өзекті мәселелерді елеп-екшеп, көркемдік қабылдау мен қорытулардан соң-ақ кейіпкерлер жү- йесіне мықтап ден қояды. Қайсыбір кейіпкерді де бүге-шігесіне дейін танып-таразылап, жүріс-тұрысын, кәсіп-дағдысын, ой-сөз жүйелерін оқиға, қимыл-әрекеттер төңірегіне жинақтайды. Әлгіндегі кейіпкерлер- дің әрбірі де өзіндік өзгешеліктерімен, әсіресе, ел-жер, өмір-тұрмыс, еңбек хақындағы көзқарас мұраттарымен

даралана түседі. Бұл ретте, жазушы туынды табиғатына қатысты әуелгі мақсат-мұраттарын, көркемдік-руха- ни һәм философиялық-эстетикалық нысанасын кейіпкерлер жүйесі арқы- лы бейнелі де бедерлі, жүйелі жеткізуді алға қойғаны анық. М. Әуезовше айтсақ: «Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол ырыс... Ойдың көпшілігі жұрт айтқан ой болуы мүмкін, бірақ соны басқаша түрде айта білудің өзі қасиет» (*Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 20-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 452-б.*)

Кітаптың кейбір бөлігінен ауыл мен қала көріністері қос ағыстай ар- на алады. Алыс ауыл өңірі Жәдігер төңірегінде кең өріс алса, қалаға ка- тысты көріністер Әзім айналасында айқын байқалады. Шығарма ауыл- қала хақында емес, әрине. Алайда өмір оқиғалары мен шындықтары ауыл мен қала байланыстары арқылы беріледі. Ондағы адамдар, әсіресе Жәдігер-Бәкизат-Әзім төңірегіндегі қатынас пен қақтығыстар Арал тө-ңірегінде танып-таразыласа, Әзім Аралдың екінші тынысын – мақталы алқапқа, алтынды аймаққа айнал- дыру арқылы көрсетеді. Екі адам, екі көзқарас – Арал тағылымы мен тағдырын сан-саққа жүгіртеді. Жә- дігер атамекен мен атакәсіпке мықтап табан тіресе, Әзім ақ матаны аңсап, «кемел келешекті» көздейді. Кітап- та бұл жайттар алуан әрекет, килы

көзқарас, түрлі тартыстар арқылы беріледі. Ұлт мұраты, ел тағдыры, атамекен орны кеңінен көрініс бе- реді. Ең бастысы, әрине ұлттан асқақ, адамнан қымбат, елден ешкім үлкен емес деген асыл мұрат айқын аңғарылады.

Шындық жүзіне қарасақ, Жәді- гер ұстанымы адам мен ондағы еңбек адамдарының күнделікті өмір шындықтарына негізделсе, Әзім көз- қарасы күдік-күмәнімен де, ғылы- ми негізсіздігімен де көңілге қона бермейді. Сол үшін де еңбек ұжымы- нан қарсылық-кедергілерге кезігеді. Өмір-тағдырдың да талқысына тап болады. Әсіресе, қатал табиғат сы- ны, теңіз үстіндегі жанталас әрекет- тер Әзімнің адами әлемін «айқара ашты». Адам факторы, өмір мәні, еңбек мұраты турасындағы үстірт те тиянақсыз, негізсіз көзқарас-та- нымының тас-талқаны шықты. Қо- ғам-кезең, өмір-уақыт туралы «асыл ойлары» да қысқа, баянсыз болды.

«Қоғам оңалмай, адам оңалмай- тыны» (А. Камю) осы реттен еске түседі.

Романның бастапқы бөлігінен соңғы сәттеріне дейінгі желісі мен жүйесінен, арқауы мен арнасынан бәр сәтте босамайтын басты тұлға- лар – Жәдігер-Бәкизат-Әзімнің өзін- дік өзгешеліктері бар. Бірінсіз-бірі анық та, қанық та көрінбейді. Туынды табиғаты, идеясы мен мазмұны үштік тұлғалар төңірегінде өріс алады. Ата-

кен, Арал, Махаббат – Жәдігер-Бәкізат-Әзімнің арман-аңсарларын, еңбек мұраты мен сенім-сезімдерінің де басты арқауы. «Қан мен тер» романы сюжеттік желі Еламан-Ақбауыр-Тәңірберген төңірегінде дамыса, «Соңғы парыздағы» Жәдігер-Бәкізат-Әзім арасындағы қарым-қатынас, уақыт пен баянсыздық, сенім мен сезім иірімдері ауыл мен қала, дағды-табиғат төңірегіндегі мұз бен теңіздің толқынында өтеді. Тегінде Суреткер образбен ойлайды. Былайша айтқанда, нағыз жазушының философиясы оның шығармасында біркелкі баяндалмайды, түрлі образдар арқылы ашылады. Маңдайы ашық, мерейі үстем һас шебер суреттердің қай көп жазушыдан артықшылығын білгіні білгеніміз да осы тұс. Сәтті образ – «Сәтті шығарманың ең бірінші белгісі». *Шаймерденұлы Е. Әбдіжәміл әлемі // «Шұр-Астана», 2006, 25 қазан.*

Жазушы шығармашылығында таңқаларлыққа адалдығы, қайсыбір мәселенің де кең көлемде қозғайтыны, үлкен-кіші кейіпкерлерінің өзі орын-орындарында тұрғандықтан, табиғилығымен есте қалатыны, айнала-әлемді, алуан көрініс-суреттерді өмір шындығы мен оқиға өріміне сәйкес қолданатыны, ел-жерге қатысты атау-ұғымдарды бүге-шігесіне дейін танып-түстейтіні айқын аңғарылар еді. Бұл, әсіресе аталмыш романдағы Арал мәселесін, оның арғы-бергі тарихы мен тағдыр-талайын, атаме-

кен мен адамдар еңбегін, ел-жердің қадір-қасиетін көрсететін тұстарда терең танылады. Теңіз бен табиғат, адамдар мен тағдырлар талқысы, көз-қарастар эволюциясы, бәрі – Арал теңізі төңірегінде табиғи өріс алады. Өмір шындықтары, уақыт пен кеңістік арақатынастары да нанымды ашылады. Ең негізгісі, әрине адам өмірі мен еңбегі, мақсат-мұраттары елдік мәселелерімен, уақыт шындықтарымен сабақтастықта суреттеледі.

Бірінші, екінші кітаптар көлем жағынан өзара теңдес болғанымен, оқиғалар дамуы мен шындығынан, кейіпкерлер жүйесі мен іс-әрекеттерінен шапшаң да шымыр тұстарының барын байқауға болады. Алғашқы кітапта балықшылар өмірі, ел-жер жайы, Жәдігер – Бәкізат төңірегіндегі отбасылық әрекеттер кеңінен көрінсе, келесі кітапта теңіз бен табиғаттағы құбылыстар, сен мен сергелденге түскен тағдырлар талқысы, адам мұраты мен өмір мәні жан-жақты ашылады. Адам факторы алдыңғы кезекке шығады. Өмір өлшемі, уақыт тынысы терең танылады. Өмір құбылыстары, кезеңдік көріністерімен бірге адам мен табиғат арасындағы байланыс-үндестікке үлкен мән беріледі. Сол арқылы адам әлеміне үңілу, жан жүрек сырларына, көңіл толқындарына ден қою мақсат етіледі. Айнала әлем, өмір оқиғалары мен шындықтары адам мұратына

негізделеді. Адам өмірі мен еңбегі бар асылдан да биік, қастерлі саналады. Әлемнің әміршісі, қоғамның байлығы ретінде де зор маңызға ие болады.

Алғашқы кітаптың соңындағы: «Баланы тапсырамын», – деген Бәкізаттың немесе: «Біз кетіп барамыз... Өз басым сезімнің жетегіне еріп, қызғаныш деген пәлеге құл болуға қарсымын... Бар болғаны сенен өзімнің бергенімді қайтып алдым», – деген Әзімнің әмірлі, өктем үнінен Жәдігерді кінәлау мен мұқату көрінеді (252-бб.).

Ал екінші кітаптың соңында Бәкізат «кіп-кішкентай сұр торғайға» сыр ашады (443-445-бб.).

«Шырылда!» деп үн қатып, келешек күндерге үміт артады. Құс-ғұмыр жаңа өмір мен уақыттың бедерлі белгісіндей есте қалады.

Өмір оқиғалары мен шындықтары тағдырлар талқысымен тиянақ тапқанымен, Құс-ғұмыр жаңа күн, өзгеше уақыттың барын байқатады. Жаңа шындығының жаңаша бағыт алып, көркемдік шешімнің соны сипаттарға ие болуы ұнамды құбылыстар қатарына жатады.

Роман табиғатынан:

- адам мұраты
- өмір мәні
- еңбек сапасы сынды қай кезең, уақытта да мән-маңызын жоймаған мәңгілік сауалдар жиі ұшырасады. Жәдігердің жанын жабырқатқан, көңілін сан-саққа алып ұшқан шексіз де

мазасыз ойлардың бірі һәм бірегейі адам мұраты мен өмір мәніне келіп саяды: «...сонда адам өмірінің мәні неде? Егер жарық дүниеге шыр етіп келген әр пенде өз тірлігінің ақыры бір жауған қар, бір бораған топырақпен көміліп қалатын із сияқты келесі күн көңіл алдар бірдеңе болса... Ана сорлы жатырында ақ жұмыртқа, сары уызды тоғыз ай, тоғыз күн шайқап, толғақ азабын шегіп, тек ата-анаға ғана емес, ағайын-тума, ауыл-аймақ жарық дүниеге тағы бір адам келді деп ел-жұрт боп қуанудың қажеті бар ма еді?..

Тірлікте татар дәм соңыра таусылғанда ше? Кеше туғаныңа қуанған халық ертең өлгеніне аңырап, кара жамылып жатса... Сонда жарық күннің арты қараңғы түн болса, бүгін туған кісі ертең өлу үшін дүниеге келсе, бүгінгі қуаныш ертең кара жамылар қайғының басы болса, осы адам келесі күнгі алдамшы, жалғанға неге өлігін салады? Бүгін қолы жеткен болмашы бірдеңеге мез боп аспанға атқан адам ертең әлдебір шаруасы ойлаған жерден шықпаса, құдды суы тартылған көлдей пәс бола қалатыны не?» (247-248-бб.).

Адамзаттық жаратылыстан бермен қарай айтылып-жазылған өмір-өлім мәселесі аталмыш романның өн бойынан танылып тұрады. Автор оны Жәдігер төңірегіндегі өмір-тұрмыс түйткілдіктеріне қатысты жиі қозғайды. Өмір-дүниенің жалғанды-

ғын, уақыттың өткіншілігін алуан мысал-деректермен байланысты сөз етеді. Далалық фәлсафа алға тартылады. Өмір тәжірибесі мен шындықтары өзек етіледі.

Біздіңше, қос кітаптан тұратын романның басты тағылымы мен көркемдік-рухани олжасы Арал проблемасын кең көлемде қозғап-көтерумен қатар, Адам факторын өмір-уақыт шындықтарымен, тұрмыс-тіршіліктің иірім-сырларымен сабақтастықта суреттеуімен де мәнді. Әсіресе, ол жайттарды қоғамдық құбылыстармен, ел-жер тағдырымен табиғи байланыстырып, мәдени-рухани һәм психологиялық-философиялық аспектіде танып-таразылауы ұнамды да ұтымды. Көркемдік қабылдау мен қорытуы, өмір оқиғалары мен шындықтарына негізделуі тұрғысынан да аса маңызды болып табылады. Ең негізгісі, әрине адам мұраты, өмірі мен еңбегі – басты нысана, асыл арна ретінде алдыңғы қатарға шығады. Қоғамда, өмірде «Адам – басты тұлға!» деген асыл мұрат терең танылады.

Тұтастай алғанда, жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы адамзаттық мәселе Арал тақырыбы мен тағылымын, балықшылар өмірі мен олардың тағдыр-талайларын, жекелеген кейіпкерлердің (Жәдігер, Әзім, Бәкизат, т.б.) көзқарас-мұраттары мен қимыл-әрекеттерін, адами һәм отбасылық тірлік-тыныстарын нанымды оқиға мен қилы тартыстар,

әсерлі де әсем көріністер арқылы бейнелі бедерлеп, оны көркемдік мұрат пен шынайы шындықтар тұрғысынан сенімді суреттейді.

«Соңғы парыз» – Арал теңізіндегі сең мен сергелдеңге түскен тағдырлар талқысын кең көлемде көрсететін тағылымды туынды.

Жазушы Ә. Нұрпейісовтің өмірі мен шығармашылығы, әсіресе «Курляндия», «Қан мен тер», «Соңғы парыз» туралы әдеби үдерісте әр кез-ақ айтылып келді. Кейінгі кезеңде жазушының өзі айтқан «байтақ әңгіме» қалың көптің, әдеби жұртшылықтың назарын аударған-ды. Ұлт жанашыры, әдебиетші-ғалым М. Жолдасбеков Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің телестудиясында жазушы Ә. Нұрпейісовпен болған – «байтақ әңгімені» қалың көпке ұсынды (*«Мені тұлғалар өсірді» // «Егемен Қазақстан», 2010, 14-20 қаңтар*).

Жазушы еңбегі мен шығармашылық хақындағы кездесу-сұхбатта Ә. Нұрпейісов өмірі мен кезеңін, қаламгерлік тәжірибесін, ұстаздары мен тұтастары туралы көзқарас-ұстанымдарын, жекелеген тақырыптар төңірегіндегі ой-пікірлерін кең көлемде сөз етеді.

«Байтақ әңгіменің» бастапқы тұстарында, соңғы бөліктерінде М. Жолдасбеков жазушы еңбегі мен шығармашылығы, қаламгерлік келбеті мен өзіндік өзгешеліктері туралы

ой-пікірлерін де ортаға салады. Оқып көрелік:

«Жазушы қаламынан ұзақ жылдарғы терең толғаныс, табанды ізденістен «Соңғы парыз» дүниеге келді. Кешегі кер замандағы Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдең енді келіп, мына теңіз ортайып, көңіл көншіген шақта Жәдігер, Әзім, Бәкизат болып қайта тірілді...

Бір адамның немесе екі адамның жан әлеміндегі алай-дүлей түкпірлеу арқылы әлеуметтің, қоғамның әлеуетін тінтілеу «Соңғы парыздан» басталды десек асыра айтқанымыз емес.

Қалаңыз, қаламаңыз, эпикалық кең құлаш қусырылып кішірейе-кішірейе бір кісінің кеудесіне сыйған сыр сандығына айналды; қалаңыз, қаламаңыз шер мен мұнды ежіктейтін ішкі монолог етек алды. Оқырманмен сырласу сипатындағы ой ағыны – поток сознания үстемдік құрды. Оқиғаны сезім шиыры ығыстыра бастады. Кешегі сырт келбет, жүріс-тұрыс кескіндемесі енді адамның ішкі әлем айнасына айналып барады. Мұны бір сөзбен жан драмасы дейді. Жан күйзелісі алғы межеге атойлап шықты.

Нұрпейісов шығармасы жан драмасының өзгеше, бөтенше биік құбылысы, пәсте жүз түрленген кісі сезімінің шырғалаңы түрінде көрініс табады. Мистикалық бояу, болмыстың магиялық суреті – жазушының әлі

күнге өрелі ізденіс үстінде екенінің кәміл куәсі...

Қайта қарап үстінен сан мәрте түзеген бірде-бір кітабы жоқ. Бұл кісіге редактор болу – қияметтің азабы. Аудармашы болу – тамұққа түскенмен бірдей. Әдебиетіміздің адам жанына үңілуші спектр сәулесі, сезім шырғалаңы, натураға жақын мінсіз аясы – осы ағамыздың табандылықпен қосқан үлесі. Ой ағынын прозаға, кара сөзге алғаш енгізушінің бірі. Қара сөздің кемел сынықшысы... Көркем сөзбен қазымырлана жұмыс істеуді барынша жетілдіріп, сөзбен сурет салудың шыңына шықты. Алғашқы сөйлемнен-ақ өзгеше әлемге енгендей боласың. Нұрпейісов суреттеген адам тым кесек, тым ірі. Олардың қан қызуы, құштарлығы алапат. Кетіссе – ата жауындай алысады, икемдесе – жүрегінің төріне шығады. Мынау әлсіз еді деп жерге қарамай, анау астам еді деп тауға санамай, жан әлемін түгел кезіп, қалтарысын ерекше сүзіп, жарқыратып ашып береді. Сөз саптауы, сөйлем құрауы бүгінгі біз білетін синтаксиске сыя бермейді, өзінше окшау ойлар, бөтенше бітім, ырғақ, желі, үрдіспен түседі қағазға. Бейне – тулаған телегейдің екпіндеп, ентелеп жететін толқыны. Авторының аты-жөні белгісіз жүз қағаздың ішінен Нұрпейісов қолжазбасын жазбай танып, жүз сөйлемнен жазушы сөз саптауын айна қатесіз табасыз. Сикыры бар сөйлемдер сол!..

Нұрпейісовтің Әзімі – жаңа заманның жаңа қағазы, құштарлықтың құлы. Жұрт алдына түсіп, жұрттан артықша болам деп жүріп досын алдайды, сүйген қызын опат қылады, ағайын-туысынан безеді, өзі шомылған Аралды саудаға салып, пайда көзіне айналдырады. Ақырында сергелдеңге түсіп, неғайбілге сіңеді, бар болып жүріп жоқтың тіршілігін кешеді. Көркем сөздің құдіреті деп осыны айтамыз!..

Қазақ әдебиеті бүгінгі биігіне бірден жете қалған жоқ. Таласты, даулы, итжығыс кезеңдері көп болды. Социалистік реализмнің мектебінен өтті... тапшылдықты, ұраншылдықты бастан кешірді... ұлтшылдықпен де алысты... пафостық... магиялық реализм үлгісіне бой ұрды... шығыстық байтақ романтикалық символдарға да молынан жүгінді... қайтсе де дәуір талабынан, қоғам тілегінен табан аудармады. Білгі батыс пен шығыстың ғажайып өрнекті үлгілеріне салыса бой түзеді. Әдебиеттің мазмұндық, түрлік сапасын баспалдақтап биіктетуге келгенде – бәзбір інілерінен гөрі баяғы ағалардың тындырғаны молдай көрінеді көзіме. Сол тындырымпаздың бел ортасынан мен үнемі Нұрпейісов тұлғасын көремін...» (*«Мені тұлғалар өсірді» // «Егемен Қазақстан», 2010, 23 қаңтар*).

Көрнекті қаламгер Ә. Нұрпейісовтің «Мені тұлғалар өсірді»

атты сұхбат-әңгімесі – жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс, жанр мен жауапкершілік, көркемдік-эстетикалық арналар, шеберлік пен шешендік сипаттарынан өзге аға буын ақын-жазушылар мен жас ұрпақ байланысы, дәстүр мен сабақтастық сырлары, өмір мен өнердегі өнеге-үрдістер туралы ойлар мен толғаныстардың тағылымды үлгісі, көркем шежіресі.

Қазақ романдарынан да кезең-замана шындығы, адам еңбегі мен тағдыры, арғы-бергі тарихтың талайлы-сындарлы сәттері кең орын алды.

Бакқожа Мұқайдың «Өмірзая» романында (*Алматы: Парасат, 2004. – 480-б.*) кеңестік кезең, бейбіт өмір көріністері баяндалғанымен, ақыл-парасаттың өрісі тарылып, ақиқатқа апаратын жол кесіліп, шындық жүзіне тура қарайтын жандар азайған тұстағы қоғамның кері әсері, өмірдің бұралаң жолы, тағдырлы тұлғалар іс-әрекеттері арқау етіледі. Романның бастапқы тұсындағы авторлық аңдатпада: «Бұл еңбегімді қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы құрбан болған ерлердің аруағына арнадым» деп жазылған. Алайда роман оқиғасы арғы арналардағы қилы-қилы кезең көріністерін емес, керісінше, кеңестік дәуір тұсындағы жан әлемі бай, рухы биік те берік замандастарымыздың азаттық пен еркіндікті аңсау идеясын арқау етеді. Ұлт тарихының

көлеңкелі тұстарын, әсіресе, Кенесары хан туралы еңбек жазған профессор Алдияр Ақпанұлының жолын жалғастырған Аяған Қуатовтың Сыздық төре хақындағы зерттеуі ресми орындардың қарсылығына ұшырайды. Ұлтшылдық сипат алады. Идеялық қателік деп табылады. Қуғын-сүргін басталып, оның соңы профессор сал ауруына ұшырап, төсекке таңылады. Аяған өмірі де тағдырлы, қиямет-қайымы мол болады. Өзі ертелі-кеш мың сан кедергі, тосқауылдарға тап болса, оның отбасына да кері әсері тиеді. Әйелі Әсем отбасылық ауыртпалықтан мезгілсіз өмірден өтсе, балалары жетімдік зардабын тартады. Қуат шал Кеңес мекемелерінен шындық іздейді. Шенеуніктер шылбыр ұстатпайды. Ақиқат ауылы алыста екені уақыт тынысынан танылады.

Роман табиғаты мен тағылымынан тәуелсіздіктің маңыз-мәні айқын аңғарылады. Басты мұрат – тәуелсіздікке табан тіреу, ол – қымбат қазына, сирек құбылыс. Роман мұраты, шындық шырағы, көркемдік тұғыр осыған келіп саяды.

Қысқасы, романның тұтас табиғаты мен көркемдік әлемінен адам мұраты мен еңбегі, адамдық-әділеттілік сынды қымбат қасиеттері, шынайылық пен шеберлік сипаттары терең танылады. Жазушы еңбегі мен шығармашылық мұрасы хақында қаламгер Ж. Дәуренбеков

төмендегіше толғаныстарға беріледі: «Оның еңбекшілдігі, табандылығы, тереңдігі, адамгершілігі, сөзіне беріктігі, салмақтылығы, әділетсіздікке төзбейтін қасиеттері көз алдыма келеді. Оған қоса өзіне тәлі бірсөзділігін, айтқанынан қайтпайтындығын айт.

Тағы бір ерекшелік: біріншіден, өз тақырыбын таңдай да, талғай білетін. Екіншіден, діттеген идеясын шығару үшін әбден пісіріп барып қолға алып, аяғына дейін тапжылмай отырып тындырады. Үшіншіден, әр сөзіне ұқыппен қарап, тілдің құнарын табуға ұмтылады, жарқылдақ сөздерге қаламын шаршатпайды. Төртіншіден, өзінің мінезіндей ойлары да, сөйлемдері де орнықты боп келді. Бесіншіден, адам бейнесі ол үшін құпия жұмбақ құбылыс. Соның кілтін табуға шығармашылық күшін салады. Осының бәрі оған шеберлік болып дарыған.

Жазушының әдеби шығармаларының ойы, идеясы терең, әдеби талғам кеңістігі парасатты. Өмірде де, шығармаларында да жағымпаздыққа, көрсеқызарлыққа, екіжүзділікке төзбейді...

Қаламгер қашан да уақытпен үзеңгілес жүрсе де қоғамның проблемаларымен ауырады. Оның өзгерістері мен құбылыстарын, жаңарулары мен жаңалықтарын жүрегімен сезеді, жанымен қабылдайды. Түнімен ұйықтамай, күнімен толғатып жүру

таланттың басына жазылған тағдыр. Қаламгер одан қашып құтыла алмайды, қайта қайнап жатқан қазанына түседі. Баққожа да болып жатқанның бәріне бей-жай қарамады. Қаламына тиек етті, көсем сөзін, жүрек сөзін журналына («Парасатқа») үзбей жария етті. Жайдақ жаза салмады, ойын суытып барып, өзегін тауып, толғап жазды.

Әдебиет – тынымсыздықтың үлгісі. Бейқам жанның қолымен әдебиеттің ошағы жанбайды, орағы өтпейді. Ал Баққожа тірлігі тынымсыздыққа, ізденіске толы болды. Көпірген қызыл сөзден көркем ой – кестелі сөз, қуатты, қасиетті, қадірлі. Баққожа соны терең сезініп, тұғыр етс білді. Шығармалары, сөзі – соның айғағы.

Ол сырласқанда – сырбаз, ойласқанда – табанды, пікірлескенде – найымды. Мұндай қасиет қаламынан да көрініп тұрады. Баққожаның кез келген шығармасын аш, сен оның осы қасиеттерін көресің. Бәлкім, бұл да қаламгер құпиясының бір қыры, бір сыры болар. Ол шығармаларының бүгінгі өмірге осындай көзқарасымен, мінезімен қарап тұрғандай болады» (*Тау тұрпатты тұлға // «Қазақ әдебиеті», 2010, 29 қаңтар*).

Жазушы **Р. Тоқтаровтың** «Абайдың жұмбағы» (*Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.*) – бес кітаптан тұратын роман-хамса. «Абай жолы» роман-эпопеясынан кейінгі жарты ғасырда

жазылған көлемді туындыда Абай әлемі, өмірі мен шығармашылық мұрасы арқау етіледі.

Роман-хамсаның прологында (Лтифат-хат) жазушы: «Абай туралы жазылған бұл роман-хамсаға, негізінен ақын жасап өткен алпыс жылға жуық ғұмыр бойына сыятын басты-басты оқиғалар, интеллект тынысы арқау болды. Оның әр бөлімі «Толғақ», «Жұлдыз құрбандық», «Қызғаныш», «Хақиқат мекені», «Нұрсипат» деп аталып, олардың жеке-жеке кітап хақында дербес қабылдануы көзделді», – деп жазады.

Роман-хамсаның әр кітабы – жеке әлем, дербес хикая. Қоғамдық ахуал, өмір-уақыт ағымы, адамдар байланысы мен тағдыры әрбір кітапқа негіз етіліп, оның өзі Абай әлемі, өмірі мен ортасы төңірегінде кең өріс алады. Туынды табиғатынан Абайдың адами-азаматтық әлемі, ақындық өнері мен өнегесі кеңінен көрініс береді. Қазақ тарихы мен тағылымы, ұлт тұлғалары мен тағдыры, ақын-әнші, би-шешендер өнегесі, Кенесарының кемеңгерлігі мен қолбасшылық қасиеттері, Абайдың даналығы мен даралығы, Құнанбайдың күрделі характері, Қодар мен Қамария тағдырлары, Абай-Зуратай линиясы, Абай және орыс оқымыстылары, Абай-Шоқан арналары, Әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» мен Шоқанның сот реформасы арқылы қазақ дала-сын басқарудың тұтас жүйесі, т.с.с.

өзіндік өзгешеліктермен, көркемдік ізденіс-қорытындыларымен, баяндау-суреттеу ерекшеліктерімен ден қойқызады.

Роман-хамсаның әр кітабы жана тақырып, жеке мәселелер, өзгеше көріністерді арқау етеді. Өмір тәжірибесі, мол материалдар жиынтығы, кезең көріністерінен дәуір дидары, адам еңбегі, көзқарас-әрекеттер танылады. Абай әлемі, өсу-есею ерекшеліктері де келісті өрнектермен жүйелі жеткізіледі. Кезең-уақыт тынысы, адамдар қарым-қатынасы, өмірдің бел-белестері дәуір дидарымен астасып, табиғи өріс алады. Қысқасы, «Рамазан романы – тәуелсіздік дәуірінің ұлттық мәдени мұрамызды қайта қарап, жоғын жоқтап, барын түгендеп жинақтау, жүйелеп тәртіпке келтіру талабының өзінше бір жемісі. Роман-хамса Абайдың бұған дейін ақтаңдаққа саналған ортасын, «интеллект тынысын» кеңейтті, адамгершілік биік парасатының жаңа беттерін ашты. Ол – бүгінгі Қазақстанның тіршілік-тынысына қызмет ететін бағалы туынды» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 69-бет*). «Абайдың жұмбағынан» соң «Абай жолы» аласа тартқан жоқ. «Ал Рамазан Тоқтаров өзге ыңғайдағы, бұрын белгілі себептермен тоқталуға болмай келген қазақтың зияткерлік тарихындағы елеулі эпизодтарды тұтас этнофилософиялық тұрғыда

көгендеп, Абайды, оның айналасын тану ниетін панорамалық оқиғалар ауқымымен, өзіне тән ой синтаксисіне лайық өреде бейнелейді. Шығарма аса көлемділігіне қарамастан, қызық оқылады» (*Б. Майтанов. Тірі ойлардың тынысы // «Егемен Қазақстан», 2005, 1 қараша*).

Р. Тоқтаровтың келесі романы – «Бітеу жара» (*Алматы: Білім, 2001. – 416 б.*) автордың бастан кешкен ауыр хал – асқазанға жасалған отаның мәнжайын баяндау арқылы қоғам мен адам, өмір мен уақыт, өнер мен өнеге хақында сыр толғайды. Уақыт тынысына мән беріледі.

Романның мазмұны мен құрылымы, баяндалу формасы жағынан өмір оқиғасы мен көріністерін, адамдар тағдырын, тұрмыс-тіршілік түйткілдерін жіті тануға мүмкіндік мол. Ауыр дерт пен аурухана әңгімелері, өмір-тұрмыстың алуан сырлары, әдебиет пен өнер адамдарының ерекшелік қырлары, т.б. бірде естелік, бірде сұхбат, жүздесулер негізінде өріс алады. Бұдан басқа, әсіресе Абай әлемі, сосын М. Әуезов, Ж. Аймауытұлы, С. Сейфуллин, М. Әлімбаев, М. Иманжанов, С. Сарғасқаев, Ә. Нұршайықов, Ә. Тарази, Қ. Ысқақ, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, А. Сүлейменов және алыс-жақын шетел қаламгерлері хақында келелі ойлар мен үзік сырларға орын беріледі. Ауыл-елдегі достардың қызық-кимас сәттері, «Бес

тапал» сырлары (олар – Ә. Тарази, Қ. Ысқақ, С. Мұратбеков, Қ. Жұмаділов, Р. Тоқтаров), отбасылық өмірдің өзіндік өзгешеліктері уақыт бедері мен өлшеміне сай суреттеледі.

Алғашқы тұста адам өмірі мен ауыр халі хақында басталған туынды кейінгі кезекте қоғамдық ахуал, адамдар қарым-қатынасы, мәдени-рухани әлем, елдік мұрат, ұлттық құндылықтар төңірегінде кемел де орелі ойлар қозғайды. Жазушы интеллекті, өмір-тұрмыс тағылымы, адам әлемі мен мүмкіндіктері, денсаулық пен оны күтіп-сақтаудың қымбат қазыналар қатарына жататыны дәйек-деректер, нақтылы әрекеттер арқылы көркем келісім тауып, оның өзі халықтық, әлеуметтік орыс сөз етілуі – романның рухани байлығы, қалың көпке ұсынған сүбелі үлесі.

Жазушы **Ә. Таразидің** «Жаза» романында (1998) Ауған соғысының зардабы сөз етіледі. Або (Қараспанов) мен оның айналасындағылар өзгеше тұрпатта суреттеледі. Соғыс тақырыбы адамзат трагедиясы ретінде кеңінен қозғалады. Қоғам, өмір сырларын ашу арқылы адам әлеміне ден қойылады. Адам еңбегін, іс-әрекеттерін көрсету негізінде қоғамдық құбылыстар сыры ашылып, өмір мәні көрсетіледі.

Қаламгер **О. Сәрсенбаевтың** «Шеңбер» романында (1998) өткен мен бүгіннің мәселелері тоғыса, әр алуан

адамдардың таным-түсініктері, әдет-дағды, көзқарастары арқылы беріледі. Қоғам мен өмір, адам әлемі мен іс-әрекеттері әлеуметтік-психологиялық бағытта өріс алып, оның өзі роман кейіпкерлері – Т. Арыстанов, Ш. Дүйсенбаев, М. Құсниденов, А. Жаһилов, т.б. рухани дүниесі, әр қилы тартыстары негізінде көрінеді. Арғы-бергі кезеңдер, аға буын өкілдерінің өмірі мен еңбегі, көзқарас мұраттары, талас-тартыстары, т.с.с. замана шындықтарына сай суреттеледі. Әсіресе, Тоқтарбай мен Мүбәрак бейнелері өмір ағымымен, тағдыр-таластарымен назар аудартады. Бір қоғам, бір уақытта өмір сүрген олардың өмірге, еңбекке көзқарастары әр түрлі. Кейіпкерлердің арасында абырой-мадақ та, бақталастық-құбылмалық та кездеседі. Әдет-дағды, мінез тайыздығы, тоғышарлық сипаттары да молынан ұшырасады. Демек, романда кезең-уақыт шындықтарымен бірге адамгершілік иірімдері, мәдени-рухани һәм психологиялық арналар да жеткілікті дәрежеде орын алуымен назар аудартады.

Жазушы **К. Ахметбектің** «Қасірет» романы (1991) қазақ өмірін, арғы-бергі кезеңдерден қалыптасқан ұлттық менталитет, дәстүрлер өнегесі мен жалғастығын қозғайды. Автор ауыл-елдегі аға буын мен келесі толқынның байланысын, бірлік-береке негізі – татулық пен

туыстықты, жақын-жуық, дос-жар адамдар арасындағы сыйластық сырларын өмір-уақыт шындықтары арқылы көрсетеді. Керісінше, қоғамдағы жемқорлық, өмірдегі алаяқтық, отбасындағы тұрақсыздық мәселесін, жеңіл жүрісті шайпау әйел мен жүйкесі жұқарған, рухани азғындыққа ұшыраған еркектерді, ит-құс асыраған өзге ұлт өкілдерін, тарихы мен дәстүріне, тіл-дініне үстірт қараған жас ұрпақты қазіргі кезеңнің шындықтарына негіздеп, ол көбінесе роман кейіпкері Ертағының көзімен, саралауларымен беріледі. Қоғамдық құбылыстар, өмір шындығы мен өнегесі жаңа уақыттың талап-тілектерімен үндестік табады.

Роман табиғаты мен тағылымы туралы ақын-қаламгер **Қ. Құрманғали** былай деп жазады: «Шығармада далада өсіп, қалаға қоныс аударған оқыған қазақтардың ұлттың болмыс-бітімінен айырыла бастағаны, олардың мәдениет туралы түсініктерінің таяздығы да ашына айғақталған. Жазушының бұл орайдағы пайым-парасаты Ертағының елден көшіріп әкеліп, қолдарына алған қарт шешесін қала тұрмысына лайықтап киіндіруге, яғни келіншегі екеуі кимешегін тастатып, шашақты орамал салғызуы, қамзолын кигізбей плащ әперуі, шапанын шештіріп, пальтоға ауыстыруы сияқты әрекеттерінің жөн-жосықсыз екендігін түсініп, осыған байланысты

көшелі ойларын ортаға салуы арқылы көрініс тапқан. Кейіпкердің «Осы біздікі не қылған шала бүлініс... Жұрт не істеп, не қойса, не ішіп, не кесе, соған көзсіз еліктей беру... кәдімгі тоғышарлық түсініктің өзі емес пе? Жасы келген кісінің... өз өмірі, өз танымы, өз тарихы бар, тіпті өз талғамы бар деп неге санаспасқа...» Сөйтіп, келін мен бала өздерінің үстірт пайым, шала түсінігін елдің атына аударып, сонымен ақталмаққа тырысқан теріс түсініктерінен айнады. Міне, осылайша жазушы оқырманға ой салып, қазақы қалпымызды сарымайдай сақтау қажеттігін, сол арқылы ұлттық болмыс-бітімімізді ұстанған, халықтық қасиеттерімізді жоғалтпаған еңселі ел қатарында болатынымызды еске салып отыр...

Романда айрықша айшықталып, барша шындығы жарқырата жазылған отыз екінші жылғы қолдан жасалған ашаршылық пен отыз жетінші жылдың елді қан қақсатып кеткен нәубеті, одан ес жинауға дәрмен келтірмей басталған қырғын соғыс сияқты халқымыздың басына түскен қасіретті оқиғалар небір адам тағдырлары арқылы өзгеше кестемен өрнектелген. Төл тарихымызда шет жағасы ғана айтылып келген осынау зұлмат заман шындықтары көркем әдебиетте де көп жазыла қойған жоқ еді. Мына роман сол олқылықтың орнын толтырып тұр.

Бұл – небір нәуметті бастарынан кешіріп, қанша тауқымет тартса да адамгершілік қасиеттерінен айнымаған, адалдық жолынан адаспаған, қазақы қалыптарын сақтаған Ошақбай, Жолымбет, Қарашаш, Қалдықыз, Ертағы, Қайым сынды орталық кейіпкерлердің бейнелері, іс-әрекеттері, болмыс-бітімдері арқылы халқымыздың талайына жазылған қасіретті тағдырын, сол келмеске кеткен кездердің енді қайталанбауын ойлап, соның ащы сабағынан тәлім алуды көксеген жазушының арман-аңсары, ізгі ниеті, ақ тілегі, кейінгі ұрпаққа – ұлтына аманаттаған өмірлік өсиеті деп қабылдауға лайық туынды». (*Қадірі бөлек Қарағаң // «Егемен Қазақстан», 2010, 9 ақпан*).

Жазушы **К. Исабаевтың** «Серт» (1991), «Шоң би» (1993) романдарындағы қазақ-жоңғар, қазақ-орыс арасындағы бодандық-шапқыншылық кезең, Абылай саясаты мен Әбілхайыр хан ұстанымы, Кенесары хан бағыты, ұлттық қозғалыстардың қырсыры, Шоң бидің батырлығы мен өрелі іс-әрекеттері, адамдар қарым-қатынасы, замана шындықтары мол қарым, бай материал, шабыт шалқары аясында сенімді суреттеледі. Қаламгер еңбегі, ізденіс арналары, құжат-материалдарды беру үлгілері көркемдікпен игеріледі. Деректік сипат, нақтылық мұрат егіледі.

Қаламгер **К. Сегізбаевтың** «Беласқан» романына (2001) кеңірек тоқталып кетейік. Қаламгер туындысында қазақ тарихының қилы кезеңдері, Алтай, Тарбағатай өңіріндегі өмір-тұрмыс суреттері, елдік мұрат пен ұлттық салт-дәстүрлер, этнографиялық көріністер көркем келісім құрайды. Батыс пен Шығыстың ерекшелігі мен қатыгездігі, қазақ тарихы мен тағылымы, бейбітсүйгіштігі мен патриотизмі, т.с.с. елдік шежіре, өмір тәжірибелері негізінде беріледі. Жазушы еңбегінен ел-жерге сүйіспеншілік, ұлт мұратына адалдық, дінге құрмет айқын аңғарылады. Жазушы өзінің «Беласқан» романы туралы: «Бұл роман – осыдан тұп-тура он жыл бұрын «Атамұра» баспасынан жарық көрген шығарма. Кезінде баспасөзде қаламдас жазушылар мен ғалымдар жылы лебіздерін де білдірген. Байшуақ атбегі, Барат балуан, Қамбар, Жабай төрелер, Қасқак, Жұрынтай, Алдияр батырлар және оның қарындасы Шәйлі қыз бәрі де өмірде болған адамдар. Көркем шығарма болғандықтан Жұманай, Нұрәлі би сияқты кісілер болуы мүмкін кейіпкерлер. Кітапты оқыған кейбір тарихшы достар «Еділ бойының құба қалмақтарының қазақ даласы арқылы қайтадан Жоңғарияға жөңкіле көшу оқиғасын және олардың жүріп өткен жолдарын нақтылай түсу керек еді» дейтін, кей қаламдастардың «Қам-

бар төренді судан таза, сүттен ақ қып жіберіпсің» деген пікірлерін ескере отырып, тың мәліметтер табылған соң шығармаға жаңа тараулар қосып, түгелге жуық өңделіп жөнделді», – дейді.

Көркем әдебиет – өнердің бір түрі. Ал өнерге шығармашылық қасиет тән. Кез келген суреткер шығармашылық иесі ретінде өзінің көркемдік танымы мен шеберлігін, дарын қуатын жұмсау арқылы бейнелі, тың дүниелер жасауға тырысады. Ондай туындылардың халық жадында қалатыны ақиқат.

«Романдағы бір шуақты мезет ежелден ата жау деп 250 жылдай шабысқан, қазағыма «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», көресіні көрсеткен жоңғар-қалмаққа өшпенділік атымен жоқ. Мұрат Әуезовтің «Иппокрена» атты зерттеу кітабында: «Жоңғарлар тарих сахнасынан кетті. Бірақ қазақ жазушылары ата-бабаларының қаһармандығын айтқанда, жоңғарлар дұшпан символы бейнесінде қалып қойды, сол нышан ретінде зұлымдық пен жаулықты телиді», – деп жазды. Бұл ретте Кәдірбек Сегізбаевтың суреткерлік танымын бағзы Қайта Өрлеу дәуіріндегі ұлы гуманистердің дүниеге көзқарасы дарыған Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген өсиетіне адал жазушы екеніне шынайы риза боласыз. Яғни, стереотипті үлгілерге ұрынып, сы-

наржақ ауып кетіп қалмаудың өзі жазушының адам психологиясын терең білетін болмысын аңдатады. Адам баласы Құдайдың алдында тең, бәрін бір Жаратушы жаратқан деген таным романда үстем», – дейді жазушы А.Кемелбаева.

Қаламгер жоңғарлар ортасынан пана тапқан Байшуақ пен інісі Бараттың тағдырын екі ел арасындағы қатынаспен байланыстырады. Сонда біршама уақыт бұларды паналату-паналатпау мәселесін дау қылған ел ақыры: «Қазақ, қалмақ бөлен жүз жыл бойы соғысып, жауласа, оның айыпкерлері бабаларымыз бен әкелеріміз болар. Онсыз да шілдің қиындай пышырап, туған ата жұрттан безіп, қиянда жүрген аз торғауыт дәл бүгін қазаққа жау емес», – деп сенім білдіріп, бауырына тартады.

«Беласқан» романы сюжетінің арасындағы ішкі байланыс берік. Автор әр тарауда баяндалатын оқиғаның дамуын аса ретті береді. Оған дәлел – тарау басындағы бір шумақ халық өлеңінен тұратын эпиграф. Мәселен:

*Жүйріктің сәні болмас қамшылаған,
Ақпаса су бола ма тамшылаған?
Күніне сан мың үйрек ілсе-дағы,
Тұйғынның бағасы артық қаршығадан.*
Халық өлеңі

Бұл шумақ сол тараудағы аңдату іспеттес. Халықтың даналығы, философиясы мен психологиясы, әрекет

тіршілігінің мәні байқалып тұратын «Беласқан» романында Еділ бойындағы торғауыттың Шығыс Түркістандағы атамекеніне жөнкіліп көшкенде құс қанаты талар қазақ жерін қия кесіп өткендегі тарихы шынайы берілген. Тарихқа көз жүгіртсек, қалмақтардың Еділге дейін жылжуы ғұндар бастаған және өзінің шарықтау шегіне Моңғол империясы кезінде жеткен Орталық-Азия көшпелілерінің Батысқа шапқыншылығының соңғы толқыны болды. Қалмақтар, батыс моңғол тайпалары шығыс моңғолдар мен қазақтардың ығыстыруынан кейін XVII ғасырдың бірінші онжылдығында бірнеше кезеңмен оңтүстік-батысқа жылжып, Каспий теңізінен солтүстікке қарай орналасқан даланы мекендейді. Романда қалмақ жағы қазақ жерінен өткен қиын жолда тек аман қалудың жолы суреттеледі. Бұл үшін екі елдің бір-біріне деген ықыласы керек. Осы тұс романда «сандаған ғасыр бойы бір-біріне сан соқтырған қатар жатқан екі ел өз бойларына шақ қана деңгейде рахайға келіп, тіл табысыпты. Арғы, ішкерітіннен адақтап шығар жау болмаса, бергі тұсы берік достыққа қол берісті. Ошыражап пен Қамбардың көздері тірі тұрғанда осылай болмақ. Жер бетіндегі азаттықты аңсамайтын ел, тәуелсіздікті тұғыр тұтпайтын мемлекет жоқ. Ежелгі көне түріктердің заманында да, ұлы дала төсінде көшпелілер өркениетінің

дәуірлеп тұрған кезінде де, тәуелсіздік үшін, ел мен жер үшін бітпес майдан, кескілескен күрес жүріп, оның көбі шежіре беттеріне тізілді, естелік еңбектерге, ғұмырнамалық тағылымға айналды. Жаратылыстың алуан түрлі көрінісін суретші бояумен бедерлеп, көркем дүниелер жасайды. Осы өнер үлгілерінде нағыз өмірдің бейнесі кейде кішігірім құбылыстар арқылы танылып жатады. Көркемдік таным үрдісінде уақыт пен кеңістік арқылы өлшенетін сезімдік-көрнекі дүние, негізінен, андау, байқау, байыптау арқылы тұтас, бірегей көрініс ретінде қабылданады. Бұл жерде әрине, дәстүр мен жаңашылдықтың алатын орны мәнді. Дәстүр қашанда ұлттық сипатымен айқындалады.

Ұлттық дәстүрдегі озық үлгінің бәрі жалпы әлемдік өреден үйреніп, өрлеумен қатар, өзі де оны дамытып, молайтып отырады. Мұның өзі бір жағынан ұлттық әдебиеттің жалпы әлемдік өреге көтерілуін аңғартса, екінші жағынан ұлттық дәстүрдің үнемі қозғалыста, өзгеру үстінде болатынын танытады. Сөйтіп, әдебиеттегі дәстүр дегеніміз – әдеби даму үстінде қырланып, сомдалып, көркемдік талғам таразысынан өтіп барып, кейінгі дәуірге жетуі болса, жаңашылдық дегеніміз – әдебиеттің мазмұн мен түр жағынан соны, көркемдік жетістіктерге, жаңа көркемдеу құралдарына ие болуы. Автор шығармасындағы көр-

кемдік бейнелеу құралдары, оны қолданудағы автордың өзіндік ерекшелігі туындының табиғатын аша түскен. Орайы келген мына пікір: «Романның үлкен нышандық белгісі, қазір ұмытыла бастаған, тіліміз әбден шұбарланған соң қолдануға зауқы жоқ ескі сөздердің молдығы, бәрі ескі өмір салтынан туындайтын тілдік лексикалық қор. Мұндай тілі бай ділмәр романды оқымай кеткеніме ескі онжылдықтың жүзі болыпты. Біртүрлі жатырқай бастағаныммен, әуелгі тосырқау лезде ұмытылып, «Беласқан» жетегіне алып кеткен. Алдыңызға қайың астаумен толтырып, бір жабағының етін тұтас салып бергендей көрінген. Ысырап емес, қазыналы дәстүр. Сондықтан аста-төк молшылыққа бір кенеліп қалудың сәтін түсіргеніне шүкір дейміз. Дала мәдениеті салғаннан бабымен көрінеді. Этнографиясы мол, қазақы өрнек шүпілдей құйылған қымыздай ернеуінен асады. Әрбір кейіпкердің өз бейнесі анық, басқаға ұқсамайды. Күрделі адам портреттері бар, бір жақты сырлап, әсірелеуге көнбейтін кейбір кейіпкерлерді бір ұрты май, бір ұрты қан десе болар. Бірақ түптің түбінде авторлық гуманизм олардың өзін дегеніне көндіреді. Пендешіліктерін адамшылыққа жеңгізеді», романның өзгеше сипатын түйіндегендей. Шындығында да, автор роман болмысын, ондағы оқиғаның ұлттық келбетін жарасымды,

ажарлы жеткізеді. Мәселен, «...бір жағын дәнекерлеп, жамап-жасқап жатсаң, бір жағынан береке-бірліктің лыпасын дар-дар айырып, өрт қоюларын тоқтатпады-ау», «алдырған – албырттық, алған – салғырттық танытса, бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығарар елдігіміз қайсы? «Көңіліңді – қына, көзіңді – торта басса, оны да айт. Қынаңды қайырып берер, тортаңды айырып берер мына төрт көзі түгел ағайынның барын есіне салайын». Мұндай ырғақты, үйлесімді, мәні терең ойларды тізбелеу шешендік үлгідегі өрнектерді бергенде тіпті тереңдей түседі.

Роман кейіпкері торғауыттың басшысы Ошыржап уаң өзінің зілбатпан өкініші көп өмірін ойлап отырып, ақылы дария қарттың сөзіне риза пейілмен «Сіздей ақылгөйі бар ел бақытты. Түскен еңсемді тіктеп бердіңіз, кеткен есемді жіктеп бердіңіз. Рахмет сізге! Тек айып алып, алдымды малға толтырайын деген кісіңіз мен емес. Менің іздегенім – жанның амандығы. Аз күн дәмдес болған ағайынмен қату емес, тату ажырасу болатын», – деп термелейді. Бұдан елді жауластыру емес, елдістіру қамын көздеген адамның ажары байқалады. Романның өне бойында елдік, еркіндік сарыны өріліп отырады. Осы қасиетті ұғымдарды қарудың емес, ақылдың, сабырдың көмегімен шешу байқалады. Осыдан келіп дала мінезі, ұлт мінезі байқалады.

Әрбір асқан белі тарихтың парағына айналған ұлттың ұлы танымы айқын көрініс береді. К. Сегізбайұлының «Беласқан» романы – қаламгердің мербес стилін айқындайтын туынды.

Адам өз айналасындағы кәдімгі, үйреншікті заттарға қалыпты көзқараспен қарап, қабылдап тұрмыр кешеді. Бұл көзқарастарға өзгерістің кіруі егер олар одан тысқары, шалғай кетіп қалғанда ғана туындап, бұрынғы үйреншікті жағдайларға өзгеше құбылыс ретінде қарау байқалады. Оған белгілі бір дәрежеде ортаның, мекеннің өзгеруі, адамның көзқарасындағы тұрақталып қалған пікірлердің алмасуы ықпал етеді. Романдағы торғауыт қалмақтың бегі Ошыржаптың ақыл, парасаты мен айлакерлігі жағынан қазақ төресі Қамбардан еш кемдігі жоқ. Ошыржаптың күші оның адами болмысының беріктігінде, әуел баста бұтаға қорғалаған торғайдай болып өзін паналаған қазақтың қос жігітіне тым адал пейіл танытатындығында. Ол екеуі Ошыржаптың сенімін ақтайды, торғауыт көші еліне аман-есен жетуіне себін тигізеді. Ошыржап Байшуақ пен Баратты шақырып алып: «Қалмақ тонын киген қазақтың қазақ қолынан өлгені жараспас. Жандарың – сауға, жолдарың ашық» дегенде, олар: «Мырзам, қалмақ тонын кисек те, жанымыздың, қанымыздың қазақ екені рас. Бірақ басымызға іс түскенде пана болған сіздің басыңыз-

ға бұлт төнгенде сая іздеп, жалт берсек, қазақтығымыз қайсы? Найзамызды қандастарымызға сілтемесек те, олардың сізге сілтеген найзасын қағармыз. Өлсек – шейітпіз», – деуі шындықтан шет кетпейді. Нағыз қазақтың болмысы – мәрттігінде.

Метафизикадағы дүниетанымның күрделілігі мен кеңдігіне, адамзат тұрмысының бар саласына тән құдай мен адам, жан мен тән, қасиет пен күнә, өмір мен өлім, еркіндік пен заң, тағдыр мен кездейсоқтық секілді ұғымдар әдебиетке еніп отырады. Әрине, әдебиетте бұл ұғымдар тікелей көрініп отырмайды. Көркемдік метафизика автордың субъективтік ойлауынан да терең жатады. Тарихтағы талай саяси оқиғалар адамды бостандықтан, туған ел-жерден айырды. Яғни, төңкеріс, қақтығыс, қуғын, теңсіздікке әкелді. Сондықтан адам баласы әріден басталған осы ұғымдардың төңірегінде әрекеттер жасап отырды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда адамзаттың ежелден аңсары болған еркіндік пен тыныштық өмірді сағыну, туған жердің топырағын басып, алаңсыз тірлік кешу секілді қарапайым тұрмысты аңсау байқалады. Тіршілікке аса қажетті ұғымдардан ажыраған адамдар енді өткенге қайта оралғысы келеді. Енді көзден таса қалған көріністер жанданып, қазіргі кейпі, жағдайы керісінше, алыстай түседі. Адамға қазіргісінен өткені қадірлі, жақын бола түседі.

Сөйтіп, өмір кеңістігіндегі нақты қабылдаудың тұрпаты өзгереді.

Осы балалық шақтан басталған ата-басының көне дәстүрі мен салтына, туған жеріне деген сезім айқындалып, тұрақтала бастайды. Бала санасында болатын беймәлім, белгісіз құбылыстарды білмекке ұмтылу, сәби санасында орныға бастаған құбылыстарды әр түрлі жағдаяттарға, көңіл күйлерге телу, я қатты қуану, я қатты қорқу, өзіне таныс емес бейнелену үрейлену, түсінен шошу – осының бәрі өмір құбылыстарын жұмбақ, құпия ете түседі. Кейде осы сәттегі бейқам, алаңсыз, беймәлім шақтардың өзі адамға аса қымбат. Сондықтан да болар адамзат үнемі балалығына қайта оралып, оның ұмытылмас сәттерін жадында тоқып жүреді. Ол одан кейінгі өмірлеріне керек, салыстыру үшін, өзінің өзгергенін, ересектер әлеміне қадам басқанын аңғару үшін, жалпы өмірдің қадір-қасиетін танып, түсіне түсу үшін керек. Романда Қасқақ батыр көнеден келе жатқан бір аңызды айтады: «Баяғыда туған елінен жырақ кеткен бір ұлды еліне ағайындары қанша шақырса да, қайтқысы келмепті. Артынан іздеп келгендер анасы беріп жіберген дәмді береді. Жігіт шешесі әзірлеген құрт-ірімшікті жейді де, үйреніп қалған екінші мекенінен қайтқысы келмейтінін айтады. Жан торсыққа құйып әкелген қымызды ұсынады. Жігіт оны да сіміріп салып, бәрібір

қайтқысы келмейтінін айтады. «Иш-деше, көзіңдей көріп жүр» деп әкесінің терсіңді ескі шапанын ұсынады. «Бұл жақта жалаңаш жүр дегені ме?» деп жігіт оған да мән бермесе керек. Сол кезде жігіттен күдер үзген туыстары аттанып бара жатып: «Қайда жүрсең де аман жүр. Туған жеріңді сағынсаң, осыны иіскеп, мекеніңді еске аларсың!» деп оған қурап қалған, бірақ иісі бұрқырап тұрған жусан ұсынса керек. Сонда жусанды иіскеген жігіт орнынан атып тұрып: «Ағатайлар-ай, мен де қайтпасам болмайды екен», – деп атына жүгірген екен дейді. Екеуің де туған елдеріңе бет алыпсындар, жолдарың болсын!» деп, жерден екі түп қара жусанды жұлып алды да, қол орамалын қақ бөліп, екеуіне түйіп береді...».

Символикалық сипат – шығарманың көркемдігін биікке көтеретін факторлардың бірі. Мұнда қаламгер айтпақ ойын көзге ұрардай жарқыратып, ашып тастамайды, көлгеулей, астарлап, символмен, мензеумен, шағын деталь арқылы, астарлы метафора көмегімен тұспалдап ұсынады. Жаратылыс пен адам арасындағы үйлесімділік, іштей жақындық, туған тірлікке деген етенелік жазушының қай кейіпкерінің де бойынан байқалады. Сондағы кейіпкерлердің көбісі ойға, пайымға жақын. Бұрыннан орнаған салтқа, дәстүрге деген қайыра парықтау, ой елегінен өткізу әрекеті

байқалып тұрады. Бұл халқымызға тән ойлылықты, даналықты сол сайын дала сіңірген жоқ па? Жазушы кейіпкерлерінің бойынан туған жеріне, даласына деген терең аңсар танылады. Романдағы Қасқақ батыр айтатын аңыз адамның туған жеріне деген мәңгілік махаббатын ашып тұрғандай.

Көркем уақыт әдебиеттану ғылымында негізінен екі аспектіде қаралған. Эстетикалық сана үшін уақыт ұрпақ, дәуір мен адамдар арасындағы байланыстың және қозғалыс пен дамудың, өзгерістің көрінісі. Алайда кейінгі жылдары осы екі бағыттың үндесуі байқалды. Егер кең түрде алсақ, кеңістік дегеннің өзі шартты. Себебі көркем шығармада бейнеленген кеңістік көп жағдайда шығармашылық ойлауға, қаламгердің фантазиясына, көзқарасы мен дүниетанымына байланысты. Сондықтан автор өзіне жақын дүниені өзінің қабылдауында кең немесе тар шеңберде береді. Осыған байланысты автор бір оқиғаны жеңіл, үстіртін, шолу түрінде, кейбірін терең, толық суреттеп жатады. Осы ретте кеңістік шеңбері ұлғаяды немесе тарылады. Мәселен, халқымыздың тұрмыс-салтын бір ғұрыптың орындалуы арқылы да, бірнеше түрін кең суреттеу арқылы да жеткізуге болады. Соған сәйкес кеңістікті толтыратын оқиға мен адамдар әр қилы болады. Көркем кеңістік шынайы

дүние ретінде географиялық сипаты иеленеді. Романда халықтың салт-дәстүрі дала кеңдігіндей мол көрініс береді. Солардың бірі – «Көрші хақы» тарауындағы ас беру. «Алтай, Баркытбел, Қалба тауларының түстігі мен терістіктерін ен жайлап, еркін қыстаған қалың Найман, Керейге, тіпті Қойбас марқұмның төркін жұрты саналар Қобықтағы қалмақ жұртына төрт ай бұрын тегіс сауын айтылғандықтан, Маңырақтың етегіндегі Қаракия жазығында өтетін асқа келген адам санында қисап жоқ. Жақындағы Дайыр, Көгадай, Сәмен төрелердің ағайындарын айтпағанда, Тарбағатайдың батыс тұмсығындағы Аягөз бойынан келген Қамбардың етжақындарының өзінің қарамы мол болатын. Дүниенің төрт бұрышынан ешкім қалмағандай. Сойыс малдарын үйірлеп айдап, түйеге саба-саба қымызын еңдеп келе жатқандар ас басталар күнге дейін де саябыр көрмеген. Көшекөше қып тіккен үзікті ақ боз үйлер әр рудың дәрежесіне, бедел-биігіне қарай орналасып, даяршы, даяшыларына дейін алдын ала тағайындалып қойған еді». Ас беріп, сауабы мол іс жасаған Қамбар осыдан отыз жылдай бұрын қоңыр төбел күймен ғана келіп, енді дәулеті шалқып, атағы артып отырғанына шүкіршілік етеді. Бүгінде ел басқарған төре болып, қисықты түзеп, тентекті тыйып, айналасына айбынды бола бастауы да көңілін өсіре түскендей.

Уақыт – жасырын шынайылық, ол қозғалыспен тығыз байланысты. Платонның ұғымынша, уақыт «мәңгілік жылжуды» көрсетеді. Қазіргі ғылымдар тоғысында әрбір ұғымға берілетін анықтама жан-жақты. Қазір «әлеуметтік уақыт» және «әлеуметтік кеңістік» деген ұғымдар бар. Бұл әлеуметтік тұрмысты «адамдар әрекетінің үндесуі мен алмасуы» деп береді. Әлеуметтік уақыт тұрмыстың қоғамдық формасы қызметін нақтылайды, ал әлеуметтік кеңістік адам әрекетінің өтетін орны. Әрбір адам баласы әрқашан өзінің шыққан тегін, жанына жақын таным-түсінікті іздейді. Ендеше ата-баба сүйегі жатқан киелі топырақтан алыстау, оның бойымызға сіңірген ұлттық танымын санадан ысырып тастау жақсылыққа апармайды. Ең бастысы атамекенінен ажырамаса, онда өткен тарихтан бөлініп қалмаса, ол санадан өшпесе болды. Роман бізге осы қазақ халқының асу бермес көп белесінің бірін көркем дүние етіп ұсынған.

Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы (1994, 1996) қазақ-жоңғар соғысы, басты тұлға – Қабанбай батырдың ел қорғау жолындағы ерен ерліктері, Абылай ханның сенімді серігі болуы, қазақ батырлары – Бөгенбай, Жәнібек, Жасыбай, Малайсары, Баян, Саңырық, Тайлақ, т.б. жігерлі жорықтары мен қажырлы қайраттары, үш бидің – Төле, Қазыбек, Әйтекенің шешендігі мен ше-

шімді көзқарастары ұтымды-ұнамды қырларымен есте қалады. Ең негізгісі, Абылай ханның қайраткерлік-қолбасшылық қырлары жасампаздық сипаттарымен танылса, қазақ батырлары ел-жерге, отанға берілгендігімен ерекшеленеді. Эпикалық туындыда атамекеннің қадір-қасиеті, отан қорғаудың маңызы, ішкі-сыртқы жаулармен күрес шежіресі, тарихқа адалдық, тағдырға тағзым терең танылады. Өмір шындығы мен тарих тағылымы көркемдік талаптар тұрғысынан сөз етіледі. Жалпы, 90-жылдары қазақ елі ежелгі арманы тәуелсіздікке қол артқанда, тарихи роман тың серпін танытып, мұның алдындағы туындыларда жеріне жеткізе қазылмаған, аршылмаған көп жаңалық, ақиқаттарды бүкпелемей, сыздықтатпай, бар дауыспен ашық айтып берді. Бұл ретте алдымен ауызға алынатын шығарма жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясы», – деп бағаланған (Ш.Елеукенов) «Дарабоз» романындағы ежелден еркіндік аңсаған қазақ халқының болмысы шынайы суреттеледі де, халық тарихында қалған батыр тұлғаларымен байланыстырылады. Ел басына күн туғанда етігімен су кешетін ер Қабанбай батырлық пен қаһармандықтың бейнесіндей. Ол – қолына қару ұстаған батыр, кеудесінде ұлтын сүйген жүрегі атқақтай соққан ер. Автордың мақсаты «ұзақ жыл-

ар архивтің шаңын қаға отырып, трих жасаушылардың бұрмалаған дәкілерін орын-орнына қойып, белгілі бір жүйемен баяндау». Туынды трихи оқиғаны эпикалық сипатта кеңінен қозғай отырып, көркем тілмен сенімді баяндайды. «Ата-анасының бесікке саларда азан шақырып қойған аты Қабанбай да, Дарабоз да емес, Ерасыл болатын. Өзіне керемет ұнайтын. Ойлап отырса, уайымқайғының не екенін білмейтін, ең алаңсыз, бақытты шағы да сол Ерасыл боп жүрген кезі екен». Енді Қабанбай болғалы өзінің атына зар болып қалады. Еліне Қабанбай атанған ердің ішкі ойы, мұны да жетерлік: «Адамдар бакуат, бейбіт өмірге әбден зарығып, шөлдеп қалған екен-ау. Осы соғыс деген пәленің қайғы-зар, азап-сордан өзге адамзатқа берері бар ма? Бірақ, амалың қайсы, әлімжеттік, зорлық бар жерде соғыс жалғаса береді... Ел намысы, ата кегі ғой шыдатпайтын» (79-б.).

Романда жазушы қай кейіпкерінде бірнеше қасиеттерімен тоғыстыра көрсетеді. Батыры да, ел басқарған биі де тереңнен толғап, жүйелі де жеріне жеткізе сөйлейтін шешен әрі кореген. Мәселен, Төле би: «Мен көрі сүйегімді сүйретіп, жат қолында қалған сонау Ташкенттен келгенде, жүрегімді жарған екі үлкен арман болатын. Оның бірі – кешегі Өз Тәукенің алтын тағын, ту тіккен ордасын көріп, көңілімді бір демдеу

еді, ол арманым орындалды. Бұдан кейін хан кеңесіне келіп, ағайынның алтын жүзін көремін бе жоқ па, ол жағы Алланың ісі. Екіншісі – ата-жұрттың жау қолынан ада-күде тазарып, азат-еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Арман шіркін алтайы түлкідей бұлаңдап, жеткізбейтін сикы бар ма, қалай?! – деп ентігін басып сәл отырды. Өмірі басына нокта кимеген, көзіне қамшы тимеген азат-асау ел едік. Тегінде қасиетті халқымыздың қазақ деген есімі азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айырылғаны – қазақтың құрып біткені... Міне, Ұлы жүз ұрпағының жоңғарға қарап қалғанына алдына елу жыл, артына отыз жылдай уақыт өтті. Халықты артық қан төгістен, үркін-босқыннан аман сақтап қалу үшін, амал жоқ, Халдан ханмен тіл табысуға тырыстық. Мандайына құндық таңбасы бір басылса, ол онайшылықпен өшпейді. Қалмақтан қағажу көргеніміз аздай, енді отбасы отаныңды орысқа билетпексіндер ме? Бодан-бодан дейсіндер. Боданнан құл туады, құлдан жетесіз, жасық ұл туады... Сонда болашақ ұрпақтың жайы не болмақ?!» (15-бет). Осы сөзінде абыз би ел қорғаны батырларға иек арта сөйлеп, жөнсіз қару сілтеп, ел іргесін сөгулерін де, басқа елдің қақпанына түсіп, пенде болуларын да қаламайтынын ұқтырады. Ендеше жеті рет өлшеп, бір рет кесетін заман келді. Соны ойлайық, сақ болайық

дегенді баса айтады. Романда елдің сол кездегі хал-жайы, қонысы мен көршілес отырған елдермен қарым-қатынасы, ойын-той, салт-жоралғы да өз кезегінде сәтімен өріліп отырады. Ер Қабанбай осы ел ішіндегі жайттарды да көз алдында ұстап, жөн айтып, кеңес беріп, игілікті істің бастаушысы болып суреттеледі. Әрине, ел ішіндегі алаңдаудың бастысы – төтеннен келген жаудың тырнағына ілігіп кетпеу. Үнемі ат пен қару-жарактың әзірлігі батырлардың сергектігі қажет-ақ. Осы тұста ел басшылары да өздерінің кесімді байлауларын айтып, елдің тізгінін босатпауды көздейді.

Абылай: «Ақырғы айқастың ауыр жүгі, Орта жүз, тағы да өздеріңе түскелі тұр. Бұл «киіз кімдікі болса – білек сонікі» дегендігім емес, биылғы жағдайдың өзі осыған әкеліп отыр. Арқаның қатал қысынан жілік майы үзіліп, жүдеп шыққан жұртың мынау. Жаудың қолы жағасынан ажырап, тынысы сәл кеңіген күні құдайын ұмытып, өзге де ісі болмайтын етек-басты елінің түрі анау... Өзіңнен басқа кімге сеніп, кімді аужал тұтарсың. Сондықтан осындағы хан мен сұлтан, батыр мен би, жырышы мен жырау ертеңнен бастап атқа қонып, ер-азаматты ту түбіне жинайтын болайық!» (347-б.).

Автор роман оқиғасын тартыспен шиеленіске құра отырып, негізгі идеяны кең түрде ашады. Қазақ

халқы ең алдымен іргесінің берік, ұрпағының аман болуын ойлаған. Сол үшін ерлігін де, ақылы мен парасатын да қатар қару еткен. Сайын даласының еркіндігін ойлап, елге пана болар азаматын ардақтаған. Соның аясында елдік пен ерлік, салт пен дәстүр, ағайыншылық пен адамгершілік секілді туыстас ұғымдар қатар жұмсалған. Елдің ерсіз болмайтыны секілді қазақтың әрбір соқталы кезеңі шоғыр тұлғаларды тудырып отырған. Қабанбай да сондай ерлердің бірі. Ол – елінің рухын жоғары көтерген батыр. Автор сол рух пен елдіктің, ерліктің киесін әспеттей бейнелеген.

Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны» (2001), **Ұ. Доспамбетидің** «Қызыл жолбарыс» (2000), «Абылайдың ақ туы», «Жылусыз от», **С. Сматаевтың** «Жарылғап батыр» (2000) романдарында ел өмірінің қилы кезеңдері, тағдырлы тұлғалардың ерлік-күрес-тері, «ақтабан шұбырынды» тұсындағы ұлт батырларының жанкешті әрекеттері арқау болады. Айталық, «Отырар ойранында» Шыңғыс хан шапқыншылығы, Отырар трагедиясы, Кербұғы жыраудың ел-жер жөніндегі арман-аңсарлары, Отырар әміршісі Қайыр хан орны, Айша ананың қаралы келбеті, т.б. қилы кезең көріністерін алға тартады.

«Қызық жолбарыс» жоңғар шапқыншылығын, қилы-зардапты тұстарын Жетісу өңірімен байланысты-

рады. Ел әңгімелері, дәйек-деректер көптеп кездеседі. Роман кейіпкерлері қатарында Ескелді, Балпық билер, Қабан жырау кездеседі. Жолбарыс хан мен Болат хан да жоңғарлар шапқыншылығы тұсында көрініс береді. Қазақ-қалмақ батырлары, жекпе-жегі де орын алады.

«Жарылғап батыр» атты өлеңмен жазылған романдағы негізгі тұлға Жарылғап – тарихта болған, Абылай ханның сардарларының бірі. Жоңғарларға күрес, Алтай-Тарбағатайды азат ету, қазақ батырларының ерліктері тарихи дерек, өмір шындықтары негізінде өріс алады. Қазақ даласының көріністері, халықтық-фольклорлық таным мен тарих тағылымдары, Жарылғап батырдың өжет те ерлік әрекеттері, ел-жерді қорғау, азаттық-теңдікке құштарлықтары алуан салыстыру, қилы көрініс-қақтығыстар арқылы серпінді сипат алады. Батыр мінген тұлпар да межелі жерге еркін жетіп, жеңісті жақындата түседі. Өлең-роман тақырып табиғатын әр қырынан ашып, Жарылғап батырдың биік тұлғасын ел-жерді қорғау, халыққа қамқор сынды сипаттарымен кең көлемде жырлап, жүйелі жеткізеді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі роман жанрының көтерген жүгі мен жауапкершілік мұраттарынан ел-жерге, адам өмірі мен еңбегіне құрмет пен сүйіспеншілік терең танылады. Қазақ романының тақырып табиғаты

әр алуан мәнге ие болып, халық өмірін, тарихы мен тағылымын түрлі қырынан көрсетуге қадамдар жасады. Әсіресе, ел өмірінің қилы кезеңдері, жекелеген адамдардың тағдыр-талайы, уақыт-бедері мен тұрмыс-тіршілік тынысы, т.с.с. әр алуан ізденіс, түрлі көзқарас, мың сан әрекет, кимылдар арқылы көрсетіледі. Жазушы еңбегі мен шығармашылық мұраттардың қыр-сырына ден қойсақ, қай қаламгер де ізденіс арналарына маңыз береді. Тақырып табиғатына еркін енеді. Адам әлемі мен оның тағдыр-талайына, жан-жүрек тынысына терең үңіледі. Өмір оқиғаларына, қилы кезең сырларына, адам әлемінің мың сан иірімдеріне ден қою негізінде тарих тағылымына назар аударады. Оны алуан арналы ізденіс, көркемдік мұраттар тұрғысынан игеру мен жеткізуге, шындық тұрғысынан баяндауға мән беріледі.

Шерхан Мұртазаны кең құлашты эпик жазушы ретінде танытқан шығармасы – «Қызыл жебе» (екі кітап), «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» атты бес кітаптан тұратын хамса-романы. Жазушы мемлекет әрі қоғам қайраткері, тарихи тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін, ХХ ғасыр басындағы өтпелі кезеңнің қасіретті де тартысты шындығын осы романдарына арқау етті.

«Қызыл жебе» романында Дауылбай сияқты жергілікті өктем күш-

тердің озбырлығына төзе алмай, сонау Түлкібастан, Ақсу-Жабағылы жерінен Жетісуға қоныс аударып, Талғар маңына көшіп келген аз үйлі кедей ауыл Сәлік – Шілмембет – Шымырдың, сол ауылдың бас көтерер азаматы Рысқұлдың тағдыры айтылады. Бөтен руға кірме болған аз, кедей атаның еті тірі азаматтарының қолы есеге тимейтіні, әрдайым күштілердің мазағына ұшырайтыны ежелден белгілі. Рысқұл жаңа қонысқа келісімен Саймасай болыстың жұмсауымен өзі қаламаған ұрлық істерге араласады. Ақыры Саймасай болысты өлтіріп, өзі он жылға жер аударылады. Тұрардың әкесі Рысқұл тағдыры М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіне арқау болғаны белгілі. Мұндағы Бактығұлдың прототипі – Рысқұл Жылқайдаров. Ұлы суреткер қалам тартқан тақырыпқа оралу жазушыға оңай түспесі белгілі. Ш. Мұртаза бұл тақырыпқа батыл келіп, сыннан мүдірмей өтті.

Ш. Мұртазаның «Жұлдыз көпір» романы «Қызыл жебенің» занды жалғасы. Мұндағы орталық кейіпкер – күрескер Тұрар Рысқұлов. Шығармада Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасының 1917-1920 жылдарындағы оқиғалар, Тұрардың жеке өмірі, әлеуметтік майдандағы қайраткерлігі көрсетілген. Халқының азаттығы жолындағы күрескер Тұрардың адамгершілік қасиеті үнемі іс үстінде көрінеді.

Қоғамдық өмірде тұлғалы да белсенді Тұрар жеке тіршілігінде өте қарапайым. Оның әрдайым әкесін еске алып, оның істері мен сөздерін қадір тұтып отыратыны, бауырлары мен жақындарын назарынан тыс қалдырмайтыны, үлкен қызметте отырса да, мансапқұмарлық мінезінің жоқтығын танытады. Түркістан Республикасының болашағы шешілетін кезеңде билікте болған Тұрардың беріктігі, өз жеке басының мансабын халық мүддесін жоғары қоятыны «Жұлдыз көпір» романында шебер баяндалған. Шын мәнінде де бір халықтың ғана емес, тағдыры, тілі, тарихы жақын бірталай туыс елдердің ортақ мүдделерін ойлаған Тұрардың қабілетінің өз тұсындағы лауазым иеленгендердің көбінен озық екендігі анық көрінеді.

Роман-хамсаның төртінші кітабы – «Қыл көпір» романында Тұрар Рысқұлов өмірінің қиын кезеңге кез болған сәттері суреттеледі. Түркістан Республикасы атқару комитетінің төрағасы болып жүрген шағындағы саяси қақтығыстар, РСФСР ұлт істері комиссариатының қызметкері, Түркістан Республикасының Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы, Коминтерннің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары, т.б. мемлекеттік жауапты басшылық қызметте жүрген кезінде қазақ даласындағы аштық пен апатты болдырмауға көмек көрсетпекке ұмтылған әрекеттері

Тұрардың ұлтжандылығын, білімділігін, өжеттігін, бірбеткейлігін, қайраткерлік тұлғасын жан-жақты ашқан.

«Тамұқ» деп аталатын бесінші кітапта сталиндік жаппай қудалау кезеңі, күллі қазақ зиялыларының басындағы трагедиялық хал бейнеленген. Тұрар бұл кітапта көбіне отбасы ортасында болады. Сол бейбіт, мамыражай тіршіліктің өзін көп көргендей, демалыста жүрген Тұрар тұтқындалып кете барады. Аяғы ауыр жары Әзиза көп бейнет шегіп, үйге жеткен кезде, үйі құлыптаулы әрі күзетулі болып шығады. Тұрарды пойызға отырғызып, ала жөнеледі. «Пойыз дөңгелегі сарнайды. Таусылмайтын неткен ұзақ жол. Мезгіл күндіз бе, түн бе белгісіз? Тұтқын мен түнтүнек некелескендей. Ендігі жарың сайқал түн. Қараңғы қапаса да түртінектеп үйренерсің». (593-б.). Жазушы бас қаһарманының жан дүниесіндегі нәзік сырын, ішкі болмысын ашуға мән берген. Алдағы болғалы тұрған оқиғадан хабар беретін детальдар мен сюжеттер, түс көру оқиғалары зобалаңы көп заман тынысын барынша танытып, авторлық мақсатты айқындаған. Осы арқылы романның лирикалық-философиялық болмысы тереңдей түскен. Тұрардан жауап алған Глебов сөзінің әсерін қоюлатқысы келіп оның ең жанды жеріне тиіседі: «...Өкіметте өте ірі тұлға болғаның рас. Сол іріліктен мына халге бірден құлағаның, әрине, өте

қиын. Ал ірі болып үйреніп қалған адамға бейшаралық халге түсу оңай емес. Намысың жібермейді. Қазір мәселе бір-ақ нәрсеге тіреліп тұр: не өмір, не өлім. Өлім болғанда да қорлық өлім. Мәңгі-бақи қара таңбалы өлім. Үрім-бұтағыңа, ұрпақтарыңа қара таңба» (625-б.). Тұрардың өмірде жасаған әрекеті, туған-туысы, күресі көз алдынан өтіп жатады. Ол іштей бұл дүниемен қоштасып, тазарып кеткісі келеді. Өлімге айдалып бара жатқан Тұрарды әкесі шақырғандай болады. Сірә, мына өмірдің әділетсіздігінен, тозағынан құтқарғысы келген шығар. Романның соңғы түйінінде автор «Мен торыққан кезде, сіздің рухыңыз әл-қуат берді, Тұрар көке. Мен сізді түсімде көретін болдым. Қолымнан жетектеп алып, тасжарғанның бұтағынан ұстап өрге қарай тартқылағаныңыз естен кетпейді. «Жүр» дейсіз. «Теңбіл Торғайды көрсетемін. Шолпан Кебісті көрсетемін» дейсіз. О, ол бір ғажайып дүние еді: найза шындары көз жетпес көкке тірелген таулар, айнала жаңғақ ағаштары, зау теректер, зипа шынар, бұтақтарында жыбырлаған құс ұялары. Құдайдың жұмақ жаратқан дүниесі. Жолбарысы мен елігі бірге жайылған жадыра әлем. Шатқалда мен бұрын көріп, естімеген ғажайып құстар сайрап, дүние-әлемді керемет әуенге бөледі. Сіздің кенет қайда кетіп қалғаныңызды байқамаппын. Сіз де жоқсыз, Шолпан Кебіс те жоқ,

Теңбіл Торғай да жоқ» (757-758-бб.). Сөйтіп, автор Тұрар Рысқұлов арқылы ұлтына өмірін арнаған күрескер бейненің халық ұғымында тұрақталған бейнесін ашады. Олар елі мен жерінің бостандығы үшін жан пида етті. Олар тамұққа кетсе де халқының жұмақтай жерде өмір сүруі үшін күресті. «Тамұқ» романындағы алма-кезек ауысқан лирикалық суреттеулер, арпалысқан әрекеттер мен тізбекті оқиғалар, монолог туындының көркемдік табиғатын ерекшелей түседі.

Жаңа ғасырдың басы қоғамға үлкен өзгерістер тудырды. Терең өзгеріс, адам болмысының рухани түлеуі, эстетикалық-дүниетанымдық көзқарастың құбылуы тұтас мәдени өмірге үлкен леп әкелді. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы өзінің лирика-эпикалық сипатын, ұлттық өрнегін, бейнелілік пен символдық нақышын, постреалистік болмысын тереңдетті. Оның үстіне жаһандық проблемалар адамзат қоғамымен тұтастандырыла суреттелді. Осыған байланысты қазақ романдарында адам өркениетінің көне бастаулары, мифтік таным, неомифологизм, полифониялық суреттеулер орын алды. Қазақ қаламгерлері прозаның дәстүрін берік сақтай отырып, жаңа сипат үстеді. Жаңа қазақ прозасы реализм, модернизм, постмодернизм тәсілдерін қабыстыра отырып, терең философиялық, онтологиялық,

дүниетанымдық проблемаларды кең тұрғыда көтерді. Осы арқылы авторлар жалпыадамзат мәселесін қозғайды. Жазушы **Эрнест Төрехановтың** «Ескендір мен Роксана» романынан осындай сипаттарды танимыз.

Көркем бейнелерді салыстыра талдау оның ұлттық ерекшелігін аша түспек. Көне әдебиетте батыр, қаһарман, алып ер тұлғаларымен қатар, әйел бейнелерін тудыруға да көңіл бөлінді. «Рамаянадағы» Сита, шу-мер-вавилон эпосындағы Иштар мен Шамхат, Гомердің «Одиссеясындағы» Цирцея, Пенелопа, Навзикая, Еврипидтің «Медеясындағы» Медя, Софоклдің Антигонасы – ірі бейнелер. Әрине, әйел бейнесі әлеуметтік-қоғамдық ортаның құрбаны болып та жатады. Өз бастарына түскен тағдыр ауыртпалығын ақылы мен парасаты арқылы жеңіп үстемдікке қол да жеткізеді. Жалпы христиан дінінде әйел туралы «зұлым», «күнәһар», «өтірікші», «кекшіл», т.б. деген сияқты өте төмен көзқарас қалыптасқан. Ал ислам дінінде әйелге, әсіресе әйеланаға деген көзқарас бұдан өзгеше. Бұған «Жұмақ ананың табанының астында», «Алдымен аңанды, аңанды, тағы да аңанды, одан соң әкенді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббат пен сүйіспеншілікпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау – Исламның бармақпен ба-

сып көрсеткен ахлақ ережесі», т.с.с. ислам қағидалары дәлел. Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі – отбасы. Ал отбасындағы әйел жағдайы – отбасы мен неке тарихындағы келелі мәселелердің бірі. Көптеген тарихи және тілдік деректер қазақ әйелінің отбасылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқанын, ерлеріне шаруашылыққа қатысты істерде көп көмектескенін дәлелдейді. Ал күйеуі жоқ кезде оның орнын жоктатпай, барлық тіршілікке қатысты мәселелерді өзі шешіп, тіпті қазақы салт-дәстүрге сай қонақ күтіп, оны жөн-жоралғысымен шығарып салуға, күйеуін жаманатқа қалдырмауға міндетті болған. Сондықтан Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере сияқты әйелдерді халқымыз жоғары бағалаған. Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. Құртқа – қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек – сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс әйел үшін таптырмайтын қасиет – қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, ал Баян – сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы. Қазақта қыз баланың, жалпы әйел за-

тының бойынан төменшектік, именшектік, ұялшақтықтан гөрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды.

Өзінің жалғызділікті тағдырына мойынсынбай күрескен бейнені ағарту дәуірінде ағылшын жазушысы Дефо «Роксана» романында көтерді. Дефонның кейіпкері Еуропаны кезіп, әр түрлі қоғамдық ортада жүретін арандатушы, куртизанка. Ол Людовик төртіншінің дәуірінде Лондон салондарында шалқып жүреді. Өзінің өткен өмірінің күмәнді тұстарын әбден жойып болдым-ау деген кезде, ол оқшауланып, жан тыныштығына берілуді ойлайды. Сонда күтпеген жерден өзі тастап кеткен туған қызына жолығады. Бұл жағдайды күтпеген шешесі мен қызының арасында өшпенділік орнайды. Бұдан құтылуды ойлаған шешесі қызының көзін жоюды ұйымдастырады.

Қазіргі өнердегі концептуалдық бағыт макропозитика, полифония, нақты, танымдық және көркем қабилдау тәсілдерін алға шығарды. Осының бәрі көркем мәтіннің бойына жинақталғанда, өзара гармония құрайды. Себебі бұл көпсалалы проблемалардың барлығы Адам проблемасын шешуге бағытталған. Романтизм мен реализмнен бастау алған постмодернизм мен барокко тәсілдерінің диапазоны кең. Бұл қазіргі қазақ прозасындағы көпсалалы идеядан, сюжет құраудан жә-

не кейіпкер бейнесінің жасалуынан байқалады. «Мен көкпарға тастаған лақ емеспін. Мен Роксанамын. Байтақ патшаның еркін өскен қызымын. Александр мені өзінің теңі деп білді. Мен оны да бағаладым. Ұлы Александрмен теңмін деп шалықтамаспын. Бірақ падишаға Ұлы Даланың еркін өскен қызына шақ теңдігімді кемітпеспін. Соңымда бейбіт өмірге жеткен елім қалып барады деп өзімді жұбатармын, жаратқан ием осылай жат жұрттық етіп дүниеге әкелді екен – ендігі тілеуім Александрдың амандығы болады». Қазақ қыздарына қайсарлық, өжеттік, тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық сияқты қасиеттері ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған Тұмар, Зарина, Роксана, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан келгені анық.

Роксанаға қатысты мәліметтердің бірінде: «...Осы қыздардың біреуін Роксана деп атаған. Ол бойжеткен қыз болған еді, сонда жорыққа қатысушылар, бұл бикешті Азияда көргендер сұлулардың арасында, жалғыз Дараявауш әйелін тең санамағанда, бір ару деп, қайта-қайта айтқан. Ескендір алғаш көргенінен оған ғашық болған, бірақ, тұтқынындағы қыз қолында болса да, өз құштарлығына күшпен қанағат болмай, өзін жайдақтатып заңды неке қию рәсімін өткізген еді». Бұл

мәліметке қарағанда тарихшылар сол кездегі Раушанның жасы 14-16 шамасында болыпты дейді. Куртиус жазады, Раушанды әкесі басқа 30 игі қыздар арасында салтанатты тойда патшаның көңілін көтеру үшін әкелгенде Ескендір байқап қалған. Бұның айтуынша, патша нөкерлері азсынушылығын перделеген: «...Азия мен Еуропаның патшасы тойда көңілін көтеру үшін әкелінген қыздан жеңіскерлерге ұлық тудыру үшін әйелі етті».

Ә. Төрехановтың «Ескендір мен Роксана» романының басты кейіпкерлері – ел билеген патшалар, ақылы кемел ғұламалар, әскери қолбасшылар. Шығармада толассыз шапқыншылық, айтыс-тартыс, кек алу, өшпенділік, қанды қырғын суреттеледі. Алайда әлемге есімі жайылған Александр Македонский, Ұлы Дала патшалары Қаңлы Байтақ, Үйсін Күнбегі көрегендер өздерінің билік, үстемдігін көрсететін әміршілер емес, баһадүрлігін, ақыл-парасатын жоғары ұстаған қайырымды, ойлы тұрғыда бейнеленеді. Б.д.д. IV ғасырда жасаған өзінің батырлығымен, қолбасшылығымен ерекшеленген Александр Македонский әлемдік мемлекет құрып, Шығыс пен Батысты тоғыстырғысы келді. Ол әскерімен әлемді шарлады. Александрдың өмірі мен қызметі әр елдің де қызығушылығын тудырды. Македония патшасы қайтыс болғаннан

кейін Клитарх пен Онсекрит жазған қолбасшының шынайы тұлғасы бірте-бірте аңызға орын бере бастады. Осыдан келіп Александр туралы алғашқы романның нұсқалары пайда бола бастады. Вифинияда, Кіші Азияда дүниеге келген жазушы Квинт Эппий Флавий Аррианның Александр туралы жете баяндайтын көне заманда туған шығармасы «Александр жорығы» деп аталған. Жеті кітапқа бөлінген шығарманың кіріспесінде автор: «Егер кімде-кім неге Александр туралы жазған, ол туралы көп жазылған десе, алдымен ол туралы жазылғандарды оқып, менің жазғаныммен салыстырып, таңғалсын» деген. Мұның өзі Александрға қатысты көп және қайшылықты жазылғанын дәлелдейді. Одан әрі автор: «Менің ойымша, Александрдың есімін естімеген бірде-бір халық, қала, адам болмаған. Сондықтан да менің ойымша, ол – ешкім тең келмейтін құдай қалауымен дүниеге келген адам. Бұған Александрдың өліміне қатысты сәуегейлік те, әр түрлі көріністер де, әр адам көрген түстер де қазірдің өзінде адамдардың құрмет көрсетуі де куә. Менің өзім де бұл жұмыста Александрдың қателіктеріне көріпкелдік танытып, кешірімшілдікпен қарадым дегеніммен де, мен Александрды құрметтейтінімнен ұялмаймын да». Мұның өзі көнеден Александрға қатысты әр тарапты бағалауға ие болған ең

бектердің мол болғандығын дәлелдейді.

Зерттеуші Е. Э. Бертельс Сасанидтер билігінің соңына қарай Александрды мінсіз билеуші етіп көрсетуге басымдық берілгенін, ол туралы нақты деректердің болмауы авторларға қолбасшының болмысын түрлендіре суреттеуіне негіз болғанын, бұл сол кездегі әр ғылым саласынан алынған мәліметтерді тоғыстыра жинақтайтын энциклопедия іспеттес «Александрия» ғылымының орнығуына дәлел болғанын айтады.

«Ескендір мен Роксана» романы тарихқа аты әйгілі тұлғалардың бейнесін көркемдікпен әрлей суреттейді. Әдетте, тарихи роман желісі қоғамдық-саяси ахуалдың барысын қуалап, ірі оқиғалардың тізбегін кең түрде беруден тұрса, бұл шығармада жекелеген кейіпкерлердің ой, парасаты, тағылымды көзқарастары аңғарылып жатады. Әдетте, билік иелері біршама тұрақталған қасиеттерге телінсе, мұндағы патша мен баһадүрлер әрбір әрекеттеріне баға беріп, сын айтып, қорытынды шығарып отырады. Содан да болар Александр «таспен ұрғанды аспен ұрған тұңғыш патша», «тәңір жалғыз, патша да жалғыз, оның бал жұтқан күнінен у жұтқан күні көп», «патша – осы елдің бас абызы» деген бұрын онша үйлесе қолдана қоймаған пікірлер роман сюжетімен танысқан оқырманды сендіре аларлықтай. Оның себебі

ұлан-ғайыр жорық жасап, елді бағындырып келген Александрдың өзі кейде осы тірлігіне қанағаттана қоймай, іштей ойға беріледі. Патшаның мазасын алған Роксана болады. Ол «бес найза бейнелі көк байрағының астындағы тоғыз жүз алпыс мың түтінге билігі жүріп тұрған Байтақ патшаның өктемдігі жүре қоймайтын қызы». Роксанаға көңілі қатты құлаған Александр ойға беріледі: «Мен өзімді Роксанаға сыйласам қалай болады?».

Жоғарыда аталған Аррианның «Александр жорығы» шығармасында мынадай үзінді бар: «...Тұтқынға көптеген әйелдер мен балалар түсті. Солардың ішінде Оксиарттың әйелі мен балалары болды. Оксиарттың бой жеткен Роксана есімді қызы болған. Александрдың әскері Дарийдің әйелінен кейінгі Азиядағы әдемі әйелді көріп тұрғаны осы деп айтады. Александр оны көріп ғашық болып қалады. Ол оны тұтқын етіп қорлағысы келмей, әйелі етіп алады. Оксиарт балаларының тұтқынға алынғанын, Александрдың Роксаны ұнатқанын естіп, көңілі көтеріліп, Александрға келеді. Оны сыйымен кездесуге лайық қарсы алады».

«Ескендір мен Роксана» романында тарихи есімдер, тарихи оқиғалар, аңыз бен шындықтың қабат өрілуі көркем берілген. Әдеби портрет тікелей адамға бағыттала отырып, сөз арқылы автордың идея-

сын, ұстанымын ашады. Көркем шығармада портрет кейіпкер бейнесін жете тануға бастайды, сондықтан ол біржақты тәсіл болудан аулақтап, кейіпкерді әлеуметтік-өмірбаяндық және психологиялық жағынан толықтырады. Қазіргі мәдени ахуалда гуманизм идеяларының терең күйреуі, адами болмыстың күрделі дағдарысқа ұшырауы байқалды. Қазіргі таңда тек жекелеген дәстүр, танымдар ғана емес, тұтас қоғамдық дәстүрлі қабылдаулар, гуманистік дәстүрлер өзгеріске ұшырауда. Батыс мәдениетінің интеллектуалдық тарихы өткен дәуірлерден бастап, бұрынғы идеялардың, құрылымдардың өзгеріп, қарама-қайшылықты ішкі, сыртқы байланыстардың тереңдегенін көрсетуде. Сөйтіп, тұтас менталды стихия байқалып, санасыз, аралас, дүбара түйсік орнықты. Осының өзі философияның пәндік өрісін өзгертті. Бұрын классикалық философия мәдени дәстүрлердің сабақтастығына бағытталса, қазіргі интеллектуализм мәдениет пен адамның эмпирикалық негізіне бой ұрды. Қазіргі қызығушылық өзара үйлесу субъектісінің жоғалуына ерекше көңіл бөлінуде. Адамның «мені» неде? Ол өзінің сыртқы проблемалары мен өз жанының ахуалын қалай көрсетеді? Осы сауалдарға бүгінгі заманның философиясы жауап іздейді. Әрине, бағалы затын жоғалтқан адам өткеніне, бұрын басып өткен жолына қай-

та оралады. Роксана – көркіне парасаты сай бейне. Падиша айналасына шуақ шашатындай жылылық, әдемілік орнатқысы келеді. Роксананың ойы терең, парасаты кемел. Жазушы шығарма соңын былайша түйіндейді: «Роксана адасқақ ойлардан шыға алмай, қиылып алдына келген көп сауалға жауап іздеді. Енді патша болды. Қайсысы жеңер екен? Үстемдік әзәзілі ме, өнер киесі ме? Роксана терең күрсініп алды. «Таразысы тең түсіп, бір басында ынсап, екінші басында ақыл тұрса екен!»

Тәуелсіздік кезеңіндегі рухани өмірде болған серпіліс қазақ қаламгерлерінің шығармашылығына да тың серпін әкелді. **Т. Әсемқұловтың** «Талтүс» романы 2002-2003 жылдар бойынша СОРОС-ҚАЗАҚСТАН қорының әдеби сыйлығын иеленді. Жазушы, сыншы З. Серікқалиев бұл роман туралы ойын қазақ романының дәстүрін жалғастырумен қабат, этномәдениетке, адамгершілік және рухани ағымдарға қатысты жаңа концептуалды көзқарасы бар шығарма ретінде бағалайды: «Т. Әсемқұлов «Талтүс» романымен ұлттық көркемсөз мәдениетіне шын мәнінде тыныс болып қосылар әдемі шығарма мүсіндей алған. Бүгінгі прозаның түрлену байлығын еркін игерумен қатар, негізінен дәстүрлі жазу мәнері шебінде ағынан жарыла, ақтарыла отырып, автор қазақ музыканты, этномәдени элита, жалпы

халықтық музыкалық идея шынарынан таным қайшылығын саралатар астарлы оқиғалар желісіне ендіріп жібереді. Таласбек шын мәнінде концептуалды роман туғыза алған. Автордың күйшілік кәсіби дайындық сауаты, нәзік жаны, интеллектуалдық биік өресі музыка әлемі ортасын бейнелеу ерекшелігінен де, төгілген тіл, суреткерлік шеберлігінен де басынша бірегей көріне алған»

«Талтүс» романында қазақ әдебиетінің тамырын тереңге жайған ұлттық дәстүрі байқалады. Шығармада өзекті проблемалар сан тарамдала көрініс берген. Атап айтқанда: философиялық-антологиялық проблемалар, жаңа ұрпақтың рухани әлемді іздеудегі әрекеті, ұлттық рухани жәдігерлердің сақталуы, ұлттық мәдениетті сақтаудағы сабақтастық. Осы себептен де романның сюжеті көпсалалы. Шығарманың орталығына дарынды жас өскін Әжігерейдің өнерге ұмтылу жолындағы соқтықпалы тағдыры алынған. Ол әр қадам басқанында көне жәдігерлердің құпиясына бойлауға ұмтылады. Көне қолөнер, музыканың керемет қасиеті, жеті өнердің болмысы, күйшілік... осы жолда оған көптеген қиындықтар кездеседі. Алайда әркез Әжігерей оларды жасына сәйкеспейтін ақылдылықпен, қанына сіңген төзімділікпен шешіп отырады. Әжігерей романдағы халықтың көне мәдениетін жан-тәнімен қабылдап,

ұрпаққа жеткізетін тұлға ретінде алынған. Сондықтан көп дүниелер оның қабылдауымен, түсінуімен беріліп отырады.

Романдағы Әжігереймен оқырман оның тым жас кезінен-ақ таныса бастайды. Әжігерей алғаш рет өзі жанындай жақсы көретін атасы Сабыт пен оның қатыгез әйелі Күлбағиланың қақтығысының куәсі болады. Бала Күлбағиланың өзін үнемі кемсітіп, қытымыр мінезімен тұзақтап отыратын мінезіне орай жек көретін. Әжігерей қатты ашу үстінде әйелін үйінен қуып жіберген атасының әрекетін жақтағанымен, іштей жаны да ашиды. Ол атасына қолқанат болады, барлық ісіне жәрдемдеседі. Асын ісіріп, шаруашылығына көмектеседі. Күлбағила апасы атасынан кешірім сұрап, үйіне келген мезетті де Әжігерей жақтыра қоймайды. Үйдің берекесі кіріп, жаймашуақ кез орнағандай болғанымен, апасының өзіне мейірім төге қарауының астарында жатқан бір өткіншілікті, жалғандықты түйсінеді. Осыны ойлағанда Әжігерейдің жүрегі сыздайды. «Әжігерей хош иісті қою күрең шайды рахаттана ішіп, табақтағы еттен қарбыта жеді. Терезеден төгілген күннің нұрына қарап, болашақтағы тату-тәтті, бақытты өмірді ойлап қиялдады. Кенет бөлмеде өзінің жалғыз емес екенін сезді. Ақырын артына бұрылып қараған. Апасы екен. Тісі аксиып кеткен. Қарғыс айтып тұрған

сияқты. Көзіне көзі түскенде, көзінен ғана емес, бүкіл әлпетінен төгілген өштік пен жиренішті көргенде бойын билеген қуаныш лезде жоқ болды. Жүрегі үзіліп түскендей, ішін баяғы өзіне таныс үрей бүріп ала жөнелді. Кесені қолына алып көзден аққан жас пен ащы шайды араластырып жұта берді, жұта берді». Ересектердің қатыгез әлеміне осылайша жолыққан Әжігерей өзінің танып жүрген дүниесінің бәрі шынайы және ақиқат еместігіне көзі жетеді.

Автор баланың ішкі жан дүниесіндегі қайшылық пен тартысты психологиялық тұрғыда жеткізе біледі. Әжігерейдің бірде өзіне жақын адамдардың арасында орнаған жылылыққа жаны жадыраса, бірде қатыгез Күлбағиланың кінәсіз балаға деген өшпенділігін байқаймыз. Бұл жерде балалыққа тән бақыт пен алаңсыздық жоғалып кетіп, Әжігерей тағы да жат, түсініксіз, суық ортада қалады.

Жалпы, Т. Әсемқұлов кейіпкерлерінің жан дүниесі күрделі, жұмбақ. Адамға үйреншікті болып кететін әрекеттерден гөрі, өзгеше, тосын мінездің адамдары. Мәселен, автордың «Бекторының қазынасы» деп аталатын жаңа хикаятындағы ертегідегі перінің қызы Бекторы адам баласына жүректің сырын ұқтырып, адами қалыптарын сақтауға көмектеседі. Қайырболдыға бір кезде алған жүрегін қайтарып тұрып: «Адам періштеге теңескен ізгі еді, иман-

ды еді, ақылы қиырдағыны шала-тын кемел еді. Бірақ осы әлемдік, ғарыштық апаттан кейін адамзат бақытсыз болып қалды. Ақылы кеміс, жарымжан болып қалды. Кеміс ақыл зорлық-зомбылыққа әкелді. Осының бәрі асқына келе ақырында бүгінгі кенеусіз қиянатқа ұласты. Осының салдарынан, біз, адамның көкірегіне, көңіліне періштемен қатар ұялаған перілер, соңында жамандық иесі болып шықтық. Жолдың серті – адасу, адасып барып түзелу. Екі түрлі пәктік бар. Біреуі – анадан туғандағы, күнә мен зина, қиянаттан бейхабар, тәжірибесіз, мінезсіз пәктік. Екіншісі – бұл дүниенің барлық сатыларынан қан кешіп жүріп өткен, өтсе де лайланбаған пәктік», – дейді.

«Мен» және «біз» ұғымдарының дербестікке айналуы көптеген психологтарды қызықтырды. Әр дәуірде бұлар түрліше дүниетаным тұрғысынан әр түрлі идеологиялық мән иеленген. Зерттеуші В.М. Бехтерев жеке тұлғалардың өзара келісімді қарым-қатынасын негіздеп, осы арқылы тұлғааралық қатынас, өзара сендіру, өзара ұқсау, секілді маңызды факторларды қалыптастырды. Егер тұлғааралық дискурс қарым-қатынаста тұтастықта қабылданса, яғни өзара бірліктегі әрекетте, қарым-қатынаста және реттеуіштік-бағалауыштық тұрғыда қабылданса, онда өзара біріккен әрекеттер анағұрлым жақсы нәтиже береді. Осы

арқылы адамда қанағаттанған сезім пайда болады. Жеке тұлғаның өзін-өзі ашуға ұмтылуы, «өз-өзімен қалуы» (К. Роджерс) осы қарым-қатынас стилін гуманистік (демократиялық), ал оның кеңістіктік-уақыт контекстін (хронотоп) өмірбаяндық, яғни тұлғаның рухани өсуіне қажетті «уақыттың толықтығы», «тұрмыстың толықтығы» арқылы сипатталады. Автор «менді» айта отырып, «біздің» мәнін ашады. Хикаят соңында Қайырболды өмірге көзін ашқан Бекторыға «сен пері емессің, перішtesің» дейді. Себебі «мен заманымда кедейлікті де, байлықты да көрдім. Басыма нелер келіп, нелер кетпеді. Кедей едім. Кедей болсам да көңіліммен бай едім. Бай болдым, бай болсам да кедей болдым. Ақшасы көп қайыршы болдым. Тастан сарай салдырдым, алтынды уыстап шаштым. Бірақ кеудемдегі жүрегім де тас еді. Міне, мен қазір ешкімнен артық та емеспін, кем де емеспін. Тіршілігім бір басыма жетеді. Есесіне кеудемде тірі жүрегім бар. Көңілімде адамдарға деген құрмет пен ықылас-пейіл бар». Автордың кейіпкерлеріне ешкім жетелеп жол көрсетіп, жөн айтпайды. Өздері қорытынды шығарып, байлам жасайды. Жан дүниесіндегі қайшылықтарды өздері шешеді. Сөйте отырып, барша адам баласын игілікті іс істеуге, парасатты ой айтуға шақырады.

«Талтүс» романындағы бас кейіпкер Әжігерей – үлкен мағыналық және эмоционалдық жүк көтеріп тұрған бейне. Ол дәурені өтіп бара жатқан көнеден, алдымен өз атасы Сабыт пен қарт Сәруардан рухани азық алуға ұмтылады. Ол қалып бара жатқан күйшілік өнердің құпиясын меңгеруге ұмтылады. Бұл тұста Әжігерей алдыңғы ұрпақтың тәжірибесін қабылдаушы жинақталған бейне ретінде көрінеді. Халық дарындарының ортасына түскен Әжігерей музыканың, өнердің иірімдеріне бойлайды, табиғи өнер болмысын үйренеді. Осы жолдағы Әжігерейдің рухани серіктері – күйші, ұлттық аспаптар жасаудың шебері – атасы Сабыт, ұста, күйші, сынықшы, халық емшісі, зергер Ахметжан, әнші, домбырашы Шерім болады. Бұл өнер иелері өздерінің дарынын, көне өнерлерін ұрпақтарына қалдыруды мақсат тұтады. Олар осы арқылы өз ауылдарына рухани-ағарту орындарын ашып, музыка үйірмесін құрады. Романда осы кейіпкерлер тағдыры арқылы репрессия, соғыс, елуінші жылдардағы ауыр кезең суреті беріледі. Олардың көбісі сталиндік лагерлерде отырғандар. Сөйте тұра, рухтарын сындырмаған берік жандар. «Бекторының қазынасында» өткінші, тез түгесілетін байлық туралы айтылса, «Талтүс» романында адамға мәңгі керек, тозбас көркем қазына туралы айтады.

«Тағдырдан теперіш көріп жүрген, жаңа тұрмыс өкілі – Әжігерей, бір мезгілде – рухани өмірінде – заман ағымынан бөлек бағыты бар ежелгі уақыт, бағзы дүниеде жүргендей әсер етеді... Ол әлем – қазақтың төл табиғаты. Тамырынан ажыраған, бірақ, ізсіз жоғалмаған. Бізге таныс әрі бейтаныс көрінетіні сол. Әжігерейге олай емес. Әрине, рухани жетілу – бірлердің, бірегейлердің ісі. Әжігерей аманатқа адал болды. Одан бұрын Сабыт қарт, Сәруар ақсақал, Ғазиз, Шерім, Ахметжан аталар аманатқа қиянат қылмаған жандар... Бұл екі дүние ортасында ұстаз – Сабыт қарт дәнекер ретінде көрінеді. Ол Әжігерейдің көкірегінің асыл қазынаға толтырып, қаймағы бұзылмай, қазақы мінезі, саф өнері сақталған аңыздай ескі әлемді көшіріп әкеліп, Әжігерейдің кеудесіне қондырады. Осының өзінде әлгіндей рухани биік деңгейдегі дәстүрлі сабақтастық көрініс тапқан», – дейді А. Садықова роман жайлы сұхбатта. Шындығында да, романда ұстаздыққа көп орын беріледі. Өзінің ұстаздары арқылы Әжігерей көптеген өнер сырына қанығады. Жүзге тақап, қуаты кеміп бара жатқан Сәруардың өзінің өнеріне ие болатын адам болмай қала ма деген уайымы да шынайы. «Кей-кейде ойлайсың. Баяғы ұйықты жер, ұйысқан ел қайда деп. Әрине, қазақ ешқайда кеткен жоқ. «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» де-

ген. Ел жаңарды. Бірақ басқа өнер тауыпты. ...Баяғыда екі әйел бір балаға таласыпты дейді. Ханбала деген биге дауын шештірмек болыпты. Би беліндегі қылышын суырып: «Баланы бір-біріңе қимаған екенсіңдер, олай болса ортасынан тең бөліп берейін», – депті. Сонда әйелдің бірі: «Тұра-тұрыңыз, биеке», – депті де, – «қайда жүрсен аман бол, құлыным», – деп баланы маңдайынан сүйіп кете беріпті. Ханбала сол әйелге беріпті ғой сонда баланы. Себебі туған анасы ғана баланы жамандыққа қимайды. Әрине, ел билеген ештеңеміз жоқ. Бірақ баяғы заманда қазақ ән мен күйге әлдеқайда ықыласты еді ғой. Төренің өзі өнерліні құрметтейтін.

– Өнердің бәрі бай мен төреде еді ғой, – деді Сабыт.

– Рас айтасың, – деді Сәруар, – Біздің талқанымыз таусылды. Бір аяғымыз көрде, бір аяғымыз жерде. Енді қанша қалды дейсің. Бірақ арттағы елдің күйі не болады. Бүгінгінің төресі домбыраның, ән мен күйдің не екенін біледі дейсің бе. Бір ақынның айтқаны бар «Кедейден болды шондарым» деп. Төренің сикы сол болғанда, сол төреге, сол ақ ордаға қарап салтын түзеген елдің жайы не болмақ?! Баяғыда домбыраны ат арытып іздеп келіп күй үйренуші еді. Енді Қазығұрттың басында қалған кемедейміз. Айтқан әңгіменің барлығы өтірік. Сондай да сондай салтанат болған десең, осын-

дай да осындай ел болған, осы қара жерді қайыстырып басып өткен десең кім сенер. Нансаң, мені осы жасыма дейін бір адам іздеп келген жоқ. Шәкіртсіз өтіп бара жатырмын».

– Қапа болмаңыз, баба, – деді Сабыт. – Мына бала, – иегімен Әжігерейді меңзеді. – Менің балам... екеуімізге ортақ шәкірт болсын».

Туындыдағы осындай мәнді диалогтар шығарманың ішкі жүлгесін ашады. Бұл жалғыз Сәруар қарттың мұңы емес. Ата дәстүрі мен өнерін тәрк етуден тайынбайтын жетесіз ұрпаққа деген нала. Әр өнер жалғастықты, жаңашылдықты талап етеді. Автор мәдени мұраға қатысты нақты проблема қояды. Ол – ұлттық өнердің бірегейі – күй өнерінің сақталуы мен дамуы. Автор қазақ романындағы ұстаздық проблемасын алғашқылардың бірі болып көтереді. Әрине, ұстаздық ету – үлкен өнер, жауапкершілік. Ол өзінен кейінгілерден сол өнерге ыждағаттылықпен қарауды талап етеді.

Романда Сәруар қайтыс болғаннан кейін Әжігерей оған шәкірт болып үлгере алмай қалады. Сабыт немересін тағы бір күйшіге, консерваторияда оқыған домбырашы Ғазизге тапсырады. Осы арқылы роман қазақ сахарасынан тыс жерлерге де даңқы жеткен күйшілердің ұрпақ жалғастығынан хабар береді, әр күйдің тарихын жеткізеді: «Келесі күйдің жайы былай. Аруағыңнан айналайын

Тәттімбет, мынау Құнанбайдың ауылымен құдандалы болған. Қүнекең скеуі сыйласып жүреді екен. Абайдың әжесі Зере Тәттімбетпен сыйлас болған. Ел ішінде Молғара атанған. Сол Зере бір күні: «Ей, Тәттімбет, сенің айтқыштығыңды, шерткіштігінді көрейін, маған бір күй арнашы. Қазақта атым қалсын. Кәне, айтшы сол күйді», – дейді.

Сонда Тәттекең толғанып отырып-отырып шертіп жіберген күйі мынау екен. Бұл күйдің аты – «Молғара».

Жазушы оқырманды қазақ музыка өнерінің тарихымен, орындалу срекшелігімен таныстырып, өнердің өлмейтіндігін, соңына тамаша тарих қалдырып, сөз өнерінің де қазынасын толтырып отыратынын дәлелдейді. Бұл бірде аңыз, бірде ескілікті әңгіме түрінде өрбиді. Мәселен, аңшы Құламергенге қатысты трагедиялық аңыз былайша берілген: «Мынау керейде Құламерген деген аңшы болған. Арқарды көп аулапты, қынадай қырыпты. Шешесі жарықтық баласы аннан келген сайын ұзын арқанға бір жапырақ етті тесіп өткізіп қояды екен. Күндердің күнінде арқан етке толыпты. Сол күні кемпір түс көреді. Түсінде арқардың пірі қыз болып келіп, «балаң бізді неге сонша қырады, аңның киесі бар емес пе?» депті. Ояна келсе түсі екен. Құламерген тағы да аннан келіп, етті бұзып жатқанда, «қарағым, арқан үстіне шықтың, енді арқар атқаныңды қой», – дейді.

«Ой, шеше, мен арқар атпасам, үстіңдегі жібек қайдан келді, шай мен өрік-мейіз қайдан келді?» – дейді. Сөйтіп, шеше сөзіне құлақ салмаған Құламерген тағы да аңға шығады. Тау ішін аралап келе жатқанда алдынан қардай аппақ бір арқар шыға келеді. Мерген болса да үш атып барып, эзер тигізеді. Әлгі арқарды сойып, қазанға бір асым етін салып, өзі намаз оқуға отырады. Оқып отырып, ту сыртынан біреудің пысқырғанын естиді. Намазын қаза қылмай отыра береді. Орнынан тұрып қараса, бағанағы арқар сойылмаған бүп-бүтін болып тұр екен. Батыр қазанына қараса, онда ет жоқ, қара су қайнап жатады.

Сол күні Құламергеннің аты үйіне бос келеді. Үзеңгіде баласының бір етігі ғана ілініп қалғанын көрген шешесі атқа міне шабады. Өзі білетін арасандарды аралап жүрсе, еті езіліп, сүйегінен ажыраған баласының мүрдесін тауып алады. Міне, мынау сол Құламергеннің анасының жылап баласын жоқтағаны екен. Жұрт зарлы күйге қоғадай жапырылған».

Жан қай халықта да өте күрделі субстанция саналады. Ежелгі философияда жан от, ауа, су немесе топырақтың қосындысы түрінде сипатталады. Өлім дегеніміз – кеудеден (тәннен) жанның шығуы, фәни дүниеден бақи дүниеге өту. Сонымен бірге, өлім «тағдыр, жазмыш» ұғымында да беріледі. Жер бетінде өмір мен өлім арасындағы күрес үнемі

болып тұрған. Жарық дүние үшін кез келген мақұлықтың жанталасып, мынау кеңістіктің бір бұрышынан орын бұйыру үшін күресетіні, сол арқылы өмір атты кеңістіктің мәнін ұқтыратыны ақиқат.

Философиялық ой – адам мен қоғамдық өмірдің алғашқы сатысында дамитын танымның түрі. Бұл ойлау түрінің бастау негізі бір емес. Қазіргі кезде шығыстық философия, имандылық тереңдей түсуде. Мұның өзі шығыстағы ой-танымның өзі адамзаттың көбіне ортақтығымен болжанса керек. Шығыста мифке, ежелгі танымға бой алдыру, болжам, түсініктерге жол беру, елестету мен аңғару түйсіну жоғары. Өмір ұқсастығын адам мен құдай арасындағы байланыстан, адам мен жануарлар табиғатының ұқсастығынан іздестіреді. Тұқымдас, қандас қауымдастықты жартылай адамдық, жартылай жануарлық, тіпті жартылай өсімдікше өсімшіл тіршілікке балаушылық орын алды. «Әжігерей шынымен бір сәтте екі дүниеде өмір сүреді. Мифологияда, әдепкі адамның көзіне көрінбейтін сакральдік орталық пен оны қорғайтын иелері жайлы ұғым бар. Ол жандар сакральдік орталықты күйкі дүниеден қорғайды және түрлі болмыс, түрлі дүние арасындағы дәнекер міндетін атқарады. Әдетте, ондай орталықтың символы асу бермес биік шың, мәңгі өмір иелері, ажалсыздар тұратын

сарай, жер асты мекені немесе алыс арал болуы мүмкін. Кельт мифологиясында «толқынның астынан естілетін күйдің» бейнесі бар: адамдар мұхиттан келген жан иелерінің шерткен күйінің жадысынан шыға алмай қалады».

Монолог қандай да бір күрмеуі қиын мәселе туралы ойлағанда айтылады. Оның мазмұны өткенге баға беріп, түйіндеуге де, алдағыны ойлап, армандауға да құрылады. Соның ішінде адамның сезіміндегі екіұдайлық, дал болу, дағдару, бір шешімге келе алмау, сенімсіздік те кездеседі. Бұл адам жанының екіге жарылуы, өз әрекетінің жағымды-жағымсыздына көз жеткізе алмаудан туындайды. Адам жанының күрделілігі, бір басына көптеген жұмбақты сақтай білетін ерекшелігі романда айқын байқалады. Қарапайым тіршілік иелерінің күрделі ой-таным, өз басының ғана емес, айнала қоршаған ортаның көзге көрінбейтін-көрінетін қырлары туралы пайымдары терең-ақ. Өткен өмірлеріне көз жүгіртіп, басты тұстарын естеріне сақтап, ой елегінен өткізулері таңғаларлық. Жоғарыда келтірілген қарт Сәруардың өнердің жеткен жерінен шорт үзілуінен шошына айтқаны ішкі қалың уайымынан хабар береді.

Әрекеттен гөрі түйсінулері, сөзден гөрі ой тербеулері басым кейіпкерлерінің ерекшелігін ашуда жазушы қолданған көркемдік тәсілдің

бірі – кейіпкер көретін түс. Зерттеуші Г. Пірәлиева: «Тегінде, әдеби түс көруді талдауды қолданған қаламгерлер екі мақсатты мұрат тұтады. Бірі – көркем шығармадағы кейіпкердің түс көру эпизодын, оның мазмұн-мәнін психологиялық талдау тұрғысынан интерпретацияласа, екіншілері сюжеттің дамуына дәнекер болар поэтикалық қуаты мол көркемдік бейнелеу құралы ретінде қолданылады», – дейді. Жазушы осы екі мақсатты да көздеген.

Адам жаратылысының жұмбағы көп. Солардың бірі – түс көру мен оны жору. Қазақ ұғымына әуелден кеңістіктің, даланың кеңдігі мен жаратылыстың құпиясы көп сырды орнықтырған. Ғалам кереметі адамзаттың қиялына қанат бітіріп, көңілін өсіреді, кейде әр түрлі күйге түсіріп, көп құпиясына тәнті етіп қояды. Адам баласы айналасына түйсікпен қарап, талғап, таразылайды. Таным жүйесінде табиғи, адамзаттық, ақиқаттық, жеке пенделік қасиеттер үндесіп жатады да, адам санасының даму деңгейіне қарай олардың біреуі басым түседі. Адам санасындағы құбылыстардың жүйесі, санада орнаған әр түрлі психологиялық жағдайлар оның түсінде де көрініс тауып жатады. Орыс зерттеушісі И. В. Страхов: «Психологиялық талдаудың негізгі екі түрі бар: алғашқысы, кейіпкердің мінез-құлқын оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, яғни

іштей психологиялық талдау жасау. Екіншісі, сырттай психологиялық талдау жасау, яғни кейіпкердің мінез-сипатын оның сөйлеу ерекшелігі мен мимикасы, тағы басқа психологиялық сыртқы көрінісі арқылы суреттеу», – дейді. Аңыздағы кемпірдің көрген түсі – алдағы болатын келеңсіз жағдайдың хабаршысы. Баласының көзсіз әрекетінен шошынған апа үрей құшағында қалады. Аңыздың ар жағына жасырынған ой адамның имандылық-адамгершілік сезімдерін қозғайды. Бұл сарын қазақ мифіндегі халықтық дүниетанымды айғақтайды.

Роман оқиғасының басым көпшілігі баяндаудан тұратындықтан, автордың қатысуы байқалмайды да. Көптеген қайталаулар, қосарланған метафоралар, жануарлар мен басқа да қиял-ғажайып, мифтік бейнелердің берілуі көркем туындыға фольклорлық сипат үстейді. Оның үстіне музыка мен өнер түрлерінің тоғыса берілуі роман тіліне бейнелілік берген. Осы өнердің сиқырлы күші Әжігерейге ерекше әсер етеді. Осы арқылы халық өміріндегі атақты күйшілердің тағдыр-талайы туралы да айтыла кетеді. Тіпті ұлт жәдігерінің көңілден көмескілене бастағаны да романда кейіпкер сөздері арқылы аңғарылып отырады. «Өткен ғасырдағы Тәттімбет дейсіз, осыдан екі-үш-ақ жыл бұрын өлген Сүгірдің өзін жазып алып қала алмаған».

XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы қазақ прозасында кезінде онша көңіл қойып, ықылас білдіре қоймаған халық құндылықтарына назар аударыла бастады. Зерттеуші Қ. Әбдешұлы пікіріне сүйенсек: «Ұлттық деңгейдегі тақырыптардың да көбірек көтерілгені осы кезең аралығы болды. Бұл туындылардың басым көпшілігінде тарихи тұлғалардың: хандарымыз бен батырларымыздың, билеріміз бен шешендеріміздің, ақындарымыз бен жыршыларымыздың қатарында өнер адамдарының, яғни күйшілеріміз бен әншілеріміздің де бір парасы көрінеді. Ұлттық өнеріміздің, ұлттық руханиятымыздың тарихындағы осынау ірі-ірі тұлғаларымыздың бейнесі әдебиетімізде, оның ішінде қазақ прозасында кеңінен орын алды. Ұлттық өнер, ұлттық мәдениет арқылы да ұлтымыздың тағдырындағы көкейкесті мәселелерді терең қамтып көрсетуге болатындығын сезінген қаламгерлеріміз осы арнада да айтулы көркемдік ізденістерге жол ашты».

Күй тақырыбына өзінің көркем дүниелері арқылы тереңдеп барған қаламгер – **Т. Әлімқұлов**. Күйші бейнесін көркем әдебиетімізде сомдаудың мән-мағынасын терең түсінген. Арғы ғасырлардағы Қорқыттың, Ықыластың, Құрманғазының, Тәттімбеттің, Сейтектің, берідегі Динаның, Сүгірдің, Төлегеннің, Әбікеннің және тағы да басқа біртуар

күйшілердің образын бейнелеуге Т. Әлімқұлов үлкен білгірлікпен барған. Жазушының Тәттімбет тағдырының соқталы тұсын көркем дүниеге айналдырған әңгімесі «Саржайлауда» күйшінің ішкі сезім толқынын, жан дүниесін шебер ашады. Бұл әңгімесінде дәстүрі мен салтының мейлінше молдығын суреттей отырып, халқымыздың дала төсін әсем әнге, төгілген күйге айналдырған дара болмысты тұлғаларын ашады. Бұдан әрі Т. Әлімқұловтың «Сары сыбызғы», «Сейтек сарыны», Ә. Кекілбаевтің «Күй» шығармалары қазақ даласының дарқан өнерін суреттейді.

Өзіміз қарастырып отырған «Талтүс» романында осындай өнердің иесі мен киесін қадірлеген кейіпкер болмысы ашылады. Мұнда өнердегі дәстүр ұласпалылығы айқын аңғарылады. Тіпті Әжігерей күйші Ғазиздің күй орындау мәнерін бойына сіңіргені сонша, оны Әжігерей үлкен өнердің өзіне балайды: «Ғазиздың перне басатын қолында ерекше шеберлік бар. Сабыттың қағыспен, тербеліспен жеткізетін әсерлерін Ғазиз перне қуалап отырып жеткізеді. Алғашында домбырасының ішегі тербеліске көнбейтін тебеген болғандықтан осылай шығар деп ойлаған. Бірақ ойы теріске шықты. Шынына келсе Ғазиз үшін күй нұсқасы қиялға желеу ғана екен. Кез келген күйдің кез келген буынынан түседі де, жаңадан күй шығарып кете ба-

рады». Роман сюжетіндегі музыка, күй, ұстаздық, дәстүр жалғастығы өзара қабыса отырып, тұтастыққа апарады. Бұлардың өзі адамның адами қасиеттерін оятып, иманын ұйтатындай. Тіпті романдағы реалистік тәсіл үлкен символдық-аллегориялық сипат иеленіп, адамның адамгершілік қасиеттеріне қозғау салады. Бұл Сібірде айдауда болған Сабыттың әңгімесінен байқалады: «Бір десятник бар еді. Орыс. Істемеген қорлығы жоқ. Ей, алла, біреуді өлтіргеннен кейін, неше күн көңілі жайланып, ұйқысы қанып, қунақ жүреді. Ондай болады. Қанға жерік адам болады. Әлсін-әлсін қан ұрттамаса жүре алмайды». Зұлматты жылдың жанды тітіркендірер оқиғасын естіген адам, тәубаға келіп, өмірге, жақсылыққа ынтық бола түседі. Роман-параболаның метафоралық, эмоционалды, семантикалық реңі мен диалогтік-монологтік баяндаулары, фольклорлық сипаты, эпикалық кеңдігі мен көркемдігі бүгінгі қазақ романының ұлттық мәнерін терең танытады.

Тұжырым. Қазіргі жанрлар теориясында романның басқа жанрлардан ерекшелігі анықтала түсуде. Өз кезінде әдебиеттанушы М. Бахтин «басқа жанрлардың арасынан «берік формадағысы – роман» деп таныған жанр, бүгінде құрылымдық, көркемдік жағынан толысты. Романның жанр тудырушы факторлары – сю-

жеттік-композициялық жүйе, уақытпен кеңістік, баяндау – шын мәнінде бұл жанрдың көркемдік құрылымын жан-жақты ашып берді. Көркем мәтін – тұтас құрылым болса, оның ішінде роман көпүнді тілдік құбылыстардың жиынтығы. Роман – бұл көркем түрде ұйымдасқан, әр түрлі әлеуметтік көпүнділік арқылы заттық-танымдық өмірді суреттейтін жанр.

Роман жанры авторға шындық өмірді еркін, кең арнада, әр түрлі тәсілдермен бейнелеуге мүмкіндік береді. Мұнда эпикалық, драмалық, лирикалық сипаттар үндесіп, мәтіннің түрлі компоненттері (баяндау, суреттеу, диалог, лирикалық шегініс, портрет, т.б.), көріністері мейлінше мол суреттеледі.

Қазіргі кезде отандық гуманитарлық ғылымда ерекше оқиғаларға, құбылыстарға, зерттеу нысанынан тысқарылау қалған мәселелерге ден қою көзге түседі. Солардың ішінде көркемдік қырлардың байырғы үлгілеріне, белгілеріне назар салу, олардың пайда болу генезисіне жан-жақты зерттеу жасау байқалуда. Бұрын қалыпты ұғым қабылдауына сай келетін мәселелерге өзгеше қырынан келу көрініс беруде. Сол ұғымдардың әдеби мағынасын ғана емес, мәдениеттанушылық, философиялық тұрғысын да зерттеу қолға алынуда. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы өзінің лирика-эпикалық сипа-

тын, ұлттық өрнегін, бейнелілік пен символдық нақышын, постреалистік болмысын тереңдетті. Оның үстіне жаһандық проблемалар адамзат қоғамымен тұтастандырыла суреттелді. Осыған байланысты қазақ романдарында адам өркениетінің көне бастаулары, мифтік таным, неомифология, полифониялық суреттеулер орын алды. Қазақ қаламгерлері проза-

ның дәстүрін берік сақтай отырып, жаңа сипат үстеді. Жаңа қазақ прозасы реализм, модернизм, постмодернизм тәсілдерін қабыстыра отырып, терең философиялық, онтологиялық, дүниетанымдық проблемаларды кең тұрғыда көтерді. Осы арқылы авторлар жалпыадамзат мәселесін қозғады. Бұл сипат тәуелсіздік кезіндегі қазақ романдарынан да байқалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген қазақ романдарының басты сипаттарын жинақтап айтып көріңдер.

2. Роман жанры туралы салыстырмалы-тарихи талдау принципі тұрғысынан зерттеген орыстың аға буын зерттеушілерінің (В. М. Жирмунский, Н. И. Конрад, М. П. Алексеев, Г. Н. Поспелов, М. Б. Храпченко, т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, роман жанры туралы әдебиеттануда орныққан жетекші пікірлерге назар аударындар.

3. Зерттеуші М. Атымов, Ш. Елеукенов, Т. Рақымжанов, Б. Майтанов, т.б. зерттеушілер еңбегіндегі роман жанрына байланысты пікірлерге салыстыра түйіндеулер жасандар.

4. Қазіргі қазақ романдарының құрылымдық-көркемдік, стильдік ерекшеліктеріне байланысты шолу дайындаңдар.

5. Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи романдарында ұлт тарихының көркемдік шындық кеңістігінде суреттелу ерекшелігі.

6. Роман жанрының сюжет желісі мен кейіпкерлер жүйесі.

7. Қазіргі қазақ романының дамуына тән жаңашыл үрдістер: реализм, модернизм, постмодернизм тәсілдері.

8. Қазақ романдарының ішкі жанрлық түрлері.

3-тарау. ҰЛТТЫҚ ДРАМАТУРГИЯНЫҢ ДАМУЫ

– *Драматургия жанрының басты бағыттары мен ерекшеліктері*

– *Ұлттық драматургиядағы тәуелсіздік мұраттарының орны*

– *Драма жанрындағы тақырыптық өзгешеліктер, өмір-уақыт тынысының көріністері, адам өмірі, азаттық пен бостандық сырлары, махаббат пен сүйіспеншілік сипаттарының маңызы*

– *Қазіргі драмадағы тарихи тақырыптар, халық өмірі мен кезеңі, танымал тұлға мен тағдыр талқысы, әлеуметтік һәм отбасылық мәселелер мәні*

Драмалық қойылым мен қолтаңба мәнері, актерлік толғанис пен тебіреніс иірімдері, сахна мәдениеті мен режиссура шешімі, театр өнерінің табиғаты мен тағылымы

Негізгі ұғымдар: *драма, театр, тартыс, акт, ремарка, қатысушы, сахна, сахналық уақыт, шиеленіс.*

Театр өнерінің алтын арқауы әдебиет болса, драматургия оның жанрлық жүйесін құрайды, әрекет-қимылды, қалтарысты-тартысты тұстарын барынша бедерлі, бейнелі

көрсетеді. Адам бейнесін, ішкі-сыртқы әсерді өмір-тұрмыстың көріністерімен де, тартыс-шиеленіс арқылы да көркем, жүйелі жеткізеді. Қоғамдық құбылыстар, өмірдегі қилы көріністер, адам өмірі мен тұрмысындағы жетістік-өзгерістер әдебиеттің барша жанрында, соның ішінде драматургия арқылы да ұнамды сипаттарымен кең орын алады.

«Драма жоқ жерде театр өнерінің ғұмыры ұзаққа бармасы – аксиома. Драматургия театр өміріндегі ең басты және шешуші құрал. Яғни, театр негізі – әдебиет. Драматургия – әдебиет жанры. Драматургияның әдебиеттің өзге салаларынан айырмашылығы оның адамдар жан дүниесіндегі асқақ сезім мен отты құштарлықты психологиялық тұрғыда кісінің жан күйзелісімен ұштастырып, өмір мәселелерін барынша шынайы суреттеуінде. Осы ретте, драмалық шығарманың екі бағыты айқындалады. Біріншісі – көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, екіншісі – оның сахналық материал тұрғысындағы көрінісі. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені драма сахна үшін де, көркем

шығарма үшін де аса қажетті рухани құндылық. Әрине, тәуелсіздікке дейінгі төл драматургиямыз жайында аз сөз болмаған. Аталған жанр жөнінде Қ. Мұхамеджановтың екі томдық «Пьесалар», «Өнер жайлы ойлар», С. Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очерктері», Ә. Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», Р. Нұрғалиевтың «Күретамыр» секілді, т.б. көптеген авторлардың салықалы еңбектерінде сол кезгі заман лебімен дүниеге келген шығармалар біршама байыпты сарапталады. Яғни, мұндай еңбектердің дүниеге келуі руханият қауымы ой-қиялының өсіп-жетілуіне, театрлар репертуарының кеңейе түсуіне үлкен үлес қосты. Кезінде келелі ой, келісті пікір айтқан әлгі авторлардың өнегелі үрдісін қуаттай отырып, бұл сапар, бүгінгі тәуелсіз қазақ драматургиясы жөнінде сөз қозғаудың да реті келген сынайлы» (*Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат. – 328 бет*).

Осы орайда, Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты», «Сталинге хат», «Қызыл жебе», Ә. Таразидің «Ақын. Періште. Махаббат», Қ. Ысқақовтың «Қыл көпірі», С. Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», «Қылмыскерлер», Ә. Кекілбаевтің «Абылай хан», М. Байсеркеновтың «Абылайдың соңғы күндері», Д. Исабектің «Актриса», «Төр», Б. Мұқайдың «Өмірзая»,

«Сергелден болған серілер», Т. Нұрмағамбетовтың «Бес бойдаққа бір той», Н. Әбуталиевтің «Өттің, дүние», С. Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қаздар», А. Бекбосыновтың «Соңғы сезім», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы», С. Смағайев пен Т. Теменовтың «Көгілдір такси», И. Оразбаевтың «Шыңғыс хан», «Естайдың қорлығы», Ә. Ақпанбетұлының «Дүние-думан», Д. Амантайдың «Сәлеметсіз бе, қоңыр мұң», т.б. қоғам мен адам, дәуір мен уақыт шындықтары, өмір-тұрмыс сырлары, адамгершілік-инабат иірімдері, жақсы-жаман қасиеттер, талант-тағдыр талқысы, қуаныш-күйінішті сәт-сезім сипаттары кең көлемде көрініс береді.

Қазақ әдебиетінің жетекші жанрларына олжа салған көрнекті қаламгер Ш. Мұртаза театр өнеріне «Бесеудің хаты», «Сталинге хат», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған», «Жалғыз үйлік зілзала» сынды пьесаларымен үлес қосты. Қоғамдағы жағдаяттар, тарих пен танымдағы тартыстар, өмір-тұрмыс сырлары аталған драмалық туындылардың басты нысанын құрайды.

«Бесеудің хаты», «Сталинге хат» пьесаларының тақырыбы мен уақыт-кезеңі таныс бола тұра тарихи тұлғаларды сомдау мен өмір шындығына сай суреттеу ісінде жазушы еңбегі мен шығармашылық ізденіс, көзқарас, қолтаңба бедерін байқамау

мүмкін емес. Сталин – Рысқұлов бейнелері, тартысты әрекет пен өмірлік шындықтар ұтымды диалогтар мен сахналық мүмкіндіктер, халық тарихы мен тағдырының сындарлы тұстары, алапат аштықтың зардап-зобаланды күрделі көріністерін кеңінен көрсетеді. Оқиғаның өріс-арнасы Сталин кабинетінде, Рысқұлов үйінде, елде өтетінін ескерсек, халық өмірі мен тағдырына қатысты көкейкесті мәселелердің көтерілгенін назарда ұстасақ, сахналық қойылымның қалың көпшілікке, ұлт мұраты мен ұрпақ қамына қатысты жайттардың маңыз-мәні арта түседі.

Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты заманның шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңа жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апат әкелгенін Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға қаламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді.

Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақтығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұлматтың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер.

Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлке-лік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х. Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтың азаматтық тұлғасын толықтырар оқиға пьесадағы тартыстың өзегіне алынған.

Қаламгер Ш. Мұртаза қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеу барысында мынадай түйінді ой айтады: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жина-

дым. Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал «Соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде?» деген сұраққа мен миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім.

Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға басын салды. Екіншісі – тағы да аштық. 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалаушылық орын алды. Осының салдарынан халық көпе-көрінеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды», – деп жазады (Ш. Мұртаза. *Алты томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. Повестер, пьесалар, эсселер. – Алматы, 2002*).

«Сталинге хат» екі бөлімді тарихи диалогі Тұрар Рысқұловтың халықты аштық тырнағынан құтқару жолындағы қайраткерлігіне арналады. Бірінші бөлімнен-ақ Тұрардың Кремльдегі Сталин кабинетіне жасқанбай еніп, халықтың хал-ахуалын жеткізіп, елдің зобалаң тырнағына ілінген жағдайын жеткізе айтуынан

басталады. Тұрардың мемлекет басшысымен тіл қатысуында өткірлік, ойының нақтылығы аңғарылып тұрады. Сталин кабинетіне үнемі әлдеқайдан қаһарлы әрі зарлы әуен естіліп тұрады. Ол кейде Тұрармен ере кіргендей болады. Халықтың да әбден тығырыққа тірелгені ауылдан Тұрардың қарындасы Түйметайдың балаларын ертіп, Мәскеуге, Тұрарға келуінен байқалады. Молшылық пен дарқандықтың мекені қазақ даласының да күйі кеткендігі көрінеді. Елі мен жерінің тағдырын ойлап шырққан Тұрар Сталинге жазған хатынан жауап күтеді. Ондағы жауап миллиондаған халықтың тағдырын шешпек. Рысқұлов пен Сталин арасындағы диалог тартысты жағдайда өтеді. Екеуінің сөзі де ұтқыр, дәл, бір-бірін сынап, бағалай жасалатын тіл қатысулар. Мысалы:

«... Бізде бір акын:

*Әурелікке жаралған фани адам,
Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам, -*

деген екен.

Сталин: Қалай-қалай? Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам. Мұны, сірә, ол акын Наполеоннан бұрын айтқан болар. Наполеон императорлықтан түскенде: «От великого до смешного – один шаг» дегенін білесің ғой?

Рысқұлов: Оқығанмын.

Сталин: Сонымен «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Айта бер.

Рысқұлов: Айтсам, Одақта жолдас Сталинсіз күрделі бір мәселе де шешілмейді ғой. Ол шындық. Ал Қазақстан үшін Голощекин де солай. Басқалар оның бетіне қарсы келе алмайды.

Сталин: (*Ары-бері теңселіп, түнеріп жүріп алады*). Сонда демократияның аузы буылып, аяғы кісенделгені ғой. Сол ма айтпағың?

Рысқұлов: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген бар. Көлгірсіме деген өзіңіз».

Драмадағы көрініс сайын беріліп отыратын қазақтың адуынды, шымыр күйлері заман күйін, драмадағы психологиялық тартыс сипатын тереңдете түседі. Сталинді осы бір күдіретті әуен сескендіргендей. Ол Тұрарды «Түркістанның Шыңғыс ханы» атап, негізді, дәл тілек, талаптарын орындайды.

Қаламгердің келесі «Бесеудің хаты» драмасы 1932 жылғы ашаршылық зардаптарының шындығын көрсетуге құрылған. Сол кезеңдегі асыра сілтеудің нақақ құрбаны болған халықтың жағдайын көрсетуге құрылған екі бөлімді тарихи драма бірден шиеленіскен оқиғадан басталады. Қазақстандағы жағдайдың барысын баяндаған бесеудің хатын талқылаған бюро мүшелері түн ішінде шұғыл мәжіліске жиналады. Голощекин «Бесеудің хатына» ызалы. Жантоқов, Құрамысов, Исаев, Иванов, Елеусіздер әр қилы пікірлер

айтып, хат авторларына қатысты мәселелерді талқылауда. Оларды жеке-жеке шақырып, айыптауда. Бесеу: Мүсірепов, Гатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетғалиев ел ішіндегі ауыр жағдайды жеткізгені үшін жазалы болады. Голощекин ызғарынан ықпаған Мүсірепов хатта жазылғанды көзбен көруді ұсынады. Келесі көріністе Қорқыт күйі зарлаған, шибөрілер шулаған сұрқай далаға, өлі ауылға Нұрхан ақын мен Мүсірепов келеді. Жиназы бұзылмаған иесіз үйлер, аштық құрбандары, бесіктегі жансыз сәби, талықсыған ана. Осы көріністі қара дию мен ібілістер тіпті де қоюлата түседі. Осы көрініс аясында Нұрхан ақынның жыр-реквиемі естіледі:

*Жалғыздап қадақ ел қалған,
Есіктері ашылып,
Сирағы сидам сырықтай,
Білегі күйген шыбықтай,
Саусағы салған сүліктей,
Табаны қара сүріктей
Тырнағы темір күректтей,
Мас болғандай маужырап,
Сүйектері саудырап,
Қыбырлаған неткен жан.*

Пьесаның әр суретінде қазақтың бір күйі («Көкіл», «Ақсақ құлан», «Заман-ай») беріліп, пьеса өзегіндегі тартыстың мәнін аша түседі. Қазақтың зауал шақтағы тұрмыс-күйі, жазықсыз шеккен жаза, іштен тынған нала терең ашылады. Осы зауал шақтың

суреті тамұкпен пара-пар суреттеліп, халықтың көз жасына қалғандарды тіпті тамұқ та қабылдамас деген үкім айтылады. Шығарма эпилогі тіпті де адамның сезім-күйіне терең әсер береді. Өрден шыға келген екі елес Рысқұлов пен Мүсірепов арғы беттегі әрекеттерге таңғала қарайды.

«Мүсірепов: От ішінде ойнақ салған әлденелер... Олар кімдер, Тұрар аға?

Рысқұлов (көтеріңкі): Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккізген озбырлар. Қиянатшыл бәлекор-жалақорлар. Әділет тағынан тайғандар. Пейілі жаман пенделер. Одан әрі Голощекин, Сталин... табанынан бүрі кетіп, тозақтың мейманына айналғандар».

Драматург халық ұғымындағы қарғыс, зауал, қатер деген ұғымдардың мәніне мән үстеп, халық қаһарының күшін танытады. Тағдырдың өзі кімнің кім екеніне баға беріп, асып кеткенді құрықтап, жетпегенді жеткізеді. Бұл – өмірдің заңы. Автор осылайша түйін түйіп, тарих тегершігіне түскен тағдырларды анықтап береді. Пьесадағы қоғам мен заман, әділдік пен әділетсіздік, күшті мен әлсіздің тайталасы көрінеді. Заман зары, халық қайғысы алма-кезек ауысқан тартысты оқиғалар аясында шынайы ашылады. «Бесеудің хаты» халық тағдырына ара түседі. «XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы жиырма

жылдық кезең Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастарында көптеген өзгерістер болуымен ерекшеленеді. Бірнеше ғасыр бойы басқа дінді жатжұрттың отарлық құрсауында болған қазақ халқының әлеуметтік жағдайында, адамдардың қарым-қатынастар жүйесінде өзгерістер, құбылыстар орын алды. Хакім Абай шығармаларында өткір сыншыл тілмен сыналған халық ортасындағы жағымсыз қасиеттер, дағдылар қазіргі заманның қайраткер қаламгерлер тарапынан да өткір сыналды», – дегендей (Т. Тебегенов), қаламгер заман көрінісін өткір көрсетеді.

Ш. Мұртазаның «Жалғыз үйлік зілзала» пьесасы қоғамның ащы шындығын суреттейді. Екі бөлімді драмада қоғамның бас ауруына айналған мансап, бюрократизм, әлеуметтік проблема, қарапайым халықтың күнкөрісі, тұрмысы мен тойып секіргендердің көлеңкелі істері көрініс береді. «Жалғыз үйлік зілзала» – қоғамда орын алған, адамдар қарым-қатынасында көрініс берген келеңсіздік етек алған – билік пен халық, бизнес пен нарық, баспан мен жұмыссыздық, жағымпаздық пен жалақорлық, демографиялық ахуал, тастанды бала мен көкек аналар, бейберекет партиялар, тұрақсыз-тиянақсыз жандар, т.с.с. сахна өнерінің заңдылықтарына сәйкес өріс алып, оның өзі жанталас-қак-

тығыстарға, айтыс-тартысқа құрылады. Елдік мұрат-мүдде аяққа тапталды. Халықтың жанайқайы билікке жетер емес. Төмендегілердің, әсіресе қарапайым адамдардың өмір-тұрмысы, еңбек мұраттары өз деңгейінде көрініс бермейді.

Пьесадағы жайт қазірде таңсық болмай қалғаны соншалық, баспанасыздық, отбасылық кикілжің, тастанды сәби, халықтың топ болып құратын наразылығы үйреншікті құбылысқа айналды. Ал автор осы жайттардың финалдық өресін жеткізеді. Адамның құны ақшамен, мансаппен өлшенген заманның шындығы ақын пьесасының өзегіне айналған. Жұмысы мен баспанасы жоқ Сандуғаш, үй-жайы, дәулеті мен мансабы жетерлік болғанымен, сәби сүюдің қызығынан құр қалған Малқар мен Мүнира, тұрмыстың тауқыметін көп тартып, енді соңғы әрекетке барған Салбырақ-Қорған, оның отбасы, туған анасы тастап кеткен Арман, осы жайттардан өздерінше тон пішкен албасты мен періштелер адам болмысындағы бір-бірінен итжығыс түсіп жатқан әрекеттердің оң-терісін салмақтамақ болуы – осының бәрі жер бетіндегі адамзат проблемасын шешудің күрделілігін танытады. Бірбірімен тартысқан қоғам жағдайына қарапайым халықтың көкпарға айналуы көрінеді. Бұл да дерт, қоғамның бойына біткен сүйел. Осы жайттардың ащы шындығын алақанға сал-

ғандай жайып көрсететін автор құрбан болған тағдырлар арқылы адам жарасын, проблемасын жоюды көздейді.

Ш. Мұртазаның «Домалақ Ана» екі бөлімді драмасы да адам әрекетінің түрлі қырларын саралауға құрылған. Жаугершілік заман, Бәйдібек сардар, шөл қысқан сарбаздар, шегенделген құдыққа құлаған Үрмәт қызы Нұрила, оның Бәйдібекке жар болуы – пьеса оқиғасының алғышарты. Бәйдібектің екі әйелі – бәйбішесі Марау мен тоқалы Зереп Нұрилань екі түрлі қарсы алады. Қинала толғатып жатқан Нұрилань сәбинің басын жарған Мараудың қаскөйлігін көрген Зереп тез арада жәрдем шақырады. Нұрила айналасына жақсылық орнатып, жаманнан сақтандырып отырады. Оның айтқан болжамдары адамды сақтап, игіліктің жаршысына айналады. Өз жасаған істерінің ауыр күнәсін сезген Марау тозаққа салса да пейіл екенін білдіреді. Оны да бұл азаптан құтқарған Нұрила Домалақ ана болады. Ана деген ұғымның өзі оның көптеген күнәсіне араша болады. Алты ұлы келіп, тамұқ отынан арашалап тұрғанын көрудің өзін бақыт деп зарлаған Марауға Нұрила «Ана біткеннің бәрі өз өзегін жарып шыққан перзентіне осыншама пәруана берілсе, Жер беті былғаныштан тазарар еді. Тозақ оты бәсенсір еді. Ей, күнәһар да бейкүнә ұрпақ! Біз кешкен қасірет теңізін сен кешпе», –

лейді. Осылайша ұрпақ амандығын тілеп өткен Нұриланың тілегі баршанаңның тілегі болмақ.

С. Жүнісовтың «Қылмыскер» пьесасына кешегі өнер адамдарының қазіргі кезеңде көр қазушыларға опонай айналып кетуін, зират маңынан жер сатып, содан пайда табу жөнін тапқандардың сырты бүтін, іші түтін кейіптерін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан, өмір шындығы аясында ашады. Драма шарттарына сай өріс алған диалогтан да ел-жер, ұлт пен ұрпақ қамы, қоғамдағы келеңсіз көріністер айқын аңғарылады. Жат жердегі уайым-қайғы, отанның оттан да ыстық қасиеті мен күдіреті, азаттықты аңсау идеясы драма табиғаты мен тағылымын айқындайды. Пьеса мазмұны мен ондағы өмір шындықтары, тұрмыс-тіршілік түйткілдері, ар-намыстың аяқ асты етілуі қоғамдық құбылыстармен, уақыттың салмақ-сырларымен байланысты өріс алады. Қоғамдағы ауыртпалықтар, адамның азғындауы мен оған қарсы әрекеттің әлсіздігі, теріс жолға түсудің себеп-сырлары драма табиғатын ашады. Қоғамдағы келеңсіз көріністер, адамдар қарым-қатынасындағы салқындық сырлары, жауапсыздық пен жұмыссыздық, билік пен бизнестегі бейберекетсіздік, еңбекке көзқарастың төмендеуі, өмір-тұрмыстағы сәйкессіздіктер, т.б. уақыт тынысы мен шындықтарын қазқалпында көрсетеді. Ұлт мұраты,

ұрпақ қамы, адамдар өмірі мен тағдырының талап деңгейінде болмауы, қоғамдық органың, сыртқы күштердің әсер-ықпалы қызықты оқиға, тартымды сюжет, сәтті деталь, шексіз киял, шеберлік пен шешендік негізінде кең өріс алады. Ақиқат пен адалдық іске қолдау көрсетіледі. Адам еңбегі мен өмірлік мұраттары алдыға шығады. Уақыт шындығы мен өнер шынайылығы драма табиғатының күретамыры болып табылады. Мол өмір тәжірибесі танылады.

Тарихи-өмірбаяндық пьесалар қатарын **Ә. Кекілбаевтың** «Абылай хан» және **М. Бейсеркеновтың** «Абылайдың ақырғы күндері» туындылары толықтыра түсті. Драмалар табиғатынан танымал тұлға Абылайдың өмірі мен кезеңі, қайраткерлік-мемлекетшілдік қасиеттері кеңінен көрініс береді. Тарихи тұлға екі пьесада өзінше өріс алады. Бірін-бірі байыту бар, қайталау, жасандылық жоқ. Әбіш Кекілбаев – драматургия жанрына үлкен үлес қосқан қаламгер. Әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тілінс аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. Тарихи-өмірбаяндық «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған кезде жазылды. 1998 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Жазушының прозасында көтерілген ғасырлар бойы

халық аңсаған тәуелсіздік, азаттық идеясы осы драмалық туынды арқылы сахнаға шықты.

Абылай хан (1711-1781) – өз уақытының ірі мемлекет қайраткері, реформатор, Ресей мен Қытай ортасында жатқан қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау үшін үлкен еңбек сіңірген, басқару ісінде жаңа ұстанымдарға сүйенген тұлға. Пьесаға негіз болған Абылайдың алғаш таққа отыруы мен оны паналап келген Әмірсана тағдыры. Осы оқиғаның төңірегінде хан тұқымдарының билікке таласы, хан өмірі мен оның саяси жолы, арман-мақсаты, өкінішталасы бейнеленген. Бір жағынан Ресей қыспағы, екінші жағынан Қытай империясының қазақ еліне көз алартуы, енді ғана тұйықталған Жоңғар жорығы, осылардан сақтану, елді бірлікте ұстау, ағайынның дау-дамайын басу – осының бәрі Абылай үшін ауыр жылдар еді.

Ханның алғаш аты шыққан кезі пьесаның прологы сияқты да, қалған екі бөлімі оның тұтқынға түскен, одан таққа отырған кезеңдері, осы екі желіде Абылайдың саяси мұраттастары мен қарсыластарының бетбейнесі айқындалады. Екі бөлім – екі кезең. Соның астарында қазақтың іргелі ел болудағы ежелгі арманы жатыр. Абылай өз халқы үшін зор еңбек атқарды, үлгермей, тиянақтай алмай қалғандарын болашаққа аманаттады. Драмадағы тартыс осыны меңзейді.

Ә. Кекілбаевтың осы идеялары операға да өзек болды. Композитор Е. Рахмадиевтың «Абылай хан» атты операсының либреттосын жазған да қаламгер Ә. Кекілбаев еді.

Пьеса үш көріністен тұрады. Бірінші көріністе тарихи аңыздардан мәлім, Абылайдың Сабалақ атанған жас күні суреттелген. Ұрыс даласында қалмақтың батыры Шарышты өлтіріп, батырлығымен көзге түскен Сабалақтан Көмей әулие кім екенін сұрайды. Сөйтіп Абылайдың тегі анықталады. Азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр. Жауға атасы Абылайдың атымен ұрандап шабады.

Әдебиеттануда эпос болмысты белгілі бір ауқымда, көлемде, уақыт пен кеңістік аясында және оқиғалар шеңберінде, сюжеттік желі негізінде қамтыса, лирика жеке адамның ішкі дүниесін сезімнің қалыптасып, өзгеруімен, мұң-қиялымен, көңіл ауанымен, қайғы-қуанышымен ашып көрсетеді. Ал драма, сөздік әрекеттерді эмоционалды ерікті ұмтылысымен, әлеуметтік-психологиялық сипатымен, ішкі еркіндігімен және сыртқы шектеулілігімен, қысқасы, екі жақты экспрессивті-сюжеттік қатынастарымен танытатындығы айтылады. Сол арқылы әдебиеттің бұл тегі өз бойында лирика мен эпостың сипаттарын ұштастырады. Драма – адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Пьесаның екінші бөлімінде Абылай аң аулап жүріп, қапыда қалмақтардың тұтқынына түседі. Абылайдың жан арпалысы арқылы мінез бітімі ашылған. Ерекше қаһарман туған жас Қалданды да ойға қалдырған. Тұтқынға көңілі кетіп, көмекке келетін Күлпаш сұлу, олардан туған Әмір Сана оқиғалары пьесадағы тартысты күшейте түседі. Абылай зынданнан шешендігімен, тапқырлығымен құтылады. Драматург бұл тұста сөз құдыретіне ерекше мән береді. Әйгілі жыраулардың Абылай ханға қарата айтатын «үш ауыз сөзбен құтылдың» дегенінің мәнісін ашады. Сондағы үш ауыз сөз Әбіш Кекілбаев туындысында былайша беріледі:

«Қалдан: Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жарыместігінен ойнайды,

Бағлан ойнаса – білместігінен ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тіресе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады».

Қалданның астарлы сұрағына Абылай осылайша шешендікпен жауап береді. Абылайдың айбатынан сескенген Қалдан басына азаттық беріп, іргем тыныш болар деген оймен қызы Топышты қосып, еліне аттандырады.

Үшінші көріністе тартыс күшейіп, оқиға ширыға түседі. Ел ішіндегі лаң, бітпес дау суреттеледі. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмір Сананы қайтаруды талап етеді. Хан баласын Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Бір жағынан орыс, бір жағынан қалмақ, бір жағынан қытай қысқанда, оған ел ішіндегі дау қосылып, Абылай сан сауалға жауап іздеп аласұрады. Абылайдың мұндай кезде кеңесшісі, ақылшысы Көмей әулие тарихтағы Бұқар жыраудың бейнесі. Ханға өктем сөйлеп, кеңес беріп, керек жерінде түзетіп отырған данышпан қарт жалпы қазақ даналығының жиынтық бейнесіндей. Күлпаш пен Топыш, кейуана мен дуана бейнелері бас қаһарманның мінезін танытуда өзіндік рөл атқарған.

Пьесада ұлттық мінез бен болмыс айқын танылады. Жалқаулық пен кертартпалық, аяқтан шалу сияқты қазақи мінездерді драматург кейіпкерлердің әрекеттері мен пиғылдары арқылы көрсеткен.

Қорыта айтқанда, Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туындысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын еркін игергеніне осы пьеса мысал бола алады.

М. Байсеркеновтың «Абылайдың ақырғы күндері» драмасында бір тәулік ішіндегі Абылайдың жайкүйі, іс-әрекеті суреттеледі. Сыр-

қат Абылай аласапыран да тас түйін күйде, психологиялық тұрғыда ауыр жағдайды бастан кешеді. Пьесадағы Абылайдың өлімі туралы болжамдардың бірі сюжетке негіз ретінде алынады да, хан өмірінің соңғы үш күнін бейнелейді. Осы күндер ішінде хан өз өміріне жүргізген саясатының жетістік-кемшін тұстарын, қателігін, өкінішін, қол жеткізе алмай қалған арман-аңсарын зерделеп, көз алдынан өткізеді. Хан өмірі, оның саяси жолы, ондағы жақтастары мен қарсыластары, жорықтары «сана ағымы» тәсілімен де, Бұқар жыраумен диалогтарында айшықты бейнеленеді. Пьесадағы кейіпкерлер саны үшеу: Абылай, Бұқар жырау, Сейіс. Бұқар – ойшыл, ханның кеңесшісі, жырау; Сейіс – Абылайдың күзет басшысы, ханға көзсіз берілген адам. Сахнада өтетін оқиғалар бір-бірімен жалғас екі уақыттық өлшеммен беріледі. Алдымен ел-жұртының көз алдында Абылай мен халықтың тағдыры сығымдалып, жинақталып беріледі, екіншісі өткен тарих бүгінгі күнмен салыстырыла көрінеді. Абылай ұлы хан болғанымен, Уақыт пен Тарих алдында кәдімгі жан, пенде. Яғни, пьесаның соңында барлығын таразылайтын, барлығына төрелік ететін Уақыт деген түйін беріледі.

Ә. Кекілбаевтың «Абылай ханында» қазақ хандығының тарихы мен жоңғар қыспақтарынан жол

табу, уақыт пен тарих алдындағы жауапкершілік жүгін терең сезіну сипаттары жарқын көрініс тапса, М. Байсеркенов Абылай ханның бір тәулік ішінде ұлт пен ұрпақ, ар-абырой алдындағы қарыз-парыз ісін әлеуметтік психологиялық тұрғыдан, талап деңгейінде шешеді. Тарих пен тағдыр, парасат пен саясат, мұраттас-қарсыластардың қимыл-әрекеттері баршасы сындарлы сәттерде ұтқыр ой, ұнамды шешімімен оң сипат алады. Екі туындыдан да тарих тағылымы, әсіресе Абылай хан кезеңі мен қызметі, халық азаттығы мен тәуелсіздік жолындағы әрекет-қимылдары, ел бірлігі мен берекесін арттыру ісіндегі бағыт-ұстанымдары, ең негізгісі, Абылайдың хандық саясаты, ұлттық мұрат жолындағы ақыл-парасаты, уақыт-тарих алдындағы ерен еңбегі мен сахна өнерінің барша қасиет, белгілері негізінде қалың көпшілікке көркем де келісті, шебер де шынайы жеткізіледі.

Ш. Құсайыновтың «Томирис» пьесасында Азияны билеген парсы патшасы Кирдің сақ даласына көз тігуі, оған патшайым Томирис қарсылығы драма заңдылықтарына сәйкес суреттеледі. Алғашқы тұста қаһарлы Кир Томирисі әйелдікке алсам, сақ даласы көз алдымда түрленеді, атақ-абыройым асқақтайды деген үміт-сенімге мықтап табан тірейді. Осы ой-көзқарасын жүзеге асыру үшін араға кісі де салады. Томирис

Кир патшаға сол сәтте-ақ қарсылық білдіреді. Ел-жерге, кең далаға да үстемдік ете алмайтынын, алсам-жеңсем деген ойларының жүзеге аспайтынын ашық айтады. Ұлт мұраты, халық тарихы мен тағдыры бар асылдан да қымбат, жоғары екендігін бүкпесіз баяндайды.

Ш. Құсайыновтың «Томирис» пьесасы да тарихи тақырыпқа жазылған сәтті туынды. Біздің дәуірімізге дейінгі 530 жылдар шамасында өмір сүрген сақтар патшайымы Томирис өз жері, туған даласы үшін аянбай күрескен. Оның даңқы кейінгі Геродот жазбалары арқылы жеткен. Бүкіл Азияны билеген парсы патшасы Кир сақ даласына да көз алартады. Өзі билік құрып тұрған жердегі байлыққа көңілі толмай, Томирисі жар етіп, сақ даласына үстемдік етсем деген ой мазасын алады. Осы ойын Томириске жеткізеді. Ол Кир патшаның қызыққаны сақ даласының кеңдігі мен асып-тасқан байлығы екенін түсініп, парсы патшасының бұл ойы жүзеге аспайды деп жауап береді.

Парсы әскерлеріне қарсы алғашқы айқаста Томирисің баласы Спаргапис қаза табады. Ұлынан айырылып ашынған ана бүкіл сақ жұртын атқа қондырады. Тарихшы Геродоттың айтуынша, бұрын-сонды болмаған сұрапыл шайқас болады. Жеңіліс тауып көрмеген Кир патшасы сақтардың жауына қатал, жорыққа берік халық екенін білсе де, жеңуді мақсат етеді.

Сырдарияның бер жағында өткен алапат шайқаста сақтар өздерінің жауынгер халық екенін дәлелдеп, парсыларды қырып салады. Міне, біздің бүгінгі жерімізді ұлы бабаларымыз осылай қорғап қалған. Пьесада биік отаншылдық рух танылады. Парсы патшалығына қарсы айқас басталып та кетеді. Томирисің ұлы Спаргапис осы қақтығыс-шайқаста мерт болады. Ашынған ана Томирис атқа қонады. Сақ әскерлері соңынан ереді. Осы ұрыста сақтар парсы әскерлерін тізе бүктіріп, қайта бас көтертпей, тас-талқан етеді. Ел-жерге адалдық, ұлт пен ұрпаққа берілгендік, патриоттық рух пен сүйіспеншілік салтанатын асқақтата түседі. Ал Томирис бейнесі, қайраткерлігі мен қолбасылық қасиеттері ұстанған бағытынан, ерлік-күрес шежірелерінен жарқырай көрінеді. Елге берілгендік, тарихқа адалдық, өмір мен жеңіске құштарлық Томирис бейнесі мен көзқарасын айқын аңғартады. Пьеса мұраты мен шындығы осыған келіп саяды.

Д. Исабековтың «Актриса», «Тор», Б. Мұқайдың «Өмірзая», «Сергелден болған серілер», С. Балғабевтың «Тойдан қайтқан қазақтар, «Ең әдемі келіншек» пьесаларында қоғамдық жағдаяттар, өмір-тұрмыс көріністері, тарих пен тағдыр талқысы, өнер адамдарының қайшылықты күрделі сәттері, арман-аңсарлары арқау етілсе, «Шолпанның күнәсі», «Ғашықтық дерті» атты

Ә. Таразидің драмалық реквиемі мен Р. Қараеваның пьесасында көрнекті қаламгерлер М. Жұмабаев пен Ж. Аймауытұлының қалың көпшілікке танымал туындыларының мазмұн-желісі негіз етіледі. Өмір шындығы, уақыт бедері, тағдыр талқысы, элеуметтік-отбасылық мәселе, кейіпкерлер жүйесі, әрекет-қимылдары арқылы қызықты көрініс, ұнамды сипаттарға ие болады. Адамдар тағдыры, әйел-ана орны мен еңбегі, азаттығы мен бостандығы, жастық пен сүйіспеншілік сырлары – Шолпан мен Күнікейдің бейнелері арқылы беріледі. Қоғамдағы азаттық жолындағы әрекеттері-қарсылықты тартысты бола тұра өмір шындығына, уақыт тынысына сәйкес көрініс береді. Шолпанның бала сүю жөніндегі таным-түсінігі мен әрекеттері, Күнікейдің кедей отбасынан шықса да келер күнге үміт артуы, жастық-достық, сүйіспеншілік жолындағы кіршіксіз көңілі, болашақ жар таңдаудағы жүрек таразысына ден қою, осы бағытта кедергі-тосқауылдарға, тағдыр-талқысына тап болуы – замана шындықтарына негізделеді. Кезең көріністері, адамдар қарым-қатынасы, азғындық пен озбырлық, дарақылық пен парықсыздық салдарының кері әсері, ықпалы жан-жақты ашылады. Сырсипаттары көрсетіледі.

Ұлттық драматургиядағы сәтті туындыларының қатарына «Біз пе-

ріште емеспіз» (Қалтай Мұхамеджанов), «Сталинге хат» пен «Бесеудің хаты» (Шерхан Мұртаза), «Қош бол, Берібасар» (Оразбек Бодықов), «Жан алқымда» (Алтыншаш Жағанова), «Анасын күткен қыз» (Дулат Исабеков), «Қадіріңді білмеппіз ғой, арысым» (Әкім Тарази), «Тоят түні» мен «Дүние кезек» (Баққожа Мұқаев), «Алыптың басы» (Тынымбай Нұрмағамбетов), «Төрт тақта жайнамаз» (Асқар Сүлейменов), «Зар заман» (Софы Сматаев), «Біздің кластың қыздары» (Есенжол Домбаев), «Махаббат аралы» (Әділбек Тауасаров), «Үзілген бесік жыры» (Ермек Аманшаев), «Ай бүбі» (Бақтияр Әбілдаев) атауға болады.

Бұл шығармалар – драматургия жанрындағы, режиссурамен табыса да, таласа да жүріп, тапқан табыстарымыз. Тақырыптық жағынан да бүгінгі таңда болып жатқан өзгерістер мен әр түрлі жаңа құбылыстарға сай, әрқайсысы өзінше мәселе көтере білген айдарлы шығармаларымыз (Жүнісов С. *Қазақ драматургиясы // «Әдебиет айдыны», 2005, 22 қыркүйек*).

Тәуелсіздік кезеңінде сахналанған, театр өнерінің тарихына еркін енген драмалық туындылар:

Тарихи тақырыптарды, танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, қызметі мен қайраткерлігін өмір-уақыт тынысына сай бедерлі, жүйелі жеткізді.

Халық өмірі мен кезеңі, арғы-бер-дәуірлердегі ауыртпалыққа, қайылыққа толы тарихи сәттер қилы әрініс, ақиқат жайттар негізінде көр-м, бейнелі беріледі.

Қарапайым адамдар өмірі, тұр-ыс-тіршілік түйткілдері, жастық-остық сырлары, тәлім-тәрбие иірімдері рғы-бергі кезеңдердің тағылымды үстарымен, бүгінгі күннің шынайы-ындықтарымен байланысты байып-ы баяндалады.

Ең негізгісі, әрине драмалық ко-йылым мен қолтаңбалардан халық арихы мен тағылымы, дүбірлі дә-ірі мен қилы кезең көріністері, та-ымал тұлғалардың азаттық пен әуелсіздік жолындағы жанкешті әре-кет-қимылдары, ұлттық мұрат пен отбасылық тыныс-тіршілік, өмір мен еңбектегі ақиқат пен әділеттілік, қо-ғамдағы кереғар келеңсіздіктер, би-лік пен бизнес, халық пен нарық, баспана мен жұмыссыздық, әйел тағдыры мен бостандығы, махаббат пен сүйіспеншіліктің сырлы сипатта-ры, т.с.с. өмір шындығы, көркемдік талаптар, уақыт тынысына сай жүйе құрайды. Қазіргі кезеңнің басты та-лабы адам өмірі мен еңбегіне, өмір шындығы мен көркемдік шешімге, реалистік көріністерге сай сарала-нып, байыпты баяндау, терең талдау-лар арқылы жүйелі жеткізіледі.

Тұжырым. Театр – ерекше әлем, көркемдік модель, ол көркем дүние-ні екіжақты бейнелейді. Кейіпкерлер

әлемімен алғанда (сахна) онымен оқырман-көрермен тығыз бірлікте көрінсе де, басқа кеңістікте болады. Бұл тек кеңістіктік көру түрінде ғана емес, уақыт жағынан алғанда да ерік-сіз (мәжбүрлік) қатынас деуге болады. Мәселен, роман оқуды шегере тұруға болады, лирикалық шығарма қысқа уақытта бітеді. Ал драма қабылдау-дың үздіксіздігін талап етеді. Себе-бі сахнадағы қойылым оқырманның көз алдында «осы шақта» өтеді де, оны аяқтағанша, көрермен үздіксіз көруі, қатысуы тиіс. Мұнда уақыт қашықтығы болмайды да, көрермен түгелдей сахналық туындының әсе-рінде болады, оқиға оның көз ал-дында, бір мезетте, осы шақта өтіп жатады. Драма, сөздік әрекеттерді эмоционалды ерікті ұмтылысымен, әлеуметтік-психологиялық сипаты-мен, ішкі еркіндігімен және сыртқы шектеулілігімен, қысқасы екі жақты экспрессивті-сюжеттік қатынастары-мен танытатындығы айтылады. Сол арқылы әдебиеттің бұл тегі өз бо-йында лирика мен эпостың сипат-тарын ұштастырады. Драма – адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Театр өнерінің алтын арқауы әдебиет болса, драматургия оның жанрлық жүйесін құрайды, әрекет-қимылды, қалтарысты-тартысты тұс-тарын барынша бедерлі, бейнелі көр-сетеді. Адам бейнесін, ішкі-сыртқы әсерді өмір-тұрмыстың көріністері-

мен де, тартыс-шиеленіс арқылы да көркем, жүйелі жеткізеді. Қоғамдық құбылыстар, өмірдегі қилы көрініс-тер, адам өмірі мен тұрмысындағы жетістік-өзгерістер әдебиеттің барша жанрында, соның ішінде драматур-гия арқылы да ұнамды сипаттарымен кең орын алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургияның өркендеуіне шолу жасаңдар.
2. Тәуелсіздік кезеңіндегі пьесалардың басты көркемдік сипатын, негізгі тартыс сы-рын ашыңдар.
3. Драмалық шығармалардағы кеңістік пен уақыт бірлігі, қатысушылардың әрекеті туралы баяндалар.
4. Драма кейіпкерлерінің басты ерекшелігі, мінез-болмысының көріну ерекшелігіне тоқталыңдар.
5. Театр қойылымдары, оның әдеби-эстетикалық болмысы туралы не айтасыңдар?
6. Драмалық туындылардағы басты ерекшелік қандай болу керек?
7. Драма авторының басты ерекшелігі туралы айтыңдар.
8. Сахналық туындыларға қойылатын талаптар.

4-тарау. ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН СЫН: ЗЕРТТЕУ МЕН ЗЕРДЕЛЕУ

– Қазіргі әдебиеттану мен сынның дамуы

– Ұлттық әдебиеттану мен сынның руханият әлеміндегі орны

– Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттану мен сынның міндеттері

– Қазақ әдебиеттану ғылымының зерттелуі мен зерделенуі туралы

– Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен тағылымы

Негізгі ұғымдар: әдебиеттану, әдебиет тарихы, сын, теория, библиография, зерттеу, әдіснама, әдеби мектеп, эстетикалық құндылық, пайым, тұжырым, руханият, дүниетаным, кезең, әдеби үдеріс, бағыт, ағым, тәсіл, көркемдік жүйе.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі арналы да іргелі салалардың бірі – әдебиеттану мен сын.

Әдебиеттану көркем әдебиеттің арғы-бергі кезеңдерін, қалыптасуы мен даму жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, сын сөз өнерінің сыр-сипаттарын, артық-кем тұстарын, жаңалық-жетістіктерін анық та әділ көрсетеді.

Әдебиеттану мен сын сөз өнерінің тарихы мен теориясын, оларға тән белгі-ерекшеліктерді, әдеби туындының болмысы мен бітімін, мазмұн мен құрылымын, өмір оқиғалары мен уақыт шындықтарын, кейіпкер жүйесі мен көркемдік таным арналарын, ой-сөз жүйесі мен тіл-стиль сипаттарын кең көлемде қарастырады. Қысқасы, әдебиеттану ғылымы (олар үш саладан тұрады – әдебиеттің тарихы, теориясы мен сыны) сөз өнерінің әуелгі бастау арналарынан бермен қарайғы кезеңдердегі көркем әдебиеттің қалыптасуы мен даму бағыт-бағдарын, өсу-есею жайларын, жазушы еңбегі мен шығармашылықты, ізденіс іздері мен дүниетаным иірімдерін, көркемдік-эстетикалық мұрат пен әдеби үрдістердің сыр-сипаттарын кең көлемде қарастырады. Табиғаты мен тағылымына ден қояды.

Ұлттық әдебиеттану мен сын сан алуан асу, бел-белестерден өтті. Ақиқатқа табан тіресек, қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы өзгерістер – адамға, оның ақыл парасатына, еңбегіне, т.с.с. бағытталуы, қызмет етуі тиіс. Осы орайда, демократия, тәуелсіздік

тағылымдары қоғамға, күнделікті тұрмысқа жарық нұрын молынан түсіріп тұрғанын айту абзал. Ой – сөз жүйесін руханият әлемі төңірегінде өрбітер болсақ, тәуелсіздік тұсында көңіл өсіріп, жан жадыратар жайттардың мол болғанын алдымен еске алар едік. Бұл ретте, тіл ұшына оралар маңызды мәселе, іргелі тақырыптардың кейбірі төмендегідей:

– Кеңестік жүйе мен маркстік-лениндік әдіснама тамырына мықтап балта шабылды;

– Парасат пен саясаттың аражігі айқындалып, ұлттық тарихқа көзқарас өзгерді;

– Алыс-жақын елдердегі қандастарымыздың бір бөлігі туған топыраққа табан тіреді;

– Арғы-бергі тарихымызға қатысты дерек көздері алуан арна, түрлі ізденістер негізінде толыса түсті;

– Тұғырлы тұлғалардың есім, еңбектерін қалпына келтіру ісі дұрыс жолға қойылды;

– Әдеби-мәдени мұраларды жинап-жариялау, зерттеу жұмыстары жүйелі өріс алып келеді;

– Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге, азаматтық тарихқа, өмір-тұрмысқа, руханият ісіне ұлттық, тәуелсіздік, тұтастық тұрғысынан қарап, бағалауға батыл бет бұрылды;

– Голощекин геноциді мен сталиндік репрессия ақиқаты айтылып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу дәстүрге енді;

– Елдікке, егемендікке еңбек еткен арыстар өмірі мен қызметін, шығармашылық ғұмырбаяндарын зерттеу ісі жүйелі ізге түсті;

– Ақыл-парасатқа азаттық берілді;

– Ұлттық тарихқа әділеттілік өлшем етілді;

– Білім-ғылым жүйесі әлемдік талаптарға ден қойды;

– Руханият әлеміне кең өріс ашылды...

Тәуелсіздік тұсында ұлт руханиятын:

– Абылай хан бейнесінің тарихта, өмір мен өнерде кең орын алуы;

– Танымал тұлғалардың есім, еңбектерінің оң бағалануы;

– Үш бидің тұғырға қонуы;

– Алаш арыстарының шығармашылық мұраларының ақталуы;

– Ұлттық тілдің Ата Заң арқылы айрықша мәртебеге ие болуы;

– Қабанбай, Кенесары бейнесінің көтерілуі;

– Құлдықтан хандыққа көтерілген Бейбарыс сұлтанға Атырауда ескерткіш орнатылуы;

– Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Астанаға келуі;

– «Отырар кітапханасының» қайта жаңғыруы;

– М. Шоқайдың сөз, көзқарасы, дауысының жетуі, т.б. асқақтата түсті.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеттану ғылымы ұлт мұраты мен тарихын, оның танымал тұлғала-

рының өмірі мен кезеңін, шығармашылық мұраларын кеңінен қарастырды. Әдебиеттану ісі, әсіресе кеңестік жүйе тұсында қалың көптің назарынан тыс қалып келген әдеби-мәдени мұраларды, ел үшін ерен еңбек еткен тарихи тұлғаларды, халық жадынан шығып, ұмытыла бастаған көне кезеңдердің жәдігерлерін, т.б. жинап-жариялау мен бастыруда да байыпты бағыт ұстап, талап пен талғамды таразы етті. Мұның бәрінен байқалар жайт: халық мұрасы, ұлт тарихы мен тағдыры, елге есімі мен еңбегі кеңінен таралған тұлғалар табиғаты мен мұраты барынша айқын, өз орындарында бедерлі әрі кең көлемде көрсету көзделгені терең танылады. Бұл ретте, әрине халық тарихы мен мұрасы, оны зерттеу мен зерделеу ісі, жаңаша танып бағалау басым бағыт алды. Бұл бағытта алуан ізденістер жасалып, игілікті-ізгілікті істер атқарылды.

Демократия тағылымының рухани олжасы өте мол. Осы орайда, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» («1991), Әбілғазының «Түрік шежіресі» (1991), Бабырдың «Бабырнама» (1993), «Билер сөзі» (1992), «Батырлық дастандар» (1995), Ж. Бейсенбайұлының «Қазақ шежіресі» (1994), Х. Досмұхаммедұлының «Аламан» (1991), Л. Гумилевтің «Көне түріктер» (1994), «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994), «Қазақ тарихынан» (1997), Үш пайғамбар (Төле, Қазыбек,

Әйтеке) – 1992; Е. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарда» (1995), Қ. Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» (1993), Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» (1996), «Тұрлұхан ақын» (1997), «Ежелгі үйсін елі» (2005), «Елтұтқа» (2001), «Азаттықтың өшпес рухы» (2008), «Елібай» (2009), А. Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» (2002), «Қазақтың ауызша тарихы» (2008), т.б. кітаптардың жарық көруі, кейбір еңбектердің екінші өмірін жалғастыруы – қалың көп үшін де, ізденуші-зерттеушілер үшін де рухани-тағылымдық сыр-сипаттары көп-ақ. Бұл кітаптардың басты байлығы ұлтымыздың арғы-бергі тарихын, тұғырлы тұлғалардың тағдыр-талайын, халық әдебиетінің маңыз-мәнін жан-жақты көрсетуінде дер едік. Ал рухани құндылығы ізденіс арналарынан, дерек-дәйегінен, әдеби-ғылыми сипаты мен кезең-уақыттың шындықтарын айқын, нанымды жеткізуінен танылады. Біздіңше, ұлт тарихы мен оның тұғырлы тұлғалары туралы баяндайтын бұл еңбектер – кезең-уақыттың шындықтарын, адам өмірі мен еңбегін бағалау ісінде ерекше мәнді, салмақты болып табылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымын Алаш ардақтылары – Т. Жүргеновтің, М. Тынышпаевтың І. Омаровтың «Арыс» қоры дайындаған «Таңдамалы» еңбектері толықтыра түсті.

«Таңдамалы» тағылымдары есім-еңбегі қалың көпке таныс тұлғалардың өмірі мен қызметін, шығармашылық ғұмырбаяндарын құжаттық-деректік материалдармен байытып, жүйелі баяндауымен бағалы. Тарихи-ғылыми мәні мол.

Ұлттық мақтанышымыз, руханият әлемінің биік белесі «Қорқыт ата» кітабының 1300, «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдықтары халықтық мерей-мейрам, әрі күллі түркіге ортақ асыл мұра, тарихи жәдігер ретінде кеңінен аталып өтті. Сондай-ақ, ұлттық-рухани көкжиегіміздің жарық жұлдыздары: М. Дулатидің – 500, Абай мен Жамбылдың – 150, М. Әуезовтің, Қ. Сәтпаевтің, С. Мұқановтың, Ф. Мүсіреповтің, Ф. Мұстафиннің, Ә. Марғұланның, Ә. Қастеевтің – 100 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО деңгейінде еліміздің көптеген аймақтарында, жоғары оқу орындарында ғылыми жиын, кеш-кездесу сипатында үлкен жауапкершілікпен өтті. Аталған тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы қайта қаралып, соны дерек көздерімен толықтырылып, жаңа көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Мерейтой тұстарында халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялар өтіп, қазақ, орыс тілдерінде жеке кітаптар жарық көрді.

Сондай-ақ З. Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі» (1995), Р. Бердібаевтің «Әуезов шыңы» (1997),

Д. Досжановтың «Алаптың азабы», Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері», З. Қабдоловтың «Көзқарас» (1996), «Менің Әуезовім» (1997), Б. Құндақбаевтың «М. Әуезов және театр» (1997), Қ. Мырзахметовтың «Абайтану тарихы», Р. Нұрғалидың «М. Әуезов және алаш» (1997), Т. Жұртбайдың «Дулыға» (1994), «Талқы» (1997), «Күйесің, жүрек... сүйесің» (2001, Ж. Ысмағұловтың «Абай: ақындық тағылымы» (1994 мен «Абай энциклопедиясы» (1995), «Абай елі» (кітап-альбом), «М. Әуезов және әлем әдебиеті» (конференция материалдары 1997-2001), «С. Мұқанов – классик» (2000), «С. Мұқанов және қазақ әдебиеті» (2000) – конференция материалдары, «Жамбыл әлемі» (альбом), «Қазақ арыстары» (плакат-портрет), «Түркістан» (Халықаралық энциклопедия – 2000), «Түркістан» (кітап-альбом), «Қазақтың 100 романы» (2004), «Алаш» қозғалысы» (2008), «Әлем қазақтарының рухани сұхбаты» (2008), «Қазақ әдебиеттануының қалыптасу тарихы» (2008), «Өлең өлкесі» (2009), т.б. аталым, басылымдар жарық көріп, қалың көпшілікке, әдеби-ғылыми қауымға рухани нәр берді. Анық аңғарылар жайт: аталған кітаптар даталық күндер тұсында ғана қолға алынып, ойға түспегенді. Керісінше, ұлттық мұрат пен тарихи құндылықтарға, адам мен оның еңбегіне құрмет, әдеби мұра

мен оны зерттеу ісіне қамқорлық, танымал тұлғалардың ізденіс-жемісіне, тақырыпқа адалдық сипаттары кеңінен көрінер еді. Аталған еңбектердің ізденістен туғандығы, әдеби-ғылыми, тарихи-танымдық сипаттарының басым екендігін де осы реттен еске алар едік. Мәдени-рухани нәрі де аса мәнді.

«Ақтандақтарды жою» ісі тәуелсіздік жылдарында, әдебиеттануда ерекше көрініс берді. Бұл ретте, алдымен өткен тарих тағылымдары терең таразыланды. Кезең-құбылыстарға, уақыт сырларына зор маңыз берілді. Алаш тарихы мен тағдыры, оның біртуар тұлғалары, өмірі мен кезеңі қайта қаралып, жаңа уақыт талаптары тұрғысынан терең зерделенді. Халықтың өткен тарихы мен белесті кезеңдердің артық-кем тұстары қайта қаралды. Көне кезеңдердің бүгінгі күнге дейінгі тарих пен өмірдің бұралаң жолдары, Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің өмірі мен қызметі, шығармашылық мұралары бүгінгі күн талаптары тұрғысынан жаңаша бағаланып, кең көлемді зерттеулер жүргізілді. Маңыздысы: Алаш тарихы, оның танымал тұлғалары мен туындылары толыққанды қалпында халқына қайта оралды. Оларды бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қайта қарап, бағалауға да мол мүмкіндіктер туды. Біздіңше, бұл бағыттағы ізденістер мен зерттеу жүйесі жаңа сипат, соны үлгіде кең өріс алғаны нұр.

Өмір мұраты адамға қызмет ету, еңбегін құрметтеу емес пе? Осы орайда, алдымен айтарымыз, Алаш арыстары (Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, т.б.) ақталып (1988-1989 жж.), олардың бір томдық, көп томдық шығармалары қалың көптің қолына тиді. Осы кезең әдебиетінің «ақтандық беттері» ашылып, зерттеу жүйесіне ғылыми айналымға түсті (мысалы, С. Қирабаев «Жүсіпбек Аймауытов» (1993), Ш. Елеуқенов «Мағжан» (1995), Ш. Сәтпаева «Шәкәрім Құдайбердиев» (1994), М. Әбсеметов «Міржақып» (1996), Р. Тұрысбек «Жүсіпбек» (1997), «Ж. Аймауытұлы және 20-жылдардағы қазақ прозасы» (1998), «Ар айнасы» (2000), Д. Қамзабекұлы «С. Сәдуақасов» (1996), т.б.) Олардың еңбек-мұраларын жан-жақты зерттеп, терең тануға байланысты ғылыми-теориялық конференциялар болды. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген өмір тәжірибесінен алынған қағидалы ойлар негізінде олардың туған, қызмет еткен жерлерінде мәңгілік есте қалдыруға қатысты іс-жұмыстар, әдеби-мәдени шаралар жүзеге асырылды.

Қазіргі кезеңде Алаш ардақтарының еңбек-мұралары, ұлт руханиятына үлкен үлес қосқан қазақ зиялыларының шығармашылық ғұмырбаяндары әдеби-ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырылып, зерт-

теу мен зерделеудің алтын арқауына айналып келеді (қараңыз: Ж. Әбілев «Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері» (2001), Қ. Ергөбек «С. Мұқановтың творчестволық лабораториясы» (1995), А. Егеубаев «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» (1999), Т. Есембеков «Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе» (1998), А. Исмакова «Поэтика казахской художественной прозы начало XX века» (1998), С. Жәмбеков «Б. Күлеевтің ақындық мұрасы» (1997), Қ. Жүсіпов «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1997). Қ. Мәдібай «Зар заман ағымы және Шортанбай мұрасы» (1995), Б. Әбдіғазиев «Абай дәстүрі және Ш. Құдайбердиев» (1990), Ө. Әбдіманов «А. Байтұрсыновтың әдеби-публицистикалық қызметі» (1992), М. Әбсеметов «М. Дулатов творчествосы және 20-жылдардағы әдеби-тарихи процесс» (1998), З. Сейітжанов «Тарихи эпос», «Қытай қазақтарының әдебиетінің туып, даму жолдары» (2000), Т. Сыдықов «Қазақ тарихи романы» (1997), Р. Әбдіқұлова «Б. Әлменұлының әдеби мұрасы» (2001), Б. Ердембеков «Ә. Тәңірбергеновтің өмірі мен шығармашылығы» (1999), А. Тілеуханова «Шәкәрім шығармашылығындағы шеберлік пен таным бірлігі» (1995), Э. Пертаева «Д. Бабатайұлының ақындығы» (2001), т.б.).

Тәуелсіздік талаптары руханият дүниесіне де із-бедерін айқын түсіре бастады. Қарастырылып отырған кезең аралығында М. Базарбаевтың «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Казахская поэзия: художественные искания» (1995), «Замана тудырған әдебиет» (1997), Р. Бердібаевтың «Эпос мұраты» (1997), «Жұлдыздар жарығы» (2000), Т. Бейісқұловтың «Бейімбетті атқан кім?» (2000), Б. Қожабекұлының «М.Х. Дулати» (2000), Ш. Елеуқеновтың «Мағжан» (1995), «Кітаптану негіздері», (1997), «Әдебиет және ұлт рухы» (1997), М. Мамажановтың «Асыл мұра» (1993), А. Машановтың «Әл-Фараби және Абай» (1994), М. Мағауиннің «Ғасырлар бедері» (1991), «Қазақ тарихының әліппесі» (1994), Т. Қожакеевтің «Көк сеңгірлер» (1992), «Қым-қуыт іздер» (1999), А. Қасымжановтың «Ұлы даланың зиялылары» (1996), А. Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» (1996,1999), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997), Ө. Күмісбаевтың «Абай және Шығыс», «Проблемы арабо-персидских и казахских литературных связей» (1996), А. Мархабаевтың «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998), Ж. Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «Әулие ата» (1998), Т. Жұртбайдың «Бейуақ» (1990), Қ. Алпысбаевтың «Мұқағали өрнегі» (2001), З. Бисенғалидың «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997),

Б. Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), Б. Кәрібаеваның «Қара өлең және лирика» (2001), Қ. Құдаймендінің «Ел мен жер тағдыры» (2000), Қ. Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1999), «Көркемсөздің құдіреті» (2000), Б. Жетпісбаеваның «Символ в движении литературы» (1999), К. Садықовтың «Теория литературы» (1999), А. Исмакованың «Казахская проза: поэтика, стиль, жанр» (1998), Д. Ысқақұлының «Сын жырлары» (1999), «Сын өнері» (2001), Б. Әбдіғазизұлының «Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері» (2001), С. Әшімханованың «Мир Габита Мусрепова» (1999), Ә. Дербісалиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» (1997), Ғ. Есімнің «Хакім Абай» (1994), «Сана болмысы» (1-7 кітап. 1994-2002), «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994), С. Мақпыровтың «Әдебиеттануға кіріспе» (1991), М. Мырзахметовтың «Әуезов және Абай» (1996), Т. Рахымжанұлының «Қазіргі қазақ романының поэтикасы» (1992), «Романның көркемдік әлемі» (1997), Т. Тебегеновтың «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклорлық дәстүр» (2001), Е. Тұрсыновтың «Единство эстетического опыта и кочевых и некочевых народов» (1993), А. Сейдімбектің «Күйшежіре» (1997), Б. Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» (1997), Н. Омашұлының «Белестер» (1999), «Жол үстінде журналист» (1999), Қ. Мәдібайдың «Зар заман ағымы» (1997), Р. Тұрысбектің «Сөз сарасы» (1996), «Ар айнасы» (2000), «Ұлт мұраты және руханият» (2008), «Тарих. Таным. Тағылым» (2008), «Ақиқат айнасы» (2008), М. Тәжімұратұлының «Шәңгерей» (1998), Ж. Тілептің «Тарих және әдебиет» (2001), Б. Сапаралының «Құнанбай қажы» (1995), З. Сейітжановтың «Шыңжаң қазақ әдебиеті» (1999), М. Үмбетбаевтың «Пірім менің – Сүйінбай» (1992) Б. Омарұлының «Зар заман поэзиясы» (2000), С. Дәрібайұлының «Сөз асылын саралап», Э. Пертаеваның «Дулаттың ақындығы» (2000), А. Шәріп пен Н. Алтекованың «Қайраткердің қаламгерлігі» (1995), А. Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), т.с.с. зерттеу еңбектері жарық көріп, жаңа уақыт, соны көзқарастар тұрғысынан таразыланады. Басты байқалар жайт: ұлт мұраты, жекелеген тұлғалардың руханият жүзіндегі орын-үлестері, қазақ сөз өнерінің арғы-бергі тарихы, жанрлық-көркемдік жүйесі, поэтика мәселелері кең көлемді зерттеу негізін құрайды. Кітап авторлары, негізінен көне кезең тарихына, руханият жүзіндегі ақтаңдақтар сырына, жеке тұлғалардың беймәлім қырларына, өмір, өнер заңдылықтарының түпкі мәніне жан-жақты назар аударатынын

айқын аңғарар едік. Бұдан басқа, БАҚ жүйесі, мұрағат материалдары, жаңа көзқарас пен уақыт талаптары, танып-талдау мұраттары айқын.

Демократия, тәуелсіздік тағылымдары ауыл мен астана арасынан, билік пен бизнестен, еңбек пен оқу орындарынан, т.т. кеңінен көрінеді. Руханият ісінде, әдеби-ғылыми ізденіс еңбектерден де көрініс тапты.

ҚР ҰҒА М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының эзирлеуімен жарық көрген «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (1 кітап. – А.: Ғылым, 1997. – 512 бет), «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті» (А.: Ғылым, 1997. – 512 бет), «40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті» (2-кітап. – А.: Ғылым, 1998. – 400 бет), «XV-XVIII ғғ. қазақ әдебиетінің тарихы» (2000), «Әдебиет және өнер мәселелері» (2001), «Фольклор поэтикасы» (2001) атты іргелі еңбектер Институттың кейінгі кезеңдердегі маңызды ізденіс, жұмыстарын көрсетумен бірге әдеби үрдістің даму бағыттарын, ондағы кезеңдік мәселелерді, әр алуан дерек көздерін, тенденцияларды аналитикалық талдау-шолулармен әрі тарихи-ғылыми тұрғыдан айқындап берді. Атап айтқанда, «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық зерттеуде халық әдебиетінің арғы-бергі тарихы XVIII, XIX, XX ғасырлар арқылы арнайы жүйе құрап, бұл саланың жекелеген мәселері,

бұрынғы-соңғы аталған ой-пікірлер бір арнаға түседі. Еңбектің маңызды қырлары, яки Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, т.б. өмірі, кезеңі, қызметі мен ел әдебиетін жинау, зерттеу ісіндегі орын-үлестері нақтылы ізденіс, іргелі талдаулар арқылы көрсетіледі. Авторлар ұжымы (Р. Бердібаев, Ә. Дербісалин, С. Қасқабасов, З. Сейітжанов, Ш. Ыбыраев, т.б.) қазақ фольклорының тарихы мен даму арналарын зерттеу негізінде іргелі ізденіс, терең талдау, келелі толғам-толғаныстарға еркін барған. Жүйелі ізденіске құрылған, әдеби-ғылыми сипаты жоғары бұл еңбек қазақ фольклорының шежіре-жылнамасы міндетін де, жылдар жемісін де айқын аңғартады. Осы іргелі еңбек үшін авторлар ұжымының бір тобына (Р. Бердібай, Ш. Ыбырай, З. Сейітжанов) ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ал М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті», «40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеу еңбектер кеңес кезіндегі ұлттық сөз өнерінің даму бел-белестерін, жанрлық жүйесін, әдеби үрдістің бағыттарын жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастырады. Атап айтқанда, Алаштың арыстары – Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы мен белгілі ақын-жазу-

шылар Қ. Аманжолов, А. Жұмағалиев, З. Шашкин, Ж. Саин, Ғ. Сланов, т.б. өмірі мен шығармашылығы қоғам, өмір, уақыт шындықтарына, яки Азат елдің әдебиетіне тән табиғи сипаттарға сай сөз етіледі. Әдеби-ғылыми мәні айқындалады.

Бұл еңбектердің маңызын арттырып, салмақтандыра түсер жайт: әр кезең шындығы мен түйінді мәселелердің сыр-сипатын ашарлық шолу мақалалар беріледі, жекелеген жанрлар жүйесі бойынша да арнайы сөз етіледі. Әдебиеттер мен есімдер көрсеткіші, әдеби өмір шежіресі тұрақты орын алады. Демек, кеңес кезеңіндегі әдебиеттің даму жолы, ізденіс, іркілістердің белгілі бір жылдар төңірегінде топтастырылып, жүйелі сөз етілуі – Боллашақ қазақ әдебиеті тарихын жазудың алғышарттарын қалап, тәжірибе-тағылымдарын, өріс-өресін айқындауда дерек те, көмек те бере алады. Негізінен, бұл кезең (1920-1960) қоғамдық-әлеуметтік жағдайымен, мәдени-рухани үрдістерімен назар аудартып, жүйелі зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Парасат пен саясат арақатынасын ашатын тұстар да жетерлік. Соны ізденіс пен жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарап, бағалайтын жайттар да бар. Бұл бағыт, арнаның келешекте кең өріс алғанын қалар едік.

Профессор **Х. Сүйіншәлиевтің** көп жылдарғы ұстаздық-ғалымдық қызметтерінің қорытындысы «Қазақ

әдебиетінің тарихы» (А.: Санат, 1997. – 928 бет) атты оқулығында ежелгі әдебиеттің материалдарынан бастап ұлттық мақтанышымыз, реалистік жазба әдебиеттің басты өкілі Абайдың өмірі мен шығармашылығына дейінгі аралықты қарастырған ұлттық сөз өнерінің он екі ғасырлық тарихы (VIII-XIX) жанжақты баяндалған.

Оқулық авторы қазақ әдебиеті тарихының ілкі кезеңдерден бермен қарайғы өсу, есею жолдарын қоғамдық-тарихи жағдайлармен, мәдени-әдеби үрдістермен, әр алуан көзқарас, ізденістерді негізгі назарда ұстай отырып байыпты сөз етеді. Нәтижесінде, қазақ әдебиетін бірнеше дәуірге бөлуге болатындығын көрсетеді (VIII-XIV ғасырлардағы көне түркі халықтарына ортақ әдебиет нұсқаларын қамтитын ежелгі кезең; XV-XVII ғасырлар арасындағы қазақ би-шешендері мен жырауларының поэзиясы; XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті; XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті). Сол арқылы ұлттық сөз өнерінің даму кезеңдерін, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін айқындап, одан кейінгі тұстарда алыс-жақын елдермен байланысын, әдеби-мәдени әсердің көкейкесті мәселелерін кең көлемде қарастыру жайы нақтылы сөз болады. Алайда белгілі тақырып, таныс мәтінді тым тәптіштеп, баяндауға ерік беретін тұстар да кездеседі. Бірізділік, шолу сипаттары да кездеседі.

Кітаптың құнды қырлары ретінде айтарымыз: қазақ әдебиетінің тарихы, даму жолдары мен әдеби үрдістерді, ол жайлы бұрынғы-соңды ізденіс-еңбектер, қазақ хандары мен би-шешендері, ақын-жыраулар мұрасы, әр кезеңдегі әкімшіл-әміршіл жүйесінің зобалаң-зардаптары, жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бел-белестеріне кең орын берілген. Қысқасы, оқулық мазмұны бай, көлемі қомақты, рухани әсер-ықпалы жоғары.

Академик **С. Қирабаевтың** кейінгі жылдары жарық көрген «Әдебиетіміздің ақтаңдық беттері» (А.: Білім, 1995. – 288 бет), «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» (А.: Білім, 1998. – 224 бет) атты еңбектерінде әдеби мұраны танып-бағалау, ақтаңдық беттерін толықтыру бағытындағы көзқарас, толғамдар кеңінен орын алған.

Алғашқы еңбекте әдебиет ұлттық рухани байлығы, қайнар көзі ретінде қарастырылып, оның басты тұлғалары Абай, Ыбырай, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, т.б. өмірі мен шығармашылығы жаңа уақыт талаптары тұрғысынан таразыланады. Сондай-ақ, Жанақ, Шортанбай шығармашылықтары кезең, уақыт шындықтарымен байланысты сөз етілсе, Ғ. Мұстафин, Д. Әбілев, М. Иманжанов, т.б. туралы ізденіс, толғамдарда естелік сипаты, адами мұрат-міндеттер, ұлттық сөз өнерін да-

мыту мен зерттеу ісіне қатысты кәдімгі көзқарас, маңызды мәселелер мол. Ал «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» атты оқу құралы (А.: Білім, 1998. – 224 бет) осы кезеңдегі сөз өнерінің саяси-тарихи сипаттарын, даму жолдарын, артық-кем тұстарын барынша айқын, дәлелді түрде көрсетуді мақсат еткен. Оқу құралын «қысқаша очерк» деп айқындаған автор: «...оған жеке ақын-жазушылар шығармашылығы қарастырылатын монографиялық зерттеулер енгізілген жоқ. Тек әдебиет дамуының жағдайлары мен әдеби үрдісті (процесті), ондағы өзгерістерді, жанрлардың өсіп-жетілуін көрсететін шолулар кірді. Мақсат кеңес дәуіріндегі әдебиеттің даму жолын саралап, ондағы байлықты сапалық елекке сала қарау, жаңа көзқараспен таразылау, жаңаша ой топшылау болды», – деп жазады (7-бет).

Ақиқатын айтсақ, аталмыш оқу құралында кеңес кезіндегі қазақ әдебиетінің өсу-есею жолдары мен көкейкесті мәселелері, бұған дейінгі жарық көрген ұлттық сөз өнерінің тарихына арналған кітаптар, «алашордашыл» ақын-жазушылар (Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, т.б.) есім, еңбектері, жалпы қазақ әдебиетінің көп жанрлы, сан арналы өрісі, әлемдік руханияттағы орны кең көлемде көрсетіледі.

Сондай-ақ, кітап мазмұнының құрылым-жүйесінен («Кеңестік қа-

зақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі», «Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиеті», «Соғыс кезіндегі қазақ әдебиеті», «Жаңғыру кезіндегі қазақ әдебиеті», «Кенестік қазақ әдебиетінің соңғы дәуірі») автордың кеңес кезеңіндегі қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесіне қатысты көзқарасы да айқын аңғарылады. Негізінен, оқу құралы кеңес дәуірінің қоғамдық-саяси сипаттарымен бірге ұлттық-руханияттық мәселелерін жаңа уақыт талаптары тұрғысынан терең де кемел сөз етуімен мәнді.

Негізінен, аталмыш оқулықтар қазақ әдебиетінің тарихын, оның басты өкілдерінің руханият саласындағы орын-үлестерін, ұлттық сөз өнерін зерттеудің түйінді мәселелерін кеңінен қозғауымен маңызды.

Т. Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты оқу құралы (*А.: Санат, 1994. – 448 бет*) сөз өнерінің әуелгі тарихы мен теориясы секілді құрамдас бөліктерінің бірі – әдебиет сынының қалыптасуы мен тарихи даму жолдарын қарастырады. Оқулық авторының бұған дейін «Октябрь өркені» (1962), «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) секілді әдебиет сынының есеюі-өсу, шығармашылық әрі ғылыми мәселелерін жүйелі де тиянақты қарастырып келгенін ескерсек, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты оқу құралының жазылып жарық көруін қалың көптің, әдеби-ғылыми жұртшылықтың күткені анық-ты.

Автор оқу құралының алғашқы тұстарында-ақ, қазақ әдебиеті сынының өзіндік тарихы, әдеби-ғылыми мәселелері барын, жоғары оқу орындарында арнайы бағдарлама негізінде жалпы курста оқытылатынын жүйелі баяндайды.

Оқу құралы екі бөлімнен, бес тараудан тұрады, Еңбек сынның баспасөзбен байланысы, жазба әдебиеттегі орны, дербес жанр ретіндегі ерекшеліктерін, т.б. қоғамдық-кезеңдік жағдайлармен, әдеби-руханияттық үрдістермен табиғи сабақтастықта қарастырады. Нәтижесінде қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи дамуын үш кезең төңірегінс топтастырады: «Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиетінің сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі – 1938-1985 жылдар аралығы» (*3-бөлім*).

Негізінен, бұл жүйелеу, көзқарастар қазіргі кезеңде қайта қарауды, толықтыра түсуді қажетсінері хақ. Өйткені әдеби сын мен оның өзекті мәселелері, сыншы сипаты төңірегінде алуан ой-пікірлер, көзқарастар бар. Зерттеп, зерделейтін тұстар да жетерлік.

Оқу құралында қоғамдық жағдай, кезеңдік көрініс-құбылыстар, әдеби мұраны игеру мәселелері, белгілі-белгісіз тұлғалардың есім-еңбектері, бұрынғы-соңғы қаулы-құжаттар, қысқасы, қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу, даму кезеңдері бірде шолу, енді бірде талдау, тіпті кей тұстардан көзқарас эволюциясы кеңінен көрініс береді. Көңілдегі қуаныш: қазақ әдебиеті сынының арғы-бергі тарихы, бағыт-арналары қазіргі кезде жүйелі ізге түсіп, кең өріс алып келеді.

Алайда қазақ әдебиет сынының ғылыми-теориялық категорияларын, әдіс-тәсілдерін, сонымен бірге «Сыншы дарыны – сирек дарын» екенін кең көлемде көрсету қажеттілігі қазіргі кезеңде сезіліп-ақ келеді.

Т. Кәкішұлының «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Мағжан – Сәкен» (1999), «Сәбең әлемі» (2000) сынды еңбектері де ізденістен туған, әрі дерек пен дәйекке, жаңа көзқарастарға негізделуімен мәнді. Жаңа материал, көзқарас эволюциясы соны сипат, серпінді сөз етілуімен бедерлі.

Әдебиет зерттеушісі, профессор **Темірбек Қожакеев** негізгі еңбектерінде ұлттық сөз өнері тарихын, қазақ журналистикасының қыр-сырын, Алаш ардақтыларының өмірі мен кезеңін, шығармашылық мұраларын кең көлемде қарастырды. Бұл бағытта жоғарғы мектепке арнап оқу құралдарын жазып, әр алуан бағдарламалар құрастырды.

Ұстаз-ғалым **Т. Қожакеев** кейінгі кезеңде, әсіресе еліміз тәуелсіздік алған жылдары ұлт мұратын, тарих тағылымын, қазақ зиялыларының тағдыр-талайы туралы игілікті ізденістер жасап, ізгілікті істер атқарды («Жыл құстары», «Көк сенгірлер» – 1992; «Сара сөздің сардарлары» – 1995). Бұл ретте, әсіресе, 1937-1938 және 1950 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш ардақтыларының өмірі мен қызметін, шығармашылық мұраларын кең көлемде қарастырған «Көк сенгірлер» зерттеуінің (*Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 бет*) орны алабөтен дер едік.

Кітап авторы зерттеудің мақсат-мұратын былай білдіреді: «1985 жылдың сәуірі Совет елі өмірінің, қоғамымыздың даму тарихында жаңа беттер ашып, жаңа кезең туғызды. Бүкіл тіршілік, тынысымызға жаңа леп, соны серпін, бұрын-соңды естіп-білмеген басқаша бағыт-бағдар әкелді. Тіл айналымына «қайта құру», «жариялылық», «жаңару» деген сияқты ұғым, тіркестер енгізді. Өткен өмір, жүрген жол, асқак асуларымызды сын көзбен қайта бір қарап шығуды, бұрмаланған тарихи шындық, болмыс, құбылыстарды қалпына келтіру, 30-50-жылдардағы қиянатты саяси айыптау мен заңсыздықтың құрбандары болғандарды ақтауды, өнер өкілдерінің қалдырған қымбат мұраларын халқына қайтаруды, оны ел игілігіне айналдыруды талап етті.

Бұл еңбек қайта құрудың осы талап-нұсқауына үн қату ретінде жазылды. Оны «Көк сеңгірлер деп атадык. Бұлай дегенде, жиырмасыншы жылдардағы қазақ журналистикасының, қазақ публицистикасының ең еңселі өкілдерін, қазақ баспасөзінің аспанында ерекше жарқырай көрінген, асқақ биікке көтерілген, басқалардан шоқтығы тым жоғары тұрған қаламгерлерін балап, теңеп, бейнелеп «Көк сеңгірлер» деп атап отырмыз. Ж. Аймауытұлы, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, О. Жандосов, А. Розыбакиев, Ғ. Тоғжанов, И. Тоқтыбаев сияқты ірі тұлғалар солай деп атауға тұрады» (5-бет).

Кітапқа енген әрбір зерттеу мақаладан ізденісті, алуан дерек көздерін, жаңаша көзқарас пен зейінді зерделеулер айқын аңғарылады. Ұстаз-ғалым бұл тұстарда өткен тарих тағылымына, күрделі кезең көріністеріне, өмір-уақыт шындықтарына, жекелеген тұлғалар табиғатына мән-маңыз беріп, дәуір дидарына байыпты талдау, зерделі зерттеулер жүргізеді. Осы бағыттағы көзқарас, дүниетаным иірімдерін де бүкпесіз, ашық, айқын жеткізеді.

Ұлт тарихында қаралы кезең, қасіретті жылдар, яки 1930 жылдар ойраны, алапат аштық сырлары, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін сергелдеңі, оның себеп-салдары

«Сатқындық салтымыз ба еді?» деп аталатын зерттеу мақаланың табиғатын да, мазмұнын да құрайды. Автор орталықтан – Ежов, Берия сынды қандықолдардың келмегенін, керісінше, «...жаппай жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға өзіміздің кейбір адамдар, баспасөз органдарымыз және туысқан халықтардың жекелеген өкілдері себепші болды» деп (сонда. – 8-бет) оған ел әдебиетінен, тарих тағылымынан, тұлғалар табиғатынан алуан мысал-деректер келтіреді. Зерттеуші ізденісінен: «Ұлтшыл-фашист бандыларын түп-тамырымен құрту керек», «Семей театры ұлтшыл Бековтың бөлтіріктерінен әбден тазартылсын», «Қырағылықты күшейтейік», «Комсомолға кіріп кеткен жауды толық жоямыз», «Буржуазиялық ұлтшылдардың ұясын тас-талқанын шығару керек», т.б. баспасөз беттерінде орын алған зұлмат залалдарын, қазақ зиялыларының басына төнген қасіретті жайттар мен қиянатшыл, озбыр топтың зәрезан қулық-сұмдықтарын, сатқындық салдары мен сорақылықтарын батыл да әділ әшкерелейді. Адамзаттың даму заңдылықтарын, кеше-бүгін байланыстарын, тарих толқынын да әр қырынан көрсетеді. Сол арқылы адам ойы мен қолынан жасалған әр алуан қиянат пен кереғар жайттар тамыры мен сырына ден қояды. Кезең, уақыт шындықтарын жан-жақты ашады.

Кітапқа енген «Дарқан дарын», «Ел деп еңіреген ер», «Жұлдызы биік жан еді», «Көп қырлы қыран», «Қалам майталманы», «Қайшылықты қаламгер», «Аққан жұлдыз» сынды мақалалар мазмұнынан Ж. Аймауытұлы, М. Дулатов, Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ғ. Тоғжанов, Е. Алдоңғаров, т.б. ұлт мұраты жолындағы жанкешті іс-әрекеттері, қоғамдық қызметі мен шығармшылық мұрасының басты ерекшеліктері жан-жақты сөз етіледі. Ең негізгісі, ізденіс-зерттеу жүйесінен:

Алаш ардақтыларының өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұраларының беймәлім қырлары кеңінен көрініс береді;

Қазақ баспасөзі, ондағы дерек-материалдағы ұлт мұраты мен зиялыларына қатысты көзқарас, алуан мысалдардан ел-жер, адам өмірі мен еңбегі, әдебиет пен мәдениет мәселелері, тарих тағылымы, т.б. кең орын алады;

Қазақ зиялыларының ұлт мұраты, ел-жұрт жайлы жазбалары баспасөз материалдары арқылы қалың көптің назарына ұсынылады;

Ұлт оқымыстыларының еңбек-мұраларындағы көзқарас пен қолтаңба мәнерінен өткен тарихқа, келелі келешекке бетбұрыс бар. Азат ел, бүгін жер, руханият өрісіне қатысты құштарлық пен әр алуан іс-әрекеттерден ұлт мұратына адалдық, білім-ғылым жүйесіне, кемел келе-

шекке үміт-сеніммен қарау бағыты айқын аңғарылады. Замана шындықтары ашылады.

Тұтастай алғанда, ұстаз-ғалым, журналист-жазушы Т. Қожакеевтің баспасөз тарихы мен теориясының көкейкесті мәселелерін, ұлттық сатира мен юмордың сырлы сипаттарын байыпты саралаған еңбектері («Сатира және дәуір», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы», «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер», т.б.) қазақ руханиятының биік белестерін, Алаш ардақтыларының өмірі мен шығармашылықтарын, тарих тағылымының түйінді тұстарын жан-жақты көрсетеді. Біздіңше, Т. Қожакеев еңбектері қоғам-кезең көріністерін байыпты зерделеп, өмір-уақыт тынысын терең таразылап, содан кейінгі тұстарда ұлт руханиятының даму белестерін, баспасөз тарихы мен теориясын, оның көрнекті тұлғаларын жүйелі, кемел сөз етумен мәнді. Мұның өзі кеше-бүгін байланысы арқылы жүйелі, келісті, нанымды өріс алады.

Т. Қожакеев осы бағыттағы көзқарастарын, ойлары мен толғаныстарын әдеби-ғылыми жиындарда ашық айтып, дәлел-деректі молынан пайдаланып, айқын, жүйелі жеткізетін. Ақиқатқа табан тіреп: қоғамда, өміртұрмыста, білім-ғылым жүйесіндегі келеңсіздіктер, кереғарлықтарды дерек-мысалдармен қадап айтатын, тап

басып көрсететін. Өмірде ақиқатты ту етті, шындық жүзіне тура қарады...

Қазақ әдебиеттану ғылымында библиографиямен арнайы айналысып, бұл салада ерен еңбектің үлгісін көрсеткен әдебиетші-ғалым **Ә. Нарымбетов** екенін айту лазым.

Ә. Нарымбетов Кеңес дәуірінен бермен қарайғы қазақ әдебиеттану мен сынының 4 кітабын жарыққа шығаруы («Қазақ совет әдебиеті» (1917-1940), 1 том, 1970, 353 бет; «Қазақ совет әдебиеті» (1941-1955), 2-том, 1986, 272 бет; «Қазақ әдебиеті» (1961-1964), 4 том, 1997, 2-бөлім), әрі әдеби-ғылыми айналымға түсуі руханият әлеміндегі елеулі еңбек. Қазақ, орыс тілдерінде жүйелі жарық көріп келе жатқан бұл еңбектер ұлттық сөз өнерінің осу жолдарын, әдеби-ғылыми, сыни мақалалар мен зерттеу еңбектері туралы нақты дерек көздерін, әдеби өмір шежіресінен мол мағлұмат береді. Ақиқатын айтсақ, әдебиетке келген, ғылымға бет бұрған әрбір адамға, әсіресе филология-журналистика факультетінің студенттеріне, ізденуші мен аспиранттарға, магистранттарға атамаш еңбектердің қажетті құрал болатындығы айдан анық.

Библиографиялық жұмыс тынымсыз ізденіс, ерен еңбек, жоғары жауапкершілікті тілейтінін ескерсек, жоғарыдағы 4 кітап айрықша бағалауды қажетсінеді. Әрі қазіргі кезеңге дейінгі әдеби көрсеткіштерді қаржықаражат тапшылығына қарамастан

көп болып, жұмыла көтеріп, жүйелі шығаруды қолға алу да мерейлі міндет болып қала бермек.

Қазақ әдебиетінің даму бел-белестерін еске алған тұста көне кезеңдердің руханияттағы іс-бедері айқын аңғарылады. Бұл ретте ұстаз-ғалымдар С. Садырбайұлының «Фольклор және Жамбыл» (1996), М. Жолдасбеков «Асыл сөздің атасы» (1996), Ғ. Келімбетов «Қазақ әдебиетінің бастаулары» (1998), «Ежелгі түркі поэзиясы әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), Ғ. Есімнің «Фалсафа тарихы» (2000), А. Жақсылықовтың «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы» (1999) атты зерттеу еңбектері ерте дәуірдегі әдебиет үлгілерін, оның өзіндік белгілері мен даму жолдарын жүйелі, нақты сөз етумен ерекшеленеді. Бұл еңбектердің көңіл қуантып, ой-қиялға өріс ашқан тұсы ерте дәуірдегі халық әдебиеті үлгілерін, ондағы Тұран жұртына қатысты дерек көздерін, көзқарастар жүйесін, әр алуан еңбек мұралардың мақсат-мұраттарын кең көлемде ашып, бүгінгі уақыт тұрғысынан танып-зерделеуінен айқын аңғарылады.

Сондай-ақ, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты екі томдық оқулықтың алғашқы кітабы (А.: Қазақ университеті, 2000. – 467 бет), Ә. Құрышжановтың «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (А.: ҚызПИ баспаханасы, 2001), Ш. Сәтпаеваның

«Уақыт шуағы», «Веяние времени» таңдамалы мақалалар мен зерделетулер (А.: Ғылым, 2000), Б. Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде» (Зерттеулер. – А.: Арыс, 2001), Т. Бекниязовтың «Өмірге құштарлық» (А.: Қазақ университеті, 2000), Қ. Сақовтың «Ұлттық сана ұйытқысы» (А.: Қазақ университеті, 2001), т.б. зерттеу еңбектері тарихи дерегімен, әдеби-рухани маңызымен, ұлттық әдебиеттану ғылымын байыта, толықтыра түсті. Бұл еңбектерге тән ортақ белгі – ерекшеліктер ұлттық әдебиеттің әуелгі бастау-арналарын, оның тарихы мен даму жолдарын, қоғам-кезең көріністерін, жалпы руханият өріс-өресі уақыт талаптары тұрғысынан қарастырылады.

Осы орайда, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты екі томдық оқулықтың (Алматы: Қазақ университеті, 1-том, 2001. – 267 бет; 2 том, 2002. – 455 бет) өзіндік ерекшеліктері бар деп білеміз. Біздіңше, тәуелсіздік талаптары, жаңа уақыт көзқарастары, зерттеу мен зерделенудің соны үлгі-өрнектері терең танылады. Тақырып табиғатында, авторлар құрамында ұлттық сөз өнерінің даму бел-белестері, жүйелеу-зерттеу сәттерінен де сонылық сипаттар айқын аңғарылады. Алғашқы кітап (А.: Қазақ университеті, 2000. – 467 бет) «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті», «Ежелгі түрік әдебиеті» «XIX ғасыр әдебиеті», «Жаңа жазба

әдебиеті» атты бөлімдерден тұрады. Аталған бөлімдерде аса бір өзгешелік байқала қоймағанымен, мазмұн, көзқарас, талдау жүйелерінен жаңа уақыт талаптары, жаңашылдық сипаттары мен байыптылықтың бар екені назар аудартады. Ұлттық әдебиеттану ғылымының соңғы ізденістері, әдебиет тарихын дәуірлеу жүйесі, жалпы руханияттың өріс-өресі мен болашақ бағдары, өмір-уақыт талаптары негізгі назарда болады. Қысқасы, аталмыш оқулықтардың алғашқы кітабы ертедегі көшпелі тайпалар тұсындағы сөз өнері қайнарларынан бастап жазба әдебиет үлгілеріне дейінгі аралықты қоғамдық жағдайлармен, тарихи оқиғалармен сабақтасып, зерттеп-зерделеп, танып-талдап, бүгінмен байланысына да зор маңыз, сипат береді. Жаңа бағыттар айқындалады.

Келесі кітап – «XIX ғасырдағы әдебиет», «Кеңес дәуіріндегі әдебиет» секілді бірнеше тараулардан тұрады. Әрбір бөлімнен қазақ ақын-жазушыларының (Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, т.б.) өмірі мен шығармашылығы, әлем халықтары тіліне аударылу туралы бай материал, алуан дерек көздері көп кездеседі.

Оқу құралы оқушы-студенттерден өзге қазақ әдебиеті мен мәдениет та-

рихын зертеушілерге, алыс-жақын елдердің мәдени-рухани орталықтарына, ізденуші-аспиранттарға, магистрлерге аса қажетті еңбек болып табылады.

Осы тұста ойға оралатын жайт: ұлттық әдебиеттің даму кезеңдерін, ақын-жазушылардың өмірі мен қызметтерін, шығармашылық өмірбаяндарын, көркемдік-жанрлық жүйесін тілдік-стильдік мәселелерін бүгінгі уақыт талап тұрғысынан сөз ететін – «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кешенді ізденіс пен зерттеу жүйесінен, талдау мен оқыту ісіне негізделген толымды, қонымды оқулықтың оқушы-студенттің қолында жоқтығы дер едік.

Бұл тұста «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты бірнеше кітаптан тұратын сериялық еңбек (1991-1993), Н. Келімбетовтың «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1986), Т. Кәкішевтің «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), С. Қирабаевтың «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» (1998), Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1997), сондай-ақ «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті» «40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998) «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (2001-2003), т.б. ұжымдық еңбектердің, оқу-бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулардың болғанын жоққа шығарғымыз келмейді.

Алайда қазір уақыт өзгерді, көзқарас-талаптар да жаңа, жоғары. Қайта қарайтын, түзеп-толықтыратын

тұстар көп-ақ. Келешектегі зерттеулерден іргелі ізденіс пен жаңа көзқарас, терең талдаулардың кең орын алғанын қалар едік.

Ұстаз-ғылым **Ш. Сәтпаеваның** қос томдық «Уақыт шуағы», «Веяние времени» атты таңдамалы мақалалар мен зерттеулері (А.: Ғылым, 2000) әр жылдары баспасөз бен ғылыми басылымдарда жарияланған әдебиет тарихы мен теориясының көкейкесті мәселелерінен, әлемдік, ұлттық сөз өнерінің корифейлерінің еңбек-мұраларына көзқарастан, алаш зиялыларының өмірі мен тарих пен тағдыр туралы толғаныс, толғамдардан тұрады. Әсіресе ғалымның Абай, Ыбырай әлеміне ену, ұлт әдебиетінің әлем халықтары тілінде сөйлеуі, қазақ зиялыларының шығармашылық ғұмырбаяндары, отбасының тағдыры мен тағылымына қатысты көзқарас, қазақ әдебиетін зерттеу мен зерделеудің өзекті мәселелеріне байланысты іргелі ізденістер – Абай мен Ыбырай – «Дүниежүзі әдебиетінде», «Әлем таныған әдебиет», «Әдебиетіміздегі шетел сипаты», «Казахский фольклор в оценке зарубежной критики», «Изучение восточных связей казахской литературы», т.б. байыпты талдау, жүйелі сөз ету, нақтылы ұсыныс, талаптарымен мәнді.

Негізінен, қос томдықтың рухани байлығы – ұстаз-ғалым Ш. Сәтпаеваның білім-ғылымның, руханияттың

бірден-бір жоқтаушысы екені аңғарылады. Ал кітап мазмұны – әдебиет пен мәдениет тарихының алуан мәселелерін, әдеби байланыстар мен оның тарихи негіздерін, болашақ бағыт-бағдарларын кең көлемде қарастыруымен мәнді.

Әдебиет зерттеушісі **Р. Нұрғалидың** «Арқау» (екі томдық, 1991), «М. Әуезов және Алаш» (1997), «Драма өнері» (2001) атты туындылары зерттеу мен зерделеуден тұрады.

«Арқау» атты екі томдық шығармалар жинағына енген зерттеулер бұрын жарық көрген «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты кітаптардан құралғанымен, тақырыптық-құрылымдық жағынан бірін-бірі байытып, толықтырып тұрады.

Алғашқы томда қазақ драматургиясының арғы-бергі тарихы, қалыптасу мен даму бағыттары, жанрлық жүйесі, көркемдік-эстетикалық ізденістері, сахна өнерінің өзіндік өзгешеліктері кең көлемде сөз етіледі. Кітап авторы, әсіресе қазақ драматургиясындағы трагедия, комедия, драма сынды салаларына зор маңыз беріп, ішкі сыр-сипаттарына кеңінен тоқталады.

Келесі томға «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты кітаптар еніп, ондағы әдеби дәстүр мен байланыс, туынды мен тұлға табиғатына, ұлттық поэзияның халықтық сипаты мен көркемдік қыр-

ларына, азаматтық-адамгершілік иірімдеріне зор көңіл бөлінеді. Ұлттық әдебиеттің жанрлық формалары, фольклор шындығы мен көркем-өнердің өзіндік өзгешеліктері, поэзия жанрының жетекшілік қызметі, көркемдік-эстетикалық ізденістер де негізгі назарда болады.

Танымал тұлға, көрнекті қаламгер, ұстаз-ғалым **Ақселеу Сейдімбек** атындағы ғылым залы ғалымның ғылыми-шығармашылық еңбектерін топтастырған.

«Ақселеу Сейдімбек: азамат, ғалым, қайраткер» атты жалпы тақырыпта танымал тұлғаның өмірі мен шығармашылық мұрасы, кезеңі мен қызметі, өсу-есею жолдарының белбелестері орын алған. Оның өзі бірнеше тақырыптар төңірегінде жүйе құрайды:

- талаптың мініп тұлпарын...
- ел баспасөзіндегі елеулі жылдар;
- ұлт ғылымының қара шаңырағында;
- өнерді өрістету жолында;
- қайраткерлік пен даналық мінберінде...

Бұдан басқа, А. Сейдімбектің өмір жолындағы жетістіктері, білім-ғылым ісіндегі атақ, дәрежелері, тұтынған заттары (мысалы, қамшы, көзілдірік, қаламсап, пышақ, торсық, төбегей, шақша, серілік сәнді таяғы, т.б.), кітап көшірмелері, құжаттар жиынтығы, қолтаңбалар, суреттер, т.с.с. рет-жүйесіне сәйкес орналасқан.

Ғылым залындағы «Ұлт руханиятының жанашыры» деген ортақ тақырып зерттеушінің әр жылдары жарық көрген кітаптарынан тұрады.

Кітап сөресі әр алуан тақырыптарды қамтиды. Олардың арасында «Қазақтың төл шежіресі», «Ұлы Түрік қағанаты», «Манас» (көптомдық), Шежірелер жиынтығы (Албан, Жан-ныс, Шапырашты, Ысты, Ошақты), Халық әдебиеті (көптомдық), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 томдық), Айтыс (2 томдық), Ә. Қайдардың «Қаңлы», Е. Төлепбайдың «Ана – Жер-Ана», т.б. еңбектер тиісінше орын алған. Басты байқалатыны: кітап жинау мәдениеті, оны оқу мен жүйелеу ісі қалыптасқаны айқын аңғарылады. Арғы арналардан сыр тартқан көне жәдігерлер, қолжазба мен шежірелер, сирек кітаптар да қадірлі кісінің қолында болғаны байқалады. Қайсыбір кітаптың алғашқы беттерінде жан жүректен шыққан қысқа да нұсқалы тілек-лебіздер білдірілген.

Бұдан басқа қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің жеке кітап қоры алуан тақырыптарды арқау еткен көптеген кітаптардан, баспасөз материалдарынан, жекелеген қолжазбалардан, қазақ және орыс тілдеріндегі кітап өнімдерінен, грампластинка мен фотопленкалар жиынтығынан тұрады. Тұжырып айтар болсақ, қазақ және орыс, басқа тілдердегі кітаптар, авторефераттар, баспасөз материалдары, мақалалар мен қолжазбалардың жалпы саны – 1744 аталым.

Атап айтқан жөн, олардың арасында – мақалалар жинағы, қолжазбалар мен шежірелер жиынтығы, көшірмелер топтамасы бөлек жүйе құрайды. Мақалалар жинағында: ҚР Конституциялық сот көшірмелері, ру-тайпа, жүздер құрамы (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, арғын, адай, найман, жетіру, уақ); қазақ шежіресінің библиографиялық көшірмесі, Башкирские шежіре, Жеті қазына, Мәшһүр Жүсіп шежіресі, Сегіз сері шежіресі, т.с.с. кең орын алған. Белгілі адамдар мен оқымыстылар, танымал тұлғалар – Аристов, А.Е. Алекторов, Б. Долгих, Л. Кызласов, М. Тынышбаев, Ә. Марғұлан, М. Малдыбаев, Н. Қожамсейітов, т.б. жекелеген зерттеу еңбектері назар аудартады. Мақсатты ұстаным, шығармашылық талғам деңгейі, көркемдік ойлау жүйесі танылады.

А. Сейдімбектің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына ұсынған қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптардың саны да едәуір тізімді құрайды (қазақ тіліндегі кітаптар – 696, оның ішінде: кітаптар – 636, брошюра – 60).

Қазақ тіліндегі кітаптар саны – 44 дана.

Орыс тіліндегі кітаптар саны – 508. Оның ішінде: Кітаптар – 486. Брошюра – 22.

Авторефераттар саны – 20.

Бұлар, негізінен алфавиттік жүйе арқылы беріледі. Реттік саны

қоса көрсетіледі. Әрбір аталымның маңызды, құнды сипаттары айқын танылады. Қымбат қазынаның қадірлі қолда болғаны, қалың көпшілік үшін рухани қызмет атқарғаны да байқалады. Басты байқалар жайт: кітап жинау мен жүйелеу мәдениеті, рухани қазынаға құрмет сезімі сезіледі. Кітап оқу мен оны пайдалану, жүйелі жұмыс жасау – зерделі адамға тән екені айқын аңғарылады.

А. Сейдімбектің кітап қорында «Диссертация қорғауға керекті материалдар» топтамасы, қолжазба көшірмелері мен басқа да тақырыптағы жазбалар жүйелі жинақталған. Оны пайдалану, кәделі іске жарату мақсаты да тиімді орындалғаны көрінеді.

А. Сейдімбектің кітап қорындағы фотопленкалар жиынтығынан:

– Мұқтасар

– Мажар этнографиясы

– Мұса Шорман. Қазақ ойындары

– В. А. Мойсеев. Жоңғар соғысы

– И. А. Чеканинский. Бақсылық

– Н. Павлов. История Туркестана

– Казахи. Антроп. Очерк, т.б. кең

орын алады. Тақырыптық ерекшеліктерден өзге зерттеу мен зерделеу ісіне қатысты материалдар маңызы айрықша танылады. Бұл еңбектерді де жиі пайдаланғаны байқалады.

Журналдар топтамасы Айт, Астана, Балбұлақ, Әлем әдебиеті, Өмір, Түркология, Курьер, Культуры, Терминологиялық хабаршы, Евразийское сообщество, Половецкая луна, Деко-

ративное искусство СССР, Народное образование, Қазақстан мұрағаттары, Перспективы, Үркер, т.б. аталымдардан тұрады. Оның өзі ізденіс пен зерттеушілік мұраттарға негізделгені танылады. Журналдар тізбесінің өзінен-ақ мәдени-рухани арналар, елдік мұрат-мүддеге қатысты көзқарас пен қолтаңба табиғаты көрініс береді. Бастысы, әрине аталған аталым, басқа да қосымша материалдар ұстаз-ғалым еңбектерінен орын алғаны анық еді.

Кітаптар тізіміне көз жүгіртсек, ұлт мұраты мен руханиятына қатысты тұстар айқын аңғарылар еді:

Ю. Абдулкадир. Шыңғыс хан және оның ұлдары (2003), Қ. Атабаев. Қазақ баспасөзі (2000), С. Әсіп. Қазақ қасіреті (1994), Ф. Ғабитова. Алыптар тағдыры (1995), «Айқап», «Дала уалаяты газеті», «Қазақ», Ә. Дербісалиев. М. Х. Дулати (1999) Ш. Елеуенов. Кітаптану негіздері (1997), Ұ. Есдәулет. Заман-ай (1999), Т. Жанұзақ. Қазақ ономастикасы (2004), Ә. Жиреншин. Қазақ кітаптары тарихы (1971), Қазақ халық әдебиеті (көптомдық), Қазақ әдебиетінің тарихы (көптомдық), Қорқыт ата кітабы (1994), Құран (2-том) – 1990, 1993, Номадтар кітабы, Насаб-наме (1992), С. Шора. Шежіре сыры (1996), Ә. Қайдар. Қаңлы (2004), М. Ж. Көпеев. Қазақ шежіресі (2007), Т. Шонанов. Қазақ жер мәселесінің тарихы (2006), Антология казахской

поэзии, Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан, т.б.

Бұл тұстардан да А. Сейдімбектің кітап-қазынаға көзқарас, қатынасын, оны жинау мен жүйелеу, оқу мәдениетін де таныр едік. Арғы тарихқа еркін ену, ұлт мұраты мен руханиятына сергек қарау, көне қолжазба мен құнды жәдігерліктерге зор маңыз беру, шежірелік сипаттағы мұра-мирастарға жанашырлық пен жауапкершілік танытуы – адамдық һәм азаматтық қарыз-парызды, қайраткерлік-қаламгерлік қасиетті де кең көлемде көрсетеді. Рухани мәдениет арқылы да ұлттық құндылықтар қайнарына еркін еніп, талап деңгейінде қызмет етуге болатынын танытты.

Тұтастай алғанда, қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің кітап қорына назар аударған тұста байқалатыны:

Арғы тарихқа сергек қарайтыны;

Ұлт мұраты мен руханият ісіне айрықша көңіл бөлетіні;

Елдік мүдде мен ұрпақ ісіне байыпты қарап, оның кешегісі мен келешегін ортақ мұраттар тұрғысынан бағалайтыны;

Қазақ мәдениетіне, әдеби-рухани арналарға, оның байырғы һәм қазіргі өкілдеріне, танымал тұлғалардың тағдыр-талайына дерек көздері мен мол материалдар арқылы үлкен үлес қосатыны;

Көне қолжазба мен қымбат жәдігерлерді, сырлы шежірелерді жүйелі жинап, оның халқымызға қатысты

тұстарын, елдік мүддеге қызмет ететін қырларын жүйелі жеткізеді.

Маңыздысы, әрине ұлт пен ұрпақ қамына қатысты қайсыбір қолжазба мен жәдігерлер, құнды кітаптар адам мен оның еңбегіне бағытталып, мәдени-рухани қызмет етуге үлкен үлес қосса, бұдан адамзаттық құндылықтар еселеп артады. Рухани мәдениет басым бағыттарға ие болады. Мұның өзі халық даналығында айтылғанындай: «Ырыс ауысады, білім жұғысады». Ендеше, кітап – қымбат қазына, онда ақылдың кені, білімнің бұлағы, сыр-сезімнің сәулесі мол. Ақиқатында, «Көп жасаған білмейді, көп оқыған біледі» (М. Әуезов). Демек, қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің жеке кітап қоры мен оның қалың көпке ұсынар рухани байлығы да осында.

Ғылым залының тұтас табиғатынан қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің өмір мұраты, өнер мен өнерпаздың ғибратты-тағылымды тұстары терең танылады. Оның басты тұстары мен көптеген қырлары – «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақтың әйгілі күйшілері», «Ойтолғақ», «Мың бір маржан», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», т.б. мән-маңызы жоғары еңбектердің негізгі арқауын құрайды. Аталған кітаптарды оқып-танысқан тұста елдік мүдде, мәдени-рухани арналар, өнер мұраты мен өнерпаздық

қасиеттің қыр-сырлары көрініс береді. Елдік мәселелер алдымен көзге түседі. Ерлік ұғымының тарихы мен тағылымы еселеп артады.

Ерлік ұғымының мән-маңызы, қадір-қасиеті қашанда биік болған-ды. Ерлік қиын-қыстау, қилы кезеңдерде ғана жасалмағаны анық. Бейбіт заманда, еңбек ортасында, өмір-тұрмыста да игілікті істер, ізгілікті қадамдар, жасампаздық жол мен өрлеу өрнектері кеңінен көрініс береді. Бұдан байқалатыны – «Өмірде ерлікке әрқашан орын бар» (М. Горький).

Халық даналығында «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран», «Ерлік ұмытылмайды» делінсе, танымал тұлғалардың сөздерінен: «Ерлік – аяулы қасиет, соның арқасында адамдар қауіп-қатердің үстінде тамаша істер істейді» (Аристотель), «Ерлік қауіп-қатермен жарыса өршиді: неғұрлым қиын тиген сайын, соғұрлым күш те арта түседі» (Ф. Шиллер), «Бізде азамат сыны – ерлік: іздесең – табасың, алыссаң – аласың» (М. Әуезов), «Ердің туы – намыс», «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті», «Ерлік – елеусіз қалмасын», «Өз қадірін білмеген – ер қадірін білмейді, Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді» (Б. Момышұлы), т.б. елдік мүдде, ұлттық мұрат пен құндылықтар кең көлемде танылады.

Осы орайда, ұстаз-ғалым А. Сейдімбектің қазақ руханиятындағы екі ерлігі – «Қазақтың күй өнері», «Қа-

зақтың ауызша тарихы» атты зерттеулерінің мәні ерекше.

Қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің ұлттық күй өнері туралы кешенді зерттеуі (*Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 832 бет.*) – халық мәдениеті мен руханиятының, тарихы мен этнографиясының дерек көздерін, эмпирикалық материалдар жиынтығын, сондай-ақ халық композиторлары мен шығармашылық мұрасын жаңа қырынан, соны сипаттар тұрғысынан танып-талдауы, зейінді зерделеуі аса мәнді құбылыстар қатарына жатады. Алдымен айтарымыз: арғы арналарға ден қояды. Қилы кезең көріністеріне мән береді. Мәдени-рухани арналарға, өзара байланыс, сабақтастықтарға зейінді зердемен үңіледі. Арғы-бергі кезеңдердегі музыкалық мәдениет пен руханият қайнарларына, ұлттық құндылықтарға зор маңыз беріледі:

Зерттеу жеті тарау мен қосымшалардан тұратын («Тарихнама», «Этнографиялық пайымдаулар», «Күй аңыздары», «Халық күйлерінің аңыздары», «Байырғы күйшілер», «Жаңа заман күйшілері») көлемді кітаптың оң бойынан қазақ мәдениеті мен музыкалық мұрасының арғы-бергі кезеңдері, тарих пен танымның табиғи тоғысы, күй мен күйшінің жаратылысы мен жарасымы, ортақ мұраттар мен өзекті мәселелері өзара байланыс, сабақтастық арнада кең өріс алады. Арғы тарихтан тағылым алу, ұлттық

мұрат пен руханият әлемінен сыр арту, елдік мүддеге адалдық танылып, ортақ құндылықтарға қамқорлық көрсету, қысқасы, кеше мен бүгін айланысын ашу арқылы болашақтың бағыт-бағдарын айқындау, жас ұрпаққа мәйекті мәдениет пен өнер үдіретін кең көлемде жеткізу жолдары байыпты баяндалады. Өнер мен өнерпаз мұраты, күй мен күйші табиғаты даралық ерекшеліктерімен, талант қуатымен қатар көрсетіліп, үздік үлгілері, өрнекті өрістері тағылымдық сипаттарымен айқындалады.

Кітап авторы бастапқы бөлікте («Сауға») көне тарихтың қилы кезеңдеріне еркін бойлап, атамұраға, көшпелілер өркениетіне, ұлттың қымбат қазынасы – төлтума мәдениетіне байланысты зерттеу мен зерделеулерін, ойлар мен толғаныстарын ортаға салады. Осы реттен келгенде: «..халықтың ғасырлар бойы қатталған ұлы мұрасын бүгін мен болашақтың игілігіне айналдыру ең киелі мұраттардың бірі болуға тиіс. Бұл тарихи дамудың қатал талқысында өз болмысыңды сақтап қалудың, келер күндерді ұлттық-этникалық төл кәдір-қасиетіңмен қарсы алудың бірден-бір кепілі».

Уақыт мейлінше күрделі. Соңғы тынысқа дейін рухани мәңгірттікке қарсы күресуден басқа жол жоқ. Технократтық даму ұлттық атаулының бәрін кеміріп, жалмап, обып, құртып барады. Ішіннен шыққан

балаңа «Біз осындай болып едік» деп нандыра алмайсың. Ал өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жаңа жүрегін жылытуы үшін қол жалған жіберу қажет-ақ» (3-4 бб.) деген жауапкершілік пен жанашырлық көңілден адами әлем иірімдері, борышпарыз мұраты, шынайылық сырлары айқын аңғарылады.

Зерттеу еңбектің алғашқы тарауында («Тарихнама») ұлттық музыка мәдениетінің терең тамырлы тарихы, ондағы философиялық синтезге толы мазмұны мен эстетикалық-эмоциялық асқақ рухы, жанрлық-түрлік аралуандылығы, қолданбалы-кәделік қызметі, этностық-рухани болмысы, әдеби-мәдени сыр-сипаттары түрлі дерек көздері, мол материалдар негізінде жүйелі жеткізіледі. Қоғамдық-тарихи маңызы, мәдени-рухани қырлары ашылады.

Сондай-ақ, мәдениет тарихындағы ән-күй жанрлары, әдеби-рухани дәстүр арналары, күй-аңыздардың өзіндік өзгешеліктері арғы тарихпен байланыстырылады. Қорқыт, Асан қайғы мұралары, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк бөрі», «Аққу», «Ақсақ құлан», «Ел айырылған», «Қоржын қақпай», «Қалмақтың қара жорғасы», «Заманай» сынды көне кезең оқиғалары-

ның күмбірлі-күңгірлі көріністері, әуенді-әуездік оралымдылығы, арман-аңсарды, өмір-тұрмысты, дәстүр-салтты, сезім-сырды жеткізу жолдары әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттармен, адам мұраты мен еңбегімен сабақтастық сипатта арна алады. Ұлттық мұрат, мәдениет арналары, жалпы руханият ісі елдік мүдделер тұрғысынан таразыланады.

Ұлттың музыкалық мұрасы жанрлық-стильдік тұрғыдан ғана емес, тарихи-танымдық жағынан да қарастырылады. Мәдени-рухани құндылықтарға маңыз беріледі. Қазақ музыкасының тарихи болмысы мен кәдір-қасиетіне көп көңіл бөлінеді, оны оқып-үйрену мен зерттеп-зерделеуге назар аударылады. Ұлттық дәстүрлі музыканың тарихпен, мәдениеттану, фольклормен байланысы, т.б. жан-жақты ашылады. Талдау, саралау сипаттары айқын.

Бұдан басқа, ұлттық күй өнерінің тарихы мен тағылымы – жалпыадамзаттық хәм интерұлттық ұғымдармен байланысы ашылады. Мәдени-рухани сабақтастық сырлары айқындалады. Адамдық хәм тәңірлік болмыс арақатынасы сараланады. Уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік таразыланады. Музыка тарихына қатысты әдістемелік хәм әдіснамалық ұстанымдар алға тартылады. Осы бағытқа қатысты тарих, деректеме, деректану, тарихнама сынды ұғым-түсініктер сыры айқында-

лып, оның әрекет-тірліктеріне орын-үлесіне мән беріледі. Нәтижесінде, қазақ музыкалық мәдениеті, оның тарихи-әлеуметтік өмірмен байланысы, музыкалық-эстетикалық, ғылыми-танымдық жүйесі, мәдени-рухани үрдістер мәні көрсетіледі. Байырғы және ортағасырлық деректемелерге, ұлттық музыканың кеңес кезеңіндегі зерттелуіне мән беріледі. Жер бетіндегі далалық өңірлер, жартастағы суреттер, байырғы қобыз, сыбызғының көріністері, бақсының аса таяғы, т.б. белгі-бедерлері орын алады. Мұның бәрінен ұлттық музыка мәдениетінің байырғы белгілері, қалыптасуы мен даму жолдары айқын аңғарылады. Айшықты, бедерлі тұсы ретінде айтарымыз, ұлттық музыка мәдениеті, оның тарихы мен таралу аймағы, зерттеу мен зерделеу қырлары жаңа мазмұн, соны саралаулар, талдау жүйелері негізінде жеткізіледі. Авторлық ұстаным, материалды жинау мен жүйелеу, дерек көздерін саралау мен қолдану үрдістері өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Кітап авторы бұл тұстарда бай дерек көздері мен мол материалдарды еркін пайдаланумен бірге ондағы қымбат қазына – ұлттық құндылықтар қайнарына жанашырлықпен хәм жауапкершілікпен қарағаны анық.

«Этнографиялық пайымдаулар» (екінші тарау) күй және күйші тақырыбында өріс алып, оның мән-мағынасы айқындалады. Күйге қатысты

тәңірлік наным-сенімдер, ондағы қоғам, өмір құбылыстары, адамның арман-аңсарлары, сезім-сырлары әр алуан салыстыру, саралаулар арқылы көрініс табады.

Күй табиғаты, әуендік-дыбыстық қырлары, тарту тәсілі, қимыл-қозғалыстары иірім-қайырымдары, сарын-сазы, т.с.с. әр дәуірдің ерекшеліктерімен байланысты беріледі. Дәстүрлі күй, оны оқып-үйрену тәсілдеріне де кең орын беріледі. Домбыра тартқан тұстары қолданылатын қағыстар – қағып тарту, шертіп тарту, іліп тарту сынды түрлері, әр адамның қабілеті-қарымы ынта-ықыласы да негізгі назарда болады. Автор күй мен күйші тақырыбына еркін еніп, қайсыбір тұстарда қағыстар мәніне, тарту үлгілеріне де мән береді. Әрбір көрініс, қимылға жіті ден қойып, орындалу, тарту ерекшеліктеріне маңыз береді.

«**Айтыс күйлері**» бөлігінде күймен айтысу һәм сайысу дәстүрі, оған қатысты аңыз-әңгімелер жинақталып берілсе, «Тармақты күйлер» табиғатынан ұлттық күйшілік өнердің маңызы дәйектеледі. Қазақтың тармақты күйлері төмендегіше түзіліс құрайды: Бақсы сарыны, Тоғыз тарау, Кеңес күйі, Аққу, Ақжелең, Қырбасар, Ақсақ құлан, Ноғайлы сарыны, Байжұма, Кертолғау (97-бет).

«Күй аспаптары» дәстүрлі мәдениет төңірегінде өріс алып, оның өзі – қобыз, домбыра, сыбызғы, же-

тіген, шаңқобыз, сазсырнай сияқты аспаптар негізінде жүзеге асатыны әр алуан талдау, зерделеулер арқылы беріледі. Бір ғана қобыз, оның мүшелері: құлағы, мойны, белі, бүйірі, шанағы, ішегі, тиегі төңірегіндегі атаулар, жекелеген түрлері – нарқобыз, қылқобыз, жезқобыз, т.б. дыбыстық ерекшелігі мен этнографиялық мәніне көңіл аударады. Ұлттық аспаптар тарихы мен тағылымына ден қояды. Әрбір атау, ұғымдар сырын айқындайды. Мәдени-рухани әсерін кең ашады.

«**Күй аңыздары**» (үшінші тарау) – ұлттық музыкалық фольклордың өзіндік ерекшеліктерін, атап айтқанда, жанрлық сипатын құрылымдық жүйесін, орындалу өзгешеліктерін ашуға арналады.

Халықтың мәдени-рухани мұрасы, оның ішінде күй аңыздары тарихи-әлеуметтік, этномәдени құбылыс тұрғысынан қарастырылып, күй мен күй аңыздарының өзара қатынасын, мән-мағынасын, өзіндік құрылымын кеңінен қамтиды. Оның терминдік мәніне, кезеңдеу қырларына ден қояды. Кейінгі кезекте – күй аңыздарының құрылымы, жанрлық сипаты, мифтік-эпсаналық қырлары аңыздық-жағдаяттық түрлері ерекше мәнге ие болады.

Күй аңыздары құрылымдық-тақырыптық тұрғыдан бірнеше тармаққа бөлінеді:

– Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары;

– Күйші-композиторлар өміріне қатысты күй аңыздары;

– Тұрмыс-салтқа байланысты тұған күй аңыздары;

– Арнау күйлерінің аңыз-әңгімелері;

– Қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары;

– Жан-жануарлар туралы күй аңыздары (141-бет).

«**Халық күйлерінің аңыздары**» (төртінші тарау) бірнеше бөліктен, көптеген аңыздық желілерден тұрады. Олардың арасында «Бақсы сарыны», «Бақсы», «Шақыру», «Таукүдірет», «Шұбар киік», «Қызылқан», «Наридірген», «Ноғайлының зары», «Ақсақ қаз», «Жамал-ай», «Тепең көк», «Кербез қыз», «Сал жігіт», «Қос келіншек», «Телқоңыр», т.б. туралы аңыз-әңгімелер, кезең көріністері, өмір оқиғалары өзіндік өзгешеліктерімен ерекшеленеді.

«**Байырғы күйшілер**» (бесінші тарау) көне кезеңнің шындық сырларын бүспесіз баяндайды. Бұл ретте, әрине, Қорқыттың – «Қорқыт», «Аққу», «Желмая», «Елім-ай, халқым-ай», «Сарын», «Тарғыл тана», «Ұшардың ұлуы», Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асан қайғының «Ел айырылған», Байжігіттің «Қайың сауған», «Қоңырқаз», «Көкбалақ», т.б. күй мұрасынан ұлт тарихы мен елдік мүдденің түйінді тұстары, қилы

кезең көріністері толық танылады. Қоғамдық ахуал, адамның ауыр халі, зорлық-зобалаң зардаптары да уақыт тынысына сай беріледі.

Зерттеу жұмысының – «**Жаңа заман күйшілері**» (алтыншы тарау) атты бөлігінде өнер мұраты, мәдени-рухани арналар, ұлттық құндылықтар туралы сөз етіледі. Сонымен бірге күй мен күйші тақырыбы кеңінен қозғалып, оның мұрагерлері, негізгі насихатшылар мен жеткізушілердің есім, еңбектері аталады. Олардың қатарында: Қараұлы Боғда – «Бозтөбе», «Қара жаяу»; Шығайұлы Дәулеткерей – «Бұлбұл», «Құдаша», «Көрұғлы»; Қазанғапұлы Тәттімбет – «Нар шөккен», «Бес төре»; Сағырбайұлы Құрманғазы – «Сарыарқа»; Дүкенұлы Ықылас – «Аққу», «Бозторғай», «Жезкиік», «Қаншайым», «Шыңырау»; Тілепбергенұлы Қазанғап – «Балжан қыз», «Көкіл»; Нұрпейісова Дина – «Бұлбұл»; Әлиұлы Сүгір – «Майда қоңыр»; Хасенұлы Әбікен – «Қоңыр»; Момбеков Төлеген – «Салтанат», Хамзин Мағауия – «Жайлау», т.б. басты туындылары, табиғаты мен тақырыбы, тағылымды тұстары негізгі назарға алынады. Ең негізгісі, әрине, күй мен күйші табиғатын ашып, ондағы ортақ тұстарға, талант қуатының қайнарларына, көркемдік арналарға зор мән беріледі.

«**Қосымша**» бөлікте (жетінші тарау) – ұлт тарихының қилы кезең-

дері, оның елдік мүддеге кері әсері, әдеби-мәдени мұраға қатысты көлеңкелі тұстары негізгі назарға алынады. Соған қарамастан, ұлттық құндылықтардың қайнар көзі, мәдени мұраның айшықты көріністері – күй өнері, оның басты өкілдері зерттеу нысаны етіледі. Олардың арасында Сары Салтық – «Сары бақсы», Қодан, Саймақ, Ұзақ, Алтын, Алтынай, Ақбикеш, Бақтыгерей, Балбике, Соқыр Есжан, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Мұрат Өскенбаев, Әбдімомын Желдібаев, Уәли Бекенов, Мұхаметжан Тілеуханов, Ермұрат Үсенов, Секен Тұрысбеков, Нұрсат Бейсеқожаев, т.б. өмірі мен шығармашылығы, басты тақырыппен туындыларының мән-мағынасы, өзіндік өзгешеліктері көрсетіледі. Қайсыбір күйлердің шығу тарихы мен таралу аясы, келелі мәселелері мен басты белгілері, әуен-ырғақтары, канондық үлгілері, саз-сарындары кең көлемде ашылады. Жалпы, ұлттық күй өнері, тарихы мен тағылымы арғы-бергі кезең көріністерімен, дереккөзі мен материалдармен байытылып, оның елдік сипаты, мәдени-рухани әсері жан-жақты айқындалады.

Жинақтап айтқанда, қаламгер-ғалым А. Сейдімбек өнер тақырыбын еркін меңгерумен бірге, оның ішкі иірім-сырларына қанық, табиғаты мен тарихын жіті зерделейді. Әсіресе, өнер мен өнерпаз мұратын, күй мен күйші табиғатын саралаған тұста

кәсіби маманға бергісіз ой өрбітін, оның өзекті мәселелерін тамыршыдай тап басады. Бұл тұста арғы тарихи кезеңдерге табан тірейді, дереккөздеріне тіл бітіреді. Мол материалдарды зерделеп, оның тарихи негізіне, халықтық сипатына, мәдени-рухани нәріне мән береді. Демек, кітап құндылығы – өнер мұратын асқақтатып, күй мен күйші тағылымына еркін енуімен, оны қазіргі заманғы ойлау жүйесіне сәйкес саралап, ортақ мақсатқа қызмет етуімен де мәнді болып табылады.

Кітап тағылымы – өнер мұраты мен қасиет-құдіретін кеңінен көрсетіп, арғы-бергі тарихына барлау да, талдау да жасау арқылы ұлттық құндылықтар қайнарына, адам әлеміне, жан дүниесіне әсер-ықпалына зор маңыз береді. Әсіресе, автордың жеке көзқарас-тұжырымдары, салыстыру-саралау тұстарындағы теориялық қисындары, тарихи негіз бен халықтық дәстүрлерге мән беруі, қолжазба һәм шежіре шерткен сырларға табан тіреуі, т.с.с. әдеби-ғылыми қорытындылар жасауы кеше-бүгін байланысын, өнер туындысындағы сабақтастықты айқын аңғартады. Осы реттен келгенде, сөз жоқ, «Көркем өнердің міндеті – табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» (М. Әуезов). Ақын ақиқатына жүгінсек:

*Күй тілі – көп заманның алуан ісі,
Күйлердің әлемге аян бар мәнісі.
Өмірді күймен бірге қоса алмайтын,
Кер құлақ, көрсоқырдың алданысы.*

(*І. Жансүгіров*).

Бұдан шығатын түйін: өнер мұраты, ондағы туынды табиғаты мен тағылымынан – «талант-тұмыстан» екені, оны баптап-бағалап, аялау арқылы қадір-қасиетін арттырып, құрметтеудің мән-маңызы еселеп арта түседі. Осы орайда, басты атап өтер мәселелер төмендегідей:

«**Қазақтың күй өнері**» арғы арналардан бүгінгі таңға ұласқан, кешеден бүгінге жеткен киелі өнер құдіреті – күй мен күйші табиғатын, тарихы мен тағылымын тереңнен толғап, кеңінен көрсеткен ерен еңбек, мәнді туынды.

«**Қазақтың күй өнері**» іргелі ізденіс, ұзақ жылдар жемісі ғана емес, халық тарихымен, қымбат қазынасымен тығыз байланысты, мәдени-рухани өмірінің шынайы сипаты, кешегі күннің күмбірлі көрінісі, қазіргі кезеңнің шыншыл шежіресі.

«**Қазақтың күй өнері**» елдік мұрат-мүддеге негізделген, тарих пен таным тоғысын табиғи ашқан, халық мұрасының мәнді де сырлы тұстарын руханият ісімен, мәйекті мәдениет үлгілерімен байланыс-бірлікте баяндаған елеулі де ерен еңбектер қатарына жатады.

Ұлт руханиятының құрамдас бөлігі – өнер, оның ішінде – күй мен күйші табиғаты:

– тұмын көп өрбіткен, өмір ағыны арқылы көп өрбеген, мәңгілік сипаты мол сырлы өнер.

Ұстаз-ғалым-ғарышкер А. Сейдімбек ұлттық өнердің өмірмен, өрісті арнасы – күй мен күйшіне дәстүрді арғы арналардан тарихи кезеңмен сабақтастықта қарап, оның ортақ тұстарын, табиғаты мен тағылымын кең көлемде ашып отыр.

Авторлық ұстаным мен терең арналарынан, руханият дәстүрлері мен өнер табиғаты мен мұратына қанық көзқарас һәм зерттеулер жүйесінен, дереккөздері мен материалдар тоғын масынан:

– елдік мұрат-мүддеге негізделген туындылар (қолжазба, шежірелер, т.с.с.);

– халық әдебиеті мұралары;

– тарих пен таным туралы жазбалар, т.б. ұлттық мәдениет үлгілері, ел әңгімелері, естелік, хат жазбалары көптеп кездеседі.

«**Қазақтың ауызша тарихы**» (*Астана: Фолиант, 2008. – 728 бет*) деп аталатын көлемді кітапта ұлт мұраты мен руханиятының маңызды һәм түйінді тұстары әдеби-ғылыми әрі шежірелік деректерді пайымдау тұрғысынан зерделенеді. Алдымен шежірешілдік дәстүрдің кеше-бүгін байланысына мән беріледі. Көнеқоз қарттар айтатын қария сөздері, яғни қазақтың ауызша тарихы туралы таным-түсініктерге орын беріледі. Шежірешіл қарттарды кеңестік жүйе

тұсында таным-пайымы идеология құрсауында қалған «жас ұрпак» алмастырғаны да өкінішпен еске алынады. Бұдан кейінгі тұста: «көнекөз қарттардың қария сөздерін құлаққа сіңіріп, өскендіктен болар, әлде тарихи-филологиялық білімге ден қойғандықтан ба екен, әйтеуір құлақ шалған шежірелік деректі қалыс қалдырған кезім болған емес» деп (4-бет) шежіре сипатын кең ашады. Осы бағыттың бастапқы ізденіс, көрінісі ретінде 1997, 2002 жылдары «Қазақтың төл шежіресі» атты плакат шығарылды. «Шежіре-плакаттан» басталған ұлтқа, тарихқа құштарлық ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалғасады. Адамзат тарихындағы көшпелі өмір-салт үлгілері, материалдық және рухани мәдениет мәселелері де негізгі назарға алынады. Нәтижесінде, автор тарих пен этнографияға ден қою негізінде шежірелік деректерді талдау мен саралауларға айрықша мән береді. Өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Бұл бағытта бірнеше басылым тұстарға көз жеткізеді:

– қазақ халқының тарихына, әсіресе дәстүрлі қоғамы мен этноқұрылымына қатысты шежірелік деректерге мән беріледі;

– қазақ шежірешілдігінен ататекті тану, ру-тайпалық құрылымдарды жаңаша жүйелеуге назар аударылады;

– көшпелі өмір-салт пен ру-тайпалық жүйе өзара үндес құбылыс екені, ен-таңбалары да жинақталып,

тарихи-типологиялық тұрғыдан қарастырылғаны айқын аңғарылады (9-10-бб.).

Кітап авторы шежірелік айғақ-деректерге, эмпирикалық материалдарға мол орын береді. Ол, әсіресе «Шежіре және тарих» тарауында кең өріс алып, көне кезеңдердегі антропонимика мен этнологияға, ежелгі ру-тайпаларға, уақыт пен кеңістік қарым-қатынасына зор маңыз беріледі. Елдік мұраттар тарих, генеология, этнология негізінде көрініс тауып, шежірелік аңыз-әпсаналар, аңыз-әңгімелер арқылы кең арна алады. Бұл бағытта Ш. Уәлиханов, М.Ж. Көпеев, Қ. Халид, А. Харузин, Н. Аристов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышбаев, т.б. еңбектері еске алынады. Мән-мағынасы айқындалады. Этнос тарихы ұлттық шежірешілдік зерде тұрғысынан көрініс береді. Басылым бағыт ретінде халық мұрасына, шежіре сипатына, ондағы ұлттық, ататек жайына көп көңіл бөлінеді. Шежіре білу ататекті танудың қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Ататек хәм ру-тайпа шежіресіне де мән беріле отырып, оның ішінде қазақтың шежірешілдік зерде-зейіні айрықша аталады. Ол туралы зерттеуші: «Қазақтың шежірешілдік дәстүрі сөз болғанда, қазақ шежірелері негізінен ататек шежіресі және ру-тайпа шежіресі болып екіге бөлінетінін атап өту қажет. Шежіре түзудің бұл екі түрінде бір-бірінен

мазмұндық-ақпараттық айырмашылықтар бар.

...қазақ шежіресі өзінің барша құрылымдық және мазмұндық болмысы бойынша Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде ұйысқан ру-тайпалардың ұлы бірлік идеясын дәріптеуге бағытталған жаңа түзілім болып табылады», – деп жазады (19-21-бб.).

Бұдан кейінгі тұста шежіре сөзінің түп-төркініне үңіледі. Көптеген қисын көзқарастар, салыстырулар жасалады. Жекелеген сөз, сөйлемдердің жігі ажыратылады. Алуан түрлі сөздіктер пайдаланылады. «Қазақтың ауызша тарихы» (ҚАТ) ұғымының мәні ашылады. Қолданылу аясы көрсетіледі. Шежірешілдік дерек пен дәстүр тағылымы сараланады.

Орайлы кезде – көшпелі, көшпелілер сөзінің мән-мағынасы айқындалады. Әр түрлі қисын, сөздіктер де тілге тиек етіледі. БАҚ жүйесі материалдары, жекелеген көзқарастар да негізгі назарда болады.

Кітапта ұлттық шежірелік мұрасына мән беріледі. Ру-тайпалық жүйесі айқындалып, этностың қалыптасу жайы мен этногенез мәселесі, көшпелі өмір-салт пен таным-білік, шежірелік түзілімдер, т.б. кең орын алады. «Алаш» атауы мен «Алты алаш» фразеологизмі төңірегіндегі қисын-көзқарастар, қолданылуы, т.б. зор маңыз беріледі. Автор ел тарихы мен мүддесін негізгі назарда ұстап,

ататек мәнін айқындай түседі. Оның басты негізі – шежірелік мұрада жатқанын, оны оқып-білу, жадыда сақтау, ұрпақтар жалғастығы арқылы дамыту сынды келелі тұстары да үнемі бастапқы кезекте тұрады. Ол үшін көне тарих қойнауларына енеді. Мұрағаттық материалдар, шежірелік нұсқалар, жекелеген адамдардың жазба-сызбалары, т.с.с. зерттеу мен зерделеулерден өтеді. Мұның бәрінен кітап авторының ұлт тарихына, арғы-бергі кезеңдер шежіресіне, жекелеген тұлғалардың тағдыр-талайына қолжазба мен көзқарастар жүйесіне жігі ден қойып, батыл да байыпты барлап, зейінді зердемен саралап, маңызды мәселелерді кеңінен қозғайды.

Басты аңғарылар жайт, әрине қаламгер-ғалым А. Сейдімбек ұлт мұраты мен руханият ісіне терең таным, жоғары білік әрі жанашырлық пен жауапкершілік жүгін айқын сезіне отырып арғы-бергі кезеңдерге батыл қадамдар жасайды. Елдік мұрат-мүддені ауызша тарихтан, қолжазба хәм шежіре сырларынан суыртпақтап, одан кейінгі тұстарда білім-ғылым ісімен сабақтастық тұрғыдан сәйкестендіреді, оны әр кезең көзқарас, қисындарымен өзара байланыс-бірлікте жүйелеп-жеткізуі мейлінше нанымды сипат құрайды. Қайсыбір тақырып тарихи негізбен, қоғамдық-әлеуметтік сипаттармен сараланып, әдеби-ғылыми тұр-

ғыдан байыпты баяндалады. Көбінде салыстыру-салғастыруға, түйін-тұжырымдарға мән беріледі. Өзіндік ой-толғам, көзқарастар алға шығарылады.

Зерттеудің басынан соңына дейін елдік мұрат-мүдде, тарих пен таным арналары, түркі ру-тайпалары мен ұлттық шежіре сипаттары, аңыз бен ақиқат арақатынасы, мақал-мәтелдер жүйесі мен ен-танбалар сырлары, т.с.с. өзіндік белгі-бедерлерімен, қолда бар дереккөздерімен, материалдармен байытылып беріледі. Ұлт тарихының этнология, антропонирика һәм шежіре төңірегіндегі таным-түсініктері, арғы-бергі кезең оқымыстыларының мұра-мирастары, жекелеген атау ұғымдар түпнұсқаға, көңілге қонымды қалыпта беріледі.

Бұдан басқа «Қазақтың туысқандық жүйесі», «Қазақтың қария сөздері», «Шежірелік айғақтар» атты тараулар ұлттық мұрат биігінде сөз етілумен бірге, төл тарихымыздың тағдыр-талайынан, рулық-тайпалық құрылым мен туысқандық атау-жүйелер сипатынан, Алаш мұраты мен ақиқатынан әр дәуірлердегі шежірелік дерек-дәйектер, алуан ізденіс, түрлі салыстыру, қилы көзқарастар жүйелі жеткізіледі. Бұдан байқалатыны:

– ұлт тарихының әуелгі бастаулары елдік мүдделермен берік үндестік табатындығы танылады;

– ел тарихында туысқандық жүйе айтулы мәнге ие болатындығы кеңінен көрінеді;

– қария сөздері мен шежірелік дерек көздерінің арғы-бергі кезеңнің шындық сырларын айқындауда айрықша маңыздылығы терең таным тұрғысынан сараланады.

Бұдан зерттеушінің ел тарихының арғы-бергі кезеңімен, оған қатысты дерек, материалдармен жан-жақты таныс екендігі байқалады. Оны жинал-жүйелеуде, танып-таразылау ісінде білім-білігін, талғам-толғаныстарын еркін де кемел, жүйелі жеткізеді.

Зерттеу мазмұн байлығымен, мәдени-рухани арналар, көркемдік-эстетикалық таным иірімдерінің дәлел-деректілігімен, талдау тереңдігімен мәнді болып табылады.

Демек, кітаптың басты құндылығы мен рухани байлығы – ұлт тарихы мен тағылымын кең көлемде көрсетіп, оның арғы арналар мен қазіргі кезең аралығындағы өзара байланысты әр алуан мысал-деректермен нанымды ашады. Көне ру-тайпалық құрылымнан, шежірелік мәдениет үлгілерден, ауызша тарих тағылымынан ұлттық мұрат-мүдде, мәдени-рухани мұралар, көне жәдігерлер сырлары жан-жақты көрініс береді. Бұл ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдерін, қалыптасу һәм даму жолдарын, осы бағыттағы қолжазба мұра мен шежірелік арналарды танып-таразылау тұстарында айрықша маңызы барын көрсетеді. Ел әңгімелерінің, яки қолжазба һәм шежірелік материалдардың ұлт тари-

хын дамыту мен толықтыру ісінде, қазіргі кезең шындықтарын кеңінен көрсетіп, байыпты барлау мен терең талдаулармен жан-жақты саралап, таллап деңгейінде танытып, асқақтатуда айтарлықтай мән-маңызы барын атап өткен жөн.

Асылы, А. Сейдімбек шығармашылығы (мысалы, «Ақиық», «Қыр хикаялары», «Кеніш», «Серпер», «Ақкыз», «Сонар», т.с.с.) ел көріністерін, адам өмірі мен еңбегін, кәсіп-дағдыларын, дәстүр өнегелерін кең көлемде көрсетсе, келесі бір арналы саласы – халық тарихын, әдеби-мәдени жәдігерлерін, ондағы ұлттық-танымдық қырларын жан-жақты ашады (мысалы, «Күңгір-күңгір күмбездер», «Мың бір маржан», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», т.б.).

А. Сейдімбектің шығармашылық мұрасында, зерттеу жүйесінде – халық тарихын, тағдырлар тоғысын, мәдени-рухани арналарды, өнер мұраты мен тағылымды тұстарын, күй мен күйшілер әлемін, шежірелер шерткен сырларды, т.с.с. ағысты арна алып, қос өрім құрайды. Олардың бәрінде:

– халық тарихы мен тағдырына құштарлық пен сүйіспеншілік сезіледі;

– елдік мұрат-мүдде, руханият ісі, тарих пен таным арналары жан-жақты қарастырылып, жүйелі жеткізіледі;

– ел көріністері, ортақ қазына – ауызша тарих үлгілері, әр алуан мұра-

жәдігерлер, шежірелік дереккөздері, қолжазба нұсқалар мен мұрағат материалдары үлкен және кіші жанрлар бойынша, зерттеулер жүйесі негізінде кең өріс алады;

– ең негізгісі, әрине ел тарихы мен тағдыры, өнер мұраты мен тағылымы өзіндік өзгешеліктерімен, мысал-деректерімен, зерттеу деңгейімен мәнді болып табылады.

Осы тұста айрықша атап, маңызды қырларын бөлекше көрсететін «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді туындылар, оның авторы Ақселеу Сейдімбектің ұлт руханиятындағы екі ерлігін айқындай түседі.

Екі еңбектің айрықша маңызы, құндылық қырлары мыналар:

– қазақ тарихындағы қымбат қазыналар қатарына жататын – дәстүрлі мәдениет үлгілерін арғы-бергі кезеңнің шынайы шындықтарымен байланыс-бірлікте жүйелі жеткізуімен мәнді болып табылады;

– елдік мұрат-мүддені арқау еткен, рухани мәдениеттің қайнар көзі – ауызша тарих үлгілері, қолжазба шежірелер, өнер мен өнерпаздың сыр-сипаттары алуан дереккөздері мол материалдар арқылы терең мәнді талдауларға, салыстыру-салғастыруларға негізделуімен де сапалы деңгейге көтерілгені танылады;

– ел тарихы мен мәдениетіне, ежелгі жәдігерлер мен құнды мұра-мирастарға сергек қарап, оны ұлт-

тық қымбат қазыналары қатарына жатқызуы, қаламгерлік һәм көркемдік құпиясы негізінде қалың көпке ортақ игілікке айналдыруы, бедерлілік сипаттар арқылы нанымды баяндауы айрықша маңызға ие болады.

Тұтастай алғанда, қаламгер-ғалым А. Сейдімбектің ұлт руханиятына арналы ағыс болып қосылған, ел тарихындағы рухани екі ерлігі болып табылатын – «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді кітаптары іргелі ізденістерімен, әдеби-тарихи, мәдени-рухани, көркемдік-эстетикалық құндылықтарымен ерекшеленеді.

Ғалым А. Сейдімбектің өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұрасы іргелі ізденістерден, ежелгі жәдігерлер мен әдеби-мәдени мұралардан, өнер мұраты мен өнерпаздың асқақ тұлғасынан, сыр мен сымбаттың тұтастығынан тұрады. Ой мен сөз, кісілік пен кішілік, іс-әрекет бірлігі де маңызды тұстарымен мәнді болып табылады.

Алғашқы шығармашылық қадамы «Қоңыр қаз» (1978), «Жүрегімде – жұмыр жер» (1980), атты өлеңдер мен дастандар жинағы арқылы қалың жұртшылыққа танылған, ақындық өнерді өмірімен өзектес арналы ағыс санаған, кейінгі кезеңдерде қалам қуаты мен талант табиғатын ғылыммен біртұтас байланыстырған **Тұрсын Жұртбай** бұл бағытта да іргелі ізденістерімен, ерен еңбегімен

бүгінгі уақытқа үн қосып, заманашындықтарымен жарасымды жалғасып келеді.

Шығармашылық мұраттың бастауында тұрған, ізденіс арналарының қайнар көзіне айналған ақындық өнері «Қоңыр қаз», «Жүрегімде жұмыр жер» арқылы арналы ағыс құрайды. Айнала әлем, қоршаған орта, адам мұраты мен еңбегі, жастық һәм достық тақырыптары көңіл толқындарын шертіп, жан жүректен қозғалады. Ақын өзі көрген, көңілін қозғаған қайсыбір мәселелерді сыр мен сезімге құрады. Ой мен сөз жүйесі арқылы тереңнен толғайды. Жан жүректің қуанышты-сүйінішті сәттерін бүкпесіз-боямасыз жеткізеді. Ақиқатында, Т. Жұртбайдың ақындық мұраты мен мирасынан қоғамдық құбылыстар, өмір мен өнердің тұтастығы, адам әлемінің мың сан иірімдері ізденіске құрылып, жүрек сырлары, мейірім шуағы, сезім шынайылығы табиғи бедер-болмысымен, ойлы мәнер, көркемдік құпиясымен ден қойғызады. Қайсыбір құбылыс-көріністер, өмір-уақыт шындықтары, адам мұраты мен мүмкіндіктері бедерлі бейнеге, сыр-сезімге, көркемдікке құрылады. Жүрек тербелістері де, көңіл толқыны да боямасыз беріліп, көзқарас эволюциясы жүйелі жеткізіледі. Өмір мен өнер шындығы табиғи көрініс береді.

Ақын-қаламгер, ұстаз-ғалым Т. Жұртбайдың шығармашылық өмірі мен көркемдік әлеміне ден қойсақ,

ұлттық сөз өнерінің көптеген жанрлары бойынша іргелі ізденістер жасап, бұл бағыттарда елеулі еңбектер атқарған. Олардың өзі ізденіс арналары тұрғысынан бірнеше бағыт, салаларды құрайды. Айталық, қазақ әдебиетіндегі іргелі жанрлар – әңгіме, повесть, романдар бойынша – «Бесқарагер» (1982), «Дара тұлға» (1984), «Жер-бесік» (1985), «Абай алдында» (1987), «Бесігінді түзе» (1997), «Бір уыс жусан» (2009), әдеби-көсемсөз, сын саласында «Сүре сөз» (2005), «Мәңгілік аңсар» (2010), «Жансар» (2011), ғылыми-зерттеу бағытында – «Бейуак» (1990), «Дулыға» (2 том) 1994, «Талқы» (1997), «Күйесін, жүрек сүйесін...» (2001), «Бесігінді аяла» (2002), «Құнанбай» (2004), «Ұраным – Алаш...» (2007), оқу-ағарту ісінде – «Сөз мәдениеті» (2001), «Әдеби шығармашылық» (2002), т.с.с. еңбектерінен шығармашылық ізденіс, көзқарас пен қолтаңба кең көлемде танылады. Зерттеу мен зерделеу ісі айқын аңғарылады. Бастысы, әрине тақырыпқа адалдық, ізденіс іздерінің сонылығы, дәйек-дерек һәм өмір материалын жіті зерттеп, жүйелі саралап, байыпты байлам, тың тұжырымдар жасайтыны терең танылады. Елдік мүдде, ұлттық рух, рухани тәуелсіздік, көркемдік ой-сана, өркениет өрісі, тарих пен таным, талап пен талғам кең орын алады.

Әр алуан жанрлар жүйесінен іргелі ізденістер жасап, маңызды мәселе, тақырыптар қолданыла берсе, әдеби-ғылыми бағыттағы қызығарыпқан әр түрлі дәйек пен зерлеу көлемі, мол материалдар жинаптанатын танылады. Өзіндік ізденіс көрсеткіштері жүйесі, көзқарастар мұраты арналығы кезекте көрінеді. Мұнан бөлек қоғамға, өмірге көзқарас, танымталым ісіне берілгендік, жазушылығы мен шығармашылық мұраты шынайылық, ұлт пен ұрпақ қамына арнадық айқын аңғарылады.

Зерттеуші Т. Жұртбайдың шестелдік басылымдарда жарық көрген туындылары да бар (мысалы, М.О. Әуезов. – Анкара, 1997; Кетбұқа – Пекин, 2005, т.б.). Шығармашылық мұрасының бір бөлігі әрі зерттеу еңбектерінің үздік үлгілері 15 тілге аударылған. Бұл бағытта да едәуір еңбек атқарылып, саннан гөрі сапалық көрсеткіштер маңызды мәнге ие болады. Ұлттық мұрат, руханият ісі, негізгі нәтиже алдыңғы кезекте көрінеді.

Жоғарыда аталған еңбектер Т. Жұртбайдың шығармашылық ізденіс, зерттеу мен зерделеу бағытындағы туындылар табиғаты мен тағылымын танытады. Жазушы еңбегі мен шығармашылық үдерістегі көркемдік таным арналары, жанрлар жүйесі мен қаһарманның рухани әлемі, әдеби-мәдени һәм эстетикалық бағыттағы мәселелер-ұлттық сөз өнерінің түйін-

ді тұстарын, маңызды қырларын кеңінен қарастырады.

Т. Жұртбайдың ізденіс арналары мен көркемдік жүйесінен, зерттеу нысаны мен ғалымдық қырларынан:

– Абайдың ақындық таланты мен тағылымы («Абай алдында», «Күйесің, жүрек... сүйесің», «Құнанбай»)

– М. Әуезовтің шығармашылық мұрасы мен көркемдік мұраттары («Бесігінді түзе», «Талқы», «М. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі»)

– Алаш идеясы мен тәуелсіздік мәселесі айқын аңғарылады («Ұраным – Алаш!...»).

Зерттеуші Т. Жұртбайдың рухани мұратына, шығармашылығына тән зерттеу нысаны – Абай әлемі, Әуезов тағылымы, Алаш мұраты қатар аққан арналы ағыстай қос өрім құрап, өзара байланыс-сабақтастықта өріс алады. Ол, көбінде кездесу, сұхбаттарда анық айтылады. Ел тарихының кезеңдері, азаттық-бостандық жолындағы Кенесары мен Кейкі, Әлихан мен Ахмет, т.б. жанкешті әрекеті, ұлт тәуелсіздігі жолындағы Абай, Әуезов, т.б. шығармашылық мұрасындағы арман-аңсарлар, көркемдік-эстетикалық құндылықтар табиғаты терең ашылады. Маңыздысы, Т. Жұртбай шығармашылығы мен кездесу, сұхбаттардағы сөйлеген сөздерінен ұлт мұраты, тәуелсіздік идеясы, танымал тұлғалардың тағдыр-талайы терең көрініс

береді. Алаш идеясының басым бағыттарын құраған ел-жер мәселесі, оқу-білім ісі, тәлім-тәрбие арналары да негізгі зерттеу жүйесін құрайды. Оның баршасында елдік мұрат-мүлде, ұлт руханиятының өзекті мәселелері арқау етіледі. Бөлекше айтар арналы саланың бірі – Құнанбай қасиеті, Абай құдіреті, Әуезов әлемі, Шәкәрім шындығы, Қайымның қайсар да қуатты елшілдігі. Ұстаз бен ұлылыққа құрмет-тағзымы аса мәнді, өзгеше мәнерлі екендігі көрінер еді. Тұлғалар табиғаты мен тағылымы, талант қуаты мен көркемдік құпиясы да өмір-өнер шындықтарымен үндесіп, нақтылы дерек, ақиқат жайттарды жүйелі жеткізуімен маңызды болып табылады.

Т. Жұртбайдың «Күйесің, жүрек... Сүйесің» (Алматы: Санат, 2001. – 408 бет) атты ізденіс пен талдауға құрылған еңбегінде Абай әлемінің ішкі иірімдеріне назар аударып, кеше мен бүгіннің арасалмағын жіті саралап, ақындық мұрат пен таным деңгейін, ұлттық мәдениет пен көркемдік құндылықтар табиғатын, ақыл-парасат азаттығы мен рухани тәуелсіздік сырларын зерттеп-зерделеу мақсат етіледі. Оның өзі әр алун мәселелерді қамтиды. Ақындық өнер, талант табиғаты, руханият ісі, өркениет өрісі өз кезегінде шынайы шындықтарымен маңызды мәнге ие болады.

Басты байқалатыны: Абайдың адамдық мұраты мен ақындық әлемі әр қырынан ұтымды ашылады. Осының негізінде Абай және ұлттық намыс, исламияттағы жадиттік бағыт, дәстүр мен заң мәселелері, рухани бостандық, таным арналары арнайы зерттеу жүйесін құрайды. Сөз жоқ, автор бұл тұстарда Абай өмірі мен шығармашылық мұрасын тұтас қамтып, кейінгі кезекте ондағы басты бағыт, негізгі тақырыптарға айрықша мән беріп, оның ішінде ұлттық мұратты арқау еткен, қалың көптің ойын қозғаған уақыт шындықтары айқын аңғарылатын маңызды мәселерге мән береді. Абай әлемінен көрініс тапқан басты тақырыптарға қазіргі кезеңнің шындықтары тұрғысынан ден қойып, артық-кем тұстарын саралап, байыпты тұжырымдар жасайды. Тұлға табиғаты мен тағылымы, талант мұраты мен қалам қуаты бар қырынан айқындалып, шынайылық сипаттарымен ден қойғызады.

Абай әлемі қоғамдық құбылыстармен, кезең шындықтарымен сабақтастықта өріс алып, ақындық өнердің биік мұраттары, көркемдік құпиясының мың сан иірімдері, ой мен сөз жүйесінің біртұтас табиғаты, ең негізгісі даңқты һәм дара дарынның дүниетанымы, шығармашылық мұрасы әр қырынан, кешенді сипатта кең өріс алады. Қысқасы, Абай әлемі, мұраты мен мирасы ұлт руханияты, тарих пен таным тұрғысынан таразыланады.

Басты аңғарылатын жайт: Абай әлемі, ақындық мұраты мен ондағы ақиқат ісіне қатысты көзқарас мұраттары адам, өмір-өнер тұрағы ойлары мен толғаныстарының негізінде кең өріс алады. Өзгерген Абай әлемі

– ел-жерге адалдығы;

– алыс-жақынға берілген сүйіспеншілігі;

– жан жүрегін, көңілін ашып, ұлттығын;

– ақиқат жолында адал, қатаң, тұрақты шылдығы;

– ұлттық, рухани тәуелділікті сақтауы, т.с.с. бағыт, көзқарастары еңбектің тұтас табиғатын танытады.

Кітаптың басым бағыттарынан Абай әлемі, көзқарас мұраттары арғы-бергі кезеңдерде өмір сүрген оқымыстылардың еңбек-мұраларымен өзара байланыста беріледі. Адами арман-аңсарлар, өмір-тұрмыс сырлары, тарих пен таным арналары, елдік мұрат-мүдделерге қатысты көзқарас эволюциясы, т.с.с. кең орын алады. Айталық, Р. Тагордың ұлт тарихы мен тағдыр-талайы төңірегіндегі ұтымды ойлары, П.Я. Чадаевтың идеялық ұстаным турасындағы көзқарастары, Н. А. Бердияевтің адам мен мемлекет арақатынасы жөніндегі ой-пікірлері, Монтеньнің ақыл-парасатқа табан тіреуі Абайдың адамдық-ақындық әлемімен сабақтастықта беріледі. Артық-кем тұстары айтылып, ортақ мұраттары, арман-аңсарлары, өзіндік өзгешеліктері көрсетіледі.

Автор Абай әлемі мен дүниетанымына еркін һәм терең ену үшін әлемдік ақыл-ой алыптары мен олардың еңбек-мұраларына назар аударады. Әсіресе, ел-жер, тарих пен таным, руханият арналары төңірегіндегі көзқарасы мен қолтаңбаларына, өмірлік бағыт-ұстанымдарына ден қойып, оның Абай әлеміндегі көріністеріне, сабақтастығына мән береді. Ортақ мұрат пен өзекті жайттарға ұлттық таным, тарихи сана, болмыс бедерлері тұрғысынан қарайды. Осы реттен келгенде, Абай әлемі мен шығармашылық мұрасындағы басты бағыттар – адам өмірі мен еңбегі, әлеуметтік ахуал, ақиқат пен жалғандық, тарих пен таным, діл мен дін, т.с.с. байыпты бажайланып, мән-маңызы айқындалады. Кеше-бүгін байланысына, сабақтастық сырларына мән беріледі.

Бұл тұстардан, сөз жоқ, кітап авторы Абай әлеміне жан бостандығы, рухани тәуелсіздік тұрғысынан ден қойып, оның өзі көбінде ақынның өлең өрімдері, қарасөздеріндегі фәлсафалық мұраттарымен байланыста беріледі. Айталық, алғашқы бөлімде Абай және отарлау саясаты төңірегінде сөз етіледі. Автор осы тұста: «Абай – қазақ халқының ар-ожданы, ұлттық мақтанышы және намысы...

Абай – өз заманына дейінгі дала данышпандарының даналық мәйегін меңгерген, бүкіл көшпелілер дү-

ниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көркем ойының мүмкіндігін танытқан, сол арқылы адамзат санасының дамуына үлес қосқан дари дана...

Абай көшпелі заманның соңғы жаңа низамның алғашқы ұлы тұлғасы болды. Сондықтан да оның шығармаларындағы жан күйзелісі қазақ халқының қасіреті мен ұлы қатарсисі тұсында ұлы ақын өмірге келді» (12-13-бб.) дегенді баса айттып, осының негізінде отаршылдық кезеңіндегі қазақ халқының тағдыр-талайына назар аударады. Ресейдің ұстанған: «Егер мемлекеттің мүддесі қажет ететін болса, онда қазақтарды құрбандыққа шалуға ешкім қарсы болмайды» деген озбыр да содырлы саясатын еске алады. Абай өмірін, тағдыры мен талқысындағы тауқыметті тұстарды, шығармашылық мұрасындағы билікке, бай-болысқа бағытталған көзқарас, мұраттарының баршасы Ресей отаршылдығына қарсылық, өз халқын одан арылу мен босатудың жанкешті әрекеті, соның нақтылы көріністері екендігін барынша дәлелді, түсінікті сипатта жүйелі жеткізеді.

Автор Абай мен отаршылдық мәселесін белгілі бір орта, тағдырлар талқысы төңірегінде ғана емес, керісінше, тарих пен таным арналарын арқау етіп, арғы кезеңдердегі ұлт пен ұлыстар тағылымын, билік атаулының айуандық пен озбырлығын, зорлық-

зомбылықтарын кең көлемде сөз етеді. Отарлау мен басып-жаншудың қазақ тарихындағы дерек-мысалдарын негізгі назарда ұстаған автор Абай дәуірінде шырқау биікке көтерілгенін, онан кейінгі тұстарда да зиянды-зымияндық әрекеттердің жалғастық табуын дәлел-дәйектермен, мол материалдармен толықтыра түседі. Отарлау саясатының ашық, жасырын әрекеттерінің қандайы болмасын ұлт тарихына, өмірі мен тағдырына әсерықпал етеді. Сондықтан ұлт тәуелсіздігін аңсау, сол жолда табандылық көрсету – басты мұрат.

Абай және рухани бостандық мәселесі билікке, заңға, салтқа қарсылық тұрғысынан таразыланады. Абайдың жан бостандығын Алладан, оның ақ жолынан іздеуі, иманға табан тіреуінен танылады. Ақын танымына ден қойсақ: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек» екенін алға тартады. Дінді аяқасты ету, шокынуға бет бұру, миссионерлік бағытта болу Абай қарсылық көрсеткен киесіздік пен қасиетсіздік белгілерінің бірі екенін де айқын аңғартады.

Абай дүниетанымының мың сан иірімдері жалған намыс пен орынсыз мақтан төңірегінен, идеологиялық һәм экономикалық тәуелсіздік мұраттарынан, уақыт пен кеңістік, өмір мен өлім арақатынастарынан, даңқ пен дақпырт, байлық пен кедейлік, дос пен дұшпан сырларынан, дәстүр мен

салт сипаттарынан, ар мен намыс, ұят пен талап табиғатынан, тәлім-тәрбие тағылымдарынан кең орын алады. Автор бұл жайттарды Абай және оның замана шындықтарымен өзара сабақтастықта сөз етіп, оның сыр-сипаттарын дала данышпандарының, әлемдік ақыл-ой алыптарының өмірлік тәжірибелерімен байланыста табиғи өрістетеді. Нәтижесінде, ұлылар ұлағаты мен үндестігін, табиғаты мен тағылымын кең көлемде ашады. Абай ақиқаты, шығармашылық мұрасының мәңгілік сипаты да осы тұстан жарқырай көрінеді.

Абай ден қойған рухани бостандық мәселесі адамзаттық маңызы бар, ал халқымыз үшін де айрықша мәнді болып табылады. Айталық, билік пен заң қатаң жұмыс жасаса, ұлттық мұратқа бағытталса, сол халық өсіп-өнеді, дамудың даңғыл жолына түседі. Әдет-салт, дәстүр берік орнықса, имандылық иірімдеріне ден қойылса, елдік мұрат-мүдде алдыға шығады, кәделі һәм сауапты істер ғұмырлық сипат алады. Абай ақиқаты да осыған табан тірейді, ол елден ешкім үлкен емес. Ұлтқа қызмет ету – абыройлы, даңқты жол. Адамзаттық арман-аңсарлар осыған саяды. Ұлт мұратының басым бағыттары да осы.

Мұның өзі Абай әлемінен, ақындық өнерінен айқын аңғарылады. М. Әуезовше айтсақ: «...Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек

болып табылады. Ол – надандық, зорлық, жуандық, пәлеқорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықтап алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке саналы жастарға нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады» (*Абай. Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1985. –166-бет*).

Кітаптың тұтас табиғатынан Абайдың адами сапасы, ақындық өнері, ондағы арман-аңсарлар мен жүрек толғаныстары, көңіл сәулесі мен мейірім шуағы, ең негізгісі, жан бостандығы мен «рухани тәуелсіздік» бағытындағы көзқарасы айқын танылады. Осы реттен келгенде, автордың «Абайдың сөзінің астарын ұғу үшін ең алдымен сол Абайдың жан дүниесіндегі запыранды, сезімнің буырқанысын өз жүрегіңнен өткізе білуің керек. Жетеміз жетер, не жетпес, тіпті ол біздің мақсатымыз да емес. Мұрат – Абайды түсіну» екенін бек сеніммен айтады (*3-бет*). Абай әлеміне ден қояды. Шығармашылық мұрасындағы елдік мұрат-мүддеге, ақыл-парасат иірімдеріне, дүниетаным арналарына маңыз береді. Дала данышпандарының дара дарын, талант табиғатына жете мән беріп, сол биіктен көрінген Абайдың дүниетаным иірімдеріне үңіледі. Ақындықтағы даралығын,

қарасөздеріндегі даналығын айрықша атайды. Адами мұраты мен сапалық қырларын-исламияттағы жадиттік бағыттан, дәстүр-салттағы тағылымдардан, тарих пен таным арналарынан, ең бастысы ақыл-парасат азаттығы мен рухани тәуелсіздік тұрғысындағы көзқарастар арқылы танып-талдауы, оның өзі кеше мен бүгіннің өзара байланыс-сабақтастығы негізінде көрініс табуы өмір шындығы, уақыт талабы еді. Ұлт мақтанышы, руханият ісінің жарқын жұлдызы, жасампаздық жолдың бастауында тұрған Абай әлемі адамдық хәм азаматтық қырларымен қоса қоғамның айнасы, ақыл-парасаттың биік белесі, даналық пен даралықтың үлгі-өнегесі ретінде көрсетіліп, кезең көріністерімен, өмір-уақыт шындықтарымен сабақтастықта сөз етіледі.

Кітап авторының Абайды тану жолындағы іргелі ізденістері, оның өзі:

- отарлау саясаты;
- рухани бостандық;
- идеологиялық, экономикалық тәуелсіздік;
- ұлттық намыс арналары;
- тәлім-тәрбие ісі, т.б.
- төңірегінде кең өріс алуы көзқарас пен қолтаңба, тану мен талдау жүйесін көрсетумен қатар, ең негізгісі зерттеу мен зерделеу деңгейіне көтерілгені анық. Ұлт тәуелсіздігінің басым бағыттарын айқындаған аталмыш мәселелер қазір де мәнді, өзекті болып табылады.

Т. Жұртбайдың «Ұраным – Алаш!..» атты зерттеулер жүйесін құраған (түрме әфсанасы), үш кітаптан тұратын еңбегінің алғашқы томы ұзақ жылдар ізденісінің жемісі, зейінді зерделеулер жиынтығы, ойлар мен толғаныстар топтамасы, білім мен біліктің тағылымы екені айқын аңғарылады (*Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 бет*).

Алғашқы кітаптың бастапқы бөліктерінен-ақ Алаш идеясының азаттық пен бостандықты, тәуелсіздік пен тұтастықты ту еткен асыл мұрат-мүдделері терең танылады. Кітап авторының мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мұрағатында «аса құпия құжаттармен» танысу негізінде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен 1927-1932 және 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу ісі материалдарын тиісінше пайдаланғаны, жан-жақты қарастыруға мол мүмкіндіктер алғаны, негізгі нәтижелер мен тың тұжырымдарға қол жеткізгені, келелі ойлар өрбітуге де кең өріс ашылғаны терең танылады. Іргелі ізденіс пен мол материалдар жиынтығы тақырыпты еркін меңгеруге, уақыт пен кеңістік сырларын ашуға, өмір-уақыт шындығын танып-таразылауға жана өріс, соны сипаттар бергені айқын аңғарылады.

Кітап авторы Алаш мұратына қаламгерлік қызығушылықпен қатар, ұлт мұратына адалдық танытқан, елдік мүдде жолында жеке бастарын

қауіп-қатерге тіккен аға буын ұлағатты ұрпақтың жанкешті хәм жауапкершілік жүгі мол өмір-тағдырларына, шығармашылық мұраларына ден қояды. Әрбір дәйек пен дерек көздеріне, материалдар жиынтығына мұқият қарайды. Бастысы, әрине Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің өмірі мен қызметін, көзқарас мұраттарын арғы-бергі кезеңдерде ғұмыр кешкен ұлт мақтаныштарының тағдыр-талайымен сабақтастықта сөз етеді. Тарих пен таным таразысына мән беру, өткен кезеңдер шындығынан сыр тарту, танымал тұлғалардың талайлы сәттері де зерттеу мен зерделеу жүйелерінен оңды сипат алған. Атап айтқан жөн, автор ұлт мұраты жолындағы қазақ оқығандарының өмірі мен тәжірибесін, қилы кезеңдердегі ауыр хал, сәттерін де ел тарихымен байланыс, бірлікте қарайды. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі төңірегіндегі алуан көзқарас, әр түрлі әрекет, қауесеттер шындығын да тергеу ісі нәтижелерімен сабақтастықта сөз етеді. Осының негізінде өткен күндер шындығын, тарих сабағын, ұлт тәуелсіздігі жолындағы әрекет, қимылдарды барынша әділ, талап деңгейінде қарастырады. Бұл тұста, кеше-бүгін байланыстарына, тарих пен таным арналарына, кеңестік жүйенің әміршіл-әкімшіл әрекеттеріне, «жеке-леген қайраткерлердің» қырағылық қимылдарына, ұр да жық сипатта-

рына назар аударылады. Саясат пен парасат иірімдеріне енеді. Парасат әлемінің басым бағыттары, ақиқаттың бар асылдан да биік, үстем екендігі кеңінен көрсетіледі.

Зерттеуші «Түрме әфсанасының тарихы» туралы келелі ой қозғап, ұлттық ақыл-ой алыптарының талайлы тағдырларына қатысты жазалау науқаны 1927 жылы басталып, үкім алпыс жылдан соң күшін жойғанына назар аударады. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жүргізген тергеу құжаттарының маңыз-мәні айқындалады. Саяси қудалау кезені, авторлық құқықтар мен тыйым салынған шығармалар тағдыры сөз етіледі. Сондай-ақ, сол тұстағы: «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлағу мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астырын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» ден қойылып, зардапты-зиянды астары ашылады. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің қалтарысты-қатпарлы қырлары көрсетіліп, тергеу барысында орын алған өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың көлеңкелі беттері ашылады. Нәтижесінде, Жоғарғы сот: «СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің IV коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел,

Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім, т.б. жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын» деген шешім шығарылады. Бұдан кейін қалың көпшілікке таныс «Алаш» қайраткерлерін ақтау туралы қорытынды жарияланады. Қоғамдық саяси, ұлттық-тарихи, әдеби-мәдени бағыттардағы шығармашылық мұрасы, адамдық-азаматтық көзқарастары айқындалады. Алаштың қайраткер-қаламгерлеріне қатысты тергеу барысы, айыпкер актісі, сұрақ-жауап үлгілері тиісінше орын алады. Қысқасы, жазалау жылдарының шежіресі адам мұраты мен еңбегі, тағдырлар талқысы төңірегінде ой өрбітіледі. Маңыздысы, әрине қайсыбір қайраткер хәм қаламгерге қатысты тергеу барысы мен хаттама қорытындысынан ұлт мұраты мен оған қалтқысыз қызмет етудің өнегелі үлгілері, өмірге құштарлық пен руханият ісіне сүйіспеншілік сипаттары айқын көрініс береді. Сол себепті «Алашорда» үкіметі мүшелері эмиграцияға кетуге емес, ұлтқа қызмет етуді басты мұрат, абыройлы іс деп таниды: «Қазақтың Қазақстаннан басқа отаны жоқ. Сондықтан да қазақ

үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс» деген қорытындыға келеді. Осы бағыт, көзқарасқа мықтап табан тірейді. Олардың өмір сапарлары қысқа болғанымен, еңбек-мұраларының ғұмыры ұзақ, рухани әсер-ықпалы зор болды. Алаш мұратынан ұлттық мемлекет құру, тәуелсіздік идеясы айқын көрініп, оның өзі арғы тарихымыздағы елбасылар мен қолбасылардың, ақын-жыраулардың арман-аңсарын сабақтастықта өрістетудің жарқын үлгісіне айналды. Бұл жолы да кедергілер кездесті. Зорлық-зобалаң, қуғын-сүргін көп болды. Биліктің құрығы ұзын, айла-амалдары да шектен тыс еді. Тергеу амалдары да бар-жоқты тізіп, кінәлілердің санын да, қарасын да көбейтті. Жолсыз жаза жалған дақпыртқа кең өріс ашылды. Қазақ оқығандары, арлы азаматтар, әділеттілік жолындағылардың баршасы сын садағына ілінді. Қара тізімге енді. Жазалау, қаралау, тергеу ісі тоқтаусыз жүргізілді.

Алашшыл қайраткерлер ұлт тәуелсіздігі жолында өмірін қиып, тағдыр талқысына түскенімен, елдік мұрат-мүддеге қатысты айқын көзқарас, ерен еңбектері араға ұзақ уақыттар салып халқына қайта оралды. Өмірі мен қызметі, шығармашылық мұралары бұлттан шыққан күндей жарқырап, бар жылу-жарығымен жетті. Қайта оралған қымбат қазынамен қалың көпшілік мәң-

гілікке қауышты. Алғашқы кезде мерзімді басылымдарда, одан кейін жеке еңбектері басылды. Көптомдықтары жарық көрді. Зерттеу жүйесіне енді. Ұлт тәуелсіздігінің басты байлықтарының бірі осы.

Кешеден бүгінге жеткен өмір шындығының бір үлгісі осы еді. Мұның мазмұны ұлт азаттығы мен тәуелсіздігіне келіп саяды. Қазақ зиялылары ұлттық мұрат-мүддені жоғары қойды. Елдік мәселелерге маңыз берді. Дербес ел, ұлттық мемлекет құру идеясы төңірегінде топтасты. Осы бағытта еңбек етті. Яғни, «1905-1920 жылдардағы қазақ қайраткерлерінің мемлекеттік саясаты мен ішкі күресі ұлт-азаттық қозғалыстың, тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған ұлттық күрестің алғашқы сатысы еді. Қоянды жәрмеңкесіндегі бүкілқазақтық мойынсынбау (петиция) қозғалысы дербес қазақ мемлекетін құрумен тиянақталды» (13-бем). Мұның өзі – Алаш идеясының бес түрлі тұжырымынан да кеңінен көрініс тапты:

«Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек.

Үшінші ұстаным: толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттық тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді» (18-19-бем).

Бұл ұлттық мемлекет құрудың, оған қатысты басты алғышарттары, тәуелсіз ұлттың дербес даму, өмір сүру факторын айқындаған еді.

Алаш идеясы, оны мұрат тұтқан қайраткер-қаламгерлердің көзқарас, бағыттары «Жегілер жүйесі», «Жегі» атты кітап бөлімдерінде кең орын алады. Алғашқы бөлім «Ел жегісі», «Ер жегісі», «Жер жегісі», «Жан жегісі», «Жүйке жегісі» атты маңызды бөліктерден тұрады. Ел тарихы мен тағдырына қатысты көзқарастар, тағдырлар талқысы, құжат-материалдар топтамасы да жария үлгіде қалың көпшілік назарына ұсынылады. Тиісті тұста, әсіресе автор Ресей мұсылмандарының алғашқы құрылтайына (1914 жыл, 15-25 маусым), ондағы отар ұлттардың азаттық жолындағы іс-әрекеттеріне мән береді (15-бем). «Алаш» партиясы мен «Алашорда» Халықтық кеңесінің құрылу тарихы мен тағдырлы тұстарына назар аударылады (20-бем). Ұлт мұраты алдыға шығады. Дербес мем-

лекет құру идеясы ақиқатқа айналды. Еңбек, әрекет, қимыл осы бағытқа бұрылады.

Азат хәм ұлттық мемлекет құру жолындағы жанкешті әрекет пен ерен еңбектер атқарған Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Шоқай, Х. Ғаббасов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, т.б. есімі мен игілікті істері көпке үлгі етіледі. «Алашорда» үкіметі мен қазақ автономиясы мәселесі, осы жолдардағы әр алуан бағыт, әрекеттердің сыр-сипаттары да тарих пен таным тұрғысынан таразыланады. Авторлық ұстанымға мән берсек, кезең-уақыт шындықтарынан, тәуелсіздікті тұғыр еткен тұлғалар табиғаты мен болмысынан азаттыққа құштарлық, ел-жерге сүйіспеншілік, Отан алдындағы парыз-қарызға адалдық мұраттары жан-жақты ашылады. Алаш жұртының азаттық жолды аңсап, бостандыққа ұмтылыстары ғасырдан-ғасырға созылғанын назарда ұстасақ, ХХ ғасырдың басында ұлтын сүйген қайраткер-қаламгерлердің тәуелсіздікті ту етуі, нақты әрекеттерге баруы қазіргі кезеңнің шындығы ғана емес, тарих тағылымы да, әрі бүгінгі буынның тағзым етер басты нысаны, басым бағыттарының бірі.

Қазіргі кезеңнің шындықтары тұрғысынан қарасақ: «Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы: Біз бүгінге дейінгі барлық

жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық» («ЕҚ», 2011, 1 ақпан). Бұл бағытта іргелі істер, ізгілікті қадамдар, алар асулар әлі алда. Осының бәрі – арғы арналардан: ата-бабалар аманатынан, әрекет-қимылдарынан бастау алғаны аңғарылар еді. Оның жарқын көрінісі – ХХ ғасырдың басындағы Алашшыл азаматтардың елдік мұрат-мүддеге адалдығынан, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы жанкешті әрекеттерінен көрінер еді. Өкініштісі: өктем өкімет, тегеурінді билік ұлт мақтаныштарының асыл армандарын, батыл қадамдарын теріске шығарды. Басып-жаншу, күштеп көндіру сынды аярлық, қатыгездік айла-амалдарымен тосқауыл қойды. Түрме есігін айқара ашты. Тергеу ісімен тұзақ құрды. Ату, асу, жазалау, жер аудару, т.с.с. кедергісіз жүзеге асты. Тарих доңғалағы кері айналды, адам өмірі тәрк етіліп, ақиқат аяқасты болды.

Зерттеуде Алаш идеясы мен оның баяндылығына қызмет еткен қайраткер-қаламгерлердің берік ұстанымын, батыл қадамдарын айрықша айтар едік. Айталық, «Ер жегісі» тарауында Алашорда үкіметі мен Кеңес өкіметінің арасындағы әр қилы көзқарас, түрлі қалтығыстар сыры ашылады. Кеңес өкіметі «Алашорданың» автономиялық құрылымын

мойындап, А. Байтұрсынов пен Ә. Жангелдинді қазақ өлкесін тең дәрежеде билейтін революциялық комитеттің өкілі етіп тағайындайды (36-бем). Бұдан басқа, 1919-1921 жылдары Ресейдегі ұлттық федерация мен жер мәселесі (40-бем), отарлау саясатының түп негізі, кеңес өкіметі мен ұлт қайраткерлерінің арасындағы көзқарас алшақтықтары (51-бем) сын тезіне түседі. Т. Рысқұлов пен З. Валидовтың өз халықтарына қилы кезең тұстарында қол созып, еркін елге айналдыру жолындағы ерен еңбектері нанымды баяндалады (60-62-66.). Демек, ұлтқа қызмет ету басты борыш қана емес, оны өмірін сарп етіп, берік көзқарас, табанды әрекетпен қолдап-қорғау міндеттің негізгілерінің қатарына жатады. Бұл бағытта Алаш идеясына қызмет еткен, сол жолда кедергі-кемшіліктерге кезіккен, сөйте тұра елдік мұрат-мүддені бар асылдан да биік қойып, даңқ тұғырына көтерген қайраткер-қаламгерлер шоғыры тым көп еді. Өнегелі өмірдің маңызды хәм ғибратты тұстарын ұлт тәуелсіздігі жолына арнаған есіл ерлердің даңқы мен тұғырлы орындары ел есінде мәңгілік сақталады. Қазақ тарихының қилы кезеңдерінде де, белесті тұстарында да ұлты үшін басын қауіп-қатерге тіккен, есімі мен еңбегі елеулі тұғырлы тұлғалардың қатарында ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген әр түрлі мамандық иелері елдік мүддеге қызмет

ті. Аталмыш кітапта ел есіндегі аулы адамдар мен олардың даңқты мірі елеулі еңбектерімен өзара байланыста беріледі.

Маңызды тұстары ретінде еске барымыз Алашшыл азамат-қайраткерлер елдік мұратты бар асылдан а биік қойды. Ұлттық мемлекет құру жолына арман-аңсарларын да, ұратты, кәделі істерін де арнады. «Ұраным – Алаш!..» деп бастарын қатерге тікті. Өмірін, өнегесін сарп етті. Қилы кезеңде, істі болған сәттерде, түрменің түпсіз терең, қапасты бөліктерінде болған тұстарда ұлттық мұратты, елдік аманатты, азаматтық қарыз-парызды ұмытпады.

Кітаптың «Жер жегісі», «Жан жегісі», «Жүйке жегісі» тарауларында «Алашорданың» қайраткер-қаламгерлерінің кеңес өкіметіне әр бағыттағы қарсылығы мен көзқарастары ұлттық сана, тарихи таным тұрғысынан таразыланады. Бұл ретте А. Байтұрсынов пен З. Валидов төңірегіндегілердің ұлттық мемлекет құру, оның мақсаты мен құрылымы хақындағы нақты іс-әрекеттері, ортақ мұраттар мен қилы көзқарастарға кең орын беріледі. Сондай-ақ, Түркістан мемлекетін құру идеясы, Семей губревкомы төңірегіндегі М. Әуезов пен С. Сәдуақасовтың әрекеттері, 1921 жылғы алапат аштық, «Ақ жол», «Қазақ» газеттеріндегі ол туралы хабар-ошарлар, осы тұстағы Ж. Аймауытұлы мен И. Бай-

менов т.б. үстінен қозғалған сот мәселесі, Орынбордағы, Ташкенттегі контрреволюциялық астыртын ұйымға қатысты тергеу қорытындылары, т.т. кеңес өкіметінің билік тізгінін оңды-солды қозғап, империялық саясатын шектен тыс қолданғанын кеңінен көрсетеді. Алашшыл қайраткерлердің ел алдындағы азаматтық борыш-қарыздары, ұлт тәуелсіздігі жолындағы жанкешті әрекеттері билік тарапынан «контрреволюциялық-ұлтшыл астыртын ұйым» ретінде бағаланады. «Аштарға көмек комиссиясының» жұмысы да кеңес өкіметін құлатуға қатысты түсіндірілді. Сайып келгенде, Алашшыл қайраткер-қаламгерлердің ұлттық мұрат жолында, ел тәуелсіздігіне қатысты, кемел келешек турасындағы әрекет-қимылдары ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде империялық билік тарапынан басып-жаншылып, құғын-сүргінге ұшыраумен жалғасса, ал оның ақиқатқа айналуы ХХ ғасырдың 80-жылдарының еншісіне тиді. Ұлт тәуелсіздігіне сол ғасырдың соңғы он жылында қол жеткізу мүмкін болды.

Қысқа қайырып айтқанда, кітаптың алғашқы бөлімінде «Алаш ісі» төңірегіндегі құжаттар мен жауаптардан, көзқарастар мен қолтаңбалардан ұлттық мұрат жолындағы Ә. Бөкейхан, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Т. Рысқұлов, Н. Нұр-

мақов, Ж. Мыңбаев, О. Жандосов, М. Тынышбаев, т.б. азаттық пен тәуелсіздік, ел-жер жөніндегі берік ұстанымдары, батылдығы мен табандылығы терең танылады. Тергеу ісі барысындағы сұрақ-жауап үлгілері, қорытындылар мен көзқарастар, билік басындағылардың астыртын, жымысқы, зымиян хәм көпе-көрнеу «әрекет-қимылдары» ұлт зиялылары мен жанашырларының жолсыз жаза тартуларына, суық камераның кеміргіштері мен сұғанақ тергеушілерге тап болуына, сот залынан жауап беруге, «елі үшін» мерт болуға алып келеді. Ұлт мақтаныштары мен жазықсыз жандар «ұлы құрбандықтың» сиқырлы құрығына, шеңберлі қамытына мықтап маталған еді. Оның соңы белгілі: жат жерге айдалу, қуғын-сүргінге ұшырау, зорлық-зобаландарға тап болу, ату, асу еді.

Бұдан өмір жолының бұралан екенін, тарихта ақтандақ беттердің мол екенін айқын аңғаруға болады. Тарих доңғалағын оң бағытқа бұру, кеше-бүгін байланысына ден қою, ақиқат жолына адалдық таныту – Алаш мұраты. Басты бағыттарының өзекті қайнары болып табылады.

Алашшыл асыл ерлердің ел-жер азаттығы мен бүтіндігі, ұлттық мемлекетті қалыптастыру мен қорғау жолындағы жанкешті хәм жауапкершілік жүгі мол батыл қадам, тегеурінді әрекеттері түрме әфсанасы, тергеу нәтижелері мен қоры-

тындылары арқылы сабақтастықта беріліп, нанымды жеткізіледі.

Кітаптың екінші бөлімінің алғашқы тарауы «кәрі көсем» Әлихан Бөкейхановтың ел-жер төңірегіндегі ұстанымдарын, қазақ даласына қатысты таным-білігін, ұлт дамуы мен өзекті мәселелері турасындағы көзқарастарын саралауға арналады. Ұлт тәуелсіздігі жолындағы жанкешті әрекеттері, «күндіз отырмай, түнде ұйықтамай» ел мүддесімен айналысуы, өмірге құштарлығы кеңінен көрінеді.

«Алаш ісіндегі» жер мен қоныстану мәселесі Ә. Бөкейхан төңірегінде өріс алса, оның өзі А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Ермеков, Е. Омаров, т.б. берік байланыс, ортақ мүдде арқылы дамып отырады. Елдік мүддеге қызмет ету ортақ мақсаттарға бағыттайды. Осы жолға өмірін, еңбектерін арнайды.

«Бәйбіше – тоқал» трагедиясының құрбаны Халел Ғаббасовтың өміртағдыры «Алаш» партиясының ұлттық бағдарламасын дайындау ісінен, байлардың малын тәркілеу науқанына, ауылды жерлерді кеңестендіруге кедергі жасағаны жайлы, аудандық-ауылдық одақтардың өкілдерінің құрылтай сайлауын басқарғаны, т.б. қиын да қисынсыз айыптау-жалалардың ақиқаты айтылады. Адам әлемі, өмір шындығы, тағдыр мен талқы таразыға түседі. Уақыт бедері, мәні ашылады.

«Дала қашқыны» Д. Әділевтің «алашордашыларға» қатысты тергеу ісімен байланыстырылады. Д. Әділевтің тергеу ісі түрме табиғатын да, адам әлемінің иірімдерін де көрсетеді. Түрмедегі сұрақ-жауап көрсетінділерінен Д. Әділевтің әр кезеңдегі қызметтері, З. Валидов естеліктері, Ж. Аймауытұлы хаттары, Қ. Тыныстановтың ресми хаты, т.б. кең орын беріледі. Бұдан байқалатыны Алашшыл тұлғалар ұлтқа қалтқысыз қызмет еткен. Жарқын болашақ жолына, азат ұрпаққа тәуелсіздік тағылымын, бостандықтың бағасын батыл айқындаған. Соған өмірін, еңбегін арнаған.

Екінші бөлімдегі «Сөзі де ақ, өзі де ақ», «Байтұрсынов – баяғы Байтұрсынов» атты тарауларда «Алашорда» көсемдерінің өмірі мен қызметі, іс-әрекеттері мен мінез қырлары, басты ұстанымдары көрсетіледі. Анкеталық-өмірбаяндық мәліметтері, білім-ғылым ісіндегі еңбектері, БАҚ жүйесі мен тергеу материалдары жеке арна құрайды. Бұдан басқа саяси һәм контрреволюциялық қылмыстар, террорлық әрекеттер, астыртын ұйымдар мен тергеушілердің амалтәсілдері дәлел-деректерімен нақты көрініс табады. Ең бастысы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, т.б. қоғамдық қызметтері, мәдени-рухани бағыттардағы ұстанымдары, елдік мәселелер төңірегіндегі онды көзқарастары «Алаш ісімен» байланыстырылады.

Тергеу ісі мен үкім тізімі де беріледі. Онда ату жазасына кесілгендер, он жыл концлагерьде отыру жазасы, жер аудару үкімдері де орын алады. Жолсыз жаза мен заңсыздықтардың қыр-сырлары ашылады. Нәтижесінде ХХ ғасырдың басында орын алған алапат аштық, қуғын-сүргін сырлары тарих тағылымы, өмір-уақыт шындықтары арқылы байыпты баяндалады. Тарих, тағдыр тағылым мәні айқындалады.

Автор «Алаш ісімен» танысып, әрбір құжат, материалдарға қатысты ойлар мен шегіністерге барып, түрме әфсанасының әр қилы көріністеріне көз жеткізіп, сұрақ-жауап, хат жазбаларға назар аударып, нәтижесінде өмір сырына, уақыт желіне, адамдар тағдыр-талайына, биліктің құбылмалы, табансыз әрекеттеріне ден қояды. Уақыт бедері басты өлшем етіліп, тағдырлар талқысы, шындық сырлары алға тартылады. 30-жылдар ойраны, қуғын-сүргін сырлары адам өмірі, тарих талқысы, тағдырлар тауқыметі арқылы дәлелді, жүйелі жеткізіледі. Тарих тағылымы, империялық билік, өмірдің бұралаң жолдары, қуғын-сүргін зардаптары нақтылы дерек көздері аясында байыпты баяндалады.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен 1927-1932 және 1937-1938 жылдардағы тергеу ісінің қорытындыларын арғы-бергі тарихтың тағылымдарымен, ұлттық

мұрат жолындағы танымал тұлғалардың тағдыр-талайымен, «уақыттың» ұрда-жық саясатымен сабақтастықта саралап, тиісті тұстарда өзіндік ойлар мен толғаныстарын да сыналап енгізіп, тың тұжырымдармен байыпты баяндайды.

Алаш мұраты мен идеясын қолдап-құрметтеумен қатар, осы бағыттағы көзқарас-мұраттарын, қазіргі кезеңнің шындықтарымен байланыс-бірлікте сөз етеді. Арғы арналардан сыр тартады. Бүгінгі күннің биігінен ой қозғайды. Ортақ мұраттар төңірегінде толғамдар мен толғаныстарға беріледі. Соның бәрінде елдік мұраттар, руханият ісі, тарих пен таным, уақыт пен кеңістік, көркемдік ойлау жүйелері кеңінен қозғалады. Демек, Алаш мұраты – тәуелсіздік тұғырына табан тіресе, ұлт пен ұрпақтың міндеті – азаттық пен бостандық бағасын біліп, оны қорғап-құрметтеу һәм қызмет ету болып табылады.

«Ұраным – Алаш!..» алашшыл қайраткер-қаламгерлердің өмірі мен кезеңін, қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасын бағалау, зерттеу мен зерделеу ғана емес. Сонымен бірге кітап авторының адами һәм азаматтық бағытын айқындаған, өмірі мен уақытын арнаған, зерттеу мен зерделеу ісіндегі құнарлы, арналы салалардың бірі. Бұған, «Бейуақ», «Дулыға» (2 кітап), «Кетбұқа», «Құнанбай», «Талқы», «Сүре сөз», т.с.с. қосар болсақ, Абай, Әуезов

туралы зерттеулер жүйесімен жалғастырсақ, ақын жоғарыда тілге тиек еткен Алаштың мұрат-мирасымен байытсақ, бұның өзі – ғалым-қаламгер Т. Жұртбайдың ұлт руханиятын тарих-тағылым тұрғысынан толықтырғанын, жаңа биік, бел-белестерге көтергенін айқын аңғарар едік.

«Ұраным – Алаш!..» атты түрме әфсанасының 2-3-томдары («Тез», «Талқы») Біртұтас Алаш Идеясы тұжырымдамасын тиянақтауға арналады. Кітап мазмұнынан аңғарылатынындай, әрбір тарау Алаш мұратына адалдық танытқан танымал тұлғалардың есімі мен еңбегін, азаттық жолындағы жанкешті әрекеттері мен ел алдындағы жауапкершіліктерін кеңінен көрсетеді. Ар алдындағы адалдық, уақыт таразысындағы өлшем, ұлт пен ұрпаққа қатысты қарыз-парыз ісі де шынайы шындықтар тұрғысында сөз етіледі. «Алаш ісі» көлемді зерттеу, талдау жүйесін құрайды.

Айқын аңғарылатыны, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қайраткер-қаламгерлеріне қатысты қозғалған «тергеу ісі» материалдары, дәйектер мен деректер, құжаттар мен хаттар кеңінен қолданылады. Оларды жинау мен жүйелеу, зерттеу мен зерделеу, нәтижесінде түйін-тұжырымдар жасау әрі күрделі, әрі қиын да жауапты іс екендігі танылып тұрады. Оның үстіне 1927-1932

және 1937-1938 жылдардағы 41 алашшыл қайраткердің тергеу ісіне қатысты 14 томдық аса ауқымды дерек, құжаттарды теріп-тізіп, жүйелі жеткізу, тиісті тұста қосымша анықтама беріп, байыпты сараптаулар жасау да ерен еңбекті, табандылық пен ыждағаттылықты талап етеді. Бастысы, әрине «түрме әфсанасы» Біртұтас Алаш идеясын анықтау мен тиянақтауға арналып, оның өзі ұлттық мұрат пен танымал тұлғалардың тағдыр-талайы тұрғысынан таразыланып, даму тарихымыздың белесті кезеңімен байыпты байланыстырылады. Уақыт пен кеңестік, тарих пен тұлға, адам мен тағдырлар тоғысы да басым бағыттарды құрайды. Автор ҰҚК құжаттарын еркін пайдаланып, қайсыбір тұстарда ұлт руханиятына қатысты материал, көзқарас эволюциясын сыналап ендіріп отырады. Кеше мен бүгін байланысын негізгі назарда ұстайды.

«Ұраным – Алаш!...» атты түрме әфсанасының 2-томы 8 тарау бойынша түзіліс құрап, онда ел-жер, тарих пен таным, жалпы ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет еткен танымал тұлғалардың (М. Тынышбаев, Халел және Ж. Досмұхамедовтер, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ә. Байділдин, т.б.) өмірі мен кезені, қызметі мен тағдыр-талайлары арқау етіледі.

«Тезтартар» атты алғашқы тарауда «Алашорда» қайраткерлері (О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Ж. Мыңбаев,

С. Сәдуақасов, С. Қожанов, т.б.), олардың мемлекеттік мүдде тұрғысындағы ұстанымдары, оған қарсы бағытталған кеңестік идеологияның «ұрда-жық» саясаты қатар көрсетіледі. «Алашордашыларға» қатысты тергеу ісінің «Айыптау қорытындылары» қалың көпке қаз-қалпында ұсынылады. Алайда «Алаш азаматтарының ел-жердің мүддесі жолындағы арман-аңсарлары, іс-әрекеттері «жазалау машинасының» табанына түсті. Ақиқатында, «Коммунистік-коллизаторларды» өшіктірген де, үрейлендірген де ұлттық тұлғалардың рухани тәуелсіздігі болатын. Ұлтты мәңгүрт күйге жеткізу үшін сол халықтың ең қасиетті қазынасы – рухани мұрасын аяр идеологияның арандатушы күші арқылы жойып жіберуге барынша құлшынып-ақ бақты. Алаш қайраткерлеріне тағылған ең басты айыптың бірі де осы ұлттың рухани тәуелсіздігі жолындағы көзқарас күресі еді» (2-том, 31-бет).

«Алашордашылардың» кеңес өкіметін құлатуға бағытталған астыртын ұйым туралы «тергеу ісі» Қоқан (Түркістан) автономиялы республикасының премьер-министрі Мұхамеджан Тынышбаев төңірегінде кең өріс алды («Татулықты сүйгіш, сезгіш жүректі»). Оның елдің амандығы мен жердің бүтіндігі, ұлттық идеяны қалыптастыру мен ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты қайраткерлігі, анық-қанық көзқарасы билік тізгінін

ұстағандарға ұнамады. «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты баяндамасынан (1905, 19 қараша) да көп жай аңғарылған-ды. Оған қоса «Алаш» жасағын құруы, түркі-моңғол тарихының бағдарламасын дайындауы, сол арқылы ұлттық мүддеге басым бағыттар беруі билік өкілдерінің қысымды күшейтуге, тергеу ісіне негіз болғаны анық.

Автор М. Тынышбаев туралы дерек, материалдар топтамасын отбасы, ұрпақтары төңірегіндегі мағлұматтармен толықтырады. Кеше мен бүгін байланысына, тарих пен таным, ақыл-парасат арналарына да кең орын беріледі. Нәтижесінде, Алаш мұраты, оның арыс-азаматтары ұлт азаттығы жолындағы жанкешті әрекет-қимылдарымен, ақыл-парасат, тәлімді тәжірибелерімен ұрпаққа үлгі етіледі. Кешеден жеткен үлгілі үрдіс, ұлағат иірімдерінің бірі осы еді.

Ұлт тәуелсіздігінің айбынды хәм айдынды ұстыны «Алаш – Алаш болғалы, Алаша хан болғалы», «Керегеміз – Ағаш, Ұранымыз – Алаш!» екендігінен айқын аңғарылары хақ. Алайда «Алашорда» туралы мұрағат материалдарында айыптау-әшкерелеу бағытының басым түсіп жатқанын жасыру қиын-ақ. Айталық, «Бостандықтың аятты жасыл туын тіккен...» атты Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер туралы айыптау бағыты мен әшкерелеуші сипаты басым құжат, материалдарға ден қойсақ,

пәрмені мен екпіні зор тергеушілердің тоғышарлығы мен арандатуына көз жетер еді. «Жапон шпионы» атты қарғыбау да қазақ зиялыларының мойнына оп-оңай ілінді. Ахаң – Ахмет Байтұрсынов айтқандай:

*Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз аулымның иттері үріп, қапқаны, –*

дегенде де зор шындықтар жатқаны анық.

Айыптау қорытындысы мен өзара жауаптасулардан Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің қазақ елінің мемлекеттілігі турасындағы әрекет, көзқарастары айқын. Ол анкеталық анықтамалардан, тергеу барысындағы әр қилы көзқарас, амал-тәсілдерден де танылады. Сұрақ-жауап хаттамаларынан өмірбаяндық деректермен бірге «Алашорда» бағыты, мемлекеттілік баяны, басты ұстанымдар көрініс береді.

Ал «Көтеріліп-басылған жанартау...» (Әлімхан Ермеков), «Тұңғиық терең жарға кеткен түсіп...» (М. Тұрғанбаев, Ж. Ақбаев, Д. Ысқақов, Қ. Кеменгеров, М. Күдерин) атты 4-5-тарауларда Алаш идеясын, мемлекеттік мұратты, оның құрылымдық жүйесін анықтап, тиянақтауға үлкен үлес қосқандардың мақсат-мұраттары кеңінен қозғалады. Мұрағат материалдары мен тергеу құжаттары да молынан

қолданылады. Әсіресе, Ә. Ермаковтің Алаш тарихындағы орын-үлесі мен қайраткерлік қырлары, «дұшпандық әрекеттері» де қатар көрсетіледі. Қазақ автономиясының шекарасын анықтау ісі, В.И. Ленинмен кездесуі, Жер мәселесі туралы берік ұстанымы, «Ашық хат» жазуының себеп-сырлары – Ә. Ермаковтің адамдық ісін, қайраткерлік көзқарастарын айқындай түседі.

Сондай-ақ, М. Тұрғанбаев, Ж. Ақбаев, Д. Ысқақов, Қ. Кеменгерев, М. Күдерин туралы анкеталық анықтама мен тергеу хаттамаларынан Алаш мұраты мен ұлттық идея арналары, тарихи-танымдық сипаттар, әдеби-мәдени материалдар, түрме әфсанасының себеп-сырлары ашылады. Өмірдің бұралаң жолы мен тарихтың тұрлаусыз сиқы қатар көрсетіледі. Жазықсыз жандардың, жолсыз жазаның қыр-сыры көрсетіледі. Уақыттың қатал да үстем, өктем де озбыр сиықсыз сиқы айқындалады. Азаттықты аңсаған, ұлт мүддесі жолында жанкешті еңбек еткендердің ерен ісі, үлгі-ғибраттары да нанымды ашылады.

«Жетілмеген елдің баласы...» – Алашұлы, «елі үшін күйген, дара дарын иесі Жүсіпбек Аймауытұлының талайғы тарихын, аянышты өмірін, қимайтын өлімін әр қырынан ашуға арналады.

«Кіші октябрьдің» авторын – Голощекинді қастандықпен өлтіруді

ойластырды», «қырда көтеріліс ұйымдастыруға әрекеттенді» деген «ортақ айып» алдымен – «Алашордашыларға» таңба болып басылды. Қуғын-сүргінге негіз етілді. Жазалау мен тергеу ісі, қудалау бағыттары да «ортақ айып» алаңында өтті.

«Ортақ айып» Ж. Аймауытұлын да айналып өтпеді. Оған тағылған айып: «1927-1928 жылдары Әділөвтің бандысымен астыртын байланыс жасап, қырда көтеріліс ұйымдастырмақ болған» дегенге келіп саяды. Нәтижесінде Ж. Аймауытұлы 1929 жылы 20 мамыр күні тұтқынға түседі.

Тергеу ісінде, сұрақ-жауап хаттамасында Ж. Аймауытұлының Д. Әділовпен кездесуі, Голощекин туралы ортақ әңгіме болғаны айқындалады.

Ж. Аймауытұлына тағылған айып, кінә-кінәраттардың бар сипаты мен сиқы осы ғана. Бұл, әсіресе Д. Әбілөвтің көрсетіндісі бойынша беріледі.

Ж. Аймауытұлына қатысты «тергеу ісінің» біраз бөлігі «Аштарға көмек» комиссиясы жұмысынан көрініс табады. Ж. Аймауытұлының «Торғай ісіне» қатысты «айыпкерден – айыпталушыға» айналған сыр-сипаттары айқындалады. Торғайдағы ашаршылыққа ұшыраған қалың көпшілікке – Семей мен Керекуден мал жинап, тегін таратқан Ж. Аймауытұлының ортақ істегі адал да ерен еңбегі «тергеу ісінде» тағы көрініс табады. М. Дулатов, Б. Кенжебаев, т.б. мақала, көрсетінділері тиісінше

қолданылады. «Аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін» деген жүректен шыққан сөзі «айыпкерден – айыпталушыға» оп-оңай айналғанын шындыққа шығарады. «Торғай ісінің» бұқаралық сипаты ашылып, әлеуметтік мәні көрсетіледі.

Ж. Аймауытұлына қатысты қозғалған «тергеу ісінің» бірсыпыра баяны – «Абақты» атты кітаптың авторы Д. Досжанның ҰҚК-інің құпия құжаттарға негізделген материалдарымен қатар беріліп отырады. Мұнда да қатал тағдыр, уақыт бедері кең орын алады. Демек, материалдардың мазмұны ортақ болғандықтан, «Алаш ісін» анықтауға септігі тигені анық.

Бұдан басқа, атап айтқанда Ж. Аймауытұлының үстінен арыз-шағым да ұйымдастырылғаны, Шымкент педтехникумының студенті Қалабай Бекдуллаев бастатқан бірер шәкірттен жауап алынғаны мысал-дерек ретінде беріледі. Ал Баукең – Бауыржан Момышұлы естелігі «Менің ұлы ұстазым!» деген сағыныш пен сүйіспеншіліктен, талантты тану мен бағалаудан тұрады. Аймауытұлы әлемі, өмірлік һәм көркемдік қырлары да еркін көрініс береді.

«Тергеу ісінің» барысы – «Алқа» әдеби бағдарламасы, Ж. Аймауытұлы мен М. Жолдыбаевтың Мағжанға хаты, «Көркем әдебиет туралы» мақала төңірегінде кең өріс алады. Жазушының ұрпақтары мен хат-жаз-

баларға да орын беріледі. Қысқасы, мұның бәрінен қатал уақыттың үстем-өктем екпінімен бірге, ұлттық мұрат-мүддені жоғары қойған, ел-жер, ұрпақ үшін басын қатерге тіккен қайсар рухты, қарымды қаламгер Ж. Аймауытұлының жарқын бейнесі, талайлы тағдыры терең танылады. Біздіңше, Ж. Аймауытұлына қатысты «тергеу ісі», хат-жазбалар мазмұны сұрақ-жауап кезеңнің көріністерін, айғақсыз сергелдең сүргінін, сұрапыл жаза мен ұрда-жық кінә-кінәраттарды айқын танытады. Автор Ж. Аймауытұлы мен оның айналасын, уақыт бедері мен тынысын тап басып көрсетеді. «Тергеу ісінің» құжат, материалдарын да осы бағытта еркін қолданады. Бұрынғы-соңғы, белгілі-белгісіз дереккөздері мен маңызды материалдар да жүйелі жеткізіледі. Авторлық ұстаным: ҰҚК-інің дерек, құжаттарын қаз-қалпында қалың көпшілікке жеткізу болса, бұл мақсат-мұраттар жаңа уақыт талаптарымен байланыс-бірлікте жүзеге асады. «Алаш ісі» бар қырынан көрініс береді. Ж. Аймауытұлының «тергеу ісі» де осы бағытта байыпты баяндалады.

Сондай-ақ, «Абылайша ту тіккен ақын» (М. Жұмабаев), «Заманының сұрқылтайы» (Ә. Байділдин) сынды түрме әфсанасы «алашордашылардың» ұлттық мұрат жолындағы бағыт-бағдарларын айқындаумен қатар, оларға қарсы бағытталған «Айыптау

қорытындысын» да жан-жақты танытады. Мәселен, М. Жұмабаев жөнінде ғылыми-көркем шығармашылық мұрасы, 1922 және 1923 жылдары жарық көрген жыр жинақтары, «Табалдырық» атты бағдарламасы, «Алқа» әдеби үйірмесі, т.с.с. «Алаш ісімен» байланыстырылады. «Тергеу ісінің» сұрақ-жауаптары да да осы бағытта қозғалады. «Алқа» үйірмесі мен «Табалдырық» бағдарламасына қатысты – Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, Ә. Байділдин, М. Тынышбаев, т.б. ой-пікірлері қатар беріледі. Тиісті тұста С. Мұқанов көзқарастары, Мағжанға жазған хаты мен Алматыға шақыруы да тілге тиек етіледі. Т. Кәкішев, Ш. Елеуқенов еңбектері де еске алынады. Б. Момышұлы естелігіне де орын беріледі. Ақын өмірі мен талайлы тағдыры өзара байланыста өріс алады. Автор дерек пен құжатты, уақыт таңбасы мен бағасын, замандастар көзқарасы мен естеліктер сырын бүкпесіз баяндайды. Нәтижесі белгілі, «Алаш ісі» айқындалып, М. Жұмабаевтың адами һәм ұрпаққа қатысты көзқарастары бүге-шегесіне дейін кеңінен қозғалады. Тарих таңбасы мен ақын тағдыры уақыт шындығымен сабақтастықта беріледі.

Екінші томның «Арылу» атты қорытынды бөлігіне бей-жай қарау мүмкін емес. Автор мұнда «Алашорда» қайраткерлеріне қатысты «тергеу ісі» орын алған жазбаларына қайта ден қояды. «...Әр томға,

әр адамға, әр жауапқа қатысты қысқаша сипаттамалар» берілгенін де қайыра еске алады. «Алаш ісі» ұлт зиялыларының тағдыр-талайы, түрме әфсанасы мен психологиясы да ұстаздары мен тұтастарын еске алу арқылы жүйелі дамып отырады. Орайлы тұста, Қазақстан Жазушылар одағы жанынан Құқық Комиссиясы құрылғанын, ҰҚК-не жол ашылғанын, Алаш идеясын танып-түсінуге бағыт алғанын, тергеу ісі мен сұрақ-жауап мазмұнымен танысуға мол мүмкіндіктердің берілгенін қаз-қалпында баяндайды. Алаш мұратын, тергеу ісін анықтау мен бағалауға кең жол ашқан О. Сүлейменов, С.К. Әбдірахманов, Т. Аймауытұлы, Ә. Жәнібеков, т.б. есім, еңбектері орынды аталып, алғыс сезімі білдіріледі.

Түрме әфсанасы кеңінен көрініс тапқан дәптер беттерінде Алаш азаматтарының өмірі мен кезеңі, қоғамдық қызметі мен бағыт-ұстанымдары кең орын алады. Оның арасында, әсіресе «Тергеу жауаптарының мазмұнынан тұтқындалған адамдардың еркіндікте жүрген кезіндегі өзара қарым-қатынасы, деңгей-дәрежесі анық аңғарылады... Олар сөз арасында кездейсоқ адамдардың аттарын атамаған, жанама оқиғаларды кіріктірмеген. Идеясы, мақсаты, күрес жолы, сенімі мен пайымдары да ұқсас Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, Халел Ғаббасовтың, Елдес

Омаровтың жауаптары бір жерден шыққан. Бір қызығы, тергеушілер оларды «жүздік жақындықтарына» қарап топқа бөліпті (мысалы, бірінші топ – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдазым Қадірбаев, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, Елдес Омаров; екінші топ – Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Иса Қашқынбаев, Кәрім Жәленов; үшінші топ – Мұхамеджан Тынышбаев, Жұмахан Күдерин, Біләл Сүлеев). «Қазақы қарға тамырлық» бұл адамдарға тән емес екенін тергеушілер ескермеген сияқты» (429-бет), «Әлихан Бөкейхановтың жауабы қысқа да нұсқа» (429-бет), «Ахмет Байтұрсыновтың да жауаптары сондай сөзге саран, байыпты» (432-бет) дегеннен ұлт зиялыларының асқақ рухы, азаматтық қарыз-парызы, ақыл-парасат тереңдігі танылады. Сұрақ-жауапқа зор маңыз береді. Елдік мүдде тұрғысынан қарайды. Елдік мұрат-мүдде алға шығады. Ұлт пен ұрпақ болашағы басым бағыттарға ие болады. Уақыт таңбасы мен тынысын терең сезінеді. «Тергеу ісіне» жіті үніліп, онда: «...Міржақып Дулатов тергеу барысында да қырынып, киімінің қыртысын жазып, кеудесін тік ұстап барады екен» (437-бет), «Халел Ғаббасов түрменің өзінде де шындық үшін күресіп, пікірін дәлелдеп, заңды талаптарынан бас тартпаған» (441-бет), «Жүсіпбек

Аймауытов өзінің көрсетіндісінде шығармашылығы арқылы көркем көзқарасын жеткізуге ұмтылған» (443-бет), «Мағжан Жұмабаев өзін түрмеде де ақын ретінде ұстаған» (444-бет), «Халел Досмұхамедов – іскер, сөзге ұтымды, жазуы анық» (445-бет), «Жаһанша Досмұхамедов – өткір, орынды сөйлеп, мақал, мәтел қосып тура кесіп айтады» (445-бет), «Әлімхан Ермеков – қызба, күйіп-пісіп сөйлейді, күйіп-пісіп жазады. Өткір. Тергеушілерден жасқанбаған. Пафоспен сөйлеуге бейім» (446-бет) деп танымал тұлғалардың өзіндік көзқарас, ерекшеліктерін қысқа-нұсқа үлгіде жеткізеді. Өмірдегі қалпын, «тергеу ісіндегі» сыр-сипаттарын да нанымды ашады. Бастысы, Алаш мұратына адалдығын, азаматтық ұстанымын ұлт пен ұрпақ қамына қатысты көзқарастарында алшақтық, үстірттік жоқ екенін баса көрсетеді. Уақыт таңбасы мен тынысына зор маңыз беріледі.

Кітаптың қорытынды бөлігінің біраз тұсын Байтұрсынова Шолпан Ахметқызының КОКП ОК арнайы Комиссиясына жолдаған Өтініші (434-437-беттер), «Алашорда» тарихында айрықша орны бар тұлғалар тарихы мен тағылымы, «Қазақ ұлтшылдарының» тағдыр-талайы, естелік-жазбалары алғаны анық. Алаш идеясының бес бөлік-тұжырымдарынан тұратыны (456-бет), оның өзі қазіргі кезеңде де аса мәнді, көкей-

кесті сипатын жоғалтпағаны негізгі назарда тұрады.

Алаш мұраты, ұлттық идея ұстыны да осыған келіп саяды. Алаш идеясы, ұлтқа қызмет ету мұраты басты нысан етеді. «Тергеу ісі» құжаттары, сұрақ-жауап мәтіндері идеология екпіні мен пәрменін танытқанымен, «Алашордашылар» көзқарасы өзгермеген. Олардың сағы сынғанымен әуелгі мақсаттары, мұрат-мүдделері қаз-қалпында қалады. Ұлттық мемлекет құру, азат елге айналу олардың басты миссиясы болады. Осы бағыт, жолда кедергілер бола тұра, ертеңіне сенді.

Түрме әфсанасының 3-томы «Талқы» деп аталады. Аңғарту орнына берілген «Талыс» бөлігінде ұлт пен тұлға, рухани бостандық пен тәуелсіздік табиғаты айқындалады. Автор бұл бағыттағы ойлар мен толғаныстарын төмендегіше жеткізеді: «Ең қасиетті де киелі күрес – рухани бостандық пен рухани тәуелсіздік жолындағы жан қысымы, қытымыр саясат – бір ұлтты екінші ұлттың рухани тәуелді етуіне бағытталған саясат.

Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелділікке ұшыраған ұлт – құрып кетудің қаупі төнген ұлт.

Ал осыған қоса рухани тәуелділікке қаупі төнген ұлт – құрып кетуге бет алған ұлт.

Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелсіздігі бар, бірақ та рухани тәуелді ұлт – құрыған ұлт» (3-бем).

Ұлы адамдар өмірі мен берік ұстанымдарына назар аударады. Біртұтас Алаш идеясының мақсат-мұраттарына да осы тұрғыдан дең қояды. М. Әуезовтің өмірі мен қоғамдық қызметіне, шығармашылық мұрасына да осы бағыт, өлшемдер тұрғысынан қарайды (мысалы, «Бесігінді түзе!..», «Бесігінді аяла!..», «Бесігінді ұмытпа!..», т.б.).

«Алаш ісі» Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық мұрасында терең із қалдырды. Мәскеудегі «Әдебиет энциклопедиясынан» орын алған А. Байтұрсынов пен М. Әуезовке қарсы бағытталған әрекеттер бой көрсете бастады. «Советская степь» газетінде «Ашық хат» жарияланып (1929, 19 көкек), онда А. Байтұрсынов пен М. Әуезовке қарсылық білдіріліп, теріс бағалар беріледі. «Тергеу ісіне» жол ашады. «Алашорданың» атынан Колчактың үкіметімен келісім жүргізді» деген айып тағылады (9-бем). Тергеу барысында «Алқа» әдеби үйірмесі мен «Табалдырық» бағдарламасы хақында да жауап береді. Ленинградта оқығаны, Ташкентте тұрғаны, САГУ-де Ғылыми қызмет атқарғаны да еске алынады (21-бем). М. Әуезов жауабы мен Байділдиннің көрсетіндісі де күрделі кезеңнің сұрапыл да сұрғылт сәттерін еске түсіреді. Айыптау мен жазалау, қаралау мен қудалау сынды сипаттар мол-ақ.

Бұдан басқа – «Айыптау қорытындысы», ондағы «Мәдениет майданы» бөлігінен «Алашордашылар» бағыты, ұлт руханияты жолындағы әрекеттері кең орын алады. Ә. Ермаков мен М. Әуезовтің «Ашық хаты» («Социалды Қазақстан», «Казахстанская правда», 1932, 10 маусым) уақыт тынысын, «таным тартысы мен тағдыр таңбасын» да танытты (79-бем).

Бұдан уақыт таңбасы мен тынысынан өзге, елшіл тұлғалардың адамдық мұраты, шығармашылық кредосы да көрінді. Олардың көзқарасында ішінара өзгеріс байқалғанымен, тұтастай адами әлемі, шығармашылық мұрат-мүддесі жойылған жоқ. Аз-кем үзілістен соң-ақ, жаңа арна, соны серпінмен өзгеше соқпаққа түсті. Шығармашылық мұралары байып, жаңа тақырып, мазмұнға ие болды.

Кітаптағы – «Заман талқысы» қазақ қаламгерлерінің 30-жылдардағы қарым-қатынасын, көзқарастар қақтығысын, жекелеген кінә-кінәраттардан тұрса (103-169-бемтер), «Керазулар кергісі» Абай рухы, Әуезов мұраты төңірегінде өріс алады. Әсіресе Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақындық айналасы» атты тақырыптағы диссертациясы, көзқарастар мен талқылаулар, идеологиялық һәм дұшпандық бағыттар – кезең-уақыт шындықтарын ашады. С. Мұқанов пен Қ. Жұмалиев ой-пікірлері, М. Әуезов пен Қ. Мұхамедханов ұстанымдары ал-

ма-кезек беріледі. Ұлтқа, руханиятқа қызмет ету үлгілері танылады. Бұл тұстардан да қазақ қаламгерлері арасындағы қатынас, көзқарастар алуандығы танылып тұрады.

М. Әуезовтің «Манасты» зерттеу мәселелері жөніндегі ғылыми сессияға қатысуы (1959, 9-11 маусым), аталмыш эпостың тарихын айқындап, тағдырын шешуі ұлттық құбылыс, әлемдік оқиға ретінде қабылданады (208-225-бемтер). Бұл тұстардан М. Әуезовтің ұлт мұратына адалдығы, руханият ісіне, келешек мүддесіне қызмет еткені жіті танылады.

«Пәңгінің талқысы» кеңестік идеологияны, қазақ қаламгерлері арасындағы көзқарастар қайшылығын, жік пен топқа бөліну сырларын ашады. Оның бастапқы тұсы П. Кузнецовтың «Сынау орнына мадақтағандық» атты мақаласынан көрінді. З. Кедринаның «Мұхтар Әуезов», Т. Нұртазиннің «С. Мұқановтың творчествосы туралы» зерттеу кітаптары тілге тиек етілді. Баспасөзде еркін ой-пікірлер орын алды. С. Бакбергенов, Ғ. Орманов, т.б. айтыстың бел ортасында болды. М. Әуезов «Менің қателерім жайында» деген «Ашық хат» жазды. Осыдан-ақ, уақыттың ұрда-жық саясаты, қаламгерлер арасындағы екпін-серпіндер сыры терең танылады.

Тұтастай алғанда, Алаш мұраты, мұрасы мен мирасы жоғалып кеткен жоқ. Кеңестік жүйе, «жаныққан саясат, жандайшап идеология» үгіт-насихат

жүргізе берді. Жалпы халыққа, оның танымал тұлғаларының кедергі-кемшіліктерін іздеп, тінтулерін әр бағыт, арнада өрістетіп отырды. Әшкерелеу мен жазалау әрекеттері тоқтаусыз жүргізілді. Негізінен, «Пәңгінің талқысы» құжат, материалдар арқылы жүйелі арна алады. Авторлық ұстаным да осы болатын-ды.

«Қызылөнеш талқысы» М. Әуезовтің ғылыми-шығармашылық еңбектері, әсіресе қазақ эпосы, фольклорлық мұра мен оның тарихи-әлеуметтік мәселелері төңірегінде өріс алады. «Менің қателерім» түсініктемесінің эпосқа қатысты жерлері көпке ұсынылады. М. Әуезов пен М. Ғабдуллин арақатынасы, эпос туралы көзқарастары, қате-кемшіліктері де орын алады. М. Әуезовтің «Мәлікке хаты», А.А. Фадеевке хаты, қолтаңбалар сыры да көпшілікке қаз-қалпында жеткізіледі (281-282-беттер). Қазақ эпосы, ондағы әлеуметтік-тұрмыстық жырлар жөніндегі М. Ақынжанов баяндамасы туралы талқылаулар (286-бет), Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, М. Ғабдуллин, Ә. Тәжібаев, т.б. өзара ой-пікір, сөздері де беріледі (286-297-беттер). М. Әуезовтің баяндама төңірегіндегі көзқарастар, салыстыру-сараптаулары салмақты шығады. Эпос нұсқалары, бейнлер сипаты, халықтық қырлары көрсетіледі. Қысқасы, қазақ эпосы мен

лиро-эпостық жырлар жөніндегі ой-пікірлерден тану мен талдау, көзқарас алуандылығы аңғарылады. Автор М. Әуезовтің қилы тағдырын шығармашылық мұрасымен сабақтастықта сөз етеді. Оны эпос әлемі, өзіндік ерекшеліктері төңірегіндегі ой-пікір, көзқарас эволюциясымен табиғи байланыстырады. Уақыт табы мен тынысы, М. Әуезовке қатысты кінә-кінәраттар сыры да дерек, құжаттар негізінде дамып отырады.

«Тылсым талқысы» М. Әуезов өміріндегі қилы кезең көріністерін, әсіресе ұстаздық қызметтен босауын, жасырын түрде Мәскеуге аттануын, А.А. Фадеев арқылы Ашық хат жазуын жүйелі жеткізеді. Абайтану төңірегіндегі айтыс-тартыстар, С. Нұрышевтың табанды түрде М. Әуезов шығармашылығынан кінә-кінәраттар іздеуі, ұлтшылдығы баса көрсетілуі кең орын алады. Абайтану туралы біріккен қаулының қабылдануы, Нұрышевтың қателігі мен әділетсіздігі көрсетіледі. Жазалау мен талқылау дерек, құжаттар арқылы беріледі. Абай әлемі, акындық өнері мен ортасы да ғылыми-шығармашылық бағытта өріс алады. Ара-тұра көзқарастар қайшылығы, пікір алуандылығы орын алып, оның өзі уақыт тынысы, дереккөздерімен дәйектеледі. Өмір мұраты, уақыт бедері, авторлық ұстаным да кезең, жүйесіне сәйкес беріледі. Маныздысы, Абайтану төңірегінде орын алған көзқарастар

үлгісінде ұсынылғандықтан, автор оның анық-қанығын қалың көпшілікке қалдырады. Тұтас мәтіндер жүйесі уақыт тынысын, көзқарас эволюциясын аңғартары анық.

Бұдан, сөз жоқ кешегі күннің күңгірінен өзге, ұлт пен ұрпаққа қатысты ұнамды үлгі, үрдістерді де танып-білуге болады. Алайда М. Әуезов әлемі, Абайтану төңірегіндегі тану мен талдау жүйелерінде біржақтылық басым болғанын, оның өзі М. Әуезовті кінәлау, тұқырту тұрғысында дамығанын жоққа шығару қиын.

«Сұлделер сүргісі» М. Әуезовтің «Абай» романының талқыға түсуі мен тағдырының айқындалу сырларын ашуға арналады. «Казправдаға» басылған «Абай» романы жөнінде, М. Әуезов ой-пікірлері қатар беріледі (350-361-беттер). Қазақстан ОК «М. Әуезовтің «Абай» романы туралы» қалалық мәжіліс өтеді (1953, 11-12 тамыз). Т. Ахтанов баяндама жасайды. Т. Әлімқұлов, Е. В. Лизунова, т.б. сөйледі. М. Әуезовтің талқылауда сөйлеген қорытынды сөзі – Абай әлемін, ол жайлы романның қыр-сырын кеңінен ашады. Т. Ахтанов баяндамасының ұнамды тұстары, Ғ. Мүсіреповтің алғашқы, көлемді пікірлері, роман басылымдары, ескертулердің сыр-сипаттары, «Ақын аға» романындағы қателіктер, Кенесарыға қатысты оқиғалар, т.с.с. жүйелі жеткізіледі. «Нағыз талқылау – авторға септігі тиген талқылау»

екенін есте ұстайды (388-бет). «Абай жолын» әр қырынан ашты, жаңашыл бағыт, ұнамды тұстарын ортаға салады. Көпке ортақ қырларын, көркем һәм рухани арналарын кең көлемде көрсетеді. Бұл тұстардан да автор дереккөздерін, материалдар топтамасын қаз-қалпында ұсынып, уақыт таразысына тартады. Ақиқат алаңына құжат, материалдар шығарылады. Онда, сөз жоқ шынайы шындықтар орын алғаны анық.

Жалпы алғанда, әдебиет зерттеушісі, профессор Т. Жұртбайдың «Ұраным – Алаш!..» атты үш томдық түрме әфсанасы (Алматы: Ел-Шежіре, 2008, 2011) ұлт мұраты мен руханиятына адалдық танытқан, Алаш мұрасын баянды ету жолында жанкешті еңбегі мен өнегелі өмірлерін арнаған танымал тұлғалардың (мысалы, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Д. Әділев, Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев, Ә. Ермеков, М. Тұрғанбаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, т.б.) тағдыр-талайын, көзқарасы мен қолтаңбасын, бағыт-ұстанымдарын кеңінен көрсететін іргелі ізденіс, зерделі зерттеу болып табылады.

Т. Жұртбайдың «Сүре сөз» атты публицистикалық еңбегі тәуелсіздік кезеңінің күнгеі мен көлеңкелі тұстары, елдік мұрат-мүдде жайындағы танымал тұлғалардың жанкешті әрекет-қимылдары, ұлт тарихы мен тағылымы төңірегіндегі ой-

лар мен толғаныстар жиынтығынан тұрады (*Алматы: Экономика, 2005. – 400 бет*).

Кітаптың табиғатынан елдік мұрат-мүдде мен руханият мәселелері, қоғамдық орта мен әлеуметтік арналар, әдеби-мәдени мұра мен білім-ғылым ісі, тәлім-тәрбие тағылымдары терең танылады. Бұдан басқа, атап айтқанда ұлттық идея мен мәңгілік ел жайлы толғам-толғаныстар, көне кезең жәдігерлерінің сыры мен сымбаты, зар заман ағымы мен көркем ойлау жүйесі, Алаш идеясы мен Желтоқсан қозғалысының мәні, Александрия кітапханасының тарихы мен тәжірибесі, «Отырар кітапханасын» құру мен оның бастапқы һәм қазіргі халі, Абай әлемінің иірім-сырлары, т.с.с. елдік тұрғыдан қозғалып, адамдық һәм азаматтық парыз-қарыз биігінде сөз етіледі.

Кітап авторы аталған тақырыптардың қай-қайсысында көңіл көрігінде қорытып, ақыл-парасат таразысына тартып, одан кейін түйінді тұстарын, ұлт пен ұрпаққа, ел-жерге қатысты мәселелерін тамыршыдай тап басып көрсетеді. Мәселен, «Мәңгілік аңсар» – көшпелілердің рухани кеңістігі, қасиет болмысы, ұлт пен ұрпаққа аманаты төңірегінде ой қозғаса, «Ойсоқты аңсар» зар заман ағымы мен көркем ойлау жүйесінің тарихи тамырларынан сыр тартады.

Ал «Александрия» кітапханасы мен «Кеудесі қуыс қалған далам-ай»

сынды мақала-зерттеулер ұлт руханияты, ел тарихы мен оның қымбат қазыналары хақында сөз етсе, «Ұлттық идея», «Ұлтымыздың рухани ұйытқысы», «Тәуелді-тәуелсіздік», «Несіне жетісеміз», «Теріс тұжырымдар», «Оларды да ұмытпайық», «Жас жүрек жайып саусағын», т.с.с. кеше мен бүгін мәселесі, тарих пен таным, тіл мен дін төңірегіндегі өзекті ойлар, саралы да сүрелі сөз жүйелері кең орын алады. «Сүрсөз» ұлт руханиятының арғы-бергі кезеңдерінен сыр тартып, бүгін мен болашақтың биігінен келелі де кемел ойлар қозғайды. Тарих пен танымның тағылымды тұстарын басшылыққа алған, оны өмір һәм шығармашылық тәжірибемен табиғи сабақтастықта берік ұштайды. Жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс, авторлық ұстаным мен қолтаңба мәнері, зерттеу мен зерделеу жүйесі бейнелі де бедерлі, еркін де терең көрініс береді. Кеше мен бүгінге көзқарас айқын. Ұлт пен ұрпақ қамы, елдік мүдде һәм руханият ісі алдыңғы кезектен орын алады. Оны айту мен жеткізу жолдары жеңіл, жүйелі, байыпты баяндалады. Әсіресе, аталмыш кітап беттерінен кең орын алған: «Ғаламдық сана мен ойлау жүйесінің мәні» (9-бет), «Көркем ой-сананың сүзбесі» (116-бет), «Рухани тәуелсіздікке жетпеген ұлт – мәңгілік басы байлы ұлт болып қала береді» (120-бет), «Әлемдік өркениетке таза ұлттық рухы-

мызбен үлес қосайық» (123-бет), «Идея – мәңгілік, идеология – өтпелі» (134-бет), «Жаны жаншылып, рухы езілген елдің ұлы мұратын анықтап берген, қызыл қырғыннан сақтандырған «Алаш» көсемдерін патшалық самодержавие тұтқындап, жер аударып, әйтеуір жанын олжаға қалдырып еді» (286-бет), т.б. ой-пікір үзіктерінен, көзқарас пен қолтаңба бедерінен елшіл-қоғамшыл белгілер, ортақ мұраттар, ұлттық рух пен руханият ісінің өзекті мәселелері айқын аңғарылады. Демек, Т. Жұртбай шығармашылығындағы көсемсөздері:

– елдік мұраттарды тереңнен толғайды;

– тарих пен танымның байланыс-бірлігіне ерекше мән береді;

– руханият ісіндегі дәстүр мен жаңашылдыққа, әдеби-мәдени үдерістерге, көркемдік-эстетикалық құндылықтарға ұлттық мұраттар тұрғысынан қарап, қазіргі кезеңнің шындықтары мен талап-тілектері, әлемдік даму мен өркениет өрістері басты назарда тұрады.

Бұдан шығатын түйін: ұлт мұраты, адам әлемі, өмір мәні, қоғамдық құбылыстар, уақыт сыры, т.с.с. өзіндік өзгешіліктері бола тұра адамзаттық құндылықтарымен маңызды болып табылады. Ар ілімі, ақыл-парасат еркіндігі, адами-имани мұраттар алдыға шыққанда өмір жолы ашылып, дүние сыры айқындалып, ақиқатқа

құштарлық арта түседі. Өмір мұраты мен мәні бұрынғыдан да бедерленіп, адалдық, әділеттілік, еңбексүйгіштік сынды белгі-ерекшеліктер айқын көрініс береді. Адам мұраты, өмір өнегесі мен еңбек баяны осыған саяды. Адам мұраты, өмір мәні де осында болса керек.

Тұтастай алғанда, ғалым-қаламгер Т. Жұртбай шығармашылығында:

- елдік мұраттар арқау етілген;
- тарих пен танымға табан тіреген;
- атамұраға адалдық танытқан;

– Алаш идеясы мен оның қайраткер-қаламгерлерінің өмірі мен кезеңі, мұралары өмір шындығы, уақыт бедері тұрғысынан таразыланады;

– кеше мен бүгін байланысы, зерттеу мен зерделеудің тағылымды тұстары кең орын алады. Нәтижесінде: өмірі мен өнерін, зерттеу мен зерделеу жүйесін ақиқат жайттарға құрып, ұлт тарихының белесті тұстарын, танымал тұлғалардың тағдыр-талайын уақыт шындықтары тұрғысынан батыл да еркін, терең де тағылымды саралауы қазіргі кезеңнің мақсат-мұраттарымен, талап-тілектерімен табиғи үндестік табады. Өмір ақиқаты-өнер шындығына айналады. Бұдан:

- ақиқат жолы;
- ар айнасы;
- абырой биігі айқын аңғарылады.

Бұл – басты бағыт, ортақ мұрат. Бұл – жазушы еңбегі мен шығармашылық үдерістің баршасына қатысты түйіндердің бірі.

Бұдан қаламгер-ғалым Т. Жұртбайдың: ұраны – Алаш, мұраты – мирас екені терең танылады.

Ұстаз-ғалым Ж. Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991) «Бөлтірік Әлменұлы және шешендік өнері» (1996), «Жазушы еңбегі» (2001) атты зерттеулері қазақ әдебиеті тарихының арғы-бергі кезеңдерін танып, талдауға арналған. Айталық, «Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты монографиясында қазақ романдарындағы өткен дәуірлер болмысын көркемдік-реалистік тұрғыдан жинақтап, сол арқылы туындының поэтикалық құрылымындағы тарихи-этнографиялық, фольклорлық, әдеби материалдардың танымдық, тәрбиелік қызметтеріне, қаламгердің өмір құбылыстарын таңдап, талғау мәнер-машықтарына назар аударылады. Бұл мәселелер негізінен, «Көркем шығарма және оның тарихи негізі», «Көркем шығарма және оның этнографиялық негізі», «Көркем шығарма және оның фольклорлық негізі», «Көркем шығарма және оның әдеби негізі» сынды тараулар арқылы жүйелі арна алып, әлеуметтік-рухани өзгерістерге, кеше-бүгін байланыстарына зор көңіл бөлінеді.

«Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты еңбек бірнеше қырларымен ден қойғызады:

Шешендік өнер табиғаты, шешен таланты мен оны жасаушылардың

байырғы өкілдері хақында жүйелі, нақтылы деректер беріледі:

Қазақ шешендік өнеріндегі Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің өнегелі өмірі мен дәстүр тағылымдары кеңінен көрсетіледі:

Билер дәуірінің көрнекті өкілі Б. Әлменұлының әдеби мұрасы, ондағы көркемдік-эстетикалық мұраттар, ақыл-билік, ділмар сөздер, өрнекті ойлардың сыры ашылады.

«Жазушы еңбегінде» талант табиғаты, қаламгерлік мұрат пен оның басты кезеңдері, шығармашылық үдеріс, өмір шындығы мен көркемдік шешім сырлары жан-жақты сөз етіледі. Автор жазушы еңбегін көркемдік қиял, тарих шындығы, халық әдебиеті мен мәдениеті, әдеби мұра мәселелерімен тығыз бірлік-байланыста қарастырып, осының негізінде өмір шындығынан өнер туындысын жасаудың шығармашылық қырларына зор маңыз береді. Ол үшін әрине тарихи дерек көздеріне, өмір материалдарына, көркемдік-сюжеттік желілерге, шығармашылық үдеріс аясында жазушының ойдан шығару мен ақиқат жайттары мен көзқарастарына көп көңіл бөлінеді. Әдеби шығарманың тарихи негіздері, қазіргі қазақ романдарының мағыналық-құрылымдық жүйесі, этнографиялық, фольклорлық материалдардың көркем туындының поэтикалық жүйесіне әсер-ықпалы арнайы қарастырылады.

Негізінен алғанда, ғалым Ж. Дәдебаевтың ізденіс-еңбектері туған халқының өткен кезеңдерін, тағдыр-талайын әр қырынан сөз етіп, ел мұраты мен азаттық, теңдік жолында жанын жалау еткен тұғырлы тұлғалардың орын-үлестерін айқындап, кейінгі ұрпақ-буындарға үлгі-ғибрат етіледі.

Екіншіден, кейбір тақырып, мәселелер арғы-бергі үлгі-нұсқаларымен салыстырылады, қажетті әдебиеттер, дерек-құжаттар қатар көрсетіліп, өмір-уақыт сырларын көркем, жүйелі, жатық жеткізіледі.

Үшіншіден, ежелгі мәдениет куәлары, әулие ата-бабалар, би-шешендер, халық өнерпаздары, т.б. өмір-уақыт шындықтары мен бүгінгі күннің талап-талғамы тұрғысынан қарастырылып, тарихи-ұлттық сипаттарына, танымдық-тәрбиелік мұрат-міндеттеріне маңыз беріледі.

Ең негізгісі, профессор Ж. Дәдебаев қазақ сөз өнерінің құпия-сырларына қанық, тарихи-көркем шығармалар табиғатын тамыршыдай тап басып танып-талдайды, ондағы өмір-уақыт ақиқаттарын әдебиет теориясының талаптарымен тарихи-руханияттық категорияларға, көркем танымдар жүйесіне сай саралап, өзіндік ізденістері тарапынан дерек-дәйектер арқылы дамытып, көзқарас-толғамдарын батыл да еркін жеткізе алатыны айқын аңғарылады. Осының негізінде көркем-тарихи

туындылардағы СӨЗ бен САЗ ажырамастай бірлік-үйлесім тауып, ізденіс нәтижелері, зейінді зерттеу сыны мен сымбатын бұзбастан қалың көптің рухани талап-талғамы деңгейінен шығып отырады.

Әдебиет зерттеушісі **Б. Майтановтың** «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001) атты еңбектері әдеби туынды табиғатын, көркем прозаның поэтикасын, қазақ романының даму кезеңдерін, қаһарманның рухани әлемі мен ондағы мінездеу, психологиялық параллелизм, диалог, монолог мәселелерін кеңінен қарастырады. Зерттеуші, әсіресе, Ш. Құдайбердиевтің «Әділ-Мәрия», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С. Торайғыровтың «Кім жазықты?», «Қамар сұлу», С. Көбеевтің «Қалың мал» С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ж. Аймауытұлының «Ақбілек», М. Әуезовтің «Абай жолы», Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Жат қолында», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», т.б. танымал туындыларын өзіндік ерекшеліктеріне сай-саралап, жүйелі сөз етеді. Көбінде кейіпкер жүйесінде, психологиялық аспектіге назар аударып, қайсыбір туындыларды топтап, жалпылама баяндайтын тұстары да бар. Өткір сын, өзекті ойлар, толғамды толғаныстар айқын аңғарыла бермейді.

Профессор С. Негимовтың «Өнерлік өрнектер» (1996), «Мәлік дуллин» (2001), «Ақын-жыраулар жиясы» (2001) сынды кітаптары биет тарихының белесті кезеңде қамтиды.

«Өнерпаздық өрнектер» ұлттық поэзия тарихында ақындық-әншілік, әрлік қырларымен қалың көпкесінен танымал Д. Әлімбайұлы, Жапсарбайұлы, И. Байзақов, Ақан Әлі, Ы. Сандыбайұлы, т.б. өмірі мен өңірін, өнердегі орындарын соны десек, мол материалдар арқылы жүйелі сөз етеді. Сол арқылы әдебиеттің текші жанры-поэзиядағы көркемдік қуаттар, бояу-өрнектер, тіл мүмкіндіктері кеңінен көрсетіледі.

Кеңес Одағының Батыры, КСРО педагогика Ғылымдары академиясының академигі, ұстаз-ғалым, жаны Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен шығармашылығына арналған еңбек «Мәлік Ғабдуллин» деп аталады. Кітапта М. Ғабдуллиннің жастық кезеңінен студенттік-аспиранттық шақтан бастап танымал тұлғаға айналған сәттер, өсу, есею бел-белесі жүйелі баяндалады. Әсіресе, М. Ғабдуллиннің білім-ғылым жүйесіндегі ізденіс еңбектері, майдан жылдарындағы ерлік-елдік сипаттары, фольклортану мен әдебиеттану, поэзия өнері мен педагогикаға қатысты көзқарастары, эпистолярлық мұрагер, т.б. алуан дерек көздері, естелік-ұхбаттар негізінде кең өріс алады.

Қазақ әдебиеті тарихында ақын-жыраулардың өмірі мен шығармашылығы, ондағы қоғам мен тарих, адам мен оның еңбегі, ұлт тағдыры мен ұрпақ қамы, дәстүр өнегелері, тұрмыс суреттері кең көлемде орын алғаны анық. «Ақын жыраулар поэзиясы» атты еңбекте ұлттық сөз өнері – генезис, стилистика, поэтика тұрғысынан қарастырылуымен ден қойғызады.

Ұлт тарихы мен әдебиеттің айрықша бөлігін құрайтын ақын-жыраулар шығармашылығы фольклорлық дәстүрді дамытып, қазақ сөзінің, өлең-өнердің қадір-қасиетін, оның әуелгі негізі мен есею-өсу эволюциясын биік белеске көтергені анық. Кітап авторының ұзақ жылдар бойы тынымсыз ізденіп, оқып-түйіп, жоғары мектепте ұстаздық-ғалымдық бағытта да үзбей айтып-жазып келе жатқан ақын-жыраулар поэзиясындағы бейнелі сөздер табиғаты, ондағы образдық-метафоралық, лексикалық-фразеологиялық қабаттары, фольклорлық стилистика, ұлттық-рухани дүниетанымының ерекшеліктері, сөз-ұғымдардың, сөз-образдардың, сөз-символдардың поэзиялық қолданысы, мәні мен мағынасы, әдеби-эстетикалық һәм көркемдік заңдылықтары, тарихи негіздері, дәстүр мен жалғастық сипаттары, т.б. терең де байыпты баяндалады. Автор бұл тақырыптарды әдебиет тарихының басты мұраты, ой-сөз жүйесінің не-

гізгі мәйегі, көркемдік танымдық күретамыры ретінде көрсетеді.

Кітап құрылым жағынан төрт тарауды құрап («Образдық жүйе: көркемдік дүниетаным және поэзиялық лексиканың ұлттық ерекшеліктері», «Поэзия тілінің көркемдік-бейнелік құралдарының дамуы», «Сөз талғау: фольклор тілінің стилистикалық және айтыс өлеңдерінің бейнелік сипаты», «Өлең-жыр: өрнек өлшемдері мен құрылым жүйесі»), онда:

Ақын-жыраулар поэзиясының халықтық сипаты;

Түркі тілдес халықтар поэзиясына ортақ белгі-желілер;

Ұлттық тілдің эстетикалық-танымдық табиғаты;

Халық ақындары (Жамбыл, Кенен, Иса, т.б.) поэзиясының көркемдік құрылымы;

Ұлттық сөз өнеріндегі бейнелілік, жүйе мен мағыналық-метафоралық қырлары, ақыл-парасат иірімі, ой-сөз, сыр-сезім, көркемдік әлем т.б. кең көлемде зерделеу мен талдаудың, іргелі-ізденіс пен байыпты бағалау-саралаудың негізін құрайды.

Маңызды мәселе ретінде еске алар тұстардың бірі – ақын-жыраулар поэзиясы: генезис, стилистика, поэтика тұрғысынан танып-талданады; ұлттық өлең-жыр – халықтық-фольклорлық сипаттарымен байытылады; бейнелік құралдар жүйесі ұлттық дүниетаныммен, этикалық-филосо-

фиялық көзқарастарымен, ғылыми-теориялық және көркемдік қиял мен ойлау, лексикалық-фразеологиялық астар-мәндермен бірде қатар, енді бірде салыстырыла сөз етіледі. Автор бұл тұстарда да өлең-өнер табиғатына терең еніп, ақын-жыраулар мұрасына, ондағы ұлттық белгі-қасиеттерге зор маңыз береді. Кеше мен бүгін байланысына, ортақ сипаттарға да ден қояды. Мұның мәнін, сыр-сипаттарын бүгінгі талап-талғам тұрғысынан танып, білгеннің ешбір артықтығы жоқ.

Кітап авторы бұл бағыттағы ізденіс арналарын-халық мәдениеті үлгілерімен (мысалы, аспан әлемі, жыл мезгілдері, аң-құстар дүниесі, әр түрлі наным-сенімдер, т.б.), ұлттық дәстүрге сай ойлау жүйесі мен (мысалы, халықтық әдет-ғұрып, мифологиялық сипаттар т.б.), ақын-жыраулар поэзиясындағы бейнелі-бедерлі ой-сөз сарасы, көркемдік-эстетикалық қасиеттер, ақыл-нақыл, ғибрат үлгілері, т.б. ұлттық ерекшеліктерімізге лайық сыр-сипаттарын ашады.

Автор көркемдік дүниетаным мен поэзиядағы ұлттық белгілерді халық әдебиеті үлгілерімен ақындық өнер әлемімен байланыстырады. Мұның мысал-дерегі – «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сынды жыр-дастандардан, ақын-жыраулар – Асан қайғы, Ақтамберді, Қазтуған, Доспанбет,

Жиёмбет, Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулат, т.б. өлең-өнерлерімен сәйкес, сабақтастықта талданады. Ондағы ақыл-парасат, көркемдік өнер, ой-сөз жүйелері, ұлттық белгі-қасиеттерге зор маңыз беріледі. Біздіңше, зерттеу еңбектің бұл тұстары мысал-деректің шектен тыс көптігімен ғана емес, керісінше жекелеп-топтап талдануымен, поэзия табиғатына, көркемдік-таным иіріміне тереңдей енуімен де назар аудартады. Өлеңдегі өмір, ондағы адам мұраты мен оның еңбегі, уақыт-тұрмыс, т.б. сырлары өзіндік белгі-ерекшеліктеріне сай сөз етіледі. Маңыздысы: ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлттық ерекшеліктер, көркемдік-дүниетаным иірімдері тілдік-стильдік сипаттарымен, өзіндік ерекшеліктерімен ден қойғызады.

Автор ізденісі, әсіресе, Асан қайғы, Қорқыт, Жиренше, Қазыбек, Төле, Әйтеке, Сырым сынды танымал тұлғалардың ұлт тарихындағы орын-үлестерін айқындаудағы ортақ мұраттарды байыпты танып-талдаудан, халық әдебиетіндегі көркемдік құбылыстар сырын ашудан, халықтық-фольклорлық стилистикаға зор маңыз беруден, ұлт тарихындағы салсерілік дәстүр табиғатына қатысты көзқарастардан терең танылады.

Қазақ өлең-жырының табиғаты, жүрекке жылы ұялар әуен-сазы – Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Нұрлыбек, Иса, Саяділ, Омар, т.б. өмір мен шығармашылығына тән белгілер – ән-

шілік, орындаушылық қабілет-қасиеттер, өлең сөздегі – дыбыс, ұйқас тізбектері, эмоциялық-эстетикалық әуен-саз, фразеологиялық нақыш-орамдар мазмұн-форма үйлесімі, көркемдік амал-тәсілдер, интонациялық құрылыс-жүйе, инверсиялық құбылыс, поэзиялық әрі музыкалық әуен-ырғақ, т.б. қазақ өлеңіне ақындық-мәдениетке тән талап-өлшемдер негізінде өріс алады.

Автор ақын-жыраулар бойындағы әншілік-орындаушылық, сазгерлік сынды табиғи хәм тума қабілет-қасиеттерге, халық ақындар мұрасындағы ұйқас-ырғақ, дыбыс үйлесімдеріне, әр алуан қайталаулар мен интонациялық құрылыс-жүйесіне, ой мен сөз өрнегіне де көп көңіл бөліп, ондағы ұлттық ерекшеліктерімізге, халықтық мәдениет пен дәстүр-жалғастық сипаттарына зор маңыз береді. Ақын-жыраулардың әуелгі мақсат-мұраттарына, өлең-жыр арқылы жеткізген өмір-тұрмыс, ел-жер жайлы толғам-толғаныстарына назар аударылады. Сол арқылы өлең-өнер мүмкіндіктеріне, ондағы өрнек-өлшемдер сыр-сипаттарына кең орын береді.

Тұтастай алғанда профессор С. Негимовтың «Ақын-жыраулар поэзиясы» атты зерттеуі өлең сөздің қайнар бастауы – халық әдебиеті үлгілерінен бастап, ұлттық-рухани дүниетаным иірімдерін, қазақ өлең өнерінің әдеби-эстетикалық көркемдік құрылыстары мен қолданылуын, ондағы

образдық-метафоралық, лексикалық-фразеологиялық хәм ой-сөз жүйесін, жалпы дәстүр мен жалғастық сипаттары кең көлемде қарастырылумен мәнді.

Зерттеуші Ж. Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы» атты зерттеуінде (1999) ұлттық әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу кезеңдері, кеңестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснаманың «үздік үлгілері», ұлттық сөз өнерінің даму жолы мен көркемдік-идеологиялық ерекшеліктері, тарихи-танымдық сипаттары, әдеби мұраны игеру мен осы бағыттағы алғашқы ізденістер, ғылыми-зерттеушілік көзқарастар жаңа уақыт талаптары тұрғысынан қарастырылады. Автор көбінде кеңестік жүйе «тағылымдарына», әдеби бағыт-арналарға, әр жылдардағы қаулы-құжаттар сырына ден қояды. Нәтижесінде, ұлттық сөз өнерінің әуелгі негіз-арналары, әдебиеттану ғылымындағы алғашқы ізденіс-ірікілістер, болашақ бағыт-бағдарлары нақтылы дерек, жүйелі салыстыру, өзіндік толғам-толғаныстар арқылы байыпты сараланады.

Алайда автордың ізденіс, еңбектерінде бұрыннан белгілі жайттар тым тәптіштеліп, ұзақ-сонар баяндалады. Ара-тұра кездесетін тізімдер түзілісі, схемалық үлгілер, басы артық үзінді-сілтемелер, ұлтаралық тілдегі мәтіндер, т.т. шолу сипатында неме-

се қысқа-нұсқалы үлгіден берілгенді әдеби-ғылыми жұртшылықтың рухани әсері артар-ақ еді.

Қ. Сақтың «Ұлттық сана ұйытқысы» атты еңбегі (А.: Қазақ университеті, 2001. – 183 бет) «Қазақ» газетінің әлі де беймәлім қырларын, «Айқаппен» айтысқан тұстарын, ұлт зиялыларының ел тәуелсіздік жолындағы қажырлы күрестерін сөз етсе, Т. Бекниязовтың «Өмірсіз құштарлық» атты зерттеу мен шығармашылық бағыттағы еңбегі туған әдебиет туралы толғам-толғаныстардан, повесть, әңгіме, очерктер жиынтығынан тұрады. Кітаптағы «Проза: классиктер үлгісімен», «Ақтандақтар ақиқаты», «Халық пен тарих бейнесі», «Елдік тағылымы» сынды мақалалар мазмұны мен табиғатынан ұлттық әдебиеттің жай-күйі, суреткерлік сипат, көркемдік-эстетикалық қуаттың алуан арна-бағыттары жүйелі, нанымды сөз етіледі. Жалпы, бұл екі еңбек те ұлт тарихынан, сөз өнерінің белесті кезеңдері хақында сыр толғайды.

Әдеби сынның дамуы мен проблемалары, көркемдік-теориялық дәрежесі, ізденіс-арналары туралы айтқанда бұған дейінгі кезеңдердегідей көптеген кітаптарды, соншама авторларды атап, ұзақ-сонар тізім бере алмасымыз анық. Басты себеп: ел егемендік алып, тәуелсіздік талаптары өмірдің барша саласын қамтығандықтан, руханият дүниесіне

талап, талғам күшейді. Сын мен сыншы мұраты да еселеп артты. Әдеби сын мақалалары мен сыншы кітаптары көп басыла қойған жоқ. Баспа-сөз беттері мен әдеби басылымдарда сынның үлгі-өрнектері де көп көріне қоймады. Бұрындары жүйелі жарық көріп келген «Беталыс», «Сөзстан», «Уақыт пен қаламгер» сынды әдеби жинақтар тоқтады. Алайда кезең-уақыт тынысын, қазақ әдебиеті дамуының маңызды мәселелерін, жазушы еңбегі мен шығармашылық қырларын, әдеби үрдіс пен жанрлар жүйесін сөз еткен З. Ахметовтың «Абайдың ақындық әлемі» (1995), Р. Бердібайдың «Эпос мұраты» (1997), С. Қирабаевтың «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2001), З. Қабдоловдың «Көзқарас» (1996), Т. Кәкішевтің «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), Ш. Елеуқеновтың «Әдебиет және ұлт рухы» (1997), Р. Нұрғалидың «Сырлы сөз» (2000), С. Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993), З. Серікқалиевтың «Сын кітабы» (1997), Ж. Дәдебаевтың «Жазушы еңбегі» (2001), Қ. Ергөбектің «Баянғұмыр» (1991), Б. Майтановтың «М. Әуезов – суреткер» (1996), Б. Кәрібаеваның «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» (2001), А. Егеубаевтың «Кісілік кітабы» (1998), Р. Тұрысбектің «Сөз сарасы» (1996), «Ар айнасы» (2000), Т. Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» (1999), Д. Ысқақұлының «Сын өнері» (2001), т.б. әдеби сын, зерттеу кітаптары жарық көрді.

Бұл жылдары әдеби даму мен үрдіс, көркемдік жанрлық жүйе, руханияттың әр алуан мәселелері М. Әлімбаев, Ә. Нұршайықов, Т. Әбдірахманова, С. Шәймерденов, Қ. Мырза-Әли, М. Мырзахметұлы, М. Жолдасбеков, Ә. Кекілбайұлы, С. Қасқабасов, Ә. Нарымбетов, М. Серғалиев, С. Досанов, С. Мақырұлы, Қ. Алпысбаев, Б. Әбдіғазизұлы, Қ. Әбдезұлы, Б. Әбілқасымов, З. Бейсенғали, Т. Жұртбай, А. Жаксылықов, С. Негимов, Ә. Меңдеке, Ә. Балқыбек, Д. Қамзабекұлы, Б. Кәрібаева, А. Кеңшілікұлы, Б. Смаинов, Ә. Тарақ, М. Үмбетаев, Ш. Ыбыраев, т.б. ақын-жазушылар мен әдебиет зерттеушілерінің ізденістерінен, жекелеген еңбектері мен мақалаларынан кеңінен көрініс тапты.

Сын мен сыншы мұраты, ұлттық сөз өнерінің даму бел-белестері, көркемдік таным арналары З. Серікқалиұлының «Сын кітабы» (1997) таңдамалысының алтын арқауын құрайды. «Керуен жолы», «Дүниетану даналығы» атты қос бөлімде қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері, әдеби-ғылыми, көркемдік әлем иірімдері, ізгілік пен имандылық жайлы жан-жақты сөз етіледі.

«Дүниетану даналығы» (1994) көне кезеңнен қазіргі дәуірге дейінгі аралықтағы өнер табиғатын, ғылыми және көркемдік дүниетаным ерекшеліктерін, мәдени-рухани мұралардың өзара байланысымен бірін-бірі байытуы, эстетикалық қуат-нәрі ке-

нінен көрсетіледі. Біздіңше, бұл еңбектер ұлттық мұратты, руханият өрісін кеңінен көрсетеді. Әдеби мұра мен оның зерттеудің көкейкесті мәселелерін, сын мен сыншы сипатын жан-жақты танытады. Танып-талдау еркін. Уақыт бедерлері айқын.

С. Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» атты сын мақалар мен портрет, эсселер кітабы (1993) мәдени-рухани өмірдегі өзгеріс-құбылыстарды, ақын-жазушылар шығармашылығындағы өзіндік ізденіс, бағыт-бағдарларды, қолтаңба мен көзқарастағы, ой-сөз жүйесіндегі, стиль сипаттарындағы ерекшеліктерді жан-жақты талдап, кең көлемде саралайтын ойлар мен толғаныстардан тұрады.

Сын кітабы «Азаматтық поэзия – айқындаушы күш», «Шындыққа сүйіспеншілік», «Қолжазбадан кітапқа дейін» деген бөлімдерден, сөз өнерінің алуан қырын, жекелеген қаламгерлердің өзіндік өзгешелігін көрсететін көптеген мақалалардан, сыншы-ой сипаттарынан тұратын толғам-түйіндердің негізін құрайды.

Алғашқы тараудағы «Азаматтық поэзия – айқындаушы күш», «Биік мұрат тұрғысынан» атты мақала күрделі жанр – романға тән белгі-ерекшеліктерді танып, таразылаудан басталып, қазақ әдебиетінде осы бағытта қалам тербеп жүрген жазушылардың жетістік, кемшіліктерін көрсетуімен, сондай-ақ әдебиеттің көркемдік-

эстетикалық талабы мен сапасын әрі философиялық-психологиялық талдау, характер қарекеті мен ішкі монолог, т.б. мәселелерді нақтылы, дәлелді сөз етумен ерекшеленеді. Мәселен, И. Гегенің «Фауст», М. Гончаровтың «Обломов», М. Шолоховтың «Олар Отан үшін шайқасты» секілді көлемді де күрделі шығармаларды, М. Әуезовтің «Абай жолы», Ғ. Мүсіреповтің «Жат қолында», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», т.б. романдарды тақырыптық аясы, жанр мүмкіндігіне сай сараласа, керісінше, С. Бақбергеновтың «Қансонар», Қ. Оразалинның «Абайдан соң», т.б. романдарының «...адам психологиясын берудегі, образ-характер мүсіндеудегі мүшкіл хал, таныс әуен, таптаурын соқпақтан аса алмағандығын өкінішпен айтар едік» деп (14-бет) ой түйеді. Сондай-ақ, М. Мағауиннің «Көк мұнар» романына қатысты «...жақсы тақырыпты жасатын алуы, уақытқа тән әлеуметтік мәні бар шындықтарды тап басып көрсете алмауы» (17-бет), Н. Сералиевтің «Махаббат туралы хикая» атты повесі туралы: «...жалған сүйіспеншілікті, өмірдегі кездейсоқ жайларды жазудан аса алмайды» деп (24-бет) жанр талабы, өмір мен көркемдік шындықтың арақатынасын ұлттық әдебиеттегі орны, үлгі-белгілермен байланыста, дәлелді сөз етеді.

Сыншы еңбегінің, көзқарастарының терең көрініс беретін тұсы көр-

кем шығармадағы философиялық ой айту мүмкіндіктері, кейіпкер сөзі мен монолог-толғаныстары мен авторлық баяндау-суреттеу, т.б. сай саралануында дер едік. Бұл ретте Ғ. Мүсірепов, Т. Әлімқұлов, Ә. Кекілбаев, Ө. Бөкеев, т.б. повестеріндегі «...оқиға мен образ логикасынан философиялық шешімдер, ой-түйіндеулер» байқалса, А. Сүлейменовтың «Бесін» прозадағы философиялық ой айтудың жақсы нышаны (*21-бет*), оңды белгісі ретінде сөз етеді. Сыр-сипаттары көрсетіледі. Маңызы ашылады.

Сын кітабына енген «Азаматтық позиция – айқындаушы күш», «Азаматтық формуласы» және «Бүгінгі жазу – өмір талабы», т.б. мақалалар әдебиеттің жалпы мәселелерін, даму сипаттарын сөз етумен бірге қоғамдық-әлеуметтік, адамгершілік-философиялық жайлар, елдік-ұлттық мүдде мен көркемдік құбылыстар, жаңашылдық белгі-нышандар алдымен Абай поэзиясы негізінде тілге тиек етіліп, кейінгі жерде әлем (А. Карпантьер, Ж. Амаду, Г. Маркест, т.б.) және орыс (Толстой, Чехов, Достоевский, т.б.) қаламгерлерінің әдеби-көркем ойды дамыту жолындағы ізденіс, ерекшеліктерімен табиғи байланыста қарастырылады. Нәтижесінде адамтану ілімі, азаматтық, гуманистік қасиеттер жеке адамның емес, қоғамның байлығы деген қорытындыға келеді (*184-бет*).

Екінші бөлімге («Шындыққа сүйіспеншілік») енген мақала мен сыни ойлар мәйегі сөз өнерінің сырын танып-түстеумен бірге әдеби-көркемдік ойдың қоғамдық-рухани өмірден алар орнын, атап айтқанда, ұлт байлығы – тіл бедері мен белгілерін, әдебиет тамыршысының сипатын, өлең өрнегі – ой мен сезім тұтастығын, т.б. «Тура биде туған жоқ» тұрғысынан адалын айтып, жарқын жүз танытуымен, танып-талдау тереңдігімен ден қойғызар еді. Мәселен, «Сыншыл ойдың сипаты немесе сексенінші жылдардағы сындарға көзқарас» атты мақала әдеби-көркемдік сынның қоғамдық-әлеуметтік орнын айқындаумен қоса сын мен сыншыға тән белгі – ақ сөйлеп, адалын айту, таным-парасаттың табиғилық қажеттілігін, ең негізгісі жазушы мен оқушыға қатар ой салатын, көркемдік пен шындық алдында екеуін де талант пен танымға табындыратын өнер ретінде қарайды. Автор сөзін ойға алсақ: «...сын тәрбиенің ең жоғары түрін көрсететін эстетикалық тәрбие құралы» (241-бет). Сын мен сыншы сипаттары айқындалады.

Осы мақалада әр жылдары қабылданған құжаттар, қазақ сынының қалыптасуы мен дамуына елеуді еңбек еткен Ғ. Тоғжанов, І. Қабылов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Т. Нұртазин, І. Омаров, т.б. сынды қаламгерлер, кейінгі он жылда осы бағытта өнімді ізденіс пен мақалалар жазған

М. Қаратаев, Ш. Елеуенов, Г. Бельгер, З. Кедрина, т.б. сыни ойлары орынды еске алынып, оңды бағалар берілді.

Бұл бөлімде назар аударуды қажет ететін мақалалардың қатарына «Түсіндірме сөздік туралы түсініктеме сөз», «Сын – жауапкершілік һәм бәріне жауап берушілік немесе әдебиет сыншыларының адамзат болашағы үшін жауапкершілігі» жайлы сұхбат, «Сыншыл ой туралы сыр», «Проблема мен міндеттер немесе соңғы жылдардағы сынға көзқарас», т.б. жатқызамыз.

Таңдамалыға енген «Абай тағылымы» – азаматтық тағылым», «Ғ. Мүсірепов туралы триптих», т.б. мақалалар дерек пен дәйегі мол, рухани мәйегінің көптігімен назар аудартады. Біздіңше, таңдамалы тағылымы төмендегідей:

Қайсыбір мақала, сыни ой-пікірлер (қай кезде жазылып, айтылғанына қарамастан) бүгінгі әдеби қозғалысқа, оны танып-талдауға көмегі де, берері де мол;

Сыншы білімі, мол материал-деректің қазақ әдебиетін, қайсыбір қаламгерлер мұраты мен ерекшеліктерін, т.б. тануда, талдау жұмыстарында көмегі көп;

Ең негізгісі, сыншы мұраты, ой-көзқарастары, таным-талғамы ақиқатты айтуымен, талдау тереңдігімен ден қойғызады.

Әдебиет сыншысы **Қ. Ерғобек** есімі қалың көпшілікке кеңінен таныс. Әсіресе, әдебиеттің даму кезеңдері, жекелеген ақын-жазушылар мен С. Мұқанов, Б. Кенжебаев т.б. туралы зерттеу еңбектері («Баянғұмыр», «Жаксыдан қалған сөз», «Сәбит Мұқанов», «Жазушы шеберханасы», т.б.) дерек көздерімен, ізденіс мұраттарымен ден қойғызады.

Екі бөлімнен тұратын «Баянғұмыр» (1991) қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық проза, естелік, күнделік табиғатын, жекелеген ақын-жазушылар С. Мұқанов, С. Дөнентаев, Б. Кенжебаев, Н. Раевский, Д. Снегин, т.б. өмірі мен шығармашылығын кең көлемде қарастырады.

«Өмір өнегесі» бөлімінде қазақ мемуарлық әдебиет үлгілеріне (Т. Кәкішев «Сәкен Сейфуллин», И. Стрелкова «Шоқан Уәлиханов», М. Сәрсекеев «Қаныш Сәтпаев», Ж. Арыстанов «Таң жұлдызы», З. Ақышев «Жаяу Мұса», М. Рүстемов «Нартай», т.б.), естелік жанрына («Қызыл сұңқар», «Біздің Мұхтар», «Актер және азамат», «Нұрлы жүрек», «Кәдімгі Сәбит Мұқанов», т.б.), хат мұраларына («Хат жаздым қалам алып...», «Жүрек қанымен жазылған хаттар») кең орын беріледі.

«Тағдырлар өнегесі» бөлімінде С. Мұқановтың өмірі мен қаламгерлік қызметі, Д. Снегинмен сұхбат, Б. Кенжебаевтың білім-ғылым жүйесіндегі пікір ерекшеліктері, Д. Иса-

бековтың шығармашылығы туралы толғам-толғаныстар енген.

Қ. Ергөбектің зерттеулерінің басым бөлігін академик-жазушы С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты еңбектер құрайды («Сәбит Мұқанов», 2000; «Жазушы шеберханасы», 2002).

«Сәбит Мұқанов» (2000) – Қ. Ергөбектің жан-жақты қарастырған, ұзақ уақыт зерттеп-зерделеген елеулі еңбектерінің бірі.

Зерттеу еңбек құрылымы тұрғысынан үш бөлімнен («Адасқандардан» – «Мөлдір махаббатқа» дейін, «...Тап маған белгі таққан», «Қатар аттап ғасырмен»), мазмұн-табиғаты жағынан С. Мұқановтың өмірі мен өнегесін, кезеңі мен қызметін, шығармашылық мұрасын кең көлемде қарастырған жүйелі, біртұтас туынды. Автор С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылық мұраларын дереккөздерінің негізінде жүйелі сөз етіп, сол арқылы жазушы шеберханасына еркін енеді. Бұл ретте «Адасқандар» романының «Мөлдір махаббатқа» айналу үрдістері, өлеңмен жазылған «Сұушаш» романының шығармашылық тарихы, «Балуан Шолақтағы» романтикалық-патриоттық пафостар, «Жұпархандағы» ақындық қуат пен толғаныстар, «Аққан жұлдыз» бен «Қазақ қауымының» тағдыр-талайы, т.б. ізденіс арналары, архивтік-деректер негіздері, зерттеушілік көзқарас, қолтаңба терең та-

нылады. Ең негізгісі, тақырыпқа адалдық, көзқарас айқындығы, мол материалдар жүйесі жеңіл, жинақы жеткізіледі. Десек те, зерттеу еңбекте журналистік ақпарат, публицистік сарын сезілмей қалмайды. Ғылыми мұрат, ізденіс арналары айқын, бедерлі болғаны нұр ғой.

Д. Ысқақұлының «Сынсонар» (1994), «Сын өнері» (2001) кітаптары қазақ әдебиет сынының теориялық негіздерін ғылыми тұрғыдан байыптап, саралауға арналған. Кітап 7 тарау, бірнеше бөліктерге бөлініп, онда әдеби сынның сипаттары, әдіснамасы мен әдістері, көркемдік принциптері, жанрлық жүйесі, әлеуметтік-эстетикалық қырлары, басқа ғылым салаларымен байланысы кеңінен сөз етіледі.

Автор әдеби сынның табиғатынан бастап, оның арғы-бергі тарихын, әлеуметтік-халықтық мұраттарын, шығармашылық қыр-сырларын, эстетикалық ой-пікірлер жүйесін жан-жақты зерттеуді мақсат еткен. Алайда сын табиғаты мен жанрларын, құрылымдық жүйесін, ондағы идеологиялық, публицистикалық, лингвистикалық, басқа да түрлеріне қатысты айтқанда тым қарабайырлап, шолу, сипаттамалар беретін тұстар танылады.

Сондай-ақ, **А. Егеубаевтың** «Кісілік кітабы» (1998) ежелгі дәуір әдебиетіндегі жазба-жәдігерлер табиғатын, ондағы түркі жұртының өмір,

тұрмыс, дәстүріне қатысты ұлттық-рухани белгі-ерекшеліктерді кеше-бүгін байланысы арқылы көрсетсе, **Б. Кәрібаеваның** «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары» еңбегінде (2001) ұлттық сөз өнерінің даму бағыттары, жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне, көзқарастар жүйесіне ден қойылса, **Т. Шапайдың** «Шын жүрек – бір жүрек» (1999) кітабы Абай әлемін, қоғам мен адам арақатынасын, қазіргі кезең құбылыстары мен болмыс бедерлерін әр алуан қырынан көрсетуге арналған.

XX ғасырдың 80-жылдарының соңы – ұлт руханиятында бетбұрысты кезең саналған, жаңа бағыттар айқындалған, соны серпінді даму үдерістері байқалған бедерлі белес, сәулелі сәттер-тұғын. Оның бастысы әрі бірегейі – Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің есімдері халқына қайта оралып, шығармашылық мұралары қалың көпшілікке жеткенді (Қараңыз: ҚКП ОК М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы. – «Социалистік Қазақстан», 1988, 28 желтоқсан; Бес Арыс: естелік, мақалалар. – А., 1992; Алаш-мирас: құжаттар жинағы. – А., 1993; Алаш Орда: құжаттар жинағы. – А., 1992; Алаш қайраткерлері: көрсеткіш. – А., 2004; «Алаш» қозғалысы: анықтамалық. – А., 2008, т.б.).

Содан бері алуан арнада, түрлі бағытта іргелі ізденістер жасалды.

Зерттеу мен зерделеулерден тұратын көптеген кітаптар жазылды. Жинақтар құрастырылды. Таңдамалы шығармалар мен көптомдықтар да жарық көрді. Алаш арыстарының ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы жанкешті әрекеттері, білім-ғылым ісіндегі ерен еңбектері орта және жоғары мектеп бағдарламаларына енді. Оқулық, хрестоматиялардан орын алды. Көркемөнер салалары бойынша (кинотеатр, сурет өнері, т.б.) да рухани сапарларын жалғастырды.

Бұл бағыт, арналар жекелеген қаламгер, зерттеушілер тарапынан да жүйелі түрде жүргізіліп, қалың көпшіліктің ықылас-ілтисіне ие болып келеді. Осы реттен келгенде, әдебиеттанушы **Айгүл Ісімақованың** «Алаш әдебиеттануы», «Асыл сөздің теориясы» атты кітаптары ізденіс арналары айқын, қолтаңба мен көзқарас мұраттары бедерлі, тақырыптық табиғаты мен мазмұн-құрылымы келісті де көркем құрылған, зерттеу бағыты мен баяндау жүйесі жағынан бірін-бірі толықтыратын, қайсыбір тұстарда әдеби-ғылыми саралау-салыстыру, танып-талдау сипаттары тұрғысынан өзіндік өзгешеліктері, белгі-ерекшеліктері бар елеулі еңбектер қатарына жатады.

Зерттеу тақырыптары мазмұн байлығын ғана аңғартып қоймайды, сонымен бірге құрылым-жүйесін, кемел де өзекті мәселелерді, ең негізгісі ұлттық әдебиеттану мен тео-

риялық қисындарға қатысты аса ауқымды жайттарды алыс-жақын елдер тәжірибесімен, жаңа бағыт, соны сипаттарға толы ізденіс арналары мен көзқарастар жүйесі негізінде зерттеу мен зерделеу мұраттарына айналдыруы – бүгінгі әдеби үдеріс пен әдебиеттану ғылымының өзекті тұстарын жан-жақты айқындайды.

Зерттеуші А. Ісімақованың бұған дейінгі кезеңдерде – «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль» (1998), «Возвращение Плеяды» (2002), т.б. зерттеу еңбектерімен бірге қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдары хақында көптеген мақалалардың авторы ретінде әдеби жұртшылыққа кеңінен таныстығын ескерсек, Алаш мұратын айқындау ісіндегі көзқарас, қадамдарын құптауға әбден болады. Әсіресе, Алаш мұраты мен мұрасын – ХХ ғасыр басында қазақ әдебиеті тарихымен, әдеби үдерістің бағыт-бағдарларымен байланыс-бірлікте қарастыруы мәнді болып табылады.

«**Алаш әдебиеттануы**» (Алматы: Мектеп, 2009. – 560 бет) қазақ әдебиетінің тарихын, оның ішінде ұлттық әдебиеттанудың арғы-бергі кезеңдерін ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттану әлемімен байланыстырған, қоғамдық-әлеуметтік ахуал мен танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, шығармашылық мұраларын жаңа уақыт талаптары тұрғысынан танып, таразылауға арналған. Әсі-

ресе, өткен ғасырдың басындағы алаш мұрасы мен мирасы, оның көрнекті өкілдерінің (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Сәдуақасұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, т.б.) өмірі мен кезеңі, қоғамдық һәм әлеуметтік істері, ұлт руханиятындағы орын-үлестері, тарих пен танымға қатысты ізденіс-мұраттары, білім-ғылым жүйесіндегі көзқарастары мен алуан тақырыптағы еңбектері, ең бастысы халық азаттығы мен тәуелсіздік жолындағы игілікті де ізгілікті қадамдары, елдік мұрат-мүддеге адалдығы, ұлт пен ұрпақ, ел-жерге жанашырылығы мен жауапкершілігі, тұрақтылығы мен табандылықтары, т.б. алуан мысал-дерек, зерттеу-зерделеу, тану-талдау тұрғысынан кең көлемде қарастырылады. Әлемдік әдебиет пен ТМД халықтары сөз өнеріндегі басты бағыт-арналарды, әдеби байланыс пен дамуға қатысты үдерістерді ұлттық әдебиеттану төңірегінде қарастырып, салыстыра салғастыруы, тиісті тұстарда тілге тиек етуі де мейлінше қонымды шығып отырады. ХХ ғасырдың басында ұлттық сөз өнері, Алаш мұраты мен мұрасы, әдебиеттану ғылымының арғы-бергі кезеңі мен бел-белестері – тәуелсіздік тұсындағы игілікті де ізгілікті істермен, зерттеу мен зерделеу жүйесінің бағыт-бағдарымен байланыста қарастырылады. Басты байқалар жайт – кітап авторы өткен ғасыр

басындағы қазақ әдебиетін арғы-бергі кезеңдегі сөз өнерінің көкейкесті мәселелерімен, танымал тұлғалардың еңбек-мұраларымен байланыста қарап, кеше-бүгін сабақтастығына, зерттеу бағыты мен жүйесіне, талап-талғамға зор маңыз береді.

Кітаптың «Аңдағу» бөлігінде қазақ әдебиеті тарихының арғы-бергі кезеңдері, ондағы көрнекті тұлғалар Күлтегін мен Тоныкөктен жеткен ақыл-нақыл сөздер, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Х. Дулати, Қ.А. Иасауидің ғибратты ғұмырлары, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сәдуақасұлы, т.б. өмірі мен шығармашылығы алаш ақиқаты, мұрасы мен мирасы тұрғысынан сөз етіледі. Қазақ руханиятының бел-белестеріне барлау да талдау да жасалады. «Құтты білік» даналық дастанының жазылу-жариялану тарихына, асыл сөздің арғы-бергі кезеңдеріндегі әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, т.б. есім-еңбектеріне, М.Х. Дулатидың «Тарихи Рашиди», «Жаһаннаме» сынды туындыларының табиғаты мен тағылымдарына еркін еніп, тиісті тұстарда алыс-жақын елдердің мұраларымен салыстырулар жасайды. Кеңестік кезең мен тәуелсіздік тұсындағы талап-талғамдарға, әдеби мұра мен оны зерттеу ісіне ден қояды. Тоталитарлық, отаршылдық саясаттың серпінді тұс-

тарына, әсіресе ұлттық мұрат пен елдік мәселелерге, руханият пен имандылық, әдеби-мәдени құндылықтарға көп көңіл бөледі. Адам мұраты, өмір мәні, қоғам сипаты, құтты ел, рухани құндылықтар хақында кемел де келелі ойлар қозғайды. «Отанды сүю – иманнан» (хадистен) екені, оның негіз-бастауы – адамгершілік-имандылық құндылықтардан, мәдени-рухани арналардан бастау алатыны да жан-жақты жарқырай көрінеді. Зерттеу нысанына айналған қайсыбір мәселелер де кемел ойлар мен көкейкесті жайттарды арқау етеді. Ұлттық мұраттар тұрғысынан таразыланады. Тәуелсіздік кезеңінің бел-белесті тұстарымен сабақтастықта өріс алады.

Асыл сөздің сырлы сипаттары А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926), М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты зерттеу еңбектері негізінде кең арна алады. Автор орайлы тұста: «Кенес әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады» дегенді (5-бет) де жасырмайды. Оның мысал-дергін ұлттық әдебиеттің онғасырлық тарихымен, білім-ғылым жүйесінің деңгей-дәрежесімен сабақтастықта қарайды. Қазақ әдебиеттануының бастау, арналарына назар аударады. Әлемдік үдеріске, Ресей теоретиктерінің ізденіс-мұраттарына мән

береді. Нәтижесінде: «..қазақ әдебиеттануы кәсіби ғылым ретінде сонау ХХ ғасыр басында Алаш ғалымдары зерттеулерінде толық қалыптасқан. Оған дәлел – А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Х. Досмұхамедұлының «Аламан», «Қазақ халық әдебиеті», М. Әуезовтің ғылыми басылымдары. Ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдарын дүниежүзілік контексте аталған ғалымдар сонау ХХ ғасыр басында анықтап беріпті. Олар өздеріне дейінгі әдебиетке де өз көзқарастарын тура бүгінгідей ғылыми тұрғыда негізделген» деген қорытындыға келеді (8-бет). Бұл тұстардан да автордың тақырып табиғатына еркін еніп, басты мәселені алдыңғы қатарға шығарғанын, ұлттық әдебиеттанудың өзіндік өзгешеліктерін жіті бақылап, батыл салыстыру, терең талдауларға барғаны толық танылады. Алаш мұраты, асыл сөз арналары, әдебиеттану әлемі – А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, т.б. есім-еңбектерімен табиғи байланыстырылады. Бастысы, әрине ұлттық әдебиеттанудың негізі мен бастаулары А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов еңбектері арқылы кең өрісті арна алғаны айрықша аталады. Ұтымды, ұнамды тұстарын үлгі-өнеге етеді. Сабақтастық сырын ашады.

Бастапқы бөлікте автор: «Алаш әдебиеттануы» атты атау-ұғымға, оның мақсат-мұраттарына, зерттеу жүйе-

сі мен негізгі нысанына мән береді. Оқулық-хрестоматияның жазылу-жариялану сыр-сипаттарына да кең көлемде тоқталады. Ол туралы «Алаш әдебиеттануы» – ұлттық әдебиеттің, яғни қазақтың жаны мен мұңына, мақсаты мен мұратының бүгінгі мен келешегіне деген үлкен жауапкершілігінің белгісі» деп жазады. Бұл тұстардан да Алаш ақиқаты, мұрасы мен мирасы, ұлт тарихы мен тағдырындағы орны айқын аңғарылады.

«Алаш әдебиеттануы» мазмұны бай, көлемі қомақты болумен бірге азаттықты аңсаған, тәуелсіздікті өмірімен де, өнердегі өнегесімен де қалап, сол жолда жанын жалау еткен қайраткер-қаламгерлердің (Ә. Бөкейхан, С. Сәдуақасұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Қ. Кеменгерұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, І. Жансүгірұлы, Қ. Жұбанов, М. Әуезов, С. Мұқанұлы, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, т.б.) еңбек-мұраларын ұлттық асыл сөздің көрнекті корифейлері қатарында қарап, адами болмыстарын, біліми-ғылыми қырларын, тіпті тағдыр-талайларын да кең көлемде қамтып, оңды-ұнамды тұстарын тарата талдайды. Қоғамдық құбылыстармен, өмір-уақыт шындықтарымен байланыста жүйелі жеткізеді. Жасыратыны жоқ, автор ХХ ғасыр басында қоғамдық жағдайға, әлеуметтік сипаттарға, мәдени-рухани арналарға

ден қояды. Қилы кезеннің аласапыран тұстарына, ұнамды сипаттарына назар аударады. Ұлт руханияты мен құндылықтарына зор маңыз береді. Тәуелсіздік тұсындағы мән-маңызы ашылады. Алаш арыстары айтып-жазған – Ұлттық идеяның қазіргі кезеңде кең көлемде көрініс беріп, дұрыс бағыт алғанын асқақ дауыспен, мадақ сезіммен сенімді де серпінді, жүйелі жеткізеді.

«Алаш әдебиеттануы» екі көлемді тараудан тұрады: («Қазақ әдебиеттануының бастау көздері», «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеттануының қалыптасу кезеңі»). Әр тарауда бірнеше бөліктер бар. Оның соңында пайдаланған әдебиеттер қоса беріліп отырады. Маңыздысы: әр тарау мен ішкі бөліктерде ортақ байланыс, бірлік бар. Бірін-бірі байытатын тұстар да көптеп кездеседі.

«Қазақ әдебиеттануының бастау көздері» қазақ сөз өнерінің тарихы мен оның көрнекті өкілдері (Әбу Насыр әл-Фараби, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы) мен басты туындыларындағы ғибратты ғұмырдың өрнекті өрістерін, кемел ой мен көркем сөздің қасиеті мен құдіретті тұстарын, адам еңбегі мен ақыл-парасат сипаттарын, т.с.с. алуан ізденіс, терең таным, жан-жақты талдаулардың өзекті арнасын құрайды.

Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы,

Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабай, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кеменгерұлы, С. Сәдуақасұлы, М. Әуезов, т.б.) әдебиеттану бағытындағы еңбек-мұралары мен оның кеңес кезіндегі әдебиетке әсер-ықпалы кеңінен көрсетіледі. Қазақ әдебиеттануының бастапқы тұсында тұрған – Әбу Насыр әл-Фарабидің әр алуан бағыттағы еңбектері («Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдарды классификациялау», «Аристотель еңбектеріне түсініктеме», «Өлең кітабы», «Поэтика және поэтикалық ойлау», т.т.) ХХ ғасыр басында Алаш зиялыларының, оның ішінде – А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы арқылы кеңінен дамытылғаны жүйелі сөз етіледі (13-бет). Кітап авторы әл-Фараби мен А. Байтұрсынұвқа дейінгі кезең ерекшеліктерін, басты еңбектеріндегі ортақ байланысты, асыл сөздің арналы салаларын, көркемдік құндылықтарды кеңінен көрсетеді. Ұлттық сөз өнерінің бастау көздері мен әуелгі түп-тамырлары – көне кезеңдерде жатқанын, әсіресе, Көк түріктер әлемі мен сақтардың қаһармандық дастандары, ғұндардың батырлық жырлары, әл-Фарабиден – Абайға ұласқан сабақтастық сырлары кеңінен көрсетіледі. Ұлт тарихы мен тағылымына мән беріледі. Кеше мен бүгін байланысы, тәуелсіздік табиғаты жан-жақты ашылады.

Алғашқы тараудың басым бағыттары – қазақ әдебиеттануының әуелгі

бастауларына, қалыптасу кезеңдері мен даму арналарына арналған. Бұл бағыттағы – Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, т.б. қазақ әдебиеттану ғылымының арғы-бергі дәуірлеріне қатысты көзқарас мұраттары, ізденіс арналары, басты еңбектері мен теориялық қисындары негізгі назарға алынады. Белгілі ғалым-ұстаздардың көзқарасы мен қолтаңбаларын негізгі еңбектерімен байланыстырады. Асыл сөздегі орнын, әдебиеттану ісіндегі іргелі ізденістері мен еңбектерін айрықша атайды. Басты бағыттарын, көркемдік жүйесін, зерделеу мүмкіндіктерін кеңінен көрсетеді. Алыс-жақын елдер тәжірибесі, тақырыпқа қатысты еңбектер де тиісті тұстарда қолданылады. Маңыздысы, әрине қазақ әдебиеті тарихының барлық кезеңдері, жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығы, басты туындылар тарихы мен тағылымы ұлттық әдебиеттану тұрғысынан сөз болады. Зерттеу бағыты мен рухани байлығы да осында болып табылады.

Кітап авторы қазақ әдебиеттануының арғы-бергі кезеңдерін төмендегіше жүйелейді: «Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, ХХ ғасыр басына дейінгі мерзім арасы қазақ әдебиеттануының бастауы болып табылады».

Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасу кезеңі – 1905-1930 жылдар аралығы.

1926 жылы А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» жарық көрді. Бұл – қазақ әдебиеттануының қалыптасқанын нақты дәлелдейтін ғылыми дерек.

1926-1956 жылдар – кеңес кезіндегі қазақ әдебиеттануының қалыптасуы.

1957-1990 жылдар – кеңес кезіндегі қазақ әдебиеттануының дамуы.

1991 жылдан бері тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттануы орын алуда» (12- бем).

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына қатысты жоғарыдағы жүйе – кезеңдеу бағыттарынан бірсыпыра шарттылық, тарихи дамудың белбелестері орын алғанын аңғаруға болады. Алдымен, алғашқы кезеңге қатысты көзқарасты таратып айтсақ, ежелгі дәуір әдебиетінен ХХ ғасыр басына дейінгі мерзім қай қырынан қарасақ та тым ұзақ уақытты қамтиды. Қазақ әдебиетінің тарихына жіті көзбен үңілсек, біздің дәуірімізге дейін де жазу-сызу, аңыз-миф, өлең-жырлар болғанды (Сақ-ғұн, үйсін дәуірі – VII-IV ғғ.).

Одан кейінгі кезеңдердегі (Түркі қағанаты, Оғыз дәуірі, Ислам кезеңі, Алтын Орда дәуірі, т.т.) әдеби жәдігерлер, мәдени мұралар табиғаты мен тағылымы ұлттық сөз өнерінің өзіндік өзгешеліктерін айқын аңғартады. Бұл тұста да ұлттық әдебиеттің ортақ белгілері бар (мысалы, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» – 1967; М. Мағауин. Қобыз са-

рыны. – 1968; Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – 1967; Н. Келімбетов. Ежелгі әдеби жәдігерлер. – 2004; А. Қыраубаева. Ежелгі әдебиет. – 2001, т.т.).

Орайлы тұста автор осы бағыттағы ой-сөз жүйесін былайша жалғастырады: «Қазақ сөз өнеріне келсек, тасқа түсірілген түркі жазба ескерткіштерінен бастап, Шокан, Абай, Ыбырайға дейінгі ұзақ дәуір – қазақ әдебиеттануының тууына әсер еткен кезең. Жыраулар поэзиясындағы сөздің қадірін біліп қолдану оның эстетикалық әсері үйлесімділігі туралы пікірлердің әсері ерекше екені де айқын...

Кеңес кезіндегі қазақ әдебиеттануы тек Қазан төңкерісімен ғана байланыстырылып, тарихи тамырлар түгілі, ХХ ғасыр басындағы ұлттық әдебиеттануды ескерусіз қалдырды. Қазақ елінің мәдени, әдеби табыстары кеңес кезімен байланыстырылып, ұлттық тарихи негіздері жоққа шығарылды. «Пролеткультшылдық», «Тұрпайы социологизм», «Бірыңғай ағым» теориясы арқылы қазақ әдебиеттануының жаңа социалистік кезеңі үстем болды» (12-13-бемтер).

Бұл тұстардан да арғы кезеңдердегі әдеби-мәдени мұралардың, рухани құндылықтардың мән-маңызы, қырсыры толық танылады. Ұлттық – тарихи негізі айқындалады. Руханият әлеміндегі орын-үлесі көрсетіледі. Арғы-бергі кезеңдердегі әдеби-мә-

дени жәдігерлердің сыр-сипаттары ашылады. Кеңестік кезеңдегі қилы көзқарас, алуан бағыт-арналар да өзіндік өзгешеліктеріне сай сараланады.

Алғашқы бөлімде – Әбу Насыр әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шокан Уәлиханов есімі мен еңбектері жеке сөз етіледі. Қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттану ғылымының келелі мәселелері кең орын алады. Күлтегін, Тоныкөк сөздері қазақ әдебиетінің бастауы болғанын, арғы кезеңдерден жеткен тас жазуы – рухани аманат екені әр алуан қырларынан көрсетіледі. Ресей әдебиетіндегі «Игорь жасағы туралы жыр», француз тарихындағы «Роланд туралы жыр» білім-ғылымның басы саналатынын да тиісті тұстарда еске алады (14-15-бемтер). Ал керісінше қазақ әдебиетінің тарихы тым тереңде, бастау-арналары көне кезеңдерде жатқанын жүйелі жеткізеді. Автор әлемдік әдебиет пен әдеби үдерістер табиғаты мен тарихына еркін еніп, оны ұлттық сөз өнері жетістіктерімен байланыстыруы, ежелгі мәдениет куәларымен, әдеби-рухани жәдігерліктермен сәйкестікте баяндауы мәнді сипат алады.

Ал Әл-Фарабидің сөз өнерін алғаш ғылыми айналымға қосып, бұл бағытта көптеген еңбектер қалдырғанын, әсіресе, өлең өнерін, табиғаты мен құрылысын, өзіндік өрнегі мен ішкі заңдылықтарын, т.т. түрлі қырынан алып қарастырады.

Өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұралары білім-ғылымның, өнер табиғаты мен туындысының көркем шежіресі екендігі де жаңа қырынан, соны көзқарастар тұрғысынан байыпты баяндалады. Өмір өнегесі, өнердегі мұра-мирастары, зерттеу мен зерделену сырлары да арғы-бергі кезеңдердегі ізденіс, көзқарастар тұрғысынан жүйелі жеткізіледі. Әл-Фараби кезеңі, мәдени-рухани арналар – ұлт мұратымен тығыз байланыста көрсетіледі. Сыр-сипаттары ашылады.

Ал Абай әлеміне қатысты: «Абай өзіне дейінгі қазақ әдебиеттануында бұрын-соңды болмаған әдеби-эстетикалық жаңалық ашқан... Абай әдеби сөзді білімге, ғылымға бағындырады. Көркем сөздің мәнін, оның сапасының сырын толықтырды. Оның дұрыс және орынды қолданылуын талап етті», – деп жазды (2-бет).

Абайдың сөз өнері, оның сыр-сипаттары төңірегіндегі айтып-жазғандары, қарасөздері мен аудармаларындағы көркемдік-эстетикалық мұраттары алуан дерек көздері көптеген салыстыру-салғастырулар арқылы беріледі. Абайдың өнерге, өлеңге қойған талап-талғамдары, оның адамға, жан-жүрегіне әсер-ықпалы жаңа қырларынан ашылады. Ақынның «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар», «Сәулесі бар жігіттер бір ой-

ланар», «Айтушы мен тындаушы», «Ақымақ көп, ақылды аз», «Мыңмен жалғыз алыстым», т.с.с. жекелеген сөздері, мән-мағынасы мол, түйін-тұжырымдарға бай өлең өрнектері терең талдау, саралаулармен назар аудартады. Абай дәуірі мен қазіргі кезеңнің көріністері уақыт пен кеңістік, дәстүр мен сабақтастық аясында сөз етіледі.

Ыбырай Алтынсарин мұрасы «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі төңірегінде өріс алады. Ондағы:

*Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!
Істің болар қайыры,
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап, –*

деген өлең жолдары, ғибратты-тағылымды тұстары жаңа уақыттың таным-талғамы тұрғысынан сөз болады. Кеше-бүгін байланысы ашылады.

«Хрестоматияның» жазылуы мен жариялану тарихын, мазмұн-құрылымын, жас ұрпақтың оқу-білім, тәлім-тәрбиесіне қатысты мақсат-мұраттарын жан-жақты ашады. Кітапқа енген халық әдебиеті материалдары, ұлттық сөз өнерінің адам әлемі мен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіндегі орын-үлесі, мәдени-рухани, көркемдік-эстетикалық қуаты алуан қырынан көрсетіледі.

Кітапқа енген аңыз-әңгіме, өлең-жыр, даналық дастандары мен шешендік сөздер, адам әлемі мен еңбегі, тарихи тұлғалар тағылымы, ел мен жер, ай мен күн, аң мен құс, тау мен тас, т.с.с. өзіндік өзгешеліктері, сыр-сипаттары халықтық-ғибраттық мәнімен, адамгершілік пен әдептілік тұрғысынан, отансүйгіштік, патриоттық жағынан, рухани-эстетикалық құндылықтарымен көңіл аудартады. Маңыздысы: автор кітапқа енген материалдардың қазіргі кезеңде де құндылық қырлары, тәлім-тәрбиелік мәні барына көңіл бөледі. Ұлттық тәлім-тәрбие ісінен ой қозғайды.

Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы осыған дейінгі дәуірлердің мәдени-рухани жетістіктерімен байланыста өріс алады. Ал Шоқантану тағылымы – әдеби-ғылыми мұрасы, зерттеу мен зерделеуге қатысты көзқарас, еңбектері арқылы көрініс береді. Әсіресе, Шоқанның әдебиетші ретіндегі орны мен осы бағыттағы еңбек-мұралары («Ер Көкше», «Орақ батыр», «Көкөтайдың ертегісі», «Қазақ шежіресі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы», т.б.) кеңінен қарастырылып, мән-маңызы ашылады. Білім-ғылымның жетістігі мен бел-белестері, даму жолдары айқындалады. Сайып келгенде, Шоқан мұрасы руханият әлеміндегі орын-үлесі, сөз өнеріндегі зерттеу мен зерделеулері ұлт тарихымен, алыс-жақын елдердің танымал

тұлғалары еңбектерімен байланыста, салыстырмалы сипаттарда сөз болады. Сол арқылы Шоқанның халқына, руханият ісіне жанашырлығы мен жауапкершілігі, сүйіспеншілік сырлары айқындалады. Білім-ғылым жүйесіндегі даралығы мен даналығы бар қырынан жарқырай көрінеді. Ұлт руханияты мен әдебиеттану ісіндегі ізденіс-зерттеулері, көзқарас эволюциясы бүгінмен байланыстырылып, ұнамды-ұтымды тұстары көрсетіледі. Шоқантану асулары, өзекті мәселелері байыпты зерделенеді. Білім ғылымдағы орны, тәжірибелері мен міндеттері айқындалады. Шоқан мұраты мен мұрасы, бүгінгі бел-белестері жаңа уақыттың биігінен сөз етіледі. Зерттелу жайына көңіл бөлінеді.

Қысқасы, Шоқан, Ыбырай, Абай әлемі мен тағылымы қазақ әдебиеттану ғылымымен, осы бағыт-салалардағы еңбек-мұралармен байланыста сөз етіледі. Ұлттық білім-ғылым жүйесіндегі, руханият әлеміндегі өзіндік орны, адами болмыс бедерлері, еңбек-мұралары жаңа қырынан, соны талаптар тұрғысынан зерделенеді. Ұлттық әдебиеттануға қосқан үлес-салмақтары сараланады. Ең бастысы, әрине Шоқан, Ыбырай, Абай тағылымдары ұлт руханиятымен, білім-ғылым жүйесімен сабақтастықта сөз болады. Қазақ әдебиеттануының бастау-арналары, көрнекті тұлғалары ретінде танылады. Автор

ұлттық сөз өнерінің ұштаған тұғырын (Шокан, Ыбырай, Абай) өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұраларымен байланыста баяндауы қазіргі кезеңде де руханият бастауында тұрғанын нанымды ашады.

«Алаш әдебиеттануы» еңбегінің екінші бөлігінде («XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905-1930)») ұлттық әдебиеттану тарихы, қазақ сөз өнерінің теориясы, баспасөз, кітап шығару ісі, оқу-ағарту жұмыстары, тарих пен таным, тіл мен дін, т.т. кең орын беріледі. Абайтанудың бел-белестері, А. Байтұрсынұлының «Әліпбиі», «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі теориялық қисындары, қазақ зиялыларының асыл сөз туралы ойлары мен толғамдары да тиісінше сөз етіледі. XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай, дүбірлі дәуірдің қилы кезеңдері, азаттық жолындағы ұлт зиялыларының көзқарас, қимылдары алуан мысал-деректер негізінде беріледі. Бүгінгі бағыттары айқындалады.

Ақиқатында, кітап авторы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының келелі мәселелерін сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалмен, мәдени-рухани өмірдегі өзгерістермен, жекелеген қайраткер-қаламгерлердің (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабай, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, Р. Мәрсеков, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, С. То-

райғыров, С. Сейфуллин, т.б.) өмірі мен шығармашылығы, ұлттық мұрат пен руханият ісіндегі жанашырлығы мен жанкешті әрекеттері арқылы көрсетеді. Басты еңбектері, негізгі ізденіс, көзқарастары елеп-екшеліп, оның кеше-бүгінмен байланысына, ұлттық-тарихи сипаттарына, әдеби-мәдени маңызына мән беріледі. Алаш мұраты мен мұрасы тәуелсіздік талаптары, көркемдік-эстетикалық сипаттары тұрғысынан қарастырылады.

«Алаш зиялылары және ғылым» атты бөлікте ұлт зиялыларының руханият ісіндегі атқарған қызметі, білім-ғылым жүйесіндегі еңбек мұралары әр алуан мамандық пен жекелеген пәндер бойынша жазылған зерттеу, оқулықтар, т.т. арнайы сөз етіледі. Кітап авторы ұлттық тілдегі тұңғыш ғылыми басылымдар XX ғасыр басында өмірге келгенін айрықша атайды. Білім-ғылым ісін дамытудағы А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Әліпбиі», М. Дулатұлының «Қирағат кітабы», Ж. Аймауытұлының «Психология», М. Жұмабайдың «Педагогика», Т. Шонанұлының «Жаңалыққа жетекші», «Сауаттан», т.с.с. оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың жарық көруі, ұлт пен ұрпақ қамы үшін өлшеусіз үлес болып қосылғанын баса көрсетеді. Оқу-білім мен ғылымның әр алуан салаларын қамтыған оқу құралдары ұлт өмірі мен руханият ісіндегі жаңалық-жетістік бо-

лумен бірге сауаттылықты жолға қоюда, жас ұрпақты оқытуда, ең негізгісі, қазақ тілінде білім беру тұрғысынан алғанда ренесанстық сипаттарына маңыз беріледі. Ал оқу құралдарына енген ұлт тарихы, өмір-тұрмыс суреттер, адам мен оның еңбегі уақыт шындықтары, шаруа-кәсіп көріністері, ел-жер, аң-құс, тау-тас, т.т. сурет нақыштары жас ұрпақ буынның таным-талғамына, қабілет-мүмкіндіктеріне сай берілуі алуан салыстыру, талдаулар арқылы көрсетіледі. Автор Алаш ардақтыларының ұлттық мұрат-мүдде жолындағы жанкешті әрекеттерін руханият әлеміндегі, білім-ғылым ісіндегі ақыл-парасатқа негізделген ерен еңбектеріне кеңінен тоқталады. Ұлт тәуелсіздігін азаттық жолды аңсаған әр алуан бағыттағы іс-әрекеттерін, оқу-білім мен ғылым жолындағы мұра-мирастарын асыл сөз бен әдебиеттануды дамытудағы көзқарас-қолтаңбаларын айрықша атайды. Өмірдегі, өнердегі орын-үлестерін жоғары бағалайды. Еңбек мұраларындағы ұлттық тарихи хәм рухани мәселелерді елдік мүддеге негізделген халықтық қасиеттерден нәр алған өзіндік көзқарас пен қолтаңбаларды, кеше-бүгін байланыстарын аса мәнді құбылыстар қатарында санайды.

Кітаптың басым бөлігі мен маңызды тұстарын XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануына өлшеусіз үлес қосқан қаламгер-қайраткерлер, ақын-

аудармашы, ұстаз-ғалымдар құрайды (Ә. Бөкейхан, С. Сәдуақасұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабай, Қ. Кеменгерұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, М. Әуезов, т.б.). Автор алашшыл-ұлтшыл қазақ зиялыларының өмірі мен кезеңіне, шығармашылық мұраларына, ең негізгісі, елдік мұрат жолындағы ізденіс-еңбектеріне, көзқарас-мұраттарына жіті назар аударады. Басты еңбектеріндегі ұлттық арналарға, мәдени-рухани салаларға, діни-имандылық қырларына көп көңіл бөледі.

Осы тұста еске алсақ, «Әлихан Бөкейхан» атты бөліктен Алаштың саясат элитасындағы – Ә. Бөкейхан орны мен рөлі, қазақ-орыс тіліндегі ұлт мұраты мен тарихына қатысты көзқарастары қарастырылады. Бұл реттен алғанда, «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» сынды зерттеулері ел-жер тарихы мен тағдырын, «қазақ-қырғыз» сөзінің мән-маңызын, ұлт-азаттық қозғалыс сипаттарын кең көлемде ашады. Әлеуметтік мәні, тарихи сипаттары айқындалады. Ұлт тәуелсіздігі жолындағы іс-әрекет, көзқарас ұстаным, нақтылы бағыттары көрсетіледі. Ал әдебиетші, абайтанушы қырлары «Абай Құнанбайұлы», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Роман

бәйгесі», «Ән өлең һәм оның құралы», «Кітап сыны», т.с.с. зерттеу, мақалаларын танып-талдау тұстарынан танылады. Автор әрбір зерттеу, мақалаларға жеке тоқталу арқылы түпкі мақсат-сипаттарына, әдеби-рухани құндылықтарына назар аударады.

Ал «Смағұл Сәдуақасұлы» өмірі мен кезеңін, шығармашылық мұрасын қарастырудан тұрса («Киргизская литература», «Бейімбет өлеңдері», «Әдебиетті қалай сынау керек?», «Ұлт театры туралы», т.т.), «А. Байтұрсынұлы» Алаш мұраты, ел тәуелсіздігі тұрғысынан сөз етіледі. Әдеби-ғылыми еңбектерінің маңызы көрсетіледі. «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі басты мұрат, негізгі ойлары сараланады. «Ұлт ұстазы», «рухани көсем» қырлары ашылады. Ұлт тарихы мен руханиятындағы орны айқындалады.

Кітапта Алаш арыстарына, олардың өмірі мен өнегесіне кең орын беріледі. Ұлттық сөз өнері мен әдебиеттану ісіндегі орын-үлестері кеңінен көрсетіледі. Айталық, «Жүсіпбек Аймауытұлы» қазақ әдебиетінің классигі, абайтанудағы тұңғыш өмірбаяндық шығармашылық зерттеулер мен мағжантану, сұлтанмахмұттанудағы үлес-салмағы кеңінен көрсетіледі. Білім-ғылым ісіндегі орнын, «Психология», «Комплексті оқыту жолдары», «Тәрбиеге жетекші» еңбектері мен әдеби-сын мұрасы, қоғам-

уақыт шындықтарымен, нақтылы туындылар табиғатымен байланыста көрсетіледі. Көркемдік мұраттары, шеберлігі мен шешендігі басты еңбектері төңірегінде баяндалады. Біздіңше, кітап авторы Ж. Аймауытұлы мен С. Сәдуақасұлы хақындағы ізденіс, көзқарастарында ұлттық мұрат жолындағы еңбектерін жоғары бағалайды. Өмір, тағдырларына ден қояды. Елге қызмет етудің үлгі-өнегелерін ерен еңбектері, өмір өрнектері, шығармашылық мұралары арқылы жан-жақты көрсетеді. Зерттеу жүйесін байыпты саралайды.

Бұдан басқа М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, М. Әуезов жайлы жазылған зерттеу-мақалалардан әрбір танымал тұлғаның өмірі мен кезеңі, қызметі мен шығармашылық мұралары кеңінен қарастырылады. Ұлт мұраты, ел тәуелсіздігі жолындағы көзқарас-еңбектері, тарих-тағылымға қатысты іс-әрекеттері, шығармашылық мұралары жалпылама да, жекелеп те сөз болады. Әсіресе, Алаш мұраты, ұлт руханияты, асыл сөздің сырлы сипаттары, әдебиеттанудың өзекті мәселелері кешегі күннің тәлім-тәжірибесі, бүгіннің бағыт-бағдары тұрғысынан терең сараланады. Біздіңше, автор аталған қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығына жеке тоқталу арқылы өзіндік ерекшелігін ашумен бірге

сол кезең-уақыттың шындықтарына мән береді. ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға, мәдени-рухани құндылықтарға, білім-ғылым мен тәлім-тәрбие ісіне назар аударады.

Кітаптың соңғы бөлігін «Алаш абайтануы» құрағаны анық. Автор мұнда Абай әлемі, мұрасы мен мирасына кеңінен тоқталады. Абай жайлы алғашқы мақалалардан бастап, әр кезеңдегі ізденіс-көзқарастарға, зерттеу еңбектеріне зор маңыз береді. Айталық, Ә. Бөкейханның «Абай Құнанбаев» атты мақаласындағы ақын өмірі мен ортасына, шығармашылық мұрасына назар аударса, одан кейінгі тұста А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны», М. Дулатовтың «Абай», Ж. Аймауытұлы мен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі», І. Жансүгірұлының «Абай кітабы», Ғ. Сағдидің «Абай», М. Жұмабайдың «Алтын хақим Абайға», т.б. мақала, өлеңдеріне тоқталады. Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты көзқарастарды кеңінен саралап, ондағы дәстүр мен сабақтастықты, көркемдік-эстетикалық мұраттарды, тілдік-стильдік сипаттарды нақтылы да нанымды ашады.

Сондай-ақ, ХХ ғасыр басындағы әдеби мұра мен Абай әлемі төңірегіндегі айтыс тартыстарға, сын сипаттарына да кең орын беріледі. Осы тұстағы Р. Мәрсеков, І. Қабылов, Ы. Мұстамбайұлы, т.б. әдеби айтыс-

қа еркін еніп, ұлттық сөз өнерінің тарихы мен тағдырына, көркемдік-рухани сипаттарына, жекелеген ақын-жазушылардың көркемөнер мен туынды табиғатына, жанр мен жауапкершілік хақындағы ағым мен әдіске, сыр мен сезімге, сюжет пен характерге, тіл мүмкіндіктеріне қатысты көзқарас-ұстанымдарына да едәуір орын беріледі. Кезең-уақыт шындықтары ашылады. Қысқасы, абайтану әлемі, бел-белестері айқындалады. Жаңа бағыт, көкжиектері көрсетіледі. Мақсат-мұраттары, мән-маңызы жан-жақты ашылады. Ақиқатын айтсақ, автор Абай әлеміне, абайтану арналарына барлау да, талдау да жасайды. Абай туралы алғашқы мақалалардан бастап, «Абай жолына» ұласқан арналы ағыс пен тебіреністі толқындарды, көркемдік көкжиектері мен шығармашылық ізденістерді, зерттеу мен зерделеулерді арқау еткен ерен еңбектерді, алуан асу мен бел-белестерді әсерлі де нанымды сөз етеді.

Тұтастай алғанда, алғашқы кітаптың («Алаш әдебиеттануы») басты мұраттары мен мазмұн-жүйесінен, зерттеу мен зерделеу тұстарынан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының келелі мәселелері жан-жақты қарастырылады. Кезең-уақыттың шындықтары, өмір-тұрмыс сырлары, азаттық-тендік жолындағы қайраткер-қаламгерлердің айқын көзқарас, батыл

әрекеттерге негізделген жанкешті қимыл-істері, ұлт мұраты мен руханият құндылықтарына қатысты жанашырлығы мен жауапкершілікті нақтылы материал, алуан дерек көздері, түрлі талдау, салыстырулар арқылы нанымды ашылады. Әлемдік үдеріс, әдеби байланыс арналары ұлттық мұрат пен құндылықтар төңірегінде өріс алады. Жаңа уақыт, талап-талғам өлшемі басты зерттеу нысанын құрайды.

Маңызды тұсы – ХХ ғасыр басында әдебиеттің басты құндылықтары Алаш арыстары еңбектерінен орын алып, осы арқылы ұлттық мұратты, елдік мүддені айқын көзқарас, жарқын идеалдарға негіздеуінен көрінеді. Алаш мұраты ұлт руханиятынан, оның әдебиеттану ісінен кең орын алғаны баса көрсетіледі.

Біздіңше, кітап табиғаты мен басты бағыттарынан – Алаш мұраты мен мұрасы, оның көрнекті тұлғалары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабай, Ж. Аймауытұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Сәдуақасұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, т.б. өмірі мен кезеңі, шығармашылық жұмыстары жан-жақты көрінеді. Кітап авторы қазақ әдебиеті тарихын, әсіресе ХХ ғасыр басындағы қоғамдық жағдай мен руханият ісін, Алаш мұраты мен оның қайраткер-қаламгерлерінің қимылдарын, көзқарас жүйесін кеше-бүгін байланыстары арқылы сабақтастықта сөз етеді.

Замана шындығы мен өмір өрнектері, уақыт бедері айқын аңғарылады. Бастысы, әрине Алаш мұраты мен мұрасына қатысты алуан дерек көздері мен материалдарды, ұлттық мұрат пен руханият ісін өмірі мен өнерінің өзекті нысанасы еткен көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері мен шығармашылық жұмыстың шынайы корифейлерін кезеңдік құбылыс, уақыт бедері арқылы бейнелі де нанымды көрсетеді. Ұлтқа адалдықтың, руханият һәм дәстүр өнегелеріне, діни-имандылық құндылықтарына жанашырлық пен шынайылықтың үлгісі ретінде де байыпты баяндалады.

«**Асыл сөздің теориясы**» (Алматы: Таңбалы, 2009. – 376 бет.) үш бөлімнен тұрады («Әлем әдебиетінің теориялық мәселелері», «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері», «Замана тынысындағы асыл сөз»). Бастапқы тұстан-ақ байқалатыны, кітаптың құрылым-жүйесі мен мазмұн-табиғатынан ортақ мұраттар, жаңашылдық пен сабақтастық, талдау мен саралау сипаттарының мол екені айқын аңғарылады. Автор қайсыбір бөлімде де қазақ әдебиеті мен тарихын, оның теориясы мен сынын қатар қарастырады. Әлемдік әдеби үдеріспен байланыстыратын сәттері де көптеп кездеседі. Айталық, алғашқы бөлімге енген «Ф.М. Достоевскийдің соңғы романы», «Натурализм және ХХ ғасырдың көркемдік құндылығы», «Бүгінгі постмодернизм»,

«О критическом реализме» сынды мақалаларда әлем әдебиетінің теориялық қисындары – Ф.М. Достоевский, А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой еңбектерімен, жанр жүйесі мен көркемдік талаптар тұрғысынан сөз етіледі. Әсіресе, Ф.М. Достоевский шығармашылығы, оның ішінде «Ағайынды Карамазовтар» романы адам мұраты мен рухани-имандылық мәселелері қатар қарастырылады. Адам әлемі, кісілік пен кішілік келбеттері, жан мен тәннің арпалысы, өмір мен өлімнің арақатынасы, тәкаппарлық пен пенделік көріністері, тоғышарлық пен нәпсіқұмарлық, т.с.с. роман табиғаты мен сюжет желісі, жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс негізінде сөз болады. Автор жазушының ғұмырбаяндық қырларын, шығармашылық мұрасына қатысты дерек көздерін, замандастары мен тұстастарының ой-пікірлерін, күнделік-хат сырларын да молынан пайдаланады. Автор түйінді тұста: «...Ф.М. Достоевский өзіне дейінгі жазушылар бейнелемеген, көрмеген адамның тағы бір нәпсіқұмарлық типтік сипатын осы роман арқылы замандастарына мойындатып берді. Ол түсінік адамдар арасындағы құлдыраған қарым-қатынастан сол кездегі Ресей қоғамына тән әлеуметтік-психологиялық ахуалдан туған. Бұл адамның өзінің сезімдеріне ие бола алмай, ашудың, қанағаты жоқ нәпсінің ғана жетелеуімен алып ке-

тетін ақылсыз қара күштің салтанат құруы еді. Осы орайда, Ф.М. Достоевскийдің «кара» деген сөзге жүгінуді де тегін емес. Адамның есін шығарып, ойлауға мүмкіншілік бермей, асықтырып әкететін, ниеті теріс пенделік күштің табиғаты романда айқындалып берілген» (17-бет.), Ф.М. Достоевский дүниежүзілік әдебиетте адамның адамдығы діні арқылы тақырыбымен қалды. Оның бұрынғы кейіпкерлері көтерген сынақтар осы романда түйінделе түсті.

«Ағайынды Карамазовтар» романының кейіпкерлері адамның иманының әр сәт қызмет атқаруын талап етеді, оның әр мезгіл рухани күзетте тұрып, рухани күреске дайын болу қажет екенін еске салады. Рухсыз, имансыз, сұйық судағыдай тіршілікке қарсы тұра алған адам әр сөзіне, әр ісіне жауапты екенін жазушы алға тартады. Романның авторы әр адамның өз атымен есеп беруін талап етеді» (27-28 бет) деген қорытынды жасайды. Жазушы еңбегі мен шығармашылығын, таланты мен тағылымын, әдебиеттану ісіндегі орнын кеңінен көрсетеді. Дара дарының даналық қырлары аясында, көзқарас пен қолтаңбаларындағы ортақ мұрат, сабақтастық сипаттарымен байланыста сөз етеді. Роман табиғаты мен тағылымы ашылады.

Ал «Натурализм және ХХ ғасырдың көркемдік құндылығы» атты материалда адам әлемінің руханият

ісіндегі көріністері қарастырылады. Натурализмнің әдеби стильге жататын әдебиеттану мен фрейдистік көзқарастарға қатысы бары көрсетіледі. Натурализм поэтикасы пост-модернистік туындылармен байланысты баяндалады. XX ғасырдың көркем құндылығы адамзаттың рухани қоры тұрғысынан еске алынады. Бұл ретте Махамбет, Абай, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабай, М. Әуезов, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин т.б. өмірі мен шығармашылығы кейінгі кезеңдердегі Қ. Аманжолов, С. Мауленов, М. Мақатаев, Ә. Кекілбаев, Ә. Тарази, Т. Нұрмағамбет, Т. Әбдік, Д. Исабек, Қ. Ысқақ, Ж. Шаштайұлы, Т. Шапай, т.б. әр алуан жанрдағы туындылары ұлттық рухқа суарылған шынайы сезім мен көркемдік құндылықтары баса көрсетіледі. Постмодернизм үлгілері О. Сүлейменов, А. Жақсылықов, А. Кемелбаева, Д. Амантай еңбектерінен көрінсе, Р. Мұқанова шығармашылығында ақиқат жайттарының мол ұшырасатыны айрықша аталады. Руханият әлеміндегі жаңалық-жетістіктер, өзгеше көзқарас пен қолтаңбалар, асқақ рух пен соны пафосқа құрылған туындылар табиғаты ұлттық мұрат тұрғысынан, әділетті іс пен өмірге құштарлық жағынан қарастырылып, адамзаттық ізгіліктерге, мәдени-рухани құндылықтарға зор маңыз беріледі. Асыл сөз

сипаты, оның өміршендігі адамзаттық құндылықтарға негізделуімен, адам мен оның еңбегін көркем де шынайы суреттеуімен, өмірлік тәжірибелерді, ұлттық мұрат-мүддені арқау етуімен мәнді екендігі де әр алуан талдау, саралауларға негіз етіледі. Асылы, ағым-әдістер табиғатын әр алуан қырынан ашып, ұлттық сөз өнерінің тарихына, танымал туындылар тағылымына маңыз береді. Жанрлар жүйесіне, көркемдік-стильдік ізденістерге ден қояды. Ұлттық құндылықтарға, басым бағыттарға назар аударады.

Кітаптың салмақты бөлігін алған, қалың көпке ой салған «Бүгінгі пост-модернизм» – әдебиеттегі өзгеше құбылыс пен әдебиеттанушылардың назарын аударған ағым хақында ой қозғайды. Постмодернизмнің кешегі-бүгінгі тарихы мен бағыттарын, әр алуан көзқарастар жүйесін танып-талдауға арналған. Постмодернизмнің пайда болуы, дамуы мен оған тән белгі-ерекшеліктерді де әр ел әдебиеті, жекелеген қаламгерлер шығармашылығы арқалы көрсету мұраты көзделеді. Бұл ретте орыс әдебиетіндегі Пелевин мен қазақ қаламгерлері О. Сүлейменов, А. Жақсылықов, Қ. Олжай туындылары («Глиняная книга», «Сны окаянных», «Атамыз Аласанбай») мән-мазмұны, өмір-уақыт ағымы, оқиғалар желісі, т.с.с. сөз арқауына айналады. Автор осы арқылы қазіргі кезеңдегі

әдеби үдерістің бағыт-бағдарларына, жаңалық-жетістіктерге, ортақ мұраттарға көңіл бөледі. Дәстүрлі әдебиет үлгілері мен жаңашыл ізденістерге, көзқарас эволюциясы мен қолтаңбалар сюжетіне, жаңа уақыт бедерінің көріністеріне мән береді. Қазіргі әдебиеттің тыныс, тамырына мән береді. Даму бағыттары мен арналарын айқындайды. Көркемдік мұраттарға, жаңалық-ерекшеліктер мен стильдік ізденістерге ден қояды.

Кітапқа енген «Әдеби сынның теориялық мәселелері», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», «Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы» сынды мақалалар топтамасында қазіргі кезеңдегі әдебиеттанудың өзекті жайттары қарастырылады. Басты бағыттарға, зерттеу жүйесіне мән беріледі. Тақырыптық ерекшеліктер, көркемдік-стильдік ізденістер жіті сараланады.

Осы реттен алғанда, «Әдеби сынның теориялық мәселелері» ұлттық сөз өнерінің сын саласы төңірегінде ой қозғайды. Әдеби сынның түп-төркіні, атау-ұғым ретіндегі мән-маңызы, қалыптасу мен даму жолдары байыпты сараланады. Автордың көзқарас-ұстанымдарына кезек берсек:

«Бүгінгі сын тек әдебиеттің жүйесінде ғана өз мағынасы мен мақсатын таныта алады. Әдеби шығарма тек әдеби сын арқылы әдеби процеске кіріп, соның ішінде анықтала түсуде.

...сөз өнері – көркем шығармалардың мәтіндер жиынтығы болса, көркем сын осы жүйенің анықталуын, танылуын қажет етеді.

...Суреткер шығарманы тудырады, ал сыншы сол шығарманы әдеби жүйеге кіргізеді, сонда ғана әдеби шығарма өзінің бүгінгілік мағынадағы орнын тауып, әлеуметтік рөлін атқарады.

...Әдеби сынның мақсаты – өнер туындыларының тууы, оның оқырманның жанына, ішкі әлеміне әсер етуін анықтау.

...Сынның жанрлық түрлері бар: структуралық, семиотикалық талдау, гентерпретация, микроанализ – үнілетін оқу, тарихи-логикалық, салыстырмалы әдіс – бәрі де сыншының жеке кәсіби интуициясына байланысты» (79-81-бб.).

Біздіңше, автор әдебиет тарихының жетекші салаларының бірі – әдеби сынның мақсат-мұраттарын, сын мен сыншы арақатынасын талдау-салыстыру сипаттарын кеше-бүгін байланыстары арқылы көрсетеді. Жазушы еңбегі мен шығармашылық, көркем туынды табиғаты мен тағылымы, әдеби байланыс арналары, мәтінтану мен талдау мәдениеті, кітап пен оқырман, т.т. кең орын беріледі. Автор әдеби сын тарихы мен тағылымына маңыз бере отырып, ондағы үстірттік пен шолу сипаттарына, біржақтылық пен баяндау үлгілеріне сын тұрғысынан қарайды.

Дара дарын қолтаңбасы, шынайы шығарма сипаттары, көркемдік-эстетикалық мұраттар да туынды табиғаты мен мүмкіндіктеріне сай сараланады. Нәтижесінде, сын мен сыншы мұраты – автор мен туынды табиғатын терең зерделеп, ондағы өмір-уақыт бедеріне, адам әлемі мен еңбегіне, көркемдік шындықтар сырына талдау-саралаулар жасау арқылы байыпты бағалау, тиісті қорытындылар шығару қажеттілігі кеңінен көрсетіледі.

Кітапта әлемдік әдебиет пен әдеби үдерістің бағыт-бағдарлары ағым мен әдіс-тәсілдер, қысқасы, көркемдік-эстетикалық құндылықтар, тілдік-стильдік ізденістер маңызды мәнге ие болады. Осы орайда, «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері» – әдебиет тарихы мен оны дәуірлеу жайы, Ресей әдебиетіндегі формалистік көзқарастар жүйесі классикалық филология табиғаты, постмодернизм мен постструктурализм, деконструктивизм теориялары, оның алыс-жақын елдердегі өкілдері, мақсат-мұраттары жан-жақты барлау мен бағалаулар арқылы зерделенеді. Классикалық әдебиеттану мен қазіргі релятивизм, оның теориялық қисындары мен мүмкіндіктеріне де кең орын беріледі. Ресей әдебиеттануындағы екі бағыт: дүниежүзілік әдебиет пен ұлттық мүддені арқау еткен ерекшеліктердің аражігі жіті көрсетіледі. Ондағы басты тұлғалар мен негізгі еңбектер,

ағым-әдіске қатысты көзқарастар, көркем туындының теориялық мәселелері де тиісінше орын алады. Автор бұл тұстарда да әдеби үдерістегі бағыт-бағдарларға, арғы-бергі кезеңдердегі көркемдік ағым-әдістерге, оның көрнекті өкілдеріне тоқталады. Басты туындылар мен ондағы өзгешеліктерге, жазылуы мен жариялануына, көркемдік-стильдік ізденістерге, ой-сөз жүйесіне мән береді.

Ал «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері» бөлімінде ұлттық сөз өнерінің қадау-қадау тұстары, жеке-леген ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттану мен сынның өзіндік өзгешеліктері, көркем туындының тақырыптық-мазмұндық һәм құрылымдық ерекшеліктері, аударма мұраты мен тағылымы, т.т. әр алуан қырларынан қарастырылады. Айталық, «Қазақ әдеби сынының теориялық мәселелері» атты мақалада сын мен сыншы табиғаты жаңа қырынан айқындалады. Классикалық туындылар мен оның ерекшеліктері, көркемдік-рухани құндылықтары кеңінен көрсетіледі. Сын сипаты мен сыни кітаптарға, талдау-саралау мәдениетіне ден қояды. Мерейтойлық мақалалар мен жалпылама дақырттарға да көңіл бөледі. Әдебиет теориясының талаптары мен эстетикалық заңдылықтары негізгі назарда болады. Әдебиет мерейі сын арқылы өлшенетіні де басты

талаптар тұрғысынан қарастырылады. Негізінен, сын мен сыншы сипаты – туынды табиғатын, жаңалық-жетістіктерін боямасыз-бүкпесіз көрсететін, әлемдік-ұлттық өлшемдер негізінде нақтылы бағалау, жүйелі сөз ету екендігі жіті көрінеді.

Сондай-ақ, «Шәкәрім аудармалары жөнінде», «Стиль романа Жусупбека Аймауытова «Қартқожа», «Ғ. Мүсірепов әңгімелеріндегі автор мен кейіпкер мәселесі» сынды мақалаларда қазақ әдебиеті тарихының ортақ тұстарымен бірге аударма өнеріндегі Шәкәрімнің орын-үлестері, Ж. Аймауытұлы мен Ғ. Мүсірепов шығармашылығының өзгеше қырлары, көркемдік-эстетикалық әсерлікпалы кең көлемде ашылады.

Бұдан басқа «Ахмет Байтұрсынұлы және көркем сөздің теориялық мәні», «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», «Зейнолла Қабдолов және Алаш әдебиеттануы», «Зәки Ахметов – әдебиет теоретигі» атты мақалалар топтамасында ұлттық әдебиеттану әлемі, оның негізгі кезеңдері, басты еңбектер тарихы мен тағылымы жан-жақты сөз етіледі.

Біздіңше, ой-сөз жүйесіне арқау еткен әдебиетші-ғалым А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы», «Асыл сөздің теориясы» атты еңбектері – іргелі ізденіс пен жаңа теориялық көзқарастарға негізделуімен, зерттеу мен

зерделеу ісінде, талдау мен саралау бағыттарында өзіндік өзгешеліктері мол белгі-ерекшеліктерімен қалың көпшіліктің назарын аудартады. Алыс-жақын елдердің тәжерибесі мен мысал-деректері, ұлттық әдебиеттану мен сынның өзекті мәселелері байыпты бағалау, терең таным, соны сипаттарымен мәнді болып табылады.

Қазақ халқының қилы кезеңі мен ақтадақты тұстарынан мол сыр шертетін «Нәубет» (құрастырушы: З. Қыстаубаев. – Алматы: Жалын, 1990. – 448 бет) «Зауал» (құрастырушы: Б.Қойшыбаев. – Алматы: Жазушы, 1991. – 272 бет) сынды жинақтардың да өзіндік бағыт-бағдары, ұнамды қырлары көп.

«Нәубет» жинағы «Қалың елі болмаса, ерлер жетім», «Қайран ерлер болмаса, ел-жұрт жетім» секілді екі бөлім аясында ел басына туған алапатты аштық пен жеке басқа табыну кезеңіндегі жазықсыз жапа шеккендердің тағдыр-талайын сөз етеді. Өмір-уақыт сырларына, тарих пен таным таразысына, ұлт қайраткерлерінің азаттық-теңдік жолындағы әрекет қимылдарын да кеңінен көрсетеді. Жинаққа енген С. Елубаевтың «Нәубет», С. Байжанованың «Жариялауға жатпайды», Ө. Қанахиннің «Өз көзіммен көрдім», М. Қозыбаевтың «Голошекин», Т. Кәкішевтің «Қағидаға айналған қателер», Ж. Бектұровтың «Қайран абзал ағалар», Қ. Сәрсекеевтің «Елу

сегізінші статья» секілді мақалалар қилы кезеңнің, өткен күндердің келеңсіз көріністерін, ащы сабақтарын дерек көздерімен де, көңіл күнделіктері арқылы да, естелік, хат үлгілері негізінде де нанымды, әсерлі жеткізеді.

Айқын аңғарылар жайт: ұлт тарихындағы қаралы жылдар көрінісі, отаршылдық салқыны мен әкімшіл-әміршіл жүйенің ұрда-жық саясаты, қарапайым халықтың жазықсыз жапа шегуі, шектен тыс қысым көруі, т.т. алуан дерек көздері арқылы нақтылы адамдар өмірінің арқау етілуі – «Нәубет» жинағының табиғатын да, көркемдік-рухани әсерін де арттырып тұр. Табиғаты мен құрылымы мәнді. Көзқарас жүйесі айқын.

«Зауал» отызыншы жылдар ойранын, нақтырақ айтсақ алапат аштық пен жеке басқа табыну кезеңін, жазықсыз құрбандар хақындағы ойлар мен толғаныстар, ескірмейтін естеліктер мен маңызды зерттеулер, байыпты сараулар кең орын алған. Бұл, әсіресе Ш. Мұртазаның «Халық үшін жан пида», Т. Қожакеевтің «Қасірет», Б. Қойшыбаевтың «Көзқарас эволюциясы», С. Құдаштың «Қазақ ақыны М. Жұмабаевтың тағдыры туралы», т.т. мақала, зерттеулер табиғатынан, жекелеген тұлғалардың (Т. Рысқұлов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, Б. Қаратаев, Қ. Кемеңгеров, т.б.) тағдыр-талайынан терең танылады. Тұтас

халықтың басына төнген зұлмат-зобалаңдары, қайғы-қасірет әкелген қаралы күндердің ащы сабақтары уақыт өтіп, ұрпақтар алмасса да тарих толқынымен қайта таразыланып, жаңаша бағалануда. Бұл ретте, ең алдымен империялық саясаттың, отаршылдық жүйенің, жеке басқа табынудың өрескел, керағар жақтары жан-жақты ашылып, одан арылудың, тазарудың мол мүмкіндіктері көрсетіліп, нақты іс-шаралар, батыл қадамдар жасалуда.

Демек, «Зауал» отызыншы жылдар ойранын, халық қасіреті мен қуғын-сүргін құрбандықтарының сырын кең көлемде ашып, тарихтан тағылым, тағдырға-тағзым етудің үлгі-өрнектерін алға тартады.

Қазақ зиялылары – З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, т.б. мерейтойлары тұсында жарық көрген «Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері» (Алматы: «Үш қиян», 2003. – 640 бет), «Зейнолла Қабдолов – ұстаз, ғалым, жазушы» (Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 292 бет), «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» (Алматы: Комплекс, 2002. – 431 бет), «Мерей» (2 томдық. – Алматы: Орталық ғылыми кітапханасы, 2002. – 1 том, 633 бет; 2 том, 508 бет) сынды кітаптар тақырып табиғаты, құрылым жүйесі, көркемдік-жанрлық сипаты, танымдық-тағылымдық тұрғыдан берері мен дерегі мол елеулі еңбектер болып табылады.

Басты ерекшеліктер: бұл еңбектер жоғарыда аталған қазақ зиялыларының мерейтойларына арналып, ұстаздық-ғалымдық қырларына кең орын берілгенімен, ұлттық сөз өнерінің даму кезеңдерін, әдебиет пен өнердің мақсат-міндеттері, жазушы еңбегі мен шығармашылық, көркемдік-жанрлық жүйесін, әдеби байланыстар мұратын, фольклор шындығын, білім-ғылым ісінің түйінді тұстарын, әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелерін жан-жақты сөз етеді.

Байқалар және бір жайт: З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Кәкішевтің өмірі мен кезеңінен, шығармашылық мұраларынан азаматтық-адамгершілік иірімдерін, игілік пен ізгілік жолындағы жасампаздық істері, білім-ғылым жүйесі мен руханият ісіне қатысты көзқарастары терең танылады. Ақыл-парасат нұры танылады.

Қазіргі әдебиет пен мәдениет үлгілерін көне кезеңдерден бастап, талдаудың қажеттілігі айтылып, жазылып жүр.

Мұның да негізі жоқ емес.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен дамуы да арнайы зерттеу жүйесіне айналып, кезең-сала бойынша кең көлемде қарастырылу үстінде. Олар, негізінен:

- Ежелгі дәуір әдебиеті (V-XIV ғғ.)
- XV-XVIII ғасырлар әдебиеті
- XIX ғасыр әдебиеті
- XX ғасыр басы әдебиеті

– Кеңес кезеңіндегі әдебиет болып жүйе құрағанын аңғару қиын емес. Алайда ұлттық әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі, әдеби мұраны игеру жайы, түпнұсқа тағдыры, т.т. ойласу ретінде қайсыбір ізденіс, еңбектерден бой көрсетіп қалады. Бұл бағытта ақпарат құралдарына әр алуан ізденіс-көзқарастар бар (мысалы, Ш. Елеуқеновтың «Ревалюцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихын кезеңдеу хақында ойлар» («Заман Қазақстан», 1997 шілде), С. Қирабаевтың «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» («Егемен Қазақстан», 1999, 16 шілде, С. Қасқабасовтың «Түпнұсқамыз түгел ме?» («Егемен Қазақстан», 1998, 8 қыркүйек), «Нарық және мәдениет» («Егемен Қазақстан», 2001, 15 тамыз), Р. Тұрысбектің «Кімді үлгі, нені нұсқа етеміз?» («Өркен», 1991, 26 қазан), «Әдебиет пен ар сынасыз ұғым» («Егемен Қазақстан», 2001, 26 желтоқсан), Б. Әбдіғазидының «Туған әдебиет және жаңа көзқарас» («Егемен Қазақстан», 2002, 4 қаңтар), т.т.

Қазақ әдебиетінің жаңа тарихы қандай болу керек? Нендей мәселелерге маңыз беріп, назар аударған жөн? дегенде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 30-40 жыл ішіндегі айттыс, пікірталастар да жіті көзбен қарауды қажетсінеді. Бұл ретте «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды

зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қолындағысы» – сол бір сұрапыл әрі сәргелдені мол өткенімізді терең зерттеп, таным таразысына салуды міндеттейтін қажетті құжат. Осы құжатта Кеңестік жүйе тұсындағы партиялық саясаттың салқыны тиген негізсіз кінә, қаралаулардың сыры терең ашылады. Мәселен, ақын С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы... феодалдық-рулық ескішілдікті дәріптеген», сыншы Ғ. Тоғжанов тарих пен өнер теориясын «плекхановша түсінді», ауыз әдебиетіміздің ірі өкілдері Бұқар мен Базар жырау, Дулар пен Мұрат, Шортанбай, т.б. шығармалары «феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық және діншіл шығармалар деп танылады». Сондай-ақ, әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының «жекелеген шығармалары идеялық жағынан зиянды, ұлтшыл және саяси тұрғыдан қате» деп айыпталса, олардың еңбектері «ғылыми қолданыс пен оқулықтардан алып тасталды». Мұндай кінә, кінәрат тағылған – жолсыз жазаның құрбандары ендігі жерде қалпына келтірілуі керек.

Әдебиеттану ғылымының қырсыры мен келелі келешегіне қатысты кейбір көзқарастарды да еске алу артық емес. Мәселен, академик М. Қаратаевтың «Туған әдебиетіміздің толымды тарихын жасайық» («Қазақ әдебиеті», 1988, 2 қыркүйек), әдебиет

зерттеушісі Т. Кәкішевтің пікірталас ретінде жазылған «Қағидаға айналған қателер түзелсе» («Жұлдыз», 1988, 11, 140-166 беттер) және Ш. Елеукеновтың «Жаңа жолдан» кітабындағы «Бетбұрысты бетке алып...» т.б. мақала, зерттеулерін осы бағыттағы жанашыр ой, қамқор көңілден туған ізденістер ретінде қабылдаған орынды. Сондай-ақ, Д. Әшімхановтың «Даму мен дағдарыс» атты кеңес дәуіріндегі әдебиетіміздің «ұзақ жолына қысқа шолу» жасап, ондағы сілкіністер мен іркілістер хақында ой-пікірлерін («Қазақ әдебиеті», 27 шілде, 1990), ақын-әдебиетші Ш. Сариеттің «Қазақ әдебиеті тарихын қайта қарау керек пе?» сынды мақаласын («Алматы ақшамы», 15 мамыр, 1991), ғылым докторлары Ж. Дәдебаевтың «Көкжиекті түріп тастағың келеді» (ЕҚ, 2001, 3 қазан), Б. Кәрібаеваның «Қалам құдіретін тұшынғым келеді» (ЕҚ, 2001, 12 қыркүйек), Б. Ыбырайымның «Ұлттық рух және әдебиет» (ЕҚ, 2001, 13 қыркүйек), Б. Әбілдаұлының «Қазақ әдебиетінің 2.700 жылдық антологиясы Түркияда жарияланды» (ҚӘ, 2006, 14 шілде), Ә. Қайырбековтың «Шәкәрім қажының Сәбеңе хаты» (ЕҚ, 2006, 22 наурыз), Қ. Жүсіптің «Мәшһүр Жүсіп мұраларын жүйелеу бір ізге түсті» («Нұр-Астана», 2009, 27 шілде), Б. Ыбырайымның «Шын әдебиет танымды да, талғамды да өсіреді» («Астана ақшамы», 2009, 18 шілде),

Қ. Ергөбектің «Қимас қазына қайда екен?») / «Ана тілі», 2009, 1-7 қазан), Т. Кәкішевтің «Сәкен һәм «Енбекші қазақ» (ЕҚ, 2009, 6, 10 қараша, / С. Кенжеахметұлының «Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік құрылымы» («Ана тілі», 2009, 12-18 қараша) Қ. Мырза Әлінің «Менің де кітапханам Әуезовтің кітапханасы сияқты сол күйінде сақталса деп алаңдаймын» («Айқын», 2009, 11 желтоқсан), Т. Дайрабаевтың «Ұлбике ақын өмірінен бірер сыр» («Түркістан», 2010, 7 қаңтар), Г. Бектасованың «Қазақ киносы: жеңістер мен жеңілістер» («Түркістан», 2010, 7 қаңтар), Т. Есембековтың «Аударма ісінің ахуалы қалай?» («Ана тілі», 2010, 7-13 қаңтар), Ә. Нұрпейісовтің «Мені тұлғалар өсірді» (ЕҚ, 2010, 19 қаңтар), К. Есмағамбетовтың «Яш Түркістан» – тәуелсіздік жаршысы» («Ана тілі», 2010, 14-20 қаңтар), т.т. атты көзқарас-саралаулары, осы бағыттағы оң қадам деп білеміз.

Сөз жүйесі төл әдебиетті зерттеудің актуальді мәселелері болып отырғандықтан, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен өткен «20-30-жылдардағы қазақ әдебиетін зерттеудің жаңа міндеттері» атты ғылыми-методологиялық конференцияның (14 мамыр, 1991) маңызын да айтқан жөн. Аталмыш ғылыми жиынның қысқаша есебі «Қазақ әдебиеті» газетінде (21 маусым, 1991

жыл) жарияланғандықтан біз ендігі жерде ұзын арқан, кең тұсауға салмай, негізгі ойларымызды білдірумен шектелеміз. Біріншіден, ғылыми жиынның кеш те болса өтіп, сөз өнерінің бүгінгі ахуалын бүкілсіз баяндаулары көңіл қуантты. Екіншіден, аталмыш, кезеңдегі әдебиетімізді зерттеудің міндеттері (М. Базарбаев), стильдік ізденістері (Т. Кәкішев), әдеби айтыстары (Б. Дәрімбетов), проза (Ә. Нағыметов) мен поэзияның (Б. Ыбырайымов) тақырыптық-көркемдік жайлары жеке-жеке сөз етілуі де сол уақыттың шындығына бүгінгі күннің көзімен қарап, кеңінен қарастыру секілді мақсаттардан туғаны анық. Үшіншіден, әрі ең негізгісі – ғылыми жиында бүгінгі уақыттың талабы негізгі нысана етіліп, сөйлеушілер де «дайын сүрлеуден» соны, жаңа жолмен жүру керектігін ашық айтып, әңгімеледі. Ғылыми жиынның тағылымы – шындықпен бетпе-бет келіп, ақиқатты айту, кемшілікті көрсету болатын. Біздіңше, бұл міндет аталмыш ғылыми жиында толығымен орындалды деуге әбден болады. Бұл бағыт кең арна алып, дамығаны жөн.

Әдебиет әлемінде – әдіс мәселесі ерекше орын алады. Әдебиеттің даму бағыттары, көркемдік таным арналары – әдіс төңірегіне кең өріс алады. Кеңес дәуіріндегі сөз өнерінде (әдебиетте) айналып өте алмайтын тақырыптың бірі – әдіс мәселесі,

яки социалистік реализм әдісі. Озық елдердің сөз өнерінің өріс-арналарын саралар болсақ, еліміз әдебиеті (осы әдіс аясында) тақырыптық-көркемдік аясы жағынан болсын, бейнелік, тілдік тұрғыдан болсын, әсіресе астамшылық, даңқ пен дақырт, ой мен сөздегі жұтаң, тайыздық аяққа тұсау болғанын, тіпті партократтар ұстанған «теория» екенін бүгін біліп, айта бастадық.

Көп болып ойласар мәселелер қатарына ақталған акын-жазушылардың әдебиеттегі орнының айқындалуын да жатқызар едік. Әрине, бұл тұстарда әдеттегідей оң жамбасымызға келеді екен деп, алфавиттік жүйе-топпен емес, ендігі жерде әрбір қаламгерлердің сөз өнеріне қосқан үлес, еңбектеріне қарай орын-орнына қою, соған сай танып, талдаудың теориялық та, практикалық та маңызы зор. Ойға оралар бір жайт: қайсыбір қалам қайраткерлері болмасын оларды ақталған ретінде бірыңғай мақтап, мадақтаумен бірге кезең шындығына орай артық-кем ойларын да байыпты саралап, әділ бағасын берген жөн.

Бұдан шығатын түйін: қазақ елінің жанару жолына батыл бет бұрған мезгілінде төл әдебиетіміздің ежелгі дәуірінен бүгінгі биігіне дейінгі бел-белестерін демократия, тәуелсіздік тағылымдары тұрғысынан қайта қарап, сол арқылы кезінде айттып, жаза алмағанды әділеттік жолымен айқындасақ, шындықты қал-

пына келтірсек – бұдан әдебиет ұтады, мәдени-тарихи танымымыз да кеңейіп, келешекке деген үміт-көзқарастарымыз арта түсетіні айдан анық. Әрине, бұл мәселелер бірер күн, айларда атқарыла салатын кезеңдік, науқандық жұмыстар емес. Біздіңше, бұл мәселелер төңірегінде көп болып кемел ойлансақ, жұмған жұдырықтай болып бірге кіріссек қана ізденіс, зерттеулеріміз жемісті, нәтижелі болмақ.

Маныздысы: қазақ әдебиеті тарихын біртұтас қарастыру, жас мамандарға білім-ғылымның есігін айқара ашып, тіпті алыс-жақыннан да тартып, нақты бағыт-бағдар беру – баршамыз үшін қажетті, кәделі іс. Ұлттық әдебиеттану әлемі – тарих пен теория, сынның ұштасқан ұштағаны болғандықтан сөз өнерінің өсу-есею, даму жолдарын, бүгінгі үдерісті байыпты бағдарлап, артық-кем тұстарын жіті де сергек саралағаны жөн.

Жалпы, қазақ әдебиеті тарихын жүйелеу:

Өткен тарихымыз бен танымымызды зерделеу үшін қажет;

Руханият әлеміндегі бел-белестерді қоғам, қалам қайраткерлерінің еңбек-мұраларымен байланыстырып, ондағы басты тақырып, мәселелерді танып-талдау ісінде аса мәнді фактор қатарына жатады;

Кеше мен бүгіннің арақатынасын, әсер-ықпалын айқындау барынша маңыз болып табылады;

Рухани саладағы еңбектерді жүйелі ізге түсіріп, танып-зерттеу кәделі іс.

Басты мұрат: ұлт әдебиетін бір жүйеге, негізге салып, тұрақты оқып-үйрену, зерттеп-саралау болып табылады.

Тұтастай алғанда, қазақ әдебиеттану ғылымы (көне кезеңдерден бүгінге дейін) алуан асу, бел-белестерден өтті. Атап айтқанда:

– Ұлттық сөз өнері туу, қалыптасу, даму жолдарынан өтіп, әдеби-ғылыми сипаты, бағыт-бағдарлары айқындала түсті;

– Қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдері белгіленді;

– Ұлттық тарихқа айқын көзқарас қалыптасып арғы-бергі кезеңдердегі Алаш ардақтыларының есім, еңбектері халқына қайта оралды;

– Қазақ әдебиетінің тарихы жекелеген кезеңдер бойынша қарастырылып (мысалы, ежелгі дәуір әдебиеті, ХҮ-XX ғғ. қазақ әдебиеті, т.т.), теориясы мен әдіснамасы, библиографиялық көрсеткіш-жылнамасы жасалып, көркемдік ізденістері, шығармашылық үрдістері кең өрісті арнамен дамып келеді.

– Қазақ әдебиеттану ғылымының келешектегі мұрат-міндеттері қатарына мыналар жатады:

– Ұлттық сөз өнері, оның әуелгі түп-төркіні бүгінгі уақыт талабы мен жаңа көзқарастар тұрғысынан соны зерттеулердің жүйесіне айналу керек;

– Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі қоғамдық-тарихи жағдайларға, жекелеген тұлғалардың орын-үлесіне, сөз өнерінің бағыт-арналарына, әдіс-тәсілдеріне орайластырып емес, керісінше, ұлттық әдебиеттің даму үрдістеріне сай саралануы, жүйе құрауы тиіс;

– Алыс-жақын елдердегі қандастарымыз бен Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі қаламгерлердің атын-затын түстеп, өмір-кезеңін, шығармашылығын жүйелеу, зерттеу міндет;

– Ең негізгісі, әдебиет – халық мұрасы, оның көркем ойы, рухани шежіресі болса, ұлттық әдебиеттану ғылымында осы белгі-ерекшеліктер жүйелі арна алып, бұлтартпас дерек көздерімен, әдеби-ғылыми тұрғыдан терең де мәнді талдау-зерттеулермен, байыпты көзқарас, түйінді тұжырым-ұсыныстарымен бедерлі сипатқа ие болуы керек.

Сонымен, түйінді тұста айтарымыз: қазақ әдебиеттану ғылымы көне кезеңдерден бүгінге дейін туу, қалыптасу даму жолдарынан өтіп, биік белестерге бет бұрды. Әсіресе, соңғы он жыл бедерінде Азат елдің ақыл-парасат дүниесіне, көркем ойына сай сараланып, кең көлемде қарастырыла бастады.

Екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнерінің көне кезеңдерінен бастап руханияттың түйінді мәселелеріне хал-қадерінше жауап іздеп, байыпты барлауға бет бұрды.

Үшіншіден, жекелеген қаламгерлердің өмірі мен қызметін, шығармашылық мұрасын ғана емес, орта-айналасына, әсер-ықпал жағдаяттарына да терең еніп, байыпты зерделеу, саралауға ден қойылады.

Төртіншіден, әдебиеттің нақты кезеңіне, шығарманың жанр, стиль, типология, эстетика, генезис, поэтика, т.б. қырларына маңыз беріліп, көркемдік құпиясының қыр-сырын алуан салыстыру-талдаулармен кешенді қарастыруы айқын аңғарылады.

Бесіншіден, ең негізгісі – қазақ әдебиеттану ғылымы еркін елдің мақсат-мұраттарына сай бағыт-бағдарын, даму кезеңдері мен белесбиігін айқындап, уақыт талабына сай ілгерілеп, дамып келеді.

Ендеше, әдебиет, оның тарихы мен даму бел-белестері ұлт мұраты мен тағдырының рухани көрінісі, көркемдігі һәм шынайы болып табылады. Әдебиеттану мен сын осы бағыттағы даму мен дағдарысты тамыршыдай тап басып көрсетеді. Ұлттық мұрат пен рухани құндылықтарды, сөз асылын саралап, зерттеп-зерделейді.

Тұжырым. Әдебиеттану көркем әдебиеттің арғы-бергі кезеңдерін, қалыптасуы мен даму жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, сын – сөз өнерінің сыр-сипаттарын, артық-кем тұстарын, жаңалық-жетістіктерін анық та әділ көрсетеді.

Әдебиеттің тарихы. Жеке алғанда бір елде, жалпы алғанда, бүкіл адам баласының тарихында көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қайтіп қалыптасқанын, қандай жолмен дамығанын зерттейді. Қай халықтың болсын ертеде жазу-сызу жоқ кезеңнің өзінде ауыз әдебиетінің өрбігені, одан бертінірек жазба әдебиеті туып, дамығаны белгілі. Әр халықтың осындай көркемдік даму жолын саралайтын да, сын көзімен сұрыптап сарапқа салатын да әдебиеттің тарихы. Қазіргі кейбір ұғым түсініктер де тарихи дамудың қилы кезеңдерін бастан өткере отырып қалыптасқан. Бұл тұрғыдан жанрлар мен стильдер, жекелеген көркемдік тәсілдер, композициялық құрылым белгілер, сондай-ақ қайталама сюжеттер мен сарындардың (мотив) тарихи тағдырын айтуға болады. Әдебиетке қатысты түрлі ұғымдардың, көркемдік құралдарының тарихи жолын айқындауда әдебиет тарихының, оның ішінде тарихи поэтиканың өзекті мәселелерінің бірі.

Әдебиеттің сыны. Өз тұсындағы әдеби процеске белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан-жақты талдау, оның идеялық-көркемдік құнын белгілеу, жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның шығармашылық өсуіне тікелей қолғабыс жасаса, екінші жағынан оқырмандарды оқығандарының ба-

йыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды. «Сын» сөзінің төркіні грек тілінде «талдау, талқылау» деген мағына беретін «критика» деген сөзінен шыққан. «Сын дамуына» көз шола жүгіртсек, әдебиет жанындағы сыни ойлар әдебиеттің өзімен қатар пайда болған.

Антикалық дәуірде әдеби жұмыстың бір саласы ретінде бөлініп шыққан әдебиет сыны ұзақ уақыт бойына шығармаға жалпылама баға беру, оны оқырмандарға таныстыру, оқуға кеңес беру, шығарма авторын дәріптеу немесе сынау сияқты қарапайым ғана міндеттер атқарып келді. Әдебиеттің дамуына байланысты әдебиет сынының да мақсаты мен сипаты күрделене түсіп, оған қойылатын талаптар да, жауапкершілік те күшейді.

Әдебиеттің теориясы – әдеби шығармашылықтың табиғаты мен қоғамдық міндетін зерттейтін және оны талдаудың әдіснамасы мен әдіс-темесін айқындайтын әдебиеттану саласы.

Әдебиеттану мен сын – сөз өнерінің тарихы мен теориясын, оларға тән белгі-ерекшеліктерді, әдеби туындының болмысы мен бітімін, мазмұн мен құрылымын, өмір оқиғалары мен уақыт шындықтарын, кейіпкер жүйесі мен көркемдік таным арналарын, ой-сөз жүйесі мен тіл-стиль сипаттарын кең көлемде қарастырады. Қысқасы, әдебиеттану ғылымы (олар үш саладан тұрады – әдебиеттің тарихы, теориясы мен сыны) сөз өнерінің әуелгі бастау арналарынан бермен қарайғы кезеңдердегі көркем әдебиеттің қалыптасуы мен даму бағыт-бағдарын, өсу-өсею жайларын, жазушы еңбегі мен шығармашылықты, ізденіс іздері мен дүниетаным иірімдерін, көркемдік-эстетикалық мұрат пен әдеби үрдістердің сыр-сипаттарын кең көлемде қарастырады. Табиғаты мен тағылымына ден қояды.

Ұлттық әдебиеттану мен сын қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы өзгерістер адамға, оның ақыл-парасатына, еңбегіне бағытталуы тиіс.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әдебиеттану ғылымы, салалары туралы баяндаңдар.
2. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы, олардың мәні туралы айтыңдар.
3. Әдебиет сыны, әдеби үдеріс, зерттеуші байланыстары туралы айтыңдар.
4. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үдерістің даму бағыты, сынның жанрлық сипаты, сыншының функциясы туралы шолу жасандар.
5. Әдебиеттегі сын, зерттеу, танымдық еңбектер туралы баяндап, бастыларын атаңдар.
6. Жаңа зерттеулердің теориялық-әдіснамалық ерекшелігі туралы айтыңдар.

5-тарау. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ҺӘМ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС

Әдеби байланыстың тарихы мен тәжірибесі

Қазақ әдебиетінің халықаралық байланысы

Қазақ әдебиеті һәм әдеби аудармалар мәселелері

Ұлттық сөз өнерінің алыс-жақын елдермен мәдени-рухани сабақтастығы

Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілдерінде

Негізгі ұғымдар: әдеби байланыс, тарихи даму, ықпалдастық, аңдану, аударма, салыстырмалы әдебиеттану, халықаралық қатынас, елдік әдеби байланыс, тәжірибе, компаративистика, интертекстуалдык, бинарлық композиция, метатекстуалдык, концепт

Адамзат, оның жаратылысы жөнінде қилы көзқарас, алуан ой-пікірлер бар. Аспан әлемін, қоршаған ортаны, табиғат тамашаларын алға реткен қисындар да көп-ақ. Марксизм-ленинизм ілімі маймылдың маңна апарып, оны еңбек көрігінде ұздырып, мадақ сезіміне бөлеп, ұлғаныс-тебіреніске түсіріп, әспетпен-ақ көрсетті...

Ақиқатында, еселі де ерен еңбек, әр алуан әрекет-қимылдар – бәрі-баршасы Сөзге келіп саяды. Сөзбен басталып, жүйелі жалғасып, межелі мақсат-мұраттарға жетіп отырған. Адам мұраты, өмірі мен еңбегі, арман-аңсарлары Сөз арқылы жүзеге асқан. Қоғамда, өмір-тұрмыста мұның дерек, мысалдары мол. Айталық, Сөзде тарих, таным, тағылым бар.

Алыс-жақын елдердің танымал тұлғаларының туындылары, атап айтқанда: А. Дюма 250 роман жазса, Бальзак – 150, Гете – 143, Л. Толстой – 90 том шығармалар жинағымен әлемдік қазыналар қорына мол олжа салды.

Ұлттық әдебиетте – М. Әуезов – 50, С. Мұқанов – 16, І. Есенберлин – 10, Ә. Нұршайықов – 10, Қ. Мырза Әлі – 20, Ә. Кекілбаев – 15, М. Мағауин – 13, Д. Досжан 13 томдық туындыларын қалың көпке тарту етті.

Бір шығарманы әлденеше рет көшіріп, әр түрлі нұсқа-үлгісін жасағандар саны да жетерлік. Қысқасы, бұның бәрі-баршасы қалың көпке Сөз арқылы жетті.

Бұдан шығатын түйін: Сөз – ақыл-парасат жемісі, ойлар мен толғаныстар

нәтижесі, жүректің нұрлы да сәулелі сәттері, тарих пен танымның көркем шежіресі, руханият қайнарының мәңгілік мұрасы болып табылады.

Сөз сарасы мен ой жүйесі көне кезеңнен бермен қарай ақыл-парасаттың, көркемдік танымның, сыр-сезімнің, ізденіс пен ізгіліктің мейірім шуағындай әсер етеді. «Аталар сөзі – ақылдың көзі» екенін өмір шындыққа шығарды. Даналық пен даралықтың үлгісін Дулат ақын: «Сөз – жібек жіп, жыр-кесте» десе, Абай әлемінен «Өнер алды-қызыл тіл», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп жүйелі дамытқаны айқын аңғарылады. Білікті ғалым С.Е. Маловтың «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, бейнелі тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, ауыз әдебиетімен де даңқты» деген сөзінде зор шындық, тәлімді тағылым бар. Қазақ қаламгері М. Мағауиннің «Ешқашан ескірмес, мәңгілік – Сөз ғана. Әмірші зұлым, ақылман – Тұлғаның соңғы сөзі. Ақынның барлық сөзі. Барлық сөздің ішіндегі мәйегі. Перғауын пирамидаларынан да жоғары, тынымсыз бұрқасын да, ұйытқыған жел де, жылдар тізбегі, ғасырлар керуені де тоздыра алмас, бақилық мұра» деп жазуынан (*Соңғы сөз. //«Алтын тамыр», 2009, № 6. – 60-бет*) кеше-бүгін байланысы, дәстүр мен сабақтастық сырлары, мол өмір тәжірибесі танылады.

Халық әдебиетінен нәр алған асыл сөз әлем халықтары тілдеріне аударылып, арналы ағыс құрап, кең өріс алды. Бұған да мән беріп, маңызды тұстарына назар аударған жөн. Өйткені алыс-жақын елдердің – қазақ тарихына, оның сөз өнеріне ден қоюы қазіргі кезеңде, тәуелсіздік тұсында аса мәнді факторлардың бірі.

Өткен тарих пен бүгінгі танымымызды таразылар болсақ, еліміздің даму бел-белестері өмірдің өзіндей күрделі, әрі «тар жол, тайғақ кешуі» мол болған. Тарих жылнамаларына ден қойсақ, Орта Азия мен Қазақстан халықтары мен жері, рухани қазыналары алыс-жақын шетелдіктердің назарын ерте аударған. Ғылыми коммунизмнің негізін салушы, ойшыл Ф. Энгельс «Россияның Орта Азияға қарай жылжуы» деген мақаласында қазақтардың Ресей құрамына енуінің кейбір тұстарын, прогрестік мәнін сөз етсе, Бірінші Петр: «Қырғыз-қайсақ даласы азиялық бүкіл елдер мен жерлердің кілтін ашып кірер қақпа» деп атады. Бұл бағыт қызыл империя тұсында «жаңа сатыға» көтеріліп, шығыстанушы неміс Б. Шпуллер айтқандай, «Орыстың терезесінен» қарауға, сол тілде сөйлеп, ойлауға үйретті. Бұл «дерттен» әлі де арыла алмай келе жатқанымыз жасырын сыр емес...

Ақиқатында, сайын далаға әскери-ғылыми экспедициялар, азаттықты аңсап айдауда болғандар, басқа да

түрлі мақсат иелері тарихшы-ғалымдардың көптеп келуі қазақ елі, жері, дәстүрі-өнегелері хақында мол материал, дерек көздерін жинап, жариялау ісіне үлкен мүмкіндіктер ашты. Айталық, Бүкіл Россиялық империя атласын жасаушылардың бірі, Орынбор өлкесін зерттеуші орыс ғалымы, әрі мемлекет қайраткері П.И. Киррилов (1689-1737) өзінің «Қырғыз-қайсақ және каракалпак ордалары» деген еңбегінде қазақ елі мен даласы, табиғаты туралы мол мағлұмат берсе, тарихшы-этнограф П.И. Рычковтың (1712-1777) «Орынбор қаласының сипаттамасы», «Татарлар туралы қысқаша мәлімет» секілді еңбектерінде орыс-қазақ өмірі, кәсіп-тұрмыстары, т.б. кең көлемде сөз етіледі. Сондай-ақ, қазақ елінің өткен тарихы, әскери өнері, жер-су, кісі аттары мен халық әдебиетінің қазына үлгілері де шетелдік саясатшы ғалымдар арнайы экспедицияда болған зиялы қауымның еңбек-жазбаларынан көрініс тауып отырады. Мысалы, ұлты неміс жиһанкез-ғалым П.С. Паллас (1741-1811) түркі халықтары өмірінен «Россия империясының әр түрлі бөліктеріне саяхат» деген көп томдық еңбек жазып (СПб., 1779) онда қазақ өмірі мен тұрмысына бақсы-балгерлер табиғатына ден қойылса, итальян саяхатшысы Марко Поло (1254-1324) Қытай мен Орта Азия, Қазақстан халықтарының әлеуметтік өмірін, мәдени-

рухани тұрмыс, дәстүрі туралы маңызды дерек көздерін қалдырды. Ал, венгерлік зиялылардың бірі А. Вамберидің «Орта Азияға саяхат» (СПб., 1865), «Орта Азия очерктері» (М., 1868) деген еңбектерінде қазақ тақырыбы, атап айтқанда, көшпенділер тұрмысы мен өмір салты, ырым-наым дәстүрі кеңінен көрініс табады. Сондай-ақ, бір топ шетел зиялылары Э.С. Вульфсон, Г.Ю. Клапорт, К. Рихард, И. Шильтбергер, т.б. қазақ өмірі мен тарихын, тұрмыс-тірліктері мен тәлім-тәрбиесін, жер жағдайын, тіл ерекшеліктерін, т.т. әр қырынан қарастырып, қызғылықты дерек, мән-маңызы жоғары материалдарды алға тартады (*Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы, 1994. – 219-246-бб.*).

«Қазақтар туралы» алғашқы монографиялық еңбектердің авторы А.П. Левшин (1799-1879) «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты күрделі де көлемді еңбегінде орыс-қазақ қатынасымен қатар қазақ сөз өнері, сәулет мұрасы, халық әдебиетінің өзіндік белгі-ерекшеліктері туралы толғамды ой айтады. Қазақтардың ақындық әлеміне, импровизация иіріміне енеді (*Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832*).

Бөлекше айтар бір жайт, бұл ғалымдар (П.С. Паллас, А.И. Левшин, т.б.) «Қозы Көрпеш – Баян (Сұ-

лу» кешенін алғаш зерттеушілер әрі халық арасында осы тақырып төңірегіндегі аңыз-әңгімелерді жазып, жариялаушылардың бірі болды (*Ә. Марғұлан. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кешені. – Алматы, 1994. – 7-б.*).

Қазақ халқы әдебиетін жинап, зерттеп, жариялау ісінде өзіндік орны бар түрколог ғалымдардың бірі – В.В. Радлов (1837-1918). Ғалым Алтай, Қазақстан, Сібір халықтарының мәдениеті мен таным баспалдақтарын, тарихи тағылымдарын «Солтүстік түркі елдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі», «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбектерінде тереңнен қозғаса, Тұран әлемін «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегімен (үшінші кітабы қазақтарға арналған) толықтырады. Аталмыш еңбектің 3-томына қазақ елінің қалыптасуы мен дамуы, түп-тегі, әлеуметтік өмірі, тұрмыс-салты, сөз өнерінің үлгі өрнектері кең көлемде қарастырылады. Атап айтсақ, ақын-жыраулар шығармашылығынан Бұхар, Шортанбай мұралары, айтыстардан Жанақ пен Түбек, Шортанбай мен Орынбайдың және жұмбақ айтысы, дастандардан Бозжігіт, Сақыпжамал, халық өлеңдерінен бата мен бақсы сөздері, өтірік өлең, батырлық жырлардан Ер Көкше, Сайын батыр, аңыз бен тарихи жырлардан Абылай хан, қазақтың түбі, Кенесарының өлеңі,

Қойкелді, т.б. ғылыми мәні жоғары, рухани әрі тәлім-тәрбиелік әсер, ықпалы мол материалдар болып табылады. Осылардың ішінде ғалым ел әдебиеті үлгілерін өлең және жыр ертегілері, батырлық, жай деп бөліп, әрбірінің өзіндік белгілерін тап басып таниды. Өткен тарихты ойға алсақ, В.В. Радлов Қазақстанға жасаған алғашқы сапарында (1862) Шығыс Қазақстаннан бастап Іле өңіріне, Ыстықкөлге дейін жолы түскен. Ал 1868 жылы Сырдария өлкесін араласа 1869 жылы Қапал, Алтынемел арқылы Жетісу жерінде болады. Нәтижесінде қазақ, қырғыз халықтарының ел әдебиетіне, тарихы мен этнографиясына қатысты мол материалдар жинайды (*В.В. Радлов. Алтын сандық. – Алматы, 1993. – 5-15-бб.*). Жалпы, ғалымның қазақ фольклоры мен оның түрі, тілі, эпостық жырлары жөнінде жазып-жариялап, зерттеп – таратуы (насихаттауы) әдебиеттану ғылымы үшін де зор маңызы бар.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын танып, таныстыруда Г.Н. Потаниннің (1835-1920) үлес салмағы зор. Оның мол мұраларының («Солтүстік Моңғолия очерктері»), «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері», «Қазақтардың соңғы ханзадасының үйінде», т.б. едәуір бөлігі қазақ халқы мен оның фольклорына арналған. Әсіресе, Абылай, Алдар Көсе, Алаша хан, Әз Жәнібек,

Жиренше шешен секілді жекелеген тұлғалар мен «Ер Төстік», «Ер Көкше», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырларын жазып, өзге елдердегі осы сарындас туындылармен салыстырулары, ондағы тақырыптық-идеялық ерекшеліктері мен көркемдік-тілдік тұрғыдағы белгі-бедерлерін танып-таразылауы аса мәнді. Әсіресе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мұнарасын, оның сюжет құрылысын қызыға зерттеуі фольклортануда айрықша маңызға ие (Ә. Марғұлан. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кешені. – Алматы, 1994. – 11-б.).

Г.Н. Потаниннің естелік пен мақала, хаттарының едәуір бөлігі қазақтың ағартушысы, демократ ғалымы Ш. Уәлихановқа арналған. Өзінің қазақ елі мен рухани мұрасы жөніндегі мәліметтер жинауға Шоқан Уәлихановтың берген ақыл-кеңесі, әсер-ықпалы мол болғанын, сол арқылы П.П. Семенов-Тянь-Шанский, С.Ф. Дуров, т.б. орыс зиялыларымен тығыз қарым-қатынасты орнатуға мол септігі тигенін жазады.

Қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов пен Сібір мен түркітілдес халықтар тарихын зерттеуші Н. М. Ядринцев (1842-1894), қоғам қайраткері, жиһанкез П.П. Семенов-Тянь-Шанский (1827-1914), жазушылар Н.И. Наумов, Ф.М. Достоевский (1821-1881), т.б. достық қарым-қатынаста болумен бірге азаматтық, білімдарлық қасиеттерін, өмір мен ғылымдағы орнын, үлесін кеңінен көрсетеді.

Қазақ елінің қымбат қазыналарының бірі халық әдебиеті туралы мол материалдар қалдырып, іргелі еңбек, бағалы пікірлер айтқандардың бірі – А.Е. Алекторов. Халық ағарту саласында көп жылдар еңбек еткен А.Е. Алекторов қазақ өмірі мен тұрмысы, ел әдебиеті жөнінде маңызды дерек көздерін табумен қоса елеулі еңбектер де жазып қалдырды. Атап айтқанда, ол еңбектерде («Қырғыз есімдері», «Қырғыздар өмірінің бейнесі», «Қырғыздардың жер бөлісулері», «Қырғыз халық әдебиеті», «Қырғыздар туралы кітаптар», журналдар мен газеттердегі мақалалар мен хабарлардың көрсеткіші» т.т.), шығыстық сюжетті негіз еткен «Бозжігіт», «Жүсіп – Зылиха», «Мұңлық – Зарлық», «Шәкір Шәкірат» дастан-қиссалар мен «Ір Тарғын», «Қыз Жібек» жырлары жөнінде әдеби-мәдени материалдар ғылым, руханият үшін құнды деректер береді.

Сонымен қатар қазақ халқының өткен өмірі мен мәдениет тарихына, жекелеген тұлғаларға (Шоқан, Ыбырай, т.б.) шынайы көзқарас, қамқорлықпен қараған П.Н. Березин, В.В. Вильяминов-Зернов, А.В. Васильев, М.В. Готовицкий, В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский, Я.Я. Лютин, Н.Ф. Катанов, И.А. Кастанье, Н.Ф. Костылецкий, Р.А. Колпаковский, Ф.Р. Остен-Сакен, А.П. Харузин, т.б. ел әдебиеті мен тарихына, этнографиясына ерек-

ше назар аударды. Насихатталуы мен таралуына да көптен-көп көңіл бөлді.

Қазақ елінің өмір-тұрмысы, мақсат-мұраттары бірқатар көркем туындылар арқылы да таныс болды. Мысалы, В.А. Ушаковтың «Қырғызқайсақ» (повесть), В.И. Дальдың «Бөкей мен Мәулен», «Майна», «Түн ортасы» (әңгімелер), «Орал қазақтары» (очерк), «Дүр батыр» (қисса), Д.Н. Мамин-Сибиряктің «Ақбозат», «Баймаған», «Көшімнің қазынасы», «Патша әйелдің көз жасы» (аңыз-әңгіме), т.б. туындыларынан қазақ даласы, халықтың тұрмыс-дәстүрлерімен бірге қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар мен шындықтар, адами-имандылық мәселелер, өнер-білімге құштарлық қасиеттер, т.б. көркем, келісті көрінеді.

Қазақстанның шөл даласында он жыл айдауда болған Т.Г. Шевченконың «Бақытсыз», «Варнак», «Егіз» повестері мен күнделік-хаттарынан қазақ халқының әлеуметтік өмірі, дала сыры мен тынысы жан-жақты танылса, М. Пришвиннің қазақ даласы, табиғат құбылыстары мен елдің мән-жайын аңғартар күнделік, жазбаларында маңызды материал, суреттемелер көп. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мазмұнына қызығып, осының негізінде жаңа туынды жазу мақсатының болғаны қазақ-орыс байланысының терең тамырынан мол сыр аңғартады.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуының «пролетариат өнерінің ірі өкілі» (В.И. Ленин) А.М. Горькийдің ерекше үлесі бар. Қазақстан тарихы туралы Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, Г.Д. Гребенщиков, А.Е. Новоселов, т.б. еңбектері мен баспасөз материалдары арқылы таныс А.М. Горький «Қазақ халқының 1000 әні» (А.В. Затаевич) атты жинақ арқылы музыкалық, фольклорлық мұраға ден қойған. С. Мұқанов, Н. Анов, т.б. кездесін, шығармашылық байланыста болған. С. Мұқанов қаламгермен кездескеннен кейін «Тау тұлғалы жазушы» деп таниды, бірнеше мақала («Адамдығы зор адам», «Ұлы ұстазымызға сәскерткіш») мен еңбектерінен («Менің мектептерім», «Өсу жолдарымыз») М. Горький дәстүрінің тағылымдары танылады.

Қазақ қаламгерлері арасында М. Горький мұрасын игеру, насихаттау ісіне Ж. Жабаев, Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ғ. Қайырбеков, т.б. белсене қатысты.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегінен бастап қазақ даласына орыс батыс саяхатшыларының көптеп келуі ел өмірін, тұрмыс тарихын танып, таныстыруда елеулі мәні болды. 1735-1737 жылдары Орынбор экспедициясының құрамында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль «Саяхаттар күнделігін» өмірге әкелді. «Күнделікте XVIII ғасырдың

0-жылдарындағы орыс-қазақ, баш-үрт қатынастары, Қазақстанның ессйге қосылуының алғашқы сәт-еріндегі Кіші жүздегі саяси ахуал, үл оқиғаға түрлі әлеуметтік топ-ардың көзқарастары, қазақ хал-дыңның қолөнері, киім-кешегі, тұр-мыс-салты, шаруашылығы, Орта Азия халықтарымен сауда жүргізуі материалдық және рухани мәдениеті конінде әр алуан мәліметтер, құн-ты деректер жинақтаған» (*К. Есма-тамбетов. Қазақтар шетел әдебие-тінде. – Алматы, 1994. – 8-б*).

Сондай-ақ, «Күнделікте» қазақ-ғардың көші-қоны, кәсіп-тірлігімен бірге Әбілқайыр хан, Ералы сұлтан, Ыопай ханым, т.б. суреттері де орын алған.

Ағылшын көпестері П. Ганвей, Дж. Томпсон, Р. Хоуг пен ғалым-дар А. Жарри де Манси, Генрих-Юлий Клапорт қазақ тілінің мол мүм-кіндіктерін айрықша ағайды.

Американдық Ю. Скайлер мен Я Мак-Гахан, Дж. Кеннанның қазақ өмірі мен тұрмысы жайлы дерек, жазбаларында ұлттық ерекшеліктер мен рухани мәдениеттің алуан үлгі-лері кездеседі. Сондай-ақ ағылшын Г. Ландсделл, неміс Р. Карутц, А. Бас-тиан, шведтік С. Гедин мен Г. Мо-зер, француз М. Уйфальви, т.б. қазақ халқына құрметпен қараумен қоса дала сырына, қала мен камалдарға, онда тұрған тұрғындар тұрмысына, тарихы мен тағдырларына да на-

зар аударған. Мұның мысалына қа-зақтар туралы шетел әдебиетінде зерттеулер мен жазбалар қалдырған ағылшындар – А. Боджер, Дж. Уор-делл, АҚШ-тық – О. Кэроу, М.Б. Ол-колтт, француздар – А. Москович, Б. Коэн, т.б. еңбек, ізденістеріндегі дерек көздерінің мәні зор.

Қазақ халқының рухани өмірінің алыс-жақын шетел оқырмандарына насихатталып, таралуына қазақ да-ласына жер аударылған демокра-тияшыл көзқарастағы зиялы топтың әсері, ықпалы мол болды. Айталық, төңкерісшіл қызметтері үшін қуғын көрген Т. Зан, Б. Залесский, Г. Зелен-ский, А. Сузин, Л. Турно, А. Януш-кевич, т.б. қазақ жерінде болып, ел өмірімен, тұрмыс-тіршіліктерімен та-нысады. Әр алуан сипаттағы әлеу-меттік қайшылықтарды, отаршыл-дық саясат салқынын, сайын даланың сұлу табиғатын, адамдар қарым-қа-тынасы мен қасиеттерін, т.б. көріп-сезіп, түсінеді. Поляк-қазақ мәдени байланыстарын нығайту ісіне бұл есімдердің еңбек-мұраларының алар орны айрықша.

Польшадағы ұлт-азаттық қозға-лысқа қатысып, қазақ жерінде, Ая-көз, Балқаш, Жетісу мен Есіл, Тобыл өзендері бойындағы қазақ ауылында айдауда болған Г. Зелинский (1809-1881) қыр өмірін, тұрмыс-дәстүрлерін жақсы білген. Оның қазақ елі, өмірі мен тұрмысынан алынып жазылған «Қазақ», «Дала» поэмаларының стилі

мен сюжетінде романтикалық сипат бар. Мазмұны қызық, пейзаждық элементтері мол әрі әсерлілігімен ерекшеленеді.

«Қазақ» поэмасында әлеуметтік әділетсіздік сырлары, зұлымдық пен махаббат күресі терең ашылады. Қос ғашық жігіт пен Жәмиланың өрт құ-шағында жан тапсырулары үстем тапқа қарсылық, өмірге сүйіспеншілік сезімді аңғартады.

Поэма Еуропа елдерінің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ тілінде де басылды (Аударғандар – Ә. Ахметов пен Т. Жароков, 1964).

«Дала» поэмасы құрылымы жа-ғынан төрт бөлімнен («Дала», «Тау-лар», «Бәйге», «Жыр») тұрады. Өлең-толғау түрінде өріс алатын поэма қазақ халқына тән жалпы қа-сиеттермен бірге елдік пен ерлік үлгілері, жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары, құмды дала мен тау-лы аймақ суреттері, т.т. бедерлі өрнек құрған.

Қысқасы, қазақ тақырыбы аталған екі туындыда да айқын аңғарылады әрі тақырыптық-көркемдік сипаттары жоғары.

Еуропа елдерінде қазақ халқының рухани әлемін таныстыруда А. Януш-кевич (1803-1857) айтулы орын ала-ды. Ол Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, өз елінің еге-мендігі жолында қилы қасіреттерді басынан кешті. Әскери сот шеші-мімен ұзақ жылға жер аударылды

(Сібір, Тобольск, Ишим, Омбы). Қазақ даласына жіберілген экспе-диция құрамымен көп жерлерді (Аякөз, Жетісу, Қапал, Семей, Бал-қаш, Тарбағатай) аралайды, Өзі кө-ріп-білген, естіп-сезген жайларды күнделік, хат үлгісінде жазған. А. Януш-кевич оларды елдегі анасына, дос-жарандарына жолдап отырған.

Араға ғасырдан да ұзақ уақыт салып «Қазақ даласына саяхат ке-зіндегі күнделіктер мен хаттар» де-ген атпен Ф. Стеклованың аударма-сы (орыс тілінде) жетті (1966). Бұл еңбекті төл тілімізде «Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» деген атпен М. Сәрсекеев сөйлетті («Жалын», 1979).

«Күнделіктер мен хаттар» жазба-ларында қазақ жері, өзен-көлі, тау-тасы, орман-тоғайынан өзге әлеумет-тік, саяси, рухани мұра-олжалар да мол, қыр елінің тұрмысы мен әдеп-ғұрыптары, ақындық-шешендік өнер хақында қызғылықты мәлімет-де-ректер, суреттемелер көп. Жекелеген тұлғалар- Абылай, Шыңғыс хан, Барақ батыр, Бейбіт би, Құнанбай қажы, Жанак, Орынбай, т.б. ақындар мен Тобықты, Тарақты елдері, адам есімі мен лақап аттар, әйел-еркек орны, уақыт өлшемдері, т.т. нақты дерек, қарапайым мысалдармен беріледі.

«Саяхаттар» кітабына енген бір хатта: «...қазақ тілін, қазақтардың жөн-жоба, салт-сана, әдет-ғұрпын

үйренбесем болатын емес» десе, енді бірде: «Қазақтардың ойлау қабілеттерінің кереметтігіне менің барған сайын көзім жетті. Сөзге дегенге ағып тұр. Әрбір қазақ шаруасын түбін түсіре түсіндіреді, ал қарсы жақтың сылтауын тіпті бет қаратпай табан астында жоққа шығарады. Тіпті балаларының ақылы да ерте жетіледі» дейді (*«Күнделіктер мен хаттар»*. – Алматы, 1979. – 216-б.).

Демек, А. Янушкевич есімі мен еңбегі өткен ғасырдағы қазақ елінің өмір-тұрмысын, әлеуметтік-рухани саладағы жетістік-көріністерін қазқалпында баяндауымен бағалы. Мұның өзі егемендігін нығайтуға, тәуелсіздік талаптарын баянды ету жолындағы халқымыздың рухани өмірінде алар орны алабөтен.

Ой түйінін поляк ұлттық-мәдени орталығының төрағасы М. Славецкий пікірімен тиянақтасақ, көп жайға қанығамыз. «Тарих беттерін ақтара қалсақ», – деп жазады ол, – 1870-1980 жылдары Қазақстанға жер аударылған поляк ғалымдары қазақ халқы туралы шындықты Еуропаға жеткізген шежіре көпір сияқты. Алғаш Абайдың кім екенін де батысқа танытқан поляк ғалымдары. Ғалым, саяхатшы А. Янушкевичтің қазақ халқы туралы пікірінің өзі озық ойлы жанның арман мүддесі еді ғой. Қазақ халқының болашағын болжай білген батыстың кемеңгер пікір айтқан алғашқы ғалымдарының бірі еді...» (*«Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 2 мамыр*).

Біздің бұған қосарымыз француз халқының рухани әлемін 1950 жылдардан кейінгі кезеңде М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» мен М. Симашконың «Маздақ» романдары, О. Сүлейменовтың «Қыш кітабы», «Оттың құбылуы», т.т. өлең-поэмалардан тұратын кітаптары жан-жақты байытты. Ол еңбектер туралы Луи Арагон, Андре Вюрмсер, Пьер Филибер, Тристан Рено, Алси Боксе т.б. жазушы, сыншылар ой-пікірлері ден қоярлық (*М. Маданов. Қазақстан-Франция. 1993. – С.4-10*).

Сондай-ақ, Парижде басылған «Орынбордан Бұқарға саяхат» атты еңбекте (Г. Мейендорф) қазақ өмірі мен өнері, әдеп-ғұрыптары, әр алуан суреттемелерге кең орын берілген. Аталмыш кітаптың құндылығы мен әсері Италия ақыны Д. Леопордидің (1798-1837) «Азиядағы көшпелі бақташының түнгі жыры» атты лирикалық туындысын өмірге әкелді (*Ш. Сәтбаева. Достық дастандары. Алматы, 1983. – 69-б.*).

Бұлардан басқа, атап айтқанда француз жазушысы Дюма (әкесі) Ресеймен бірге қазақ жеріне де жолы түскен. «Парижден Астраханьға» деген очеркінде қазақ даласын суретімен қоса, той-думанда болғаны, сый-сыяпат көргені хақында тартымды суреттер, дерек көздері бар.

Сол секілді Орта азия халықтары өмірінен көркем шығарма жазған Ж. Верн «Клодиус Бомбарнак», «Михаил Строгов» сынды туындыларында қазақ халқының өзіндік ерекшелігін айқындайтын маңызды мәлімет, ұнамды ойлар мен көзқарастар көптеп кездеседі.

Француз ғалымдары Капю мен Бонваланың «Қырғыз трубадуры» мақаласында қазақ өлеңі мен ән өнері, ондағы мазмұн, түр, басқа да ұлттық аспаптар мен оның әсер, ықпалы Ыдырысқұл есіміне байланысты айтылады.

Қазақ өмірі, ондағы этнографиялық көрініс-суреттер Т. Аткинсон мен Р. Каруцтің «Орта Азия мен Батыс Сібір», «Маңғыстаудағы қырғыздар мен түрікмендер арасында» секілді кітаптарында едәуір орын алған. Қазақ сөз өнерінің терең иірімдері, ұлттық ою-өрнектер сыры әдебиет, мәдениет тарихына қатысты қарастырылады.

Демек, қазақ халқының рухани өмірі шетелдік зиялы қауым өкілдерінің еңбек, мұраларынан тиісінше орын алып, әр кезеңде сөз етілуі – оңды құбылыс, үлгілі үрдіс деп білеміз. Мәдени-рухани қарым-қатынас, ағысты арна да алады, тамырын тереңге тартады.

Бүгінгі күннің бір шындығы, сыры осы.

Асылы, қазақ халқы өмірі, тұрмысы мен тарихы, сөз өнерінің қадір-қасиеті әр кез-ақ көңілді тербеп,

жүрекке жылы ұялаған. Бұған бір дәлел – қазақ халқы, оның дәстүрі мен салты көне дәуірлерден тамыр тартқаны дер едік және ондағы «айналысы жұп-жұмыр» ой мен сөздің одағы хақында жүректен қозғаған ой-пікірлерінен жиі кездестіреміз. Мәселен, бұған дейін орыс ойшылдары, атап айтсақ, В.В. Радлов: «Қазақтардың тілі жатық та, шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таңғаларлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіпті, сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесіне сөйлей біледі» десе, П.М. Мелиоранский: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бірауыздан қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр» деп ақиқатын айтады. Осындай ойлы пікір, атап айтсақ, француз А. Жарри да Мансидің аузынан төмендегіше естіледі: «Қазақ тілі түрік тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі», ал чех ғалымы Лудек Гржебичек: «Сіздердің (қазақтардың) тілдеріңіз синонимге өте бай ғой» деп бүкпесіз мойындайды (*«Ана тілі», 1992 жыл, 4 маусым*).

Қазақ зиялылары ұлттық тілдің, ой мен сөздің құдіретін, мүмкіндігін терең танып, оған үлкен мән бергені белгілі. Айталық, Абай: «Тіл өнері дертпен тең» немесе «Өнер алды – қызыл тіл» деп әрі қысқа, әрі

нұсқалы үлгіде білдірген. Сондай-ақ, Х. Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек», – десе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, әулиелік те те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып өтті» немесе Мағжан Жұмабаев: «Тіл – адам жанының тілмашы... Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлт тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр», – деп ағынан жарылады (Бұл да сонда).

Қазақ қаламгерлерінің еңбек, мұралары алыс-жақын шет тілдеріне үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен кейін кеңінен насихатталып, достық дәнекері аударма өнері арқылы жүзеге асырылып, тарай бастады. Мысалы, Ш. Уәлиханов мұраларының кейбірі Берлин, Лондондағы ғылыми жинақтарға енген. Қоғам қайраткері, социолог Э. Рекло 19 томдық зерттеуінде Ш. Уәлиханов еңбектері

де аталады (Ш. Сәтбаева. *Достық дастандары*. – Алматы, 1983. – 96-б.)

Абай әлемі жер жүзі халықтарына тарағаны анық. Ақын өлеңдерін төңкеріске дейін орыс тіліне аударғандардың бірі С. Сабатаев екендігі кейінгі кезде анықталды («Қазақ әдебиеті», 1994 жыл, 4 наурыз).

Ақын мұраларының мәңгілігі туғанына 150 жыл толған тұста жарқырай көрінді. Мерейтой қарсаңында (1995) Қазақстанда және әлем елдерінде 70-тен астам жаңа кітап жалпы тиражы 1,5 млн. данамен тараған («Егемен Қазақстан», 1995 жыл, 9 тамыз). Олардың арасында «Абай» энциклопедиясы 100 мың дана таралыммен, 120 баспа табақ көлемде жарық көрді. Мұнда ақын өмірі мен шығармашылығы, түрлі дерек-құжаттар, суреттер бар.

Сондай-ақ, ақынның академиялық екі томдық жинағы да қалың көптің қолына тиді. Алғашқы кітапқа 1895-1896 жылдары жазылған өлең, аудармалары еңсе, келесі кітапқа 1896 жылдан өмірінің соңына дейінгі аралықтағы өлең, аударма, поэмалары, қара сөздері орын алған. Сол секілді қазақ Пен клубы шығарған «Абай» атты кітапта ақынның өлеңдері қазақ және орыс тілдерінде берілген. Осы еңбекке ақын әндері нотасымен де енген.

«Абай елі» фотоальбомы да өзіндік бедер, бояуымен руханият әлеміне жылы ағыстай болып қосылғаны анық.

Абайдың өзі де ақындар Пушкин, Лермонтов, Крылов, Гете, Байрон, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев, ойшылдар – Спансер, Спиноза, Дервин, Дрепер, т.б. оқыптанумен бірге аударма өнерімен де айналысқан. Айталық, неміс ақыны И.В. Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» өлеңін М. Лермонтов аудармасы негізінде көркем сөйлетті. Бұдан басқа М. Лермонтовтан «Кең жайлау жалғыз бесік жас балаға» («Дитя в люке»), «Әм жабықтым, әм жалықтым» («И скушно, и грустно»), А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» өлең-романын «Онегин сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», И.А. Крыловтан «Емен мен шілік» («Дуб и трость»), «Жарлы бай» («Бедный богач»), «Есек пен бұлбұл» («Осел и соловей»), «Қарға мен бүркіт» («Вороненок»), «Әншілер» («Музыкант»), «Піл мен қанден» («Слон и моська»), т.т. туындыларының мағына-мазмұнын сақтай отырып көркем де әсерлі аударды. Сонымен бірге А. Құнанбайұлы шығармалары әлемнің (ағылшын, қытай, араб, моңғол, армян, француз, чех, т.т.), ТМД елдерінде өзбек, орыс, түрікмен, қарақалпақ, украин т.т. тілдеріне аударылғанын аңғарамыз. Ал, ақын өмірбаяны хақындағы деректер Лейпциг қаласында (1972, неміс тілінде) жарық көрген.

Бұл ретте жазушы Қ. Исабаевтың Абайдың «Қаранғы түнде тау қалғып» өлеңін мәрмәр тасқа қашатып, Гетенің ГДР-дегі Габелбах мұражайына жеткізіп, ақын өлеңінің магнитофонға жазылған таспасын тапсыруы әдеби қауым үшін ғана емес, қазақ-неміс халықтарының рухани байланысының жарқын көріністерінің бірі болды (Советтік Қазақстан жазушылары /Био-библиографиялық анықтама. – Алматы, 1987. – 285 б.).

Сол секілді «Жұлдызды сәт» («Звездный час») атты жинаққа ақындар: Т. Әбдірахманова, Ж. Әбдірәшев, т.б. таңдаулы өлеңдері енген (Венгрия, 1980).

«Совет поэзиясы антологиясы» атты қос томдыққа (Венгрия) көптеген елдердің ақындарымен бірге қазақ қаламгерлері Ж. Жабаев, Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин, Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, Қ. Мырзалиев, О. Сүлейменов, т.б. таңдаулы өлеңдері енген.

Ақын-жазушылар Қ. Әбдіқадыров («Қажымұқан», моңғол: «Трактор» (моңғол), Д.Әбілев («Өлеңдер», моңғол, өзбек, неміс), К. Әзірбаев («Өлеңдер», болгар) және М. Айтқожина мен Е. Әукебаев, т.б. таңдамалы туындылары «Дала әуендері» атты жинақта басылған (1976, неміс тілінде). Қ. Аманжоловтың «Өзім туралы» (ағылшын), «Дариға» (ағылшын) өлеңдер жинағы жеке жарық көрді (1964, 1973).

Сондай-ақ көптеген ақын-жазушылар, атап айтқанда, Ы. Алтынсарин (венгр, моңғол, орыс), М. Әлімбаев (болгар, моңғол, қырғыз, орыс, неміс, түрікмен), К. Ахметова (башқұрт, неміс, латыш, қырғыз, орыс, якут), С. Бакбергенев (армян, башқұрт, грузин, қырғыз, орыс, украин, эстон), Қ. Баянбаев (өзбек, латыш, қырғыз, орыс, түрікмен), Қ. Бекхожин (ағылшын, венгр, орыс, неміс), С. Ғаббасов (ағылшын, орыс, қырғыз, неміс, француз), Жамбыл (албан, чех, ағылшын, француз), С. Дөнентаев (венгер), М. Дүйсенев (өзбек), Ә. Дүйсенбиев (болгар, қырғыз), А. Елшібеков (моңғол), Ұ. Есдәулетов (ағылшын, орыс, болгар), М. Етекбаев (неміс, украин), Х. Есенжанов (неміс), Т. Жароков (ағылшын, неміс), С. Жиенбаев (неміс), Т. Жұртбаев (қырғыз, украин), М. Зверев (болгар, моңғол, неміс), Ғ. Қайырбеков (венгр, орыс, неміс), С. Қалиев (венгр, өзбек, орыс, неміс, француз), Т. Молдағалиев (ағылшын, орыс, неміс, француз), Ғ. Орманов (ағылшын, венгр, неміс), Н. Оразалин (молдаван, қырғыз, украин), Ж. Саин (венгр, неміс), С. Санбаев (венгр, неміс, орыс, поляк), Ә. Сәрсенбаев (болгар, венгр, неміс, тәжік, түркімен, орыс, эстон), С. Сейфуллин (ағылшын, моңғол), А. Сейдімбеков (венгр, неміс, өзбек, орыс, қырғыз), С. Смактаев (орыс, словак), О. Сүлейменов (венгр, неміс, ағылшын, араб, болгар, испан, вьетнам, моңғол, түрік, фран-

цуз), Ә. Тәжібаев (венгр, неміс, орыс, ағылшын), Қ. Тұрсынқұлов (армян, башқұрт, өзбек, орыс, түрік, украин, чех, якут), М. Өтемісов (венгр, моңғол), М. Хакімжанова (армян, ағылшын, қарақалпақ, орыс, қырғыз, неміс), С. Шәймерденов (башқұрт, өзбек, неміс, татар, тәжік, якут), И. Шухов (неміс, қытай, орыс, румын), т.б. туындылары әлем халықтары тілдеріне аударылған.

Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлық иегері, жазушы Ә. Әлімжанов еңбектері Азия-Еуропа елдерінің бірнеше тіліне аударылған. Атап айтқанда, «Жәмшит тостағаны» (үнді), «Отырардан жеткен сый» Мәскеуде (ағылшын, испан, 1972), Тәшкенде (хинди, 1980) басылған. «Махамбеттің жебесі» неміс (1971), моңғол (1975), тәжік (1983), орыс тілдеріне аударылған.

Абай өмірі мен қаламгерлік қызметі М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ халқының даму бел-белестері хақында мол дерек көзі болып табылатын бұл еңбек «Дон Кихот» (Сервантес), «Робинзон Крузо» (Дефо), т.т. кітаптарымен қатар алынып, қазақтың «Илиада-сы» ретінде бағаланды. Сонымен бірге ТМД елдерінде (қырғыз, татар 1957), түрікмен – 1958, украин – 1959, өзбек, эстон – 1960, латыш – 1963, қырғыз – 1965, башқұрт – 1972; ш-

телдерде – венгр – 1956, грек – 1959, румын – 1961, моңғол – 1981, т.т. аударылса, «Жас Абай» (2 том) вьетнам, 1965; «Көксерек» – поляк, 1961; моңғол, 1983; голландия, 1986, т.т. тілдерде сөйлеп, қазақ елінің өткен тарихы мен тұрмысын, дәстүр-ғұрпын, адам әлемінің мың сан иірімдерін, т.т. кеңінен көрсетеді.

Жазушы Т. Ахтановтың «Боран» романы орыс, түрік, түрікмен тілдерінде басылса, «Дала сыры» мен «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» шығармалары немісше, түрікменше аударылып қалып көпті (оқырманды) қазақ халқы басынан кешірген қиын да күрделі сәттермен рухани жүздестіреді.

С. Бегалиннің таңдамалы әңгімелері неміс (1979), моңғол (1956) тілдерінде, сондай-ақ, «Сәтжан» (орыс – 1958, украин – 1958, өзбек – 1959), «Жас аңшы» (әзірбайжан – 1959), «Кішкене Сейіттің түйесі» (поляк – 1951), т.т. тілдеріне аударылған.

Д. Досжановтың әңгіме, повесть, романдары жекелеген жинақтардан өзге 20-дан астам әңгіме, повесть, романдары алыс-жақын шет тілдеріне аударылған. Оның қаламынан – 11 роман, 23 хикаят, 100-ден астам әңгімелер туды. Олар: «Жусан мен гүлдер», орыс – 1971; неміс – 1975; «Табалдырығыңа табын», орыс – 1975; «Жөкей», ағылшын – 1979; «Құм жұтқан қалалар», испан – 1979; «Қымыз», венгр – 1980; «Жібек жолы»,

орыс – 1980; венгр – 1982; неміс – 1987; украин – 1988; моңғол – 1989; «Дала әңгімелері», жапон – 1982; «Келіншектаудағы тас түйелер», орыс – 1987; «Абақты», француз – 1993, т.т.

Ал И. Жақановтың «Қайта оралған ән» (повесть) – қырғыз, 1973; «Кертолғау» (роман) – қырғыз, 1989; І. Жансүгіровтің бір топ өлеңдері, «Россия» – ағылшын, 1973; «Домбыра», ағылшын, неміс – 1964; Т. Жароковтың «Дала туралы ән» (өлеңдер) – тәжік, 1963; өзбек – 1961, т.т. тақырыптық-көркемдік қырларымен ерекшеленіп, әлденеше рет аударылып, кеңінен тарайды.

Қазақ қаламгерлерінің енді бір тобы әлем және ТМД халықтары тілдеріне ел өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік-қоғамдық жайларды, адам мен оның еңбегін, т.т. көркем де келісті, шындық сипатында суреттеулерімен назар аудартып, бірнеше тілде сөйлейді. Олар: І. Есенберлиннің («Алтын орда», армян – 1989), «Ғашықтар», өзбек – 1977; армян – 1984; «Көшпенділер», поляк – 1982; «Қатерлі өткел», украин – 1985, литва – 1987. Д. Исабековтың «Шойынқұлак» (венгр), «Гауһартас» (неміс). М. Қабанбаев «Арыстан, мен және виолончель», орыс – 1980; молдаван – 1984; неміс – 1984; латыш – 1986; «Жаңғырық», украин – 1984. Ә. Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясы» (болгар, неміс), «Дала балладалары» (неміс, эстон). А. Лекеровтың

«Ақ қайың туралы ән» (повесть) – озбек, 1966; Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», ағылшын – 1964; неміс – 1979; «Түнгі күзетші» (әңгімелер), ағылшын – 1973. М. Мағауин «Көк мұнар», латыш – 1981. Б. Момышұлының «Артымызда Москва», болгар – 1965, венгер – 1980, орыс тіліне бірнеше рет аударылған. Ж. Молдағалиевтың «Ән туралы ән», татар – 1959; «Батырлар туралы поэма», өзбек – 1962; «Ән өлмейді», тәжік – 1963 және әлемнің бірнеше тіліне (ағылшын, араб, моңғол, неміс, орыс, словак), С. Мұқановтың «Алтын аймақ», француз, «Балуан Шолақ», ағылшын, поляк, неміс – 1964; «Ботакөз», моңғол, түрік, поляк, чех; «Менің мектептерім», болгар, қытай, румын; «Өмір мектебі», чех; «Бақташының баласы», қарақалпақ – 1961; С. Мұратбектың әңгімелері – ағылшын, венгр, орыс, неміс, испан; «Жусан иісі», өзбек – 1987; Ш. Мұртазаның «Мылтықсыз майдан», молдаван – 1976; Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» – болгар, венгр, испан, моңғол, орыс, чех; «Этнографиялық әңгімелер» – болгар, венгр; «Оянған өлке», украин – 1961; қырғыз – 1962; «Кездеспей кеткен бір бейне», армян – 1980. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» – ағылшын, румын; «Дауылдан кейін», тәжік – 1965, 1987; «Шығанақ», өзбек – 1962; «Миллионер» – болгар, қытай, поляк, орыс, неміс. Қ. Мұхаметжановтың «Көктөбедегі

кездесу» (пьеса) – ағылшын, болгар, неміс, поляк. Қ. Мырзалиевтың «Күміс қоңырау» – өзбек – 1975. Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» – ағылшын, араб, неміс, түрік, орыс, француз, чех; Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» – украин, чех, өзге туындылары – қырғыз; «Жезкиік» – өзбек; М. Симашконың «Маздақ» – ағылшын, болгар, венгр, неміс, орыс, поляк, француз; С. Санбаевтың «Ақ аруана» – венгр, неміс, түрікмен, орыс, поляк; О. Сүлейменовтың «Январьдан апрельге дейін», «Оттың құбылуы» – француз; «Айналайын» – өзбек, «Әр күн – арайлы таң» – якут; Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» – болгар, орыс, өзбек, латыш; Ә. Шәріповтың «Партизан қызы» – қырғыз, өзбек; С. Омаровтың «Батыл достар» – тәжік, түрікмен; Ф. Оңғарсынованың «Шілде» – эстон; Е. Өтетілеуовтың «Ең күшті адам» – қарақалпақ, өзге шығармалары – әзірбайжан, армян, болгар, грузин, татар, орыс, украин; т.б. түрлі жанрдағы туындылары көркемдік-идеялық байлықтарымен, тілдік-стильдік ерекшеліктерімен дараланып, оқырмандарына қымбат рухани нәр сыйлайды.

Осы орайда, шығармашылық жолы 1962 жылдан басталған, үш тілде (неміс, орыс, қазақ) жазатын, Президенттің бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының иегері Г. Бельгер орыс тіліне 200-ге жуық қазақ,

неміс прозаиктерін аударған. Олардың арасында қазақ қаламгерлері Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Х. Есенжанов, Ә. Тәжібаев, А. Жұбанов, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхаметжанов, З. Қабдолов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Досжанов, т.б. туындыларын түпнұсқа дәлдігін сақтап, көркемдік талаптарға сай аударған. Сондай-ақ, А. Брагин, А. Жовтис, И. Изимов, Л. Кривошеков, Б. Канапиянов, Л. Макеев, В. Мироглов, Ю. Плашевский, С. Санбаев, З. Сәмеди, М. Симашко, С. Скальковский, Д. Снегин, т.б. қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын орыс тілді оқырмандарға аударып жеткізуде ерекше еңбек етті.

Қазақ әдебиетінің әлем халықтары тіліне аударылып, таралуы мен насихатталу жайын сөз еткенде арнаулы кітаптардың (жинақ, сериялық еңбектер, т.т.), халықтар арасындағы достықты нығайтуға байланысты түрлі ұйым, мекемелердің, т.т. белгілі дәрежеде мән-маңызы болғанын да атап кету ләзім. Бұл ретте КСРО-ның «Художественная литература» баспасынан жарық көрген «Әлем әдебиеті» кітапханасын айналып өту мүмкін емес. Аталмыш серияға дүние жүзі халықтары әдебиетінің таңдаулы үлгілері енген (3235 ақын-жазушы еңбектері, 23800 шығарма бар).

Үш серияға топтастырылған «Әлем әдебиетінің» алғашқы кітаптары 64 том құраған. Осы серияның эпостық жырлар арасында «Қо-

быланды батыр» бар. Қазақ поэзиясының үлкен өкілі Бұхар жырау Қалқаманұлының толғаулары мен ақын, әнші, өнерпаздар Ш. Қаржаубайұлы, С. Аронұлы, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Б. Қожағұлұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, С. Торайғыров, Балуан Шолақ, Сара, т.б. өлең, мұралары енген.

«Совет поэзиясы» атты екі томдыққа Ж. Жабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов, т.б. поэтикалық шығармалары еңсе, «Совет әңгімелері» атты екі томдыққа М. Әуезовтің «Көксерек», Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімелері» топталған.

Классикалық күрделі еңбектер қатарынан М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы орын алса, «Кітапхана» көркемдігі мен безендіру ісіне Ә. Қастеев, Е. Сидоркин, С. Айтбаев секілді қылқалам шеберлері қатысып, әрбір еңбектің тақырып-мазмұнына сай, образдар ерекшеліктеріне орай ұлттық бояу мен түрлі нақыштарды өз орындарында қолданды, нәтижесінде әрбір көрініс-құбылыстар айқын да бедерлі сипаттармен табиғи әрі көркемдік келісім құрайды.

Ал ТМД халықтары шеңберінде жарық көрген арнаулы жинақтардан мәдени-рухани алмасу мен жетістіктер, көркемдік иірімдері айқын аңғарылады.

Олар: «Қазақ мақалдары» (Құраст.: Ә. Диваев. Ташкент, 1927). «Қазақ ақындары» – қарақалпақ, 1961. «Қазақ ақындары» – армян, 1968; татар, 1968. «Қазақ әңгімелері» – армян, 1968. «Алтын дала» (қазақ ақындарының олендері) – башқұрт, 1977. «Қазақ ертегілері» – молдаван, 1970; эстон, 1975. «Абай жері» (қазақ әңгімелері) – башқұрт, 1977. «Қазақстан ақындары» /Құраст.: М. Мағауин. Л., 1978; «Аруана» (қазақ әңгімелері) – 1979. «Сарыарқа» (қазақ ақындарының өлендері) – қырғыз, 1988, т.т.

Осы орайда, Қазақстан егемендігін алғаш мойындаған Түркия мемлекетіне қатысты және бір игілікті істі еске алу артық емес. Халықаралық ұйым «Түріксој» (Түрік мәдениеті мен көркем өнерін бірге басқару бас мекемесі) түркі тілдес мемлекеттердің мәдениет министрлігінің Стамбұл, Баку және Алматыда өткен жиналыста (1993, 12 шілде) құрылды. «Түріксој» мақсаты – түркі мәдениетін, көркем өнерін, тарихы мен басқа да рухани байлықтарын жариялау, насихаттау.

Түркістанда өткен түрік әдебиеті өкілдерінің халықаралық кеңесі (1993), онда қабылданған Декларация негізінде екі елде (Қазақстан, Түркия) поэзия фестивалі дәстүрлі өтіп келеді. Алғашқы фестиваль Түркияның Кония, Бурса қалаларында болды (1994). Мағжан, Абай күндері табысты өтті.

Ойды ой қозғайды демекші, Түркияның Измер қаласындағы Егей

университеті әдебиет факультетінің түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің доценті Иауыз Акпынар мырзаның хабарына қарағанда, Ататүрік елінің зиялылары Тұран халықтарының көне дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі әдебиет тарихының көптомдығын жазып, бастырып шығармақшы екен. Көптомдық еңбектің құрылымы, жалпы сипаты туралы И. Акпынар былай дейді: «Жұмыс төрт бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыттағы 13 том тек әдебиет тарихына арналады. Бұл томдарда мүмкіндігінше ауыз әдебиетінің барлық жанрлары, орта ғасырдағы және XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет, сондай-ақ қазіргі кезең әдебиеті толық қамтылады. XVIII-XIX ғасырларға дейінгі әдебиет бүкіл түрік дүниесіне ортақ екені белгілі. Бір есім, бір шығарма атауы ескерусіз қалмауға тиіс. Сол 13 томның соңғы бес томы жаңа кезеңдердегі Түркиядан тыс республикалардағы жекелеген түрік әдебиеттеріне арналады. Бірақ қай-қай елдің әдебиетіне де тұтас бір том арнау мүмкін емес. Сондықтан жекелеген әдебиетіне арналған материалдар үлкенді-кішілі очерк түрінде болады. Бұл 13 томда ақын-жазушылардың өмірбаяны аса көп сөз етілмейді, тек шығармалары әңгімеленеді. Өйткені, Түрік әлемінің бүкіл ақын-жазушыларының жыршы-жырауларының, әдебиеттанушы ғалымдарының өмірбаяны екінші

бағыттағы томдарда баяндалатын болады. Мұндай томдарда да жалпы саны 8-10 болуы мүмкін.

Жұмыстың үшінші тармағы бойынша барлық түрік қауымдары әдебиеттерінің тәуір үлгілерінен тұратын антология немесе хрестоматиялар іспетті тағы да он шақты том дайындалады. Ал төртінші сала – түрік халықтары әдеби терминдерінің салыстырмалы түсіндірмелі сөздігі. Бұл да бірнеше томдық еңбек болатын сияқты. Мысалы, «дастан», «поэма» ұғымдарын алайық. Әзірбайжан тілінде дастан термині «поэма» мағынасында қолданылады. Түркия түріктерінде мұндай ұғым жоқ. Қазақтарда «поэма» кейінгі жазба әдебиетке ғана қатысты ұғым. Қысқасы, жұмыстың әр саласы, әр томы түрік дүниесінің арасындағы ынтымақты, бірлікті нығайтуға қызмет етуі тиіс.

Еңбектің барлық томы Түркия түріктерінің тілінде жарық көреді. Сондықтан жер-жерде, ел-елде дайындалған материалдың бәрі түрік тіліне аударылып отырады. Үшінші бағыттағы томдардың, яғни антологиялық томдардың материалдары да түгел аударылады. Әр томның көлемі 350-400 беттей. Демек, жұмыс өте үлкен...» («Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 5 қыркүйек).

Көңіл қуанатын және бір жайт – көптомдық еңбек екі жылда аяқталып, Анкарадан жарық көрген «Түркия-

дан тыс тұратын халықтар әдебиеті» сериясымен қазақ әдебиетінің – 2700 жылдық антологиясы екі кітап түрінде жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің шетел тілдеріне аударылып, насихатталу ісіне Қазақ мемлекеттік авторлық және сабақтас құқықтар агентігінің (ҚазМАСҚА) қосып келе жатқан елеулі үлесі бар. «...Агенттікте барлығы 37 мыңнан астам автор тіркелген. Олардың ішінде Қазақстанның 1689 авторы, атап айтсақ, 241 драматург, 87 аудармашы, 436 сазгер, 448 эстрадалық текст авторы, 471 суретші бар» («Егемен Қазақстан», 1995 жыл, 5 қазан). Аталмыш агенттік дүниежүзілік интеллектуалдық ұйымның қамқорлығымен «Орталық Азия аймағында авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау» деген тақырыпта халықаралық семинар өткізіп (1995, 28-30 маусым), онда осы бағыттағы мүдделес мекеме, сала қызметкерлерін өркениетті елдер іс-тәжірибесімен таныстырып, авторлық-шығармашылық құқықтың қыр-сыры кеңінен сөз болды («Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 18 шілде). Ең негізгісі, достық қатынас пен рухани байланыстарды нығайтуға оң қадамдар жасалды.

Көркемдік даму бағыты мен рухани байланыс арналарының бір саласы шетелдердегі Қазақстан мен Орта Азияны зерттеу орталықтарының жұмысы болып табылады. Мысалы, Гарвард университетінде Қазақ-

ған мен Орта Азиядағы түрік елдерінің азаматтық қозғалысымен, паршылдық сипатын, ұлтаралық әселелері бойынша арнайы топ (Л. Зенковский, М. Риквин, Дж. Хаф, Л. Хир, т.б.) жұмыс істеген.

Колумбия университетінің орыс институтында Орта Азия мен Қазақстан халықтары тілдері мен мәдениеті факультеті бар. Ал Калифорния университетінде осы елдердің тарихы мен әдебиетін оқып-үйренуге ерекше оңал бөлінген.

Сондай-ақ, Германияда Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу ісінде профессор Герхард ван Менден есімі құрметпен аталынады. Франциядағы Азия қоғамы, Түркиядағы түрік мәдениетін зерттеу институттары мен Африкада «Орыс Орта Азия қазақтарының фольклоры мен әдебиеті» (Т. Веннер), Польшада «Поляк әдебиетінің қазақ бұлақтары» (Ю. Гжемяк), «XIX ғасырдағы поляк әдебиет зерттеушілерінің қазақ фольклоры мен шұғылдануы туралы жаңа еңбектер» (Ян. Рейхман), Швецияда «Түркия қазақтары» (М. Кришинер) секілді кітаптардың жарық көріп, онда қазақ халқының өмірімен бірге әдебиеті, мәдениетінің арнайы сөз етілуі маңызды факторларының бірі. Сондай-ақ, неміс ғалымы және аудармашысы Х. Ахмет Шмидт түрік әлемінің ортақ мұрасы «Қорқыт ата кітабын» неміс тіліне аударып, оны «Анадолы» баспасы «Деде Коркурт

бух» деген атпен жарыққа шығаруы («Ана тілі» апталығы, 1995 жыл, 5 қазан) да қазақ халқының рухани өміріне оң көзқарас, құштарлықтың белгісін танытса керек.

Бұған қоса, «Қазақ әдебиеті және оның интернационалдык байланыстары», «Қазақ әдебиеті шетел сынының бағалауында», «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-еуропа байланыстары», «Шетелдік достар Қазақстан жайында», т.т. жекелеген еңбектерден қазақ халқымен қоса әдебиетіне, мәдениет тарихына қатысты көзқарас, достық ілтипат, сезімдер сезіледі. Бір ғана ГДР-да шыққан «Совет әдебиеті халықтарының әдебиеттері» (Лейпциг, 1967), «Совет әдебиеті жөніндегі анықтама (1917- 1972)», т.т. еңбектерде қазақ әдебиетіне қатысты бөлім, талдаулардың берілуінің өзі халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың кең көлемде арна алғанын, әрі рухани-мәдени мұраға деген шынайы сезім-сүйіспеншілікті де терең танытады.

Сондай-ақ, «Достық кемесінде» (Р. Бердібаев (1976), «Взаимосвязи и взаимодействие национальных культур» (М., 1961). «Восток-Запад» (Исследования. Публикация. Переводы. – М., 1982, 1985, 1988), «Сравнительное литературоведение: Восток и Запад». – Л., 1979; «Казахские литературные связи». – Алматы, 1968; «Межнациональные связи казахской

литературы». Алматы, 1970; «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века» (Сатпаева Ш. – Алматы, 1972), «Достық дастандары» (Сатпаева Ш. – Алматы, 1983); «Казахская литература и Восток» (Сатпаева Ш. – Алматы, 1982), «Казахстан-Франция» (Маданова М. – Алматы, 1993), «Абай и его литературные наследники во Франции» (французские авторы о литературе Казахстана. – Алматы, 1995); «Қазақтар шетел әдебиетінде» Есмағамбетов К. (Алматы, 1994), «Шетел қазақ әдебиеті» Сейітжанов З. (1995) секілді еңбектер мен бірқатар баспасөз материалдарынан, атап айтқанда, Е. Ыдырысов пен В. Толмачевтің «Казахстан в зарубежной печати» («Агитатор Казахстана», № 12, Алматы, 1989). А. Нысалиннің «Альпі асқан Ақжүніс» («Қазақ әдебиеті», № 47. Алматы, 1987). Ш. Сәтбаеваның «К изучению взаимосвязей литератур» (Изв. АН КазССР. Серия филолог. № 4. 1974). «Сведения о казахском народе в многотомном исследовании французского писателя XVIII века» (Изв. АН КазССР. Серия филолог. № 3. 1986), т.т. әдебиеттер байланысынан өзге қазақ халқының алыс-жақын шетелдермен мәдени-рухани, достық қарым-қатынастары, сондай-ақ осы ел жөнінде шетел ғалымдары, жазушылары мен жиһанкездерінің ой-пікір, көзқарастары терең танылады. Осы орайда, Р. Бердібаевтың «Кәусар

бұлақ» (1989), Ш. Сәтбаеваның «Уақыт шуағы» (2000), т.т. еңбектерде қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары, ұлт руханиятының қайнар көздері, танымал тұлғалардың орын-үлестері кеңінен көрінеді.

Бұдан басқа, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдықтағы – «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» атты зерттеу мақала (А, 2006. 407-421 беттер), «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» (жинақ), «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» (монография), т.б. еңбектер ұлттық сөз өнерінің өріс-өресін, жазылу мен жариялану, насихатталу мен таралу тарихын да терең таныта түседі.

Қазақстан ақын-жазушыларының өмірі мен қаламгерлік қызметтері хақында және алыс-жақын шетелдерде аударылуын жүйелі ізге түсіріп, арнайы кітап (жинақ) үлгісінде жарық көруін игілікті іс, маңызды еңбек деп білеміз. Бұл бағыттағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Кітапханасы мен Кітап палатасының «Қазақстан қаламгерлерінің шығармалары әлем халықтары тілдерінде» (1934-1985 жылдары. Алматы, 1989) және «Қазақстан КСРО шетел баспасөзінде» (жыл сайын шығады), «Казахстаника» (1967 жылдан бастап тоқсан сайын жарық көріп келеді) секілді анықтамалық қызмет атқаратын кітаптардың (жинақтардың) берер дерегі де, көмегі де көп.

Сонымен бірге ҚХР-дің белгілі баспаларынан Ж. Жабаевтың бір топ өлең-жырлары жарық көрді (1952, 1955). Оны шетел әдебиетінің маманы, профессор Ғы Баучуан аударды.

Жазушы Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», «Ашық аспан» туындылары «Дәуір», «Дауылпаз» баспаларынан шықты (1950,1951). Сондай-ақ, С. Мұқановтың «Өткен күндер», «Тыңдағы толқындар» (1954, 1958), Ғ. Тәжібаевтың «Жамбыл» атты кітаптары (1958), М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қытай тілінде жарық көрді (аударған – Қабай, Гау Шүнфаң.- 2004 жыл).

І. Есенберлиннің «Адам жөнінде жыр» кітабы (1958) мен «Қазақ халық ертегілері» (1954,1959) басылып шықты.

Абайдың таңдамалы өлеңдері мен поэмалары «Ұлттар баспасы», «Шыңжан халық баспаларынан» жарық көрді. Аударған – Қабай (1958; 1984; 1993 жж.). Абайдың «Қара сөздерінің» бір бөлігін аудармашы-жазушы Әкбар Мәжитұлы аударды (Ш. Әбдәлиұлы. Қазақстан әдебиеті қытай тілінде. – «Түркістан», 2012, 8 қараша).

Дінбасы, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Ислам – бейбітшілік пен жасампаздық діні» атты кітабы Лондонда ағылшын тілінде жарық көрді (2012).

Жазушы-аудармашы Бақытжан Момышұлы көркем аударма саласын-

да өнімді еңбек етті. Оның қаламынан қазақ қаламгерлері – Ш. Мұртаза, Д. Досжан, О. Бөкей, Қ. Найманбаев, Б. Бодаубаев, Б. Тоғысбаев, К. Тоқаев, т.б. белгілі туындылары мейлінше бейнелі, көркемдік нәрімен сапалы аударылды.

Ұстаз-ғалым, түркітанушы-аудармашы Н. Келімбетовтың «Күншілдік», «Кончелек», «Скорбны думы, чуток сон...» сынды кітаптары қазақ және орыс, татар тілдерінде жарық көрді (2012).

Жазушы-драматург Д. Рамазанның қазақ көрермендері ыстық ықыласпен қабылдаған «Кенесары-Күнімжан» атты тарихи драмасы түрік тілінде қойылды. Ел астанасы – Анкара мен Ыстамбұл қалаларында қалың көпшілікке ұсынылды.

Тұтастай алғанда, Абай айтқандай: «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» болу борыш болса, Жамбылдан жеткен: «Ел менен ел достасқан, Ғасыры туды адамның» деуінде шындық бар. Тәуелсіздік талаптарын баянды ету жолындағы Қазақ елінің достық пен туысқандық, бауырмалдық бағытындағы жүргізіп отырған саясаты қолдауды да, құрметтеуді де қажетсінеді. Бұған қоса Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылып, жер-жерде ұлттық мәдени орталықтарының жан-жақты жұмыстар жүргізуі ел амандығы мен жердің бүтіндігін, халықтар достығын сақтаудан туған іс.

Тұжырым. Әдебиеттер арасындағы байланыс барша ел әдебиетінің өмір сүруіне, ықпалдаса дамуына ықпал етеді. Әр ұлттық өнер арасындағы байланыс генезисі, көркемдік құбылыстар барша адамзат дамуының рухани болмысының тереңдеуіне куә болуда. Адамзат мәдениеті өнер арасындағы сабақтас-тықтың өркендеуіне әсер етеді. Әр ел әдебиетінің дамуын салыстырмалы тұрғыда қарастыру қазіргі қоғамның әлеуметтік, рухани дамуына тарихи-мәдени байланыстардың тереңдеуіне жол ашты. Бұл бір жағынан әдебиеттер арасындағы байланыстың өзекті проблемаларына да қозғау салуда.

Әдебиет қай дәуірде болмасын, өзінің көркемдік танымын басқа салалармен тығыз байланыстырып отырған. Қазірде әдебиет пәндер арасындағы ықпалдастықты, ізгілендіруді, ғылыми негіздеуді, әдеби білімнің даму бағдарын, әдіснамасын, уақыт талабына сай өркендеуін, қоғамдық өмірде болған өзгерістерді, еліміздің егемендігінің әдебиет пен көркемөнерде көрініс табуын нысана етеді. Әдебиетті салыстырмалы зерттеу теориясы әдеби байланыстар процесінің ортақ заңдылықтарын құрайды. Әдебиеттер арасындағы байланыс әр ел әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін саралай отырып, да-

му үрдісіндегі генетикалық және типологиялық қырларын зерделейді.

Әдебиеттер арасындағы ішкі байланысты аударма атқарады. Типологиялық байланыс әдебиеттер арасындағы неғұрлым ортақ құбылыстарды зерттейді. Алайда бұл екі түр өзара кіріге, байланыса әрекет етеді. Көркем әдебиеттің ортақ ерекшелігі идеялық, дүниетанымдық ұғымдағы доминат мәселелерді саралап, ажыратады да, әлемдік әдебиеттегі басымдықтарды анықтап отырады. Бұл басымдықтар әдеби байланыстардың тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, мәдени дамуын реттеп отырады. Әрине, әдебиет өзінің әрбір даму эволюциясында түрленіп отырады.

Қазіргі компаративистика әдебиеті салыстырмалы зерттеу теориясының орнықты жүйесін қалыптастыруда. Батыс Еуропа орталықтандырылған схема келмеске кетіп, салыстырмалы әдебиет теориясы аясында әр ел әдебиетінің ұлттық ерекшелігі айқындалып, ортақ белгілері айқындалып отыр. Шетел және отандық компаративист-ғалымдардың зерттеулері салыстырмалы тұрғыда теория, шығармашылық, көркем туынды, поэтика саласында жаңа методологиялық теориялар орнықтырды. Мұнда ғылым мен мәдениет жаһандық өзгерістер аясында кешенді бағыттар ұстануда.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әдеби даму мен әдеби байланыс.
2. Ұлттық әдебиеттің даму бағыты: әлемдік әдеби үдеріспен байланысы.
3. Салыстырмалы әдебиеттанудың даму бағыттары, басты филологиялық мектептер.
4. Салыстырмалы әдебиеттану: салыстырмалы-типологиялық байланыстың теориялық-тарихи негізі.
5. Батыс-шығыс әдеби байланыс арналары.
6. Әдебиеттегі нәзира, аударма үлгілері.
7. Көркем аударма: теориясы мен тәжірибесі.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі қалай аталады?

- A. Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті;
- B. Егемен елдің әдебиеті;
- C. Қазіргі қазақ әдебиеті;
- D. Ұлттық сөз өнері;
- E. Ояну дәуіріндегі әдебиет.

2. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты мұраты не?

- A. Ұлт өмірінің рухани шежіресін жасау;
- B. Елге рухани қызмет ету;
- C. Әдебиеттің көркемдік дәрежесін арттыру;
- D. Жаңа адам бейнесін сомдау;
- E. Сөз өнері арқылы адам әлемін ашу.

3. Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиетінің негізгі ерекшелігі неде?

- A. Азаттық пен теңдікті суреттеу;
- B. Жаңа уақыт өзгерістерін көркемдікпен жеткізу;
- C. Еркін елдің ұлы мұраттарын асқақтату;
- D. Өмір шындығын қаз-қалпында көрсету;
- E. Адам бейнесін жан-жақты ашу.

4. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мен зерделеу неден көрінеді?

- A. «Мәдени мұра» бағдарламасынан байқалады;
- B. Іргелі ізденіс пен монографиялық еңбектерден көрінеді;
- C. Көркем һәм тарихи туындылардан танылады;
- D. Әдебиет жанрларының дамуынан аңғарылады;
- E. Көпшілік-танымдық еңбектердің мазмұнынан көрініс береді.

5. Тәуелсіздік пен руханият сабақтастығының негізгі өзегі неде?

- A. Ұлттық мұраттың басым бағыттарға ие болуы;
- B. Тарих пен танымның үндесуі;
- C. Елдік мұрат-мүддені ту ету;
- D. Азаттық пен еркіндіктің көрінуі;
- E. Ізденіс пен көркемдіктің ұштасуы;

6. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарына не жа-тады?

- A. Ұлттық тарихты зерделеу;
- B. Халық әдебиетін жинау;

- C. Көркем һәм ғылыми әдебиеттер шығару;
- D. Мәдени-сәулет ескерткіштерін саралау;
- E. Тарихи-мәдени мұраларды жинап-жариялау.

7. «Бабалар сөзі» сериялық еңбегі қанша томға жоспарланған?

- A. 1501 том;
- B. 100 том;
- C. 55 том;
- D. 77 том;
- E. 12 том.

8. «Мәдени мұра» бағдарламасы қай жылдан бастап жүзеге асты?

- A. 2000 жыл;
- B. 2008 жыл;
- C. 1990 жыл;
- D. 2004 жыл;
- E. 2007 жыл.

9. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы қанша томды құрайды?

- A. 25 том;
- B. 77 том;
- C. 10 том;
- D. 12 том;
- E. 33 том.

10. «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» деген сөзді кім айтқан?

- A. А. Байтұрсынұлы;
- B. Ж. Аймауытұлы;
- C. М. Әуезов;
- D. С. Мұқанов;
- E. Ғ. Мүсрепов.

11. «Қазақ әдебиетінің тарихы» қанша том болып жарық көрді?

- A. 50 том;
- B. 55 том;
- C. 77 том;
- D. 10 том;
- E. 25 том.

12. Аполлог қандай туынды?

- A. Зерттеу еңбек;

- B. Библиографиялық көрсеткіш;
- C. Қысқа көлемді еңбек;
- D. Астарлы туынды;
- E. Шағын жанр.

13. Әдеби байланыс деген не?

- A. Дәстүр жалғастығы;
- B. Көркемдік сабақтастық;
- C. Өнер туындысы;
- D. Руханият өрісі;
- E. Шығармашылық өнер;

14. «Абай» энциклопедиясы қай жылы жарық көрді?

- A. 2000 жылы;
- B. 2008 жылы;
- C. 1999 жылы;
- D. 1990 жылы;
- E. 1995 жылы.

15. Поэтика деген не?

- A. Өнер туындысының атауы;
- B. Сөз өнерінің жанры;
- C. Көркем туынды табиғаты;
- D. Шешендік өнер;
- E. Өмір шындығының көрінісі.

16. Символ сипаты неде?

- A. Көркемдік көкжиегі;
- B. Өмірдегі өмір шындығы;
- C. Оқиға желісі мен дамуы;
- D. Табиғат суреттері;
- E. Астарлы баяндалатын көрініс.

17. Экспромттың мағынасы неде?

- A. Көркемдік қайнары;
- B. Шабыт шалқары;
- C. Шағын жанр;
- D. Шығарма идеясы;
- E. Стил сипаты.

18. «Әдебиет танытқыш» қандай еңбек?

- A. Мемуарлық шығарма;

- В. Өнер туындысы;
- С. Мәдени мұра;
- Д. Теориялық туынды;
- Е. Поэтикалық кітап.

19. Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің бір тобы қашан ақталды?

- А. 2000 жыл;
- В. 1992 жыл;
- С. 1980 жыл;
- Д. 1995 жыл;
- Е. 1988 жыл.

20. «Дарабоз» туындысының авторы кім?

- А. Әл-Фараби;
- В. Асан қайғы;
- С. Бөлітірік шешен;
- Д. М.Мағауин;
- Е. Қ.Жұмаділов.

21. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алған Еңбек Ері кім?

- А. С. Қожамқұлов;
- В. Ғ. Мүсрепов;
- С. Р. Нұртазина;
- Д. Ш. Мұртаза;
- Е. Ә. Тарази.

22. «Елтұтқа» қандай еңбек?

- А. Драмалық туынды;
- В. Әдеби мұра;
- С. Поэтикалық шығарма;
- Д. Зерттеу;
- Е. Ұжымдық кітап.

23. Ж. Аймауытұлының «Шығармалар» жинағын құрастырған кімдер?

- А. С. Қирабаев, Р. Тұрысбек;
- В. С. Қасқабасов, А. Ісімақова;
- С. Қ. Найманбаев, Б. Наурызбаев;
- Д. З. Ахметов, М. Базарбаев;
- Е. М. Атымов, Қ. Керейқұлов.

24. З. Қабдолдың «Менің Әуезовім» деген еңбегінің жанры қалай аталады?

- А. Роман-хамса;

- В. Роман-диалог;
- С. Мемуар;
- Д. Поэтикалық трактат;
- Е. Роман-эссе.

25. «Жазушының ең жақсы шығармасы – жазылмаған, яки жазатын шығармасы» деген сөздің авторы кім?

- А. Әл-Фараби;
- В. Абай;
- С. М. Әуезов;
- Д. Ә. Нұрпейісов;
- Е. З. Қабдолов.

26. Академик С. Қирабаевтың көп томдық шығармалар жинағы қай жылы жарық көрді?

- А. 2000 жылы;
- В. 2005 жылы;
- С. 1990 жылы;
- Д. 1997 жылы;
- Е. 2007 жылы.

27. «Қазақтың жүз романы» атты оқу құралын құрастырған кім?

- А. З. Ахметов;
- В. М. Базарбаев;
- С. Р. Нұрғали;
- Д. Ә. Нарымбетов;
- Е. С. Дәуітов.

28. Ж. Нәжімеденовтің үш томдық шығармалар жинағындағы «Темірқазық» атты алғы сөзді кім жазған?

- А. Д. Әбілев;
- В. М. Әлімбаев;
- С. К. Ахметова;
- Д. З. Серікқалиев;
- Е. С. Жұмабек.

29. Отан – жерім, Отан суым,

Отан – қуат, нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отанды ер көгереді! – деген өлең жолдарының авторы кім?

- А. К. Әзірбаев;

- В. Х. Ерғалиев;
- С. М. Айтхожина;
- Д. К. Ахметова;
- Е. М. Хакімжанова.

30. С. Мәуленовтің «Мезгіл перзенті» деген алғы сөзі қандай ақынның «Таңдамалы» жинағына енген?

- А. Жамбыл;
- В. М. Айтхожина;
- С. М. Хакімжанова;
- Д. Ж. Нәжімеденов;
- Е. Т. Молдағалиев.

31. «Әуезовтің феномені – бітімінің бүтіндігі» деген сөзді кім айтқан?

- А. Ш. Айтматов;
- В. Ф. Мүсрепов;
- С. Р. Нұрғали;
- Д. З. Ахметов;
- Е. З. Қабдолов.

**32. Даңқта дәм бар дейді,
Өзінше әркім гулейді.**

Аз татқандар : бал дейді,

Көп татқандар: у дейді, – деген өлең жолдарының авторы?

- А. М. Әлімбаев;
- В. Қ. Мырзалиев;
- С. К. Ахметова;
- Д. И. Ғайып;
- Е. Ж. Нәжімеденов.

33. Т. Молдағалиевтің үш томдық шығармалар жинағына енген «Ақындықтың құпия сыры» атты алғы сөзді кім жазған?

- А. З. Ахметов;
- В. З. Қабдолов;
- С. С. Қирабаев;
- Д. Ә. Кекілбаев;
- Е. М. Жолдасбеков.

34. «Мерей» атты ғылыми-биографиялық еңбектің авторы кім?

- А. А. Байтұрсынұлы;
- В. Ж. Аймауытұлы;
- С. М. Әуезов;

- Д. З. Қабдолов;
- Е. Т. Кәкішев.

35. «Абылай ханның қамқа тоны және Байдалы би» атты кітап қандай баспадан жарық көрді?

- А. «Арай»;
- В. «Жазушы»;
- С. «Күлтегін»;
- Д. «Мектеп»;
- Е. «Жалын».

36. Қазіргі әдеби үдерістің басты белгілері неден көрінеді?

- А. Ар ісіне адалдықтан;
- В. Жанрға жауапкершіліктен;
- С. Әдеби қозғалыстан;
- Д. Ізденіс арналарынан;
- Е. Сын сипатынан.

37. Қазақ фантастикасына қандай белгілер тән?

- А. Ойдан шығару;
- В. Тылсым дүниеге ену;
- С. Басқа планетаға саяхат;
- Д. Роботтарды арқау ету;
- Е. Қиял дүниесі.

38. Қазақ сатирасын зерттеп, іргелі еңбектер жазған ұстаз-ғалым кім?

- А. С. Адамбеков;
- В. Т. Амандосов;
- С. Т. Қожакеев;
- Д. Ү. Уайдин;
- Е. К. Әмірбек.

39. М.Шаханов поэзиясының ерекшеліктері неде?

- А. Бүгінгі күнді жырлау;
- В. Тарихи тұлғаларды сомдау;
- С. Кеше мен бүгінді сабақтастыру;
- Д. Замандас бейнесін жасау;
- Е. Өнерді әнмен әспеттеу.

40. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы қандай баспадан жарық көрді?

- А. «Елорда»;

- B. «Күлтегін»;
- C. «Жазушы»;
- D. «Ғылым»;
- E. «Аруна».

41. Т. Медетбек өлеңдеріндегі басты белгілер қандай?

- A. Тарихилық сипат;
- B. Түркілік сарын;
- C. Табиғатпен тілдесу;
- D. Адамды жырлау;
- E. Махабатты қорғау.

42. Ұлт ұстазы һәм әдебиеттанудың көшбасшысына айналған танымал тұлға кім?

- A. Абай;
- B. Жамбыл;
- C. Ә. Бөкейхан;
- D. А. Байтұрсынұлы;
- E. М. Шоқай.

43. Қазақ әдебиеттануы мен сынынын көрнекті өкілі кім?

- A. З. Ахметов;
- B. Т. Тебеген;
- C. К. Ергөбек;
- D. С. Құлбарак;
- E. Ж. Смағұлов.

44. «Бір махаббат баяны» атты хикаят және әңгімелер кітабының авторы кім?

- A. А. Әлім;
- B. Ж. Ерман;
- C. К. Ахметова;
- D. Ш. Бейсенова;
- E. А. Жағанова.

45. Тәуелсіздік тұсындағы сөз өнерінің белесті кезеңдеріне арналған көптомдық еңбек қалай аталады?

- A. «Қазақ халық әдебиеті»;
- B. «Бабалар сөзі»;
- C. «Қазақ әдебиетінің тарихы»;
- D. «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы»;
- E. «Он ғасыр жырлайды».

46. «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбектің авторы кім?

- A. О. Өмірбек;
- B. Қ. Заңқоев;
- C. Ж. Аманов;
- D. Ә. Дербісәлі;
- E. Н. Маханов.

47. «Абай» энциклопедиясына «Алғы сөз» жазған кім?

- A. З. Ахметов;
- B. Р. Бердібай;
- C. Р. Нұрғалиев;
- D. З. Қабдолов;
- E. М. Базарбаев.

48. «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген классикалық мақаланы кім жазды?

- A. Ж. Аймауытұлы;
- B. Ә. Бөкейхан;
- C. З. Ахметов;
- D. Р. Нұрғали;
- E. М. Әуезов.

49. «Шәкәрім» энциклопедиясының Бас редакторы кім?

- A. Ғ. Есім;
- B. С. Қирабаев;
- C. М. Мағауин;
- D. Е. Сыдықов;
- E. С. Қасқабасов.

50. «Шәкәрім тұлғасы» атты мақаланың авторы кім?

- A. Т. Кәкішұлы;
- B. А. Еспембетов;
- C. Т. Шаңбай;
- D. Е. Сыдықов;
- E. Н. Қалиев.

51. «Қазақтың күй өнері» атты зерттеу қандай баспадан жарық көрді?

- A. «Жазушы»;
- B. «Жалын»;
- C. «Елорда»;
- D. «Күлтегін»;
- E. «Өлке».

52. «Қазақтың ауызша тарихы» атты шежірелік деректер кітабын жазған кім?

- A. Ә. Марғұлан;
- B. М. Әуезов;
- C. Абай;
- D. М. Жолдасбеков;
- E. А. Сейдімбек.

53. «Данышпан Шәкәрім» атты еңбекті кім жазды?

- A. А. Еспембетов;
- B. Е. Сыдықов;
- C. А. Үсенова;
- D. Ғ. Есім;
- E. М. Мағауин.

54. «Қазақтың күй өнері» атты еңбектің авторы кім?

- A. А. Жұбанов;
- B. Л. Хамиди;
- C. Н. Тілендиев;
- D. Ә. Кекілбаев;
- E. А. Сейдімбек.

55. «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбектің жанры қандай?

- A. Хикаят;
- B. Роман;
- C. Зерттеу;
- D. Жыр;
- E. Естелік.

56. «Бігеу жара» кімнің шығармасы?

- A. М. Мағауин;
- B. С. Оспан;
- C. Абай;
- D. С. Адай;
- E. Р. Тоқтаров.

57. «Жетпіс жетінің жігіттері» атты кітапты кім жазды?

- A. Р. Ниязбек;
- B. К. Жүніс;
- C. Қ. Әбіл;
- D. Ү. Уайдин;
- E. М. Қаназов.

58. «Бігеу жара» кітабының жанры қандай?

- A. Поэзия;
- B. Драма;
- C. Сықақ;
- D. Фантастика;
- E. Роман.

59. «Эпос» сөзі қандай мағына береді?

- A. Хикаят;
- B. Шежіре;
- C. Баяндау;
- D. Жанр;
- E. Фольклор.

60. «Қазақтың күй өнері» атты зерттеуі қанша тараудан тұрады?

- A. 55;
- B. 75;
- C. 33;
- D. 7;
- E. 12.

61. «Шәкәрім» атты еңбектің жанры қандай?

- A. Поэзия;
- B. Хикаят;
- C. Сатира;
- D. Очерк;
- E. Ғұмырнама.

62. Д. Досжанның «Абайдың рухы» қандай еңбек?

- A. Эпопея;
- B. Дастан;
- C. Ғұмырнама;
- D. Роман;
- E. Хикаят.

63. Аристотельдің басты еңбегі қалай аталады?

- A. «Тарихи поэтика»;
- B. «Сөз өнері»;
- C. «Поэзия туралы»;
- D. «Поэтикалық өнер»;
- E. «Поэтика».

64. М. Жолдасбековтың «Күндерімнің куәсі» атты еңбектің жанры қандай?

- A. Роман;
- B. Хикаят;
- C. Сатира;
- D. Трагедия;
- E. Күнделік.

65. Қара сөз бен дарынды сөздің айырмашылығын кім көрсетті?

- A. Әл-Фараби;
- B. Асан қайғы;
- C. А. Байтұрсынов;
- D. М. Әуезов;
- E. З. Ахметов.

66. Қ. Ергөбектің «Отырар кітапханасы» сериясымен жарық көрген кітаптарының ортақ атауы қалай аталады?

- A. «Айқын»;
- B. «Айдын»;
- C. «Жан жылуы»;
- D. «Арыстар мен ағыстар»;
- E. «С. Мұқанов».

67. «Поэтикалық өнер» кітабының авторы кім?

- A. Аристотель;
- B. Әл-Фараби;
- C. Н. Буало;
- D. Платон;
- E. Р. Нұрғали.

68. Ғ. Есімнің «Жар жағасы» атты еңбегіне қандай жанрдағы туындылар енген?

- A. Әңгімелер;
- B. Очерктер;
- C. Философиялық новеллалар;
- D. Зерттеулер;
- E. Естеліктер.

69. «Қазақ балалар поэзиясы» атты зерттеуді кім жазды?

- A. Қ. Ергөбек;
- B. Б. Жақып;
- C. А. Әлтай;

- D. Ж. Смақов;
- E. Б. Ыбырайым.

70. «Мұстафа Шоқай» атты еңбектің авторы кім?

- A. Абай;
- B. Шәкәрім;
- C. Ә. Тарази;
- D. Ғ. Есім;
- E. Д. Қыдыралиев.

71. Түркі дүниесіндегі филологиялық еңбектің авторы кім?

- A. Әл-Фараби;
- B. Ахмет Ясауи;
- C. Махмұд Қашқари;
- D. Абай;
- E. Ахмет Байтұрсынов.

72. «Әдебиет теориясы» атты нұсқалықтың авторы кім?

- A. Аристотель;
- B. Әл-Фараби;
- C. З. Ахметов;
- D. З. Қабдолов;
- E. Р. Нұрғали.

73. «Махаббат жыршысы» атты эпистолярлық хикаятты кім жазды?

- A. Б. Бұлқышев;
- B. С. Ерубаяев;
- C. Ә. Сарай;
- D. Қ. Әлім;
- E. Т. Әбдік.

74. «Ұлттық әдебиеттану әлемі» қандай еңбек?

- A. Аңыз;
- B. Әңгіме;
- C. Хикаят;
- D. Драма;
- E. Зерттеу.

75. Ақын Ғ. Қайырбековтың әдеби портреттерден тұратын кітабы қалай деп аталады?

- A. «Көкжиек»;

- В. «Қара шаңырақ»;
- С. «Құлабыз»;
- Д. «Алыс та жақын жағалаулар»;
- Е. «Қалам мен заман».

76. « Байқоңыр» жинағының авторы кім?

- А. А. Егеубай;
- В. Ұ. Есдәулет;
- С. Қ. Баянбай;
- Д. Б. Беделханұлы;
- Е. Ш. Әбдікәрімов.

77. Т. Нұрмағанбетовтың «Айқай» повесінің тақырыбы қандай?

- А. Грек-түрік соғысы;
- В. Қазақ-жоңғар соғысы;
- С. Қазақ-орыс қарым-қатынасы;
- Д. Қазақ-қырғыз байланысы;
- Е. Қазақ-өзбек достығы.

78. М. Қаназдың «Жанқожа» туындысының жанры қандай?

- А. Роман;
- В. Эпопея;
- С. Тарихи кинохикаят;
- Д. Поэма;
- Е. Эпос.

79. З. Серікқалиұлының қазіргі көркемдік ой танымына арналған еңбегі қалай аталады?

- А. «Сын кітабы»;
- В. «Жылдар сазы»;
- С. «Жұмбақ жан»;
- Д. «Ақ жол»;
- Е. «Алтын жамбы».

80. «Тобылғысай» туындысының авторы кім?

- А. Д. Рамазан;
- В. А. Кемелбаева;
- С. Ә. Нәбиев;
- Д. Р. Токтаров;
- Е. А. Шаяхмет.

81. «Сам жамыраған шак» атты поэзиялық туындының авторы кім?

- А. А. Әлім;
- В. М. Қайыңбаев;
- С. Қ. Бегман;
- Д. Ұ. Есдәулет;
- Е. Б. Серікбайұлы.

82. «Ұраным – Алаш!..» еңбегінің авторы кім?

- А. М. Әуезов;
- В. М. Дулатов;
- С. Т. Жұртбай;
- Д. М. Тәтімов;
- Е. Т. Омарбеков.

83. С. Елубайдың «Ақ боз үй» туындысының жанры қандай?

- А. Роман;
- В. Хикаят;
- С. Аңыз;
- Д. Поэзия;
- Е. Трилогия.

84. «Нұрлы таң» атты өлең- дастанының авторы кім?

- А. Абай;
- В. Шәкәрім;
- С. Р. Ниязбек;
- Д. Н. Оразалин;
- Е. О. Асқар.

85. Ә. Асқаровтың ел мен жер жайлы толғауы қалай деп аталады?

- А. «Күншуақ»;
- В. «Сағыныш»;
- С. «Көкжал»;
- Д. «Ұлы көш»;
- Е. «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсаймын».

86. «Дүние – имани құбылыс» атты әдеби сын, эсселер мен сұхбаттардан тұратын туынды авторы кім?

- А. С. Әшімбаев;
- В. Ә. Бөпежанова;
- С. Т. Медетбек;

Д. Б. Омарұлы;
Е. Т. Шапай.

87. 3. Серікқалиұлы «Жыр жаны, сыншы жанары» атты алғы сөзді қандай еңбекке жазды?

- А. «Айқай»;
- В. «Ақ жауын»;
- С. «Көзмоншақ»;
- Д. «Көкжал»;
- Е. «Аспан».

88. Қазақ табиғат лирикасының антологиясы қалай деп аталады?

- А. «Ұлы көш»;
- В. «Сағыныш»;
- С. «Аспан»;
- Д. «Қолтаңба»;
- Е. «Өлең өлкесі».

89. «Жұлдыз» журналы «Әдебиетіміздің жас толқыны» атты топтама туындыларды қай жылы жариялады?

- А. 2000 жыл;
- В. 2005 жыл;
- С. 2007 жыл;
- Д. 1991 жыл;
- Е. 2010 жыл.

90. Ел тарихының әйгілі тұлғалары қандай еңбекке арқау болған?

- А. «Толғам»;
- В. «Иірім»;
- С. «Арна»;
- Д. «Елтұтқа»;
- Е. «Елібай».

1. «Алаш» қозғалысы. Құраст. Е.Тілешев, Д.Қамзібекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008.

2. Абишева С.Д. Поэтическая система «Мир природы»: Структура и семантика. Монография. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002.

3. Қ. Алпысбаев. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таптым және көркемдік. – Алматы, 2008.

4. Қ. Алпысбаев. Поэзия парасаты. – Алматы, 2006.

5. Т. Ақшолақов. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы, 2001.

6. З. Ахметов. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002.

7. Қ. Әбдешұлы. Қазақ прозасы және ұлттық идея. – Алматы, 2005.

8. Ж. Әбішев. Қ. Мұхаметжанов драматургиясы. – Алматы, 1995.

9. Әдеби өмір шежіресі (Құраст: Ә. Нарымбетов). – Алматы, 2005.

10. М.Әйтімов. Қазақ повесіндегі лиризм. // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған кандидаттық диссертация. – Алматы, 1998.

11. А. Байтұрсынов. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1989.

12. Бельгер Г. Үндестік – Созвучие: Гете, Лермонтов, Абай. – Алматы: Жалын, 1982.

13. Р. Бердібай. Тарихи роман. Оқу құралы. – Алматы, 1997.

14. Р. Бердібаев. Қазақ тарихи романы. – Алматы, 1979.

15. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М., 2004.

16. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975.

17. Введение в литературоведение (Под ред. Л.В. Чернец). – Москва, 2006.

18. Гегель Г. Эстетика. В 4-х т. – М., 1968.

19. Гуляев Н. Теория литературы. – М., 1977.

20. Дюришин Д. Теория сравнительного литературоведения. (пер. с рум.). М., 1977.

21. Ж. Дәдебаев. Өмір шындығы көркемдік шешім. – Алматы, 1991.

22. Ш. Елеукенов. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы, 1997.

23. Т. Есембеков. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы, 2009.

24. Т. Есембеков. Әдеби талдауға кіріспе. – Қарағанды, 1991.

25. А. Еспенбетов. Уақыт өрнегі. – Алматы, 2005.

26. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. Л., 1979.

27. С. Жұмағұлов. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттану ғылымы (1956-1991 жж.). – Қарағанды, 2008.

28. Т. Жұртбай. Біртұтас Алаш идеясы және Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы. //Қалибек Хакім туралы естеліктер (Азаттықты аңсап, Гималай асқан көш). Құраст. Ә. Ілиясұлы.– Алматы, 2009.
29. Т. Жұртбаев. Талқы. – Алматы, 1997.
30. Исмакова А. С. Казахская художественная проза: Поэтика. Жанр. Стилль. – Алматы, 1998.
31. Исмакова А. Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсунова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова. – Алматы, 2002.
32. Б. Кәрібаева. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Сын-зерттеу. – Астана, 2001.
33. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1972.
34. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
35. Қазақ әдебиеті (Энциклопедиялық анықтамалық). – Алматы, 2005.
36. Қазақ мәдениеті (Энциклопедиялық анықтамалық) . – Алматы, 2005.
37. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық). 9-том – Кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы, 2005.
38. Қазақ әдебиетінің тарихы (10 томдық) 10-том. – Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы, 2006.
39. Қазақтың жүз романы. (Құраст. Р. Нұрғали). – Астана, 2003.
40. Д. Қамзабекұлы. Алаш және әдебиет. – Астана, 2002.
41. С. Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2011.
42. Литература народов Казахстана. – Алматы, 2004.
43. Маданова М. Введение в сравнительное литературоведение. Алматы, 2003.
44. Мамраев Б. Казахские литературные связи начала XX века. – Алматы, 1998.
45. Қ. Мәшһүр Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 1999.
46. Ә. Нарымбетов. Ғасыр сыры. – Алматы, 2008.
47. С. Негимов. Акын-жыраулар поэзиясы. Генезис. Стилистика. Поэтика. – Алматы, 2001.
48. Неупокоева И.Г. История всемирной литературы. Проблемы системного и сравнительного анализа. – М., 1997.
49. Р. Нұрғалиев. Арқау. Екі томдық шығармалар. Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. – Алматы, 1991.
50. Р. Нұрғали. Әдебиет теориясы. – А., 2004.
51. Р. Нұрғали. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997.
52. Р. Нұрғали. Драма өнері. – Алматы, 2001.
53. Потебня А. Эстетика и поэтика. – М., 1976.
54. Поспелов Г. Теория литературы. – М., 1978.
55. А. Рамазанова. Қазіргі қазақ повестеріндегі адам және табиғат мәселелері (70-80): // Дисс. филол. ғыл. канд. – Алматы, 1993.
56. Р. Рүстембекова. Қазіргі қазақ әңгімесі. – Алматы, 1988.
57. Сакулин П.Н. Филология и культурология. – М., 1990.
58. Сатпава Ш.К. Казахская литература и Восток. – Алматы, 1982.
59. Ш. Сәтбаева. Әдеби байланыстар. – Алматы, 1974; Өрнекті өріс. – Алматы, 1977; Достық дастандары. – Алматы, 1983; Уақыт шуағы. – Алматы, 2000.
60. Ж. Смағұлов. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Монография. – Қарағанды, 2005.
61. С. Талжанов. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975.
62. Тамарченко Н.Д. Теория литературы. В двух томах. Т.2. Теоретическая поэтика. – М., 2004.
63. Р. Тұрысбек. Ж. Аймауытұлы және 20-жылдардағы қазақ прозасы (Монография). – Алматы, 1998.
64. Б. Уақатов. Көркемдік ізденістер. – Алматы, 1991.
65. Хализев Е.В. Теория литературы. – М., 2002.
66. М.Н. Эпштейн. Слово молчание: Метафизика русской литературы. Учебное пособие для вузов. – М., 2006.
67. XX ғасыр әдебиеті. – Алматы, 2010.

«Жоғары білім» сериясы

**Тұрысбек Рақымжан Сағымбекұлы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызы**

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

**Редакторы Назерке Рамазанова
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Көркемдеуші редактор Жеңіс Қазанқапов
Корректоры Айгүл Абдрахманова
Компьютерде беттеген Ұлжан Бердібекова**

Басуға 09.06.14 қол қойылды.
Пішімі 70x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 26,32.
Тапсырыс №108. Таралымы 1000 дана.